

1 2011
29582x

БЕРІК ШАХАНҰЛЫ

ТАҢДАМАЛЫ



1



АЛМАТЫ

“АНА ТІЛ”
БАСПАСЫ ЖШС
2011



БЕРІК ШАХАНҰЛЫ

ТАНДАМАЛЫ

1



АЛМАТЫ

“АНА ТІЛІ”
БАСПАСЫ ЖШС
2011

УДК 821.512.122 - 3

ББК 84 Қаз 7-44

Ш 31

*Қазақстан Республикасы
Байланыс және акпарат министрлігі
Акпарат және мұрағат комитеті
“Әдебиеттің өлеуметтік маңызды
турлерін басып шыгару”
бағдарламасы бойынша
шыгарылды.*

Шаханұлы Берік.

Ш31 Таңдамалы. 1 том. — Алматы: "Ана тілі" баспасы ЖШС, 2011ж.
— 480 бет.

ISBN 978-601-251-055-3

Жазушы Берік Шаханұлының таңдамалы шыгармаларының бірінші томына "Құса", "Алтын кездік", "Қоңыр жон", "Көгілдір қойнау", "Қаратаудың самалы" атты повестері мен бір топ әңгімелері топтастырылған. Автордың шыгармаларының қай-қайсысы да шынайылысымен, көркемдігімен, жүрекке жылы лирикалық ірімдерінің молдығымен ерекшеленетін шұрайлы туындылар.

Кітап көпшілік оқырманға арналады.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 978-601-251-055-3

ISBN 978-601-251-054-6

© Шаханұлы Б., 2011

© "Ана тілі" баспасы ЖШС, 2011

ПОВЕСТЕР



КУСА

Пролог

Колхозды үйымдастыру мен соғыстың алды-артындағы қынышылық жылдары үлкенге ілтипаты түзу іні, кішіге жанашыр аға бола білген; ел игілігіндегі шаруаның қай-қайсысынан да табан ақы, маңдай терін аямаған; сыйы дұрыс, қадірі бар жігіт ағасы санатында жүрген Серәлі қазір жасы жүзге иек артып, бұл ауылдың көзі тірісінің жалғыз үлкені болып қалған.

Уақыттың үкіміне ешкім шәк келтіре ала ма, кәрілік дегенін жасаған. Бір кездегі қамшының өріміндегі шымыр, қаршыгадай шапшаң, жинақы, епті, қайратты кісі; қонышына қол создырмайтын, басынан сөз асырмайтын сергек, сезімтал, алғыр жан қазір отыр мен түрді ғана түсінетін мұскін пенде сыңайлас.

Жылына бір рет, демалысында, аз күнге көріп кетуге келген Берден әкесінің осы бір сәбидей қалт-құлт еткен, бейкүнә, көріп пошымына қарап елжіреп, баладай аялағысы келеді. Қасына отырып, қолын сипап, аяғын уқалайды. Өзімен-өзі мең-зең күйдегі қария осы сәт көңілі әлдене жылылықты, жақындықты сезгендей сергек бұрылып:

— Бұл қайсың? — деп ықыластана сұрайды.

Берден атын айтады.

Ә дегенде санасына бірден жете қоймайды.

— Берден дейсің бе? Ол қай Берден? — деп шүқшия қайта сұрайды.

Берден үғынықтылау етіп жөнін айтады.

Санасына әлдене жеткендей жүзіне жылу жүгіре бастайды. Мұның бетіне бетін тигізердей таяп келіп:

— Бәрекелді,— деп шықылықтай мәз бола қүледі. Ол құлкісінде өзінің танымай қалғанын жуып-шаю да, мұның келгеніне қуанған ризашылық та бар. Балаша жайрандайды. Қасына таяна түсіп, қолын мейірлене қысып қояды.

— Ат-көлік аман ба? Бала-шагаңның дендері сау ма?
Олардан келгендегі бар ма? — дейді.

Бұл дүниемен шаруасы жоқ, мәңгіріп, баз кешіп отырган күйінен айығып, көрер көзге сергек тартып, қунақтанып қалады. Әңгімеге ыңғай беріп, ойына келген әлденелерді сұрастырады. Өз жайын андатқан болады.

— Ес кірелі-шығалы,— дейді өз қүйін пайымда.— Бір нәрсені қазір ойлап отырып қазір шатысып кетемін. Жасым жүзге таяп қалған шығар. Өлінің де, тірінің де санатында жоқ бір күй екен бұл. Бірақ, шүкір деймін. Құпірлік ойым жоқ. Тәнірдің бұл көрсеткен жарығына шүкір. Маңдайға жазылғанды көрдік. Бүйірган несібені теріп жедік. Бізді енді бар, жоқ, дейтін емес. Сендер аман болыңдар.

Әкесінің қазір де өстіп, оқта-текте бұрынғы әдетіне бағып, жүйесімен сөйлеп кететіні бар. Ағын судың сарқындысы да бірден тартылып сіңіп кетпей біразға дейін жылбырап жататыны тәрізді бұрынғы мол ақылдың, сезімтал сананың тақыл-түкүл шұқанағы әлі де бар тәрізді.

Әрненің басын шалып отырып, бір кез санасы шаршайтын болса керек, қамыға бастайды:

— Бір әкеден он ұл, бір қызы — он бір ағайынды едік, бәрінен ерте айырылдым,— деп кейбірін іздеңдей атын айтып кемсендейді.

Бердениң ол әңгімеден бала күнінен хабары бар. Әкесі бір ұзақ жолға ертіп шыққанда, не бірге мал қайырган кездерінде, зердесінде жүрсін дегендей өткен-кеткен тарихты, өз басынан кешкен жайларды талай айтқаны бар.

Ол кезде бәрін бастан өткізген сол өткеннің бәрін ақыл таразысымен өлшей алған, сол арқылы өмірден өзі түйін түйіп, қорытындысын шығарған пайымды жан ретінде, бұрынғы-соңғы әңгімені салқын қан, сабырмен сөйлеп, бала зердесіне сіңімді маққаммен шертер еді. Соларды әңгімелей келіп сөзінің түп-төркінінде: Мына тіршіліктің алдамышы аз күнінде пәнденің басынан жақсы да, жаман да өтетінін; дүниенің бір күйде бір қалыпты тұрмайтынын; өмір — жалғаның бірде көл, бірде шөл екенін; әу баста жарық, дүниеге шыр етіп, періште болып

келген адам баласын ақ жолынан адастырар өзөзілдіктің көп екендігін; бірақ осының бәрінде кісінің кісі болып қала алатынын; кісінің кіслігі дегеннің — жігіттің нашарға істеген қайыры, досқа істеген адалдығы, қиянатқа қарсы тұра білген, қарлығаштай да болса, қайратымен өлшенетінін; бәрінен де адалдық, пен тазалықтың дұрыс екенін; адамды байлық, та, бақ, та емес қанағат қана мұратына жеткізетінін есietтер еді. Бір қызығы әкесі осы әңгімелерінде біреуді жамандап, тілдеп көрген емес екен. Әлде кімдердің жағымсыз істерін, тіпті, өзіне қиянат көрсеткен біреулерді сез еткенде де солардың өлгі өрекетіне кіжініп, жек көріп, "ит", "нәлет" деп жатпай, қайта бір кешірім жасап отырғандаі, мұсіркегендей: "Бейшара", "сормаңдай", "әй, байқұс-ай", — деп аяушылық білдіретін тәрізді еді. Ал өзінде қызыну, күйіну, ызаның табы болмайтын. Сапырылған қымыздай салқын, сырбаз қалпын жоғалтпайтын. Ақылының бүтін кезі екен де ол. Енді жүйке тозған, шаршаган. Кейінгі жылдары осылай өткен күнді есіне түсіріп әңгімелессе, босап, қамығып, көзіне жас алатынын Берден келген сайын байқайтын.

Бұрын бетінен қаны тамған қызыл шырайлы өнді пайым, зерде аңғартып тұратын, жылышық толы нұрлы қоңыр жанарлы, иманжұзді жан еді. Қазір терісі сары тап болып суалып босаңсыған жүзіне теңбіл-теңбіл қара дақ, қалтап, кең жанары кіртиіп, сығырайып, ажары қашқан.

Әкесінің қазіргі күйі тартылған айдынның орнындағы көлшік тәрізді.

Осьдан біраз жыл бұрын, тоқсанға келген тұстарында:

— Жасымда мен еңкейген кәрі көрсем "өзім жүзден аспай қартаймайтын шығармын. Кәрілік деген не тәйірі, кісінің сүйегінің жасықтығы ғой. Мықты адам қартаймаса керек" деп ойлаушы едім. Күпірлік екен. Бұл итің алдымен аяқ, пен көзден айналдырады екен. Соңан соң-ақ қақпанына түстім дей бер. Қайтып тырп еткізбейді-ау. Қазір мендегі кемістіктің ең әтеген-айы осы көздің бұлдырағаны болып тұр. Бірте-бірте көрістен қалдырады-ау осы,— деп әңгімелеп отыратын.

Енді ол әңгімелердің бірі жоқ, Келіп, қолын алғып сәлем берген кісінің ет жақын жуығын көбіне дауысынан ажыратады. Көшілігін шұңғарейіп қанша қараса да шырамытқанымен жыра тани алмайды. Өзінің осы күйін зерделеген соң қасына таянған кісіге:

— Бұл қайсың?! Бұл қайсың?!— деп отырғаны.

"Күлсөң кәріге күл" деген. Әр нәрсеге бір зауал. Кезінде ешкімге сөзден дес бермейтін, үлкенде де кішіні де тәтті әзілмен тұрткілеп, күлкіге айналдырып отыратын Серәліні енді бір есемізді қайтарайықшы дегендей балдыз, бажа, жиеншатыс — ойыны ететіндері әжуалап, қажауга шыққан. Серәлі шал оларға тойтарыс беруден қалған. Әзіл-оспақтарына балаша нанып, бас шұлғып, қолға тұрган асаудай көнімпаздық танытады.

Сүтпен сіңген, өзір жоғалмай, қалмай келе жатқан ауыл ішінің сыйластық жоралғысы бойынша төңіректегі жақын-жуықтары, көршілері, өзінің ізін өкшелеп келе жатқан қадау-қадау қалған, бірен-саран қарттар таңертеңгілік шайын ерте іше салып, Серәліге сәлемдесіп, "бакуат барсыз ба" айттысып кіріп шығады. Шаруадан қолы бостары біразырақ қауқылдасып, әңгімелесіп отырып барып тарасады.

Бұтінгі таңертеңгілік осындаі келушілердің ішінде бажалық жақындығы бар, жасы кіші болса да сонысын арқаланып, көрген жерде әзілдесіп қалғысы келіп тұратын Бөрітай салдырлақ та бар еді. Шелекке сүрінгендей абыр-дабырлау жүріс-тұрысына, аспа-төкпе мінезіне бола қауқары бар кездерінде Серәлінің көбірек қажайтын кіслерінің бірі осы болатын. Енді дүние кезек, "Ә, бәлем, қолға түстіңбені" бұл жасап жүр. Омыраулай келіп, айқайлай сәлемдеседі, созған қолын жүлкілай қысады.

— Эй, шалжимай, жиналыңқырай отырсайшы. Орын бермейсің бе келген адамға?! Әлі кіслігің, көкірегің қалмайды-ау, ә,— деп үйдегі басқа жүртқа мәз бола көзін қысып қойып, шалды иықтай келіп тізелесе отырады. Серәлі ананың екпіндеген түрінен ығыса, бойын жинай әлдене сақтық жасағандай бәсендедеу үнмен:

— Бұл қайсың?— деп сұрайды.

Бөрітайға да керегі сол. Іздегенін тапқандай қоқыланып:

— Млиса Жылымбекпін. Не танымайсың ба?
Танығың келмейді, ә?!

— Кім дейді?

— Жылымбек деймін!

— Жылымбек! Ойбай, бұл бәле қайдан жүр?!

Серәлі оқыс шошына қубірлей, отырған орынынан шегіншектеп, ысырыла береді.

Үйдегілер қыран-топан күлкіге батады. Құле отырып Серәліні әңгіме етіседі:

— Алда, ит кәрілік-ай, кісіні қор етеді екен-ау,— дейді бірі әлденеге опына.— Шіркін-ой, қайран Секен-ай, қандай жан еді.

— Ой, айтары бар ма. Көкемдей адам қайда. Бұл кісінің ақылы, адамшылығы... Ой, енді қайтып болады дейсің бе, мұндай кісілер. Көненің көзі, асылдың сынығындаиді адамдар ғой.

— Бала болған кезі ғой, жарықтықтың. Күнәдан пәк қой бұл кісілер қазір.

— Эй, Жылымбектің тізесі өзіне өткен-ақ екен. Атын естігенде ыршып кетті ғой.

— Өткен ғой, өткен. Көрдік қой шет жағасын. Қара жер хабар бермесін, алакұлік, қара ниет адам еді ғой. Ой, талайға қиянат жасады-ау.

Үй ішіндегі абыр-дабырға да Серәлі үркектей қарап, ештеңенің байыбына бара алмай, аңтарыла бүтежіктеген күйде еді. Оның жасқаншақ балаша қорғалақтаап, шегіншектеп, онсыз да шөгіңкі тұлғасы бір уыс болып, кішірейіп, құржып кеткеніне Берденнің жаны ашыды. Отырған орынынан сырғып, жанына жақын келіп, ықылас таныта қолынан жайлап ұстап:

— Көке, бері таман жылжып, мына дастарқанға таяныңыз, мә, кесеңіз,— деп шай кесесін қолына ұстатты. Сонаң соң қолтығынан демеп дастарқанға таянтып жатып:

— Көке, Жылымбек дегенге неге сонша шошыдыңыз. Не жұмысы бар оның сізде,— деп үніне мейлінше жылылық үялата сипай сұрады.

Мұның үніндегі жақындықты, мейірімді сезгендей, аңғалағы тарылып, шұңғарейіп кеткен, бояуы оңған боз жанарымен бір сәт сығырая күлімсірәй қарап:

— Берденбісің? — деп танып, қолын мейірлене қысып-қысып қойды. Соңан соң батылсыздау, некүмән сыңайда торығыңқы үнмен: — Қайдан білейін? — деп әлденеден тартынғандай сезінің соңын жұмбақтай тоқтады.

Жұзінде бір сақтық, қорғаншақтық, бар.

— Кеке, неге сонша жасқаншақтайсыз. Жылымбек болсаң мә саған деп маңдайдан қоймайсыз ба? Қайтып маңайынызға жоламасын,— деп бұл құліп, жігерлендіргендей әкесін арқасынан еркелете құшақтады.

Әкесі бұған жас нәрестенің көзіндегі уытсыз жуас жанармен жәудірей қарап, сенімсіздеу үнмен сыйырлай тусты:

— Қайдан білейін. Бидің тұқымы деген сезін қайта көңірсітіп тағы әурелеп жүре ме қайтеді деп қорқақтайсың, рой,— деді.

Осыны айтқанда әлде нeden қаймыққандай бұғыншықтап, кейін қарай шегіншектей жылжып, жаурағандай бүрісіп, жан-жағына жалтақтап, шарасыз жаңдай жәутен-жәутең қарады. Көнілінде өз биғінен еш қашан төмендеп көрмеген асқар тауы әкесінің мына аянышты, мұсәпір кейіпіне Бердениң жүрегі сызығандай еді. Осы бір көне тарих, қара шалды тап қазір де торғайдай қалтыратқан қаяуы көнілден кетпей дат болып қалып қойған сонау бір кездегі жан құсасының запыраны екенін бұл аңдағандай еді. Сол бір үрей мен қияннаттың зардабы оның жан дүниесіне өшпестей дақ қалдырып, зердесіне шегелене сіңіп қалғандай екен-ау. Әйтпесе әлгі үрей салқыны өзінен туған балаларының атын бірде біліп, бірде ұмытып қалып, кәріліктен періште болып отырган кейуананың әбден тозған санасында әлі күнге дейін жоғалмай, өшпей тұрар ма еді?! Сонда өмір бойы ұмыта алмай, әрдайым қауіп ойлап, сезік-секеммен өмір сүріп келгені-ау. Обал-ай! Дүниеде өзің адад, ақ болып тұрып, құдіктің сұғына іліккеннен қыын не бар екен. Өзіңе өзің сенбегендей қобалжумен, қылмысты жаңдай жалтақтаумен күн кешкеннен қыын не бар екен. Ойпырым-ай, қиянат қалай ұмытылмайды десенізіші?! Адам санасына сіңіп қалған үрейдің сызы қалай өміршен еді... Жамандық, антүрғанның жаны не деген сірі...

Бірінші тарау

Бұралаң дүние кісіні не түрлі жан, не түрлі тағдырға кезіктірмейді. Бірақ, соның қебісі күн өткен сайын көнеленіп, бірте-бірте ұмытыла берсе керекті. Уақыт — әмірші, уақыт — емші нелер айықпастай болған қайғыны да сейілтіп, ұмытылмастай болған қуанышты да көмескілеп, елес тозаңына айналдырып жібермей ме?! Алайда, сол тозаңың ішінде үгітілмеген түйірдей белдеуленіп-белдеуленіп жататын естен кетпес кезеңдер, уақығалар, адамдар болады-ау. Серәлінің де бұл тірлігінде басынан өткізген азды-көпті жаманшылығының, қынышылығының себепшісіндей, қуәсындай бір бейне осы Жылымбек еді.

Жылымбекті Серәліге тағдыр жиырмасыншы жылдардың аумалы-төкпелі кезеңінде кезіктірді. Серәлінің шыққан жері Сарыарқаның Сарысу бойымен Қаратаудың Мойынқұмының арасын бетпақты тіктей өтіп, ен жайлап жататын көпшелі тайпаның бір ауылы еді. Бұл ауыл кезінде осы аймаққа қадірлі сыйлы, ел қамын, жұрт қамын ойлаған, айтулы кіслер көп шыққан ата болатын. Солардың бірі өз тұсында ақылымен, адалдығымен, қара қылды қақ жарғындан әділдігімен аты аңызға айналған, Серәлінің өз атасы Бектібай би еді. Атасы дүниеден қайтқанда Серәлі он төрт-он бескे шыққан, ес жиып, оқ солын танып қалған жасөспірім жігіт болатын. Ол кісінің өситетін тыңдал, тәрбиесін көріп өсти. Табигатынан қарапайым, астамшылығы аз, жұрт ыңғайлас, сыпайы жан елдің кейбір атақтыларында тым бекзат, паң күй кешпейтін. Тұрмыста шаруақор жан болатын. Ас, той, елдің бас қосу жиындарына барғанында жас немерелерін алды-артына міңгестіріп жүретін әдеті бар-тын. Серәлінің өзі де атасының артына көп міңгесті, бертін келе атасының бәйге аттарына шабатын болды. Басқалардан гөрі бұл ол кісінің қасында қебірек жүріп, әңгімесін қебірек тыңдау бақытына ие болғандай еді. Атасының алдынан тірі жан кесе өтпейтін қадырменді, санаттағы санаулы ел басылардың бірі болғанымен қора-қора қой, үйір-үйір жылқысы бар, дәулеті шалқыған кісі емес екенін бұл өз көзімен көрді. Өзіне ғана жетерлік дәңгеленген

орта шаруасы ғана бар-тын. Игере алмай жатқан малжаны болмаған соң да ма есігіне кісі ұстап, жалшы салған емес. Азын-аулақ, қара-құрасын өз ауылының ересек балалары-ақайналдыратын. Атасы үлкен басымен шаруадан жеркенбейтін, бейнетқор кісі-тін. Таңертен мәлді өртелеп өзі өргізіп, кешке қарай өзі қораласатын. Ересейіп қалған балалары, жақын-жыуқ, жан ашыр ағайындары кейде қарияның мал шетіне шыққанына ыңғайсызданып:

— Мұныңыз не? Сырт көзге түсіп! Сараңдық жасап малын өзі бағып жүр деп басқа жүрт сөз етіп күлмей ме,— дейтін намыстанғандай.

Атасы сабырлы қара-торы жүзіне мейірімді жымыс ұялап, мол пішілген зор денесін сергек көтеріп, еңселене қозғалып қойып:

— Ой, сендер не білесіңдер!— дер еді.— Қанша шашып-тәксе де кемерінен ортаймайтын бәленшеттүгеншелердің (атасы осы аймақтағы белгілі бай бірер кісінің атын атайды) дәулетіндегі қоры мол, таусылмайтын байлық емес менікі. Табан ақы, мәндай теріммен тірнектеп жүріп құраган, бала-шаганың несібесі ғой бул. Өзім көз алдынан өткізіп, бір мезгіл қайырмалап, қоғамда түрғым келетіні сонан,— дейтін.

Атасының жетім-жесірge, қаріп-қасірge жасаған қайырын; нашарға ара түсіп, қол ұшын берген құдайшылығын; қиянатқа қарсы тұра алған қажырын; кісінің ала жібін аттамайтын ададығын ел арасында қыру-қыру әңгіме ететін. Осы менмін деп жүрген талайлардың тәнті бола, бас шұлғысқан бір әңгімесін Серәлі бала кезінде естіген-ді.

Осы тәңіректе атасымен тұстас Отыншы атты мыңды айдаған белгілі бай, мырза, жүртқа сыйлы кісі болған. Отыншы бір тұстарда ұзақ жылдар қайта-қайта болыс сайланып, әбден үстемдігі жүрген өзінің немере ағасы Бақтыбаймен қырғи қабақтау болады. Билік шіркін кісінің мейманасын тасытпай қоя ма. Мейманасы тасыған кісі қиянатқа бармай тұра ма. Бақтыбай да кезінде елге тізесін батырыңқырап жіберген тәрізді. Ол кездегі Ақмола уезінің “әміршісі”, қазақ арасында “сарықасқа” атанған айбынды ояздың болыс тілін таба білген. Екеуі бірбірімен жекжат-жүрттай араласқан.

Әбден сеніміне кіріп алған соң ояз болыстың айтқанынан шықпауға айналған. Осы артықшылығына иек сүйеп, ояз келіп ел арасында өткен үлкен бір сайлауда, әр түрлі себептер тауып, Бақтыбай болыс өзіне қырын келіп жүрген Отыншыны Сібірге жер аудартпақ болады. Ол үшін алдымен билер үкім шығару керек еken. Соған ояз берін болыс билерді жинап алып осындай үкім шығарындар деп тізеге салады.

Ол кезде бұл аймақта үкім айтатын бес бидің шығарған шешімін төрелеп бекітетін төбе би мұның атасы Бектібай еken. Отыншыға тағылған айыптың жала, қиянат екенін көріп-біліп тұрганымен оядын, қаһарынан сескеніп, лажсыздан кейбір билер үкімге мақұл болған. Бірақ, үкімді бекітерге келгенде мөрін басып заңдастыратын төбе би қарсы болып, қасарысып отырып алған. Оядың бетіне жан келмейтін заман. Би-болыстың оның айтқанын істемегені былай тұрсын оны ойлаудың өзі бұл жұртқа ертегідей жәйт. Дегенімен төбе би бетінен қайтпаған. Мына күтпеген қарсылыққа шыдамаған "сарықасқа":

— Протоколға мөрінді бас, жаныңның барында! — деп ақырған.

— Баса алмаймын, тақсыр, — деген төбе би.

— Неге?

— Тағылыш отырған айып жала. Ол бойынша үкім шығару заңға қайшы.

— Занды маған қоя бер. Ол жағын өзім реттеймін. Омбыда губернатордың кеңсесімен өзім сөйлесем. Онан саған сөз келмейді.

— Тақсыр, бәрібір мен оған мақұл дей алмаймын. Сібірге жер аударатындаі кінәлі адам емес Отыншы. Мен мөрінді баспаймын.

— Неге?

— Бұл мәселе, керек десеңіз, ағайынды екі кісінің арасындағы араз-құраздық. Уақытша бір өткінші реніш. Оған сіздің мәртебелі ұлықтығыныңды араластыру орынсыз. Бұл жерде заңға жүтінетіндей зәрулік жок, Елдің ақсақал қауымы өздері араласып ағайыншылықпен реттейтін шаруа.

— Менің айтқаныма мойынсұнғың келмейтін сен кімсің?!

— Эміріңізге құлдық, Мен бағынышты пенденізбін.
Бірақ көпе-көрінеу кісіге қиянат жасай алмаймын.

— Өзінді Сібірге айдаттырамын. Түқымынды құртамын.

— Еркіңіз білсін, тақсыр.

Мынаның ашу жоқ, адыраңдау жоқ, сыпайы отырып сірескен қарсылығына істер шарасы болмай ояздың күрең сары жалпақ жүзі талақтай қызыарып, ісініп кетті.

Ауыр-ауыр балағаттаң жіберіп:

— Тап қазір мөрінді баспасаң сақалынды қүзеймін,— деп салалы қауға сақалынан шап беріп ала кетті. Күні бойы сабыр сақтап, шыдаммен тіл қатып отырған тәбе бидің зор қара сүр жүзі сұық тартып, сазарып жүре берді.

— Мейліңіз! Бірақ бізде сақалдың құны бастың құнынан қымбатырақ,— деді тайсалмайтын тәуекел мінезбен.

Жуастан жуан шығып мынаның аруақтанып алған сесінен тайсақтады ма ояз-әмір басқа шұғыл қимылға бара алмады. Бидің ызғарын сыртқа теуіп, әлем-тапырақтанып кеткен қайсар жүзіне ызамен безірейіп қарап отырып қалды. Сол ұстаған күйі сақалын сұт пісірім сыйымдап отырып, бір кез босатып қоя беріп, жиіркенішті бір нәрсе ұстағандай тыжырына алақанын өніріне сүрткілей орнынан тұрып кетті.

Отыншины Сібірге айдаттырамын деген әмірін жүзеге асыра алмай ояз Ақмолаға қайтты. Ол кезде бұл аймақ, бұл жұрттың тарихында Сібірге жер аударылған кісі болмаған. Бұл ел үшін өлімнен де қыын естілген жаза еді. Осынау сұық, үкім, сұық, жазадан азаматтың аман қалғанына үн деп демін бір алысты қалың ел.

Атасының осы бір сөзді, қайындаі қатты табанды қасиеттерін сөз қылатын ел ол кісінің кейде баладай ақ, көңіл, адал, әпенде мінездерін де әңгімелеп отырушы еді.

Атасы жасы ұлғая келе ат үстіне көп шыға бермей, билік айтуды үлкен ұлы Тырнақбайға — Серәлінің әкесіне тапсырған. Әкесі алғаш рет алқа бір жиында ел арасының дау-дамайына қазылық жасаған. Жұрт жас бидің шешіміне, тапқырлығына ризалық, білдірген. Айтқан төрелігіне риза болған дау иелері билік жасаған

кісіге "би ақысы" деп сый-сияпат ұсынатын үрдіспен біреулер осы жолы Тырнекеңе екі жақсы ат, екі қап күріш береді.

— Біздің әкейдің дәстүрінде жоқ зат еді, алмаймын, ықыластарыңызға рақмет,— деп ризалықпен бастартады.

Ол кезде егіншілік, отырықшылық дегеннен мұлдем қашық, мал әуенімен кең сахараны кезіл жүрген көшпенді жүртқа дән атаулы таңсық, ал күріш деген, тіпті қолдарына түсе бермейтін қат дүние. Жас бидің қасындағы жолдастары:

— Оу, біреуден сұрап алған жоқсың, үрлап алған жоқсың, арам дүние емес. Адал ақың. Алғашқы билік жолың, неге бастартасың, алу керек,— деп кеу-кеулейді.

— Экей кәсіп етпеген нәрсе еді, керегі жоқ маған,— деген ыңғайдан қайта қоймады. Сонан соң әлгілер:

— Жарайды, жылқысын алмасаң алмай-ақ, қой. Күріші әуес нәрсе ғой. Тіпті майға бұқтырып беріп отырса әкейдің өзінің тісіне жұмсақ, кәрінің асы,— десіп екі қап күрішті тенден алған қайтады.

Жиын тарқағанымен Тырнекеңдер жол-жөнекей ел аралай, бір үйге түстеніп, бір үйге қона жатып дегендей, ауылға араға күндер салып асықпай жетеді. Ал жанындағы жүк артқан, женіл-желпі жігіттері жеделдете жүріп, олардан бұрын келген. Келгендермен үйде жатқан атасы әңгімелесіп, жиында не болып, не қойғанынан хабар біліп, өз баласының алғашқы жасаған билігі қалай өткенін, қандай дау, қандай шешімдер болғанын сұрастырады.

Әңгімеге қошуақ, ыңғай білдіріп отырған қарияның екі қап күріштің жайын естігендे:

— Ой, әттеген-ай! — деп қабағы түйіліп жүре береді. Сонан баласы келіп сәлем бергенде қолын алмай, теріс қарап жатып алышты:

— Мен қырық, жыл билік айтқанда елден екі уыс дән алыш көрген жоқ едім. Сен бір сапарында екі қап күріш артып келіпсің, менен тумаған шығарсың, пәтшагар,— деп кейіпті десетін. Сонан қайтып Тырнекең де азды-көпті билік жасаған дәуренінде біреуден бір сабак, жіп алыш қөрмеген екен дегенді көне кездер кейінгілеріне үлгі ете әңгімелейтін.

Кезінде атасымен тұстас, сыйлас, үзеңгілес, бірге

жүрген, ел билеп, билік айтысқан, Торжан, Шал, Төрекұл деген кісілер өтіпті. Осыған не деп жауап берер еken деп сынарысы келген болса керек, әзілдесетін қатарларының бірі bas қосуда:

— Бектібай, Торжан, Шал, Төрекұл... болып қатар жүрсіндер. Ел бәрінді бірдей атайды. Беке, осы шыныңызды айтыңызшы, қайсыңыздың мойныңыз озық, Қайсыңыз әйтеуір дақпыртқа ілесіп жүрсіз,— деп сұрақ қойыпты.

Сонда атасы:

— Бәрі де жұрт қамын жеп жүрген азаматтар ғой, мен бірін де төмендете алмаймын. Ал, әйтеуір, біреуінің артықшылығын айт десен, Төрекұл оқтаулы бердеңке ғой,— деген еken.

Қазақта "менен бәленше артық едіні" айта қою сирек кездесетін мінез болса керек. Сонда ана кісі:

— Ойпырмой, Беке-ай, кісі алдына шыққыңыз келмейтін сыпайылығыңыз-ай!— деп жантая кетіпті.

Атасының қартайғанда айтып отыратын бір әңгімесін Серәлі жіі еске алушы еді.

"Он бес, он алты жасар кезім еді. Көрші ауылдарды қыдырыстал жүріп: "Бір үйде көріпкелі бар кісі қонақтап жатыр еken. Соған жұрт келіп бал аштыратын көрінеді" деп естідім. Балалық аусарлығым ауып, мен де бал аштырып көрейінші деп жетіп бардым. Әлгі кісі жүзіме байыппен салмақпен қарап отырып: "Негізің бар, пейіл-құның адал, жақсы азамат екенсің. Белгілі үлкен кісі боласың. Біреудің ала жібін аттамайсың. Жұртқа қайырды көп жасайсың. Бірақ тұзың жеңіл. Сол істеген жақсылығың қайтып алдыңнан шыға бермейді. Ал осы екі қасиетің тұқым-тұқымыңа мұра болып кетеді" деді. Тындалп алдым да атыма мініп жөніме кete бардым. Ол кезде ол сөздің байыбына зер де салғаным жоқ, Енді ойласп отырсам, ойпырым-ой, не деген білгір жан. Шіркін-ай, адам баласында неше түрлі кереметтер, дұлдулдер бар-ау".

Осыны айтқанда атасы әрі таңданғандай, әрі әлде неге опынғандай басын шайқап, ауық-ауық, күрсіне, ұзак, ойланып қалатын.

Атасы Бектібай — аты шулы "Ақтабан шұбырындыға" түскен халқының кезінде кегін қуған атақты Баян

батырдың Түркесіндегі қалмақ, әйелінен туған ұлы — Тасыбай әулиенің немересі еді. Ол кісі үнемі төңірегіндегі бала-шағасына Баян батырдың ерлік істерін, Тасыбай атасының көрегендігі мен әділдігін, елжұртына жасаған қызметін аңыз етіп айтып отыратын. Ел ішіндегі жақсылардың жақсылығын үлгі етіп отыратын.

Серәлінің есінде — атасы сексеннің үстінде дүние салды да, келер жылы күзде әкесі арқаның ат жетер жеріне сауын айтып хабарлап, айтулы ас берді. Сол жылдың қысы бұл өңірдегілер әйдік ақ сүйек жұтқа ұрынып, таяғын ұстап, тап-тақыр болып шыға келді. Нелер мындаған да, айдағанда аяқ артар жалғыз тұғырға зәрулікке шықты. Көп сөзі жоқ, сабырлы, сыпа, насат жаратылыс әкесі уайымға берілмейтін, көнгерлі мінез кісі еді. Көңілге тоқ, қоңыр дәулетінен жүрдай болып, тігерге тұяқсыз қалғанына қайғырған жоқ. Қайта келер жылға қалдырмай, өткен күзде ас бергеніне шүкір айтып, қуанды.

— Япыр-ай, күзде асты өткізіп алмағанда, қария атаусыз қалғандай екен-ау. Құдай бір абырой берді-ау. Жарықтық, тәңірі тегін жаратпаған жан еді, несібесі бар екен,— деп толқыды.

Сонан көп кешікпей, бірер жыл өткен соң, елудің үстінен шығып тұрғанда Тыргекенің өзі де қайтыс болды. Он ұлдың ортасындағы жалғыз қызы күйеуге үзатылған. Қалған балалары бір тән болатын. Ең үлкендері Бекті отыздан жаңа асқан, соны әлі жас. Серәлі өзі үлкенінен кейінгілердің бірі еді. Қыруар жан енді қоңторғайлау күн кешті.

Осы кезде қала, шойын жол, керуен сарайы дегендерден мойны қашық, сахараның алыс түкпірінде жатқан бұл ауылдарға “патша тақтан тұсті” деген хабар еміс-еміс естілгенімен тұрмыс-тіршіліктеріне еш өзгеріс, қозғалыс ене қоймаған. Сол баяғы ауа жайылған қалыппен күн кешіп жатқан.

Бірде Серәлінің ендігі бас иелері болып қалған үлкен ағасы Бекті шақырды. Елтеп ел ісіне араласып ненің не екенін зерделеп, заман ағымын аужайлап қалған ол:

— Дүние бұл қалпында тұра бермейтін тәрізді, — дейді айтатын тосын шаруасы бар сыңайда. —

Тіршіліктің тіпті қалай ыңғай алары белгісіз. Біздің жұрт бір бейқам жұрт қой, "кіш-кіш" әуенмен жүріп жатқан. Оның арғы жағында не барына ой жүгіртіп жүргеніміз шамалы.

Ағасының бір көрмеге сұықтау, тәқаппар, сесті, ақ сүр жұзіне көз тоқтата отырып, мына төркіні бөлек әңгімені неге баставанына, нені меңзегелі келе жатқанына ой жүгіртпек болғанымен, әзірге байыптай алмады. Мұның осы сұраулы қалпын андаған ол әңгіменің түйініне көшті.

— Неге шақыртты, — деп отырган шығарсың.

— Иә, ойыңызда бір шаруа бар сияқты.

— Көптен бері ойымда жүрген іс еді. Соған енді тәуекел етсем деп отырмын. Осы Бабырды үлкен қаланың біріне оқуға апарсам деймін.

— Қандай оқуға?! Қайды апармақсыз?

— Соны сенімен ақылдаспақ едім. Өзі ұбынықты, зерек. Оқуға ынталы. Ауылдың молдасының мектебін тауысты. Молда әрі қарай медіресіге бер дейді. Менің байқауымша осы заманың райын байқаған, зерделі қазақтың біразы орыс оқуын қолайлайтын тәрізді. Қолы жеткені балаларын онда оқытып жүр. Әсілі сол оқудың түбі терең бе деймін.

Ағасының сөзіне қарсы келмейтін әдетімен:

— Қайдан білейін, мейлініз. Өзінің ойы қалай екен, — деді.

— Өзі, айтқанымызға келіседі ғой. Сол мектепке берейік. Оқып, орналасып, кісі санатына ілігіп кетіп жатса мына Отken мен Құнақты да кейін қолына апарып тапсырамын. Бұлар оқысын. Ішкен мәз, жеген ток, біз сияқты көр болып қалмасын. Заманың әуселі ілімге қарай ойыстап бара жатқан сияқты.

Бұл үшлеуі он ағайындылардың ішіндегі ең кішілер еді. Үшлеуінің ересектеуі Бабыр он үшке шыққан. Алғыр, әжет, пайымды, зерек, бауырмал, өзгеше туған бала болатын. Бәрі жақсы көретін. Жасы кіші демей-ак, агалары ақылына бола, салауатты кісінің санатында сөйлесетін. Ол да бұларға еркін, жайдары еді. Соңан соң да ең үлкен ағасы Бектіні ғана "Жәке" деп басқаларын атымен атайдын. Серәліге айырықша еркелейтін. Қатарында тартынбай әңгімелесетін.

Ағасының алыс қалаға оқуға апарып тастағалы отырғаны сол Бабыр. Серәлі жанындағы жақсы көретін, ақ үрпек ботадай сүйкімді, кішкентай інісін қимағаңдай болды. Бірақ ағасының шешіміне қарсы келген жоқ,

— Отаяғасыға бір ауыз айттыңыз ба? — деп қана сұрады.

— Жоқ, енді айтамын. Отаяғасы мақұл көреді той.

Әкесімен құрдас, сыйлас, әрі жақын туыс Бекболыс отаяғасы осы тәңіректегі елдің қазіргі бас иесі саналатын. Алыс-жақын ағайын ауыр-жеңіл шаруасын осы кісінің ақылынсыз шешпейтін.

Отаяғасы да баланы оқуға апарамын дегенді құп көрілті.

— Бабырды оқытамын дегендерің дұрыс. Жолына қосқаным, біздің жылқының үйірінен таңдал екі ту бие ал,—депті.

— Оқуға қыруар қаражат керек. Оған енді тәуекел еткен соң шыдаймыз. Құдай жеткөрер, — деді ағасы Серәліге.— Ел ішінде міз гой лаждал күнелтерміз.

Солай байлам жасаған соң қолдағы азын-аулақ, қара-құраның іске татырын сатып қаражатқа айналдырмақ болып, базар шығып қайтты. Соңан күз ел арқадан қыстауға — Шу бойына құлаған бойда Бабырды қалаға орыс мектебіне өткізіп қайтты. Екі-үш жылдан кейін Ташикент шаһарына үлкен оқуға ауыстырылты деп естіді. Соңан бірер жылдан кейін жаз, ауылға демалысқа келіп қайтты. Бас-аяғы төрт-бес жылдың ішінде інісі көп өзгерілті. Он жетіге енді жаңа толған жасөспірімнің қырым етсіз, сүйекті, жас қайындағы сымбатты, тіп-тік бой-тұлғасынан әлі балғындығы байқалғанымен күнбек-күн толысып келе жатқан қажыр-қайраттың нышаны да аңгарылатындаидай. Ойлы жанарында сергектік, пайымдағылышпен бірге жігер үшқыны бар. Сесті, сенімді. Өмірге деген бір құштарлықден лапылдаپ, қызулы, отты жас болып есіп келе жатқаны байқалады. Серәлі інісінің көз үялғандай сұлу келбетіне, жас батырдай келісті тұлғасына іштей мақтана, қуана, қызыға әрі "тәңірім-ай, тіл-көзден сақтай көр" деген уайыммен қобалжи қараган.

Сөз салтауы, жүріс-тұрысы ысылып, жасына қарағанда көп есейіп, егделеніп кеткен. Әңгімесінің

тақырыбы да басқа. Бұларға тосын, таң, беймәлім бірақ, ұзын құлақтан ара-тұра естіп елеңдесіп жүрген, анық-қанығына жете алмай жүрген жағдаяттар.

Өздері күпті жайларды білгісі келіп, оқыған көзі ашық, азаматтан құныға сұрастырады.

— Заман қалай ауып барады. Ақ, патшаны тақтан түсірген қандай күш. Ендігі өмір кімнің қолында,— деп сұрайды Серәлі інісінен.

— Дүниеде ұлы дүбір жүріп жатыр, Серәлі,— дейді ол құлшына сөз бастап.— Онан сендер де шет қалмайсындар. Шыдай тұрындар, жақында дүмпуі бұл аймакқа да жетеді. Жаңа үкімет орнайды. Бұрын-соңды адамзат баласы көрмеген жаңа өмірдің куәсі боласындар. “Жаңа өкімет”, “жаңа өмір” деген сөздер Серәліге жұмбақ тәрізді.

— Бұларың кімдер?—дейді.—Орыстың өз патшасын өзі құлатқаны несі? Енді патшасыз өмір сүре ме? — дейді.

Мұның сұрағына жылы жымып алып, ежіктей отырып, жағдайды түсіндіреді. Оның айтқанынан мұның ұғатыны: Ресейдің билігі патшаны құлатқан соң, қызылдардың қолына біржола көшкен. Жаңа үкімет солар. Ал өкімет басына таласқан әр түрлі топтар, бұрынғы ірі бай-шонжарлардың жоғын жоқтаушылар олардан билікті тартып алмақ, болып жанталасып бағуда. Шет мемлекеттің біразы олардың қолтығына су бұркуші көрінеді. Қазір дүниеде қиян-кескі курес жүріп жатыр. Қызылдарды жалпы халық қолдайтын тәрізді.

Бұл жаңа өкіметтің басында Ленин дейтін дана адам бар. Ол өте әділ. Жүрттыштың бәріне бірдей қарайтын көрінеді. Кедейлер мен аш-жалаңаштарға жақ, Жалпы халықты теңеймін, бәрін оқу, білімге, жақсы тұрмысқа жеткіземін деп жаны тынбай жүрген тәріzi бар.

Інісінің лебізінен осы қызылдың өкіметіне іш тартатынын, соның сөзін сөйлейтінін байқайды.

— Онысы жақсы екен. “Патшадан әділдік кетсе, пенденің құлқы бұзылады, дүние тарының қауызындей тарылады” деген. Патшаның әділ, кең болғанына не жетсін,— деп бұл да қош алады.

Інісі үйінде біраз құн болып аунап-қунап мауқын басқан соң қайта қайтты. Кетерінде өзінің комсомол

қатарына өткенін, жаңа өкімет қалада оқып жүрген қазақ жастарын революция ісіне тартып жатқанын, өзін де барған соң Созақ өніріне Совет өкіметін орнату, комсомол ұларын құру жұмыстарын жүргізу үшін бері қарай жібермек екенін айтты.

— Оқуың бітіп пе еді? — деген бұлардың сұрағына:

— Оқуды кейін қайтып барып жалғастырамын. Қазір тапсырма солай. Истің жағдайы осыны талап етіп түр. Кемі бір-екі жыл оқудан қол үзе тұрамын-ау, — деді.

— Өз тірлігінді өзің білесің де. Біздің саған ақыл айтып, жол сілтегендей шамамыз қайсы. Мына беймәлім заманың не сырын ажырататындей өре, саут бар. Ауайы жүрген бір жұрттыз. Тек амандағыңа тілектеспіз. Сен мынау қасиетті қара шаңырақ — көне үядан шырқап ұшып шыққан бір түйғынсың, қашан қайтып ораларын, оралмасың белгісіз. Ол жағы бір тәнірғе аян. Есің бар еді фой, оның үстіне оқыдың, көзінді аштың, он-солынды таныдың. Өз жолынды өзің таңдай білсең керекті. Патша көnlінмен таразылап, ақылынмен шеш. Бізден рұқсат. Жолың болсын, — деді үлкен ағасы Бекті.

Сонан көп ұзамай Созақта Совет өкіметі орнапты. Аудан құрылышты. Ауданды басқарып тұрған үшеудің бірі Бабыр көрінеді деген хабар жетті. Ол туралы ел аузынан әр түрлі әңгімелерді де есітіп жатты.

— Ой, Бабыр деген кәттә өкімет. Алдынан адам арылмайды. Созақтағы қызылдың мықты тұтқасы өзі тәрізді.

Өкіметтің жолынан басқаға бүрүлмайтын турашыл болып алған. Алды қатты. Бұлтақ-салтаққа илікпейді. Созақтың кедейлері қит етсе соған баратын болыпты. Арыз-мұңын соған айтады екен. Өкіметке иліккісі келмеген ірі байларға қырын келіп тұрған тәрізді.

— Ау, өзі де белгілі бидің, мықтының тұқымы емес пе? Оның бай-шонжарларды қыспақтайтындей не реті бар.

— Қызмет бабы да.

— Кейбір байлардың өкіметке қарсы әрекеті бар шығар.

Сонан соң қырына алады да. Тыныш жүрсе не қылсын.

Осы сарындағас әңгімелердің бірі бұларды қуантып, бірі ойландырып тастайтын. Қарға тамырлы жүрт.

Інісінің алдынан сағы сынған кейбір тұстастарының бұларға өкпе білдіріп, арыз айтып жататындары да кездесетін:

“Жұмысының жөні, заманының талабы шығар,— дейтін бұлар інісін іштей қорғаштаған ойға жүгініп.— Эйтпесе Бабыр кісіге көпеу-көрінеу қиянатқа бармаса керек қой”.

Ағасының жұмсауымен Серәлі Созаққа келген соң інісін барып көріп, есендерсіп қайтқан. Бабыр он сегізге жаңа толды дейтіндей емес үлкен, салқынқанды азамат болыпты. Иықты тұлғасына қона кеткен, сықырлаған былғары бешпент, маңдайлығына шоқтай қызыл жұлдыз таққан былғары шәпкі, жалпақ, қайыс белдікпен қынай буынған беліндегі тапаниша өніне сұс беріп, есейтіп көрсетеді. Шаруасы қауырт, мойын бүргізбайды еken. Күні-түні тыным жоқ, Соның салдары болса керек еңі бозарыңқы, зор ақ, сұр жүзінде шаршагандықтың ізі байқалады. Бірақ ажары сергек, көнілі жақсы. Сесті. Мұнымен біраз отырып, есендік-саулық, айтысып, елдің жай-жапсарын, жағдаятын сұрастыруды. Өкіметтің қазіргі жүргізіп жатқан саясатының бағыт-бағдарын түсіндірді.

— Сендерде де — Сарысу бойындағы ауылдар мен Қарағыз болысындағы елде де жақында өкімет орнайды.

Аудан құрылады,— деді сөз арасында.

— Ендеше сонда қызметке ауыспайсың ба?— деген бұл әйтеуір өздеріне таяу жүрсе деген тілекпен.

— Ол жаққа жібере қоймас. Созақ Шымкентке қарасты. Ал сендер сол бұрынғыша Ақмолаға бағынасындар.

Мені әзір бұл жақтан босатпайды. Осы жердегі істі тыңдырып, ретке келтірсек, сонан соң Ташкентке қайта шақыртып алып кететін шығар,— деді.

Хабардар болсын деп Серәлі кейбір Бабыр туралы естіген әңгімелерін құлақ қарыс етті.

— Сені біреулер “алды қатты, мінезі тік, ағайынға жылы ұшырамайды еken”,— деп жүр, оның қалай?

Серәлі жас кезінде кішкене інілерін үнемі мойнына мінгізіп ойнататын. Осы Бабыр тілті түспейтін. Беріге дейін дардай болғанша:

— Серәлі мойныңа мінгізіп жүгірші, — деп қиғылық салатын.

Бертін келе есі кіре ол әдетін тастанымен анда-санда мойнынан тас қылып құшақтап, бар салмағымен асыла еркелейтіні болушы еді. Сонысы есіне түсті ме ақ жарқын құліп келіп, қатты қысып құшақтап иырына асылды. Інісі әкесі пошымдас, теректей бойщаң, денелі еді де, Серәлі шешесіне тартқан қағылзедеу, орта бойлы болатын. Алпамсадай інісінің құшағында, тіпті, кішірейіп көрінді. Оған қарап жатқан жоқ, сомадай жігіттің осы сәт балаша еркелегендей қалпы бар еді.

"Қанша есейіп, кісі болып кетті дегенімен он сегізге енді ғана толды емес пе? Көптен елден жырақ, шетте жүр. Ауылды, жылы ұясын, ата-ананың мейірімін, бұлардың ортасындағы бұла кезін аңсал, сағына маекен", — деп көңілі бостау, сезімтал Серәлі елжірей толқып:

— Көкежаным, көкежаным, — деп маңдайынан сүйді.

Бір сәтке балалық аусарлығы ұстап кеткен ол енді байсалды қалышқа түсіп:

— Серәлі, сен көңілшексің фой, — деді. — Жұрттың айтқанының бәрін жүргіңе жақын ала берме. Кім не демейді. Мен ешкімге қиянат жасағаным жоқ. Жасамаймын да. Ал жұмыстың тәртібі, міндет деген нәрсе бар. Оны орындау парыз. Жұрттың бәріне бірдей жаға алмайсың. Ол мүмкін емес. Кейде істеген ісің бірі болмаса бірінің шымбайына батады. Сонан соң байбаламдал шыға келеді. Менің жүргізіп отырған тірлігім — өкіметтің талабы. Ал өкіметтің тұптің-тұбінде көзделегені — халықтың өзінің мұддесі. Жұрт осыны жете түсіне алмай қындықтың түп-төркіні сонан шығып тұр. Қоғам жаңа орнап жатыр. Атқарылуға тиіс шаруада ұшы-қызыры жоқ. Бізге де оңай емес. Иште де, тыста да жау жеткілікті. Арандату көп. Мұндайда өзің де қателікке ұрыншып қалуың қын емес. Онан сақтанудың бірден-бір жолы — өзіңде, өзгеге де қатал болу, тура болу.

Серәлі елден естіген, көңілінде түйіткіл болған жайларды сұрады.

— Осы жоғары жақтарда, үлкен қалаларда ұрыс тоқталмай жатыр дейді. Бұл өкімет сонда кіммен соғысуда.

Байларды, бұрынғы патша тұсында қызмет қылғандарды қамап, жер аударады екен дейді. Неге олай етеді? Бәрі бір патшалықтың қол астындағы жұрт емес пе?

— Бұрын бәрі бір патшалықтың қол астында болған жүрт қазір екі талқа бөлінген. Ұрыс солардың арасында.

Ақтардың армиясының біраз бөлігін әлі де ырықта-рында ұстап тұрған кейбір патша генералдары мен бұзакы саясатшылар босқа қантөгіс жасап, нәтижесіз соғыстарын жалғастыруда. Мұнан мемлекет те, халық, та қатты күйзеліс шегуде. Бірақ бұл уақытша қындық, Жалпы халық, қызылдардың жағында. Тұпкілікті жеңіс күні қашық, емес. Жаңа өкіметтің саясатында ірі байлардың мал-мұлкін мемлекет қазынасына алу, оны жалпы халықтың меншікке айналдыру жоспары бар. Егер жүрт өзі саналылық танытса бұл шаралар зорлықсыз жүргізілуге тиіс. Өкімет негізі кедейдікі, жалпы халықтікі болған соң жекеменшікке тізгін салу, ірі байлардың қазынасын орталықта алу — бұл саясаттағы басты бағыттың бірі болатыны сөзсіз. Ал осы істерге кімде-кім кедергі келтіргісі келсе, көнбесе, қарсыласса, оларға жаңағы өзің айтқандай жазалар қолданылады.

— Сонда өкімет өзіне қарсы болмағандарға, зиян келтірмегендеге тимейді ғой.

— Жоқ, тимейді.

— Еңдеше ел ішінде үрейлі сыйбыс тарап жүр. Байлар, би-болыстар, олардың тұқымдары жер аударылады еken дейді. Олардың мал-мұлкі түгел хатталады еken дейді. Соңан соң сұрап білейін дегенім ғой. Олай болып жатса біз сөзге ілінбейміз бе? Ел ішіндегі аты бар, әлділердің қатарында аталатын тұқымнанбыз ғой.

— Өйтіп бекерге дауырықпаған жөн. Ірі байлардың ғана мал-мұлкі есепке алынады. Орта дәүлеттілер мен ортадан төмендерге тиіспейді. Ал сендер тіпті уайымдамай-ақ, қойындар. Қолдарындағы шаруала-рыңың жобасын білемін ғой. Сендер керек десе ортадан төменге жатасындар. Ал белгілі тұқымнан болсандар несі бар. Сол әuletten тараған мен осы өкіметтің қызметін атқарып отырған жоқпын ба? Елдегі ағайындарға айт, әр түрлі қауесет, алыпқашпа әңгімелерге құлақ, аса бермесін. Бұл өкіметтің жүргізіп отырған саясаты — әділ саясат. Халықтың қамын ойлаған саясат. Лениннің жолы — ең әділ, тұра жол. Соған илансын. Бұл өкімет халықтікі болса — сол халықтың бірі сендерсіндер.

Мұны бетенсінбендер. Тәртібіне бағынып, жүргізген ісін қолдаңдар. Сырттан болса да мен зер салып, хабарларыңды біліп тұрармын. Ешнәрсені уайымдамаңдар. Жәкеме осылай деп сөлем айт.

Інісімен арадағы осы әңгімеден соң Серәлінің жағасы жайлай күйде елге қуанышты жеткен. Мұның ала келген хабарын құп көріп, бұл төңіректегі ағайын-жүртта көңілдерін бір демдегендей болып қалған. Бірақ, сонан көп ұзамай Серәлінің ауылына сүйк, та, сүйт хабар тосын жетті.

— Түркістанда, Созақта байлар бұлік жасап, қызылдың өкіметін құлатыпты. Билікті қолдарына алыпты. Өкіметтің адамдарын тегіс атып, асып, жазалап жатқан көрінеді,— деген хабар бұл ауылдың төбесінен жай түсіргендей әсер етті.

— Ойпырым-ай, мына сөздің беті не деген жаман. Бабыр не болды екен? Өлі не тірісінен хабар білейік, Серәлі, сен сүйт барып қайт. Екі арада күзет болуы, бұл жақтан әрі-бері қатынасқандарды тексеруі қадік. Ағайыншылап жүрген кісі болып көрінерсің. Ішке кірген соң, Созақтың елі шетінен тегіс таныс қой астыртын сұрастырып хабар тартарсың. Бабырдың жағдайын қай-қайсысы да білсе керек. Өкіметтің құлағаны рас болса оның басына бір зобалаң туды. Не жағдай болса да бара көрерсің,— деді ағасы Бекті әлденені сезгендей пайыз таппай.

— Енді тәуекел дейік. Сабыр етіңіз. Құдайға сыйындық, Бүйрықты іске дауа жоқ,— деді бұл ақ сұр жүзі қуқылданып, қаны қашып кеткен ағасының үрейлі жүзіне өзі де мазасызданып қобалжи қарағанымен басу айтып, көnlін жайландырмак, болып.— Осыдан біраз бұрын түсініксіз түс көріп, еш нәрсеге дәлдеп жори алмай басым қатып, “осы Бабыр бір төтенше ауыртпалыққа кезігеді-ау, бірақ жаны аман қалатында ма, қалай” деп өз ойымнан өзім қорқып, үндеңей қойып едім.

— Ол не түс?— деді ағасы елең етіп.

Бұл көрген түсін әңгімелеген:

Түсінде інісінің арқасына желбіреп бір газет жабысып қалған екен. Соған біреулер от қоймақ болып ұмтылады. Оған от тисе баланың өзі де бірге өргенетін түрі бар.

Соны сезген ол әлгі газетіне от тигізбеймін деп жанұшыра қашады. Әлгілер қып қоятын емес. Бала оларға жеткізбейді, бірақ інісінің жанталаса қатты қиналған, шыбын-шіркей шырқыраған аянышты түрін көріп, бұл ышқына қыстырып, үйқыдан шошып оянған.

Осыны айтқанда ағасы үнсіз тыңдал алып:

— Не де болса болған шығар, тез барып қайт,— деді.

Бұл жол жүргуте дайындалып, енді аттанайын деп жатқанда, Созактағы таныс, сыйлас, жамағайын кісіден астыртын хабар келді. “Бабыр тірі көрінеді. Бірақ қалы нашар, ауыр жаралы. Бұлікшілерден жасырып, бөтен біреудің үйінде тығып ұстап отырған көрінеді. Тез біреуі жетсін”. Бұл жолға қос атпен шыққалы отырған. Осы хабарды естіген соң ағасы:

— Сен аттың бірін таста, оның орнына жүрдек, жүрісі жайлы атан ал. Аман-есен жетіп көруге жазса, алып жүргуте жарайтындаі халы болса атанға жайлап орап, жатқызып салып, елге алып қайт. Не де болса қолымызға жеткіз. Ажалдан алыс болса қатарға қосылып кетер,— деді.

Жылы ішік, көрле, жабагы, атанның үстіне қом жасайтын қос-қос текеметті теңдеп буып, үйтілген тұтас құнан қойды бір қапқа, семіз жылқының жылы-жұмсағын бір қапқа салып, салт атпен үлкен қара атанды жетекке алып салдыртып жүріп кетті. Қыстың қысқа күнін жолда атырып, жолда батырып екі тәулік дегенде Созакқа келіп кірді. Сақтана жүріп, байқастай келіп, сәлем салған ағайынның дарбазасына ат басын тіреген. Мұның, келгенін көріп, дереу қақласын ашып, ат пен атанды қорға жасырып, өзін үйге енгізді.

Тағаты таусылып, уайыммен езіліп әрең жеткен Серәлі кірген бойда амандық-саулықтан да бұрын:

— Бабырдың қалы нешік? Тірі ме?— деді

— Тірі, тірі. Уайымдама, Бері қарап келеді. Інің туралап келген бір ажалдан қалды, әйтеуір. Көретін жарығы бар екен, бейшараның. Талқаны таусылмаған да.

— Өзі қайда? Қалай жолығамын мен?—деген бұл қашан көзімен көргенше көңілі тынбай, дегбірі басылмай.

— Шыда, сабыр ет. Әйтеуір жаны аман қалғанына

шүкір де. Ескерусіз деген бір үйге жасырғанбыз. Соңда жатыр. Қазір жарық, барында көзге түсуге болмайды. Қараңғы қоюланып, ел аяғы басылғанша күте тұру керек. Қала қазір бүлікшілердің қолында. Біліп қалса ешқайсымызды аямайды. Өкінішке ұрынамыз. Сабыр ет.

Қанша тыптырышығанымен қазір кездесудің сәті түспесін сезген соң, бұл болған уақығаның мән-жайын сұрастырыған.

Бүлікшілер таң алдында, ел шырт үйқыда жатқанда, андаусызыда келіп соғыс ашып, өкіметтің кенселері мен қызылдардың адамдары тұратын үйлерді қоршап, басып кіріп, талқандаған, кіслерін ұрып-соғып өлтірген. Бір үйде салт басты екі-үш кісі — аудандық партия комитетінің хатшысы мен аудандық комсомол комитетінің жетекшісі болып жүрген Бабыр екеуі қатар тұрады еken. Бүлікшілер екеуінің де есік-терезелерін бұзып кіріп, сүйреп шығарып, көкпар жасаған. Тұнгі дүрлігістен өре турегелген жүрттыш көбісі, аласы-бересі болмағанымен, бүлікшілердің сойқанын сырттай бақылап, соңдарынан еріп жүрген. Ішінде Серәлілермен көңілі жақын, ағайын-жеккет біраз кіслер де болған. Солар Бабырды жығып салып сойылдап, балталап, мылжалап жатқан топтың ішіне, ешкімді-ешкім танып болмайтын қараңғыны пайдаланып, қоян-қолтық араласып, екі-үшеуі жатқан жігіттің үстіне қона кетіп, ұрып, соғып, тепкілеген болып:

— Бұл күшіктің сүйегін енді бізге тастандар, әбден ызасы өтіп еді, бәлемнің. Өлімтігін енді өзіміз өртейміз. Құдай қолға қашан берерсің деп жүруші едік, сәті келді, — деп қауқылдақсан. Олардың сөзімен, қимылына сезік келтірмеген бүлікшінің басшысы:

— Ал, есelerінді қайырып, құмардан бір шығындар, өлтірген соң денесін аналардың қасына сонау апанға апарып тастандар,—деп ауданның басқа басшыларының мәйітін тұс-тұстан сүйреп әкеп лақтырыған шұңқырды нұскап, бұрыльып кете барған. Олар көз таса болысымен әлгілер өлі-тірісі белгісіз шалажансар денені көтеріп алып, қазір Серәлі отырған осы үйге жеткізген.

— Өлсе бір ауыз дұға оқып өз қолымызбен топырақ салайық. Ажалы жоқ болып, ғайыптан аман қалса азаматқа жасаған бір еңбегіміз шығар. Ағайыншылық

қарызымыз емес пе, мынаны жасырайық. Көз алдымызда өлімге тастасақ — елдігіміз қайсы. Индей жақсылық-жамандығын көрмегенімізбен кешегі Бектібайдың бір бұтағы екенін білеміз фой. Олар да іргелі, қоралы жан. Ертең келіп: “оу, қанымыз бір, туыс емес пе едік көз алдарында қалай ажалға қидаңдар” десе жерге қарамаймыз ба? — дескен.

Сонан ақылдаса келіп: “Кім біледі біреу-міреу сезік алып, мұның денесі қайда деп іздей қалса оны білетін қай-қайсымыздан да қудік алары сезсіз. Сондықтан ескерусіз, ешкім білмейтін жерге жасырайық, Шықпаған жаннан үміт бар — бейопа тіршілік қой, қатарға қосылуы екі талай болғанымен әзір тірлік белгісін жоғалтпаған сияқты. Құзетіп, күтіп көру керек. Тездетіп сенімді кісіден ағаларына хабар жіберейік”, — деген шешімге келген.

Жаралы жігіттің денесін өзінің кәсіп еткен азын-аулақ саудасынан басқа іспен, сөзben хақ-соғы жоқ, бір өзбек шалдың үйінің астындағы ұрасына апарып жасырған.

Қалада жаңа өкімет орнағалы жасы мосқал тартқан, иман жүзді, ақ шаш орыс дәрігер пайда болған. Қазақшаға шорқақтығына қарамай елмен сәлемі жарасып, байырғы тұрғындар-ақ етене араласып кеткен. Сырқаттарын емдеп, жұртқа шипасы тиіп, онды болып қалып еді. Бұлікшілердің қаладағы қолына түсken қызылға тиесілі деген адамдардан өлтірмей аман үстап тұрғаны осы дәрігер ғана. Олардың өздерінің ішінде де жаралылар бар, әсілі, солар үшін қалдырған сияқты. Бабырды өзбектің үйіне жасырған соң “өз адамы фой, зиян істемес, көмектесер” деп тәуекел етіп, бұлар әлгі дәрігерге жағдайды айтқан. Ол:

— Мен аңдудамын. Жұрт көзіне түсіп, сезік алдырмайық. Тек таң қараңғысында ғана хабарласып, ертіп барып тұрындар, — деген.

Жаралы жігіт апта өткенге дейін ес-түсін жиып тілге келмеген. Кеудеде тек шықпаған жаны бар, оның бар екенін сездіріп тұрған кез келген сәтте үзіліп кетуі мүмкін, бір үзіліп кетсе қайтып жалғанбайтын, түпсіз түнек құрдымға бір жола батып жүре беруі кәдік, әлсіз ғана тыныстың болар-болмас сырлы еді. Үміт сәүлесін

өшірмей, тіршілік белгісінен хабар беріп, сол сырыл үзілмей тұрды әйтеуір.

Осы қалдегі жігітті алғаш көргенде дәрігер орыс:

— Ой, Бабур, Бабурчик! — деп күйзеле басын шайқап, ернін тістелей, ішін жаза алмай, екі бүктеліп бүгіліп, егілді-ай келіп.

Атпадай азаматтың қыздай сыңсып, езіліп жылағанын көргенде төңірегіндегілердің де көңілі босады.

— Пенденің басын жел күған қаңбақтай сенделтіп қойған қыыр-шиыр дуние-ай. Мұның да артында қатынбаласы, от-басы қалды ғой. Ал өзінің жай-күйі мынау — су бетіндегі жаңқадай қалт-құлт еткен. Соны ойламайды, уайымдамайды дейсің бе?

— Ой, бұл қай бір жетісіп жүр дейсің. Өлмегеннің күні де, жазғаңдікі. Кеше жолдастарын жуадай жусатып салғанын көзімен көрді. Оларды іздемейді дейсің бе? Жаны ауырмайды дейсің бе? Ішінен қанжыламайды дейсің бе?

Енді мынау ес-түссіз жатса да тірі қалған өз кісісін көріп, көңілі босап, шағынғаны ғой, бейшараның.

— Бұлдіршіндегі жастың осыншама азап шеккенін аяйма екен, әлде. Асты-устіне түсіп өбектеуін, байқұстың,— деп бұларды көріп тұрғандар да көздеріне жас алысқан.

Дәрігер орыс күн сайын сол таң қараңғысында бір соғып, емін жасап, жараларын қайта таңып, ауруды күтімге алған. Бір аптадан кейін науқастың беті бері қарағандай ыңғай таныта бастаған. Бірте-бірте тілге келген. Аузының ақсықлен апарған сүйік асты жұтатын халға жеткен. Серәлі осы кезге іліккен еді. Әйтеуір тірі қалғанын көңілге медет тұтып, шукірлікпен келген ол інісін алғаш көргенде зәресі ұшып, сең соққандай теңселіп кетті. Жігіттің тек кеудесінде жаны бар демесең екі талай, негайбыл күн кешіп жатқан сыңайлы. Көркінен кісі көз айыра алмайтындей ажарлы, сымбатты, нар тұлғалы, падиша жігіттің орынында әлдеқандай тірі аруақ жатқан тәрізді. Кірпігі ғана қыбырлайды. Салқын, отсыз сығырайған бозғылт жанарынан үстіне түсе үңіліп тұрған мұны шырамытқандай бір жылт жүгіріп өткендей болды. Соңан соң көзін жұмып, кірпігін айқастырған бойы басын

изегендей ишара жасады. Элдене айтқысы келгендей ерінің қыбырлатты.

Серәлінің шыбын жаны шығып кете жаздады. Эл үстіндегі жігіттің денесіне қолын тигізуге де батылы бармай:

— Көкежаным-ай, көкежаным-ай! — деп іші-бауыры езіліп, шыр-пыр күйі қасына тізерлеп отыра кетті. Өз бойына өзі ие бола алмай, безек бугандай селкілдеп, үнсіз егілді келіп.

— Эй, Серәлі, мұның не?

— Оу, батыр-ау, жаны қалғанына шүкір демейсің бе. Тірі көргеніңе қуанбайсың ба, қайта.

— Бұл бері қарағаны ғой. Қатерден қалды, әйтеуір. Ажалы жоқ екен. Соған құдай-құдай де. Қой, жылағаның не? Біраз күнгі бейнеті, азабы бар енді. Жанының амандығын айт. Жас адам ғой жазылып кетеді. Бір күнгідей болмайды әлі.

— Қайтсін, бауыр шіркін оңай ма? Мынандай күйде жатқаңын көрген соң шыдай алмаған да.

Үй иелері, мұны ертіп келген таныстары осылай қауар-қуар тіл қатысып, бірі басу айтып, бірі аяушылық танытып, Серәліні қолтығынан демесіп, сабырға шақырысты.

Інісінің денесінде сау тамтық жоқ. Жаралары ауыр. Бас бірнеше жерден жарылған. Қол сынған. Ауыздағы отыз тісті түгел қағып алған. Қан жара болып қатқан, ісік шалған, жаңа тұған сәбидікіндегі тұп-тұқыл қызыл иекке жүрегі дауалап қарай алмай-ақ, қойды Серәлі. Денедегі жарасының ең қатерлісі, жанына айырықша зәбір келтіріп жатқаңы жон арқадан шапқан балтаның ізі екен. Ауызы бітпеген. Қанды сары су ағып тайынлатын емес.

— Сол жара ушығып, қағынып кетпесе болды. Басқа кемдігі орнына келеді. Жазылып адам қатарына қосылады, — дейді орыс дәрігері бұған. Серәлі онымен алғаш көргеннен кейін-ақ, іш тартып, жақын болып алған. Інісінің жанына жалау бір ғана сол сияқтанып, оған күні түсіп тұрған кісідегі құрак, ұшады. Мұның осы ниетін аңғаратын шығар, әрі жаралы қызыл жауынгердің жақыны болған соң өз адамы санайтын шығар, оның да бұған ықылас ниеті дұрыс. Жылы

амандасады. Эр түн сайын келгенде үшеуі оңаша отырып бірер сағат шүйіркелеседі.

Өзі басын әрең көтеріп отырып інісі орыс дәрігерінен хабар тартады. Әлденендей әңгімеге елеңдеп қуаныш білдіреді, енді бірін естігеніне көңілсізденіп қабаржиды. Серәлінің байқағаны осы әңгімелерінің қай-қайсысында да інісі Мәскеу мен Петербордың хабарын көбірек сұрастыратын тәрізді.

“Өзі әл үстінде жатып оны қайтеді екен. Ит арқасы қияндағы бір қалалардың жағдайының керегі не екен, сонша мазасызданып”, — деп ойлайды бұл.

Кейде ол ойын жасырмай айтады да.

— Ол қалаларда жағдай дұрыс болса, шаруа оңға басады. Өкіметтің тірегі сол жерлерде,— дейді ол бұған түсінідіріп.

Созакта өкімет күлаған соң, Серәліге дүниенің бәрі солай тәрізді сезілген. Бұл өкіметтің біттіге санаған.

— Түркістанды да бұлікшілер басып алыпты. Созағың мынау. Енді ақыры неге соғады. Осымен тынғаны ма бұлардың,— деп сұрайды.

— Жоқ, бұл өткінші нәрсе. Революция жеңілмейді. Түркістан, Созағың не? Бұл иненің жасуындағы-ақ, жер. Бүкіл Ресей қазір большевиктердің қолында. Күні ертең-ақ, мұнда қызыл әскерлер келіп жетеді. Мына бас бұзарларды тас-талқан етеді. Өкімет қайта орнайды.

— Қашан келеді олар?— дейді бұл сенер сенбесін білмей.

— Келеді, кешікпейді. Бұл жерлерді азғантай бұлікшілерге беріп қоймайды. Бірақ босқа қантөгіс болды.

Жұртты бекерге арандатты, ақымақтар. Өкіметке қаншама зиян келтірді,— деп қүйіне қынжылады інісі бұлікшілерге нәлеті айтып.

Серәлінің інісін ауылына алып кетпек ниетін дәрігер де құптаған.

— Ой, бұған аяғынан тік тұрып, жұрт қатарына қосылу үшін әлі көп күтім, демалыс керек. Ондай жағдай бұл қүнде тек ауылдарынан ғана табылады. Елге апарамын дегенің өте дұрыс. Бірақ тап қазір алып жүргуте жарамайды. Асықла. Біраз емдеп, күтіп қарайық, Аздал ес жисын, денедегі ісірі қайтысын, арқасындағы жараның ауызы қара қотырлансын, жолда жүрісті көтере алмай

қайтып ашылып кетіп қан ақса қыын болады,— деген ақыл берді.

Бұл да ол ақылды жөн көрген. Құлақ аспауға мүмкін де емес. Ауру әлі түйір тамаққа жарамайды. Ауызда бір тіс жоқ. Қөнтииң кеткен ісік өзір қайтар емес, еріндері әрең икемге келеді. Соңан соң Серәлі бас жағында отырып, жылы сүтке жылқының қазысын езіп араластырып мезгіл-мезгіл қасықпен ұрттатады. Әрі тамақ, әрі әл болсын дейді. Дегенімен осы күтім, дәрігердің шипасы жаққан тәрізді. Науқас көрер көзге оңалып келе жатты. Енді алып жүргүре жарайды-ау деген соң Серәлі кешігіп жата беруге тағаты жетпей, тәуекелге бел байлап, түйесінің үстіне ауылдан ала келген текеметтерін қабат-қабат жаймалап, тәсеп, қом тартып, қоршаша жасап, науқас кең әрі жайлыш жататында орын ыңғайлап, соған ішікпен, жабағымен, көрпемен орап, қымтап орналастырып, таң елең-алаңнан жолға шықты. Таныс соққап, үйреншікті жер. Жол бойы таныс ел. "Жаман үйдің құдайы" бар дегендей, қыстың күні де бұларға болысқандай май тоңғысыз қабақ, танытып, жаурамай, қиналмай, аман-есен ауылдарына жетті.

Бұлар ауылдарына келіп мәре-сәре болып жатқанда арттарынан: "Созаққа қызыл әскер еніпті. Бұлікшілерді түп түгел тұтқынға алып, жойып жіберіпті. Совет өкіметін қайта орнатыпты",— деген хабар да жеткен еді.

Бабыр сол қыс, көктем үйде болып, жазға қарай Ташкентке қайта жүрмекке қамдаңды. Бұл кезде денедегі жара, сынық, бәрі жазылған, ауыздағы тістен бөтен кемдігі жоқ, еді.

— Созақта "Жартытебе" деген жерге үлкен қызыл отряд келіп өкімет орнап жатқан көрінеді. Соңда үлкен жиын өтпек. Мені жеткізіп сал, — деді бірде Серәліге.

Шудағы ел бетпақ асып, арқаға жайлауға шыққан кез. Екі ара елсіз-күнсіз қыруар күндік жол. Соны кесіп өтетін болған соң ас-ауқат, су-суанды молырақ қамтып, қос ат бір түйемен жолға шықты. Жолай даға бірнеше түнеп мәрелеп келе жатқан "Жартытебеге" сәске түстің кезінде іліккен. Қарататудың бауырындағы кең жазықта үлкен шеру, салтанат бар тәрізді. Желмен желбіреген қызыл жалау, жазу жазылған қызыл маталар оттай

шалқып көз тартады. Мандайларында, кеуделерінде, жен, иықтарында шоқтай-шоқтай қызыл белгілері бар әскерлер, адамдар құж-құж қайнайды. Қатар-қатар киіз үйлер, кенеп шатырлар тігіліп тасталған. Тен-тең жүк, қару-жарақ тиелген арбалар сіресіп тұр. Айбыны асқан, келбеті келіскең тосын таңсық, көріністі нөпір топқа Серәлі әрі қызыға, әрі тосырқай қараған. Олардың болмысынан тау суындағы тасқынды екпін аңғарылғандай еді.

“Е, қызыл әскер дегенің осындағы екен ғой. Пай-пай сесін-ай. Мынаған да жан қарсы келе ме екен”, — деп таңырқаған.

Олардың қарасына кірген соң інісі:

— Сен осы жерде аттан түсіп тұра тұр. Мен басшыларына жолығып қайтайын, — деп қалың әнпірдің ішіне сіңіп көрінбей кетті. Соңан аз өткен соң әскер киімін киген жастау қазақ жігіті қасына келіп, сәлемдесіп, маған еріп жүрініз деген ишара танытты. Бастап келіп қатар тігілген киіз үйлердің бос тұрған біріне тоқташып:

— Осында кіріп жайласып демала беріңіз. Көліктериңізді біз жайғаймыз. Аландамай-ақ, қойыңыз. Сәлден соң ас-ауқат әкеледі, — деп мәлімдеді. Осыған қызыметшілікке тағайындалғандай-ақ, құрақ ұшып тұрған қызыл әскерге не дерін білмей аңтарыла қараған. Ол мұны бір нәрсе сұрағысы келіп тұр деп ойлаған болу керек:

— Не айтпақ едіңіз? — деді.

Бұл жөппелдемеде не дерге білмей сасып қалып:

— Жаңа менімен бірге келген жігіт қайда кетті екен? Маған еш нәрсе деген жоқ, па? — дей салған.

— Мені жіберген сол кісі. “Дұрыстап орналастыр. Жатып демала берсін. Өзім кейінірек хабарласам” деді. Басқа еш нәрсе айтқан жоқ,

— Жарайды онда. Алла разы болсын сізге, — деп рахметін айтып үйге кірді. Шапанын шешіп керегенің басына іліп, тәрдің алдындағы жастыққа жантая қисайды.

Өзі кірген алты қанат ақ, үйдің сүйегі келісті екен. Ағашын тауып басқаны, шебердің қолынан шыққаны көзі қарақты кісіге аңғарылып-ақ тұр. Үйдің қайдан алынып келгенін кім білсін, бірақ, ішкі әбзелі, бау-шуына қарағанда күзірлі біреудің мұлкі екені байқалады. Үйдің

ішкі бояу, өрнегінен қаратаулықтардың макамын танып, қызықтай зер салып жатқанда бір жігіт тегешпен қымыз алып кірді. Бал татыған, салқын қымызбен шөл басып болған соң жалғыз өзіне үйме табақ ет тартылды.

"Мыналар өзі мені төредей күтті-ау. Бұлардың арасын-да Бабырдың абыройы болғаны-ау. Әлде бастығы таныс біреуі болып шықты ма екен", — деп ойлап қойды. Сөйтіп жатып мызғып кетіпті. Біреудің:

— Серәлі, Серәлі,— деген таныс даусынан, жайлап түрткенінен оянды.

Інісі екен:

— Үйқы қанды ма? — деп күлімсіреп түр. Ажары жақсы, өзі көнілді тәрізді.

Серәлі тұрып, далаға шығып қайтты.

— Күн бесінен ауып барады ғой. Үйқыны соққан екенмін,— деді.

— Мана бір әзірде келіп кеткемін. Үйықтап жатыр екенсің соナン соң оятпадым.

— Сен өзі қайда болдың?!

— Мен штабында басшыларымен біргемін. Қазір тағы сонда кетемін. Саған келгенім: бүгін осында түнеп жақсылап тынығып ал. Ертең ертелең жолға шық. Ауылға қайта бер. Мені мұнан ары қарай бұлардың өзі апарып салады. Енді уайым жоқ. Маған алаң болмаңдар. Хабарды өзім біліп тұрармын. Елге сәлем айт,— деді.

Ертесіне бұл таң алажеуімнен жолға қамданып, көліктерін жинастырып, атын ерттеп жатқанда інісі қоштасуға келді. Қасында мылтық ұстаған бір жігіті бар.

— Ал енді хош-сау бол. Жуық арада жолығысудың сәті түсе ме, түспей ме. Қайда жүрсек аман жүрейік. Хабардар болып тұрармын,— деп келіп мұны құшақтап бауырына қысты. Серәлінің қарадан-қарап жүйе-жүйесі босап, көнілі бұзылғаны. Бір түрлі боркеміктеніп, көзінің жасын тоқтата алмады.

— Тәңірім амандықлен көрісуге жазсын,— деп інісінің иығына басын сүйеп, ажырауға қимағандай, айқасқан құшағын жазбай, бір қауым уақыт тұрып қалды.

Қоштасып болып атының үстіне шыққанда інісі жаңағы жанындағы жігіттің қолындағы мылтықты алып бұған ұсынды.

— Ой, мұның не, кімдікі? — деді күтпеген нәрсесіне.

— Жаралы большевикке көрсеткен қызыметің, жолдастығың үшін саған сыйлық,— деді ол әзілдей күліп. Сонан соң:— Жалғыз қайтып барасың. Жолың ұзак. Екі ара елсіз қу дала. Тұрлі адамдар кезігүі мүмкін. Ұрықары бар дегендей. Мылтық жалғыз кісіге сес, қару болады. Ал,— деп келіп өзі тақымына басып берді.

Қоштасарда егіліп болмай қойған қу көңілі бір нәрсені сезген-ақ екен. Тағдыр Бабырды қайтып көруді бұларға жазбалты.

Сол кеткеннен кейін ұзын құлақтан: "Ташкентке барыпты. Үлкен қызыметке кіріпті", — деген; енді бірде "Қырғызстанда бір ауданды басқарады екен, Өзбекстанда бір облыста бастық, екен" деген-деген тәрізді хабарын ғана естіп жататын. Осыдан арада үш-төрт жыл өткенде төңіректегі біраз сыйлас кісілер жиналып келіп Бабырдың қаралы хабарын айтсын. Бұл да ұзын құлақтан жеткен хабар. Бірақ жаманат бекер шықпайды. Мұның тегін сөз емес екеніне естігендे-ақ шубәланбады. Ал қалай, қайтып жазым болғанының анық-қанығын еш қайсысы білмейді. Тек "қайтыс болыпты" деген хабары ғана жеткен.

Бұлардың елінің жайлау қонысы — Сарыарқаның бетпақтың пүшпағына таяу бір қыыс-қыры болатын. Иісі бұл төңіректе не қала, не темір жол бойы деген кезікпейтін. Сонан соң, әрине почта, телеграф дегендерді көрмек түгілі естіген де емес. Хат-хабар дегенді білмейтін. Үлкен дүниеден мұлдем бөлініп қалған тәрізді оқшау тұрмысты, нағыз тағы жұрт еді. Оның үстінен бұл хабар шығып отырған Ташкент төңірегімен Сарыарқаның мына қырының арасында қатынас мұлдем жоқтың қасы. Біреу-міреу арқылы сұрап біле қоятында жағдайдың қисыны жоқ. Қара жамылып азынап отырған ауылға тірліктің мына иінсіздігі "жығылғаның үстіне жұдырық" тәрізді қосымша қайғы еді.

Серәлі сол "Жартытөбеле" апарып салған сапардан кейін, жұмыс бабынан мойын бұра алмаған болу керек, Бабыр ел жаққа ат ізін салмаған. Жердің осы шалғайлығынан бұлардан да ешкім барып, қатынаса алған жоқ. Сырт естулерінде осыдан бірер жыл бұрын

Бабырдың үйленгенінен, кішкене бір нәрестелі болғанынан хабардар тұғын. Бірақ өзірге барып, от басын көрген ешқайсысы жоқтын. Төбеден жай түсіргендей мына тосын жағдай енді есептегендегі тастады. Не істерге білмей аңтарылсын. Бәрінің естияры, бас иесі болған жауапкершілігін сезгеннен бе, жоқ, әлде дейі қатты, қайсар, табиғатындағы мықтылығынан ба ең алдымен есін жиып, алдағы шаруа жайын ойластырған ағалары — Бекті болды.

— Тағдырдың бізге салған бір тауқыметі, сергелдені шығар бұл. Не шара. Тәнірдің өзінікі өзіне жөн. Өлгеннің артынан өлмек жоқ. Тірі тіршілігін жасау керек. Басты тауға үр, мейлің, тасқа үр Бабыр енді бізге жоқ. Өкініштің уын ішкізіп кете барды, жарығым. Жарық етіп сөнген жұлдыздай ағып өте шықты. Өмірі соншалықты қысқа болар ма еді, сабаздың. Соншалықты сүйкімді, тәтті болармысың бауырға. Ықылас ниетіміз неге сонша құлады екен пақырға. Өзі де болмайтындағы бала еді-ау басынан жанып туған. Тіл-көздің отына өртеніп кетті ме, қайтті. Не де болса өтті-кетті, — деді өзін де, бұларды да әрі жұбатып, әрі қайғырғандай, әрі қүйіне, әрі тағдырдың жазғанына мойынсұна.

Хабар жеткен күннен алта өткенге дейін көңіл айтып ағылып келіп жатқан жұрттың өуенін бағып, қарайлап үйде болды да, сонан кейін жолға жиналды:

— Барып не жағдай, хабарын біліп қайтамын. Артында қалған қатын-баласы не күйде екен. Ілессе елге алып келе-мін, — деді.

— Біреуімізді серік етсейші. Жалғыз өзініз қалай кетпексіз, — деген Серәлі.

— Мені жау алар дейсің бе? Өлсем жаным Бабырдан артық емес шығар. Қайдан бәріміз шұбатылып жүреміз.

Түркістанға дейін барып, көлігімді соңда қалдырып, аргы жағына от арбаға мінемін. Жол қаржы да тапшы. Оның үстіне баласы мен әйелін ала қайтсам қаражат керек шығар.

Ағасының әлгі айтқанына тосылып, бұл қайта сөз қайтарған жоқ. Тәуекел деп аттандарып салды.

— Жаным тірі болса кешікпей оралармын, — деген ол сол айтқан уағында шаң берген. Бірақ жалғыз өзі келді.

Іштей жеген, орны толмас күйік-қайғының азабы шығар, алыс жол, ауыр сапардың азабы шығар көнін сүйретіп, құр сұлдері келді. "Денсаулығы жоқ па, бір жері ауыра ма" екен деп құдіктенген мұның:

— Науқастаның қалғаннан саусыз ба? — деген сұрағына қүйрет күрсіне отырып:

— Ауруы қайсы бұл тірліктің, сауы қайсы, кім айырыпты оны. Не деуге болады, — деп күйзеле қабаржып, мән-жайды баяндаған.

Өкіметке қарсы әрекетін тоқтатпай қашып-пышып жүрген бандылар топ-топ болып, Қызылқұмның елсіз қойнау-қойнауларын панарап ұстаптапай қойған. Олардың соңына ілесіп, сезіне алданып "өкіметке бағынбаймыз" деп адаса көшкен қыруар жұрт, тұтас ауылдар қарадан-қарап босқынға айналған. Сол бандыларды жойып, босқа үркіп жүрген әлгі ауылдарды қайтарып әкеп, отырықшыландыру үшін өкімет арнайы ұлken отряд шығарған. Сол отрядты басқаруды Бабырға тапсырған. Осы сапарда күм ішінде жүріп кенеттен ауырып, қайтыс болған. Қалай неден ауырғаны белгісіз. Әсілі сұық әрекет араласқан тәрізді. Бірақ ұшығын ұстаптқан қылмыс жоқ, Дәлел жоқ. Сонан соң ешкімді жазықты ете алмаған. Өзіменен қызыметтес болған тәуір-тәуір азаматтардың да қабырғасы қайысып, күйзеле айтатын көрінеді. Төңірегіне айырықша қадірлі, сыйлы екен. "Нағыз большевик, нағыз қайраткер еді. Өкімет те өзін жоғары бағалайтын. Елден Ташкентке келісімен Совнаркомның арнайы қаулысымен орыны жоқ, отыз тісін түгелімен мемлекет қаржысы арқылы алтыннан салдырып берген еді. Бұл оның еңбегіне деген зор құрметтің белгісі. Өзі де жаңып тұрған жігіт еді. Аса керек адам еді", — деп еске алатын көрінеді жолдастары.

Жасқа әлі тола қоймаған ұлы бар екен. Әйелі "он екі де бір гүлі ғана ашылған" өрімдей жас адам көрінеді. Ұлты татар. Тұған-туыстары Уфа жақта тұрады-мыс. Мұнан біраз бұрын үйіне ел жағынан әпкесі келген екен, сол қайтып алып кетемін деп, буынып-түйініп жиналып отырғанның үстінен шығады.

— Шырағым уақыттың үкімі шығар, екеуміздің бұлай кезігіп, жүздесіп отырғанымыз. Әр кезеңің өз сүреңі болады деуші еді. "Балапан басымен, тұрымтай тұсымен"

заман болып кетті. Хабар — қалыс, жер — шалғай. От басы, босағаларыңды енді ғана көріп отырмын және мынаңдай жағдайда кезіктік. Мені жатырқап бөтенсіме. Мен Бабырдың бірге туған ағасымын. Менен де басқа бірге туған аға-інілері, жанашыр ағайындары, ел-жұрты бар, құдайға шүкір. Солардың ешқайсысы сені шетке қақпайды, өгейсіме, — деген сөзіне келіні іш тартып жақындық сездірген.

— Білемін, туыстарын, ауылын Бабыр көп айтатын. Сізді "Жәкем", "Жәкем" деп аузынан тастамайтын,— деп өздерінен хабардар екенін аңғартқан.

Келіннің қабарының жылы екенінен үміттеніп, ойын іркілмей білдірген:

— Шырағым, мына кішкентай жұрагат тұрғанда сен енді біздің жұрттың кісісісің. Бізге тән адамсың. Мына нәресте аман-есен ержетіп, азамат болса ертең ел-жұрт, туған-туысын сұрайды әлі. Оны үйірінен бөлме. Екеуінді елге алып кетпекке келдім, маған ілес, — деген.

Мұның сөзіне қарайлап, келіні алғаш өпкесіне ілесіп кетпек райынан қайтып, бері қарай илігіп, солқылдай бастаған тәріз аңғартқандай. Бекті де шаруасы орайласындаид мадданып қалған.

Әпкесі бірақ тулап шыға келіпті. Әрі мұның айтқан үгіт, уәдесінен гөрі оның уәжі келіннің көңіліне қонатындаид да еді.

— Айтуына қарағанда бұл кісілердің қонысы тым қыыр шетте. Маңайларында не қала, не түрғылықты ел жоқ, Өте алыс жер. Үйренбекен орта. Өздері қысы-жазы көшіп-қонып жүреді екен. Ол жақта қалай күнелтесің. Біз қалай қатынасып, хабарласамыз. Әуре болма. Менімен бірге Уфаға қайтасың, — деп отырып алған.

— Ел-жұрттыңың ортасында боласың. Біз көргенді көресің. Жанымыз тірі болса арқалап жүрсек те сендердің табандарыңа тас батырғызбаспзы,— деп жақауратып, жалбарынғанымен келіні суырылып шыға алмады. Әпкесінің мысы баса берді. Қанша дегенмен әйел адамдардың әңгімесі жақын рой, оның үстіне туған бауыры, жатып та, тұрып та құлағына құя бергені әсер еткен шығар, жеме-жемде сінлісі оның сөзінен шыға алмайтын ыңғай танытты. Бұл енді не лаж жасасын. Күштеп ертіп кете алмайды. Олай тыптырады, бұлай

тыптырлады. Еш ретін таба алмай тығырықда тірелді. Енді қайтып өзінің көрер-көрмесі белгісіз, азамат санатына қосылып жұмыр жердің үстінде тірі журсе кім болып, қалай болып жүрері; қай үрпақ, қай атабабаның нәсілі болып жүрері белгісіз ана кішкентай пендені — өз тұқымының бір тал шыбығын көзі қызып қалдырып кетуге дәті шыдамай қанжылады. Қайта-қайта бауырына басып иіскегеннен басқа, иіскеген сайын бауыр еті езіле егілгеннен басқа шарасы болмай, өлі мен тірінің арасында сұлесоқтанып, бармақты шайнай-шайнай маңдайды тағдырдың тас қабыргасына ұрғылай-ұрғылай, айырылысып кете барды.

Сонан сенделіп, жол бойы сары уайымның сыйызысын тарта-тарта, күйіктен күйіп өртеніп кетуге шақ қалған.

Жүрек сыздатқан мына әңгімені жан дүниесі қүйзелістен қылбұрау салғандай қыстығып шыдатпай, қиналып, өрен тыңдал отырса да Серәлі басу айтуда жарады:

— Ойбай-ау, құдай салса пенде неге көнбейді. Ақылыңыз бар еді рой. Мұныңыз не? Өзінізді-өзініз өлтіресіз бе, естіп? Азаптанып іштей желіне бергеннен бір нәрсе өне ме, енді. Не шығады онан. Сонымен дүние орнына келетін болса — Бабырдың жолына құрбандаққа мен-ақ шалынар едім. Ондай атты күн қайдада?! Алланың ісіне араша түсे алар ешкім жоқ. Болары болды. Не істейміз?! Басыңызды көтеріңіз енді! Мұны қойыңыз. Бәріміз сізге қарап отырмыз. Бізді де қажытпаңыз бүйтіп.

— Ей, Серәлі батыр-ай, маған Бабырдың өлгенінен де артында қалған түқ — ана бір шаранадан тірідей айырылғаным, көзін жәудіретіп қызып, қалдырып кеткенім батады-ау. Жанымды жегідей жейді-ау,— деп ағасы еңгезердей денесіне ие бола алмай селкілдей егілген еді сонда.

Мұның да ку жаны мұрнының үшіна келген.

— Қайтейік, қайтейік! Не ылаж, не ылаж, — дей берген...

Осыдан кейін ағасы тәсек тартып сарғайып ұзақ жатып қалды. Жуық арада аяғынан тұрып қатарға қосыла алмады. Мұнан бес-алты жыл бұрын бір төтенше

бейнетке кезігіп, көп азап шеккені бар еді. Денсаулығына сол уақыға ақау салып кеткен.

Сарыарқаның сауырын қанға бояп өткен Колчактың дүрбелені шет жағалап бұл ауылды да шарпыған. "Ақ, пен қызылдар соғысысып жатыр дейді. Қызылдар жеңіп, ақтарды қуып келеді екен. Ақтардың бастығы Колчак деген көп әскерімен шегініп, осы Сарыарқаны басып өтіп, Сібірге қарай ығысып барады екен..." деген әңгімелерді бұл теңіректегі жұрт әуелде өздеріне қатыссыз, әлемнің бір шетінде болып жатқан оқиғадай құлақтың ұшымен тыңдайтын. Бірте-бірте әр түрлі жаманат хабардың шеті жақыннан естіле бастады. "Колчактың солдаттары бәлен ауылды шауыпты. Эйелдерін масқаралап, еркектерін атып кетіпти". "Жылқы көрінсе айдал кетеді екен". "Жолында кезіккен ауылдарда ат тауып беріндер деп қырылық салады екен". ...осындай сұық, сөздер бұлардың да денесін туршіктіре бастаған. Өстіп елеңдесіп жүргенде бірде "Колчактың солдаттары ауыл-ауылды аралауга шығыпты. Ат-көлік жинайтын көрінеді. Жылы киім, тамақ жинайтын көрінеді", — деген хабар дүңк ете тұсті. Оны естіген соң қатар отырған аталас біраз ауылдың бас ие үлкендері, осы төңіректің жұрты аузына қараған, жақсы ат, жаманатын бірдей бөлісіп, қай шаруаның да иінін ақылдасып отыратын Бекболыс отағасыға келген. Отағасы:

— Жұттан селдіреп қалған азын-аулақ жылқысын Колчактың алдына салып бергенде бұл жұрт қайтып қүнелтпек. Малды көз таса ете тұру керек, — деді.

— Қайда жасырамыз?!

— Ерінбендер, жау кеткен соң түгенденеп, қайырып алармыз, сексеуілдің қалыңына, елсіз қыырға айдал тастандар. Іздесе таба алмайтындағы етіндер.

— Сезіп қалып, ерекесіп, елге зәбір жасап журмес пе екен, — деген қауіп білдірушілерге де отағасы жауабын өзі берді:

— Тәуекел. Жылқыны тауып алмаса болды. Көріп тұрып бермей отырған малымыз жоқ. Бізге не істей қояр дейсің. Әрі бұлардың өзі сайда саны, құмда ізі жоқ, еш жерге тұрақтап, табан тірей алмай сырғақтап жүрген босқын әскер тәрізді ғой. Көп аялдамас, өтіп

кетер. Бұларға ат-көлік дайындалап, қол үшін бергендерді ана өкшелей күшп келе жатқан қызылдар да макұл көре қоймас. Заманның ау-жайын бағу керек, азаматтар.

Әңгімені осыған пісәндалап, қанаттас біраз ауыл жылқыны қыр асырып тастап, шақырусыз, қонақтарын күтіп отырды. Айтқандай олар да көп кешікпеді. Арапарында тілмашы бар, бір топ сарала өскер сау ете түсті.

— Жылқы жок, жұтап қалған,— дегенге сенбеді.

— Жасырып отырсындар, тауып өкеліндер,— деп қасарып кетпей қойды.

Әлденені сезген сияқты. “Адам аласы ішінде”. Көптің қайсысының аузына қақпақ қоя аласын. Біреу-міреу сыйырлаған ба, кім біледі. Отрядты бастап келген, оқ жыландағы қақшиған көк сүр офицер зәрін бетіне жиып:

— Осьдан жылқы тыққан босандар, іздел таппай қоймаймын. Тапсам шеттеріңнен атамын,— деп қалышылады.

Сондарына екі-үш солдаттан салып беріп, төңірекке аяқ жетеді-ау деген жерге, жан-жаққа жылқы іздетіп шолғыншы шаптырды. Малды мұлде елсізге айдал тастағандары абырай болыпты. Қарасын көрген ешкім жок, Іздеушілер сабылып-сабылып бос қайтты. Бәрі-бір табылмайтынына көзі жеткен соң ашуға буынған ызалы офицер қарамағындағы адамдарына бүйрүқ, етті:

— Бұл елге басшылық жасайтын, иелік ететін, сыйлы деген кісілерінен үш адамды тұтқындал алып жүріндер, штабқа апарамыз. Қандай жаза қолданылады — үкімі сонда барған соң шығарылады.

Мұздай құрсанған қарулы өскерге қарсы тұrap қауқар қайда, “ұсынған мойынды қылыш кеспес” деген далбасамен мөнтеңдеп алдарына түскеннен басқа шара қалмады.

Отряд Бекболыс отағасыға қосып ел ісіне араласып жүрген, сезін жүрт тыңдайтын, ағайынға қадыры бар Орақбай атты жігітті және Бектіні тұтқындал алып жүрді.

Штабтарына келген соң үшеуін онаша тігілген киіз үйге қамап, сыртынан мықтап күзет қойдырды. Ойда жоқта бұл не зауалға кезіктік деп бұлар аң-таң. Бір-біrine “бізге енді не істер екен?” деген сұрақты қоюға батылдары бармайды. Әйтеуір істің жақсылықлен тынбайтынын сезеді қай-қайсысы да. Үзілмеген жаннан

үміт көп. "Әйтеуір тірі қалдырса екен" деген көкейдің түбінде жасырулы тілек жоқ емес.

Сұңғыла зерек Бекболыс отағасы жанындағы екеуінің көңіліндегі осы кепті жазбай таныған қалпы бар:

— Бұл бізді тұтқындастып айдатып келген мырза осындағы өзінен дәрежесі биік ұлығының алдынан өтеді. Бізге шығарылатын үкім енді соның ыңғайымен болады,— дейді.

Сонан соң аз-кем ойланып отырып бір жағы бұларды тыныштанғырғандай, бір жағы жағдайды шын таразылағандай сабырмен айтады:

— Кеше сол ауылда атып тастамаған соң енді мұнда әкеп өлтіре қоймас. Тәуекел деңдер. Не де болса басқа түскенді көтеруге дайын болындар. "Жылқы жасырған жоқпыз" дегеннен таймандар. Енді мойындағаннан күнәмyz жеңілдемейді. Күйді ауырлатып аламыз қайта,— дейді.

Ертеңіне сәске түсте үшеуін үйден алып шығып, алқа топтың ортасына әкелді. Жүресінен отырғызып қойып кешегі офицер:

— Ал, жылқыны қайда жасырдындар, айтындар. Шындарынды айтқандарынды жазадан босатамын,— деді.

Бұлар сол бұрынғы жауабынан қайтпады:

— Жылқы жасырған жоқпыз, тақсыр.

Офицер топ ішінен үш солдатты қасына шакырды.

— Мыналарды тырдай жалаңаш шешіндіріп, етпетінен қатар жатқызындар. Эрқайсысына жүз-жүзден дүре соғындар. Егер жазаға шыдамай жылқыны қайда жасырғанын айтамын дегендері болса, дүрені тоқтатып орнынан тұрғызындар. Әйтпесе өліп кетсе де қарамандар, аямандар. Бұйрықты орындандар.

Солдаттар келіп үшеуін көкпарға берілген серкедей домалатып, жұлмалай бастағанда Бекті өз жайын үмытып Бекболыс отағасы жаққа қинала қараған. Елінің абыройында айтуды жанында жасы алпыстан өтіп, жер ортасынан асқан шағында мынандай азапқа, мазаққа кез болғанына жаны ауыра қынжылған. Әлі күнге өзі жүзіне тұра қарап көрмеген, пайғамбардай сыйлайтын ардақты кісісін жұрт алдында аппақ тәнін жарқыратып, жетесіз біреудей жалаңаштап жатқанда бетінен оты

шыға, үяттан өртеніп, қарауға дәті бармай көзін жұмып алды. Сол сәтте аудан аңы, сұық ысыл естіліп, жон арқасын әлде не жұлып алғандай қарып түсті. Тістене сілейіп, мұның не екенін енді зерделей бергенде жаңағы ысыл тағы да тіліп өтті. Арқасы от тигендей дұылдап бара жатты. Ысыл үсті-үстіне үдей берді. Бекті енді басқа дүниені мұлдем ұмытып, ауырсына ыңырсып жіберді. Сол сәт құлағының тубінен бір лебіз естілгендей болған. Көзін ашса ауыр соққыға шыдай алмай жанындағы жігіт те ыңырсыған екен. Оның ағры жағында жатқан Бекболыс отағасы екеуінің осы қиналғанына көңіл аударып, байлауда тұрып құлынын қасқырдан арашалай алмай шырқыраған арғымактай күйзеле құңіреніп:

— Шыдаңдар, шырақтарым. Шыдаңдар! Тағдырдың жазуы шығар. Шыдаңдар,— дейді. Үні құлағына майдай жағып, алақанымен маңдайынан сыйпағандай сезініп, бір түрлі сүйеу көріп, ол кісі жаққа, мына апас-қапастың арасында, бір сәтке назар салған. Тіксініп көзін қайта жұма қойды. Етшең, жалпақ арқасы жоса-жоса қан екен. Қайтып көзін ашуға Бектінің шамасы келмеді. Сәлден соң есінен танып кетіп еді. Мұның жағдайымен жұмысы шамалы жендеттер дүресін жүзге жеткенше тоқтатқан жоқ. Ақыры сол есінен танып жатқан күйінде баяғы киіз үйге сүйреп әкеп тастаған. Соңан соң ғана қасына туыс-тумаларының баруына, ауылдарына алып кетуіне рұқсат етілген. Бекті соңан кешке қарай ғана өзіне-өзі келіп, кезін ашқанда қара көлеңке үйде бас жағында отырған Серәліні көрді. Тап бұл күйінде көлікке мінгізіп ауылға алып жүргуге жарамайтын болған соң, бірер күн осы үйде бағып жатып, соңан кейін ғана ауылға алып қайтқан. Бірақ Бекті көпке дейін тузеле алмады. Төсек тартып жатты. Және өзіне осыдан бір айықлас кесел жабысқанын сезген. Кейде шаршаса, қатты ренжісе, әлде қандай ауыр нәрсе көтерсе, ішінен қан өтіп жатып қалатын әдет тапты. Енді мына күйіктің қапасы осы ескі ауруын да қозғаған тәрізді. Сол жатқаннан әрең бері қарады.

Бұл кезде бұл төңіректе де аудан құрылып, өкімет орнап, жұрт ғасырлар бойы қалыптасқан баяу ырғакты, бүйірі, марғау тірлігінен күрт басқа ағысқа бұрылып,

екпіні қатты тосын ағысқа бой үйрете алмай талайының бір батып, бір шығып малтығып, абыр-сабыр сабылыста жүргендей кейпі барды. Күнде жаңалық, күнде бір әнгіме, қым-қиғаш оқиғаларға елеңдесіп, гу-гу дүркіреп жүрген ел. Көптің ішінде. не кездеспейді, бірі жақсы айтады, бірі жаман айтады. Қайсысына құлақ асып, қайсысынан бой тарту керегіне де бәрінің бірдей тап басып тани білуге зерделері жете бермейді. Қате басып, қапы соғу, адасуға пенде осы білместіктен барып шырмалады. Дүние шіркіннің бір қыны — кейде бірдің қатесі талайды қарақтайды. Нелер жақсылығың мен жайсандығың көлденең өткен көк атты жамандықтың бодауында кете барады. “Бірдің залалы— мыңғаны” осындаидан айтқан да. Жалпақ жатқан момын ел жаңа қоғам, жаңа өкіметке жатырқамай, жақсылық, дәмете қарағанымен, бұл өзгеріс, бұл дүбірді түптең тани алмай, тосырқай үркектеген асаудай ерін бауырына ала қашқандар да кездеспей қалмаған. Соларды тәбеле түртіп, іріктең, қағып шығаруға, оңаша айдал салуға танымы, төзімі жетпеген кейбіреулер қалың жүрітты күстәналауға, бәріне құдікпен секеммен қарауға, соның салдарынан барып көрінгеннің қотанына ат ойнатуға, оның аяғын әр түрлі есеп пен бәсекеге айландыруға айылын жимады. Елдің берекесін ер кіргізеді, ез кетіреді ғой, әсте.

Ұлы дүбір, ұлы өзгерістердің жолына қара тас болып жатқысы келген қарау күштер мен бірге кейде жақсылыққа сүйінші ала шыққан адалдықтың ақ періште кебелегіндегі нәзік шындықтар да қалың нөпір дүрмекте екшелінбей, тарихтың алып дірменіне тартыльш кете беретіні табиғаттың бұлжымас қатал бір заңы ма екен, әлде. Ащылы-тұщылы не түрлі, сан-сапалақ оқиғалар осы көшпенде ауылдардың да талайына жазылған тағдыры болып кездескен еді. Алдымен ірі байлардың мал-мұлкін конфискеу дүрмегі жүріп өткен. Мұнан кейін оларды басқа жаққа жер аудару шаралары іске асты. Енді бай-құлақтың тұқымдарын бөлектеу басталды. Бұлардың санатына бай, кедей, орташасына қарамай, жазықты, жазықсызына қарамай әкесі, ата-бабасы бай болған; бір кездерде би-болыс болғандарды жаппай қосақтауға құлшынғандар шықты. Тіпті обал-сауапты керек қылмағандар шықты. Серәлінің жолын тағдыр

Жылымбектермен міне осы кезде түйістірді. "Мықтының тұқымы", "құлақсың" — деген түртпектеу, қағажудың салқынын Серәлі мен оның бауырлары да тітіркене сезініл, тапа-тал түсте өгейсүді, шеттеуді бастан өткеріп жатты. Мал-жанға шақса бұлардың орташаның қатарына қосыла қоюы негайбыл. Аз ғана қүнелтісі бар. Оның бәрі осы жұрттың көз алдында. Ал бай-құлақтың суреніне ілестіріп, бірге қосақтатып тұрған — кешегі атасының дақпырты, ел арасындағы абыройы.

"Ой, бұлар атақты Бектібай бидің тұқымдары гой. Шонжардың үрпағы. Бұлар жаңа өкіметке тілекtes болмайды. Бізге жау бұлар". Азды-көпті ел бас қосқан жиында Жылымбек жүлқынып шығып осылай деп айқайлад тұрғанда айтар уәж, қарсы сөз таба алмай, біреу тап бір маңдайра соққандай аңтарылып, тайсактап, қарадан қарап пұшайман күйге түседі екен кісі.

Кей-кейде шыдамай кетіп:

— Бізден не жаулық, көрдің? Неге бүйтіп қыр соңымыздан қалмайсың? — деген жан шырынына еліріп алған Жылымбек құлақ, аспақ, түгілі екіленіп кетеді.

— Ел билеген мықтының тұқымы екенің өтірік пе еді!?

— Экең Тырнақбай би болмап па еді?! Нағашыларың, қайын-жұртың кәмпескеленіп, жер аударылған жоқ па?! Осы айтқандарымды өтірік деші, кәне, — деп омыраулайды.

Ол омыраулаған сайын бұл төменшікten күмілжиіді. "Өтірік" деп қайырып айта алмайды. Айта алмаған соң кінәлі жандай жүні жығылып, кімге ренжірін, неге ренжірін білмей құсаланып, қапалы қүйге түседі. Енді Жылымбектің көзіне ілігуден тасаланып, ығысады. Өзінің онан неге қашқақтайтынын түсінбей, іштей қорланып, жігері жасып, налиды. Мұның осы қүйін ол байқайды, байқаған сайын айызданып, асқақтап, жемін, тіміскілей төніректеген қара құстай талтаңдалап, иықтай сүйкеніп, нықырта жүреді. Бірте-бірте онан бұл ұрыдай қипақтайды енді. Ананың байғұз тілеу болмысынан, жыланкөз сұғынан қаймығып, үрей ұялаған көңілін күдік пен секем жайлайды. Сөйте-сөйте мынау кең әлем, салқар дала көрер көзге тарыла түскеңдей; мынау жұрт өгейленіп, салқын тартқандай; тәубесін айтып, ел

ортасында тып-тыныш өзімен-өзі жүргуге жағдай қалмай бара жатқандай қыстырып; бұған деген дүниенің жылуы, мейірімі азайғандай үрпіп; өзінен-өзі кісікіктеніп, саяқси бергендей. Жалғаның қорлығы — бәлеқордың зорлығы екен. Ол сезім өтіп түр деп жазықсыз біреуді әйгәпірлеп жатқанда кешегі сәлемі түзу қайсыбір ағайынның араға түспек түгілі табалай кететіні қандай ауыр. Кеше өзің азаматтығын, адамгершілігін мақтан тұтқан қасиетті атаңың есімі бүтін біреудің аузынан шықса ұрының не бір бұзықтың атын естігендей қорқып, шошитының жанына батады екен; кеше оның атын, қадыр-киесін, кіслігін аңыз ғып айтатын талайдың бүтін келіп сені соның үрпағы екенің үшін шықбайтал етіп, көзге түрткен қинайды екен.

Осындағы қиянат пен налаға төзе алмай дейі қатты, мінезді, бір бет Бекті бұл жерден көз көрмес, құлақ естімес алысқа қоныс аудармақ болды. Бәрінің бас ие үлкені ретінде әлгіндей-әлгіндей ауыртпалықтың соның арқасына түсетіні; сұық сөз, сызды жанардың салқыны алдымен соны қаритыны белгілі. Оның жан-дүниесін бұл түсінді. "Қайда барасың, қой" дей алмады. Ал өзі ілесіп кетуге, қалай дегенде де, ел ішін қимады. Бірі жақсы, бірі жаман — бірде жақсы, бірде жаман ағайынды қимады. Сонан соң:

— Мына қаңқу сөз, әңгіме басылғанша бой тасалай тұрамын десең өзің біл. Ал бәріміз бірдей ел ішінен аударыла көшіп, безіп кеткеніміз болмас. Қылмысымыз жоқ, кісі өлтіріп, біреуге қол көтерген жан емеспіз. Елге сүйкіміміз кеткен жеріміз жоқ. Өкіметке қарсы іс-әрекетке араласпасақ, бізде несі бар. Мен осында бола беремін. Тәуекел, көппен көрген — ұлы той, — деді.

Осыдан кейін ағасы жасы кішілеу екі-үш інісін алып, Түркістан үстіне қарай жылыстал кеткен.

Өмірі бір ұядан, бір үйымнан бөлініп, ажырап көрмеген ағайындылар үшін бұл екі жарылу оңайға соқпады. Олар ірге бөлгелі бері жылға таяу уақыт хабарсыз қалған бұлар тықырышып, шыдай алмады. Отау кетергеніне екі-үш жылдың жүзі болған, өзіне тете інісі Сейітжаппарға Серәлі:

— Барып жағдайларын біліп қайт, не қүйде екен? Қолда бар мына үш-төрт түйенің біреуін өзің көлік ет,

бірін біз сауын қылайық, екеуін соларға апарып бер. Біз әйтеуір ел ортасында мыз фой. Көппен көрерміз бүйірганын. Олар бөтен жер, бұрын көрмеген жүрттың ішінде. Жүктегін артып кеткен бір-екі түйеден басқа айдал кеткен малы, қалтасында қаражаты жоқ еді. Не тіршілік, не құнқөріс етіп жүр, — деді.

Әр түрлі мәнәйі себеппен мұның ағасы тәрізденіп елден жырақтал кеткен басқа да біраз үйлер болатын. Солардың кейбіреулерінің туысқандарынан екі-үш жігіт Серәлінің інісімен серіктесіп, әлгі ағайындарына барып қайтуға олар да бел буган. Солардың бірі Қаратаяудың Түркістан асар "Торланның аузызы" атты қойнауында жол тонаиттын бұзакылармен байланысы бар кезбе екен. Анда-санда сахара жүрттынан түрлі қаралет-қаммен солай қарай шыққандарды әлгі бұзакылардың торына түсіріп беріп түрган. Аңқау ел оны аңғармаған. Серәлінің інілері де: осыларға олжалаңған., Өздерін тау ішінде жайғап тастап, киім-кешек, ат-қөліктегін апарып Түркістан-ның базарына салып түрган сөтінде Бекті әлгінің елде қалған, өз үйінің қара атанын саудалап жатқанының үстінен түскен. Өз түйесін де, оны ұстап түрган кісіні де тани кетіп, күтпеген кездесуге аң-таң қүйде:

— Әй, сен қайдан жүрсің? Елден қашан келдің? Мынау біздің қара атан фой. Мұны кім мініп келген? Сен қалай ұстап тұрсың? — деп жабыса кетеді.

— Өзіңіздің кездескеніңіз жақсы болды-ау. Қалай іздел тауып хабарласамын деп уайымдап түр едім. Елден бір топ кісі келгенбіз. Олар осы базардың ішінде жүр. Атанды Серәлі "акыр базаршылап барасындар фой, сатып қаражат қылып әкеп берши" деп өтініп, қосып жіберіп еді. Енді өзіңіз саудасын шығарып, өткізсеніз. Сонан соң келіп пұлын алармын. Мен қазір айналып соғамын. Елдің әңгімесін, ініңің сәлемін сонда айттармын, осы жерде күтіңіз, — деп түйенің бүйдасын мұның қолына ұстата сала, асығыс жылыстай берді. Әлі еш нәрсөні аужайлай алмаған бұл мән-жайды дұрыстап сұрамаққа:

— Әй, тұра түршы. Қайда асығып барасын? — деп соңынан ілескенше ол жып етіп, ығы-жығы көптің ішіне сіңіп, табан астында көзден тасалана берді. Бұл әлде неден секем алып, көңіліне суық ой кіріп, енді бір нәрседен күдіктенген бойы:

— Эй, эй, тоқтай түр,— деп түйені тастай салып, оның кеткен бағытына қарай тура жүргіргенімен адастып, айырылып қалды. Базарды қанша айналғанымен қайтып қарасын көре алмайды. Бір сұмдықтың болғанын сонда барып сезген.

Қайғыдан адам өлмейді екен. Кісінің бетіне жел болып тимейтін қыз мінез, ақ, жарқын, жайдары, мәйектей бауырмал, уыз ажар, қалтқысыз көніл, құлыншақтай сүйкімді інісі Сейітжаппарының сүйегі таудың қай қойнауы, қай тасының түбінде қалғанын да біле алмай, күптілікпен күнді өткізе берген. Сол оқиғадан кейінгі келер жылдың қысы бұл ауылдарға төтенше қырын тиіп, кісі ауызы барып айта алмайтын ауыртпалыққа душар етті. Бұл — әйгілі отыз екінің қысы еді. Енді қалған жүртты аман сақтаудың шұғыл шарасын қарастырган өкімет бұл ауданды тез арада егін егіп, отырықшылық, жасап, кунелтіп кетуге қолайлы қонысқа жайластыру керек деп тауып, көктем шыға Бетпақтың төңірегінен Қарататудың қойнауына қарай көшірді.

"Бұл ала, жер шола" жаратылыс қой, сексеуілдің қалыңын тасалаған кейбір ауылдардың тұсының қысы алғаулау болып, кей үйлердің қолында қалған бірен-саран қара-құралары аман шықты. Соның бірі Серәлінің жалғыз қараша інгені еді. Оның отбасының талғажу етер ішіп-жемі таусылмағанымен "жұт жеті ағайынды" дегендег аштыққа араласқан сүзек, қызылша аурулағынан төңірегін бұлар да тақырлап, әйелі Қалима екеуі ғана қалған. Енді жалғыз-жарым көлігі бары көлігімен, қалғандары жаяу жалпылап Қарататуға қарай шұбырган елге ілесіп, басына тігіп отырган алты қанат ақ үйін жүрттына тастап, туырлық, киіздерін тіліп, алып жүргуте жеңіл, ықщам, екеуі емін-еркін сиятындей қос көтеріп, оның сүйегін қараша інгенге артып, шағын ғана өздеріне жетерлік тесеніш, киім-кешектерін буып, теңдеп: "Ал, Қаратату қайдасың" деп жүріп берген.

Аш-арық қиналып келе жатқан жүрттың алдынан бұл жақтан азық-түлік жөнелттіріп, белгілі революционер Ораз Жандосов тәрізді өкімет адамдарының өзі жол ортадан қарсы алып, жай-күйлерімен танысып, бастап әкеліп жаңа қонысқа жайластарып, мемлекет тараалынан тарғы көмек шығартып, мүмкіндігінше азық-түлік,

қаражат бөлдіртіп, жаңа аудан болып құралуарына, жаңа ел болып қаз-қаз тұрып, қатарға ілесіп кетулеріне қамқорлық жасады.

Қаратрудың етегіне қоныс тепкен жұрт ауыл-ауылымен колхозға үйымдаса бастады.

Ел көшіп келе жатқанда алдарынан үн, бидай, арпа, алып шығып, жан басына шағып кеселеп, тостағандап елшеп үлестіріп отырған кездерде, әйтеүір, өздерінде жансақтауға жарайтын, өлмес талшығы болған соң "маған да үлесімді бер" деп тілемсектеніп еш нәрсе сұрамаған.

Қоржынның бұрышындағы сүрін, қапшығының түбіндегі ұнын тыққыштап, жасырып қойып, шын аштар мен нашарлардың үлесіне қолын созған кейбір аш көздерді көргенде қайта:

— Ой, құдайдан қорықлағандар-ай, көріп тұрып, қалай дәті барып, шын кәріптің талғажуына таласады еken,— деп жағасын ұстап налитын.

Әйелі Қалима кейде:

— Жұрттың бәріне күнде кеселеп, аяқтап үлестіріп жатыр ғой, біз де неге алмаймыз,— деп күнкілдейді.

— Әй, "аштан өлген сәүдегердің қойнынан бір таба наң шығыпты" деген. Тіске басарсыз отырған жоқсың ғой. Көзі қарауытып келе жатқандардың аз ғана нәпақасынан дәметкениң не, тәйірі. Осы қатар келе жатқандардың көбінің күйі бізден төмен ғой, солардың аузынан жырыш жемекпіз бе, тамағымыздан қалай өтеді,— деп басу айтады.

— Жазған-ау, аяққаптағы аз ғана талшығың таусылмайтындағы көретінің не?, Шым-шымдап, тек өзек жалғап жүрген соң ғана шыдап келеді өзір. Оның да түбі тықырлады. Бітіл қалса қайтесің сонаң соң.

— Бұйырған несібесі бар шығар. Тәуекел де. Өкімет енді елді өлтірмеуге қам жасады. Жақсылықтың нышаны бар. Енді ашыққанға тамақ тауып береді, қам жеме, ден сау болсын де, бастың амандығын сұра.

Осылай деп Серәлі көшіп келе жатқандарға үлестірілген азық-тұлікке қол созбаған. "Бірақ сен де осы жұрттың бірісің ғой, үлесінді неге алмайсың" дегенді бұған ешкім айта қоймады. Әйелі де, өзі де жілік майы үзіле қоймаған, дилылау еді. Елмен бірге жаяу жүріп,

жетегіндегі інгенге қайта жол бойы әлсіреп аяғынан тұра алмай қалғандарды кезек-кезек мінгізіп, селбесіп отырды. Сөйтіп сүйеніп жеткен көп ағайынның ортасынан мұнда келген соң тары түртпектеп, көзге шыққан сүйелдей шетке қаққаны-ақ сағын сындырып жерге қаратты.

Екінші тарау

Біресе милиция, біресе жаңдайшап белсенді болып, үйтқыттып, борандатып, нақақ жүргітқа едәуір зығыр еккізген, соナン өзі де жоғарыдағы кейір парасатты азаматтардың көзіне түсіп қалып, өкіметтің жұмысынан шеттептіліп, басылыңқырап жүрген Жылымбек мұнда келген соң жаңа жердегі ауыс-түйіс, сапырылыстың бір тұсынан сына тауып қайта құтырынып шықсын.

— Бай-құлақтың тұқымы колхозға мүше болмайды. Серәліні колхозға кіргізбеу керек,— деп айқайға бассын келіп.— Құлақтар ортамызда отырмасын, бұларды ауылдан бөлек қондыру керек.

Бір-біріне жапақ-жапақ, қараған жүрттган оның сөзін қайырған ешкім көріне қоймады. Қайта бірен-саран кеү-кеуlep қоштаушылар табылды.

— Көпшіліктің шешімі солай. Сен елден бөлек отырасың. Көш, үйінді анда апарып тік,— деп дігірлеген соң Серәлі лажсыздан қосын жығып, ауылдан бірер шақырымдай қашыққа оңаша жылыстап қонды. Көзге шыққан сүйелдей қалың ауылдан бөлініп, жалғыз шошиған мұның қосының кебін тағы да екі-үш үй киді. Оның бірі баяғы мұның ағасы Бекті мен бірге Колчактың дүресіне жығылатын Орақбайдың қосы еді.

— Таяу отырмандар, бір-біріңе қатынаспаңдар, ақылдасып, колхозға жаулық жасауларың мүмкін,— деп бұларды ауылдың әр шетіне бөлек-белек қондырған.

Серәлі ойлай-ойлай еш нәрсенің байыбына жете алмай дағдарды.

Бұлар колхозға, елге не жаулық жасаулары мүмкін. Неге сонша құбыжық, көреді?! Өздеріне жетер күнкөрісі бар еді демесе бұрын да бай дейтін бай болған емес бұлар. Ал қазір осы қалт-құлт еткен көптің бірінен асып

тұрған күйі жоқ, Ағайыннан ажырағысы келмей, ел қарасынан қалмай, ілесіп келгендеріне жазықты ма? Бай десе байларды кәмпескеге жатқызған жоқ па еді. Осы елде де алдымен 'ірі байлар деп, онан кейін орташа байлар деп іріктеп-іріктеп, екі-үш дүркін кәмпеске жүргізіп, жер аударған, малы барлардан онан қалған ешкім жоқ. Енді бұларды неге жатқызады. Кімге қосады? Өзінің — Серәлінің кімге, не жазығы бар, осыншама көзтурткі қылатын?! Банды емес, баспаши емес, мұнан неге қорқады?! Бұл елге не зиян жасайды? Шынында да не зиян жасауы мүмкін?! Елге зиян келтірмек. түгілі біреуінің мұрнынан шертейін деп жүрген Серәлі бар ма еken?! Жоқ, бұл әзәйілдік әрекет. Бұзылған Жылымбектің бұзықтығы, істеп жүрген іріткісі. Қара ниет зұлымдардың қарап журмей жамаңдық шақырып, бәле қараңтаған байғұз пифылының әрекеті. Ойпырм-ой мұндаиды у төккен, ылаң тілеу, қара ниет жандар бола береді еken-ay. Әкесінің құны жоқ еді ғой мұнда. Неге сонша өшігеді... Жақсы елді бүтіндеймін деп әуре, жаман елді түтіндеймін деп әуре деген осы шығар. Ақыры сыйғызатын түрі жоқ. Құн көрсететін емес. Ал бұл кеткенінен жері кенитін болса кетеді. Өлмес қамын жасай-ды. Түркістан жаққа қоныс аударған ағасы мен екі інісін іздең табады. Сол жаққа ірге тебеді. Ел, ел деп емексігеннен не қызық көріп отыр. Бүйтіп жүріп босқа арам қатар. Басқа не лажы бар мұның?! Сөйтеді енді. Уа, құдыреті күшті жаратылыс сенікінің бәрі жөн еken-ay. Дегеніңдің бәрі макұл еken—ay. Пендене көрсетпегің аз емес еken ғой. Көнгеннен басқа пенденің қолынан не келеді?! Ал көнді бұл да. Бойдағы қуаттың қалғанын ашы мен ызаның ырқына беріп қолын қандағанда не опа табады. Назақ киянаты мен қысасы үшін тәуекелге басын тігіп, байғұз ниет Жылымбекті жастығына ала кетер еді, бірақ, атаның атына кір, сүйегіне таңба салып, қанішер атанбақ па?! Затында жоқ жамаңдықпен енді келіп қоңсы қонғанда көсегесінің көгерер жайлауы сол болмақ па?! Жаманмен қораң қотандас болғанымен өрең бөлек тартылмаса айырман қайсы. Сенде сол иттің бірі болғаның да. Жоқ, жан жаралы, көңіл ұлыш тұрғанымен ес санасты бүтінінде өзін-өзі иттікке жетелей алмас. Жамаңдықтан кісі баян

таппаса керек. Бұйырғанын көрер, бастан өткізер. Көнді. Шыдады. "Жалғаның қорлығы ақиреде кетпейді" деген бұрынғы өткендер. Кісі назасы кісіні жібермесе керек. Ақиқаттың ақ таразысына тапсырды. Қолын қандап, жанын ластамай-ақ қойды.

Көнді!

Шыдады!

Тәуекел!..

Өзін-өзі осылай ақылға жеңдіріп, әліптің артын баға түрайын деп жалғыз қоста етпетінен жатып алып біразға шыдаپ көрген. Тұрмыстың тауқыметі ырыққа жіберер емес. Тақыл-тұқыл күнелтіп үнемдеп келе жатқан ас-ауқатының түбі тықырлануға айналған. Колхозға мүше болмаған соң бұған жұмыс істеуге рұқсат жок. Не арық, қазып жүргендердің, не балшық, құйып там салып жатқандардың қатарына барып қосыла алмайды. Жұмыс істемеген соң елге тиесілі, мезгіл-мезгіл таратылып тұратын үн, арпа, бидайдан бұларға бір қасық, та татырмайды.

— Жазған-ау, бұл жатысың не? Не ойың бар? Тапатал түсте қарап отырып өлгеніміз бе? Бір харакет жасамайсың ба? — деп әйелі Қалиманың қыңқылдағаны да жанын жейді.

— Эйтеуір аман-есен деген хабары бар ғой, Жәкемдерді іздесейші. Сол жаққа кетейікте. Әрқай-сымыз әр жақта өстіп жүрреміз бе? — дейді енді бірде.

— Солай қарай жолы түскен жүргінші біреулерге ілеспесек жаяу-жалпы қалай жетеміз. Екі ара құс қанаты талғандай кілең елсіз дала, — деп бұл тығырыққа тіреледі.

— Қараша інгенді алып келіп, бір түнде білдірмей көшіп кетсек қайтеді?

— О, сорлы, ешкімнің ала жібін аттамай, біреуге қылдай қиянат жасамай, өзіңмен өзің жүргенде көріп отырған қысастығың мынау. Ал қараша інгенді алып келіп көшіп көр, бәле іздел отырғандар не істер екен. Артыңдан құғыншы шығарып, жолай ұстап әкеліп: "Колхоздың түйесін үрлап қашып барады, ұры, жау" деп абақтыға отырғызысын.

— Құдай алдында сұраусыз ақы адап малымыз емес пе, колхозына кіргізбесе басымыз ауған жаққа кетейік, жалғыз түйемізді неге бермейді? Неге барып осылай

деп кеңсесінің босағасын тоқлақтап отырып алмайсың? Атса атып тастасын, асса асып тастасын, мына ел-жүрт көрсін, қайта. Қайсысының қорасынан шығып ең, қайсысына әйгөпір болып ең? Не істеген жаманшылығың бар еді осыншама шет қақпай етіп табалайтында? — деп шырлыр болады әйелі.

Серәлі өзінің істер лажы жоқтығына, дәрменсіздігіне төменшіктел қынжылады, қапаланаңды. Сөйтіп отырып әйеліне басу айтады:

— Сабыр, батыр, сабыр. Бұл да бір зауал шығар, шыдайық. Кісі тіршілігінде ақ үйде, қара үйде тігеді деген. Тағдырдың жазуы шығар. Жазмыштан озмыш жок. Жалаң ашу — жанға қас. Кісіні көзсіздікке итермелейді. Ойланып істейік. Сенің өстіп ашуменен арандаپ, бір нәрсеге ұрынғаныңды іздеп, аңдып отыргандармен шаруаң бар ма.

Өзін колхозға кіргізбегенімен мұнда көшіп келісімен Серәлінің қолындағы мал дегеннен жалғыз қараша інгенін колхозға жүк тасуға керек деп, орталықта алған болатын, енді колхоз малының есебіне кіріп кеткен.

Мұнан бұрын кетуге бел байлап, толқыған бір сәтінде:

— Бұл жерден кетемін, түйемді беріңдер, қосымды жаяу арқалап жүре алмаймын,—деп колхоз кеңсесіне барғанда бүйдасын да ұстаптаған.

— Секе, колхоз малын таратып жатыр деген сөзге қаламын, бере алмаймын,— деп өзіменен жамағайындығы бар, осы ауылдың баласы, басқарма жігіт Біржан мұның жүзіне тұра қарай алмай назарымен жер шүкірді.

Мұның кеңсеге қарай келе жатқанын үйінің алдында тұрып байқаған Жылымбек іле-қаба ол да ілесе кірген. Эңгімені естіген бойда:

— Бұл қайда көшпек. Жок, мұны жібермеу керек. Кешуге рұқсат қағаз берілмесін. Бір жерге жасырын қонып алып, колхозға қарсы топ құрайын деп жүрген шығар, кім біледі. Банды болайын деп жүрген шығар. Мұны көз алдымызда ұстауымыз керек. Қырағылық керек, жолдастар. Тап жауларына ымырашылдық жасағандарыңды көреміз Түйесін де бермеу керек, ешқандай куәлік қағазда берілмесін. Қағазсыз көшіп байқасын, кез келген жерде колхоздан қашып жүргендер деп ұстал алып, отырғызады... Кетіп көрсін...

Жылымбектің көзі шақырайып, тұздай бозаңтып бара жатты. Саз бет сүррыйт жузіне белеуі бертіп шығып, көз алдының ойма еті жыбыр-жыбыр тартып, жақ, жұндері үрпіп, долялықтан бет-аузы қисаңдап кетті. Отырғандар оның осы сұрынан сескенгендей әлдене деп тіл қатуға тайсақтап, күйбенде, шапандарының етек-жеңін қаққыштап тұрткіленіп, қыбыжықтасып қалды.

Өзінің осы үстемдігін жазбай байқаған ол сол сесін төмендетпеген қүйі екілене етігінің қонышын қамшысымен тартып-тартып жіберіп, отырғандардың төбесінен оқырая бір қарап шыға жөнелді. Мына ала құйын, аққөз әуейінің мейманасы тасып, соңша асқақтағанына зығырданы қайнаган Серәлі қалш-қалш ашу буып, өзін-өзі ұмыта “әй, бүйткен тіршіліктің ішін...” деп тұра ұмтылып барып, кеңірдектен ала кетпекке оңтайланған. Абырой болғанда сол сәтте есік сарт жабылып үлгерді. Тура маңдайына соққандай есіктің сарт еткен дыбысы мұның да есін жиғызды. Өзін-өзі тәк-тәкке келтірді. Бірақ дәрменсіздігіне соңша қорланып, түнгіліп, жігері құм болып келген үйіне... Соңан кейін етбетінен жатып алған. Енді жата берудің де қысыны келетін емес. Тірліктің қамын жасау керек тәрізді.

— Мен ана кірекештерге ілесіп Әулиеата барамын. Оナン әрі қарай Түркістанға поезға отырамын. Түркістанға жеткен соң сол тәніректе ғой аға-інілерімді тауып алармын. Олардың жай-қүйлері дұрыс болса, сені келіп көшіріп әкетемін. Әзір осында бола тұр,— деді әйеліне.

— Сөйткенің дұрыс. Бекерден тәнірім безер — бұл отырысымыздың жөні болмас енді. Әрі олардың да өлітірісінен хабар алайық. Жүремін десең кешікпе?

— Онда, мен кетсем, сенде не ақылары бар бөлек отырғызатын. Қосты ауылдың ішіне апарып тігіп беріп кетемін. Мына айдалада жалғыз қалай қаласың?! — деп ертесін қосын көп ауылдың шетіне апарып қондырып, жолға жүргуге бекінді.

Елден жиналып колхоз меншігіне өткен он шақты түйемен екі жігіт мезгіл-мезгіл облыс орталығынан құрылышқа зәру заттарды кейде жүрттың тиесілі үн-

астығын таситын. Серәлі соларға ілесіп кеткенді жөн көрген. Екі ара екі жүз шақырым елсіз, сусыз ми дала. Әрі жалғыз әрі жаяу бір өзі жүре алмайды. Солармен селбесіп жетіп алмақ, Кіреші екі жігіттің ересегі Бескен мұнымен жақын ағайын, қатар-құрдас болып келетін. Қой аузынан шөп алмайтын момын, бейнетке бола жаралғандай шаруа торы жан иесі. Қөп сөзі жоқ, кісінің алдынан қия өтпейтін ізетті, кішік мінезі үшін Серәлі іш тартып жақын көретін. Сол Бескен "мен сендерге ілесіп, қалаға бірге жүререйін" дегеніне қошуақ ыңғай танытпағаны. Оның қабақ бермей сүлесоқтанған ыңғайын өз басына бұл үйірілген қазіргі мүшкіл халінің салдарына жатқызып, "адам дегенде бір ит мінезді жаратылыс-ау, нашарлағанын мұсіркеудің орнына жабылып талауға бейім тұрады. Мұның да сырт берген түрі фой" деп топшылаған. Бірақ оның бәріне мән беріп, кіділеніп жататын күй қайсы. Еш нәрсені елемеген сыңаймен ілесе берген. Былай шыға жетектегі өзінің қараша інгеніне мініп алды. Узақ жол үнсіздіктен зерігіп, бір мезгіл әңгімелесіп қатар жүререйін десе Бескен сол бұдан бой тартып, бүтежектеп таянғысы келмейді. Тілдесуге де зауқы жоқ, Бір түрлі үркектеп, сезіктене қарайтын тәрізді. Жанындағы жігітпен екеуі арасын мұнан алыс салып, гүрің-гүрің әңгімелеседі, бұл жақындаса қоя қояды. Бір көңілсіз күй орнады.

Ауылдан сары сәскеде аттанған бұлар тоқтаусыз жүріп отырып бесінге таяу ас-су ішіп демалып алмақ да сәл сәт аялады. Түйелерді отқа қоя беріп, мосыға іліп жіберіп . қара шәугіммен шай қайнатты. Үйлерінен ала шықкан нан, талқандарын ортаға салып, бірге отырып үн-түнсіз шай ішті. Сол үн-түнсіз күйде аз дамылдал алып, қайта жол тартты. Кеш қарай қара жолдан шығыңқырай барып, түйелерді бір жерге жинап шөгеріп, түнемелдің қамын қамдады. Сол сәт Бескен тағы да Серәліге түсініксіз тіршілік жасады. Қараша інгенді мұның қолынан алып, түйелердің ортасына шөгерді де, төсегін соның алдына салып, өзі інгеннің бүйдасының ұшынан ұстаған бойы қисая жантайды.

— Бескен мұның қалай, маған сенбегің бе? — деген Серәлі ренішін жасырмай.

Бескен жатқан қалпынан басын кетеріп, тіктеліп отыр-

ғанымен күйбектеп, жан-жағын сипаланып, тұржыңдаған бойы үн қата қоймады.

— Бескен тілге келмейтінің не? Екеуміздің “ішшай дескен жеріміз жоқ еді ғой, осы сенің көрсетіп келе жатқаның не қыр, — деді енді бұл зілін жасырмай, ашық әңгімеге кетіп. Сонан соң орнынан тұрып келіп, оның жанына жүрелей отырып жатып, сұраулы назармен жүзіне зер сала үңілген.

Бескен ыңғайсызданып, қозғалақтады. Әлде не айтуда онтауланғанымен тәуекелі жетпегендей қиналып, біраз қипақтады.

— Бескен, сенің ойында бір нәрсе бар ғой. Жасырма айт,— деді бұл.

— Серәлі,— деді үні тұтығырлана, кібіртіктеп Бескен.

— Сен маған ренжіме. Өзің айт деп тұрсың ғой, несін жасырайын... Шынымды айтсам, мен сенен қауіп етіп келемін. Саған сенбей келемін. Сен біз үйықтап жатқанда білдірмей үрлап алып кетесің бе, жоқ, өлтіріп тартып алып кетесің бе, әйтеуір, қараша інгеніңе бола ілесіп келе жатқан сияқтысың. Мениң уайымым сол. Сен бірге жүремін дегелі менің жүрегім орнына түспей қойды. Ішкен асым бойыма сіңетін емес. Серәлі, сен мені кешір, түсін, имандай шыным айтып отырғаным. Саған жала жабайын, жаныңа тиейін, бәлеқорлық, жасайын деген ойдан аулақпын, бір тәнір куә...

Серәлі үстіне біреу мұздай су құйып жібергендей тіксініп, дағдарып отырып қалды. Үш үйықтаса түсіне кірмейтін мына әңгіменің тосын естілгені сондай жеппелдемеде не деп ақталарын білмеді. Сәлден кейін барып:

— Эй, Бескен, сен мені кім дегенің? Басқа-басқа сенің мен туралы жаман ойлайтын жөнің жоқ еді ғой,— дегенді қынжыла айтты.

— Серәлі, мен сенің жағдайыңды түсінемін. Қанына қарайатындағы ретің бар. Саған жасалған қиянатты көрмей, сезбей жүргеніміз жоқ. Жаным ашиды, бірақ қол ұшын беретін дәрменім шамалы. Саған кінә қоя алмаймын. Дәл қазір түйенди бүйдасынан жетелеп алып жүре берсең таласуға қақым жоқ. Ақы адап малын, жалғыз күнкөрісің. Не деп таласамын. Бірақ, Серәлі, сен қараша інгенді, мейлі бізді өлтіріп алып кет, мейлі

қазір көз алдымында жетелеп алып кет, онда менің ғана емес маған аузын ашып қарап отырған ана оншақты жетім-жесір, көріптердің де түбіне жеткенің. Осыдан бір түйеден айырылсам — мен айдалып кетемін, сөз жоқ, Бәрі өзіңе бес саусақтай белгілі ғой, Серәлі, мен кетсем оларға кім қарайласады, кім асырайды. Басқа өлгенім, жоғалғаным аз ба еді. Енді олардан айрылсам мұлде тақырланғаным да. Біздің әuletтің біткені де. Бөтен, бөгде емес өз қаның ғой, Серәлі, соларды ая, райдан қайт... Ренжіме маған, Серәлі...

Бескен ағыл-тегіл жылап отыр.

Серәлінің төбе құйқасы шымырлады. Момын байқұсты шын аяды. Бескен жеті-сегіз ағайынды-тын. Бәрі де үйлі-баранды болып кеткен. Әр үйінде топырлаған балашаға — қоралы ауыл, қыруар жан еді. Сонан қазір қарайып жүргені дімкестәу екі келіні мен үйелмелі-сүйелмелі бес-алты жалаңаяқ, бала. "Қырық жыл қырғын болса да ажалды өлеңді" деген. Аптал азаматтар өзін-өзі сақтай алмай баудай түсіп жатқанда бір-біріне сүйенген осынау қара-торы қотыр қызылшашақтар, көрер жарығы бар да, көшкен елдің сілемінде Қарататудың етегіне аман-есен жеткен. Бірін арқалап, бірін жетелеп, барын ауыздарына тосып, жолда қалдырмай жеткізген де осы Бескеннің өзі. Қазіргі бас иесі де, оларға ас-ауқатын тауып беретін асыраушысы да өзі екені рас. Солардың қамы үшін түнде үйқы, күндіз күлкіні ұмытып, қай жерде еңбек акы, қай жерде ас-ауқат беретін жұмыс болса соған алдымен жегіліп жүрісі осы.

Серәлі алдында егіліп отырған еңгезердей ереккек таяна түсіп қамыққан үнмен тіл қатты:

— Эй, батыр, мұның қалай, мені жау санағаның ба? Өйтетіндей не ниетімнен түңілдің? Мениң бар мақсатым — сендермен серіктесіп, дайын көлікпен қалаға жетіл қалу ғана еді. Неге жамандыққа жорыдың сонша?

— Серәлі, айттым ғой, мені бір үрей биледі. Онан айыға алатын емеспін. Басымнан әлгі жаман ой кететін емес. Сен мені ая, бір жолға жалынғанымды тында. Мениң жаным тынсын десен, сен бізге енді ілеспе. Осы жерден кейін қайт. Ауылға жететіндей ас-суың бар ғой. Өзімдікінен де берейін. Алда-жада қалаға барғың келсе

— осы жолы қайтып оралған соң кіре тартуды қоямын. Басқа адамға тапсырап. Соларға ілесіп баарсың. Оған дейін шыдай тұр. Осы айтқанымды істе, Серәлі, мың болғыр... Серәлі енді сөз шығындаپ керегі жоғын сезді. Айтқанымен сенетін түрі байқалмайды. Ақталып, қарғанып, аяғына жығылып жатпақ па енді. Оның қажеті қанша. Тағдырдың мына тәлкегіне налып, қапаланғаны сонша күпті күйде үн-түнсіз орнынан тұрып, төсенішіне келіп қисая кетті. Күні бойғы дамылсыз жүрістен шаршағаны жайына қалды. Көзі ілінетін емес. Қай-қайдағы ойға оралып, көнілді жүдептіп, жүректі сыйздатады. Мына наласы басым тіршілігіне жұбаныш етер үмітті ештеңенің елесін ұстай алмай, айдалада адасып жалғыз қалған жаңдай құлазып, әрі-сәрі күйде дөңбекшиді, күрсінеді. Кеуде толған қапасы оған жеңілдемек түгілі қайта ауырлад қыса түскендей тынысы тарылып, тұншығып бара жатқан соң ауық-ауық басын көтеріп, түрегеліп отырып, ауа қарманады. Байқайды Бескен де ұйықтамай жатыр. Бұл басын көтерсе болды елең етіп жалт қарайды. Шынымен уайым жұтып, қауіптеніп, аңып, көз ілмей жатқан тәрізді. Жаңағы ағыл-тегіл таусыла жылағаны көз алдына елестеді. “Көрген жаманшылық, кешкен қындық, кісінің пейіл-құнын өзгертсе керек, тіршілікке, төңірегіндегілерге деген сенімін азайтып, секемін көбейтетін болуы керек. Табиғаты момын жазған көрген ауыртпалықтан өбден запыстанып, шайлығып қалған-ау. Бұған не деп кінә артарсың. Шынын айтты. Қой бұлардың да мазасын май ішкендей етпейін, мына байқұстың “ішкені ірің, жегені желім” болып келеді. Жалғанның жазымы көп, өстіп келе жатып бір нәрсеге ұрынса мен жазықты болармын. Не қылса да өздерінен көрсін. Кесірім тимесін. Азанда кейін қарай қайтайын. Ауылға барайын. Бұлар бір апта, әрі кеткенде он шақты күнде қайтып оралады гой. Сонан кейін қалың жұрттың алдында түйемнің бүйдасынан жетелейін. “Колхозға кіргізбесен, басқа жаққа көшемін. Міне, түйемді өзім аламын, жүгімді артамын, қайсыңың ақын бар бермейтін” дейін. Сонда келіп таласқаны болса көрейін. Біржолата қолында өлейін. Айдаса айдаپ жіберсін, атса атып тастасын, көрдім, тәуекел!..”

Осы оймен ширығып жатып таң алдында қалғып кеткен екен, түйелердің бақылдаған дауысынан оянды. Күн шығып қалыпты. Бескен түйелерді тұрғызып, жетекке тізіп, жүргуте дайындалып жатыр екен. Серәлі орнынан қөтерілді. Ол бұл жаққа жалтақтап екі-үш мәрте көз салғанымен тіл қата қоймады. Күйбенде, түйелерді айналышқтап жур. Соナン соң бұл өзі қасына келді.

— Эй, тәбет, сенің қөңілің орнына түссін. Мен осы жерден кейін қайтамын. "Қорыққанға қос көрінеді", алжасайын деген шығарсың, мені жау санаңың ғой... Ал жүре бер,— деп қоржының иығына салып кейін қарай бұрылған. Бескен қолындағы түйенің бас жібін тастай салып, шекпеніңің екі шалғайы жалпылдай мұның соңынан борыс-борыс жүгіріп жетіп, қалбалақтап қолынан ұстап алды:

— Серәлі, кешір, кешір, бауырым. Кісіні қара басқанда өститін шығар, қайтейін. Менде бір далбасалап қалған сорлы емеспін бе. Бәрін өзің білесің, оның саған айтатын несі бар. Кешір, ренжіме,— деп көзі жасаурап, қолынан қайта-қайта сүйді.

Мұның да қөңілі босап кетті.

— Жарайды, батыр, жарайды. Бұл да бір кезең шығар! Қорешегіміз де. Мандайға җазылғаннан пәнде қашып құтылмаса керек. Сондай бір тағдырдың тауқыметі ғой. Мұны да көрген жөн шығар. Қөрмеймін дегендे лажың қайсы. Несіне ренжійін саған. Жарайды, жүре беріңдер. Жолдарың болсын.

Серәлі сол бойы кідіріссіз аяңдап отырып, күн батар алдында ауылдың қарасына іліккен. Келсе кеше өз қолымен тігіп беріп кеткен қосы орнында жок, Аң-таң күйде тұрды да қалды. Кешкілік қара көлеңкеде андамай қалдым ба деп ауыл ішін тағы да аралап қарап шықты. Қосы көрінбейді. Соナン соң жүрттап сұрастырды.

— Сенің қосынды егіншілерге тігіп береміз деп таңертең жығып, тауға алып кеткен. Қалима осы ауылдан артық, ауыс жатқан қос ағаш, қалған-құтқан құрым киіз, алаша жинап, күркө тұрғызып жүр еді, сол анау тұрган сендердің болар,— десті олар ауыл шетіндегі ескі күркө жаппаны нұсқап. Бұл үн-тұнсіз аяңдап сонда келді. Әйелі қалған-құтқан қомыт-қомшадан жауып, күркө дейтін күркө емес, қос дейтін қос емес, әйтеуір,

көлеңкелік жаппа, баспана тұрғызып алышты. Ішіне отта жақпаған. Қараңғы қуыста бүк түсіп, бүрісіп жатыр. Келген мұны танып, орнынан тұрды.

— Оу, бұл қалай. Басыңдағы қосың қайда? — деген Серәлі кіріп отырган соң басқа айтар сөздің ретін таптай.

Қалима жауап орнына үн-тұнсіз егіліп жылай берсін. Әйелі көнтерлі, көмпіс, шыдамды жан еді. Бастан бірге өткеріп келе жатқан қыындыққа, тапшылыққа көп сыр бере бермейтін. Тіпті, шиеттей бала-шағадан айырылғанда да тап бұлай таусылып, егілменеген тәрізді еді, әбден шағылғанын, қажығанын, көрешегінің шектен шығып кеткенін сезді бұл. Қой деп жұбату да айта алмады. Жер болып езіліп, құр сұлдері отырып қалды.

Қаранғыдағы осынау ауыр сәттің қаншага созылғаны белгісіз, бір уақытта Қалима жасын тыыйп, сүртініп от жағудың қамына кірісіп жатыр екен.

— Жақпай-ақ, қой,— деді бұл.

— Неге? Үістық бір нәрсе ішпейсің бе?, Шай қояйын да.

— Керегі жоқ, еш нәрсе ішпеймін. Әуре болма.

Екеуі қайтып тіл қатысқан жоқ. Сол киімшең отырган күйлері қисайып-қисайып, жантая кетісті.

Екеуі де көпке дейін үйықтайды алмаған. Ояу жатқандағын сезгенімен бір-біріне ләм-мим дескен жоқ. Қасындағы Қалима ара-тұра өксіп, күрсініп қояды. Оның жабырқаған қапалы көңілін жұбататында жағдайы қайсы. Өз жан-дүниесі де астан-кестен, қарашаның желіндегі азынап, аш қүшкей қанжылап, ұлып жатыр. Жартылай жалаңаш жаппаның төбесінен Қарататудың жұлдыздары үзіліп піскен жүзімдей жыптыраған қара торғын жұмсақ аспаны мөлдірей, төніп көрінеді. Қасиетті өңірдің қайырымды табиғаты азалы көңілді аялағысы келгендей мейірбан кейіп танытып, жылы-қоңыр ауасын жанға шипа, тыныска жай себезгілейтін сияқты. Жабырқау жүрек көңілшек, жетім баладай жылу іздең шағынуға, мұңаюға жақын тұрады. Табиғат ананың аяп-аялағандай осынау пейілі Серәлінің де көңіліндегі бір кіпірді, сағынышты оятып жібергендей. Өкініштің уын жұтқыза өткеннің не бір елестері ойға оралмасы бар ма...

Бір атасының өзінен тараған үрім-бұтағы қалың елдей

— қоралы жан еді. Төрт ауыл болып бөлініп, қоңсы қоныш отыратын. Қайда бәрі? Кім қалды?! Қайта сәл ертерек қоңыс аударып кеткен ағасы Бекті мен екі кенже інісі тірі жүр дег естиді. Мұнда өзі жалғыз. Қорген күні мынау. Осы да тіршілік пе?! Іші алай-түлей. Қөңілінде күдік пен күптілік басым. Тартпасы бар қара судай үйірілген қарау ойлар тұңғирына қарай сүйрейді. Бұл үшін мына өмірдің түк қызығы, керегі қалмағандай. Бірақ сонда да артында қимайтын, қарайлайтын бір нәрсесі бардай-ақ, әлденеге емексиді. Жүректің түкпірінде өшіп-жанып, өшіп-жанып бір үміт сәулеңі жоғалмай түрған тәрізді. Сол сәуле — түстен мұның да көз жазып қалғысы келмейтіндей. Сол үшін жеме-жемге келгенде "таңғы нәсіп тәңірденгө" мойынсұнып, тиесілі тауқыметін көтеріп, өмір сапарын жағастырып, қияметті соқтағымен тоқтаусыз тарта беруге пейіл.

Бұл не, өлемендік пе? Жансебілдік пе? Әлде адам баласын көзі жұмылғанша арманмен алға сүйрейтін киел сиқыр құбылыстың елес-әуресі ме? Жоқ, әлде өмір атты ұлы дүрмекке құштарлық па?! Әсілі осы соңғысы шығар. Өмір шіркінге деген құштарлық болар.

Ұйқылы-ояу, мең-зен қүйде үшығына шыға алмаған сан-сапалақ, ойдың иіріміне малтып, малтығып жатып қалғып кеткен... Тұс көріп ояңды. Тұсіне әкесінің құрдасы, сыйласы, әрі жақын ағайыны Бекболыс отағасы кіріпти. Жұзінен нұры төгілген қызылшырайлы, әдемі кісі еді. Ішкі ақылы да кісіні көріктендіріп, айбаттандырып тұрады-ау, әсілі. Көп жылқының алдындағы ойқастаған сәйгүліктей жалт-жұлт етіп, тәңірегіндегілерді әңгімесіне үйіріп, ертіп, жағасы жайлай, емін-еркін есіліп, құлпырып, түлеп отыратын. Жұзі мейірімді, әзілі мол, көңілді жан еді. Жомарт, мырза, дастарқаны ағыл-тегіл, үйінен кісі үзілмейтін, қазаны оттан түспейтін, көпшіл адам болатын. Тірісінде сөзін кісі қайырган емес. Жасынан-ақ жүртқа отағасы атанған, осы өнірдің ең бір сыйлысы-тын. Тек сонау "Колчактың дүресінен" кейін күрт қартайып, шөгіп кетті. Алғашқы ірі байларды конфискелеу науқанына іліклегенімен кейінгісіне жатқызылып, жер аударылған. Сол бойда айдалып бара жатып науқастан қайтыс болыпты.

Жарықтық, Серәліні еркелетіп, жақсы көретін. Қасына көп ілестіретін. Жасынан шаруаға тыңдырымды, икемділігінен бе, бір ісі болса бұған тапсырып, Серәлі, барып келші, біліп келші деп жұмсап отыратын. Ал сол кісінің осы қызылды, осы өкіметті мақтап отырганын Серәлі өз құлағымен талай естіп еді. "Ой, мұның ісі әділ. Айтқаны пайғамбардың қағидасында. Әмме жүргіты теңгеремін дейді, нашарға, кедейге қол ұшын беремін, көмектесемін дейді. Біреудің ақысын біреуге жегізбеймін дейді. Момынды озбырға қанатпаймын дейді. Әркім табанақы, мандай терінің жемісін теріп жесін дейді. Мұнан бұрын мұндай сөзді жер бетінде еш патша айта алған емес. Мұндай әділдікті орнатуды ойға алған емес. Тірі жүрсөндер көрерсіндер, тубі әбден кемеліне келген кезінде, ең тоқшылық, баршылық, теңшілік осы патшалықта болады. Бұл өкіметтің қолға алып отырган ісі әділ., Шыдай тұрыңдар, осы айтқанымды әлі өздерің көресіндер"— деп отыратын. Солай деп отырып, не бірауыз айтқан жаман сөзі жоқ, не қарсы көтерген қолы жоқ, айдалып кете барды. Не кінәсы бар еді, неге олай етті, мұның бәрінің себебін пайымдауға Серәлінің миы жете бермейді. Тек мынау аласапыран дүрбелен қезенде кейбір жазықсыз жандардың да қиянат шегіп кеткенін ғана зерделейді...

Сол Бекболыс отағасы түсіне кіріпті. Тап сол баяғы тірі құнгісіндей ажарлы, көңілді, жарқылдал отыр. Төрдегі оны қаумалай жайғасқан бірқыдыру кісі бар маңайында. Отағасы алдында үлкен астау, астау толы жаңа ғана қазаннан түсірілген, буы бүркүраған семіз ет. Оны өткір пышақпен турал, жанындағыларға кезек-кезек улестіруде. Есікten кіріп келген мұны көзі шалған бойда "Серәлі, бері келші-ай, мә"— деп қолындағы қойдың құйрығынан қалындау жапырақтап кесіп алып, өз қолымен ауызына асатты. Сонан соң дәл әлгіндей етіп турал тағы да асатты. Бұл майдың дәмін алып тамсанып, жұтып бола бергенде үшінші рет жаңағылардан гөрі жүқалау етіп турал тағы бір білемін ұсынсын. Ауыз толтыра толғап-толғап құйрық майдан үш рет жүтқан соң табан астында мұның шөлі де, аштығы да басылып, тоғайып орнынан тұра берген, сол сәтте оянып кетті... Бірақ әлденеге елеңдеп, қуанып оянды.

Басын көтеріп жан-жағына алаңдай көз салды. Эйелі екеуі ескі-құсқымен жартылай жабылған жаман жаппаның астында жатыр. Шығыстан таң бозаңытады. Қара көлеңке күркениң ішінде жаңағы көрген түсін есіне қайта түсіріп, аң-таң қалыпта біраз отырды. Анық, неге жорырын білмесе де, әйтеүір жақсылықтың нышанына жатқызды. Бір түрлі еңсесі көтеріліп, бойы жеңілейіп, көңілденгендей сыңайы бар. Мына кереметті қараңыз — жаңағы түсінде жеген майдың таңдайына татыған дәмі әлі ауызында тұр. Кеше күні бойы нәр сыйбай қалжырап, шөлдеп келгенімен, алдынан шыққан тосын жағдай мен әйелінің ренішінен кейін, тамағынан ас өтетіндегі күйі болмаған соң қырыстанып, қапаланып аш қалпы жатып қалған. Сол жатқан бойы шөлдегеніне, жүргегінің сазғанына да қарамаған. Енді байқаса шынымен жаңа ғана тамақтанып алған кісідегі қаталағаны қайтып, аш құрсағының ұлығаны басылып, сергек тартып, өзін қунақ сезінеді.

“Жарықтық, неге көрінді екен?! Әлде неге аян беріп жүрген тәрізді-ау. Жақсылықта болғай. Жақсылық шығар. Жақсы түс қой. Несібе ғой беріп жатқаны. Тіршіліктің түбі қайыр, дұрыс болады екен. Әумин. Жарықтық, баласында жақсы көретін еді, тарыққанда желеп-жебеп жүргені-ау. Түсіме тегіннен-тегін кірмесе керек. Құда қаласа бір жақсылық болады екен...”

Серәлі өз ойына өзі толқып, балаша қуансын. Сол қуанышын бөліскісі келгендей түрткілеп әйелін оятты.

— Қалима, турегелші!

Ұйқылы ояу әйелі мұның жүзіне таңдана, үрпие қарады.

— Ол не, жазған-ау? Таң аттай неғылып еліріп отырсың!?

— Құдай берді, бір жақсылық болады.

— Не? Не, не дейсің? Не жақсылық? — Эйелі енді бұған сезіктене қарағандай турегеліп отырды.— Не болды саған? Не деп отырсың?

Бұл асыға-аптыға әлгі көрген түсін баяндаған.

— Бұл тегін емес, қандай бір жақсылықтың нышаны,— деп көңілін демдей, кәдуілгідегі дәмелене әңгімелеген.

Қалима үндеген жоқ, сүлесоқ тыңдалап алып, біреу қолына ат басындаі алтын ұстатып кеткендегі көрген

түсіне осыншама мәз болып, емексіп отырған күйеуінің бейшара күйіне аяныш білдіргені де белгісіз, өлде әпенде дәмесіне ызасы келіп, ашуланғаны да белгісіз, теріс қарап тым-тырыс жата кетті.

Серәлі оған ренжімеді. Еліге қоймағанына қиналған жоқ. Иә, қазекең көңліне жақпаған кезінде тұлкінің боғына теңеген бұл сиқырлы елес — көрген түсі қазанына ас болып салынып, көгеніне қозы болып байланып қалғандай әйелін жұлқылап оятып сүйінші сұрағанына ол несіне қуанып, жетісе қойсын.

Алайда Серәлі ерте ме, кеш пе, әйтекеүр, өзіне қарай жақсылықтың желі соғатынын сезгендей күйді бастан кешкен.

Қайтып, қисайып, жантайып көрген, байқайды енді үйқысы келетін тәрізі жоқ, Әрі аунақшып бері аунақшып, дөңбекшіп жатты, жатты да, тұрып кетті. Мұның ұйықтамағанын сезген соң әйелі де түрегеліп, шай қайнатты. Оны-мұны тиіп-қашып әңгіме ете отырып шайларын ішті. Серәлі неге жол ортадан кейін қайтқанының мән-жайын түсіндірді. Әйелі қосты Жылымбек екі жігіт ертіп келіп, өгізге артып кеткенін айтты.

— Эй, басымыздың баспананы жығып алғатындағы не жазып едік, бұл қай басынғаның, — дегеніме бетсіз неме шылп етпей: “Алты қанат ақ, боз үйде керілген күнінді көксейсің-ау, ә. Әлі көкіректерің қалмайды-ау. Егіншілер далада жауынның астында баспанасыз, жалаңаш. Ал сен жалғыз өзің сарайдай қоста жатпақсың. Керек пе, орталықта аламыз, көнбей қарсыласып көр, қане...” деп жын ұрғандай қалш-қалш етеді. Үмітсіз жігіт қой. Елді де ала тайдай бұлдіріп болды. Осылар кісі болып, жұрт осылардың аузына қараған соң не дерсің... Қараша інген аман-есен келсе көрпе төсегінді тендереп алып, бір түнде тайып кеткеннен басқа лаж қалмады... Енди соның ретін ойластыр.

Әйелінің үнінде торығу, түңілу, дүниеден баз кешу бар еді.

Күні бойы екеуі де күркесінен аттап шықпады. Тұнге қарай ақшам жамыраған апақ-сапақта алдарына кешкі шайларын ала бергендері сол еді, ауыл сыртынан дүрсіл-

дете келіп, бұлардың қосының іргесіне таяп тоқтаған ат тұяғының дыбысы естілді. "Бұл не" дегендей елеңдесе қалған. Сөйткенше әлде неңдей ауыр нәрсе жерге дұрс ете түсті. Онсызда аң-таң қүйдегі Серәлі даға атып шыққан. Тыста аттылы біреу тұр.

— Әй, бұл кім? — деп жақындаپ қасына келгенде гана таныды, колхоз бастығы Біржан.

— Секе, ассалаумалейкум!

— Біржанбысың? Әликімсалам. Беймезгіл неғып жүрсің, жайшылық па?

— Секе, мына бір қапты көзден тасалау жерге жасырыңызшы. Соңан соң асықдай әңгімелесерміз.

— Мұның не?

— Бидай рой.

Серәлі әңгіменің байыбына түсіне алмай, дау-жаласы бар, ұрлықы бірдеңе ме деп секем алып:

— Оны неге маған жасыр дейсің? Кімге беретін бидай еді? — деген.

— Секе, абыржымай-ақ қойыңыз. Бұл елге бөлгеннен артылған азын-аулақ, дән еді. Сіздің үйге алып келдім.

Астықтарыңыз таусылған шығар. Әзірге алданыш етеп тұрыңыздар. Көрсетіп беруге дауға қаламын, тұн жамылып келіп түрғаным сол. Колхоз мүшесі болмаған соң сізге ел қатарлы астық бөлінуге тиесілі емес. Соңан соң еш кемек жасай алмаймын. Менің бұл қап өңгеріп келгенімді біреу-міреу сезсе ертең-ақ, "құлақтармен сыйбайласып жүр. Соларға бүйрекі бүрады. Ағайынгершілік жасайды" деп айқай көтеретіндер табылады. Ешкімге сездірмессіз, — деді.

Орта қапқа таяу бидай екен, Серәлі көтеріп кіргізіп, күркенің іргесіндегі киіздің астына жаймалай тастанап, үстіне көрпе-төсеніштерін жинап қойды.

Біржан аттан түсіп, ішке кіріп, бірге отырып шай ішті.

— Секе, таудағы егіншілер апарған екі қосқа сыймай жартысы далада жатып жүр. Жауын жауса қыын болатын түрі бар. Соған не істейміз деп сасқан соң Жылымбек: "Талай адам сиятын, бұл ауылдағы ең үлкен қос Серәлінің қосы. Әрі киізі де бүтін, жаңа, жауын етпейді. Серәлінің өзі де кетіп қалды, жалғыз әйелі қай жерге болса да сияды, бір басына соншама үлкен қостың керегі қанша, соны егіншілерге босатып беру керек деп

қоймаған соң, Қалекен үақытша көлеңке жасап ала тұрар деп, бірер айға шыдар деп, қосыңызды алуға келісіп едім.. Ренжіменіз, амалым жоқ болды. Шыдай тұрарсыздар. Егін жиналышп бітісімен қосыңызды жеткіздіріп беремін.

— Біржан, шырағым, көніліңе рақмет. Ит көрген ешкі көзденбей, жау жоқта жау шаптыламай, өстіп бар, жоқ жағдайды айтиссақ, реніштің жарасы жеңіл ғой. Тіршіліктің ығытын түсінбейтін кісі мен емеспін. Бірақ осының бізге несі өтіп, несі батып еді деп таразыламай, шетқақпайға салғандарың жанға батады. Ағайынға мениң бөтен ісім, зәбірім болған жоқ еді,— деген Серәлі қөніліндегі қаяуын жасырмай. Біржан мұның сезіне қысылғандай басы салбырап бір сәт үнсіз ойланып отырып қалды.

— Секе, сізге қиянат жасалғанын сеземін. Сіздің жағдаятың менің де жаныма батады. Мен сіздің кім екеніңізді білемін ғой. Бірақ жағдайыңызды түзету менің қолымнан келмейді. Оған шамам жетпейді. Сізді қорғап бір ауыз сез айтсам бас салады. Анаған да, мынаған да теліп, өзімді жаудың, құлақтың қатарына апарып қосып қояды. Осында кейбіреулер қип еткен сезінді іліп алып, ауданнан бірақ шығады.

— Сонда маған не ақыл қосасың? Не істеуім керек,— деді Серәлі Біржанның өзіне деген ниетін байқаған соң ағынан жарылып.— Осылай күн өткізе беремін бе?! Әлде ауданына барып арызданып көремін бе?

— Мениң келгендердегі өзіңізben әңгімелеспек шаруамның бастысы осы мәселе еді,— деді Біржан дауысын бәсендете, бұған қарай таяна отырып.— Ауданға барғаныңызben еш нәрсе өнбейді-ау деймін. Сіз есігін қағатын кеңседегілердің біразы жағдайыңыздан хабарсыз емес. Білуге тиіс. Олардың қолындағы теріс тізімде жүруіңіз мүмкін. Қаралап жеткізушилер және бар. Олар істі сап-салғыдай етіп шеше қояр ма екен?!

Бастық жігіт әлде неге ойланғандай аз-кем үнсіз қалды, соナン соң әңгімесін қайта жалғастырды.

— Осы жақын арада біздің жаққа Республикадан үлкен қызметтегі бір белгілі кісі келеді деген хабар бар. Ауыл-ауылды, жаңа құрылып жатқан колхоздарды түгел аралап көреді дейді. Елдің жай-жағдайымен танысатын тәрізді.

Олай болса біздің ауылға да соғады. Сол кезге дайын тұрыңыз. Қалайда жолығып жай-жапсарыңызды, өмір тарихыңызды, қазіргі жағдайыңызды жасырмай түп-түгел мәлімденіз. Колхозға мүшеге кіргізбей отырғанын айтыңыз. Аянатын неңіз бар, тартынбаңыз. Барыңызды салыңыз. Бір көмектессе сол кісі көмектесуі тиіс. Осы өкімет үшін құрбан болған Бабырдың туған ағасы екеніңді өтірік емес қой. Тым болмағанда соны ескерсе керек.

* * *

Біржан кеткен соң Серәлі қаптағы бидайдың өзірге жетерлік шамалысын бөлек алды да, қалғанын ескі құрым киізге орап, есіктің алдындағы отынның астына көміп тастады.

— Үй артында кісі бар деген, әлде кім байқап, тінтіп, тауып алып, жүрсे Біржанды ауызға алушы болма. Мен арқалап келген, қайдан екенін білмеймін дерсің. Жауабын өзім беремін. Жаласын өзім көтерейін, кісіге зиянымыз тиіп жүрмесін, — деп тапсырды.

Біржан келеді деген үлкен кісінің сонаң үш-төрт күн өткен соң-ақ бұлардың ауылына жолы тұсті. Ол отырған үйді төңіркеп, үстіне кіре алмай көп жүрді. Төңірегі толған адам, ауданың бұл танитыны бар, танымайтыны, сыртынан атын естітіндері бар басшыларының бәрі соның маңында көрінеді. Маңайдағы колхоздардың белсенділерін шақыртып жинап алып, жиналыс өткізіп жатты. Соның қалт өткен сәтінде, андып отырып, сәлем беріп кіріп барған. Әйтпесе жолыға алмай қалатын сыңайы бар.

Сәлемін алған соң:

— Сізге айтатын арызым бар еді,— деп әңгімені төтесінен бастады.

— Келіңіз, келіңіз. Отрыңыз. Не айтпақ, едіңіз,— деді үлкен кісі мұның біреу қуып келгендей асығыстал баса- көктеп кіргеніне қіділенбей жайдары қалыппен жүзіне назар салып.

“Түсі иғіден тұнілме” деген фой. Қабағы ашық жан екен, алды кең кісі болар” деп топшылап үлгерген. Оның жылы сәлемдескені де бойына қуат бергендей болды. Көптен іште шемен болып, кернеп келе жатқан құсасын ақтарды-ай келіп. Ол кісі де сөзін бөлмей, бұл әбден

айтып біткенше төзіммен тыңдады. Тыңдал болып төңірегінде гілерге ренішпен жағалай көз жүгіртіп:

— Осындай қиянат, асыра сілтеу, мәселенің байыбына жете зер салмау әр жерлерде орын алған. Онан жазықсыз жандар жапа шегуде. Бұл өте зиянды нәрсе. Революция ісіне пайдасын тигізбейтін таяз әрекеттер. Мұндай сыйыра қосақ, айдақ сал, шолақ белсенділікке жол бере бермеу керек. Ақ пен қараның шекарасын ажырата білуге үйренуіміз керек. Жау мен жазықсызды шаттастырып алмау үшін зерделілік танытуымыз қажет. Мына кісінің колхозға кірмейтіндей қандай жазығы бар?!

Жағалай отыргандардан тырс етіп үндеген кісі болмады. Бір-біріне қарап алып, бастарын сипасып, назарларымен жер шұқысты.

— Ал айтып отырган әңгімелерінің өтірігі бар ма?! Неге үнде мейсіндер, жолдастар!

Өтірігі бар еді деген де ешкім жоқ, Қайта:

— Өтірік емес, рас, рас айтқандары, — деп күнкілдескен дауыстар естіліп қалды. Серәлі қоштаушылардың ішінде Біржанның да барын дауысынан аңғарды.

— Онда қазірден бастап колхозға мүше етіп кіргізіндер, ел қатарлы жұмыс беріңіздер. Бұдан былай өйтіп соңына түсіп, қудалаушы болмаңыздар. Жалпы ешкімге жазықсыз зәбір жасамаңыздар. Ей, жолдастар! Біз қазір аштық пен өлімнен жұртты қалай сақтаймыз деп қинаудамыз. Ең алдымен соның шарасын қарастырудамыз. Ал сендер кісіні қолдан өлтірейін деп отырсындар фой. Жұмыс істеймін, колхозға кіремін деп құлшынып отыр фой. Колхоздың жұмысын атқаруға күйі бар, күші жететін адам емес пе, мына отырган жан. Мына қалыптарынмен мұны өлтіресіндер фой. Колхозға кіргізбесендер, елге бөлінген астық, дәннен татырмасаңдар, басқа жаққа кетуге жібермесендер, жалғыз түйесін орталыққа алсаңдар бұл енді қайтіп күнелтпек. Бұл не қысастық, Болмайды, жолдастар, ондайды қойындар. Мен біраз күннен бері ауданың жағдайымен мүқият танысып келемін. Бұл көшіп келген аудан халқының құрамында колхозға кіргізуге рұқсат етпейтіндей, тап жауларының тобына, бай-құлақтардың қатарына жатқызатындау ауқатты немесе кезінде жаңа

өкіметке қарсы зиянды әрекеттерімен көзге тускен адамдардың хабары білінбейді. Қай-қайсысы да колхозға мүше болып, сіңіп, тыңғылықты еңбек етіп кете алатындаидай, қарапайым шаруа салындағы көшпілік тәрізді. Орынсыз құдікшілікке жол беріп, өздеріне-өздерің жаманшылық жасамандар.

Жақсының алды — кең жайлай. Серәлі сыртқа арқабасы кеңіп, үстінен талайдан бері тұла бойын жаныштап, еңесін көтертпей қойған зіл батпан ауыр салмақты сілкіп тастағандай женілдеп, көңілді шықты. Шығарын шығып алғанымен енді не істерін білмей, "үйіне кете бере ме, жоқ әлде мына жиналыстың тарқап, келген кісілердін, аттанып кетуін күтіп, Біржанға біржолата жолығып алғаны дұрыс па" деп аңтарылып тұрган. Сәлден кейін Біржаның өзі көрінгені. Жуас жүзі жадырай түсіп, жұмсақ жымып келіп:

— Секе, әңгімені естідіңіз фой, — деді.

— Не деген ақылды кісі. Жақсы адам екен, — деді бұл шын ризалығын жасырмай.

— Көпті көрген, үлкен адам фой. Бар жағдайды біліп, сезіп отыр, — деді Біржан да мұның сезін қоштап. Соңан соң күліп: — Ал, Секе, қосыңызды тауға білгендей көшірген екенбіз. Қалекенді ертіп алып, енді артынан өздерініз барыңыз. Мұнда қарайлайтын шаруаңыз жоқ қой, жүріп кетіңіздер. Таудағы егіншілерге қосылыңыз. Екеуініз де бидай орасыздар, — деді.

Таудың жан баспаған, тузырап жатқан жалпақ жонына егілген егін ырғалып, бітік піскен екен. Келе орақда кіріскең. Аз күнде екеуі де екпінді атанды. Әрқайсысы екі кісінің үлесіне тиесілі жерге дейін орып кетіп жүрді.

* * *

Күзде колхоз мемлекетке тиесілі астығын өткізіп біткен соң, қалған дәнді жан басына таратқанда үлестеріне бөлінген үлкен екі қап бидайды екеуlep қайыса көтерісіп босағадан әрең кіргізіскең. Қаптың аузын шешіл, қос қолдарын бойлата сұңғітіп, баданадай-баданадай ақ бидайды уыстап алып суырып, табан астында тоғынып шыға келгендей мәре-сәре болып қалған. Соңан бастап отбасына қайтадан тоқшылық кіргендей сезінген.

Жаңа құрылыш жатқан колхоздың жұмысында үшықыыр бар дейсің бе? Кілең қос пен күркемен, кейбіреулері, тіпті, баспанасыз келіп жетіп, Қарататудың етегіндегі елсіз жазыққа қоныс тепкен жұртқа жылы үй керек, тұрғылықты жай болатын там салып, қоныстану тұрғызу керек. Ол үшін балшық айдал, кесек құю, екі-үш күншілік жердегі таудағы тоғайдан үй жабуға керек ағаш қырқып оны тасып жеткізу; жер жыртып, егін егу, егіндікке арық тартып, су жеткізу; едән құралған азын-аулақ малға шөп жинау; осыларға қажет соқа, сайман, арба, шана жасау — осы тіршіліктің бәрі алақандай колхоздың азынаулақ адамының мойнында. Қысы-жазы дамыл жоқ,

Қай жерде шұғыл науқан, қауырт жұмыс болса Біржанның:

— Секе, енді өзіңіз баrasыз, — деп тұрғаны.

Серәліде бас тарту, жалтару деген болмайды. Не шаруаны да тап-түйнақтай етіп тындырады. Жаратылысындағы елгезектігі, икемділігі, неге болса да жаны ашитын, табиғатынан обал-сауапқа жақындығы, шаруаның ығытын тауып істейтін ұқыптылығы, едән ерек көзге түсіріп, жұртты тәнті етіп, олардың арасында қайтадан "Серәлі, Секе" атана бастаған. Екпінділерге сыйлыққа деп жоғарыдан қынды мата, қант-шай тәрізді зат жіберілсе алдымен алатындардың бірі де бұл. Мұның былай қатарға қосылғаны Жылымбектің жамбасын мұзша қаритын сияқты. Соны көре алмаған, соған шыдай алмаған Жылымбек ақыры бір жиналыста Біржанмен жағаласып қалсын.

— Сен әдейі істейсің, ағайыншылық жасап бүрмалап тұрсың. Бар жақсылықты осының басына үйіп-төгіп, мұнан басқа кісі құрып қалып па еді. Басқаларды неге көрмейсің. Өкіметтің тәртібін бұзып жүрсің. Рушылдық, байшылдықты көксерісің сен де,— деп езуінен көбігі шашырап, екі иығын жұлып жеп, қалшылдастын келіп.

— Маған осы жұрттың бәрі бірдей. Қайсысы жұмысты жақсы істесе, сыйлықты алдымен соған беремін. Серәлі озат емес деп кім айтады, қане, осы отырғандардан. Серәліден мен артық істеймін жұмысты деген кісі болса қолын көтерсін қазір. Көпшілік өзі айтсын сыйлықтың кімге тиесілі екенін. Сен осы неге

бір езулеп көлденендей бересің... Неге бәле теріп, дау іздейсің де жүресің. Өкімет осы колхозды сенен емес, алдымен менен сұрайды. Асқақтап басына берме,— деп өмірі кісіге дауыс көтермейтін міnezі тұйық, біртоға, сөзі аз Біржан ашудан құлағына дейін қызырып, барт болыш дірілдеп кетті.

— Тілің шығайын деген екен. Көреміз... Осы сөздерінді ұмытпа. Бәле терген керек болса, асықпа. Жылымбекті танымай жүр екенсің. Танисың әлі. Ендігі ісім сенімен болсын.

— Тіреп тұрган аспаның болса тастап жібер. Бар, аяма. Онсыз да осы сенің ылаңдатқан, улыған-шулығаныңдан құлақ сарсылып бітті.

— Сенің де түбің белгілі. Экең байдың құйыршығы болған. Ауылнай болып атқа мінген бір кезде. Оны ұмытпа.

— Экеден садаға кеткір, баяғыда жер астына түскен әкемде жұмысың болмасын. Ал керек десең менің әкем сенің әкең тәрізді үры, қанішер болған емес. Кісінің ауызын қышытпа.

— Тарт тілінді, — деп Жылымбек жұлқынып келіп, Біржанның алдындағы столды жұдырықпен бір қойды.

— Тарт қолыңды, — Біржан тұтігіп ұшып тұра келді. Араға ел түсіп екеуін екі жаққа ажыратты.

Жылымбек өзін ұстап тұрган жұрттан итермелей босанып, кіжіне жүгірген бойы атына мініп:

— Сенің түбіңе жетпесем бе?—деп ауданға қарай шаба жөнелді.

Ел абыр-сабыр болып барып басылды.

Мына даудың шығуына өзін кінәлідей сезініп Серәлі қатты қысылды. Бір жағы соны жуып-шайғандай, бір жағы мәмілеге себі бола ма дегендей табан астында шұғыл шешімге келіп, көптің ортасына шығып:

— Біржан, шырағым, еңбегімді елегендеріңе ракмет, мен мұнан бұрын бір рет алдым фой осы озаттарға жіберілген сыйлықтан. Енді артық сөз болмасын, басқалар да ренжімесін. Осы отырган көптің ішінде жанын салып, шын-тінімен жұмыс істеп жүргендер аз емес. Солардың біреуі алсын. Мен ризамын,— деп өзіне тиесілі бес метр, көйлектік кездемені басқарманың алдына әкеліп қойды. Жүрт:

- Жөн, жөн.
- Онысы дұрыс.
- Кісілігі бар адам ғой,— десіп күбірлесіп қалды.

Біржан да ашты қайтқандай, жүзі жылып:

— Секе, онда кімнің қалай жұмыс істейтінін жақсы білесіз ғой. Осыған ылайық, деген біреуіне өзініз тапсырыңыз,— деді.

Мұны күтпеген Серәлі абыржып қалды. Өзіне қарай қадалып, самсаған жанарларға мұның қайсысына бердім дегендей сасқалақтал қарай берген.

Көзіне көптің арт жағына сала бұйығы тасаланып отырған Жаңабике дейтін жас әйелдің түсе кеткені. Үн-тұн жоқ, бір момын жан болатын. Ал қара жұмысқа ер жігіттей қайратты, ерінбейтін, шаршадым-ау деп қабақ шытпайтын, терісі кең адам еді. "Жас-жаста бір көнтерлі, бейнеттен жеркенбейтін кісі екен" деп Серәлі өзі ісіне риза бола жүретін. Сол Жаңабикені шақырып:

— Келін осыны сен алшы, сенің еңбегін, бар,— деді.

Жұрт:

- Дұрыс!
- Дұрыс!— деп қол соғып гүілдесіп кетті.

Әйел әрі қуанғанынан, әрі үялғанынан көзіне жас үйіріліп, бұл қолына ұстактан кездемені сипалай берді.

Жаңағы тұнық суға тас түскендей оқыс болған келеңсіз жайдың көңілсіздігі сейіліп, жұрт қайтадан кеүкейлесіп, онан кейінгі озаттарға үлестірілетін кездеме, орамал, қант-шайларын кезек-кезегімен бөлісіп жатты.

* * *

Елдің жаңа тұрмысқа көзі қанып, еті үйреніп, есін жия бастады. Қаратудың бір қойнауындағы жазықта "Жаңажол" атты колхоздың қоныстануы бой көтеріп, жылдан-жылға қанатын кең жайып, үлкен елді мекенге айналып келе жатты. Мандай алды колхозшылардың санатына еніп, ел қатарлы там салып кіріп, біржола орныққан соң Серәлі хабарласып, Түркістан жақта жүрген ағасы Бекті мен екі інісін ел ішіне көшіріп алды. Олар да колхоздың жұмысына араласып кеткен.

Болдыртып, тұралап келе жатқан жаннның сәл сәттыныс алып, дамылдағанының өзі дәтке қуат, көңілге

медеу емес пе. Сол тәрізді мына жарық, дүниеде аман жүргендерінің басы қосылып, "көппен көрген ұлы той" деп, ауырлы-жеңілді ел қатарлы тіршілік кеше бастағанына Серәлі мың да бір шүкіршілік айтып, ес жиып, еңсесі көтеріліп қалған еді. Бірақ, әлі күнге дейін ойына алғысы келмейтін, сонда да жан дүниесін тітіренткен ызғарлы елесі көңілден өшпейтін, тәркіні мәлімсіз тосын бір жай — оқыс кезіккен оқиға жүрегін тағы да шайлықтырып кеткен. Ол — Біржанға қатысты хикая еді.

Соңына түсіп, ақыры түбіне жетіп тынған осы Жылымбек екенін Серәлінің іші сезеді. Бірақ ол жағдайды кімге айтып, кімге төрелететіндегі реті бар. Ауызынды ашып сөз етпек түгілі ойға алуға тәуекелің жетпейтін, дәтің бармайтын, қатпары қалың, кісі бойлай алмайтын тұпсіз, үрейлі жылым тәрізді жолауға, маңайлауға болмайтын түсініксіз бір кеп қой. Бұл жалранда кісінің санасына сыймайтын тіршіліктер кездесе береді екен фой. Серәлінің әлі күнге дейін сол оқиға, сол кезеңді ойға алғысы келмейді. Мәнәйі себеппен кейде есіне түсе қалса, жүрегі дір етіп, ту сыртынан қадалып тұрған әлде кімнен селк еткендей бойын жинап ала қоятын.

"Ой, не бір күндер өткен екен-ау... Жарайды... Кұрысын... Несіне есіме алдым. Беті аулақ, Ендігілерге тәнірім ондайды көрсетпей-ақ, қойсын... Қайдағы қайдан еске оралады осы", — деп өз ойынан өзі ат-тонын ала қашып, әлекке түседі. Сөйте тұрғанымен Серәлінің өміріндегі тайға таңба басқандай, өшіріп тастай алмайтын, ұмытуға шамасы жетпейтін, көңіліне мәңгі өшпестей үрейдің көлеңкесін үялатқан қыын бір оқиға сол Біржан оқиғасы. Қыын бір кезең сол кезең...

Жұрт алдындағы сол әлгі қатты қақтығыстан кейін Жылымбек Біржанға көріне ашық, өшігіп алған-ды. Біржанның сыртынан әр түрлі алып-қашпа әңгімелер айтылып, колхозға да жоғарыдан уәкіл, тексеруші дегендер жиі келгіштейтін болған.

Бірде кешкісін, ел орынға отыра, Біржан Серәлінің үйіне келді. Шаршаған, қажыған сыңайын бұл шаруашылықтың ауыртпалығынан, өзінің дамыл таппайтын, аттан түспейтін, бейнетқорлығынан көрген

де қойған. Шай ішіп, оны-мұныны әңгімелесіп көп отырды. Сонан кетерінде әлденеге қобалжығандай кейіппен:

— Секе, маған бір “құпия тапсырмамен жүрміз” деп бөтен адамдар келіп қайта-қайта мазалайды. Не ойы бар екенін білмеймін. Эрнені түртпектейді. Қай-қайдарғыны қопсытады. Болмаған шаруаларды айтады. Өмірі мен білмеген, көрмеген бір кісілерді сұрастырады. Ниеттері өзіме ұнамайды. Жоғарғы жақтарда қейбір жауапты қызметтегі белгілі-белгілі кісілерді жаманатпенен жалалы етіп жатыр деген сұық сыйбыс та бар. Білмеймін бұл не жағдай екенін? Қандай заман болатынын, — деді.

Тап сол сәтте Серәлі оның уайымына бәлендей мән беріп байыбына жете қоймаған. Тек сонан көп кешікпей ат басындағы азамат, себеп-салдары белгісіз, бір түнде жоқ болып шыққанда ғана маңдайға ұргандаш шошына есендіреп қалған.

Мұндай жағдай қазір елге таңсық та емес-тін. Осы төңіректе әр жерде кездесіп жатқан. Және бұлай шұғыл кеткендердің қайтып қатарға қосылмайтынын ел де зерделеп қалған.

“Кісіге болсын дейтін, ниеті түзу жан еді. Тірі жүріп ешкімге жасаған қиянаты жоқ, шығар. Не кінәсы болды екен?! Жігіт-ақ еді. Есіл азамат-ай! Кісінің миы жетпейтін, шешуі қыын, түсініксіз бір дүниеғой бұл. Бүгін бар да, ертең жоқ қу тіршілік. Ешнәрсені түптеп ұғып ажырата алмайсың. Не істерсің. Сен басынды қатырғаныңмен өнетін шаруа емес, қайтерсің. Маңдайына жазылғаны сол шығар”, — деген ішінен шын күйініп, жаны ашып. Бірақ өлген емес, жылқан емес, не жазалы болып жұрт көзінше атып, асылған емес, не ел алдында қылмыс кінәсын айтып, көрсетіп айдал кеткен емес, кеше ғана жайрандал шаруасын шаруалап жүрген ардагер азаматтың бір түнде не аспанға ұшып кеткендей, не жерге кіріп кеткендей хабар-ошарсыз ұшты-күйіл жоқ болып шығуы, ол туралы не қатын-бала, не жақын жуық бірде біреудің ештеңе білмеуі, “тыс” деп дыбыс шығарып, жақ, аша алмауы — аса үрейлі, тылсым құпиялы, адамның жаны түршігетін ызғарлы, түпсіз үңгір сияқты қорқынышты болмыс еді. Оттан ба, судан ба, тәңірінің тиесілі ажалымен қыршын кеткен небір

боздақты өз қолыңмен арулап көму мынаның қасында тіпті өкініш, қайғы емес тәрізді.

Артында әйелі мен ес біліп қалған екі ұлы қалды. Бар қолынан келген жақсылығы баласын көрген жерде іші елжіреп, мейірлене маңдайынан сипайтын. "Жас өспей ме, жарлы байымай ма", жеткіземін десе тәңірге қын ба. Ұлының ер жетіп бертін келе балалы-шағалы болғанына, азаматтың артынан жоғалмағанына, өсіл-еніп отырғанына шын тілеуқор көңілмен "өткенге салауат, барға шүкір" дейтін оларды көрген жерде.

Жамандықтан жанданып, нәр алатын, құлпырып тулейтін адамдар болады екен. Біржан үшті-қүйлі жоғалған осынау үрейлі кездерде Жылымбектің жалыны бет қаратпай шалқыды-ай дейсің. Ажарланып, сестеніп, алшаң-алшаң басты. Бірді-бірге айдалап сап, аңдытып, алакандай ауылдың адамдарын алакөз етіп, ыру-дыру қылды. Біреулерді үйтқытып, еліктіріп, ертіп алды, түн баласы тың тыңдайтынға шықты. Оның ақ сайтан, әзәзілдігі мықты ма, жоқ әлде пенде шіркін қын қыстау күн туғанда жаманшылыққа бейім, таяу тұра ма, бұрын өзімен-өзі, шаруасымен жүрген, бәлелікпен ісі жоқ, қайсібір оп-орнықты жандарды ала құйын Жылымбек өзіне ілестіріп, әлгіндей шаруаларға оп-оңай жегіп алады. Кімді-кімге айдалуды жақсы біледі. О тоба, адамның басын айналдырып алатын бір бәлесі бар-тын. Талайларды көзбе-көз арандатты. Олардың кейін өкінгендері де аз болған жоқ. Серәліге де талайларды қайрап салған.

Басқасы басқа өзіне бала күнінен туған інісіндей саналып кеткен Досбай жазғанды айдалап салғанын айтсайшы. Эй, әзәзіл еді-ау. Кісіні қүйқылжытып табан астында сабындаі бұзатын. Досбай жазған, топырағы торқа болсын азаматтың, кете кеткенінше мұның жүзіне тұра қарай алмай қысылатын сол ісі үшін...

Кісінің алдынан кесе өтпейтін, жуас, адамға сөзі жоқ, елгезек жігіт болатын. Мұнан жеті-сегіз жас кішілігі бар әрі жақын ағайын, ағалап жаны қалмайтын. Сол кішіпейілділігі үшін бұл жақсы көріп, қасынан тастамайтын. Кіш-кентайынан көз алдында өсті. Бертін келе отау көтерген соң мұның үйімен қоңсы қонып, ілесе көшіп жүретін. Сол үрдісімен арқадан Қаратаяға

қарай босығанда да әйелі мен екеуі осылармен селбесіп жеткен. Олар көліксіз жаяу ілесіп, көрпе төсегін Серәлінің қараша інгеніне артты. Жолай Досбай өзі ауру, әлсіздіктен жүргүгө жарамаған соң күйі барлау Серәлілер жаяу түсіп, көбіне соны мінгізіп отырған. Сөйткен Досбай қарадан-қарал жүріп, бір күндері қырын міnez танытсын. Көшілік бас қосып отырған бір жиында әй-шәй жоқ:

— Мына Серәлінің үйінде, сандығының түбінде атасы

Бектібайдың би болғандағы алтын мәрі сақтаулы. Бидің мәрін неге сақтайды? Өкіметке білдіру керек,— деп қарал отыр.

Серәлі үстіне мұздай су құйылып кеткендей тіксінді. Ойда жоқта шыққан мына әңгімeden сасқанынан жерге кіріп кете жаздады. Әбден запыста, үркек болып қалған жүрек су-су етеді. “Бидің мәрін сақтап жүр деген кінә тағып, әлдекәндай жазага тарта ма қайтеді” деген қауілтен заресі зәр түбінде кеткенімен қарал қалмай, жан сауғаның қамымен дәң айбат жасап:

— Эй, оттама. Сен қайдан көрдің. Біздің үйде ондай зат жоқ, Бағыза арқадан көшерде жоғалып қалған. Не тантып отырсың,— деп сыр бермей өзіне дүрсе қоя берді.

Ол мұның бастырмалатқанынан тайсақтады ма қайтып шапылдағ дауласа жәнелген жоқ. Үн демей қалды.

— Сен өз көзіңмен көрдің бе? Қашан көрдің? Көрген жеріңнен тауып бере аласың ба? — деп Жылымбек орнынан үшып тұрған.

— Көргенмін, көргенмін... — деп күмілжіді Досбай. Бірақ тауып беремін деп сыбана қоймады.

— Көрсөң бағыза көрген шығарсың. Онан бері не жоғалып, не қалмады.

— Арқада емес, осында келген соң көрдім деген жоқ, па едің? — деп тақымдады Жылымбек.

— Сол мөр қазір біздің үйде болса осы отырған жүрттү ертіп барып, тінтіп тауып алыңдар, — деді бұл енді шешінген судан тайынбастың кебін киіп. Не де болса өстіп бетін қайырмаса тінтеміз деп әурелеп жүре ме деген уайыммен, ышқына түсіп.

Мұның бұл сөзінен кейін Досбай төменшіктел

үндемеді. Жылымбек те басылып қалды. Әңгіменің беті басқа жаққа ауды.

Бәледен құтылғандай болғанымен оттың үстінде отырғандай терлеп кетті. Жиналыс аяқталғанша іші қылпылдаپ әрең шыдады.

Мөрдің үйінде, сандықтың түбінде жататыны растын. Ол мөрді кезінде атасы Омбыда қүйдіртып әкелген екен дейтін. Оны бұл алтын, асыл бүйім ретінде емес, атасының бір тұтынған заты, көзі сияқты, қастерлі мұлік ретінде жоғалтпай сақтап жүретін. Енді сол біреудің кимасына тиеді, мұндай әңгімеге қалдырады деп кім ойлапты. Күнде үйме-үй араласып жүрген Досбайдың оны көруі кәдік-ті. “Құрысын, енді көзіне түссе айрылmas. Сол жоқ, деген күйі жоғалтайын”, — деп түйді. Үйіне келе сала әйеліне болған жайды айтты:

— Кім біледі бұл пейілі бұзылғандарды, бірде болмаса бірде тінтіп, көріп, сөзге іліктіріп жүре ме қайтеді, сол мөрді сен кешке қарай үй маңынан аулаққа көміп тастасаң. Әңгіме басылған сол кейінірек қайтып аларсың, — деп тапсырды.

Қалима шүберекке түйіп, сыртынан киізге орап тігіп, үй сыртындағы шағыр жусанды алаңқайға апарып көміп қайтқан. Кейін бірақ қараңғыда қай жерге көмгенінен шатысып, ақыры таба алмай қойды.

Жасынан пысық, алғыр, басынан сөз асыра қоймайтын, бір кісідей шамшыл мінезі бар Серәлінің кейінгі кезде адамға өкпелеуді, таңғалуды қойған сыңайы бар-тын. Тіршілікке деген самарқаулық, бойын дендергендей еді. Не іске де, тағдырдың бұған тартқызуға тиіс тауқыметіндей қарап, көнбістікпен көтере беретін ыңғайда-тұғын. Досбайға да зіл сақтап, өкпе айтқан емес. Кездескен жерде қипақтап, жерге қарайтынын бұл аңғармаған қалыппен ештеңеге мән бермей:

— Аман ба? Балалардың дені сау ма? — деп сәлемдесе салатын.

Бейшара, ауылдың жігіттерінің алғашқы тобымен әскерге аттанып, соナン қайтпай қалды. Армияға кетерінде құшақтап алып, ағыл-тегіл жылап тұрып қоштасты. Серәлі де оның көңілін түсінген.

— Өз жұрагатыңыз рой, мына жетімдерге көз қырыңызды сала жүрерсіз, — дегенде мұның да сай-

сүйегі босап шын езіліп көріскең. Көңілінде кір қалмаған қалыпта қош-саулық сұрасып еді. Кейін онан қара қағаз келгенде "шіркін, дүние-ай, есіл ер-ай" деп қыршын азаматты қимай, опына есіне алған. Артында қалған үш-төрт кішкентайын азамат болғанша өз балаларында еміреніп мәндайынан сипады. Реті келген жерінде қол үшін беріп тұрды. Обалы нешік, олардың да көңілінде қалтарыс жоқ, күні бүтінгө дейін көрген жерде "кеке, кекелеп" тұрады. Азаматтың артында "қара-құра" қалып, тұтін тұтетіп отырғанына, оты өшпегеніне, өмір желісінің жалғасып кележатқанына бұл да тілеулемес. "О шіркін, бәрінен де бар жақсы, жоқ жаман, жоқ жаман" деп толғана тебіренеді.

* * *

Қарасы өшкір, сонау соғыс ауыртпалығы бөле-жара емес, әмме жан біткенге бірдей алапат ауыртпалық әкелген сұрапыл болды ғой. Қара жерді теңселткен қасіретті қара дауылы алақандай "Жаңажол" ауылының да жаңа өркен жайып келе жатқан жас шыбықтай әлі қатая қоймаған қабырғасын қайыстырылдық-ау.

Соғыс басталған алғашқы жылы-ақ бұл ауылда әскер жасына жарамды деген жан біткеннен некен саяқ, кісі қалған. Басқасының бәрі екі-үш дүркін шақыртуда-ақ түгесіле аттанып кеткен. Қалғандардың бірі осы Жылымбек. Шақыртумен екі рет ауданға әскери комиссариатқа барған жерінде аузынан ақ, көбігі бүркүрап, ұстамамен талып қалып, "ауруулығынан" әскерге жарамсыз болып қайтқан. Сонан кейін оны ешкім қозғамаған. Оқыстан пайда болған шын науқас па, көзін тапқан әрекеті ме, ол жағы бір өзіне, сонан соң комиссиядағы дәрігерге мәлім жай.

Жаңағы Досбайлармен бірге алғашқы шақыртуда-ақ, Серәлінің екі інісі қоса аттанған. Үлкені Откен барған бойы жөнелтілетіндердің қатарына қосылды да, сол кезде колхозға бастық болып қызмет атқарып жүрген ең кіші інісі Кунақ облыстан қайтып келіп, бір айдай ауылда жүріп, келесі кезектегілермен тағы шақырылды.

Соғыстың аты сұық, төбеден жай түсіргендей тосын, үрейлі естіледі де, жүртқа бірден қатты әсер етті. Ә,

дегеннен-ақ, елдің ғазабат ауыртпалықтың салмағын сезгендей тіксінген сыңайы барды. Бірақ соның өзінде де көпшілігі кейін бастарынан кешүге тура келетін сұмдықты — мынау қазір қимай, жылап-еңіреп шығарып салып тұрған ет жақын бауырларының, бетке шығар ең асыл азаматтарының, бірен-сараны ғана болмаса елге қайтып оралмасын зерделей қоймаған шығар. Сол мезгілде тап соны құтпеген болар. Алайда Сәрәлінің жүргір тұскір әлдене жаманшылықты сезді ме, кіші інісімен қоштасарда қимай, бордай езіліп, ат үстіндегі жігіттің қолынан ұстаған күйінен ажырай алмай ілесіп, жылап қоймай қойды.

Інісі мұны өзіне-өзі келсін деді ме:

— Мұның не, Серәлі, қойсайшы, қал енді, қайда ілесе бересің, — деді. Соңда барып байқады қоштасқан елдің бәрі ұбақ-шұбақ, сүйретіле созылып, аттанып бара жатқандармен аралары бірте-бірте алыстай бөлініп, кейінде қалған екен. Бұл соңда да солығын баса алмай, қолынан босатпай, біраз қапталдасқан.

— Қой, Серәлі. Құллі жүрт кетіп бара жатқан жоқ па?! Менің басыма жалғыз келген зауал емес қой. Аман-есен көрісуге жазсын де. Күйрей бер ме. Өзіңе-өзің мықты бол. Жәкемнің жағдайына, қас-қабағына қара. Аман болыңдар енді, құдайға тапсырдым, — деп дауысы толқи дірілдегі, атын шұғыл бұрып “шу” деп тебіне жөнелді. Бұл сол тұрған жерінде қала берді. Сәл ұзай түсіп, қалт тоқтап артына қарады. Соңан аттылар алдағы белден асып, кезден тасаланғанша артына қайта-қайта қарағыштаумен болғанын бұл көріп тұрды.

Ақыры екі інісін де қайтып көруді тағдыр жазбады. Алғашқы жылдары бірер рет хат алды. Соңан кейін қара қағаздары келді. Қырық, екінші жылы Серәлінің өзі жұмысшы батальонына алынып, Сібірге ағаш кесуге жол тартты. Содан екі жылдан кейін ғана оралған.

Бұл кеткенде колхозда Жылымбек бастық, болып жүрген. Жасайтыны қызойнақ, көрсететіні жетім-жесірлерге қысастық, Әбден шектен шығып кеткен соң жақында аудан орыннан босатылды. Енді соғыстан жараланып қайтқан Жақсылық, деген жігіт колхозда бастық болып жүр екен. Жасынан көз алдырында өскен ауыл баласы, орнықты, бір тоға, адал жігіт екенін билетін.

Жарасының әлі айығып жазылмағанына қарамастан колхоздың шаруасы деп тынбай шырылдап, ойға-қырға шапқылап жүргеніне жаны ашыды. Эрі риза болды. "Ерді кебенек ішінде таны". Кісінің кіслігі осындағы қысылтаяңда көрінеді де. Мына күйреп тұрған тіршілікті қайтып жөнге келтіремін деп ышқынып жүр-ау. Қайтсын, өзін адам деп сеніп жұмыс тапсырған соң, мына жетім-жесір, кәрі-күртаң қыруар жүрт бетіне қарал отырған соң, өстіп жүтірмегендеге ше. Ықыласы дұрыс екен. Кісінің ниетіне береді ғой. Тұбі іс шығаратын, елге береке ұлататын тіршілік қой мұнысы", — деп топшылаған. Сол тілекtes көңілмен алдына келген.

— Ал, шығағым, мынау адам қолы аз, кем-тар кезде, шаруаңың қай жағына қол қабыс етейік? Не жұмыс тапсырасың? — деген.

— Сәке, осы колхозда ірісі-майдасы аралас үш жұздей ешкі түкімінің есебі бар. Эр қой отарының ішінде отыз- жиырмадан бөлініп-бөлініп жүргеннен соң ба басы көбейетін емес. Мандымай қойды. Бағуы келіссе негізі өсімтал тулік қой. Соларды жинал алғып, өз алдына бір қора етіп ие болсаңыз. Басына бас қосылып, молайса келешекте осы орталықтағы жүртқа сауынға пайдалансақ па деймін. Азынаулақ, сиырдың сүтін мемлекетке өткіземіз. Онан дәметуіміз қысынсыз. Шілдеде жасы бар, кәрісі бар, бейнет тартып жүргені бар, кім-кімге де айран, шалапсыз, шай қатық сүтсіз обал-ак, Күйі болса ешкі деген майда түяқтың сүттісі емес пе. Қалай ойлайсыз, Секе, — деп әңгіменің түйінін мұның өзіне арта ақыл салғандай сыңай танытты.

Айтып отырғанының қысыны бар, жөн білетін адамның сөзі. Құптамағанда ше.

— Макұл, — деген. — Биылша сауынға жарай қоймас. Қазір басын қосып бағып, күз күйекке түсірейік. Келер көктемнен барын барынша сауынға пайдаланаармыз.

— Онда жақсы, бүгіннен бастап жағалап жинал алыңыз. Қонысқа қай жерді қолайлы санайсыз?

— Онда енді тәуекелге бел байлад, "Шешенбайдың" қалыңына көшемін. Мал бағамын деген кісіге бұл төңіректе онан шүрайлы жайылым табылмайды. Күзде күйекке күйлі түсу үшін ешкіні жаздың мына қалған екі-үш айында соның шүйгініне жайған жөн. Елден

жырақ, мойны қашық жер. Жалғыз үйліктің тауқыметін тартуға тұра келеді. Бірақ, бас аман болса оқасы жоқ, Қайтеміз енді, шаруаның ыңғайы солай.

— Рақмет, Секе!

Қырғыздың аспан тауларынан басталып, арындаған, жайқала ағып, оңтүстіктің кең даласының теріскейіне сала бір пұшпағын тіліп өтетін Талас езенінің Мойынқұмның жиегіне барып сіңетін аяқ, тұсы "Шешенбай" аталатын өнір еді. Қазір сорға айналып, құм басып кеткен; шөлден ұшып өлген аруанадай кесперсіз кезеріп жатқан бұл өлкे ол кезде аңыздардағы көк ніл дарияның жағасындағы ғажайып көрікті-тін.

Құмның әр жалының асты мөлдіреген айна көл. Көлдің асты тайдай тулаған балыққа, беті жыртылып-айрылған құсқа толы. Ол шеті мен бұл шеті аттылы кісіге жарты тәулік қана жол болатындағы осы аймақтағы "Шешенбай" өнірінің өзінде жүзге тарта көл, көлшік бар-ды. Топырағының түгін тартсаң майы шыққан жерүйігі. Құмның шөлге өсетін қуатты, күшті сан алуан кермек оты, шүйгіні өз алдына; көл-көлдің жағасы, арасы желегі желбіреген жасыл құрак, қалың жыңғыл, шенғел, сексеуіл; ұшқан құс, жугірген аңанан басқа мал баспаған, адам ізі түспеген ну сонылық, Изен, жусан, еркек, селеу үзенçлікке таяп; түйе сіңір, теріскені, түзгені дүлейдегі арасынан кісі өткізбейді. Төрт тұлік малға қажет шөп атаулының шықпайтыны жоқ,

Жан баспаған осы тыңға келіп жайылған аз күннің ішінде-ақ, малдың түгі, ажары өзгеріп сала берді.. Шаршау дегенді білмейтін қайрат қүштің мол кезі, күндіз алысырақтағы, көлдің төңірегін қуалай өрістетіп, кешке қарай үй маңына айналдырады. Айдын жарығымен тұн ортасына дейін түнемелге алып келмей, қаптата қайырмалап жайып жүреді. Қораның қотанына айдал әкелген соң таң атқанша әйелі Қалима мен майлышаяқ, атты адамдай есті, жануар, қызыл төбетке тапсырады. Елсіздің ит-құсы қатты. Ең қыын жері сол. Бірақ, әйтеуір, "сақтансаң— сақтаймын" деген фой, осы шешініп бел жазып, алаңсыз көз ілмеген еңбектерінің есесінен қарай көлденең бәледен аман болды. Бір шыбыштың да қылшығы қисайған жоқ, "Шешенбайға" көшіп келген екі-үш айдың ішінде семіздіктен бітіп қалды. Сол күйі

күйекке күйлі түсті. Қыста құм ішінің шүйгін жайылымы, биік жалды, ықтасыны мол, жылылау тұсындағы ескі көндердің бірін қонысқа таңдал алып, жыңғылдан биік, әрі қалың етіп албар қора тұрғызыды. Қораның астының қызы ессе малдың күйі төмендейтінін, буазының іш тастайтынын шаруа бақдан жасынан жетік білетін Серәлі аптадан асырмай белді шарт буынып, қиды аударып, сыртқа күреп тастайды да тұрады. Ашық қорада жатқанымен асты үнемі қыз-қыз қайнаған қорда болған соң, жайылымы келіскең соң, күйлі мал қысты қаперіне алмайды екен. Жұні жылтжылт еткен ажарынан тайған жоқ, Көктемге салым байқаса алдындағы ешкінің тіпті шыбышына дейін қысыр қалғаны жоқ, Бәрі буаз. Көбісі егіз тәрізді. Күннен-күнге іші жер сзып, шермендеп барады.

Серәлі "ой, жануарым-ай" деп әрқайсысын маңдайынан сипағандай аялап бағып күтсін. Көктемде алдындағы ешкілері үшемнен, егізден лақты төгіп берсін. Күйлі малдың тәлдеуі де қызын емес екен. Әрі үшеміне дейін лағын өз сүтімен мол жарытып асырады. Адал еңбегінің құдіреті шығар соナン соң-ақ Серәлінің өмірінде ертегі дерлік бір хикая басталған.

Тәлдеу аяқталып, санақ, жүргенде бауындағы үш жүздей ешкіден жеті жүзге таяу лақ альш, өсіріп отырганы мәлімденіп, бұл хабар аудан түгілі облыстың құлағын елең еткізген. Рас-әтірігін Серәлінің өзі де білмейді "енди Серәліге мына еңбегі үшін қыруар лақ, бәйгеге беріледі екен" деген сез ауылдың ішінде гу-гу тарады. Сол әңгіменің әсері ме Жылымбек: "Бұл жалған нәрсе. Ешкіден ондай көп лақ алынған жоқ, Колхоз бастығының Серәліге бәйге әперуі үшін жасап жүрген әрекеті", — деп ауданға, облысқа арыз айдаған. Серәлі мұнан да хабарсыз. Тек ауданнан келіп алдындағы ешкіні, лақтарды қайта-қайта санап кеткен. "Осыншама төл алды дегенге құдіктеніп, растығына көздерін жеткізейін деп жүргендері шығар" деп оған онша мән бермеген. Естіген ел түгілі өзі де тұс кергендей. Олардың сенбестік танытқанына қынжылған жоқ. Соナン біраз өткен соң колхоз бастығы Жақсылық, ара-тұра ауданнан колхозға келіп жүретін уәкіл екеуі қасында жастау орыс жігіті бар сәске түсте ауылдың маңайында мал жайып жүрген бұған соқты.

— Секе, мына жігіт жоғарыдан келген кісі, облыстық зоотехник,— деді Жақсылық. — Малды ауылға айдаш жүрініз, санаймыз.

Ауылға келген соң ешкіні санаپ ііріп қойды да, қорадағы лақты санаады. Сонан соң зоотехник жігіт:

— Енді лақтарды енелеріне жамыратыңыз, — деді.

Серәлі де оның ойын түсінен қойған. Лақтарды бөлек-бөлек алып шығып, енелеріне жамыратып, жағысқандарын әрі қарай айдаш шығара берген. Бәрін жамыратып болған соң облыстан келген кісі қошуақ, риза қалыпта малдың ішін аралап, күйіне зер салып, көп жүрді. Кішкентай шыбыштардың бауырына дейін егіз лақтан жабысып, еміреніп тұрғанын, кексе ешкілердің үшемдерін мүйізімен қақпайлап, кезек емуіне, біреулерінің шеттеп аш қалмауына жағдай жасап жатқанын көргенде жүзіне құлкі үйіріліп келіп, Серәліні құшақтап бетінен сүйді.

— Настоящий герой! — деп арқасынан қайта-қайта қақты.

“Әй, орыстың баласы кесапаты жок, қарапайым келеді-ау осы. Әділ-ау. Қарашы мынаның тұра мен әкесіне жақсылық, жасағандай риза болуын”, — деп ойлаған бұл да көңілденіп.

Ал жыл аяғы болғанда өзіне бәйгеге тиесілі деп тауып, колхоз елу лақ бергенде сенер сенбесін білмей аңтарылған. Мына кереметті қараңыз — бұл баққан ешкі отары тап осылай қатарынан тағы екі жыл төгіл төл берсін. Келесі екі жыл ішінде елу лақтан жүз лақ, тағы бәйге алсын.

Кісі сенбейтіндегі жағдай. Жұрт та таңқалған. Өзі де аң-таң. Бірақ, көзбен көріп, қолмен ұстап тұрған шындық.

— Балаларының несібесі шығар.

— Еңбегінің жемісі де. Алсын. Қалай бақты дейсің ол ешкілерді. Мал жарықтық баға білсең береке де. Күйін келтірсең аузызынды ақ майға шыламай ма.

— Мұның да басынан еткізбегені жок, Сол көрген көп қындығының қарымтасы да. Дүние кезек деген осы да. Тәңірі пендесіне кілең тауқымет тартқыза берсін бе?

— Ағайынға ниеті бөлек, кісіге қайырымы мол, пейіл

құны адал жан ғой. Сол ниетіне көрінгені шығар. Елдің алғыс-батасының шарапаты болар,— десті көпшілік.

Ал Жылымбек үсті-үстіне жоғарыға арыз айдаپ, жыл сайын мұның алдындағы ешкі-лағын қайта-қайта санатып жатты.

— Түү, құдайдан безген дауасыздың өзі екен. Көзі көріп тұрған нәрсеге осыншама байбалам жасап, елді әуреге салып, неге басын қатыра береді. Бәле құған адамға сөз жоқ екен-ау,— деп түңілген де қойған жұрт.

Табиғатынан жамандыққа жоқ, дау-дамайдан аулақ жүргісі келетін Серәлі әсте Жылымбекпен кездескісі келмейтін. Сонарадайdan қарасын байқаса, көрмеген сыңайда бұрылып кетуге тырысатын. Ел іші, ара-тұра кейде біреудің қуанышы, біреудің батаокыры дегендей жиын, бас қосуда кезіге қалса сәлемдескеннен артық тіл қатысуға бармайтын. Кейде оның қатар тұтып, базына, наз айтқысы келгеніне де, кейде тиісіп, қағытқанына да мән бермегенсіп, өткізіп жіберуге тырысатын. "Құрысын, пәлеқор немемен ілініспе-ақ" деп бойын аулақ ұстайтын. Осы кейінгі тұстарда екі-үш мәрте "жарайды, ренішті тастайық, Өткен өтті ғой" деген сыңаймен жанасқысы келгендей де рай аңғартқан тәрізді еді. Серәлі оған да елпілдей қоймады. Қенілі түскір әбден қалып қойған ба қалай "осы аққет торғаймен әмпейлесіп, кісі опа таппас" деген түйткіл тарқамай тұрып алған.

Сейтіп өмір бойы айналып өтіп келе жатқан Серәлі Жылымбекпен ақыры бір бетпе-бет кезікпей кете алмапты. Мал басы өсіп, егін көлемі ұлғайып, жаны нанға тойынып, жылдан-жыл ілгерілеп келе жатқанымен колхозды ауылдың әлі де соғыстан кейінгі жылдардағы шаруашылығының қоңторғайлау кезі. Жұмыс қолының аздығы, құшкөлік, арба-соқаның тапшылығы өз алдына сол барының өзіне қамыт-сайман, үзеңгі-жұген, ертоқым дегендер жетіспейді. Әсіреле солардың баушуына қажет қайыс таптырмайды. Алайда таптырмайды деп қарап отыра ала ма. Тірі жан тіршілігін жасайды, әр түрлі қам-қарекет қылады. Әрекеті бар колхоз бастықтары түрлі-түрлі жолдармен көзін табады. Өйтпесе, аузын ашып қарап отырғанымен әкеліп беріп, қамтамасыз ететін ешкім жоқ. "Сельхозснабтың

жағдайы белгілі. Аты бар да, заты жоққа таяу. Ол азғантай затты аудандағы отыз шақты колхозға шашқанда жұлықтарына жұғын да болмайды.

"Жаңажолдықтар" көктемде лақтап болысымен қылын қырқып алардың алдында ешкіні түбіттейтін. Қүйлі малдың қыртысты терісі түкті келеді, әрине. Кейінгі жылдары әр көктемде өкіметке тең-тең түбіт өткізіп, аса қымбат бағалы бұл жұн түрінің жоспарын колхоз жұз елу, екі жұз процентке дейін тапсыратын.

Бірде көктемде Жақсылық, ешкі түбіттеп жатқанда келіп:

— Секе, мен бір алып-сатарлықпен айналыспақтын,— деп күлді әдеттегі жуас жымысымен жадырай түсіп.

— Е, ол не?— деген бұл да күліп.— Алып-сатарлықта кісіге керек кәсіп. Әрі сенің оған қисының бар. Нагашың кезінде кірешілерге ілесіп базарға мал айдаушы еді. Сөйтіп жүріп "жаяу саудагер" атанған...

Серөлінің оны өзімсініп, жасы кіші демей-ақ жарасты жерінде өзілдей беретін әдеті бар-тын. Жақсылық шексілесі қата күлді.

— Эй, Сәке-ай, сізде қайдағыны ұмыттайсыз. Табан астында ол қайдан ойыңызға түсті...

"Бұралқы сөз құлуге жақсы". Екеуі өстіп әжік-кужікtesіп алған соң Жақсылық шаруасының орайын әңгімелеген.

— "Сельхозснабта" экспедитор бір жас жігіт бар. Үйі қалада тұрады. Сіз көрмеген шығарсыз. Танымайсыз. Мен облысқа жиналысқа қатынасып жүргенде, таныс жігіттермен ілесіп, үйінде болғанмын. Соңан білемін. Қолынан әр нәрсе келетін жытқыр жігіт көрініп еді. Мейлі онысы өз шаруасы ғой, бізге келер-кетері шамалы. Соған жақында аудан басында кезігіп қалып: Осы біздің колхозға қайыс бермейсіндер, қайдан қалай табамыз, әбден зәру болдық, деп едім. Ешкілі колхозсындар ғой, екі қап түбіт бер, базарға саттырайын да, акшасына екі жылға жететіндей қайыс әкеліп берейін. Қайыс болғанда да қандай, нағыз высший сорты" дегені. Тәуекел деп соған уәделесіп келгенім.

— Уәделессең түбіт бар ғой. Колхоздың өз мүлкін өзіне жұмсағанның қылмысы жоқ шыгар.

— Қылмыс болсын, болмасын негізі бізге бұлай

жасауға рұқсат жоқ, Біле қалса жоғары жақ, маңдайымыздан сипамайды. Түбіттің бір талын да қалдырмай, шашау шығармай мемлекетке өткізу керек деген қатаң нұсқау бар. Оған бағынбауға хакымыз жоқ, Бірақ мына қайысы түскірдің зәрулігі өтіп барады. Оны табудың мұнан басқа жолы көрінбейді. Түбітті өткізудей-ақ, өткізіп жатырмый ғой. Былтыр екі жүз процент тапсырық, Биыл да онан көп болмаса аз өткізбейміз. Бірақ, сол үшін екі тілім қайыс берейін деп тұрган ешкім жоқ-ау... Өзі ешкіні түбіттеп болып қалдыңыздар ма?

— Таял қалдық.

— Қазірге дейін тапсырған түбіттеріңіз жоспардың жүз елу проценттіне жақындаады. Әлі өткізілмей жиналып қалғаны қанша?!

— Төрт-бес қанар. Бүгін жөнелтеміз.

— Онда, Секе, екі қанарын есепші жігіттен кешке қарай, жұрт қөзінен таса кезде, арттырып жіберіңіз. Керек жеріне сол жеткізіп берсін. Ал қалғанына мұқият боларсыз. Түбіттеп жатқандардың ішінен кейбір ашқөздер шығып, қойны-қонышына тықыштап, рәсуга етіп жүрмесін.

Қалғанын дұрыстап өткізейік. Берекесін берсе сол да аз болмас.

— Макұл, жарайды,— деп Серәлі тапсырғанын таптүйнақтай жасаған.

Айтқандай-ақ, соナン айра жетер-жетпес шамада қалыш-қалышбымен тілініп, қатталған; ұстап көрсөн шүберектей жұп-жұмсақ етіп иленген; шаруа адамына етene таныс судай жаңа тері іісі бүркүраған; кісінің көзі қызылқанда тілімен жылауға бар буда-буда буылған бір қап ақ қайыс колхоз қоймасының төрінде жатты. Оның қашсан, қалай келгенімен шаруасы қанша колхозшылар айыл, тартпа, үзенғі бау, жүген-тізгін, қамыт, қамшыға бір жарып қалған. Бірақ, қысы-жазы тыным жоқ, колхоздың шаруасына не шақ келсін, өстіп әжептәуір бүтінделіп қалған құрал-сайманы аз уақыттан соң қайтадан өрім-өрім, алқам-салқам бола бастаған. Соナン соң Жақсылық, биыл да әлгі тәсіліне көшпек-тін. Тап ешкі төлдеп бітіп, енді түбіттей бастаған кезде колхоздың есепшісімен екеуін облысқа бір айлық оқута шақыртсын.

Жүрерінде Серәліге жолығып:

— Секе, түбітті өткізіп болған соң, соңына сала былтыргыдай екі қабын алып қалып, көзден тасалау жерге сақтай тұрарсыз. Келген соң реттермін, — деп тапсырып кетті.

Теңкиген екі қап түбітті, келген-кеткен көз бар, бадырайтып үйінде сақтап отыра алмады да сол жер сенімді болар деп колхоздың қоймасына апартып қойған. Қоймашы жігітке мән-жайды тутесілеп жатпай-ақ:

— Мынау Жақсылықтың тапсырмасы еді. Өзі келгенше осында тұрсын. Ешкім тиіспесін,— деген де қойған.

Сонан екі-үш күн өткен соң, көзі алақтап қоймашы жігіт жүтіріп келсін үйіне:

— Ойбай, Секе, құтқар бәлеңнен?!

— Ой, не дейді, мынау? Не бәле. Түсіндіріп айтшы.

— Энеуқунгі екі қап түбітті көріп алып, Жылымбек бұлік салып жатыр. “Бұл үрлық зат. Өкіметке өткізуге тиісті түбітті жасырып алып қалып, сатып пайдалан-бақшысындар. Заң орнына мәлімдеймін қылмыстарынды”, — дейді. Серәлінің де зәресі ұшып кетті.

— Ой, не дейді, мынау? Не дейді? Оны қайдан көрді? — дей берді сасқанынан.

— Білмеймін, мен қойманы ашып ішіне енгенім сол еді, қайдан сап ете тұскенін, кіріп келді де, қуыста тұрған екі қап түбітті бас салды. “Мынау қайдан жатыр, неге тығып отырсың?” деп.

— Сен не дедің?

— Не дейін. Серәлі әкеліп қойды. Кімдікі екенін білмеймін дедім. “Онда солай деп, Серәлі әкеліп тықты деп қолынан қағаз бер” дейді. “Әйтпесе мына актіге қол қой да, мына екі қап түбітті маған бер, ауданға алып барамын” дейді. Басымды қатырды, әбден. “Мен түкті де білмеймін, қағаз да бермеймін, Серәліден барып сұра, соңан біл” десем, тыңдамайды. “Онда сен де Серәлімен сыйайлассың. Ұрлықтарың бір. Бірге көрсете-темін” дейді. “Жан керек болса, өз басынды арашалаймын десен, Серәліні көрсетіп жазып бер, сенде жұмысым жоқ, онда ісім сонымен болады” деп жанақымға алып барады. Айналайын агатай, мына бәлеңнен құтқар.

Өзің үйіңе алып кетесің бе, Жылымбекке бересің бе. Тез журе гөр. Серәлі де ес жоқ. Тура тәбесінен жай

түскендей болды. Не істерін білмей аңқысып отырып қалды.

— Жұр де жұр, — деп қоймашы жігіт желкелеп барады.

Сасқалақта:

— Әй, ол менің затым емес қой, Жақсылық, айтты рой.

Колхоздікі рой,— дейді.

— Мен сізден сұрағаным жоқ, қой кімдікі деп. Оны сұрап тұрган кісіге айтыңыз кімдікі екенін.

— Өзі қайда?

— Сол қойманың алдында тұр. Тұбітті алмай кетпеймін дейді. Мен иесін ертіп әкелейін деп жалынш-жалбарынып әрең босандым.

— Тұбітті алғаны несі? Ондағы шаруасы не? Ол колхоздың тұбіті рой,— дейді бұл далбасалап.

— Ұрланған затты өз қолыммен заң орнына апарып тапсырамын дейді.

Оның тубітке жабысып тұрган түлкі есебін бұл да сезбейді емес, сезеді. Соны сезген соң сасқанынан не дерін білмей айтып тұрганы. Жылымбектің әрекеті белгілі. Бидай орып жүріп күніне белбеуіне үтіп, үйіне қос уыстап дән ала қайтып, соларды жинай келгенде бір-екі пұт болып қалған жесір әйелдердің үйін көрсетіп тінткізіп, бидай үрлады дегізіп, акт жасаттырып, әуресарсанға салып қойғанда, ал мына екі қап тұбіт үшін, жамандыққа бет алып, іс насырға шапса сөзге келмей айдалып кетуге болатынын сезеді. Соны ойлағанда жон арқасынан жылан жүріп өткендей қалтырап, мұздай тер шып-шып шықты. Бұл бәледен өзін арашалап алар жалғыз кісі — Жақсылық, қана. Ол болса қазір мұнда жоқ, Әлі жарым айсыз келмейді. Оған дейін істің қыынға айналып кетуі кәдік қой. Кәдік емес Жылымбек мына екі қапты өңгеріп апарып дұрс еткізсе, мұны сөзге келмей отырғызыар. Не куәсы жоқ, Құр айтқанына кім сенеді.

“Қой не де болса Жақсылық, келгенше екі қапты кісінің қолына тигізуге болмайды. Айырылмауы керек. Соナン соңғысын көре жатар”.

Осы оймен қойманың алдында ойқастап тұрган Жылымбекке жуаси сәлемдескен.

Келе жатып қоймашы жігітке де мән-жайды түсіндірген. Ол ойлағандай тұбі шикі іс емес екеніне, босқа үрейленбей қайта Жылымбекті сабырға шақыру керегін айтқан.

Жылымбек мұның сәлеміне жауап қатқан жоқ,

— Э, ақыры ұсталдың ба? Кім екенінді енді көрерміз.

Тоныңды айналдырып киіп өшкереленбей жүре беремін деген шығарсың. Мә, жүре бересің. Жылымбек оң қолын екі бұтының арасына қарай жүтіртті. Серәлі намыс пен ызадан күйіп тұрса да ұстараның жүзіндей қыллыған мына беймәлім сөтте мінез көрсетуге бара алмай, дәрменсіздіктен тұсалып, кібіртікей тіл қатты:

— Эй, Жылымбек, неге сонша табалап, асылық істеп тұрсың. Қай ұрлығымның ұстінен ұстап алып едің. Мениң кім екенімді осы жүрттың бәрі біледі. Тон айналдырып кигенің не. Өйтіп нақақ күйдірме.

— Ұсталмасаң, мынау немене? Бұл ұрлық емес пе?

Қамшымен шаңын бұрқ-бұрқ еткізіп, екі қапты тартып-тартып өтті.

— Оны саған ұрлық деп кім айтты. Колхоздың тұбіті. Колхоздың қоймасында тұрған нәрсе.

— Колхоздың тұбіті болса өкіметке өткізбей, мұнда әкеліп неге тығып қоясың?

— Тығып қойғаным жоқ, колхоз басқармасының тапсырмасы бойынша әкеліп қойдым.

— Ол неге мұншама тұбітті өзіне алып қалады.

— Өзіне алып қалған жоқ, колхоздың шаруасына керек деп қалдыртқан.

— Ол қандай шаруа?

— Оны енді соғысқа кеткен жоқ, қой, бірер аптада келер, Жақсылықтың өзінен сұра. Анықтарсың. Ал қазір бүйтіп артық әңгіме жасап, улыған-шұлыған етпейік. Бір-біріміздің бет-жүзімізді қайтып көрісетін адамдармыз фой.

— Сен ейтіп мәймәңкелеме. Өкіметке өткізілуге тиісті тұбітті жасырып, қымқырып алып қалғансың, енді уақыт оздырып ізінді жасырмакшысың. Оныңа көнетін адамды тапқан екенсің. Қазір тұбітті ауданға алып жүремін. Қалдырмаймын бұл жерде.

— Эй, жасырғаның не, қымқырғаның не? Колхоздың қажеті үшін Жақсылық қалдыртты деп отырмын фой.

— Онда екеуінің ұрлығың бір. Сыбайлассыңдар.

— Кімді ұры қылыш тұрсын сен. Жақсылықты да, мені де білмейді емессің ғой. Неге қасақана қиянатқа барып, жала жауап тұрсын?

— Кім жала жапқан? Ұрлығың қолға түсіп тұрган жоқ, па?

— Бұл ұрлық емес.

— Неге ұрлық емес. Ұрлық емес екеніне қандай айғағың бар?

— Колхоздың мұлкі, колхоздың қоймасында тұр.

Апарып қой деген колхоздың бастығы, енді келіп неге ұрлық болады.

— Колхоздың бастығының осы затты қоймаға апарып өткіз деген нұсқау қағазы бар ма қолында? Көрсетші қане?!

Серәлі күмілжіп, ештеңе деп жауап қата қоймаған. Жылымбек сол бастырмалатқан қарқынымен:

— Колхоз қоймашысының "бәлені күні осы затты қабылдап алдым" деп саған берген рәспискесі бар ма?— деді.

Амалы құрыған Серәлі қолға жаңа түскеңдей жуні жығыла:

— Жоқ,— деп мойындағы қипактады.

— Енді не дейсің? Ұрлық емес екені қане?

Сонан соң қоймашы жігітке бұрылды.

— Ана екі қапты арт қазір менің атыма.

Серәлі сасайын деді.

— Эй, Жылымбек, ұрлық емес екеніне бала-шағамың өмірімен ант етейін. Сәл шыдасайшы, аз күнде Жақсылық келер, ақты-қарасының түбіне жетерсің. Қоя тұрсайшы дурліктірмей,— деді шын тарыға.

Мұның мысы басылған сайын арқалана түскен қарсыласы мәмілеге шақырған, өтінген сөзін құлағына іletін емес:

— Арт дедім ғой атқа мен саған. Алып шық, ана екі қапты,— деп қоймашы жігітке шүйілді.

— Жылеке, Жақаң келгенше қоя тұрсаңызышы. Бір жолға шыдасанызышы. Бұл кісі қарғанып, жалынып тұр ғой. Секең өтірік айтатын кісі емес еді ғой. Бір жағдайы бар шығар. Ешқайда кетіп қалатын адамдар емеспіз ғой. Сәл асығыстамай байқап көрінізші,— деп ол да ара ағайыншылық жасап басу айттып жүр.

Бірақ оны да тыңдайтын емес.

— Жоқ сендердің бәрің жең ұшынан жалғасып жатырысындар. Ұрлықтарың бір. Мен бұл түбітті бұл жерде қалдырысам — ертең жым-жылас жоқ, қылып, көргеміз жоқ, білгеміз жоқ, деп ұстаптай кетпексіндер. Тастанаймын мен, алып кетемін,— деп қапқа қарай өзі үмтыйды. Оның қимылын бағып тұрган Серәлі де жетіл барған. Екеуінің қолы қапқа бірге тиdi.

— Ә, ұры неме. Ұрлығың әшкереңетін болған соң ышқынайын дедің бе. Кім екенің енді әйгіленетін шығар. Озат, екпінді болып көрінгің келеді. Қайдағы озат, қайдагы екпінді сенде жүрген. Сен жаусың. Ұрысың. Қоя бер қапты қазір, жаныңың барында. Бәрі бір күтыла алмайсың. Қоя бер деймін.

Серәлінің де төзімі түгесіліп, енді шегінер жері қалмағандай. Қалш-қалш буган ашу толқыны сабырын жұтып қойғандай, қалыптан шығып, өзін-өзі ұстай алмады:

— Бұзылған төбет, әлі қанға тойған жоқсың ба? Өмір бойы бәлеқорлықпен кәсіп етіп келесің. Қаншама адамды қанқақсаттың. Қаншама жанның көз жасы бар мойныңда. Сол жетпейтін бе еді. Аз ба еді. Енді ел аман, жүрт тыныш, осы бейбіт заманда жайыңа қарап журсең болмайтын ба еді. Неге жүрттың тыныштығын бұзып, бәле іздей бересің?! Қоя бермеймін қапты. Алып көр қане. Мені өлтіріп барып аласың.

— Жібер деймін!

— Жібермеймін!

— Тапа осың үшін жауап бересің.

— Мейлі қолыңдан келгенін аяма. Есінде болсын, саған айтатын соңғы сөзім — аштан өлгені бар, айдаудан оралмағаны бар, соғыстан қайтпағаны бар, сол кеткен талай боздақ, талай қыршын, талай жақсының ешқайсысынан жаным артық, емес. Солардан әулие емеспін. Ендігі қалған өмірім — садақа! Тура сенің жолыңа тігемін. Сені жастығыма ала кетемін. Қара да тұр, осыдан бәлеқорлығыңды маған тағы жасасаң — аянбаймын! Тап мына екі қап түбіт үшін біржолата келмеске жібермес. Ақты-қарасын шешетін адамдар бар шығар. Тіпті, жалалы болып кеткенде де қайтып оралатын күн туар. Тірі қелсем көресің... Ажалың

өзімнен... Әкеңнің құны жоқ, еді рой менде, нең бар соңымнан қалмайтында... нәлетті!...

— Жі...жі...жібер!

— Жі...жі...жібер...мей...мін!

Қапты әрі тартқылап, бері тартқылап арпалыса, жұлқыласа келе ақыр соңында оны тастай беріп, екеуі жұдырықпен ерсілі-қарсылы салысып өтті де, ұмаржұмар айқаса кетті.

Бір тізерлей кеудесіне мініп қалған екен, қоймашы жігіт:

— Ойбай, Секе, агатай, бұларыңыз не? Қоя беріңіз,— деп шырылдаپ жүріп әрең ажыратты.

Қойма ішінің толарсақтан келетін шаңына бөгіп шыққан үсті-басын қаққыштай орнынан сүретіле тұрган Жылымбек табиғатындағы ызақорлықпен долялық буып ықылық ата селкілдеп, әрі кісі астында қыстырып қалған ентігі бар, тамағы қыр-қыр сырыйдалап, жаралы жыртқыштай кектене ыңырсып:

— Өмір-темірімде мұныңды ұмытпаспын, Серәлі. Алдыңа келтірмесем Жылымбек атым өшсін. Қап сені ме?!—деді.

Қан-сөлсіз қарсұр жүзі тотияйындаі көгістеніп, байғұз жанары қанталай шытынап, тұрпаты кісі шошиштындаі әлем-таптырықтанып кетіпті. Теңселе басып атына барып мінді де, үйіне қарай шаба жөнелді.

"Қолмен істегенді мойныңмен көтер" деген. Енді не де болса бұйырғанын күтіп алуға көнген пұшайман күймен Серәлі де орнынан тұрды. "Бұл бір улы жылан рой, ерте ме кеш пе қайырылып келіп шақлас дейсің бе" деп ойлаған. Және "қай жағымнан келіп тиер екен" деген қауіп-сақтығын әсте есінен шығарған емес-ті. Бірақ осы оқиғадан кейін екеуі қарама-қарсы, бетпебет кездесіп қалса да бір-біріне назар салып, сәлемдескен емес-ті. Теріс қарал өте беретін. Ал Серәлі бертінге дейін оның сонадайдан қарасын көрсе де тіксінетін әдетін тастай алған емес.

Бұл әдеті, тіпті, бірге жасасып, баяғыдан бойына ұялап, ілесіп қалмай келе жатқан қара көлендек іспетті десе де болғандай еді. Табиғат — тәңірдің кейбіреулердің жұлдызының әу бастан қарсы жарататыны несі екен. Осы Жылымбекті алғаш көргеннен сұқаны сүймегенді...

Жылымбектің әкесі кезінде үрлықпен айналысқан, көрінгеннің барымтасына жүрген кісі екен. Соңан жалалы болып басы ұлken дауға шатылған соң елінен қашып көшіп, әр жер, әр жерге сырғақси, пайыз таппай жүріп, осы төнірекке келіп сіңген кірме еді. Жылымбектің өзі де есейе келе әр кім, әр кімнің жылқысын бағысты, сөйтіп жүріп көрші отырған, жапсарлас ауылдың арасында ара-тұра кездесіп тұратын дау-шар, сүйк қолдылықтан бойын аулақ салмайтынын аңғартып қалған. Өкімет алғаш орнап, кедейжалшыны қолдап, сүйей бастаған шақта өмірі кісі есігінде жүрген еті тірі пысық жігіт болып, көрініп айқайлад шыға келген.

Кейде айдарыңдан жел есіп, өмірде жолыңың болуына білім-парасат та, тіпті, ақыл-айла да емес, кеуделеген көк жынды мінез бен еш нәрседен шімірікпейтін жан кешті арсыздық керек пе қалай?! Жаратылысынан сауаттан да, салауаттан да жүрдай, құр осы кеudem соқ мінезбен-ақ Жылымбектің талай жыл наны жүріп келді... Ол ол ма, бетіне тірі жан жел болып тимей, дөңайбатымен жүртты зығыр еткізген заманын қайтерсін...

О, тоба! Талай күндер өтіпті-ау. Талай бейнетті белшеден кешіп, талай дауылға төтеп беріпті-ау. Тәнірдің көрсетемін десе жақсылығы аз ба?! "Өлмеген құлға келді жаз" деп көрген көп қыншылықтарының өтеуіндеги жақсылықтың жағалауына бұлардың да қол артатын күні жетті... Табан акы, маңдай терлерінің есесі қайтатын кез бар екен. Кіп-кішкене "Жаңажол" ауылы келе-келе облыстағы алғашқы миллионер колхоздың бірі атанды. Даласында трактордың дауысы естіліп, көшесінде машина зулады. Ешкіші Серәлі аудан, облысқа, қайта-қайта депутат сайланып, жоғары жақта жиналыс шақырылса қалмайтын, жүртгүй төрінен орын берілетін сый-құрметке кенелді. Үш-төрт балалы болып, бағып-қағып ер жеткізді. Жасы сексенге таяп мал соңынан қалған соң ауыл ортасының сыйлы ақсақалына айналды.

О, ғажап сырлы табиғат! Серәлінің тіршіліктің киесіне тағы бір тәнті болған нәрсесі — бертін келе елдің ажары кіріп, тұрмысы түзелген шақта Жылымбек шалықша ұрынып, көрінген жерге, кейде өз киіміне өзі от қоятын

ауруга душар болды. Сөйтіп жүріп ақыры өртеніп өлді. Тіфа-тіфа, беті аулақ, Күлейін, табалайын деген ойы жок, Қайта есіне түссе "о, сұмдық" деп түршігіп жағасын ұстайды.

* * *

Дүние шіркін әу бастан алма кезек, тірі пенде әсте қыныңдығын да, қызығын да көре бермек. Адамзат баласы "қайырын бер" деп тілегенде емірдің қорытындысын, иәтижесін жақсы ете көр дейді еken гой. Соңда бастан өткен бар сан-сапалақ ауыртпалық бір күнгідей болмай қалатын тәрізді-ау! Пенденің өткенге салауат, барға қанағат айтып шүкіршілік етіп шыға келетіні де сонаң болар. Серәлі де қартайған шағында шүкірлігін аузынан тастаған жан емес. Және де шын пейілімен айтып отырар еді. Осынау ауыл, осынау жұрагаттарының өсіп-өнген, тұрмысты, дәулетті мына болмысына дән риза, тілеуқор ниетпен көңіл-жай қалпын таныттар еді...

Бірақ қиянат шіркін, ұмытылмайды еken-ау. Адам санасына сіңіп қалған үрейдің сызы өшпейді еken гой. Жамандақ, антүрганның жаны не деген сірі бәле еді...

АЛТЫН КЕЗДІК

Таудағы кеш

Мынау шексіз-шетсіз көк теңіз аспаннан байыз тауып байырқай алмағандай, мұңлық, күй кешкен жалғыздай сар-сыла сабылған қалпы Қаратаудың құбылысына қонақтаған батар күн қатпар-қатпар қойнаулар мен жыраларға тылсым қою қараңғылық ұялата түсіп, ендігі сәт өртенген кемедей жалындаپ, отқа оранып, көкжиектің көк белес, күлгін жалына ауыр батып бара жатты. Өртенген "кеменің" жалыны күлгін толқындарға жұтылып, сұлбасы бірте-бірте тұңғирыққа сіңе, көзден тасалана берген сайын қыртыс-қыртыс тау іші, жоталы жондары әлемтапырықтанып, көрер көзге дүниенің бояуы өзгеріп, төнірек сапырылысып кеткендей алас-кулес бір ағын-шеру жүріп жатқан. Бұл әрі-сәрі шақ та әп-сәтте өте шықты да, енді апсифан адырлары өлген айдаһардай сұп-сұық, сұп-сұлық түсіп, төнірек жансызданып, тұн тұнегі түмшалай бастаған. Тау іші салқындаپ журе берді.

Таудағы осынау кештің көңілсіз суретін бала жігіт Бекбосын көптен бері зіл басқан, мұң жайлайған өз көңілінің тунегіндей ауыр сезінді. Кеші байырқаласа сызы теуіп шыға келетін салқын тау ауасынан ба, әлде іштегі ызғардың табынан ба бойы тітіркенді. Қара көлеңкеде нобайы ғана қарауытқан ауыл жаққа зер салды. Жақын арада ораққа бола Жонға көшіп шыққан егіншілердің алты-жеті қараша — қосы. Бірі — бұлардікі. Жаңа кешкісін арбадан босатып қос қаракер атты жетелеп келіп, бұлақтан суарып, шідерлеп, жайылымға қоя берген бойы өзі сол орнында әлі тапжылмай тұрган. Біреуді күткендей сыйайы бар. "Күт, келемін" деп айтқан ешкім жоқ. Бірақ түйсігі біреудің келетінін сезетін сияқты. Әлде құлазыған жабығыңқы көңілдің әлде не жылу іздеғен емексүі ме,

кім білсін?! Қалай дегенде осы жерден жібермей тұрған бір кепиетті сезімнің шырымталы бар. Әлде кімді алаңдай күтулі. Мұның көзінің қобалжытып, бұлай елеңдетіп кеткен Сыргаштың манағы сол құпия сырлы, жұмбактау көзқарасы еді...

Біржан ұсталып кеткен соң бұл ауылға бастық құтайғанды қойған. Көрші ауылдардан не аудан басынан колхозға бастық болып жаңа кісі келеді. Жыл, жыл жарымға жетер-жетпестен қайта көшіп жатқаны. Не бұлдіріп қойғаны былайғы жұртқа беймағлұм. Әр түрлі жорамал айтып аң-таң қүйде қала береді. Әйтеүір, билетіндері жаңа бастық, келген бойда қанжығаласып Жылымбекті ертіп жүргені. Әмпей-жәмпей ауыз жаласып жүргені. Соңан соң не кетер қарсанда, не кетіп жатқанда бір-бірімен жүгірісермен қалге жетіп, әкебабадан түк қоймай боқтасып, салғыласатындары.

Жақын қунде тағы бастық ауысыпты деп естіген. Жаңа адамды кешікпей Жондағы егіншілерге Жылымбек ертіп келді. Келесау пошымды, дұңқиген дәй қара екен. Табанының астында қара жер бар екенін хабарсыз жан тәрізді, мұттем аспанға қарайды. Кісінің сәлемін алуға ықыласы жоқ, Төңірегінде адам түр-ау, олармен тілге келіп, жай-жапсар сұрасу керек-ау деген ой қаперіне кіріп-шықдайтын сияқты. Құлақ, зейіні тек сөзді астын-ұстін сапырып, жанында құнжыңдан жүрген Жылымбектеғана. Көпшілік қауымға жаңа бастықтың кейіп-кескіні, мына мінез болмысы алғаш көргеннен ұнамағандай.

— Бұл, жазған, айттар шаруасы, білер жай-жағдайы болмаса мұнда несіне келген. Не мақсат мына жүрісінде?!

— Қоқи, біздің де төбемізге тышпағаны қалмады-ау.

— Осы ауылда, адам құрығаңдай мынаны қайдан іздел тапты екен?! — десіп, енді біреулері:

— Оқасы жоқ, тым жанасып, жақындақсан жайы бар екен, Жылекең кешікпей-ақ жайғастыра. Соңан кейін сап- салғыдайы келе қалса. Қайтесіндер оны, шаруаларыңды шаруалай беріңдер. “Су агады, тас қалады”, — деп басу айтып, тұскі шайға қосқа қайтуға бет алған егіншілер өзара кеу-кеулемсіп қалған. Сол кез егістікті аралап көріп жүрген қос атты бұларға қарай

бұрылды. Олардың өздеріне қарай бет алғанын көрген соң иірілп күтіп тұрды.

Егіске орақтың алғашқы түскен күні еді бұл. Әуес көріп, ырым көріп жас қыздар, келіншектер "үйге апарып қуырып жейміз, егін басы, жаңалық ас қой", — деп орамалдарына, белбеулерінің шетіне қос уыстан үтіп қызыл дән түйіп алған. Жылымбектің қызыл қозі ә дегеннен соған түскені.

— Орақ басталмай жатып, үрлыққа кіріседі. Шетінен бау кеспе, әкенің... Төгіндер бәрін мынаған, — деп ат дорбасын ұсынып омыраулай тоқтаған. — Түгел үйлерін тінтіру керек бұлардың милиса шақыртып.

Қолында түйіншегі бар төрт-бес қыз-келіншек болмашы дәнді дорбаға ақтара-ақтара салып, тапа бір сүмдік үрлықтың ұстінде ұсталған жандардай зәре-құттары қалмай үрпісіп-үрпісіп шыға келді.

— Әлден өстіп таси бергенде шақ келтіре ме? — деген өзінің осы ісін мақұлдатқандай қасындағы жаңа бастыққа бұрылып.

— Дұрыс, — деп дүңк етті ол танауының астынан леп шығара сол аспандаған қалпынан өзгермей. — Қырманшыға тапсыр, күнделікті қадағаласын. Сол жауап береді. Мұнан былай мұндай іс болмасын.

Тұрғандардың ішіндегі кекселеу, аузының оты бар, адудыңды әйел:

— Эй, Жылымбек, осы елдің бәрін үры-қарыға шығарғанды қашан қоясың? Балалардың қызық көріп: "алғашқы бидай, қуырып жейміз" — деп жаңа ғана үтіп алған қос уыс дәнінен кімнің қамбасы ортаяды. Қарашы, әне, бір шекім атдорбаңың жартысынан да келген жоқ қой сол төктіргенің. Е, күдай пейілінді алғыр, — деп салған.

Жаңа бастық әйелге бөжей көргендей оқшырайып қараган, бірақ ләм-мим деген жоқ. Оның есесіне Жылымбек ат ойнатып, ақыланып кетті.

— Эй, тарт тілінді, әкеңің...

Әйел оның доғына айылын жия қоймады.

— Әкеден садаға кеткір. Әкеден тумаған қасиетсіз.

Осы елдің әкесінің бәрі сенің құрдасың ба еді, қит етсе саптал шыға келесің. Обал-сауалты білмеген, айуан.

Жұрт күтпеген мына жанжалдан шошынысқан

кейіпте бүрісіп-бүрісіп төменшіктеп қалған. Ал Жылымбек ат бауырына алып, тартып-тартып өтпекке оңтайланып, қамшыны көтере ұмтыла берген. Сол кезде жағдайдың барысын пайымдал тұрған, қолында ұзын сапалағы бар Бекбосын топ ішінен атыла ұмтылған бойы аттылы мен әйелдің арасына көлденендей қыстырылды. Тұрі өрт сөндіргендегі тұтігіл кеткен:

— Жақында ма, тиіспе, — деді Жылымбекке ызбарлы айбат көрсете. Еш нәрседен тайынбайтындаид мынаның аүлей, түйілген ашулы кейпінен тайсақтады ма ол енді киіп кете алмады. Бетінен сідігі шыға қалш-қалш дірідеп:

— Ә, күшік, жетіліп қалған екенсің, — деді ызалы тістене. — Тұра тұр, бәлем.

— Бұ кім? — деп күңк етті дәй қара Бекбосынға ұнатпай қарап.

— Бөрінің бөлтірігі. Халық жауы Біржан Жылқыбаевтың үлкен баласы. Көрдіңіз бе істеп тұрғанын. Осы ғой бұлардікі. Тұп-тамырына балта шаппай болмайды ғой, бұлардың.

— Жарайды, көрерміз. Жүр, кеттік, — деді дәй қара атының басын өздері келіп түскен қырманшының үйіне қарай бұрып.

— Әдіре қалғыр, құдайында көз жоқ, әкімінде мейірім жоқ, қаңыраған тас дүниедей меңіреу бір заман болды ау.

Кімнен әділдік, кімнен қайырым күтпексің. Кімге жылап, кімге шағынарсың. Тірелер жерің Жылымбек болған соң бұл дүниеден не опа. Қос қолынды төбеңе қойып қаңғырып, тентіреп кеткен дұрыс қой, — деді әлгі әйел таусыла, тарыға, қара жондары қара жолды шаңдата ереуілдеп бара жатқан қос аттының соңынан қарап тұрған бойы.

Ойда жоқта берекелері үшып, үрле-сүрле иіріліп қалған егіншілер олардың қарасы ұзаған соң барып ауылға қарай қозғалған. Тұсқі шайларын ішіп, жантайып дамылдап алып, күн аяу жұмысқа қайта шыққан. Осыдан енді қас қарайғанша тыным жоқ, әрине.

Жалпақ жонда ырғалып тұрған егістікте орақшылар орып баулап тастаған бидайды арбамен қырманға таситын Бекбосын кешкілік соңғы қатынағанында, әр

жердегі дестелерді тиеп жатқан өзінің қасынан Сырғаштың шырғалап екі-үш рет жүріп өткенін байқаған. Әлде не айтқысы келгендей оқталып-оқталып барып тайсақтағандай ыңғай танытты ма, қайтты. Бірақ жылығышырай жәудіреген жанары сыр аңғартқандай. Бір айтпағы бар тәрізді ме, қалай. Әлде бұған солай көрінді ме?!

Бірақ бағанағы күтпеген жанжал, жайсыз әңгіменің табы көңілінен өшпей енжар, сүлесоқ жүрген Бекбосын ә дегендे оның қас-қабағындағы сырлы нышанға зер салып жатпаған. Соның салдарынан қызға тіл қатып сөйлесу қаперіне кіріп шықпаған. Ол ұзап кетіп қалғаннан кейін барып артынан ойланып, санасына әлдене жеткендей болған. Ендігі күтісі сол ойдың түспалы.

Сырғаштың өзіне деген жылы көзқарасы, ықыласы барын бұл кейінгі кезде там-түмдап сезе бастағандай еді. Осының әсері ме кейде оқыстап бетпе-бет жүздесе кеткен сәттерінде қысылып, қызарақтап қалатын. Сондай күйді қыздан да аңғаратын. Бірақ, әлі күнге сәлемнен басқа артық-ауыс тілге барып қөрген емес. Қыздың бүгінгі күнгі ыңғай-ниеті бұған тосын, жұмбақ жайдай әсер етті. Енді міне белгісіз бір сезімнің шырмауымен мына бұлақ басынан кете алмай тұрғаны.

Йә, сезімі алдамапты. Бұлақ, төңірегінің қалың шалғынын сусылдата сыйдырып, бұлың-бұлың қарайған қараң еткенде жүрегі лұп-лұп алып ұшып, қаны басына шапшығандай жүзі ду ысып қоя берді. Қараңғылық жамылып, айдалада жалғыз тұрған жігітке жақындауға жасқанғандай қыз аралары арқан бойы қалғанда қалт тоқтады. Жігіт не істерін білмей әрі-сәрі күйде қарақшыдай қалқыған қалпынан қозғалмаған. Сәл сәтке ыңғайсыз бір үнсіздік басты. Сонан кейін екеуі де ілгері қарай екі-үш аттап басып барып қайта тоқтады. Әлгі сәттегі еңсені езгендей үнсіздік қайта орнады. Бекбосын қарадан қарал қысылғанынан бұлауға түскендей. Бар тапқаны шып-шып терлеген маңдайын сап-салқын алақанымен қайта-қайта сүрткілейді. Осынау қысылшаң сәттің қанша уақытқа созылғанын білмейді, әйтеуір, есін жиғызып құтқарып алған Сырғаштың өзі болды.

— Бекбосын, сен кімді күтіп тұрсың?

— Сені.

Бұл сөздің аузынан қалай шыққанын өзі де аңғармай қалды.

— Менің келетінімді қайдан білдің?

— Білмеймін... Эйтеуір, келетін сияқты көріндің.

Қайтадан үнсіздік орнады. Тәңіректі қаусырмалаған қараңғылық қоюлана түсті. Мұнды әуенін сызылтып шілделік шырқырады. Тұнгі құстардың бірі әлдеқайдан сенделе далпылдаپ келіп, екеуінің арасынан соқтырып өтердегүйкене зу етіп, лезде көзден файып болды. Кеші ертерек байырқалайтын кең аңғарлы ойпаттың аясы тарылып, ақшам жамырар-жамырамастан тұн көрпесін мықтап қымтанаңып үлгергендей. Жұлдыздар әлі жана қоймаған. Тіршіліктің еш ара жігі ажыратылмаған, тәғілген сиядай бояуы бір түсті, көз тұтқан бұлыңғыр қараңғылық қөңілді құлазытқандай. Бекбосын енді бұлай үн-тұнсіз тұра берудің реті жоғын сезген. Әңгімені қалай бастаудың да қисынын зерделей алмай әлек. Солabyржұлы қалпы:

— Неге келдің? — деп сұраған. Даусының қатқылдау, оспадар шыққанын соңынан барып аңғарды. Өзі де іштей "қап" деп өкінгендей.

— Келмеуім керек пе еді? — деді қыз үян үнмен жылап жіберердегі даусы дірілдеп.

— Жоқ, жоқ... Мен... — жігіт сасқалақтап не дерін білмей қыздың жанына жетіп барды. — Сырғаш, мен... Бір нәрсе айтпақ па едің дегенім фой...

— Өзің ешнәрсе айтпайсың ба?!

— Жоқ...

Бұл сөз де абырал тұрып аузынан қалай шығып кеткенін аңғармаған. Іштей тағы "қап" деді. Қателігін табан астында түзете қоятын жағдайы қане. Үнсіз қалды.

— Бекбосын, — деді сол сәт даусында әлі діріл табы бар қыз. — Мен мына затты саған берейін деп едім. Жоғалттай сақтап ұстарсың. Ескерткіш болсын. Әкемнің айырылысар алдында қолыма ұстаратқан мулкі еді. Біздің үй, біздің ошақтан қалған жалғыз зат. Әкемнің көзіндей көретін дүнием еді. Сен ер азаматсың фой, саған лайық деп ұсынып отырмын.

Мүйіз сабының алқымдығы мен түбі құйма алтынмен ұстатылған ұзындығы қарыстай ғана алмас кездік екен.

— Рахмет, Сырғаш, бұл ықылас-пейіліңді өмірі үмытпаспын, — деді жігіт толқи. — Ер азамат еді деп бір артқан сенімің шығар, тірі жүрсем осы көңіліңнің үдесінен шығуға тырысармын.

Бекбосын өлім жоқ, жітім жоқ, аттай шалпай, тападай тал түсте, бір-ақ, күнде әкеден айырылған сол қаралы сәттен бері жыл жарым мезгілде өліп-тірілгендей, мен-зен тосын күй кешіп келе жатқан. Дүние өзгерді ме, жоқ, дүниеге — деген мұның зейін, зердесі өзгерді ме, әйтеір, тіршілік ағысы басқа арнаға ойысып кеткеңдей. Бұрын пайымдаған көп нәрсенің аңғарына енді зер сала бастаған. Бұрын сезбеген көп нәрсені енді сезе бастаған. Соның бірі жүргіттың қас-қабағы, ниет, пифылы еді. Тіршіліктің қыры-сырын кісіге аңдататын осы қос жанаардан аңғарылатын қылыш-қылыш емеурін, тұспал, ызыбар, сес, мейірім, шапағат тәрізді, тек түйсікпен ғана болжамдауға болатын, әйтпесе адамдардың жан дүниесінің қатпар-қатпарында жасырынған толып жатқан сезім иірімдері мен пейіл-құн екен де. Бұл да адамдардың өзіне деген неше түрлі көзқарасын көңіл таразысымен таразылац, ара-жігін ажыратуға төселіп қалған. Кейбір кекеген, ықтырған, жек көрген сұық, назарлардың сұғын тітіркене сезінсе, өзінен үрке, жатырқай қарағандарды түсінбей қиналатын. Сол сан алуан сұқ, жанаарлардың ішінде өзгешлеу, жанына жақын қабылдайтыны осы Сырғаштың қараған көзі шығар. Оның жанары қайсы бір кісілердің аяй, мұсіркей, жаны аши қарағанынан да бөлек, жылышыққа толы. Айырықша пейіл таныта, тілекестік сездіретін. Сол Сырғаштың мына тосын міnez тартуына Бекбосынның әрі қуанып, әрі қобалжыған сыңайы бар. Эйтеір, қолындағы іске татыр тәуір затын сыйлап, мұның жабырқап жүрген көңіліне қарлығаштың қанатымен су сепкендей демеу бергісі келгені ме; жоқ, ер азамат деп есептеп, ес көріп, лайықтап тартқан тартуы ма; жоқ, сұлу бойжеткеннің астары бар сырлы құпиясы ма, мейлі, қай ықыласын да құлдық ұра жігіт қабылдауға дайын еді. Бірақ соның қиуын келістіріп, ойын сөзбен өрнектеп жеткізуғе, көңіліндегі қалтқысыз ризашылығын, алғысын білдіруге мұрсаты келмей қиналды. Бар болғаны іштей рақметін айтып тебірене толқыды.

Жігіттің осы күйін қыз байқағандай. Екеуі бұлак, басындағы тақтай тастың үстіне қатар келіп отырған. Тұн астында қарауытқан нобайлары қараңғыда бүрісе қонақтаған қос қөгершін тәрізді еді.

Кыздың көкейінде оған айтсам деген талай сөз сайрап жатқан. Тек аузын ашып, тілінен шығаруға әлде қандай тылсым үрей еркіне жібермейді. Айтпақ, тұтілі ойға алудың өзі қорқынышты тәрізді. Қыз сонда да қайсарлық, жасағандай, әлде неге ерегіскендей, айтпағын іштей қайталауға батылдық таба білген.

“Біржан аға қайырымды, жақсы кісі еді рой. Мен сенбеймін ол кісіні жаман дегенге. Мүмкін ақ-қарасы шешіліп, аман-есен келіп қалар. Қамықлашы, сен ер азаматсың рой. Сен жігітсің рой. Ер азаматы аман болса елдің кеткені келіп, кемтігі толмас па?! Сендер аман болындаршы. Өзің аман болшы...”.

Сырғаштың айтпағы осы еді, осыны айтуға келіп еді. Дауыстап айта алмады. Жүргінің лұплімен айтты. Бір ғажабы оның осы ойындағысын жігіттің түйсігімен қабылдап, түсінгендей кебі бар-ды. Сол сәт ол қой көзді, жұмсақ жанарлы, жуас, орнықты қымыл; жылы қоңыр үнді әкесінің “Бекен-ай” деп тұратын мейірімді жүзін сағына есіне алған. Ол кеткеннен берігі өз үйінің шешек шыққандай елден сырт орайланған өгейлігін; елсізде адасып қалған қаріптей пұшайман күй кешіп, шилаңдай жұрттың ортасында отырып-ақ тартқан жалғыздықтың тауқыметін: қүйікті көніл, құлазыңқы тұрмыстарын ойлап курсініп салған.

— Женешем іздел қалар, мен қайтайын, — деді Сырғаш орнынан сыпайы көтеріліп, мұнымен қош айтысқандай, рұқсат сұрағандай сыңаймен.

— Сау болып тұр, Сырғаш. Рақмет. Кездікті әр ұстаған сайын Боташ атаны еске алып жүрермін.

— Рақмет, алла разы болсын. — Қыз тамағына түйіліп келіп тоқтаған өксікті қинала қайыра жұтып, дауысы дірілдей үн қатқан.

Аспанда аяrlана жымыңдал жұлдыздар жана бастапты. Көк пен жер енші бөлісіп, шекара ажыратқандай. Жоғары жақ, сәл бозамық тартып, мақдал, қараторғын құмбезі кеңеje түсіпті. Жаңа әзірдегі көз байлаған тұтас бұлышың, қоймалжың қараңғылық,

тапталып жер бетіне ғана тығыздалып қалған тәрізді. Әудем жердегі ауыл қарасы көзден тасалаңыпты. Жер бедері біркелкі қарақошқыл түске енген. Сол қараңғылыққа сініп, белгісіз бір дүниеге бет алғандай алыстап бара жатқан қыздың сонынан жанарын талдыра қараған жігіт көз алдындағы қара нокат ұшы-қиырсыз қарақошқыл түспен араласып, еріп, жым-жылас көрінбей кеткенде көнілі тағы қабаржып, құлазып жүре берген... Қеудесіне әлдекәндай өкінішті сезім себезгілей еніп, жан дүниесін сыйздатып, шықпай қойған...

Босқын

Өз басында мұны жоқ, жан басқаның зарын сезбесе керек-ті. Сырғаштың да қаршадайынан тағдырдың тәлкегіне ұшырап жетімдіктің қамытын киген жарым көңілділігінен бе екен жұрттың жарасына жүрегі ауыратын сезімтал жан болып өскені...

Боташ өмір бойы тәуір ат мініп, құс салып, ит жүтіртіп, аңшылықты кәсіп еткен жан еді. Жасынан байлық, билік қуып әуестенбеді. Ол шіркіндердің маңдайына жазылған жан болмаса құғаның бәрінің қолына түсе бермейтінін ерте зерделеді ме, жоқ жанын салып қызықпады ма, ел алдына шығармайтын, көш сонында қалдырмайтын, бірақ, әйтеуір, ешкімге алақан жайдырмайтын, тәңірден басқаға тәуелсіз, еңбегіне жалынған осынау кедей қолды тіршілікті қолайлады. Қазығынан үнемі бір тәуір ат кеткен емес. Ал бала-шағасының несібе-нәпақасы дерлік есігінің алдындағы майда жандықтары он-он бестен артқан кезі шамалы. Онан бөлек не мүйізді, не тұяқты, не шудалы мал басы бітіп көрген жоқ, Шалап-сусын — ағайыннан, қаужақ-қужақ — даланың жүтірген аң, ұшқан құсынан. Бірақ, жұртқа қадірсіз, ауыл үйге сүйкімсіз жан атанбады. Өз тіршілігіне өз шукіршілігі жетерлік, тәубесі түгел от басы саналатын. Тәңірегінде қара-құра, туыс-тумасы да баршылық, Жастай жер астына жөнелткендерін "өзі бергенін — өзі алдыға" сайғанда, сабаудай төрт ұл, бір қыздың қарасы қарайып ел қатарына қосылды. Балаларының алды әжетке ілігіп, қолқанатқа жарады.

Замананың құйыны қалай соғады дерің бар ма. Осы үйіп отырған тіршілік көзді ашып-жұмғанша үйпатауыпа болды. Әп-сәтте көрген тұстей елесі ғана қалды. Құдайдың қәріне ұрынды ма, жок, әлде қамшысы шошаңдай ауыл айнала шапқылаған белсендердің зәбіріне ұрынды ма, қайсысынан көрерін білмейді, ондырмастай болып мойынға түскен тағдырдың тауқыметі "ah" ұрғызды да кетті.

Алғашқыда мынды айдаған байларды кәмпескелеп, дәулеттілерді ғана қырына алған белсенді өкілдер келекеле жарлының жалғыз торпағына да ауыз салуға айылын жимады. Табиғатында әмір айтса көнген момын жұрт "мұнысы қалай" деп аңтарылғаннан басқа қарсы қайырымға келмеді.

Сол зауал Боташтың көзінің қарасындағы, жалғыз Ақтабан атына да таянды. Қалың сонарда қасқырды сойылмен соқтыратын әkkі жүйрік қазанат жігіт ағасынан өтіп, шау тартқан кексе аңшының тұрмыста күн көрісі, тіршілікте қанаты еді. Соны: "Өкілдер мінеді, орталыққа аламыз", — деп келген шабарманы Боташ:

— Кеудемде жаным тірі тұрып жалғыз атымнан айрылмаймын, — деп айдал салған.

Сонан кешікпей мелиса — белсенді болып "түү" деген түкірігі жерге түспей арындал тұрған, атын естігенде жылаған бала қоя қоятын әйгілі Жылымбек, қасында екіүш атқосшысы бар, мылтығын шошайтып сау ете түссін.

— Өкіметке қарсы әрекет жасал отырған контрсың. Айдал алып кетіп қамаймыз. Жан керек болса атынды еткіз, — деді.

— Алсаңдар байдың малын алыңдар. Менің жалғыз атымда кімнің әкесінің ақысы қалды, — деп бір кіслік қайраты бар, мінезді Боташ шарт кеткен.

Айқай қайдан шығады деп елеңдеп, оң иығын беріп туратын Жылымбектің қоламтасына май тигендей маздамағанда қайтсін. Әңгіме жанжалға бет алған.

Жаны қүйген Боташ ашына-ашына айтқан.

Атының омырауымен қайта-қайта қактыра кимелей айналып, аузына ақ, ит кіріп, көк ит шығып, езуі көбіктене еліріп, қамшы үйіріп, бүркүрата сыбап жүрген Жылымбек ара-тұра:

— Тілінді тарт, контра. Кедейдің тонын жамылып

жүрген байдың құйыршығысың сен. Ойың арам, артың былғаныш. Сендерді әшкерелемей, көзін құртпай өкіметтің жұмысы оңға баспайды. Қамау керек, айдату керек сендейлерді, — деп өзеурейді.

— Қамамақ түгілі, атып таста, әкеңді... Кедейді бүйтіп жарылқағандарыңың ішін ұрайын...

— Ә-ә, солай ма?! Бәсе, бәсе... Айт, тағы не айтарың бар.

— Солай, тіреп тұрған аспаныңды тастап жібер.

— Міне, көрдіңдер ме, нағыз жаудың сөзі. Ауданға алыш журу керек. Еркімен жүрмесе байлап алып кетеміз.

Осы сәт есіктің алдындағы өренің астында, көлеңкеге қағылған ашада, тұғырда отырған сарала бүркіттің өлденеге шаңқ-шаңқ шақырғаны. Жылымбек тамыр талшықтарына дейін қанталап, шарасынан шыға адырайып, айналып кеткен жасыл, шегір көзі жау көргендей ойнақшып, еліре, тұғырдағы құстрың қасына жетіп барған.

— Бәйге ат мініп, бүркіт салғың келеді, әлі бұрынғы байлардың заманын аңсайсың, ә. Аңсарсың. Аңсатармын саған. Иә, енді аңға саларсың. Қызыл алтайы тұлкіні қанжығаңа байларсың, — деп келіп бүркітті мылтымын тартып салды.

Аяғы ашаға байлаулы қыран екі-үш рет қанатымен жалп-жалп сабалады да болат шенгелдері тарбая сіресіп, тәмен қарай салбырап, асылды да қалды. Орақтай өткір имек тұмсықтың астынан, езуден жылбырап қан ағып, жерге тырс-тырс тамды.

Мына көрініс, мына оқиға аңшының жанын табага қарығандай ышқындырып жіберді.

— Затсыз, тексіз әкеңді... Ол заманда бұл заман адам баласы, қыран құсқа оқ кезеген бе еді. Байлауда тұрған құстрың не жазығы бар. Не әкеңнің ақысы бар онда, — деп айқайлай үмтүліп, үйдің босағасына таяу белдеуде қыстырулы тұрған қайың сойылды ала салып көзді ашып жұмғандай жылдамдықта ат үстіндегі Жылымбекті үшірып түсірген. Бірақ, оның арты өзіне бәле болып жабысты.

Өкіметтің адамына қол көтеріп, заңға қарсылық, жасағаны үшін екі жылға абақтыға отырып шықты. Онан босанып, жадап-жүдеп, азып-тозып, елге әрен

жетсе — "жылап келіп, еңіреп отырғанға тал болғанның" кебін кисін. Ол әйгілі отыз екінің қысының қарсаңына іліккен еді елге.

Малдан ада, тіске басардан жүрдай от басына еш қылар қайран, дәреметі болмады. Аштық араласты, сүзек араласты көктемге дейін әйелі мен азамат болған үш ұлын өз қолынан жер астына жасырды. Көктем шыға жалғыз қызын жетелеп, жаяу-жалпы Қаратаяға қарай ауған елдің қарасына іліккен.

Сырғаштың тоғызы жасқа шыққан кезі.

Бұл төңіректегі майханадан аман қалған көпшілік ел бірен-саран аяқ артар көлігі бар жүртты сағалап, соларға ілесіп, мол қосын болып, алдыңғы шұбырған топпен бірге кеткен. Оларға қосылуға кеудесінде жаны бар, көзі әлі жұмылмай бозарып, мөлиіп жатқан үлкен ұлын не көтеріп жүре алмай, не тірідей жүртқа тастап кете алмай соның үзілуін күтіп, қарайлап байланып қалған. Керексіз жанның шығуы да қыын ба, мұскін бейшара созылып көп жатты. Ақыры қәлимасын айтып, бетін топырақпен жасырып, мұсылманшылық парызынан құтылған соң:

— Ал, қызыым, "өлмейтінге өлі балық, кездеседі" деген, ажалың алыс, көрер жарығың таусылмаған жан болсан тіршілік етіп кетерсің. Қолымнан келсе сені бір қараға жеткізіп тастайын, жүр, — деді.

Әлгіндей, әлгіндей мәнейі себептермен елдің сонында қалып қойған, аяғынан жүруге жарайтын біраз жүрг жиналып, алғашқы кеткендердің ізімен Қаратаяға қарай бет алуға ыңғай қылған екен. Боташ соларға қосылуға ниет еткен тәрізді. Өзінің де халі тәмендеу, жүдеу. Ұзақ жүріске жарап-жарамасы негайбыл. Осы күйін шамалайтын сияқты. Алайда қаршадай жалғыз қызын ел қарасынан айырғысы келмеген ықылас, үміт; жаны кеудесінде тұрғанда ұмыта алмас әкелік парыз орнынан кирелендете тұрғызып қолына ақ, таяқ, ұстатқан.

Бос салақтаған бір жағын шекпенінің белбеуіне қыстырып, бір жағын иығынан асыра арқасына тастаған шағын ала қоржынның түбінде қайдан қалғаны, қайдан алғаны Сырғашқа беймәлім қос тостағандай бидай талқаны бар. Екеуінің бар жүгі сол. Көбіне әкесін Сырғаш қолынан жетелеп демеп отырады. Боташ кеудесі

сырылдап, жиі алқына береді. Сонда да, әйтеуір, сүйретіліп ел сілемінен қалмай келеді. Демігіп қиналған сәттерінде қызы:

— Көке, қоржынды беріңіз, мен арқалайын. Сізге ауыр ғой, — дейді.

— Жок, балам, құдай қуат берсе өзім алып жүрейін, — деп ұстаптайтын. Бала неме қолында болса әп-сәтте жеп тауысып нәрсіз қала ма деген қаупі барын Сырғаш қайдан білсін. Ұйықтағанда да қоржынды бас жағына жастанып жатады. Күніне екі-үш мезгіл әлгі талқаннан жарым уыстайын суға шылап, қызына береді. Ал өзінің шымшып тілінің астына салып талғажулағаны болмаса ауыз толтырып бір малжандаганын көрмегіті.

Елдің дүрмегінен қала алмай кеудесін сүйретіп ілесе шыққан талай күйсіздер аштық өзегіне түсіп кетті ме, ұзак, жүрісті көтере алмады ма, жолай ұбақ-шұбақ, батпаққа жығылған малдай тұралап қалып жатты. Тірі адамды көмүте кісінің дәті бармайды. “Мені қайтесіңдер?” деп жәудіреп мөлип жатқан көздеріне тұра қарауға дәттері шыдамай, назарын алып қашып төменшіктеген қалыптары:

— Хош, сабазым! Құдай, өзі кешірсін. Қолдан келер қайран жоқ, Әркім өз шыбын жанын алып қашып бара жатқан далбаса заман. Бақида кездескенше. Хош! Сөге көрме, — деп жылыстай бергеннен басқа шаралары жоқ,

Құдекең құлдыратса пенде шіркін айуанға айналып жүре бере ме қалай, мал екеш малды өлейін деп жатқанда арам тастамайтын қазекең ет бауыр туыстың өзін бір қап тезектей-ақ теңкитіп тастап артына мойын бүрмай кете баратын болды. Өйтпеске не ылаж. Тағдыр талайдың кезіктірген бұл опатына қылар басқа не қайраны бар.

Шудан өтіп, Мойынқұмның қалың жалының ортасына кіргенде Боташ жүргуте жарамай қалды. Күйі жоқ, қажып келе жатқан жұрт мезгіл-мезгіл тоқтап дем алатын. Сәске тус кезінде үлкен жалдың теріскейіндегі қалың сексеуілді көлеңкелей жапатармағай дамылдаған жұрт су қайнатып, тандай жібітіп, тіске басарларын қаужақтап, ептеп жан шақырған соң қара жолға қайта түскен. Боташ сол отырған орнынан тұра алмай қалды. Дайы барлау екі-үш кісі қолтықтап тұрғызып,

сүйемелдеп көріп еді, алға қарай талпынбады. Кирелендей қайта құлады.

Жығылып жатып қасындағыларға мені енді әурелемендер, біттім дегендей қолын сілтеп ишаратты жасады.

Бірге келе жатқандардың ішінде Боташқа ет жақыннан немере інісі Қоңырбек пен оның әйелі Құлмесжан бар еді. Қасына ымдал екеуін шакырды. Әлде не айтуда оқталып, соған демі жетпегендей, әл жинағандай сазарып біраз жатты.

— Оho, көз жанары кетіп қалған екен той. Енді қатарға қосылмас, Қайран ағаекем-ай! Мына опасыз тіршілікті осылай аяқтағаның ба, — деді Қоңырбек күрсіне тусіп, жатқан мұскінмен тілдескендей жүзіне тұра қарап.

Боташ та оның айтқанын айна қатесіз түсінгендей, басын изеді. Сонаң соң қырылдаған қарлығынқы үнмен:

— Мына бейбақты өуелі құдай, сонаң соң өзіңе тапсырдым. Тірі болсаң көз қырынды сала жүр. Маған енді алаңдамаңдар. Жолдан қалмаңдар, елден қара үзбендер.

Мына қалтаның түбінде мына балаға үш-төрт күндей талғажу бар. Сәтін салса енді әрісі төрт күнде алдағы кеткен елдің ортасында болсарсыңдар. Оларды өкімет иелігіне алып, азық-түлік беріп асырауда деген. Оларға ілінсендер аман қалғандарың. Кешікпендер, жүріндер. Хош, — деді.

Осыны айтқан соң қалтыраған қолдарын жайып қасына қызын шакырды.

— “Қырық, жыл қырғын болса да ажалды өлең”. Талқаның таусылмаса жүре бересің. Пендеңе қара жердің үстінде қалқайып тіршілік кешкеннен артық ештеңе жок.

Жақсы ма, жаман ба бүйірганын көрерсің. Ол алланың жазуында. Ешкімнің ақылымен, сұрауымен, пәрменімен болатын іс емес. Тәңірім тек саған өмір берсін. Қалт-құлт етіп, үзіліп жанған шырағынды сөндірмесін. Хош, қошақаным, — деп маңдайынан иіскеді.

Көзінде жас жоқ, қаны суалып қалғандай жүзі сұп-сұр, боп-боз, тірі аруақ кейіпте. Қызын шашынан сыйпалай, қисайып жатқан бойы қойнынан қарманып

бір нәрсе іздеді. Былғары қынапты кішкене кездік екен. Сырғаштың үстіндегі женсіз, қара барқыт пешпентінің жан қалтасына дірідеген әлсіз саусақтарымен өзі апарып салды.

— Жоғалтпай ұста, — деді қажып, сыйырға ауысқан үнмен. — Бар енди, бар. Қоңырбек ағаңдан қалма. Соның айтқаның тыңда. Мен кейін артыңдан қуып жетемін. Қазір жүргүте шамам келмей жатыр. Кішкене әл жинаған соң арттарыңдан барамын. Сен жүре бер... Бара ғой, жарығым...

Бұл кезде елдің алды қара жолға түсіп қыбырлап бара жатқан.

— Көке, мен сенің қасында қаламын. Сені тастап кетпеймін. Сен демалып тыңайған соң Қоңырбек ағамдарды артынан бірге қуып жетеміз ғой, — деп шырғалап, айналышқтап әкесінің жанынан шықпай жүрген Сырғашты Қоңырбек қолынан ұстап:

— Жүре ғой, қалқам, енди кешігеміз, — деді.

Баланың санасына сүмдік үрей ой сонда барып сап ете түскен.

Білегін қолынан қалай жұлып босанып кеткенін Қоңырбектің өзі байқамады. Қыз шырқыраған бойы әкесін құшқақтай құлады.

— Көке, сені тастап кетпеймін. Кетпеймін ешқайда.

Сенің қасында қаламын.

Қыз тас қылып әкесін құшқақтап алған, айырылатын емес. Без-без етіп шыңғырғанда құлын даусы аза бойды қаза құлады. Аз құнде-ақ мұндай сүмдіктың талайының куәсы болып, көзі үйреніп, еті өліп кеткен жүрттың қайсы бірі үрпиісе қарап тоқтап тұр. Қайсы бірі ештеңемен ісі жоқ, жолға түскен бойы мәңгіп, ілбіп барады.

— Кетпеймін, көке, кетпеймін, кет демеші. Сен қалай жалғыз қаласың. Ағатайлар-ай, көкемді тастап кетпеңдерші...

Қыз ұшып көкке, ұшып жерге түсіп шыр-пыр. Көзін тарс жұмып алған Боташ кемсендеп, жылауға шамасы келмегендей күйзеле екі-үш лоқсып, ыңырси үн қатты:

— Қоңырбек, қинама мені, алып кет баланы.

— Кетпеймін, ешқайда кетпеймін. Сені тастап кетпеймін...

Коңырбек тік көтеріп қызды арқасына салып алған бойы теріс қарап жүре берді.

— Ойбай-ай, агатай-ай, жіберші мені. Тастан кетші көкемнің қасына.

Кыз аласұрып, арпалысып, босанудың әрекетін жасауда. Мұның енді жібермес сыңайын аңдаған соң:

— Ойбай-ай, көке-ай, қалғаның ба?! Өлесің-ау енді, жалғыз өзің, — деп боздады...

Қыздың құлақ тубінен жыларан, жалынған даусы төбе қүйқасын шымырлатты... Жаңағы аялдаған жерде Боташтан да басқа екі-үш кісі тұра алмай қалып қойған. Жал асып солардың қарасы көзден тасаланған бойда Коңырбек Сыргашты арқасынан түсіріп, "uh" деп демін алып, қолынан мықтап үстап жетелеп:

— Сыргаш, айналайын, көкең өзі айтты ғой, тынығып біраз демалған соң арттарыңнан барамын деп. Келеді. Жылама, — дейді.

Есін біліп қалған бала оған иланбайды:

— Келмейді ғой, агатай, келмейді ғой. Айдалада қасқыр жеп кететін болды-ау, көкемді, — деп артқа қарай кетпек болып тартыншақтайды.

— Айналайын айтқанды тыңда, — дейді ылажы таусылған Коңырбек. Менен қалмай ілесіп отыр. Біз елге, ауылға бара жатырмыз. Оларда бізге береміз деп сақтап отырған көп нан, тамақ, бар. Тезірек соларға жетуіміз керек.

— Онда неге көкемді тастан кеттіңіз. Сол тамақтан жесе өлмес еді ғой көкем. Барып ертіп келейікші, агатай, — деп мөлт-мөлт өксиді.

Артына қарай-қарай, аңырай тартыншақтап қыз келеді, онсызда сенделген басты шайқай түсіп, кезерген ерінді тістелегеннен басқаға дәрмені жоқ, қылар қайраны жоқ, бар қолынан келгені қу тағдырга нәлет айтып Коңырбек келеді. Мұн мен азап жайлап алған шерменде дүниенің ішіне сыймай шығарған шеріндей құлазыңқы қоңыр үнді, сары даланың сары желі тынымсыз ызыңдайды. Ыңыршағы айнала ыңылдай қозғалып, бір үміт, бір құдікпен қалт-құлт күй кешіп Қаратаяға қарай жал асып келе жатқан босыған жүрт. Тағдырдың тәлжегі ме еді? Тауқыметі ме еді? Не зауал еді бұл? Оны кім сұрап? Кімнен сұрап? О, қу жалған! Жалған десе жалған шығарсың!

Босыған жұрт ертесіне кешке салым жалдың шетіне шыққан. Тап сол жерде бұларға қарай азық-тұлік, азын-аулақ аяқ артар көлік алып қарсы келе жатқан бір топ кісіге қезікті. Бұлардың бері қарай шұбырып шыққандарын естіген өкімет адамдары көмекке шағын керуен аттандырған екен. Көбісі таныс, өз аулының адамдары. Бір-бірімен жылап көріскен жұрт. Ішінде Біржан мен Жылымбек те жүр.

Жағдайды сұрастырып біліп, кімнің қай жерде қаңдай күйде қалғанын, жол бойы қанша кісінің, кімдердің жерленгенін анықтаған соң Біржан жұруге дыйы барлау, әрі адамдардың қай тұста, қай жерде жатқанын білетін Қоңырбекті ертіп, арғы жағына бармағанымен осы екі-үш күн ішінде қалып кеткендердің шамасын шолып қайтпаққа ыңғай танытты.

— Ой, қалғандар енді қатарға қосылар дейсің бе? Босқа әуре болып керегі не? Міне, елдің көпшілігін кезіктірдік.

Осыларды аман-есен алып барсақ та жетер. Ұшықырысыз далада шашылып қалған қай өлікті түгендереп таусуға міндеттіміз. Өкіметтің бос жатқан басы артық, көлігі жоқ. Әйда, дөғар, олай қарай баруды, — деп Жылымбек жатып келіп қарсы болды.

— Әй, әрі — Бетпаққа дейін барамыз деп тұрғанымыз жоқ, қой. Ботекендер кеше ғана мына жерде тірі қалса әлі үзіле қоймаған шығар. Қасына келіп отырып қалай тастап кетуге дәтіміз шыдайды. Екі-үш күнде қайтып ораламыз.

Осы жуық шамада қалғандарын қарап шығайық. Қеудесінде жаны барын қалдырмаймыз, елге артып апарармыз. Демі біткендерінің бетіне топырақ салайық. Адам баласы емес пе, обал ғой. Сендер бізге қарайламаңдар, журе беріңдер, — деп Біржан көнбей екі ат, бір түйемен сүйт аттанып кетті.

Екі күннен кейін ел шетіне іліккен бұларды қуып жеткен. Боташты түйеге теңдеп алыш келіпті. Әлі демі үзіле қоймаған, санасында еміс-еміс саңдауы бар екен. Түйеден түсіріп жерге жайластырып жатқызғанда көзін ашып, жан-жағына қарауға жарады. Айнала тұрған жүрттты танығандай ишара аңғартты. Қызы келіп “көкелеп” басын сүйегенде ерні қыбырлап: “шүкір”, —

деп күбірлекендей болды. Соңан көзін ашып, тілге келген жоқ, Кешікпей дүние салды.

Үсік ұрган қызғалдақ

Балалары тегіс шетінеп, әйелі мен екеуі сопа бастары қалған Қоңырбек Сырғашты маңдайынан шертпей-ақ есірді. Әйелі Құлмесжан да "еркем, еркем, еркежан" деп туған қайынсіздісіндей еркелетіп бақты. Сонау босып келген ел колхоз-колхоз болып ұйымдастып, қоныстанып алған. Қоңырбек пен Құлмесжан колхоздың қайда жұмысы болса сонда көшіп-қонып жүреді. Елдің етегі жиналып, қабырғасы бүтінделе бастаған. Осы кезде тағы да күтпеген тосын жай жүртты үрпітіп, зәресін алып кетті.

Улken мен кішіге бірдей қайырымды, жаны жұмсак, көпке жаққан аяулы азамат, осы елді етемін деп күндіз-тұні тынбай сабылып жүретін елгезек жан, колхоздың бастығы Біржан бір күнде ойда жоқта, ұн-тұнсіз ұсталып, қолды болды. Не қылмысы, не бұлдіргені барын айтқан да ешкім жоқ, білген де ешкім жоқ. Есін енді жиып келе жатқан жүрт маңдайға соққандай аңтарылып, жасыды да қалды. Біреуден біреу сұрауға, біреуге біреу ауыз ашып айтуға қорықты. Эр көнілде бітеу жарадай сыздаған тылсым үрейдің табы үялады.

Көптің көкейіндегі осынау кеп есейіп, оң-солын зерделеп қалған Сырғаштың да басында бар еді. Ол да аң-таң күйде күйзелген. Ол да ешкімнен сұрай алмай пұшайман болған.

Бірде жұмыстан келіп, түскі шайларын ішіп отырғанда Құлмесжан үй сыртында әлдекім тыңдаپ тұрғандай-ақ қаймыға сыйырлап әлдеқандай әңгімелердің шетін шығарған.

— Бастық, қайнатаңы халық жауы деп ұстапты фой.

Өкіметке қарсы, теріс пиғылдағы кісі дейтін көрінеді. Ой, сүмдық-ай, сенейін бе, сенбейін бе?!

— Оттамай отыр! — Көп сөзі жоқ, жуас Қоңырбектің ашууланғанынан бет-аузы қисайып, түсі бұзылып, күлгін тартты. Қолындағы кесесін лақтырып төңкере салып, теріс қарап іргеге бетін беріп жатып қалды. Әйелі

сасқанынан дастарқанды бірсеке бүктеп, бірсеке қайта жайып абдырапт әлекке тұсті.

Сыргаш Қоңырбектің неге сонша ашуланғанын түсінбей жаутаң-жаутаң етті. Эйеліне бейсеубет сөйлеме дегені ме, әлде Біржанды ондай жаманатқа қимағаны ма соның байыбына бара алмады. Ал өз көңілі Біржан ағаны ондай жаман адам дегенге мұлде сенгісі келмейді.

Біржаннан кейін кешікпей-ақ осы шағын ауылдың өзінен әлгіндей жолмен онға тарта кісіні ұстап әкетті. Елді алалат үрей басып, сарыуайым жайлады. Ұйқы-күлкіден тағы айрылды. Еш нәрсенің ақиқатына көзі жетпей дал болды. Еміс-еміс жалғыз ғана ақиқатты түспалдаған. Ол — осыларды көрсетуші Жылымбек екен деген сезік еді. Біржанның тете өскен Бекбосын, Есбосын атты екі ұлы бар. Бекбосын шаруаға жарал қалған, колхоздың егін, шебін жинауға қатысатын. Әкесі ұсталған күндерде шешесі ай бойы үйінен далаға шыға алмады. Інісі Есбосын ойын балаларына барып қосылуға табы болмай бүгежектеп, шешесін айналышқтайтын. Мойның міндетті жұмысы болған соң жер бауырлап жата алмай, ертелі-кеш арбасын жегіп есік алдында Бекбосынның ғана қарасы бой көрсететін. Ол үйге кіріп-шыратындар сап тыйылған. Ол үйден көршілерге қатысатын тағы ешкім жоқ. Ауыл үйдің арасын тым-тырыс салқындық сызы жайлап алған-ды. Осынау жатырқаушылық, қолайсыз оңашалық жыл аралағанымен Біржан үйінің босағасынан сейілмей қойғандай. Соны сезген Сыргаштың жүрегі сыйздайтын. Ертелі-кеш есігінің алдында жалғыз күйбендең жүрген Бекбосынды аятын. Күйеуі кеткен соң аурушаң тартқан Үміт жиі жатып қала беретін. Ондайда үй арасы жақын, хабар алып, шай-суын дайындал беруден Сыргаш тартынбайтын. Бұл үйге көбіне кіріп шығатын сол ғана. Бірақ Бекбосынмен сөзге келмейтін, ұялып, тартын-шактайдын. Тұйық мінезді Бекбосын да қызға қарап тіл қатайын деген ыңғай танытпайтын. Қыздың бар жоғын елемегендей тоң-торыс жүретін. Сол Бекбосынға кездікті берген күннен бастап, екеуінің арасына үйірсектік орнағандай, кездескен жерде тілдесіп, бір-біріне деген жылы шырай, оң қабактарын танытып, көңілдерін жасырмайтын. Кейде әзілдесіп, күліп-ойнап

қалатын сөттері жоқ, емес. Осындай жолығысу кезеңінде Сыргаштың:

— Апаңа келін түсіруді қашан ойлайсың? — дегені бар.

— Сенің өзіңнің біздің үйге келін болғың, келмей ме? — деді бұл әзілге әзілмен жауап беріп.

— Менен басқа қалайтын адамың бар ма еді, — деген қызы шынымен сұрағандай.

— Жоқ, жоқ, — деген бұл сасқалақтай. Мұның осы абыржығанына қызы мәз қалыпта сыйқылықтай құлген.

Дегенімен осы әңгіме жігіттің ойына түрткі, қозғау салған тәрізді.

Осы әңгімeden кейін Бекбосын шешесіне сөздің орайында:

— Апа, келін түсіргіңіз келмей ме? — деген.

"Корыққан мен қуанған бірдей" деген ғой, шешесі еш нәрсе айта алмай аңырайып отырып қалыпты. Бұл үйге қуаныш та өгей нәрседей жүзінде сенімсіздік, дұдамал, жалтақтау бар.

— Апа, неге үндеңмейсіз, келін түсіргіңіз келмей ме?

Үміт сонда барып есін жигандаі болды. Екі ұлының иықтаса ер жетіп қалғанын енді аңғарғандай еді. Құдай қызығын тауыспаса өзінің әлі алда көрер тойы, қуанышы барын есіне алғандай. Көзіне үйіріліп келіп қалған ыстық, жасты жаулығының ұшымен сорғыттып:

— Неге, қарагым, неге келін түсіргім келмесін. Біз құдайдың пенденесі емес пе екенбіз, келін түсіріп қуаныш көрмейтіндей. Жақсы ықылас, жақсы ырым ғой айтқаның, қалқам. Шын ниет алып па едің? — деді.

— Апа, сіз макұл десеңіз осы жаздың аяғына қарай, егінді жинап біткен соң, Сыргашты үйге кіргіземін.

— Макұл, жаным, макұл. Қабыл болсын. Дүрілдетіп той жасайтын күн кәне? Отқа май тамызып, ақ батамды беремін де. Қабыл болсын, қалқам.

Бірақ егінді жинай алмады. Егін ырғалып пісіп, толысқан шақта қырық, бірінші жылдың алапаты басталған. Ауылдан алдымен аттанғандардың ішінде Бекбосын мен Қоңырбек бар еді. Соナン дүркін-дүркін шақырыстан алғашқы жылдың өзінде-ақ, бас көтерер еркек кіндіктен Жылымбектен басқа адам қалмады. Жолын тауып Жылымбек қана босанды әскерге барудан. Онымен

қоймай колхозға бастық сайланды. Иесіз, панасыз елге жынайнағын салды дерсің соң...

Бақташысы соғысқа аттанған иесіз отарды Момын деген жасы келіп қалған қарияға тапсырып, "көмекшісі әрі түнгі қарауылы сенсің" деп Жылымбек Құлмесжанды қосып берді. "Бармаймын, қолымнан келмейді" деген әңгіме айтылмайды, әрине. Амал жоқ, ел ішінен жырылып, елсіз таудағы жайылымға қосын өтізге артып, Сырғашты ертіп көшіп барды.

Астында ауыздырымен алысқан ақ сүр сәйгүлік Жылымбек алта сайын таудағы малшыларды аралайды. Аралаған сайын, бару, қайтуда, асу жолдың бойындағы Момынның отарына соғып өтеді. Соғып қана өтпейді, тау қойнауында торғайдың үясындаи бүрісіп отырған жұптыны шағын ауылды — екі қараша қосты дауыл болып шайқап, өрт болып қуырып, үскірік болып қарып өтеді. Қойшы шал, Момын десе момын байқұс, Жылымбектің қарасын көзі шалғаннан саусысқан көрген жауыр аттай қайқаңдай бастайды. Заты жуас, жасқаншақ Құлмесжанның қарадан қарап берекесі үшіп, зәресі қалмайды. Кісіні иықтарда Жылымбектің таппайтын бәлесі, тақпайтын кінәсі жоқ. Қарсы сөз айтса үлкен демейді, кіші демейді қамшы сілтейтін әдеті және бар. Оған жүрттың бәрі көнген. Кей күндері бұлардың ауылына қонып қалады. Ондайда Құлмесжанды шақыртып алып, шай құйдырып, шалдың үйінде жатады. Түнге қарай:

— Эй, шал, бүтін қойды өзің күзет, — деп бүйірады.

Сонан Сырғаш түн ортасында Құлмесжанның үйге қайтып келіп, мұп-мұздай болып қасына, төсегіне, кіріп жатқанын байқайтын. Сол жатқаннан теріс қарап алып өксіп-өксіп жылайтынын аңғаратын. Қоңырбектен барысымен қара қағаз жеткен. Соны ойлап, соған жылайтын шығар деп топшылайды Сырғаш.

— Женеше, женешетай, қойшы енді, — деп шашынан, арқасынан сипалап жұбатады. Құлмесжан онан сайын егіледі.

— Бүйтіп бейшара, бүйтіп тап-тақыр, бүйтіп мазак болатындаи бұл құдайға не жаздым деп солқылдайды.

Унемі бұрық-сарық, қайнап, бетінен сідігін шашып, жүрттың апшысын қуырып, көгеріп, сазарып жүретін

Жылымбек кейде Сырғашқа табан астында өзгеріп, көнілдене қылжақтайды.

— Эй, балдыз, бойжетіпсің фой өзің. Баяғының балдыздары жезделеріне емшегін ұстаратын еді. Сен қыз өйтпейсің де. Не істесем екен осы өзінді, — деп арсыз ыржалалақтайдыны бар.

Әкесіндей адамның тап бұлай қалжындағанын тұла бойы түршігіп ұнатпайды-ак, Қарсылық жасауға дәрмен жоқ. Бетіне қарауға қаймығады. Кейде “мен сіздің құрдасыңыз емеспін фой, дардай адамсыз, мұныңыз не бассызыдық” деп айтып тастамаққа оқталып-оқталып жүзіне зер салса жайшылықтағы жыландаі ыскырган, көқдолы, шегір көз, шұбар бет өзірейілдің орнында екі езуі құлағына жеткен, мәз қалыптағы, арқа-жарқа, әжептәуір кісі отырады. Сонан кейін: “Құрысынышы, ашуына тимей-ак. Тағы да борандай бұзылып шыға келер мына жұрттың апшысын қуырып”— деп үндемей қоя қояды.

Жасының екі мүшел үлкендігіне қарамай Момын үнемі Жылымбек келгенде аттан қолтықтап көтеріп түсіріп, кетерінде қолтықтап аттандырады. Ауылда Момын болмай қалған кездерде:

— Эй, қыз, кісі аттандырмайсың ба? — деп Сырғашты шақырады. Ол жоқ дей алмай амалсыз қазықтан атын шешіп, узенгіге аяғын салған Жылымбектің қолтығынан демейді. Бірде ерге жайласып отыра беріп шылбырын әперіп жатқан Сырғаштың төсінен уысын толтыра мытып кеп қалды. Қатты қысқаны сонша қыздың ауырсынғаннан көзінен жасы ытып кетті.

— Тостағаның толған екен, әй қыз, байсырап жүрсің-ау, — деп қарқ-қарқ күледі жанарында өзеуреген арсыз жылт ойнап.

“Айуан, нәлеті” — деді қыз іштей жиіркене түңіліп.

Сонан кейінгі келгенінде аттандыр деп шақырғанында: “Өлтірсе де бармадым”, — деп үйден шықладай сазарып отырып алған. Тұрып-тұрып өзі мінген Жылымбек:

— Қап, сен қызды ма, тұра-тұр, — деп атын бауырлап, тасырлата шаба жөнелген. Сонан көп кешікпей бұлар бағып отырған отардан бір ісек үшті-күйлі жоғалды. Келген сайын:

— Малдарың түгел ме, өлген-жылқан, жоғалғаны жоқ па?.. — деп сұрайтын Жылымбектен болған жайды жасыра алмай шындарын айтқан. Сол сол-ақ екен ауылдың үстіне атты ойнатты-ай келіп. Айтпағаны жоқ, “Тап та, тап, қайда құрттыңдар” — деп алқымдап барады. Зәре құты қалмаған Момын шал мен Күлмесжан далбасалап бірінен-бірі көреді.

— Тұнде күзеттеп жоғалған шығар, — деп күмәнданады қойшы шал.

— Өрістен жоғалған шығар, — дейді Күлмесжан.

Екеуінің басқа айтары жоқ,

— Үш күнде қайтып ораламын, ісекті тауып қосып қойыңдар, әйтпесе, екеуінді де сottатамын. Кемі он жылдан кетесіндер, — деді Жылымбек өз қолында тұрғандай кесімді тұрде. Оның айтқанын істейтініне бұлардың да күмәні жоқ-тын. Бір қой тұтілі, бір уыс бидай үшін кесілгендерді көздері көрген. Өздерін енді сottалдыға жорыған.

Үш күн тұтілі үш айда отарға бір ісек қоса алатын күйлері кәне. Момын шал да бүрісіп, шөгіп кетті. Күлмесжан бұрынғы жылау жылау ма, үкімі кесіліп қойған адамдай езіліп орнынан тұра алмай қалды. Сыргаш қалай жұбатамын деп асты-үстіне түсіп бәйек.

— Құдайға сыйыныңызыбы, тәуекел дейікші, жеңешетай. Бұлай күйрей берменізші, — дейді бар айтары сол.

Тұнілген күйдегі Күлмесжанның уһілеген лебінен жалын атады.

— Еркем-ай, сол құдайда көз бар дейсің бе?!

Сыргаштың оған қайырап уәжі қайсы. Ал Күлмесжанның орнына өзі-ақ сottалып кетуге пейіл. Күлмесжанды кесуге келгендерге “оны қалдырып, орнына мені алыңдар” деп айтуга, жалынуға іштей әбден бекінген шешімде.

Үш күннен соң, айтқандай-ақ, кешке қарай Жылымбек келді. Әдеттегісіндей шалдың үйіне бармай бұлардың қосына түсті.

Жайшылықтағы едіреңдеуі жоқ, өнінде тосын бір сабыр, маңыздану бар. Не сұмдық, не сөзді күтіп үрпісіп, әмір етсе тарының қауызына кіруге даяр ыңғайдағы бұлар оны жаңа көргендей, таңдана жапақтасып қалған.

— Иә, жоғалған мәлдү таптыңдар ма? — деді сәлден соң сол сабыр сақтаған қалпы.

— Жоқ,

— Жоқ, — деп міңгірлесті Момын мен Күлмекшан жанаарларымен жер шұқып.

— Енді қайтесіндер? Сотталып кете бересіндер ме?!

— Мынаның үнінен, сыңайынан қайырым күткендей шал еңкілдеп жылап қоя берді.

— Қайдан, қалай кезіккен жазым екенін білмейміз.

Бар тапқанымыз бірімізден біріміз көреміз. Эйтеуір, қара басты бізді. Енді не қылсаң да өзің білесің, батырекесі. Тірліктің бар тетігі өз қолында. Қаусаған шал, жесір қатын... аяй көр, тақсырекесі. Тағдырымыз өз қолында түр енді... Екі жалғанда тілеуінді тілеп өтейік...

Күлмекшанда үн жоқ, төмен қараған бойы пырс-пырс етеді. Бастық, пенделердің мына мүшкіл қаліне айыздана қарап алғып, салмақтана ыңыранып:

— Жарайды, не жолын табуга болады екен, ойластырып көрейін. Сен шал құзетіңе бара бер, — деді. Момын қауқалақтап тұра жөнелді.

— Сен қатын, байың жаңа өлгөндегі бода-бода бола бермей ана ердің артындағы қоржынды алғып келші. Күлмекшан қоржынды әкеліп берді. Қоржынның басынан шүберекке оралған бір асым сүр ет шығарып:

— Мынаны тездетіп асып жібер. Үндарың бар ма еді нан илейтін, — деді.

— Азын-аулақ бар еді.

— Онда мен сәл мызғып алайын, тамақ, піскен соң ояттарсың.

Жылымбек жастыққа басы тиген бойда қор еткен. Тамақ түскенде Күлмекшан түртіп оятқанда "а-аһалап" тапырақтап, жау қудылап оянды. Қанталап кеткен екі көзі құтырған иттің жанарындаи ойнақшып жанжарына үрке қарап алды, сонан соң барып есін жиғандай:

— Түү, қатты үйықтап кетіппін ғой. Күні-түні дамыл жоқ, әкеңнің көрін... — деді өзінің ерсілеу оянысын жуып-шайғандай.

Тамаққа отырар алдында қоржыннан ішінде мөлдіреген сүйық толы көк шыныны суырып Күлмек-

жанға ожаумен су алдыртты. Кесе сұрады. Алдына үйдегі құрсаулы екі шыны-аяқтың бірін қойып еді:

— Тағы екі кесе әкел, — деді.

Олардың бәрін қайтеді дегендей аң-таң қүйдегі әйел қалған кесені тағы әкеліп қойды да:

— Кесенің бары осы еді, тостаған болмаса, — деді.

— Мейлі, әкел.

Күлмесжан көже ішетін тостағанды және қойды.

— Өздерінде келіндер тамаққа, таянып отырындар, — деді әрі бүйректы дауыспен әрі мырзалиқ таныта.

Осының ыңғайынан қалай шығамыз деп жанын шүбекке түйген екеуі еріксіз, таянып, табаққа қол созған болды.

Жылымбек көк шыныны үш ыңғайып қоясқа бөліп құйып, шалаптағандай үстіне су араластырды. Бір кесені өз қолына ұстады да:

— Ал екеуің де менімен соғыстырып ішіп қоясындар,

— деді бұлардың ішетініне еш күмәны жоқ, көңілмен.

— Ойбай-ау біз ішпейміз ғой, — деп ыршып түсті Күлмесжан.

— Неге ішпейсің. Мен іш деп отырмын сендерге, — деп Жылымбек оның бұл бас асаулығын ұнатпағандай оқшырая қараған.

Күлмесжан қылмыс жасап қойған кісідей пүшайман болып, жасып қалды.

— Өмірі татып көрмеген нәрсем еді, — деді жалынышты үнмен.

— Татпасаң татасын. У беріп отырғаным жоқ, У болса өзім ішемін бе?!

— Сонда да... құдай үшін қынамаңызышы.

— Эй, сен қыз алсайшы ендеше.

Сырғаш зәресі ұшып ат-тонын ала қашты. Тіпті, табақтан безіп кетті.

— Жарайды тамақ ішіп алайық, Сонан соң көреміз.

Онда тамаққа келіндер. Эй, сен қыз, таян. Аузыңа жығып құймаймын, қорықла. Ал, ішпесендер, — деп өзі шай кесе аз толмаған мәлдір сүйекты дем алмай тартып салды да ашырқана тыжырына көзін жұмып, келеге түскен бурадай оқыс ыңғранған үн шығарып, басын сілке шайқады.

Сонан соң мол шенғелдеп, тамақты асады келіп.

Табақты еңсергенше басын көтеріп жан-жағына зер салған жоқ:

Күлмесжан мен Сырғаш тамақтың шетінен шымшып қана ауыздарына апарып жеген қалып аңғартуда. Табақтықырлана бастағанда барып, еңсесін жазып, қолын дастарқанның шетіне сұрткен күйі қызара бертіп тершігендің жүзін қасындағы әйел мен қызға бұрды.

Жаңағыдай емес қоқиленған Жылымбек қалпын қайта тапқан сыңайы байқалады. Көзі ойнақшып:

— Екеуің мені мазақ етейін деген екенсіндер ғой, — деп бастаған әңгімесін.

Күлмесжан жік-жаппар болып, шыр ете түсті.

— Ойбай мазағыңыз не? Ол не дегеніңіз. Садағаңыз кетейік. Сізді ренжітейік деген ойымыз жоқ,

Бұл сөзге талағы тарс кетті:

— Онда айтқанымды неге тыңдамайсындар!

Ішкіліктің буы бойына өбден жайылып, жайшылықта кеудемсоқ елірме жан онан сайын арындаپ арқаланып көтеріліп келе жатқан жайы бар. Екеуі енді қайттік дегендей бір-біріне жапақ-жапақ қарасып, торғайдай қалтыраған.

— Жылымбектің сөзін аяқ асты етіп, жерге тастағандай, кімсіндер, сендер. Көздерінді ашып қарандар. Экелерінді танытып ертең сottың алдынан шығарайын ба?! Эй, қатын, сенің жаның менің қолымда еkenін білесің бе?

— Білемін, білемін. Не істе дейсіз? Не істейін?

— Ісінді сотқа өткіземін. Обалың өзіңе.

Жылымбек мәселені шешіп қойғандай қолын бір-ак, сермеді.

Күлмесжанда зәре қалмады.

— Ағатай, азаматсыз ғой, еркексіз ғой, аясаңызышы...

— Ә, солай ма?! Онда азаматтың, еркектің сөзін жерге тастамау керек.

— Қай сөзіңді жерге тастап едім?! Не істе дейсін? Не қылайын?

— Мынаны неге алмайсындар ал дегенде. — Жылымбек иегімен мөлтілдеп, шүпілдеп тұрған тостаған мен кесені нұскады. — Эй, қыз, жеңгөң сottала берсін деп отырсың ба?! Саған керегі сол ма?!

— Егер осыны ішсем сottатпайсыз ба? — деді

Сырғаш ызадан ба, үрейдөн бе, дауысы дірілдеп. Әлде амалы таусылып айтты ма, әлде ерегіспен айтты ма, әлде шынымен Жылымбектен қайыр күтіп айтты ма ол жағын өзі де пайымдай алған жоқ. Тіпті, сол сөзді қалай айтып қалғанын да андамады.

— Соттатпаймын, — деді Жылымбек қағып алғандай шапшаң жауап қайырып. — Түгел таусып іш, соттатпаймын. Мә, — тостағанды қолына ұстатты.

— Азаматтық, сөзіңіз рой! — деді Сырғаш тәуекелге бел буған үнмен.

— Азаматтық, сөзім. Ант етемін. Эй, қатын, сенде ішесің, — деді. Сырғаш қалай ішіп тауысқанын білмеді, тостағаны босағанын ғана аңғарған. Ә деп жүтқаннан-ақ, удаій бір өрт өңеш-қолқасын өртей, ішін жандырып, жалап кеткенін сезген. Сонан тостағанның түбіне жете алмай өліп кетер ме екенмін деген, өлсем өлейін деген, дем алмай жұта берген. Енді міне қолында бос тостаған, өліп-тірілген адамдай есендіреп отыр. Қасында қақалып-шашалып, лоқсып Күлмесжан әлденені сылып-сылып жүтқан тәрізді. Жаңағы қылқөпірден өткендей қиямет сәттен аман-есен қалғанына тәуба етіп, енді есін жыйып, өзіне-өзі келмек болып сәл сабыр сақтап отырмак, еді, бір кез басы айналып, жарға құлап бара жатқандай жүргегі тәмен тартып, есі ауып журе берді. Сонан түзеле алсайшы. “Енді қайтті, үят-ай! Өз бойына өзі ие бола алмай былқ-сылқ етеді. Көз алды бұлдырап үй ішіндегілер жүзіп жүрген тәрізді. Әлде өзі жүзіп жүр ме денесі жеп-жеңіл, қол-аяғы жерге тимейтін сияқты. Жанындағылардың да даусы күңгір-күңгір алыстан жеткендей. Бір сөзін естіп, бір сөзін естімейді. Естігендерінің, өзі санасында қорыттылмайтындаидай. Үй ішіндегілер күле ме-ау, жылайма-ау, түсініксіз шым-шытырық,

“Маған төсекті қайынсіндеңмен бірге салып бер” — дейіме-ау Жылымбек.

“Қайынсіндеңі кім, төсегі не?”

Біреу умаждан жұлмалағандай ма. Біреу құшақтады ма? Әлденеге қытығы келіп сықылықтап құлді ме қайтты. Онан кейін бір жаман түстер көріп жылады ма, ию-қиу түсініксіз дүние. Әлден уақытта жүргегі айнып лоқсып құсты. Сонан кейін үйықтап кетті ме, есін білмеді.

Таңертең сал болған кісідей тұла бойын ала алмай, дел-сал, мең-зен қүйде оянғанда өзінің айра-жайра қалпын көріп "құдай тәбемнен үрган екен" деп тұла бойы түршігіп, шошынып кетті. Өзінен-өзі безіне, өзінен-өзі жиіркеніп, мына дүние, мына тіршілікті сүмдыш, жек көріп, қаңғып, тентіреп, қара жердің тесігі болса кіріп кеткісі келді. Тұпсіз тұнғиық болса түсіп кеткісі келді.

— Мендей сорлы, мендей сұмырайды алатын құдай бар ма екен, алса екен, — деп егілді.

Тұмыс табиғатында адамның өзін-өзі өлтіргенін көрмеген, естімеген, бейкүнә, мәлдір жаратылыс азаптан арылудың ондай да сүмдыш, жолы бар екенінен бейхабар еді. Бар қолынан келгені өзін-өзі жеп, өзін-өзі жерлеп басын тауға үрді, тасқа үрді. Апталап жер бауырлап жатып алды. Күлмесжанның жұбатуы да, жалаңуы да "құдай-ау, енді қайт дейсің" деп қуйіне жылауы да әсер еткен жоқ. Мейіздей қатып, безірейген қалпынан өзгермеді.

— Адамға дүниеде іштей тынған жаман деуші еді.

Сен мына беталысында күйіктен өлерсің. Босқа обалыңа қалармын. Осында енді біздің қарайлайтын неміз қалды. Басымыз ауған жаққа кетіп тынайық, бүйткенше, — деді Күлмесжан.

— Сөйтейікші, жеңеше. Кетейікші осы жерден. Қарамызды батырайықшы.

Осыдан көш жерде соғыстың алдында темір жол келіп, шахта ашылып, қала тұра бастаған. Соғыс басталғанда тоқтап қалған. Енді сонда құрылыш қайта жанданып, жер-жерден жұмысқа адам іздең жүр деп еститін. Екеуі ақылға сала келе сонда қоныс аударуға шешті. Сырғаш барған бойда жақында әйелі өлген салт бас, мосқалдау жұмысшыға күйеуге шығып кетті. Тағдыр — талайдың бүйрығына дауа бар ма. Мынау мұң жайланаған шерлі, баянсыз, қиянаты үстем тіршілікте тағы да бір махаббат гүлі мезгілсіз үзіліп, тағы да бір арман үміт өрісін таппай қызылған. Тағы да бір балауса жастық үсік үрган қызығалдақтай ерте солған.

Корқау бұғызы

Көптің басына түскен нәубет пен қайғы дауылы қалтыратпайтын, әсер етпейтін; жұрт түршіккен жамандықтың өзінен нәр алыш, семіретін заты қорқау жандар болады. Жер астынан шыққан құбыжықтар емес, олар да ет пен сүйектен жаралған адамдар. Олардың да мақсат-мұддесі, қуаныш-күйініші бар. Олардың да "кісі" болып, "жақсы" болып дәүірлейтін кезі бар, кезеңі бар. Ол кезең — елдің аруағы аяқасты қалып, азаматын жау алған жетім, панасыз сәті; берекесі қашып, рухы төмендеген сәті. Осы кезде бәтуасызы бас, қырқылжыны жас болып шығады. "Дуалы" сөзді жұрт солардың аузынан естуге "құмбыл". Солардың айтқанына көніп, айдағанына жүргуте мәжбүр. Тағдыр басқа салған соң қиянаты мен қасақанасына бірдей көнеді. Жылымбекке де көнген, Жылымбекті де көтерген, жақсысы мен жайсаңынан айырылған бұл момын жүрт.

Тексізі тектісіне өлердей өш табиғат әу бастан жақсысын жіңішкелеп, жамандықтың жолын кең, молынан пішken бе; қайырымы шектеулі, қараулығы шексіз, қиянат тартқанның арашасыздығы несі екен. Колхозға бастық болып, ел үстіне ат ойнатқалы Жылымбектің тағы бір қырына алғаны баяғы Біржанның от басы. Өзі дімкәстеніп жүрген Үмітке: "Балаң бақташы, сен қарауыл боласың, қой бағасың", — деп біраз қиғылық салған. Үміт денсаулығының жоқтығын айтЫП:

— Есбосын он төртке енді шықты. Жасы толмаған балаға қыруар малды тапсырып, ертең олай-бұлай болса жауапкершілігін кім арқалайды. Қыруар малға ол қалай иелік етпек. Егер өлім-жітімге ұрынса жауабын өзім көтеремін деп тілхат бер, — деп көнбей отырып алған, әзер құтылған. Соңан кейін-ақ, баласы мен екеуін қайдары ауыр жұмысқа қуды. Ара-тұра қылыш-қылыш мінез көрсетіп қоятын. Қыз кезінде-ақ Үміт, айдай Үміт атанған бойжеткенге сөз салған, қырындаған бозбалалар аз емес. Соның бірі — Жылымбек болатын. Ол кезде "Жынды Жылымбек" атанатын осы бәтуасызды кісі деп қарал па екен-ау Үміт. Соны ұмытпағандай Біржан кеткелі әредік-әредік ойқылы-тойқылы сөздер шығарып

қалатын. Үміт онысына мән бермегендей, керек қылмағандай, аңғармағандай салқын сыңай танытып, бойын аулақ салатын. Өзін сұық, қашық ұстаган жатыңғай әйелге кимелеп кетуге тәуекелі жетпей тосылатын.

Оның үстіне Жылымбектің әйелі Әйкенмен Үміттің төркіндерінің жамағайындығы бар, екеуі бір ауылдың қызы, жастайынан қатар өскен. Әйкен жазғанның бұл көк соққанға тиейін деп тимегенін; алашапқын дүбір, астын-үстін тіршілікте әлі оң-солын танып білмеген; айдалада адасып жалғыз қалған, сүйенері жоқ, бейшара бойжеткенде бұл жанкешті жауының торына тағдыр, шіркін, өзі әкеп шырмаганын Үміт те, басқа жұрт та білетін. Оның бұл жайдан хабардарын Жылымбек сезбейді емес. Қанша бетсіз болғанымен, қараулығын жасырып бақтым дегенмен, соны сезетін ел бары есіне түссе ол да іштей тайсақтайды.

Жылымбектің толып жатқан алакулік әрекеттерін аңғарған ел жағасын ұстап, үн-тұнсіз басын шайқаған сойқанды сүмдышының бірі осы оқиға десе болғандай...

Бұл ел аштыққа ұрынып, Арқадан Қаратаяға қарай шұбыра көшерден аз жыл бұрын колхоз-колхозға үйымдасып, егін еккен. Жүрттың бәрі колхозға жаппай кіріп жатпаған кез. Қайсыбіреулерді "сен кеше бай болғансың" деп белсенділер жолатпаса, қайсыбіреулер өздері бой тартып "әліптің артын баға тұрайықпен" сырттай бақылау жасап, колхозға бірігіп ірге тірестіре қонған ауылдардан қара үзіп те кете алмай, араласа да қоймай үйлерін оңашалау-оңашалау тіккен күйлері қадау-қадау сырт орай отырған. Сондай оңаша отырғандардың бірі Ақжігіт шалдың үйі-тін.

Ақжігіт бұрын-сонды бай санатына қосылмаған кісі. Осыдан аз жыл бұрынғы ақсүйек жұттың алдына орта дәuletі бар, кеудедегі жүрттың қатарындағы жан еді. Ағайынға сөзі жүретін, қадір-кіслікten құр алақан болмағанымен тәңірі басқа тапшылау жаратыпты. Перзент біткеннен Әйкен атты жалғыз ғана қызы бар. Бірге туған аға-ініден ада, етжақын жоқтың қасы. Осыдан екі-үш жыл бедерінде кемпірі ескілікті науқасынан дүние салды. Аңыраған алты қанат үйде бойжетіп қалған қызы екеуі қалды. Төсек жаңғырта

қоятын жастан өтіп кеткен. Оның үстіне заманның ағымы мынадай өзгерді. Соңан соң басқа түскенге көніп жүріп жатқан. Жұттан қалған азын-аулақ қара-құраның денін өкімет алды. Өзіне күн көруге жетерлік бес-он тоқты-торымын үй төңіректеп бөлек қайырып, күн өткізуде. Колхоз болған көптің ортасына кіремін десе мұны ешкім қуа қойған жоқ, Әлденеге өзінің көңіл табы тартпады. Өкімет кісілері атандып жүрген таныс, бейтаныс белсенділердің іс-әрекет, мінез-құлқын ұнатпады. Әсіресе олардың ержетіп отырған жалғыз перзенті Әйкенде төңіректеген, торғай арбаған жыландаиды сыпсың, сылтың, мінездерінен қатты іш жиып, ешкімдермен араспай бөлек отыруды қол көрген.

Солардың ішіндегі жоқты барды сылтауратып үйіне жиі келгіштейтін, мелиса атандып, ат үстінен түспей екілене шапқылап жүретін Жылымбек белсендіні шалдың суқаны сүймейтін-ақ. Қарасын көргеннен кірпіше жиырылатын. Сонысы бекер бой тарту болмағанына көп кешікпей өзінің көзі жетті. Аздаған майда малын қайырып келіп, құдықтан суарып, есігінің алдына жусатып тастан түс кезінде үйінде дамылдашып жатқан. Көзі ілініп кеткен екен, тасыр-тұсыр асығыс келген ат тұяғының дыбысынан басын көтеріп алды.

“Бұл қайсысы екен, тағы?” — деп ойлап ұлгергеніше қонышына қыстыра салған қамшысы сартылдаш ішке Жылымбек кіріп келді.

— Ассалау!

— Әлекесалам... Жоғары шық,

Шал танаурай, екпіндей келіп қол ұсынған жігіттің сәлемін салқын алдып, жүзіне көз салмаған күйі тыжырына жиналып, төрден орын босатқандай ыңғай танытты.

Төрге шығып қоқырая отырған жігіт жан-жағына қораздана көз тастан тастан қойып, тамағын қырнай бестекі жөткірініп барып, сәл кішірейгендей дауыспен үнін сыпайылап жай-жағдай сұраған болды.

Шал оған да салқын ғана жауап қатты.

Үй иесінің қалпын жігіт те танығандай. Тілінің ұшынан сөйлеп қырыстанып отырған шалға қиястанды ма, әлде табигатына бітпеген сыпайылыққа бұдан әрі шыдамы жетпеді ме:

— Қария, мен бір шаруа айтқалы келіп едім, — деп дүрс еткізді.

— Ол не шаруа еді? — деді шал қонағының жүзіне енді ғана назарын туралап, бас-аяғына байырқалай көз тоқтата.

“Осының өзі шектен шыққан тентек пе, өлде осылай тентек бол деп қайрап құтыртып қойған біреу бар ма екен?” дегендей сыңаймен сыйнай қараған.

Жігіттің бастаған тосын өңгімесі шалдың әлгі ойын зерделеп тұжырымдаудына мұршасын келтірмеді. Шәт-шәлекей етті.

— Қария, мен қызыныңға сөз сала келдім. Әйкенде көңілім бар.

“Мына жынды қайтеді?! Не деп отыр тәңірі-ау?” деп шал аңырайып қалыпты. “Болашақ, күйеуінің” мұның қас-қабағымен шаруасы жоқ, тәрізді. Еш нәрседен айылын жиятын жанның сиқы байқалмайды. Көрші үйден қоламта сұрай келген қатындан беймарал.

— Әйкенде маған беріңіз. Екеуіміз қосылған соң кейін өзінізді қолымызға аламыз. Кемпірің де жок, жалғыздан-жалғыз қалай отырасың. Біздің қолымызға келмегенде.

Ақжігіт тілі байланып қалғандай үндей алмады. Киізі түрлі ашық есіктен далага қарап менірейіп, сілейіп отыр.

— Неге үндеңейсің? Мені менсінбей отырсың ба? — дегендеге барып есін жигандаі селк ете түскен.

“Қап, мына иттің баласының қылып отырған қорлығын-ай. Экел де қанжығама байлад бер деген сөзі ғой. Торсық па ол қанжығасына байлай салатын?”

Шалдың қаны басына шапшыды. Ашудан көз алды тұманданып, бұлдырай жөнелді. Бірақ жеме-жемде өзін сабырға шақырды. Мұнымен жанжалдасып, айқай-үйқайға барғаннан ешиәрсе өнбейтінін, пайда жоғын зерделей алды. Өзін сабаға түсіріп, жән сөзге көшті:

— Шырағым, мұның қазақ, рәсімінде жоқ, өңгіме екен. Ата-баба жолын сақтамаған күнде де кісінің кісіге тән сырайыгершілігі, ілтипаты болса керек еді. Бұрын-сонды жауласқан жұрт болмаса мәміле іздеген жан қызынды қанжығаға байлад бер деп ат ойнатпаса керек еді. Бұл не, басыну ма? Жүгенсіздік пе? Замана ағымы өзгергенмен ата мен бала арасы өзгеретін бе еді? Әйкен

менің көзімнің ағы мен қарасы, бетіне қарап отырған жалғыз перзентім. Кісі жанына тиетін іс істеме, қарағым.

Ақжігіт әңгімені осымен дөғарамыз деп есептеген. "Атқа мініл, кісі болып жүрген жігіт қой, сөздің паркына зер салар, оябын аңғарар" — деп санаған. Ал Жылымбектен ол күткен міnez байқалмады.

Сіздің, айтып отырған рәсіміңіз не, ата-баба жолыңыз не? Оныңыз баяғы қазақшылық, ескілік сөз ғой. Бай манаптардың дәуірінің әңгімесі ғой. Сіздің көксеп отырғаныңыз сол ма? Ол болмайды, ақсақал. Ол дәуіріңіз қайтып келмейді, — деді тата бір мұның үстіне қона тусуге ыңғайланғандай теке көзденіп, ежіре耶 қарап.

Оның мына сыңайын көрген соң: "Ой, найсалта түйсік, шым еткен үят жоқ, екен-ау. Пәтшагар-ой, ақ, сайтанның нағыз өзі болмаса нетті. Қой мұнымен тәжікені ұзатпайын. Бетін біржола қайырайын. Күдерін үзіп аулақ жүрсін" — деп түйген шал.

Шырағым, мен ешкімді, еш дәуірді іздең отырғаным жоқ. Келмесе керуен ұрсын. Ал кіндігімнен шыққан баламда кімнің таласы бар?! Жалғыз қызыма иелігім жүретін шығар. Заман ақыр болып кетпесе өз балам өз айтқанымды тыңдар.

— Соңда қызыңызды бермеймін дейсіз бе?

— Жоқ, бермеймін. Саған баратын қыз жоқ, бұл үйде.

— Байқаңыз, ақсақал! Ойланыңыз әлі де. Мен далада жүрген көрінген біреу емеспін. Үлкен басымды иіп өзім келіп тұрсам... понимаешь, түсінбейсіз ғой... Олай болса көрерміз...

— Көрсөң көре бер. Не көрмей жатырмыз.

— Ақырғы сөзіңіз осы ма?

— Осы. Көзім тірі тұрғанда баламды саған жібермеймін. Әтірет жинап келіп тартып алып жатсаң, осы мынау шиландай ел ғой, көретін шығар. Араша түсетін бір мұсылман баласы табылар.

— Жарайды, онда.

Жылымбек орнынан жұлқына тұрып, табалдырықтан екпіндей аттап, атына мінген бойда тасырлатып шаба жөнелді. Оның атының тұяғының әр дүсірі өңменінен тепкілегендей жүйкесін тоздырып, мазасы май ішкендей

рәсүа болып, өзінің осы істеген ісінің дұрыс-бұрысына көз жеткізе алмай Ақжігіт шал қалды шоқылып.

Екі арадағы осы әңгімендегі кейін он-он бес күн откенде, бұрыннан ойында жүрген айласы ма жоқ әлде табан астында тапқан шешімі ме Жылымбек бір іс істеді.

Жұрт егін жинап бастырып жатқан. Ауыл-ауылдың ортасындағы оңашалау алаңқай — айтакырды қырман басы етіп, қызыл дәнді сонда суырып, сонда қаптайтын. Ертең ауданға жібереміз деп қаптап қойған отыз-кырық қалтың біреуін, осы астықты дайындал, жөнелтүге ие болып жүрген Жылымбек таң алдында келіп түбін бармақ сиятындағы етіп пышақпен тіліп жіберді де, арқасына салып алды. Сол көтерген бойы ауыл сыртындағы Ақжігіттің жалғыз отырған үйіне қарай аяңдады. Үйдің есігінің алдына барды да, қырманға қайта оралды. Сонан соң қаптап дайындал қойған қалтың екі-үшеуін жуас сары атанға артып алып әлде-қайда салып ұрып жөнелді. Ертеңіне қырманнан астық үрланғаны, жөнелтүге дайындал қойған екі-үш қап бидайдың жоғалған хабары бүкіл жүргтты аяғынан тік түрғызды. Жан-жаққа шолғыншы шаптты. Қырманды айнала із кесті. Сол кезде құмырсқаның сүрлеуіндей сыйылып қырман мен Ақжігіттің үйінің арасында шашылып қалған қызыл дәнді елдің бәрі көрді. Іздеушілер "ұрының" үстінен түсті. Енді тек жоғалған қап-қап бидайды "тап та таптың" астына алды. "Ұры":

— Олла-білла, білмеймін. Көргенім жоқ, Бұларың не, ағайындар-ау?! — деп жатып-тұрып қарғанды, жалынды, ашу-айқайға басты. Оның ешқайсысына құлақ асар, керек қылар ешкім жоғына көзі жеткенде есі ауган жаңдай менірейіп отырып қалды. Мына тіршілікке сенер-сенбесін білмей, не аитарын білмей, ел антарылды. Табан астында "ұрының" үстінен акт жасалып, ауданға айдалды. Онан әрмен үлкен қалаға абақтыға әкетіпті деп естіді ауылдағылар. Сонан жарым жылдай откенде:

"Қаладағы ол барып түскен абақтыдағы жүрт қирай іш ауруына ұрынып, баудай түсіп жатыр екен, солардың сүреңі алып кетіпті. Қайтыс болыпты", — деген хабары жетті. Жалғыз үйде жалғыз қалған қызы ақыры Жылымбектің отын жағуға көнбекенде қайтсын. Іс осымен тынғанда барып, аңқау көптің алды әлденені сезгендей ішегін тартқан. Көзбен көріп, қолмен ұстаған

шаруасы емес, соң соң тырс деп үн шығарған ешқайсысы жоқ, сезген-сезгендерінше іштей тынған да қойған. Әйкен жазғанның онан хабары бар ма, жоқ па, жұрт сезгенді сезді ме, сезбеді ме ол жағы жаратушыға ғана мәлім. Жанын жаралап табалағаннан басқа не пайдасы бар деп жұрт бұл әңгімені Әйкенге сездірмеуге тырысатын.

Бұрын осындағы-осындағдан бой тарта ма Үмітпен көп сейлеспейтін, таяна бермейтін Жылымбек енді "әй дер әже, қой дер қожа" жоқ, әбден мейманасы тасығандікі ме кейінгі кезде қайта-қайта қыжырттал мұның жүйкесін қажыта бастаған еді.

Шабындықтары шөпке шалғы түсетін болған соң "пішенишілерге тамақ істеп бересің, әрі үйің жатар орын болады" деп Үмітті жайлауға көшіріп әкеп тастаған. Баласы арба айдал жұртпен бірге шөп тасиды. Елдің бәрі жұмыста. Үміт үйде жалғыз еді. Бір күні кешке салым, апақ-сапақта, ат ойната сумаң етіп Жылымбек жетіп келді. Үміттің әлдене сезгендей жүрегі дір етіп, өрекпіп қоя берді. Бойы тітіркеніп, қаймығып, аттылы кісіге қарауға дәті бармады.

"Мезгілсіз жүрісі неколай екен күйдіргі неменің. Не жаманат қарақтап келді екен"— деп тіксінді.

— Әй, қатын көз қырыңды да салғың келмейді ғой, өзіңнің. Адам екен-ау, ит екен-ау деп тұрған жоқсың ғой, тіпті. Келген кісіге аттан тұс, үйге кір деген сөз болмаушы ма еді. Пандығың қалмаған-ау әлі.

Үміт тайсақтап, жасқана ығысып тұрғанымен кезекті сезін жібере алмады.

— Неге кекетіп, мұқата бересің, Жылымбек, бізде қалған қайдагы пандық, кіслік. Суылдан қалған жүрек. Бейmezгіл суыт жүргенге сескеніп, сасқалақтап, аттан тұс дей алмағаным сол. Менің рұқсатым кімнің шікәрәсі. Оны неге іздей қалдың. Кіремін десең үй де, шығамын десең төр де қазір сенікі емес пе?

— Қарашы тілің әлі мірдің орындағы-ау, сылқым қатын,— деп Жылымбек аттан тұсіп, үйге енді. Енген бойда төрге шыққан да жоқ, отырған да жоқ, тікесінен тік тұрған күйі:

— Аудан Қарағандыға ФЗУ-ға баратын кісі іздеп жатыр. Балаңды соңда жіберемін,— деді.

Үміт біреу мандайынан үргандай есінен танып қала жаздады. Әскердегі Бекбосыннан көптен бері хат-хабар келмей уайыммен қабаржуда еді. Сол қобалжып жүрген журегі енді біз сұғып алғандай шаншып-шаншып кетті. Жүйкесі босап, әлі құрып, қол-аяғы дірілдеп, отыра кетті.

— Жас қой... Жас емес пе... жасы жеткен жоқ қой,
— дегенді үзіп-үзіп әрең айтты.

— Жасы жетпесе жеткіземіз, — деп айыздана күлді Жылымбек. — Жас дейді. Соқталдай жігітті.

— Сорайған бойы ғана ғой соқталдай көрсетіп тұрған,
— деп уәж қайтарған болды.

— Оны кейін сенен сұрай жатар. Ал қазір ФЗУ-ға мені жөнелтуі керек пе, бұларды жібермегенде.

Үміттің амалы таусылған:

— Эй, Жылымбек, ең ғұрмаса қатар туған төл емес пе едік. Кіндік қанымыз бір топырақта тамып, жөргегіміз бір өзеннің сұына жуылған еді ғой. Менің де жетіскең, кісі қызғанатындаидай не жағдайым бар. Аясаңшы, — деді үтіліп тарыға. Үрейден көзінен жас та шықпай қалды.

— Э, солай ма?! Оңда базыналығымды көтер, — деді Жылымбек білегінен шап беріп ұстап.

Әлдекім үстінен мұздай су құйып жібергендей тіксінген Үміт алдындағы ереккек аңтарыла әрі үрейлене қараған. Сөйтсе ұятсыз, ессіз бір құмарлық, пен арсыз күлкі жайлайған жүзінде селт еткен қытық жоқ, еken. Озбырдың дегенине жетпей тынбайтын жыртқыш лиғылын анық аңғарған соң бұл енді өзінің құтылмасын, күнәға батқанын, қалтқысыз сезді. Ұяттан жүзі күйіп, өртеніп, жанарына мөлт-мөлт жас үйіріліп, ернін тістелеп, төмен қараған бойы сілейіп отырып қалды...

Сонан көп кешікпей біраз тәсек тартып жатып, Үміт те ол дүниелік болды. Жападан-жалғыз қалған Есбосын өзі сұранып, Қарағандыға ФЗУ-ға аттанды.

Жан жарасы

Қатты ұрыста қоршауда қалып, өліспей беріспей, атыса-атыса қатары әбден сиреген шағын әскердің құрамында тұн ішінде есебін тауып, қашып құтылып, аз ғана жолдастарымен орман-орманды тасалай қаңғи-

қаңғи Югославия партизандарының ортасынан келіп шыққан Бекбосын соғыстың соңғы жылдары елден, ауылдан хат-хабарсыз қалған. Жеңіс күнін сол жақта шет жерде жүріп тойлаған. Алыстан ауылына оралудың сәті сөйтіп жеңістен бірер жылдай өткенде барып түскен. Аңсап жеткен ұясы есігінде қара құлып, қаңырап, құлазыған күйде қарсы алды. Шешесіне Жылымбектің жасаған қиянатына тәнірдің өзінен басқа күе жоқ, ел ішіне ол жайлыштың сөз тарамаған.

— Күйіктен жабысқан науқасы асқынып барып, ақыры алып тынды ғой, — десті шешесі жайлыштың айтқан ағайындары.

— Есбосыннан аңда-санда хат келіп тұрады осындағы өзі қатарлы балаларға. Жағдайы жақсы, дені сау көрінеді.

Хат жазған сайын сенен хабар бар-жоғын сұрастыратын тәрізді, айналайын, қайтсін. Е, “орнында бар оңалар” деген осы. Құдай жеткізсе жеттіңдер, міне, сендерде. Ел болып кетесіңдер әлі-ақ. Қапаланып, қабыржыма. Басы бүтін пендеген жоқ. Өткенге салауат айт. Шүкіршілік ет, — десті көздерін шылай отырып жанашырлары. Өздері осы айтқандарына қол қойып, құлдық үрган қалыпта. Көнгөн, келіскең сыңайда. Енді, тек “барына береке берді” сұраған пейілде.

Елдің күйі тәмендеу көрінгенімен көңілі пәс емес. Жұрт жанарындағы ұзаққа созылған ауыр қыстап кейін күн көзі жылт еткенде дүние тіршілікте байқалатын мейірім шуағындағы себелеген үміт сөулесі кісі жанын жылытқандай.

Отбасының хабарына қанғанымен Бекбосынның көңілінде әлі алаң, түйткілі тарқамаған жайы бар. Әлдекімді елегізе іздеген сияқты. Азаматтың ат-көлік аман жеткеніне шын қуанған тілеуқор пейілдегі ауыл адамдары ол отырған үйге ағылып кіріп шығуда. Кеткендері қайтпаған олардан біржола күдер үзіп, көңілдерін сұыта алмаған, тіпті, күдер үзгенімен, тағдырдың тауқыметіне көнгенімен, жүректегі сағыныш күйігіне шипа таба алмаған, іштегі қайғының алай-түлейі бас көтергенде құсалықтан сенделіп кеткеннен басқа лажы жоқ, жаны жаралы жандардың қайсы бірі айқай салып көрісіп, қайсы бірі басу айтып, сабырға шақырып дегендей абыр-дабыр сапырылыстың ара-арасында да

есік жаққа қарайлап, үй сыртында тысыр еткен аяқ, дыбысына елеңдей күтетін тәрізді ме қалай. Сан-сапалақ, келіп жатқандардың арасынан оны көрмегеніне аң-таң. Жүздесу, сәлемдесу рәсімін жасаған жұрт саябырып, сирей бастағанда әлдене салқындықты сезгендей жайсызданған ыңғайда еді. Өтті-кетті талай әңгіме айтылып, шай ішіліп, тамақ желініп, гу-гудің екпіні басылған тұста сез арасында көңілдегі дітін туралап шығара алмай жақауруата сұраған:

— Осы бүтін Құлмесжан жеңешем көрінбеді. Ауылда жоқ па? Қоңырбек ағаның барған бойда қаза болған хабарын соғыстың алғашқы жылы-ақ, ауылдан алған хаттан оқығанмын. Ал, жеңешем қайда?

— Ей, айналайын, “жұт жеті ағайынды” депті ғой бұрынғылар. Қоңырбек жазғанның оты өшті. Сабазым-ақ еді-ау, шіркін, Қоңырбектер. Жігіттің төресі еді-ау. Тағдырға не дауа. Артында не түяқ, не түтін қалмады, — деді бұларды қонақ етіп отырған үй иесі кемпір шын күйзеле, шын жоқтай. — Қоңырбек қайтыс болған соң Құлмесжан бұл ауылда көп отырған жоқ, рудникке көшіп кеткен.

Сол жақта жүріп біреуге тиіп кетіпті деп естідік.

Осы сәт үй ішіндегілердің бірі кемпірдің сөзін бөлді:

— Ол байқұс отырмайын деді ме? Елден кетейін деді ме? Отырғызды ма жөнімен. Кетпесіне қойды ма?!

— Е, ол сорлыны кетті деп мен кінелайын деп отыр дейсің бе. Сұраған соң жай-жапсарын айтып жатқаным ғой.

— Отырғызбағаны несі? Кетпесіне қоймаған кім?

— Ей, Бекбосын, айналайын-ай, кім дерің бар ма?!

Пенде басына түскен зауал-дағы. Ол бір керегі жоқ, ұзақ сүрэй әңгіме. Дені-басың сау, аман-есен ел ортасына келдің, міне. Осыдан басқа ештеңенің керегі жоқ. Осыған разы бол. Бұдан артық қуаныш бар ма?! Аман бол, айналайын. Бақытты бол.

— Ал, Сырғаш қайда? Сырғаш та бірге кеткен бе?

Бекбосын Сырғашты сұраған кезде жағалай отырғаңдардың күмілжіл, кібіргіктеп, назарларымен жер шүккіғанын байқағанымен әңгімесін аяқсыз тастай алмай, әрі қоңілін күпті етіп түрған жайдан хабар білгісі келген ниетпен:

— Сырғаш қайда, сонымен? — деді тағы.

Төнірегінде гілер не айтамыз дегендей өзара аңтарыла қарасқан қалыптары, тосылған күйде, жөппелдемеде ештеңе жауап қайтара қоймады. Өзіне жақын отырған ауылдың ересектерінің ыңғайсыздана қозғалақтап, құрғақ жөткірініскендерінен әлдекаңдай ылажсыздықтың сыйайы сезілгендей. Соны аңғарған соң Бекбосын енді бұл әңгімені қазбаламағанды жөн көрді.

“Ел іші емес пе ертелі-кеш біле жатармын. Несіне алқымдай беремін. Сырғаштың бұл ауылда жоғы, тіпті, бар болғанда да маған жоғы түсінікті тәрізді ғой”.

Жігіт санасында осындағы түйсік оянғанда тағдырдың салғанына көнімпаздық, мойынсұнудан гөрі сонау көңіл түкпірінде қыжылдаған өксік, әлденеге наразылық, бой көтеріп, жан дүниесін құлазыған жалғызылық, жайлап алғанын байыптағы. Соның салдарынан ба, көңілі жабырқап, қабағы кіrbің тартты. Оның ажарындағы осы өзгерісті аңдал қалған әлдекім сұрағын аяқсыз еткенге ренжіп қалды деп ойлады да:

— Сырғаш та жеңгесімен бірге кеткен. Соナン қайтып бұл жаққа ат ізін салған емес, — деді.

— Қайдан ат ізін салсын, байқұс бала, жылай-жылай көнгенде тағдырдың бүйріғына, — деді осы сөт үй иесі кемпір әрі Сырғашты қорғаштай сөйлеп, әрі Бекбосын хабардар бола отырсын дегендей әлдекаңдай әңгіменің шетін қылтитып. — Кімді зар жылатпаңды, кімді қаңғытпады бұл ку соғыс. Замананың үкіміне, патша-әкімнің қаһарынан соққан дауылға кім қарсы тұра алған. Ондай зауал келгенде қойдай ығып журе береді еken де пенде шіркін.

— “Адамның басы — алланың добы” деген сол да, бәйбіше, — деді үйдегі ересектердің бірі.

— Иә, сол қаңбақтай домалаған бейбақтың бірі болды Сырғаш бейшара да. Соры ашылмаған бала еken, айналайын. Қаршадайынан аштықта әке-шешеден айърылды. Онан тірі қалып енді есейіп, адам санатына қосыла бергенде мына ку соғыс килікті... Е, мұны, айта бергеннен ешиңорсе өнер дейсің бе. Құрысын. Қолдан келер не бар?

Әркімді құдай аясын. Әйтеуір тірі жүр деп естиміз. Біреумен тутін түтепті, екі-үш баласы бар дейді. Аман жүрсін жазған.

Кемпір даусын көтере, ширай тұсқендей, сестене аяқтады әңгімесін. Үнінде "еңді осы сөзді додарайық" дегендегі әмірлі үкім бар тәрізді. Онсызда таянғысы келмей отырған көңілсіз хикаядан орағытып өтуге ықыласты жұрт бұл емеуірінді құба-құп қабылдағандай. Сөз арнасы басқа жаққа ойысып жүре берген.

Бекбосын жұрттың тегін қашқалақтамағанын, мұның арғы жағында әлдеқандай хикаят жатқанын қалтқысыз сезген. Сырғаштың жайдан-жай түрмис құра салмағанына, солай етуге мәжбүрлік жасаған кілтипсан барына шүбәсі қалған жоқ, еді. Бірақ, ол әңгімені бұл да қазір қайтып қозғамады. Кеү-кеу жұрттың ортасына қарай мойын бұрды.

Әркім-әркімдердің: "Біздікінде-ақ, жүре берсейші. Жалғыздан-жалғыз жатпай-ақ", — дегеніне қарамай өз үйінде болуды жөн көрген. Соңан соң ауыл әйелдері көптен бері есік-терезесі жабулы иесіз тұрған үйді ашып төсеніштерін жедетіп, қағып-сілкіп қайта салды. Кешінде Бекбосын жатар орынға осында келген.

Шілде туып қалған шақ. Бұл жақта жазды күні түнмелге балшық, үйді қапырық, санайтын ел кешке қарай шайын есік алдында ішіп, сол далада ұйықтағанды қос көреді. Бекбосын да осы ескі әдетпен төсегін далаға — терезенің тұсындағы кешқұрым қайта-қайта су сеуіп, сыптырып, тазалап қойған тақыр жерге әкеп салған. Шілденің тымырсық түнінде әлдеқайдан ауық-ауық соғып өтетін самал лебіне кең тыныстай дем алып, жұлдыздары үзіліп түсердей шұпір-шұпір мөлдіреп, тас төбеде төңкеріле төнген қара торғын аспанның жұмбак, тылсым бейнесінен көз алмай, соның тұпсіз тереңіне сұнгіп кеткендей қалың ой құшағында жатыр. Тап осы жатысы, тұңғиық тұнгі аспанның тап осы таныс көрінісі, қай-қайдағы сағынышты сәтті еске салғандай...

Тура осылай аспан суретінің тұнгі сиқырлы әлемін қызықтап, қиял-ражайып күй кешіп, алаңсыз, асығыссыз жатып көрмегеніне талай жыл болған екен-ау. Талай жыл дейді. Тіпті, онан бері Бекбосын көз алдында, басынан кешкен сан-сапалақ, сергелденді ойымен шолып байқаса, екі арада ғасырға пара-пар уақыт өткендей десе сенгендей. Сол өткеннің елесін қайта актарып шығып өзіне зер салса мұның орында отызға әлі жете

қоймаған қылшылдаған жас жігіт емес, асарын асан, жасарын жасаған, дүниеден баз кешуге жақын көнекөз қария жатқан тәрізді. Осы сәт өзін қартайып қалғандай сезінген. Иә, тым алыстан қол бұлғағандай елестер екен. Соңан бергі жылдарды таразысына түскен тауқыметпен есептеп, пішсе қазіргі бұл өлшемнің еш жалғандығы, әбестігі жоқ та сияқты. Иә, ол қай заман еді. Оナン бері не өтпеді, не өзгермеді?.. Жоқ, өзгермеген бар екен. Өзгермеген мынау пенде, шіркін, тәңірінің ұясы деп табынатын ұлы қек, ұлы аспан. Соңан соң да ұлы да. Өзгере берсе не ұлылық сақталмақ. Оның сол баяғы күйінен аумағанын, ауыспағанын анау жымыңдаған жұлдыздарына қарап танығандайсың. Таныған бойда көкейінде көне сурет тірілгендей, сол суреттің әсерінен әлдеқандай сағыныш сазы жүректі шым-шым сыйздататындаі. Эр жұлдызы ертегі, әр жұлдызы хикая осынау жұмбақ жаратылысты көзі талғанша қызықтаپ қарай беретін; сол ертегі хикаяларды емірене шертетін шешесінің үнін елжірей тыңдал, ойдағы-қырдағы колхоздың қыруар шаруасының ыңғайымен кейде үйге түнемейтін, кейде кештетіп келетін әкесін елегзи күтіп жатып үйқыға кететін сонау түндер елесі көңілін тап қазір мұнға батырып, көзіне жас үйірғендей сағындырыды.

Көңілінде екі ұдай сезім кезек алмасып, толқып жатыр. Сұрапыл соғыстан бас-аяғы бүтін, аман-сау елге оралған, алыста жүргендे сүйіктісіндей аңсатқан туған ауылдың ортасына келген қуаныш; мынау елдің маңдайынан сипағандай ықылас, пейіл, жылы қабағы; мынау жаздың жайлы түнінің анасының құшағындаі мейірімді лебі жанын жадыратқанмен, ет жақын іздегендерінің ешқайсысының алдынан шықпағаны бір бүйіріне инедей қадалып: "Бұл қалайды" еріксіз ойфа оралтады. Шешесі мен інісінің хабарына қанғанымен Сырғаш туралы ешкім еш нәрсе ашып айтпады. Санасы сан-саққа жүгірді. Жатқа қия алмай қиналды.

"Қой, бүйтіп, бітеу жара қылыш күпті болмай, сұрастырып көрейін, не жағдай, естиін", — деген тоқтамға тірелген. Естімей-ақ қоятын әңгімесі екен, оны кім білген. Сұрап алған ауруға не дауа. Естіп білгенше дегбірсізденген жағдаятты өзін ақыры абыройсыздау

тіршілікке ұрындырып тынғандай. Бұл келгеннен кейін кешікпей, араға екі-үш күнді салып, осы ауылда өзі қатарлы әскерден аман-есен оралған жас жігіттің үйлену тойы өтсін. Жоқ-жүқаналығына қарамай тойға деген ел пейілі ағыл-тегіл. Соғыстың алдында той-домалаққа, жастардың жиын басқосуларына ептең араласа бастаған ішкілік салты қазір деңдең еніп үрдіске айналғандай. Қатар көрші отырған екі колхоздың ортасындағы жалғыз сауда дүкенінің жалғыз есік, жалғыз терезелі жалғыз бөлмесінің босағасында тұрган темір қара дүңгірден тойханаға торсыққа құйып алып келген арак дегенің ағын-төгін. Қалай шайқап ішсең жетіп жатыр.

Әйелдер жағы татып алмағанымен еркектер қауымы — әрине кемтары бар, сауы бар, соғыстан қайтқандар мен жігіт болып қалған жастары ғана — тізгін тарту дегенді білмейді. Алдына қойғанды ақтаң тауысып отыру шарт. Қызыған жұрттың ду-дуы тойдың жарастығы тәрізді. Осы кеу-кеудің сүреңіне жығылған әйелдер ішпесе де ішкеннен әрі. Топталып алып әнді аңыратады-ай дейсің. Бұл әндерде сағыныш пен мұң, өткеннің өкініші, бүгінгінің қуанышы, ертеңің уміті — бәрі-бәрі бар. Зерделеген жанға өмірдің сырын ұқыттығандай даналық, тұжырым — тоқтам аңғартады. Көңілде алуан түрлі күй туғызып, толқытып, тебірентеді. Қай-жайдағыны қозғап мұңға батыратындей. Соның бәрінен де қымбат, бәрінен де аяулы мына жарық дүниенің шаттығы екенін паш етіп, осы тіршілікпен тыныстағаның шүкіршілікке жүгінтіп, енді бір сәт жан дүниеңе жайдарылық, енгізгендей. “Иә, келер таңың, көрер қызығың қөп болса екен, таусылмаса екен жасампаз жарық, дүние” деген тілекке ғана саятындей. Пендең сенен құдіретті не болсын. О, киелі, сиқырға толы ғажап тіршілік.

Тойдың төрінде, жұрт ортасындағы Бекбосын осындаі алай-түлей сезім ағынының жетегінде. Жаңағы әзірде құлағына тиген, жанын жарапал, намысын қорлағандай жайсыз әңгіменің бойына жайылған ацы запыран уытын арақпен қайтарғысы келгендей тоқтаусыз сілтейді. Ол әңгімені ұмытуға әрекет жасап, көңіліндең дықты тойдың қызық, қошаметімен қуып шыққысы бар. Кесе тола мәлдірей шүпілдеп құйылған

захарды тамшы тастамай тартып салады. Былайғы жүрт “елге аман-есен келгеніне қуанып отырға” жорыған да қойған. Өзінің де қалауы қөңіліндегі қайғыны осы дуду қуанышпен жумак, ұмытпақ еді. Қасақана қырсық, қылғанда тойдың әбден қызған шағында, төбеден түскендей сап етіп, Жылымбектің жетіп келе қалғанын қайтерсің. Оның бұл келісі, өзі солқылдан, дүбәрә күйде баз кешкендей толқып, томырықтанған сыңайдағы кекті жігітті сыздаган шиқанының аузын тырнаң өткендей ышиқынтып жіберген...

Жаңа осы тойдың бас кезінде далаға жедеп қайтуға шыққан сәтте өзі қатарлы ауыл жігіттерінің бірінен:

— Эй, осы сен Сырғаштың жағдайынан хабардарсың ба?! Не болған, қалай кеткен бұл ауылдан? — деп сұрамасы бар ма.

Ішкіліктен аргы жағына желік кіріп желпініп түрған жігіт білгенін жасырмадан.

— Сырғаш жақсы қыз еді гой, шіркін. Естігенде қимай мен де өкіндім. Ауылдың көркі еді-ау. Атаңа нәлет, мына қанішер Жылымбектің кесірі гой. Әйтпесе сенде бүгін өстіп той жасап жатар ма едің?..

— Жылымбектің кесірі дейсің бе?! Ол не істеген? Оның қатысы не? Түсіндіріп айтшы.

— Нәлеті, тубіне жеткен осы көрінеді. Басынып ойына келгенін жасаған. Осының масқаралығына шыдай алмай елден шығып кеткен Сырғаш. Иттің баласы, өзінің қызында жастағы адамға соны істеген... Обшем, құдайдың да көзі жоқ қой деймін, осындаі айуанға...

Бекбосын табан астында іштей лықси көтерілген ызалы толқынның сұық, лебі соғып өткенлей тұла бойы қалтырап қоя берді. Ұяттан ба, намыстан ба, әлде тосын хабардың жайсыз әсерінен бе жүзі ду етіп, құлағы шыңылдан, теңселіп кетті. Қасындағы серігі мұның бұл күйін аңдамады ма, әлде өзі сұраған соң, бастаған әңгімесін аяқтауды жөн көрді ме болған жайды түтесіп айттып шыққан.

Бас-аяры сүт пісірімдей мезгіл өткенімен жігіттің мына әңгімесі азапты ауыр сапардай-ақ, таусылып бітпейтіндей, біткен кезде түп-тура ғасырға созылып, өзін шаршатып, діңкелетіп тастағандай көрінген Бекбосынға. Әрі-сәрі күйде қапалық, кешіп тұрып оның

асыға-алтыға сапырған сөздерінің бірін ұстап, бірін ұстай алмағанымен оқиғаның барысын, жеңгесі мен Сыргаштың көрген қиянатын байыпта-бажайлауға зердесі жеткен. Соңан соң да көңілге қайтып сейілмestey қолеңке ұялап, соның салмағы еңсесін езгендей ұнжырғасы түсіп, сұлық тұрып қалды.

— Эй, жарайды, денің сау болса қыз табылар! Оған ренжіме. Осы төңіректегілерінің маңдайынан шертіп журіп, таңдағаныңды алмайсың ба?! Қой, ренжіме? Өзің сұраған соң білгенімді айтқаным ғой... Тек Сыргаш жазғанға обал да... Жарайды бұл әңгімені ұмыт енді. Жүр, қайтайық. Аз тұрғанымыз жоқ, да лада, — деп жігіт қолтығынан ұстап үйге қарай бастаған. Соның ыңғайымен ілесіп келіп, көңілді көптің ортасына қайтып оралған. Алғаш кірген бойда сол соққы тигендей дел-сал қалпынан айыға алмай бір қауым уақыт сұлесоқ күй кешкен жайы бар-ды. Бірақ, көптің екпіні оңай ма, тасқын судай лепірген көңілдердің иірімі ыңғайына икемдемей қоймады. Келе-келе солардың дүрмегіне ілесіп, манағы көңілді қалпын қайта тапқандай болып отырған. Енді сол алдамшы, жалған күйдің; өзін-өзі алдаусыратып, өтірік жұбатқандай көлгір көңілділіктің тас-талқаны шыққандай. Оны көрген кезде ұстіне әлде кім мұздай су құйып жібергендей денесі тіксініп, жан дүниесінде оқыс оянған ашу-кектің ызасы тұла бойын буып бара жатты. Не істерін білмей, іштей бой көтерген дүлейдің әсерімен алас ұрып отырған орнында тыптырышып, қозғалақтап кетті. Осы қысылашаң негайбыл, өзін-өзі ұмытқан ашулы сәтте де, ақылға жығып емес санадағы әлде қандай түйсіктің әсерімен ес жигандай, өзін-өзі жогалтпай, табиғатындағы сыйайылық, болмысын таба білді. Өзін-өзі іштей арпалыста жеңе білді. Неде болса сабыр сақтау керегін пайымдады. Мына көптің ортасында мінез көрсетпегенді мақұл көрді. Мына жұрттың ақ тілеу қызықшылығының шырқын бұзбағанды жөн санады. Бірақ тұбі бітімшілік болмайтынын, қалайда кездеспей тынбайтынын, әйтпесе бұл жер, бұл ауылда бұлай тып-тыныш жүре алмайтынын іштей анық сезінген. Соңан соң да сырттай сыр бермей сабырлы қалпын танытқанымен іштегі ызаның уыты қос жанарына ызбар болып жиналыш, жауына

кектене қараған. Мұның қалпын ол жырынды аңғармай қалмады. Екеуінің ә деп назарлары үшырасқанда мұның мына қарасынан қауіп алғандай, әлденеден сескеніп, тайсақтаған кейпін бұл да қалт жібермей бажайлап үлгерген. Сонан кейін-ақ екеуі бір-біріне қайтып көз салмауға тырысқан. Бір-біріне сыртын бергендей қырыстанип, іштей аңдысқандай сыңайға көшкен. Тұнығына тас түсіп, тыныштығы бұзылған алау-жалау көңіліне медет таба алмай, ақысын сонан алғысы келгендей, алдына қойған арақты тоқтаусыз тастап жібереді. Жанары тұманданып, әбден қызып алған сыңайы байқалады. Көзіне қан толып, ашықтан-ашық кектене, өзіне құсы түсе, қиястана қарағанынан Жылымбек мұның бұзық ойын анық сезген. Сезген соң-ақ тойдың тарқауын күтпей, елеусіздеу сәтте жылыстап кетудің қамын жасаған. Оның осы ойын масаң жігіт те іштей тоқып отырған тәрізді, орнынан көтерілгенін байқап қалып, ілесе шықсын. Ауыл іші үй-үйдің арасымен асығыстай басып бара жатқан Жылымбекті қуа соңына түсіп берген. Мұның өкшелеп келе жатқанын білген ол жүгіре басып үйіне таяп қалған.

— Эй, Жылымбек, тоқтай тұр. Сенімен сөзім бар, — деп масаң даусы барлыға айқай салды. Жылымбектің тоқтар түрі жоқ. Қайта даусын естіген заматта, тапырақтап тұра қашты. Бұл тұра кұды. Жатаған тамның алдына тігілген киіз үйге кіре беремін дегенде дәл табалдырықта бас салып келіп ұстаған. Екеуі арсаландаі алыса түскенде араларына біреу келіп килікті. Әлгі келген бойда:

— Бекбосын, мұның қалай, ақылың бар еді ғой. Ақылға келші. Сәл сабыр етші, — деп Бекбосынның ананың жағасындағы қос қолына оратыла асыла кетті. Осы сәтті пайдаланып жүлкұна босанған Жылымбек үйге зып етті.

Соңынан өршелене үмтүлғанымен қапсыра құшақтал алған әлгі жігіт босатар емес. Сонан босанамын деп алысып жүріп, жанталаса ышқынған күйде аузынан ащы-ащы балағат сөздер шырып кеткенін өзі байқа-маған:

— Эй, әкеңнің аузын, Жылымбек! Шық бермен! Бәрібір бүгін сені бауыздамай тынбаймын! Қаныңды

судай шашпасам жер басып жүрмейін! Бес жылғы соғыста фашистің оғынан аман қайтқан жаңымды сен иттің баласының жолына тіктім. Мойныңдағы әкемнің қанын арам қаныңмен жуып кегімді алмасам ерек болып туғаныма нәлеті! Шық үйінен иттің баласы!..

Устеріне Жылымбек кіргенде мұның түсінің бұзылып журе бергенінен кіпір алып, соナン кейін-ақ, қасқабағындағы өзгерісті бағып отырған манағы жігіт ойында осындаі бір шатақтың барын сезіп, бұл орнынан көтерілген сәтте іле-шала ол-дағы түрегелген. Соナン байқатпай соңына ілесе берген. Қазір үйге кіргізбей арпалысып, арашалап жүрген сол еді.

— Бекбосын, тоқтай тұршы? Бекбосын мұның қалай? Елден үят қой. Сәл сабыр етші, — деп жалынады. Арыстандай шабынған, өзінен гөрі әлеуетті жігітпен жұлқыса тетеп бере алмай.

— Жібер! Қоя бер деймін!

Ітірына бұлқынған сәтте жармасып жүрген жігітті шиыра ұшырып жіберіп, босанып алған. Сол бойда белін қынай буган сүр гимнастеркасының бос дедиген етегінің астында жасырулы, мықынында, қында жүретін қарыстай кездікті жарқ еткізіп суырсын.

Бұл кезде айқай-үйқайды құлақтары шалып қалған тойдағы жүртттың біразы жетіп ұлгерген еді. Мұның қолындағы пышақты көріп шу ете түсті. Қарымдауау ересектері киіз үйдің есігінің алдына топтала тосқауылдасты. Мұның таянғанынан ығысып серпіле қоятын, жібере қоятын ыңғай танытпады. Бейбітшілік тілеп арашаға түсken бейкүнә көпке ұрынуга дәті бармай не әбден шегіне жетіп өрекпіп еркінен шығып кеткен, тұла бойын жындаі буып алған елірме ашуын табан астында тоқтата алмай қыстырып, ызалы ыңырана, шабына ұмтылған бетте туырлық кигізді керегеден жоғары тұстан кіріш-кіріш тілгіледі. Сол кезде кісінің тәбе қүйқасын шымырлатқандай ашы зарлы үнмен дауыс салып, үйден Эйкен шыға келді.

— Құлыным, Бекбосын-ау, мұның не? Көрер қызық, атар таңың әлі алда емес пе, жарығым?! Бұл құтырынған тәбеттің, бұл бұзылғанның қанын ішкенде қай мұратыңа жетпексің? Қай кемтігінді толтырмаксың? Қай дүниен орнынан келмек? Жас өмірінді өксітесің

гой босқа. Мұның не, байқұс бала-ау! Осы жүрттың төгілген қаны аз ба еді? Бірінің қанын бірі жүктегені аз ба еді. Қанға қарығатында болған жоқсындар ма? Тоқтат мынауынды, құлыным! Қан көрмей тоқтамаймын десең мені өлтір. Мына мені өлтір!

Қараңғы тұнде қаралы жандай қара шашын жайып жіберіп, омырауын айыра ашып, жанұшыра күңіренген Эйкеннің мына кейпі Бекбосынды өлде кім тура маңдайына соққандай қалт тоқтатты. Өз ісіне өзі енді есеп бергендей жан-жарына аңтарыла қарады. Устерінен құйын жүріп откендей берекелері қашып, үргиіп-үргиіп тұрған ауыл адамдарын көрді. Сол сәтте ұят атты сезімнің түйсігі шым етіп санасын шағып алған. Қалт бұрылып үйіне қарай салды. Енді оны тоқтатқан ешкім болмады.

Жалғыздық

Үңірейген қараңғы үйде жалғыздан-жалғыз қыстығып, ал кеп, солқылда. Мастықтың өсері ме, жоқ жігіттік қайратын қайрап, намысқа тырысып, өзін-өзі тәк-тәклен әрең ұстап жүргені болмаса, көңіл толған нала, қапалықтың ішке сыймай лықсып шығар, ақтарылар орайы осы ма, жер бауырлап дәңбекшіп, басын жастыққа түйгіштей шайқап; кімге неге тістенгені өзіне де белгісіз; кімді нені кінәларын өзі де білмейді; әйтеуір, бір қияннаттың, әділетсіздіктің өктем озбырлығы жастай жанын жаралап әлі соңынан қалмай келе жатқанына құсаланып, егілді-ай қеліп, егілді...

Солай жатып көзі ілініп кеткен екен, есін жиып оянды. Таң әлі ата қоймаған. Қораштау, төрт көз жалғыз терезеден қорғалап тұған ай сәулесі себелеп үй іші алажеуім тартыпты. Төр алдына етігін де шешпеген бойы, киімшең күйі құлай кетілті. Оң қолындағы кездігін де тастанапты. Сол сабынан қыса ұстаған қалпы. Пышақтың жүзі айдың құлғін жарығына шағылысып ағарандайды. Соған көзі түскенде барып мұнда қашан қалай келіп жатқанына ой жүгірткен. Бағанағы шымшытырық жайдың бәрі санасында қайта оянған. Әлгі істегендері дұрыс па, бұрыс па онысын таразылай

алмады. Өзін ақтарын да, кінәларын да білмеді. Көңілінде, әйтеуір, өкініш пе, әттеген-ай ма, опық жеу бар. Әлденені бұлдірген, қылмыс жасаған жандай қыстынудан құр алақан емес. Ел бетін көруге зауқы жоқ, тәрізді.

"Бұл жерден кетіп тынған жөн шығар".

Ең алдымен ойына оралған шешім осы. Сонан кейін көңілінде:

"Қайда?! — деген сұрақ, көлденеңдеді. Енді ішкі дүниесінде екі ұдай сезім бой көтеріп, бір Бекбосын екі жарылып, өзімен-өзі айтысып кеткендей.

Шынында қайда? Қайда кетеді? Іздеп келген ауылы, елі, жұртты осы емес пе? Неге кетеді онан? Кім қуып отыр?"

"Жарайды, қуып отырған ешкім жоқ делік. Ал қарайлайтын кімі бар? Нең қалды мұнда қимайтын?!"

"Кімге өкпелейсің?! Елді кінәламақтысың? Олардың жазығы не? Келгелі бері "жатып жастық, тұрып төсек болып" мейрімімен мәндайынан сыйпауда емес пе? Сенің тартқан қасіретіндегі қасірет олардың әрқайсының басында жоқ, па еken?! Елге өкпе артпа. Азаматтысың ауыртпалықты бірге көтеріс. Шыда".

Бұл уәжге алғашқы Бекбосын қарсы дау айта қоймады. Дегенімен алған бет, жиналған сапардан қайтқысы да жоқ, Ойланана келе өз байламын айтқан:

"Елге, әрине, өкпесі жоқ, Елді кінәлай алмайды. Бірақ, мұнда қалай қалады. "Көз көрмес, құлақ естімес" дегендегі әлдеқайда кетіп көңіл суытпаса, жегідей жеген жан жарасы жұнжітіп бітпей ме. Бәрін қалай ұмытып, көңілінен өшіріп тастап, сап-салғыдай жайбарақат жүре алады. Жүре ала ма, өйтіп? Кісі бір қалыпта тұра бермейді. Құндердің ашысы бар, тұщысы бар. Кейде шаршал, кейде шалқып жүресің. Бірде болмаса бірде кезігіп, ашу өзәзіл иелік бермей соның дегенімен кетпесіне кім кепіл? Қой, біраз уақытқа болса да қоныс аудара тұрган жөн шығар".

Өстіп саралай, саралтай келе Бекбосын Қараған-дағы Есбосынның қасына кетуді жөн санаған. Соған бекінген соң, енді ел көзіне түспей-ақ, ертелеп жолға шығып кетуді мақұл көрді. Өзінің түндегі тіршілігінен қысылатын, тәменшіктейтін сияқты. Әйтеуір, жұрт

көзіне көрінуге ықтияр емес. Осы шешіммен жатқан қалпынан басын көтеріп алғанда қолындағы кездікті көзіңдегі шалды. Сол сәт кісіге пышақ, кезенгені, жасаған дүрбелені есіне тағы түсіп, ойна әлденелер оралып не істерін білмегендей аңтарыла отырып қалды. Көңіліне күдік, сақтық, кірген:

"Жылымбек неғып жайдан-жай қоя береді? Әрекетсіз қалмаса керек. Әлде өз кінәсін өзі біліп "жабулы қазан жабулы" дей ме? Әй, қайдам. Оның не істеп жатқанынан мұның хабары жоқ қой. Тұнде ауданға шауып кетіп, милиция ертіп келмесіне кім кепіл. Милиция келсе алдымен мына кездіктен айрылары сөзсіз. Мұны кісі көзінен жасырған дұрыс шығар. Қазір бойында "сақтамағаны жөн".

Ең қымбат көретін, киелі мұліктей санайтын заты еді Бекбосынның бұл. Бес жыл не түрлі қым-қуыт оқиға, құғын-сүргінді басынан кешкенде қалай айырылып қалмағанына, жоғалтып алмағанына, үнемі жанынан түспей жүргеніне кейде таң қалатын. Қысыл-таяң қажетті тұстарда талай рет қажетіне жарады. Тілті тәнті болған жері де бар еді...

Бұл соң-ау соғыстың алғашқы жылындағы өте ауыр, тауқыметті күндер-тін. "Қырық жыл қырғын болса да — ажалды өлеңді" деген. Нелер сұрапыл қан кештуден өтіп журіп, ара-тұра, женіл-желлі жараланған кездерін сөз етпегенде Бекбосын соғыстан дін аман қайтқандардың санатына жататын. Рас нелер, өлім мен өмірдің арасында қалтқыдай қалтқұлт етіп, қас қағым сәтте үзіліп кетуі кәдік күмәнды шақты бастан өткеріп, соナン кейін өзінің тірі қалғанына таңданып аңтарылған сәттері жоқ, емес. Соның бірі осы оқиға-тын.

Немістердің қол астындағы үлкен қалага барад жолдағы шағын қыстақты жаудан үш күннен бері үш рет тартып алдып, үш рет қайтып беріп, қазір тағы жоғарыдан: "қалайда қыстақ біздікі болуы керек" деген соңғы үкім тәрізді пәрменді бүйрек жетіп, өлген-тірілгендеріне қарамай шабуылға шықсан. Қаншама кісіні жолда қалдырып, кешке қарай ақыры бұлар қардай бораған оқтың астында қыстаққа кірген. Алғы қатарда жан үшіра жүтіріп келе жатқан Бекбосын мықын тұсына тырс етіп тиген оқ дыбысын анық сезген. Алас-құлесте байыптаап

қарауға дәрмені жетпей асығыс зер салған. Тыз етіп, тәнін қарығандай еш нәрсе байқалмады. Сол бойы алға ұмтыла бергенде оң жақ білегі от тигендей ашып кетті. Артынша саусағына қарай жылбырай жылжыған қанның ізін көрді. Қолын қозғап байқады. Өз иелігінде. Қауіпті дерлік емес, жеңіл жаракат екенін сезген. Тоқтамай тарта берді. Астын-үстін аласапыранның қалт еткен сәтінде қан тамшылап келе жатқан жарасына қарауға мұршасы тиіді. Білегінің бұлшық, етіне таяй сызып өтіпті оқ. Мықтап таңып байлап тастап, қайта ұрысқа кіріспей кетті. Кеш түсे қыстақты дүшпаннан біржолата тазартып барып бас-аяқтарын түгендерескен. Сол кезде Бекбосын есіне алғып, жаңа әзірдегі белдеу тұсынан тигендей болған оқтың ізін іздестірген. Көрген кезде өз көзіне өзі сенбегендей сілейген қалпы шүқшия қарасын. Оқ кіндіктің сол жақ тұсынан сәл төменіректен, гимнастеркасын тесіп өткен. Гимнастеркасының жалпақ, белдіктің астынан дедиген етегінде сұқ, саусақ, сиятындағы тесік үңірейіп тұр. Оқтың жыртып кеткен орны.

"Япыр-ау, мынау тура іштен тиген оқ, қой, арғы жаққа қалай дарымай қалған"— деп аң-таң күйде белдігін шешіп алғып, үсті-басын ақтарып, сипалап тексеруге кіріскен. Тәні жарақаттан сау... Мына кереметті қараңыз! Тура біреу қағып өлтірген қара шыбындағы мыжылып, қындағы қыстырулы кездік саптың бармақ, тұп тұсындағы тығырық орнына үстаратқан қүйма алтынға бір түйір күйген қорғасын жабысып қалған.

— Эй, сен немене, қойныңа қоңыз кіріп кеткендей тінткіленіп, — деп әзілдеген жолдастарына көрсетіп:

— Жігіттер, мына қызықты қараңдар, — деді. Олар көрген бойда кездікті қолдан-қолға жүгіртіп, дуылдай жөнелген:

— Ой, Бекбосын, бір ажалдан қалыпсың.
— Оқ қағарың бар екен.
— Мына оқтан аман қалған, сен енді өлмейсің. Қорықпа.

Енді біреулері кездікті қайтадан орнынан, қынға салып, оқтың тиген тұсымен мұның дене мүшесін салыстырып өлшеп көруде. Таңдайларын қағып, бастарын шайқасады:

- Жігітім, мына кездік сап болмаса оқ бір жақ бүйрекінді талқандап өткендей екен.
- Бүйрекке тисе бітіп жатыр да онда.
- Иә, файыптан аман қалғансың ғой, тәуәп ет мына кездігіңе. Эдемі пышақ екен.

— Дегенімен қасиетті зат болды-ау. Кім беріп еді өзін?

Жолдастары айтса айтқандай, туралап келген ажал оғынан тәңірінің мына арашасына өзі де ғажап қалған. Алтын сапқа жабысқан қорғасынды нан кесетін лөкет пышақтың ұшымен тұртіп түсіріп, сәл кетіле ішке қарай шұқырайған, шешектің дағындаі ойық болып қалған оқтың орнын бірер сипап кездікті қынына сұқты. Сонан сыртына сығымдай ұстаған саусақтарын ажыратпастан ойы алысты кезіп кеткен... Ол кезде үш ұйықтаса түсіне кірмейтін, өмірі естіп көрмеген жер түбіндегі мынау орыс орманында, жартылай жалынға оранып өртеніп жатқан мына орыс қыстағында отырып осы кездікті берген Сырғаш қызды, сонау таудағы кешті сағына есіне алған. Таудағы сол кездесуді ес біліп, оң-солын тани бастағалы өмірінде кезіккен алғашқы, қимас, бақытты сәтіндей, қуанышындаі сезінген еді. Сол сезімінің ұмытылар, көнерер түрі жоқ, Көңілінде тайға таңба басқаңдай сақталып қалған елестің — өмірі өшпес ыстық, суреттің қуәсі, белгісі осы қарыстай кездікті ең аяулы мүлкі, мүлкі емес-ау, жан серік жолдасындаі көретін...

"Кейін қайтып айналып соққанда алармын. Қазір бір белгілі жерге тығып кетейін", — дед түйді Бекбосын қайда, қалай жасыру керегін іштей ойластырып.

Терезеден түскен ай сәулесі көмескіленіп, ажары қаша бастапты. Бұл таңның таянған хабары екенін аңғарған. Асығыс жолға жиналудың қамына кірісті. Ел аяғы қыбырламай тұрып ауылдан шығып кеткісі келген. Сенектегі бір кездегі алты қанат үйдің сүйегі жиналған бұрышты тұртінектеп жүріп, тоқымдай құрым кигізді қолтығына қыстырып шықты.

Бауырынан қара жол өтіп жатқан жатаған құмакшаның беткейіндегі бырдай бейіттердің түсына келгенде бұрылып анасының мүрдесіне қарай жүрді. Жер ошақтың орнындаі ғана тәмпешіктің қасына тізерлей отырып жұп-жұмсақ майдада топырағын қос алақанымен

сыйпалай, көз жанарын жас тамшылары кіреукеleй басын иді.

— Топырағың торқа болсын, жан анам. Жатқан жерің жайлы болсын, апажан,— деп күбірледі.

Аз уақыт солай аялдаған соң орнынан турегеліп мұрденің төмпешігінің аяқ жағына таяу жерден құмдауыт құмақшаның бос топырағын қолымен кесіп шұқырлап қазды. Кездікті жаңағы, үйден ала шыққан құрым кигізге мықтап орап, шұңқырга көмді. Топырағын таптап тегістеді. Мұрденің бас жағына қайтып келіп:

— Хош, анашым! Амандығымызға тілеуқор бола жатарсың,— деп көзін сығып-сығып алып, көкірегі қарс айырыла курсініп, етектегі жолға қарай бұрылды.

Есбосынды табу қыынға соқлады. Мұның келетінін біліп күтіп тұрғандаі алдынан шықсын. Алдынан шыққан жоқ-ау, поездан түскен бойда вокзалда кезіктірсін...

Күтушілер залындағы ығы-жығы адамдардың арасынан сыналай өтіп, қалаға шығатын есікке беттеп бара жатып көптің ішінен көзіне шоқтай басылған таныс бейнені байқап қалып қалт тоқтады. Ерсілі-қарсылы сенделген арадағы жұрт әлгі бейнені біресе көрсетіп, біресе тасалап, үзілдіріп, назарына анық іліктіре қоймаған соң есікке таянған жерінен солай қарай кері бұрылды. Әлгіде шырамытқан жігітті билетке кезекте иін тірескен қалың көптің бір шетіне сала оқшаулау жеке тұрған жерінен көрген. Бұл қасына таяна бергенде аржақтағы бөлмеден жайраңдай күлімдеп, жас қызы шығып, оған үмсина қол беріп, екеуі ешкіммен шаруасы жоқ, өзді-өзі мәз-мейрам болып кетті. Жаңа төңірегіне қарастаған сәтте жалт еткен жұзін бір көрсеткен жас жігіт енді бұған сыртын бере теріс айналған. Қасында бейтаныс қызы. Көңіліне: "Ол емес, басқа ма? Соған үқсас әлдекім болып жүрмесе" деген құдік кіріп аңтарыла тоқтаған. Жігітке қарама-қарсы осылай қарап тұрған қызы Бекбосынның бұл күйін аңдағаңдай. Оның өздеріне көз қарасы, қастарына келіп таңдана тоқтағаны жайдан-жай емесін шамалаған парқы бар. Соны серігіне сездірген тәрізді, кенет қасындағы жігіт артына жалт бұрылған:

— Есбосын!

Бекбосын қолындағы жүктерін тастай сала үмтүлды. Есбосын көзі шарасынан шыға, есінен танғандай

бақырайып сілейіп қалған. Бұл келіп құшақтағанда барып, санасына жетіп, ағасын танып:

— Бекбосын! Бауырым! — деп арсы-күрсі бас салды.

Інісі бір күледі, бір жылайды, пора-пора. "Осы рас па өзі" дегендей құшағын жазып, қоя беріп, ағасының жүзіне, бас-аяғына қайта көз жүгіртеді, қайта бас салып сүйеді. Иесіне еркелеген дәректей арсаландаған жүр. Ағылтегіл қуанышқа кенелген түрі бар. Қыз екеуіне құлімсірей қарап қалған. Көзі шырадай жанып қуаныш белгісін сездірген жүзінде жағдайды түсінген жанының кейпі аңғарылады. Кімде болса бөтен, бөгде емес Есбосынның таныс кісісі екенін пайымдаған Бекбосын інісінің құшағынан босанған сәтте:

— Амансыз ба, қарындас,— деп сәлемдесті.

Есбосын сонда барып есіне түскендей, қыз жаққа мойын бүрді, асыға-аптыға таныстыра бастады.

— Сара, бұл Бекбосын... Армиядағы хабарсыз кеткен ағам... Жалғыз туысқаным... Өзіңе талай айттым ғой...

— Білемін, білемін. Айтқансың... Ой, қандай қуанышты...— Қыз шын ықыласты пейілмен жадырай келіп сәлемдесті.— Сәлематсыз ба? Ат-көлік аман-есен жеттіңіз бе?

— Бекбосын, бұл Сара... Менің... танысым. Танысып қой...

— Жақсы, жақсы. Ал, Сара қарындас, танысып қоялық,— деп Бекбосын қайта қол ұсынды.

— Не тұрыс, жүр кеттік үйге, мамамнан шүйінші сұрайық,— деді қыз Есбосынға қарап.

— Киноны қоямыз ғой онда,— деді Есбосын да бұл ұсынысты құп алғандаі.

— Ой, мынандай күні, мынандай қездесу сәтінде қандай кино. Айда кеттік мамама...

Сара қыздың қазақша жатық сөйлегені мен татарша тіл сындырған кісіге тән сөз саптауы аңғарылады. Түрі бидай өнді, құбаша, таза қазақы келбет. Орта бойлы, талдырмаш денелі, жинақы сыпайы қимыл; келісті құлын сипат; ажарлы жан екен. Адамға елжірей, жылығушырай қараған қарасы да жайлы, жұғымды, кісіні өзіне тартып тұрғандаі. Бекбосынға бірден үнады. Көңіліне көргеннен-ақ жақындық ұялаған.

— Үй вокзалдан қашық, емес, жаяу баратын жер,

журініз. Есбосын жүктөрді сен ал,— деп Сара ашық, жарқын өзімсінген сыңайда жолбасшылықта қөшті.

Бекбосын сабыр сақтап “қайда, кімге барамыз” деп сұрай қоймағанымен сол бір сұрау ағасының көнілінде кептеліп алаң етіп келе жатқанын інісі, әрине, аңғарғандай. Сонаң соң жол бойы мән-жайдан хабардар еткен.

Келе жатқан үйлері Сараның шешесі Сәния апайдікі. Сара ол кісінің жалғыз қызы. Сараның әкесі, үлкен ағасы соғыста қаза тапқан. Сәния апай Есбосындар оқыған ФЗУ-дың жатақханасында коменданкт болып істейді. Апаймен сол жатақханадан таныс. Есбосынды баласындаі санаپ, іштартып жақын тұтады екен. Бұл ФЗУ-ға алғашқы келген жылдары үйіне ертіп апарып, тамақ, ішкізіп, жағдайына қарасып жүрген. Сарамен сол кезден таныс. Сара қазір осы теміржол вокзалында жолаушыларға билет сататын кассада жұмыс істейді. Бүгін екеуі киноға баруға келісіп, Есбосын жаңа билет алып келген сәтте бұл ұшырасқан. Бекбосынның еш ыңғайсызданбай жүре беруіне болады. Сәния апай бауырмал, кішіпейіл адам. Сөз жоқ, Бекбосынның келгеніне қуанады. Сәния апайдың оны қуана қарсы алатынын әнгімені тыңдал келе жатқан Сара да қуаттап, қоштап қойды.

— Бекбосын аға, қара да тұрыңыз, сізді ертіп келгенімізге мамам бек риза болады. Есбосыннан “еліңнен хат алдың ба, ағаңнан хабар келіп пе” деп үнемі сұрайтын.

Сізді біледі мамам.

Қыздың ибалы, кісі жатырқамайтын, елгезек сыңайынан тәрбиелі от басында өскені сезіледі.

“Жақсы адамдар болды-ау, тәрізі”, — деп ойлап қойған.

Сәния апай шынында мұны туған баласы келгендей көнілмен қарсы алды:

— Ой, айналайын, аман-есен жеттің бе?! Бұл дүнияда азаматтың аманұғынан, саулығынан артық ешнэрсе жоқ,

Бақытың бар жігіт екенсің. И-ий, бұ қарғыс атқыр соғыстан қаншама боздақтар қайтпай қалды. Қаншама тәредей азаматтар қор болып, кембағал күйге тұсті. И-ий, несін айтарсың, шырағым. Не болмай жатыр бұ дүниада. Осыншама уақыт хабарсыз кеткенге мен сені,

алла күпірлік етпесін, көңіліңе алма, қалқам, тірі емес пе еken жазған, деп ойлайтынын. Ол ойымды Есбосынға сездірген жоқпын, әрине. "Қара қағаз келмese күдер үзбе, бір жерден хабары шығып қалар" деп жұбататынын... Ауылыңа бардың ба, Есбосынның бұл жақта еken хабарын қайдан білдің?!

— Иә, апай, елге соқтым. Есбосынның адресін сол жерден алдым.

— Е-е онда, шешеңнің иманы саламат болсын. Көре алмапсың. Сен әскерде жүргенде қайтыпты дүниеден, жазған, уақыты сол-дағы. Алдынан жарылқасын де. Өздерің аман болындар.

— Рақмет, апай.

Сәния апай жаны қалмай барын алдына жайып, шайсуын беріп, әбігерге түсуде. Ауызы әңгімеде. Арасында мұның енді алдағы жоспарын не істемек ойы барын сұрастырды.

— Мұнда біржолата келдің бе, әлде Есбосынды алып ауылыңа қайтасың ба? Есбосын ФЗУ-ды бітірген, қазір шахтада жұмыс істеп жүр. Жұмысы жақсы. Табыскер азамат болып тұр. Өзі мұнда әбден үйреніп кетті. Жолдастары көп. Мен де туган баламдай көремін,— дейді мұнан шет жағалай сыр тарта.

Кісі көңілін зерделей алатын Бекбосын оның көкейін сезгендей. Байқайды Есбосынның бұл жерден кетуіне ықтияр емес. Бауыр басып алған жандай.

— Апай, ол жағын әлі шешіп-пішкенім жоқ. Ақылдасып, ойластырып көрерміз. Жұмыстың, жағдайдың реті келіп жатса өзімде осында тұрақтал қаламын ба, қайдам.

Есбосынды да үйренген жерінен қозғамай-ақ.

— Ой, жаным, осың сөз-ақ, Ақыл-ақ, Есің бар жігіт тәріздісің, бәсе. Ауылда қарайлап байланатын ата-анаң жоқ. Қазір жұрттың қолы қалаға жетпей жур қайта. "Жігітке үш жыл тұрған жері Мысыр шаһары" деген. Үйреніп кетесің, әлі-ақ. Үлкен қала, жақсы қала бұл. Сендей азаматқа жұмыс деген шаш етектен мұнда. Таңдал жүріп орналасасың. Жұмысқа кірген соң үй береді. Ал әзірше осында-ақ тұра тұрасың. Сыймай жатқан басымыз шамалы. Сара екеуіміз ғана. Есбосын әлі сол ФЗУ-дың жатақханасында.

Сәнияның бұл сөзін Есбосын мен Сара құлшына құптады. Бекбосынға келіспеуге жол қалмаған тәрізді. Ертесіне жұмыс жағдайын ақылдастып ортаға салғанда Есбосын:

— Алдымен белгілі мамандық алғаның жөн. Менің шахтадан тауып түрган табысым өзірге екеуміздің киімтамағымызға жетеді. Зәрушілік көрмейміз. Сен, осында алты айлық шоферлар дайындайтын курс ашылмак, соны оқып бітір, — деді.

Бекбосын бұл ақылды теріс көрmedі. Сөйтіп қалалық болуға бел шешкен. Кейін жұмысқа түсіп жатын-жай алғанша Сәния апайдікінде бола беруге келісті. Жалғыз басты болғанымен түрмиссyz емес. Үйлері кең, жиһаз-жабдықтары жеткілікті. Бірақ үй иелерінде әдетте қаланың түрмисты кісілерінде кездесетін кесір-кесепат, мұрын шүйірген пандық жок. Қарапайым, құдайына қараған жандар. Есбосын күнделікті келіп кетеді, осы үйдің бір кісісіндей араласып тұрады. Үйренісе келе Сәния апай Бекбосыннан еш әңгімесін жасырмайтын ыңғайға шықты. Ересек, басалқы кісі санай ма азды-көпті шаруасын осымен ақылдасатын әдет тапқан. Басынан өткен тіршілік тауқыметін, азды-көпті тарихын айтып отырады.

“Дүние бір қисық жол”...

— Ей, қалқам-ай,— дейді Сәния апай терең курсіне,— тірі пенде көре береді, көре берсе көне береді-дағы. Енді біткен шығармын, енді бұл өмірдің маған не керегі бар деп сан рет баз кешкен сәттер бастан өтті. Бірақ онымен кісі өліп қалмайды еken. Пенде шіркінге дауа жоқ, артынша-ақ, арсыз тіршіліктің қамымен сабылып жүргенің. Арсыз күлкі, арсыз үйқының тары да құлы болып жүргенің...

— Апай, өмір сонысымен өмір де. Бір қалыптан аумай тұратын дүние бола ма. Бір кезіккен қайғыдан өле беретін адам бола ма. Онда жер үстінде кісі қала ма.

— И-ий, Бекбосын оның рас. Ажала жетпесе кісі қайғыдан өлмейді еken. Саған естісін, білсін деп айтамын.

Өткен гәп қой. Ішке сыймайды. Кейде айтып, шер тарқатқың келеді. Мылжындағай береді деп ойлама, шырағым. Ұлғайған сайын адам сөзуарланып кететін сияқты. Сөкпе, қалқам...

— Жок, не деп сөгемін, айта беріңіз. Өткенде әңгімелегеннің не айыбы бар. Файбат, өсек емес айтып отырғаныңыз. Көрген, білгеніңіз. Басыңыздан өткен жайлар.

— Әлбетте, әлбетте, файбат, өсек емес, әрине.

Сәния апай кейде күрсіне, кейде жаулығының ұшымен жанарының аңғалағын қайта-қайта сұрткілей өмір тарихынан сөз қозғайды.

Әкесі Жетісуда үлкен дүкен ұстаған көпес-саудагер — жиырмасыншы жылы өз ажалынан дүние салғанда Сәния жаңа бойжетіп келе жатқан қызы екен. Дүкен де, басқа мал-жан иелік те үлкен ағасының пәрменіне көшкен. Кіші ағасы алыс қалада окуда жүрген. Өздері үш ағайынды болған. Әкесінің артынан екі жылға жетер-жетпес уақытта шешесін жөнелткен. Осы кезде кіші ағасы оқуын бітіріп келіп, қалаға жаңа өкіметтің қарамағына қызметке кірген. Осыдан бастап ағайынды екі жігіттің арасына араздық енген. Байлар мен саудагерлерді, ауқаттыларды қырына алып тұрган "қызылдың" сойылын соғып, қызметтің істеген інісі мен келініне ағасы наразылығын жасырмаған. Ақыры екі үйі әкеден қалған хан сарайдай кең жайға сыйыса алмай кіші ағасы жұмысшы лашығына бөлініп тынған.

Алғаш байларды кәмпескелеу хабары шыққан кезде кіші ағасы үлкен ағасына келіп:

"Дүние-мұлкінді еркінменен өкіметке өткіз. Өзің қара жұмысқа кір. Қазіргі саясатқа бағын. Қыңырлықты қой. Сенің әмпейлесіп жең ұшынан жалғасып жүрген адамдарың дұрыс кісілер емес. Түбі басынды бәлеге шатасың. Олардан іргендей аулақ сал. Айтқанымды тыңда" — деп ақыл қосқан.

Ағасы оның сөзіне құлақ асар сыңай танытпаған. Шалқасынан түскен.

"Сен маған ақыл айтып қамқорсымай-ақ, қой, өз жөнінді-ақ, жөнде. Ешкімнен үрлап, тартып алған дүнием емес, әкемнің жинағ-теріп беріп кеткен мұлкі. Неге оны бас жок, көз жок, өз қолымнан сендердің жалаң-

аяқтарына беруім керек. Не үшін? Иман сұрамақтын ба, олардан?"

"Айтқанды түсін. Құр қараулықтан пайда таппайсың. Жалғыз сен емес, күллі жүртқа ортақ заң. Онан қалыс қала алмайсың, бөлініп кете алмайсың".

"Кету керек болса кетемін. Бөлініп кете алмайтын кіл өлірген, қызыл көз гүйдектерге бауырымнан байлаң қойып па?! Қимайтын нем бар соңдай-ақ, Бірге туған туыстың түрі мына сен. Жаттан әрмен, жаудай жағаласқан. Бұралқы иттей құйрығынды бұлғандастып жаңа өкіметке жағынғандағы тапқан дүшпаниң мен — жалғыз араң. Эке түрғызған ақ, орда мен мал-мұлкінен без, көрінгенге бер дейсің. Неге беземін, неге беремін? Қай қарызым үшін беруім керек? Әділет орнатамыз. Ең әділетті өкімет біз боламыз деп қеуделерінді соққанда кереметсіңдер. Біреудің мұлкін, малын бермесе тартып аламыз дейсіңдер. Сол да әділеттілік пе? Кіші үлкенге қарап сес керсетеді, тіл тигізеді, сол да тәртіп пе?!"

"Сенің мұның жаңа саясатты бұрмалап, сан-саққа жүгіртпі жүрген контроллардың аузындағы сез".

"Конtryң мен бе тапқан?!"

"Мен сені контрысың деп түрғаным жоқ. Бірақ бүйтіп контроллардың сезін тірілтпе. Менің, алдынан көлденең тартпа. Ойланып сөйле. Бұл жаңа саясатқа жала жапқысы келгендердің айтып жүрген жыры. Жаңа өкіметтің, жүргізген ісін түсініп қолдағандарды ешкім қүштеп зорламайды. Соңан соң да мен өз еркінмен қадам жаса деп отырмын. Сен мынаған назар аудар. Қазіргі саясаттың басты шарты — енді бай, кедей деген болмайды. Жұрттың бәрі тең, бірдей өмір сүреді. Біркелкі тұрмыс құрады. Сол үшін байлардың мал-мұлкін алып кедейлерге үlestіреді. Бай мен кедейді тенгереді. Бұл қазір қолға алынған, қалай да орындалуға тиіс негізгі шара. Онан ешкім еш қайда қашып құтыла алмайды. Көну керек".

"Сен мынаған ой жіберші. Әу баста табиғат бес саусақты неге бірдей жаратпаған. Құдай теңгерменеді адам теңгере ала ма?! Біреу ақылды, біреу ақымақ, Біреу пысық, біреу аңқау. Әркім өресінің жеткенінше іс істейді, қызмет қылады. Соңан кейін біреу тұрмысты,

бір қоңторғай күн кешуі заңды емес пе? Жұрттың бәрін бір қалыпты етемін деу ақылға сыймайтын әрекет қой. Соған қалай маңданып, қолымда барды қөшеге шашуым керек. Ал, оған көнбекенде жау санайтын өкіметке қалай ықылас білдіріп, құлдық, ұрып, алдына түсуім керек. Рақмет ондай өкіметіне, бағынбай-ақ, қойдым. Бұйырғанды көріп алдым. Бұл саясатыңың маган керегі жоқ".

"Саған керегі болсын, болмасын — көнесің. Бағынасың. Бағынбай аспанға ұшып кетпекпісің?!"

"Аспанға ұша алмасақ та қарамызды батырар жердің бір пүшпағы табылар. Бүйтіп үйде отырып, қалың елдің көз алдында талапайлағанша көз көрмес, құлақ естімеске ауа көшіп кеткен артық шығар".

"Босқа арандама. Өкіметтің құрығы ұзын. Теріс бет-алыста қолға түссең оңбайсың, өкінесің. Өзіңе-өзің қастаңдық жасама. Оナン соң кеш болады. Қазір ойлан. Көрінгенге ілесіп, елікпе. Елдің ортасынан ауамын дегенді ойдан шығар. Ешкім қуыш, кет деп жатқан жоқ. Не зауалмен қашқын болмақсың".

"Әй, бұдан артық не зауал керек? Барыңды талапайға түсірейін деп жатса".

"Ел ортасында аштан өлмейсің. Зар-замандай бер ме. Артық мал-мұлкін өткізетін жағыз сен емес. Айтқанға құлақ, ас. Өзіңе тиесілі үлесіңнен басқасын еркіңмен апарып тапсыр. Мен саған зиян ойлад отырганым жоқ, Тұсін".

"Достығың мынау болса, ішін ұрайын. Бар, білгеніңнен қалма. Сенімен енді сөзім жоқ".

"Айтқанды тыңда".

"Тыңдаймын. Тіреп тұрған аспаныңды тастанап жібер. Сенсіз де жөнімді табармын".

"Екі сөзіңнің бірі "кетемін, жөнімді табамын". Қай жақтағы жөн. Қай жақтағы өріс ол — қой арқасына бозторғай жұмыртқалаған. Кетіп көр осыдан... Көрейін... Енді көп тәжікелесетін уақыт жоқ. Айттым, ескертемін — жақын күнде комиссия мүшелеріне барып, өз еркіңмен артық мал-мұлкінді тапсыратыныңды мәлімдемесең — өзім келіп конфискалең, қаттау жүргіземін. Аяйды деп ойлама".

"Сенен жақсылық, күтпеймін өзімде".

Екі ағасының ат құйрығын кесіскең жандардай қош-

сай бол айтыспай, жауыға тарасқаны Сәнияның жас жүргегін шошытып, жанына қатты батқан. Қолынан келер дәрмен жок, екеуіне кезек-кезек жаутаң-жаутаң қарал көз жасын мөлт-мөлт төкті. Олардың мұның жан дүниесімен шаруасы қанша. Орға жығар ашгудың өзімшіл жетегінде қайырылыспай, қалшиған қалыптары кете барды. Мұның арты жақсылыққа апармайтынын, әлдене сүмдышқа тірелерін сезгендей шыбын жаны шырқыраған. Өзін қоярға жер таппаған. Іштей шыр-пыр еткеннен басқа жасар ылажы жок, "Соңы не боладыны" уайымдай күткен. Сол күні үлкен ағасы түнімен жоғалып кетті де ертеңіне ашулы оралды. Мүшел жасқа шыққан жалғыз ұлы мен әйелін, Сәния үшеуін оңаша шақырып алып:

"Буынып-түйініп, дайындалындар, Бүгін түнин қалмай таңғы үйқының шағында, қаладан көшіп, шығып кеземіз. Қашып, Қытай асып бара жатқан жүрттүң тобына қосылып арғы бетке өтеміз. Мұнда бізге енді қарайлайтын еш нәрсе жок", — деді.

Ағасының мына сөзі Сәнияның жүргегін су еткізді. Елді, жүрттү тастап, кіші ағатайымен қоштаспай өмірі білмеген, көрмеген белгісіз жаққа қалай кете береді. Қайда барады? Кімі бар ол жақта? Кызы бұл сапардан шошынғандай сыңайда. Онысын айтайын десе ағасының мінезі белгілі, жақтырмай қала ма деп сескенеді. Әйткенімен өзін-өзі қайрап, тәуекел етіп:

"Тым алыс жақ қой, ағатай, өмірі көрмеген бөтен ел гой. Қалай барамыз? Соңан соң бұл жаққа қайтып келмейміз бе?" — деуге дәті жеткен.

"Бұл жақта нен бар жау талап жатқан. Ненді қимайсың. Бос сөзді тоқтат. Артық әңгіменің керегі жок, Және бұл әңгімені өздеріңнен басқа тірі жанға сездіруші болмаңдар. Тістеріңнен шықпасын. Ешкімге, ешқайда бармаңдар, жолықпаңдар. Үйден аттап баспайсындар. Айтқанымды істемегендерінді ондырмаймын. Барындар, үн-түнсіз жолға жиналындар".

Ағасының бет алысы қатты, еш нәрсеге илікпейтінін аңғарды. Енді мұны ешқайда шығармайды да, жібермейді де, ол айдан анық. Шынымен-ақ бұлардың бұл өлке, бұл жерді қалдырып басы ауған жаққа лағып жүре бергені ме? Ең күрмаса кіші ағатайын көрмей қалғаны

ма? Ол той мына жайдан бейхабар. Ертең білгенде қайтер екен? Сұмдық-ай, не заман бұл? Не тіршілік болып кетті? Енді қайтты? Не істейді?" Қыз шарасыздықтан далбасалап, сенделіп, қыстыға жылады. Қалып бара жатқан, енді қайтып көрер көрмесі белгісіз кіші ағасын қимайды. Мынау кір жуып, кіндік кескен туған жерді қимайды. Түнде ертелең қозғалып кетуді межелеген соң жолға жүрер алдында азда болса тынығыш арудың қамымен жарықты сөндіріп ерте жатып қалған қараңғы үйдің ішінде ойы онға бөлініп, санасы сарылып, амалы таусылып, тынысы тарыла дөңбекшиді. Толқи, толғана келе тәуекелге бел буған: "Бұтгін түн қалайда кіші ағасына хабар салуы керек. Білмей қалмасын. Мүмкін ретін, ыңғайын тауып ағасын мына сапардан тоқтатып, алып қалар. Сөйтіп, бұлар, беймәлім, жат елге беталды қаңғырмас".

Түннің қай мезгілі екені белгісіз, ел тым-тырыс ұйықтап кетті-ау деген сәтте қыбырсыз тұрып, үйден жылыстай шықты. Сол бойда екі өкпесін қолына алып, ұшты-ай келіп. Мезгілсіз уақытта жау құғандай өң-тұс жоқ ентіге жеткен мұны көрген ағасы тегін жағдай емес екенін сезгендей.

"Сәния, айналайын, не болды, мына жүрісің қалай?"— деп құшагына ала берген.

Урейден, уайымнан, қатты жүгірістен қалжыраған қыз ағасының бауырында, дір-дір егіліп тұрып, мән-жайды мәлімдеген.

"Жарайды, сен осында бола бер. Ешқайда шықпа. Уайымдамай, аландамай жатып дем ал,— деді ағасы. Соңан соң әйеліне бұрылды:— Сәнияға қасыңа төсек салып бер. Мен келгенше ешкімді дурліктірмей үйде отырындар. Хабар өзімнен болады".

Осыны айтты да апыл-ғұптыл киініп шыға жөнелді. Жеңгесімен екеуі үйқы жоқ, тырс еткен дыбысқа елеңдесіп, түнімен үрпісіп отырды. Шаршап, діңкелеп таң алдында қалғып кетіпті. Әлде кімнің тұртқілегенінен көзін ашқан. Уақыт сәске тұске таяпты. Оятқан жеңгесі екен. Ол да мызып жаңа тұрган сияқты. Көзін ашқан бойда жан-жағына елеңдей қараған қыз:

"Әтейім қайда, әлі келген жоқ па?"— деп мазалана сұрады.

"Жоқ, келмепті. Енді не істейміз? Іздейміз бе?"

"Бұл кезге дейін кешікпесе керек еді рой, іздейік, жүр".

"Онда жанымызға кісілер ертейік" — деді жеңгесі. Сөйтіп екеуі олар қызмет істейтін кеңсеге соғып, қастарына екі-үш адам ілеңстіріп үлкен ағасының ауласына келіп кірген. Қаңырап бос түр. Сыртқы есіктің құлпын бұзып ашып, бөлме-бөлмені түтел тінтіп қарап шықты. Иесіз қалған мұліктер қарғысқа ұшыраған елдің жұртындай құлазып көрінеді. Тірі жанның исі сезілмейді. Үйден еш нәрсенің белгісін кезіктіре алмаған соң ілесіп келген жігіттер кең ауланың түкпір-түкпірін, қора-қопсыларды тінткілей бастаған. Бұл екеуі де солардың соңында жүр. Кіші ағасын қасына шөп маялаған, мал қораның қараңғы бұрышынан тапты. Аузын шүберекпен тығындал таңып, қол-аяғын матаң буып, сол арқанның бір ұшымен қазыққа байладап кетіпти.

Арқанды пышақпен қыып, аузындағы шүберегін шешіп босатқан бойда ол үйип қалған қол-аяғын жаза алмай есептіреп аз кем отырды. Қолтығынан демеп, орнынан тұрғызған жігіттердің сүйемелімен біраз сүйретіле, тәлтіректеп барды да, далага шыққан соң, бойына қан тарата сілкініп, отырып-тұрып, жер тарпи екі-үш рет тепкіленіп барып денесін тіккеді. Сонаң соң үсті-басының шаңын, жабысқан шөптің қиқымдарын қағып тазартты. Өзін ретке келтіріп алған соң:

"Жігіттер, қазір осы бойда қалалық милицияға тарттық, Тез жүріңдер. Басқа шаруа кейінге қала тұтар. Ал сен екеуің үйге бара беріңдер", — деді бұларға.

Жеңгесі: "Түсіндіріп айтсайшы, бұл не жағдай? Өзің үйге соғасың ба? Қашан келесің?" — деп еді, ағасы қайырып тастады.

"Кейін білерсің. Айттым рой, үйге барындар деп, Мен кешікsem алаңдамаңдар. Үйден күтіңдер. Қауіптенетін түк жоқ. Қасымда енді өзіміздің жігіттер болады. Барындар".

Ағасының даусы соңғы бүйрықтай естілген соң, мұнан әрі әңгімені созбады. Жеңгесі екеуі үн-тұнсіз жолға тұсті. Сонаң тырс еткен сыйбыс болмады. Ақыры шыдамай кешкे қарай жеңгесі қалалық милиция басқармасына хабарласып күйеуінің он шақты милиция, солдат ертіп, шекараға қарай ауып қашып бара жатқан

елдің соңынан қуып кеткенін біліп қайтқан. Екі оттың ортасында қалғандай күйдегі Сәнияға бұл әңгіме аса жайлыш естілмеді. Көніліне мазасыздық ұялап, әлде неден күдік алыш, үрейленгендей тағат таппайды.

"Милиция қуып жетсе не істейді, ата ма?" — деп сұрайды жеңгесінен.

"Жоқ, атпайды, олардың өздері оқ шығарып, қарсыласып көнбей жүрмесе".

"Онда оларды неге артынан қуып кетті".

"Барып, кейін қарай алыш қайтады".

"Ұрыс болмайды ғой, әйтеуір".

"Кім біледі, қайтпаймыз деп қарсылық жасаса қақтығыс шығып кетуі кәдік".

Сәния үлкен ағасын есіне алды. Оның кейінгі кездегі мінез-құлқы, қас қабағы, іс-әрекеті, әлденеге мықтал бел буған қырыс ыңғайын ойымен топшылайды. Өз дегенінен сынбайтын қасарыспа мінезін біletіn. Аса дейі қатты жан. Ол кісінің мәмілеге жығылып, кейін қайтуға келісе қоймайтынын ойлап, уайымға батады.

"Қайтуға көнбесе қоя бере салмай ма. Кете берсін. Ол үшін неге ұрыс шығарады".

"Тәртіп солай. Олар осы елдің адамдары, рұқсатсыз басқа елге өтуге хақысы жоқ. Әрі өздерімен бірге бұл мемлекеттен көптеген мал, қыруар байлық алыш кетпек. Оған жол беруге болмайды".

"Әкетсе өздерінің байлығы, өздерінің малы емес пе. Ешкімнен ұрлап бара жатқан жоқ қой".

"Сен оны тұсінбейсің. Қазір мал біткен де, жан біткен де — мемлекеттікі. Соған тиесілі бәрі. Жеке меншік, жеке байлық деген болмайды енді. Ол түбірімен жойылады.

Тәртіп, заң деген жұрттың бәріне бірдей ортақ, кім-кімде бағынуға тиіс, әркім басының ауған жағына кете берсе онда қандай тәртіп, онда қандай мемлекет болмақ. Біздің ең басты қағидамыз — темірдей тәртіп білдің бе? Сондықтан ешкімді бетінен жібере алмаймыз. Жарайды ескен соң тұсінерсің оның бәрін. Қазір саясатты қоя тұр. Маза бер. Онсыз да басым ауырып шаршап отырмын".

Екеуінің арасындағы әңгіме осымен тынған.

Ағасы сол кеткеннен екі күнге дейін оралмады. Бұлар

үйқы, күлкіні ұмытты. Жанын шүберекке түйіп, күтуден, елеңдеуден жынданып кете жаздады. Екінші күні кешке қарай қажыған, діңкелеп, өң жок, тұс жок, түрі өрт сөндірген кісідей қарау тартып, қабаржып келген ағасының мына пошымын көріп, тіпті тіл қатып, жағдай сұрауга дәті бармады. Ол үйге кірген бетте ұлken ожау толы мұздай суды дем алмастан ішті де, сол ләм-мим демеген бойы теріс қарап жатып қалды. Сәния қанша алаңдал тыптырышығанымен ұлken ағасының хабарын біле алмаған қалпы, күпті күйде амалсыз төсекке қисайған. Соңан ағасы азанда жұмысқа кетейін деп жатқанда оянған. Түрегеліп қасына келді. Ағасы көңілсіз, жүдеу кейіпте, бұған салқындау назар салғанымен сөйлесуге ыңғай танытпады. Жиналыш тезірек кетудің қамын жасады. Қолына сумкасын ұстап есікке беттей бергенде, Сәния ақыры шыдамай:

“Әтей, ағатайға кездестіңіз бе? Жолықтыңыз ба? Не болды? Не хабар білдіңіз?” — деп сұраған.

Ағасы бұған бұрылып қарамай, қырын беріп көзін есіктен алмаған қалпы:

“Білмедім... көргенім жок, Арғы бетке өтіп кетіпти. Күып жете алмай қалдық”, — деді. Соны айтқан соң бұл енді не дер екен деді ме, үн-тұнсіз біраз тосылып тұрды.

“Сонда біржола кеткені ғой. Енді бұл жаққа қайтып келмей ме?”

Ағасы неге екені белгісіз ауыр күрсінді.

“Келмейтін шығар. Келмейді... Кеткен адам қайтып келуші ме еді...”

Даусында бір діріл бар жарықшақтанып шықты. Эрі осы сөзді ол Сәнияға мұның көңілін сұзытып, күдерін үздіру үшін әдейі айтып түргандай көрінді. Қыз көңілі бұзылып ағасына құлази қараған. Оның әдеттен тыс түйік, тұнжыраңқы, көңілсіз кейпінен түсініксіз өзгерістер аңғарғандай. Табиғаттыңдағы тәкаппар, сырбаз жігіттің қазіргі болмысынан соншалықты төмендеу, пәсттік сезілгендей еді. Ешнөрсенің мәнісін бажайлап үлгермеген Сәния оның мына түріне қарап:

“Әтей, бір жеріңіз ауырып жүр ме, неге сонша жүдегенсіз”, — деп сұрады. Жігіт қарындастының бұл сұрағынан іш жиып, дереу өзін-өзі қолға алғандай ширап,

еңсесін көтерді. Қабағын ашып, жайдары қалып танытқандай болды.

“Кейінгі күндері жұмыс ауырлап кетті. Шаршап жүрмін. Сонықі шығар. Әйтпесе денсаулығым дұрыс.— Ағасы осыны айтты да, есіктен бері таман екі-үш аттап, мұның қасына таянып, оң қолымен қапсыра құшақтап, өзіне қарай икемдеп, маңдайынан иіскеді.— Айтпақ-шыдай, Сәния, сенімен сөйлесетін әңгіме бар еди. Школыңды бітірдің. Өкіметтің кез келген кеңсесінде қызмет атқаратындаи сауатың бар. Үйде босқа отыра бергенді қою керек. Жұмысқа орналас. Жүртпен аралас. Кісі киік тіршілікті тастап өмірге, мына ортаға бейімдел. Өзің қатарлы жастармен таныс. Бірге жүр. Солай етейік жарай ма?!”

Сәния бұл ұсынысқа қуана келіскең. Айтқандайын ағасы, жеңгесі бірге қызмет атқаратын қалалық комитетке хат тіркеушілік жұмысқа орналасты. Сонан көп ұзамай әтейін осы Қарағандыға үлкен жауапты қызметке ауыстырып, табан астында салт басы аттанып кетті. Бұл жеңгесімен асықпай соңынан жиналып, кешіп баруы керек-тін. Ағасы, жеңгесі үшке шыққан үл баласын екеуі бірдей қызметте жүрген соң, қала төнірегіндегі ауылда тұратын қайын енесіне беріп жіберген. Бала солардың бағып-қағуында. Енді алыс қалаға ауысатын жағдайда оны мұнда қалдырылары жоқ. Жеңгесінің барып алыш қайтуы қажет. Бұлардың осындаи-осындаи шаруаға қарайлаған қисыны бар еди.

Сәния өз көңіліндегі арманы, тілегі сол болған соң ба, үнемі үлкен ағасын кешікпей қайтып келетіндей сезініп, алаңдайтын да жүретін. Іштей сағына күтетін. Бұнып-түйініп көшеміз деген қарсанда жеңгесіне әлгі ойын білдірді.

“Мен осында бола берсем қайтеді?! Ағатайымды күтсем деймін. Мұнда қайтып келсе, бізден адасып қалар. Адрестерінді алған соң барып, қатынасып, хабарласып тұрармын. Хат жазамын үзбей. Осы жұмысымды істеп жүре беремін. Мұндағылардың бәрі таныс кісілер. Далада қалып бара жатқаным жоқ. Мені тастап кетсең”.

Жеңгесі күтпеген әңгімeden аңтарылып дағдарға қараған. Сәлден кейін өзіне-өзі келіп, үзілді-кесілді қарсылық білдірді.

"Жоқ, қалмайсың! Ол не дегенің? Әтейің рұқсат етпейді. Бізден бөлініп жалғыз қаламын дегенің қай сөзің?"

Сәния енді жалына бастаған:

"Жеңеше, жалғыз қалып бара жатқаным жоқ, қой. Ел ортасы. Мұнда туыс, тумаларымыз баршылық, Мениң осында болғым келеді. Әтейіме түсіндіріп хат жазып жіберемін. Ренжімейді. Өтінемін, жеңеше".

Жеңгесі тығырыққа тірелгендей ойланып отырып қалды. Сәлден кейін орнынан тұрып терезенің алдына барды. Жұзін теріс бұрып, әйнектен даラға көз жіберіп, сазара телмірген қалыпта шарасыз бір өкінішті үнмен:

"Еркем, ағатайың енді қайтып келмейді, әуре болмасайшы", — деді. Оның мына сөзінен қыз оқыс шошып кетті.

"Неге? Неге олай дейсің?" — Қасына жүтіріп келген. Жеңгесінің жүзі сұрланып, бол-боз, қаны қашып тұр екен. Мұны есіркей, аяй, жұбата сөйлегендей ыңғайда үзік-үзік түсініксіз әңгіме бастаған.

"Еркем, ақылың бар ғой, сен бізді түсін. Әтейіңді ая..."

Қыз ештеңенің байыбына жете алмай аң-таң: "Нені түсін дейді? Не деп тұр? Әтейіңді ая дегені не? Әтейіме не болған?"

Жеңгесі тәркіні салқын, жұмбақ тақылеттес әңгімесін жалғастыра берді:

"Оған да оңай соғып жүрген жоқ. Құр білдірмей іштеп тынағы. Кейінгі кездे жүдеп өзгеріп кеткенін байқайсың ба. Сол ішкі құсаның әсері. Мен сеземін, білемін онысын. Енді сен міnez танытсаң оған ауыр соғады. Жақсы көрсөң, жаның ашыса ая оны. Бұл туралы әңгіме қозғай көрме". — Жеңгесі жанарында мөлтілдеген жас, бұған өтіне, жалбарына қарады. Сәнияның жүрегі әлде не сұмдықты сезгендей су ете түсті:

"Жеңеше, түсіндіріп айтшы, бұл не сөз? Не жағдай? Не деп тұрсыз?" — Қыз алдындағы келіншекті жалынып келіп жабыса құшақтаған. Екеуі оңаша үйде ағыл-тегіл көріссін. Сол қалыпта қанша тұрғаны белгісіз, солықтай тыныс алған бір сәтте жеңгесі болған жайды, жасырмай шындықты айтқан.

Шекарадан ары қарай өтуге қам жасаған жалғыз мұның ағасы емес қауымдасқан қоралы ел екен. Айдаған малдарын, қатын-балалары бар көштерін алдымен жөнелтіп жіберіп, қару асынған жарамды жігіттері салт бастары, соңдарынан құғыншы шыға ма деген қауіппен, жол тоса олардың арттарынан торуылдай еріп отырған. Құғыншы отряд көшкен ел шекараға таянған тұста қараларына іліккен. Сайланып, жарақтанып, күтініп келе жатқан арттағы топ бұларды көшке қарай өткізбекен. "Қайтындар" дегеніне құлақ аспаған. Сол жерде ұрыс басталып, атыс шыққан, кіслер оққа ұшқан. Құғыншы отряд екіге жарылып із кесуде екен, соның бірінде қыыстау келе жатқан інісі мылтық даусы естілген жерге шауып жеткенде кім атқаны, кімнің оғынан жазым болғанын белгісіз ат жалын құшып жатқан ағасын таныған. Босқын топ кісі өліміне де қарамай сол ұрыс салған күйінде қайырылмай, шекарадан өтіп кете барған. Бұлар сөйтіп ақыры, көшкен қалың елге қолдары жетпей кейін қайтқан. Ағасының денесін оқ тиген жердегі төбенің басына өз қолымен жерлеген. Бұл оқиғаны Сәнияға айтпай жасырған. Әтейі солай еткен дұрыс шығар деп санаған.

Сәния өксіктен ықылыш ата:

"Ал, әйелі, баласы, баласы... не болды екен? Қайда екен?" — деп еніреген.

"Олар алдыңғы көшпен әрі өтіп кеткен. Кім біледі не болғанын, қайда екенін. Еркем, ақылың бар ғой. Қой енді. Есінді жи. Өткен іс өтті, қайтып орнына келмейді. Өзінді-өзің езе берме. Ақылға кел. Тағдырдың салғанына көну керек. Жылай бергеннен еш нәрсе өнбейді. Қой енді. Сен бүйтіп қайрырып, уайымдай берсең әтейіңе қын болады. Онсыз да қажып жүрген адамды жер қыласың. Әтейіңің көңіліне қара, қалқам".

Жеңгесі осылай деп әрі ақыл, әрі өтініш араластыра отырып жұбату айтты. Тында масқа шарасы қайсы. Ішібауыры күйді, жанды. Жылады, еніреді, аһылады, үхіле-ді, ақыры басқа түскен тауқыметке көнген, көндіккен күйде, Қарағандыға қарай аттанып кете барған. Мұнда келген соң көп кешікпей шахтада істеп жүрген, салт басты, өзі қатарлы жас жігітпен көңіл қосып, отау көтеріп, бөлек шыққан. Жас жұбайлық түрмисстың өзіне

тән қызығын, қындығын қатар өткеріп, өмір атты тіршіліктің ағын-әуенін енді тапқандай сәттерінде бұлардың тағдырына қасақана аңдып түрғандай тұтқылдан отыз жетінші жылдың оқиғасы тағы килікті.

Табан астында, оқыстан, түнде ағасын үйінен ұстап әкетті. Оның бұл тұтқындалуы жай түсіргендей есептіретіп кетуі өз алдына, Сәнияның әлі күнгө дейін көңілін күпті етіп шешуін таба алмайтын дүдемал жағдайы бар. Ағасы сол оқиғадан үш-төрт сағат бұрын мұның үйіне он екі, он үшке шыққан ұлын ертіп келді. Әйелінің осыдан екі-үш күн бұрын үлкен қалаға жиналысқа кеткенін білетін. Қыдырыстап жүрген шығар деп ойлаған. Дереу қазан көтеріп, шай қамына кіріскең. Ағасы керегі жоқ, деп тоқтатты.

"Сәния, мен ертең командағы кететін тәріздімін. Мына баланы саған тапсырдым, осында болсын", — деді.

Сәнияның ойында ештеңе жоқ, бар айтқаны:

"Жеңешем қашан келеді, оның келуіне қарай алмайсыз ба? — деген.

"Оның оралуына әлі үш-төрт күн бар. Күте алмаспын", — деді. Деді де бұған әлде не айтқысы келді ме, жоқ өз-өзінен ойланды ма, үн-тұнсіз тұнжырап, едәуір уақыт отырды. Соңан соң орнынан тұрды да:

"Ал, аман-есен болындар. Жақсы", — деп сыртқа беттеді.

Ертесіне сүмдышқ, хабарды естігенде Сәния:

"Ойырым-ау, кеше командағы дегені сол болғаны ма? Соңда өзі білгені ме? Білсе бір ауыз сөз сездірсе нетті. Әлде білмей қапылыста қалды ма? Құдай-ау не жазығы, не кінәсі болғаны? Бұл не жұмбак, бұл не сыр? Не сүмдышқ, құдай-ау?!" — деп дағдарған. Сол дағдарғаны дағдарған. Ақыры шешуі табылмаған жұмбак, күйінде қалды бұл оқиға. Жиналыстан қайтып келген бойда жеңгесінің ұсталуы, онан көп кешікпей өз күйеуінің қамалуы қосылғанда тылсым сыры, тіпті, тұңғызық тартып, үрейін ұшырып есінен танып қала жаздады. Енді оны ақылға салып, таразылап, байыптап, бажайламақ түгіл ойына алуға дәті бармайтын халге келген. Құдайдың кәрі тәрізді қарсы тұруға ешкімнің шамасы, тәуекелі жетпейтін төтенше зауал екенін түйсігімен сезгенде қойған.

Тұңғыштары осы Сараның онға шыққан кезі, мұнан кейінгі нәрестесі екі-үш жасында шешектен шетінеді де, перзенттен жалғыз еді. Сәнияның ендігі бар ойлағаны, бар қамы үйдегі екі баланы аштан өлтіріп алмау. Уақыттың тапшы кезі, жалғыз өзінің азын-аулақ айлығы тым тақыл-тұқыл, үш жанның киімі мен тамағына жетпеген соң күндіз кеңседегі қызметін атқарып, кешке теміржолда жүк түсіріп, жүк тиеп қара жұмыс істеді. Ереккінде емес пе, шаруаға ілігіп қалған інісі, бұған ілесіп қолғабыс жасайды. Сөйтіп селбесіп күнелтіп келе жатқанда соғыс басталды. Он сегізге енді толып тұрган шағында інісі өскерге аттанып кете барды. Алғашқы кездे аз уақыт хат алып тұрган. Сонан соң хабар үзілген. Сол жоқтан жоқ, Өлдіге жорып күдерін үзейін десе көңілі құрғыр қимайды, әлі күнге емексіп етіп жатқан күн.

Сәния апайдың ендігі үміті, тірегі — Сарасының ғұмырлы болуы. Дұрыс адамға кезігіп, теңін тауып, жарасып, аяқтанып кетуі. Бүйыртса соның қызығын көрсе. Сол тілекпен ФЗУ-ға келген жетім балаларды зерттеп тексеріп, болашақ күйеу бала болуға ылайық-ау дейтін жан іздестіретін өзіне ғана аян сыры бар. Есбосынды алғашқы көрген-ұнатқан; ізетті, тәрбиелі бала екенін аңғарған. Сыртынан бақылап, зер салып жүріп, өзінің қателеспегеніне көзі жеткендей. Ара-тұра әңгімеге шақырып, сөйлесіп, байқап, өмір-тарихын, жай-жапсарын біліп алған. Сонан соң ішке тартып, әр кез үйіне ертіп әкеп жүріп, жақындарындау бауыр басып кеткен. Қазір Сарасы мен екеуін егіз қозыдай санайды. Ал екеуінің шығарда жаны басқа. Жақын күндерде, құдай қаласа, тойларын жасасам деп жүрген.

— И-ий, Бекбосын айналайын, сүйтіп бүйырса туыс боламыз. Kicige кісінің жаттығы жоқ, әсте. Тек, бұл аз күн тіршілікте сіз-бізден айырмасын. "Тайдың жайын тай біледі" деген. Тағдырымыз, басқа түскен тауқыметтіміз үқсас екен. Селбесіп ел болайық,

Сәния апайдың жүрек сырьина, ықылас пейіліне Бекбосын толқып, ризалық білдірді.

— Ой, айналайын апатай, сөзіңізден садаға, рақмет.

Ниетіңіз қабыл болсын. Есбосынға ана болсаңыз, мен де өзіңізді шешем деп есептеймін. Бөтен көрмеймін.

Екі жас өзді-өзін ұнатса батаңызды беріңіз. Қосылсын, ағасы ретінде мен ақ тілек тілеймін.

— Оның дүрыс, шырағым, сен екеуіне аға ғана емес, әрі әкесінің орнындағы адамсың. Үлкені, бас иесісің. Бірақ мен екеуінің үйлену тойын сәл кейінге қалдыра тұрайын.

— Неге?

— Құдай жеткізсе қызықшылық еш қайда қашпас.

Жарты жылдың әрі-берісі не. Аман-есен келіпсің, алдымен сен үйлен.

— Ой, ол не дегеніңіз, апай? Менің белгілеген дайын адамым бар ма. Келген бойым. Мұныңыз тым шұғыл тапсырма ғой,— деп әрі құліп, әрі ат-тонын ала қашқан Бекбосын.

— Ой, қалқам-ай, қандай маржандай қыздар бойжетіп өрісін таба алмай сарғайып отыр. Қарап жүріп, қалағаның моншақ таға бер тек. Әйтпесе өзім таңдаймын Тартынғаныңды қой. Жас емессің.

— Апай-ау, жата-жастана бұйырганын көреміз де, мұншама тығыз-таяңдатқаныңыз не? Есбосын мен Сараның тойын жасай берейік те, әзірге.

— И-ий, Бекбосын қалқам-ай, алдында сен тұрғанда інінің бұрын үйленіп жатқаны мұсылманишылық ырымға қыын да. Күте тұrap олар. Айтқанға құлақ ас. Ата-баба дәстүрі ғой. Онан да саған қалыңдық іздейміз енді.

Бекбосын Сәния апайдың көңілін қалдырмай үлкендігі, тілектестігі шығар деп:

— Жарайды, апай, іздең көрейік,— деп келіскең. Ал қалыңдық, қызық, қылғанда, бұларға іздетіп әуреге салмай-ак, сап етіп өзі келген...

Тұнгі кездесу

Сәния кейде, жатақханада кезекшілік жасаған кездері, үйге түн ортасына қарай, кеш оралатын. Ондайда көбіне Бекбосын барып ертіп қайтатын. Не келетін шамасында вокзалдың алдынан кездесіп құтіп алатын. Үйлері вокзалға таяу тұрғанымен теміржолдың бойына шүпірлете салынған быжырқай тамдары иін тірескен бұлың-бұлың көшеде еді. Бейmezгіл уақыт жалғыз-

жарым кісіге жүргуте жолы қыныдау. Бірде тұнде Сәния апайы екеуі үйіне жақындаған қалғанда неқолайлау абырдабыр дауысты, әлде қандай жас қыздың жыламсырай шыққан үнін естіл қалт тоқтаған. Қараңғы көшеде әлде кімдердің қарасы қарауытады. Нобайы үш-төрт кісі тәрізді. Жаңағы жыламсыраған үн тағы естілді. Бұзақы біреулер қызды үстап жібермей тұрган сияқты.

— Не қылған адамдар екен, білейінші, апай, мен қазір,— деп Бекбосын солай қарай бұрыла берген:

— Бекбосын, байқашы, қалқам, аса таянба, өзіңмен ілінісіп жүрер. Ішіп алған адамдар ма, кім біледі? — деп Сәния да оның соңынан ілескен.

Бұлардың дауысын естіген болса керек әлгілердің тұтқынындағы қызы:

— Ағатайлар-ай, құтқара көріндерші,— деп шыбын шіркейі шықты.

Бұл жүгіріп жетіп барған сәтте айнала қоршаған үш жігіттің біреуі тартып алмақ ниетпен қыздың қолындағы сандықшасы мен жүк салған торға жабыса беріп, екеуі мұның жолын тоса көлденеңдеді. Қараңғыда жобалары әрі мына әрекеттерінің сиқына қарағанда балаң жігіттерге ұқсайды. Табиғатынан қайратты, шымыр Бекбосын әскерде қысқа мерзімді десанттық курсы бітіргені бар, төбелес пен күрестің әдіс-айласынан жақсы хабардар тұғын. Бұлардан үшеу екен деп сескенген жоқ, Бірақ ешқайсысына соқтықпай-ақ қызды босатып алып кетпек оймен тосып тұрган екеуді айналып өтуге қам жасап, аржағындағысына:

— Ей, жігітім, коя бер қызды, тиіспе! — деп дауыстады.

Сол кезде екеудің біреуі бұған қарай жүлкіна үмтіліп, таяп келіп:

— Эй, ақымақ, жан керек пе өзіңе, тай қазір бұл жерден,— деп қалтасынан шаппасын суырып алды. Сол-ақ, екен шаппасын кезенгенше мұрттай ұшып түсті. Кездесісөқ жолыққан жаннан мұндай тосқауыл, қайрат күтпеген қасындағысы абыржып қалса керек әрі қарай жылыстал шегіне қашты. Сол сәтті пайдаланып қызды үстап тұрган жігітті желкесінен алған бойда шиырып, сонадай жерге лақтырып жіберді. Тұра беремін дегенде солдат етіктің тұмсығымен тағы қондырып:

— Қазір табандарыңды жалтыратыңдар! Бұдан былай бұл төңірекке аяқ, басқандарыңды көрмейін, — деді әмірлі үнмен. Үшеуі артына қарауға шамалары келмей бет-бетімен тырағайладап, қараңғы бұрылышқа қарай тайды.

Қыз байғұста зәре-құты қалмаған, дір-дір қалтырап құлап түсуге шақ тұр.

— Ойбай, байқұс балам-ай, жүргегің жарылып кете жаздастты-ау,— деп аяушылық білдіре қолынан ұстап арқасынан сипай берген Сәнияның қойына інге қашып келіп тығылған қояндай қойып кетті. Тапа бір қоя берсе айырылып қалатында жабысып, қысып жібермейді.

— Апай-ай, ала-тай-ай,— дегенмен басқа сөзі жоқ.

— Қалқам, қорықпа енді, ешкім тимейді. Есінді жый, жүргегінді басшы Ту-у, тамырының тепкілесін-ай, қатты шошынған тәріздісің, ауырып қалмасаң неттің, бейшара бала,— деп Сәния апай да бәйек.— Жазған бала осыншама бейуақытта, қасқырдың үңгіріндей бұл қараңғы түкпірде неғып жалғыз жүрген жансың? — дейді қызға енді бірде. — Қайда бармақсың? Кімдерді іздең жүрсің?

— Іздең келген кіслерімді таба алмадым,— дегенді қыз үзіп-үзіп айтып, әйтеуір, ұқтырған.

— Таба алмасаң ертең жарықта іздерсің. Енді қайда қаңғырмақсың мына түріңмен, жүр бізбен бірге, бүтінше біздікіне түнеп шық. Есінді жый, жүре ғой, қалқам.

Сәния қызды қолынан жетелеп алды. Бекбосын жүктөрін көтеріп соңдарынан іlestі. Үйге кірген соң оларды қутіп отырған Сараға:

— Мына балаға бір кесе мұздай су берші, ішіп, жүргегін бассын. Соңан соң тамағыңды дайында,— деп тапсырма берді де, өзі жұмыс киімін тастап шешініп, жуынып қеліп, су ішкен соң кішкене ес жыйып өзінен-өзі келе бастаған бейтаныс қонағының жай-жапсарын сұрастыруға көшті.

Қыз биыл, жақында, онтүстіктеңі, көрші облыстағы есеп-санақ техникумын бітіріп осы қалаға жолдама алған.

Мұнда шешесінің сіңілісі тұрады екен. Қүйеуі шахтер. Олардың үйі де қаланың осы ауданында, теміржолдың

бойына таяу. Бұрын келіп көргені бар. Адресін біледі. Сол бетінше іздел келсе жездесі демалысқа шығып үйшімен елге кетіпті. Есіктері жабық түр. Басқа ешкімді танымайды, енді қайтып вокзалға барып отырайын деп келе жатқан бойда жаңағы уақығаға тап болып бұлармен кезіккен. Қыздың сапарының қысқаша тарихы осы екен. Елде үлкен әпкесі мен қарт шешесі бар. Әкесі ертеректе дүние салған, ағалары соғыстан қайтпаған. Аты — Әсем. Жасы он тоғызыда.

— Е-е, Әсем, қарындас, сіз маған жерлес болып шықтыңыз,— деп күлген әңгіменің ұзын-ыргасына құлақ түріп отырған Бекбосын.

— А-а, солай ма? Ағатай, сіз қай жерденсіз,— деп қыз оның сөзін іле қарып алыш жүзіне қуаныш ұялап, жақынныңа жолыққандай елеңдеп, жәудірей, күлімдей қараған.

Жігіт келген ауылын, ауданын айтқан.

— Білемін. Естуім бар ол жақты. Біздің облыстан екенсіз ғой, ағай,— деді қыз онан сайын ілтипат сездіре елпілдеген сыңайда.

Әсем десе әсем дейтіндей-ақ, қара торының көріктісі. Бетінен мәйегі шыққан жылы, үяң жүзі моп-момақан; кісіге құрақ, ұшып тұрган елгезек жанның қалпын аңғартады. Жаңағы төтенше бәледен аман-есен құтылғанына, құдайына қараған дұрыс жандарға кезіккеніне тәубесі түгелденген сыңайда өніне қан жүгіріп, шырайы енген түрі бар. Сәния мен екеуіне ризашылық, алғыс толы жанарымен кезек қарап:

— Сасқанымнан есім шығып сіздерге рақмет айтуды ұмыгып кетіппін ғой. Рақмет. Сіздер болмағанда жаңағы бұзакылардың не істейтінін кім білсін. Жалғыз өзім не қылар едім. Ой, апатай, тіпті, ойға алуға қорқынышты...

Әлгі зәресінің ұшқаны есіне түсіп кетсе керек сөзінің аяғын жүгіп, курсініп отырып қалды.

— Е, қызым, рақметінді мына Бекбосынға айт. Осы болмаса мен не қайрат жасамақтын,— деді Сәния апай шын көңілімен ақтарылып. — Айналайын, біздің Бекбосын дегендер жігіттің жігіті екен ғой. Назыз ер екен ғой. Көкежаным-ау, жүрек жүтқансың ба, мына қараңғыда қолдарында пышағы бар үш бірдей бұзыққа жалғыз өзің шабуыл жасап. Әй, өздерінің сазайын тартқыздың, бәлем. Шыбын құрлы санамадың-ау. Күшін

нардың күшіндегі екен ғой, қалқам. Рақмет. Өмір жасын, ұзак болсын. Жігіт болса сендей болсын.

— Шынында, аға ер екен, азамат екен. Раҳмет, ағатай. Жалғанда жамандық, көрменеңіз,— деді қыз да әрі тәнті, әрі риза пейілде.

Сәния апай осы тұс ойда жоқ оқыс әңгіме бастап қалды:

— Е-е, қызым, мұнданай жігіттердің етегінен ұстасандар әсте қор болмайсындар. Жас бала сияқтысың ғой, басың бос шығар.

Қыз жауап қатудың орнына қызарақтап, ұяла қымсынып, ыңғайсызданған күй танытты. Жалын шарпығандай ду етіп алаулап шыға келген жүзін жасырып, назарын төмен салды.

— Ой, апай, сізде баланы ұялтып,— деді Бекбосын әрі өзі ыңғайсыздана әрі қызды арашалағандай ниетпен.

— Қалқам, "ұлы сөздің ұяттығы жоқ" деген. Сұрағанымның ешқандай айыбы бар ма. Жай әшейін білейін дегенім ғой... Ал, тіпті, шындығына көшсе, айт айтпа, сендей жігітке кезіккен қыздың мәндайында екі елі бағы болатын шығар.

Сәнияның шегінер рапы байқалмайды. Қыз байқұс торға түскен торғайдай бүрісіп барады Бекбосын әңгіменің бет алысын басқа жаққа аударудың әрекетін жасады.

— Қарындаңас, жолдамаң қай жерге, мамандығың бухгалтерлік қой?!

— Шахтауправлениеғе жіберген. Қандай жұмыс беретінің қайдам. Ертең барып көремін.

— Бухгалтерлік жұмыс көп қой, қай жерден де табылады. Өзің окуын бітіріп жолдамамен келіп отырсаң оның үстіне,— деп Сәния сөзге қайта араласты.— Мұнда іздел келген жақындарың демалысқа қашан шықкан? Қай кезде қайтып оралады екен? Жұмысқа кірген соң солардікінде тұрасың ба, әлде жатақханаға орналасасың ба?

Бұл сұрақтар қыздың өзіне де беймәлім тәрізді.

— Білмеймін, апай. Әпкемдер елге жақындаған кетілті, қашан келетінін. Тұрғылықты орынды сол кісілер келген соң ақылдасармын. Әзірге, ертең жұмысқа орналассам, жатақ сұраймын.

— Аз күннің несіне жатақхана сұрайсың. Алысың емес, тұғаның екен, әпкендейкіндеге тұрганың жөн фой, жатақханадан гөрі, өзің ауылдан келген қыз баласың. Ал әпкендер қайтып оралғанша біздікінде бола бер. Бәріміз мұсылманның баласымыз, бөтендігіміз жоқ.

Қыз Сәнияның бұл ұсынысын қуана қабыл алғандай, ажары ашыла түсіп көңілденген сыңайын жасырмады.

— Ой, апай, ондай мүмкіндік бар ма, тіпті, жақсы болар еді. Әпкемдер келгенше тұра тұрса. Жаңа жолықсам да сіздерге туысымдай бауыр басып қалдым, неге екенін қайдам соншалықты жақын кісілер тәрізді көрінесіздер,— деп риясyz күлген.

— Қалқам, сен де бізге ұнап отырсың. Тәрбиелі, жібектей есілген, сап-салдарлы бала екенсің. “Өзі жақсы кісіге бір кіслік орын бар” деген. Осы үйдің бір адамы болып жүре бер, тегі, көпсініп ауырлайтын біз жоқ, Тәңір сәтін салып, таныса, үйренісе келе жарасып кетіп жатсақ, әжеп емес. Басқа бас қосылып ел қатарына іліну біздің де құдайдан тілегеніміз. Әлдененің нышаны шығар, ойда жоқта бүйтіп ұшырасып, шуйіркелесе кетуіміз... Осыны ырым етіп көңілім сүйсініп, жақсылықтың жоралғысына жорып отырмын,— деп әрі сәуегейлік жасай әрі көңілдегі көбін сездіре үй иесі әйел жас қонағына ықыласы құлай шырғалаған ыңғайда еді.

Сәния апайдың омыраулай кіріскең әрекетінің нәтижесі ме, екі арадағы дәнекерлік, дедалдығы себепші шығар, қалай дегенде де осы таныстық, қыз бен жігіт үшін зая кетпеген шаруа болды.

— Жасың жас емес, үйленетін кезің нағыз. Осыдан артық, қандай қыз керек. Үріп ауызға салғандай әп-әдемі.

Оқыған десең оқыған. Ойпаң-тойпаң, не жеңілtek мінезі байқалмайды. Сып-сыпайы жан,— деп қалт еткен сәтте жігіттің құлағының құрыш етін жеп мақұлға мойын сұнбасына қоймаған.

Ал қызыға қандай әңгімелер жаңбырдай жауғанын тәңірінің өзі біледі. Ә дегеннен-ақ, әйтеуір, бұл екеуі бір-біріне кет әрі емес ыңғай — қабақ танытқан қалыпта болды.

Есбосын мен Сара Эсемді алғаш жүздескеннен-ақ, өз жүптарына қосып алып, байырғы таныстарындағаралары ажырамайтын дос-жаран күйге көшкен.

Шынында бір үйдің жаңдарындағы қалтқысыз араласып кеткен жақындық сезімі бұлардың тағдырын мықтап түйістіріп, қосақтағандай еді. Көп кешікпей Сәния Бекбосынның да, Есбосынның да үйлену рәсімін бірге өткізуге шешім жасаған. Сол байламмен “таңғы нәспін тәнірден” деп, қолында барын аямай ортаға салып шамашарқынша “дуылдатып” той өткізді.

Бекбосын шоферлік курсты бітіріп, жұмысқа түсіп, Әсем екеуіне қазнаның барагынан бір бөлме тигенде азын-аулақ төсек орынын, кесе-шыны аяғын беріп бөлеқ үй етіп шығарды...

Азды-көпті өмір жолының үстінде жақсыны да, жаманды да бастаң өткізген; дәулеті шалқыған байдың, ештеңеден алаңсыз бұла өскен, жалғыз қызының да дәуренін көрген; тұлдыры жоқ жалғыздықпен масқара жесірліктің азабын да аз тартпаған; шынардай бой түзеген қос ағаның сөулетіне мәз болып, саякөлеңкесінің қызығын таусылмластай тамашалап; сол құламайтын бәйтеректей санаған, өмірі бойы өзіне пана сүйеу деп таныған қос бауырдың тағдырдың сойқан дауылына ұрынып жас жүрегіне мәңгі жазылмластай жара салып кеткен күйдіргі күйігінің тақсыретін тартудай-ақ, тартқан; барлықтан төбесі көкке жетпеген; жоқтықтан ажалы жетпей жерге кіріп кетпеген; бірақ соның бәрінен сабак алып, пәни-тіршілік туралы өз түйінін түйе білген, зерделі жан бұлар бөлеқ отау тіккеннен соң да, обалы нешік, аналық, пейілінен жазған жоқ. Есбосын екеуін ала-құла санамады. Ынтымағы тузу, бірлікте болуына ақыл қосып отырды. Бертін келе, жасы ұлғая “қылтамақтан” кетті. Бұлар қолынан келгенінше арулап шығарып салды. Дүние саларынан аз күн бұрын Бекбосынды шақыртып азын-аулақ, аманат білдірді. Соңдағы негізгі айтқаны:

— Бекбосын, мына бала-шағаның ендігі үлкені, ақылшысы сенсің. Көргенің, түйгенің бар есті жігітсің. Менің тілегім — осы сыйластық, ұйымдарыңнан құдай айырмасын. Өздеріңнен кейінгілерді де соған тәрбиелендер. Дүниеде көнілден қымбат еш нәрсе жоқ. Соған қаяу түсірмейді ойланадар. “Бірге тумақ, бар, бірге өлмек жоқтығы” тәрізді бір қанадан шыққанмен бір көнілден шыға бермейсің.

Ағайынның алалығына сабырға жендерген ақыл мен кішілік-кешірім ғана арашашы бола алады. Кісіні араздастыратын, кетістіретін орынсыз шолақ өкпе мен көзсіз ашу, соナン сақ болғайсындар. Адамзаттың тіршілігінің мәні ынтымағында ғана... Мен көп ұзамаспын...

Бір жағы шын ниетімен қимай, бір жағы көңілін ауладай:

— Ой, Сәния апай, бұл не дегеніңіз... Сіз өлі... — дей беріп, еді, дірідеген әлсіз, жұп-жұмсақ, саусақтарымен мұның қолын қысып, тоқта дегендей ишарат сезіздірді.

— Эрине, асарымды асап, кәрілікке ат басын тіреген жастамын деп отырганым жоқ, Сүйегім де жасық болмаса керек еді. Сол көрген бейнет, тартқан қайғылардың зардабы шығар. Жиналып келіп ұстаған жері осы да. Оған енді не дауа? Тәңірінің кезекті бұйырығы фой. Бұған өкпе жүрмейді. Хош! Сендер аман болындар. Сендерді бәле-жаладан аулақ, қылсын тәңірім,— деп өлшеп, пішіп, бәрін ап-айқын сезіп жатып кешу айтисқан еді марқұм...

Оралу

Бекбосынға араласып-құраласып қатар жүретін ажуақой танысы айтатын: "Бұрынғының адамдары бір күні өткен сайын "өмірім қысқара түсті" деп жылайды екен. Біздің күн түгілі алтамыздың, айымыздың қалай жылжып өтіп жатқанымен жұмысымыз шамалы. "Иә, құдай-ай, айдың аяғын тезірек жеткізе көр, жылдамырақ, айлық алатын" деп асығып, жалаңдаймыз да отырамыз. Қайсымыздың жағдайымыз жақсы болғаны сонда? Қайсымыздың уайымымыз күштірек?"— деп.

Расында өзекті жан иесіне тән тіршілік ауаны иіріміне түсіріп ала жөнелгенде алды-артына қаратпаған ағынтолқыны қай кезде қыр асып қалғанынды аңғаруға да мұрша бермейді екен-ау. Әуре жалғанның кеудеден демі үзіліп түскенше таусылмайтын қым-қуыт, тауқымет — сүргінінен қалт еткен сәт тауып кейінге көз салса бұрылыш бұралаңы, қараңғы, жарығы, қуаныш, қайғысы

да жеткілікті болған; шиыр-шыргалаңды сүрлеу, соқпагы ұзақ та, күрделі көрінген мына дүние — пәнидің жер ортадан қас қағымдай мезгілде, теп-тез өте шыққанын; сапар соңы — мәреге ат басын тіреуге таянғанын сондағана барып пайымдайды екен-ау пенде шіркін.

Күнделікті қам-қарекет, күн көріс күйбеңмен шырматылып, бас көтеруге мұрсаттана алмай жүргенде самайды ақ шалып, сақал-мұрты буырыл тартқанын байқамай да қалыпты Бекбосын. Кісінің тірлігінде шаруасы түгенделуші ме еді. Эйтпесе, тұрмыстары тоқ, шүкірі тұзу, ұйым — ұясы бүтін дейтіндей жандардың санатында. Ағайынды екеуі де ұл өсіріп, қыз өсіріп, пендеge тән қызықшылықтан құр алақан емес. Бекбосын үлкен ұлын биыл үйлендіріп аяқтандырып отыр. Осын-дай-осында тіршіліктермен арада талай жылдар өтіп кетіпти. Бекбосын елге, ауылға барып, азды-көпті тірі жүрген ағайынға сәлемдесіп, өлгендерінің орнына кіріп шығып, зиянат қылышып, шешесінің басын қарайтып, белгі салып, азаматтық, парызымды өтеп қайтсам дегенді көптен ойлайтын. Әні-мінемен әлі мойнын бұра алмай келе жатыпты.

Шахтада, ауыр жұмыстарда істегеніне сай өткен жылы жасы алпысқа толмағанына қарамай пенсияға шыгарған. Құдайға шүкір, қуат-қүші әлі қайтпаған, денсаулығы мықты, менмін деген жігітіңмен пар түсетіндей әуселесі күзірлі жағдаятта. Еңбекке үйреніп қалған дағды, күн көрістен таршылық, көрмегенімен жан тыныштығын қүйіттеп үйде қарап отыруға зауқы жоқ. Екі қолы алдына сыймайтында. Осы жағдайын білдіріп, әйелі Эсемге ақыл салған:

— Үйренген тіршілікті кісі іздей ме қайтеді. Жұмыссыз отыра алмаймын-ау. Екі-үш ай демалып, елжүртты аралап қайтсам. Келген соң ыңғайлы жұмыс болып жатса соған қол артсам деймін.

— Отаяссы, жағдайыңа қара. Шүкір, алып отырган пенсияң шай-суымызды айыруға жетеді. Азды-көпті жиган-тергенің бар. Балалардың алды әжетке жарап қалды. Өз киім, тамағын өздері таба алатындау күйде. Тұрмыстан қысылмаспаз. Аз еңбек еткен жоқсын, демалғаның да жөн. Ал енді, тілті, қарап отыра алмаймын десен істе. Тиын-тебені балаларға нәпақа. Ку дүниенің

кісіге артықтығы бар ма? — деп Әсем шешуін мұның өзіне тастаған.

Бекбосын алдағы шаруаны осылай жоспарлауға ниет жасап отырғанда үлкен ұлының үйлену хабары құлагына тиңді. Басқа тіршілікті жинап тастаған сол жағдайдың қамына кіріскең. Ауырлы-женілді әр тойдың өзіне лайық дайындығы, атқарып салуы тәрізді дүрбелен-дырдуы; жаңа құдалықтың танысу, араласу қызығы тәрізді тірліктердің иінімен талайдан көнілдің түкпірінде жүрген елді аралап қайтсам-ау деген аңсары есінен шығып кеткен жағдайы бар еді. Бірде ойда жоқта өзін таңқалдыған әрі оқыс шешімге — тәуекелге жетелеп, осы байламға келуіне түрткі салған тосын, қызық түс көрсін.

Түсіне сонау соғыстың алдындағы таудағы егіншилердің бес-алты қостан тұратын шағын ауылы кіріпті. Бұл өзі сол ауылдың ортасында. Таныс сурет, таныс жандар. "Ойпырм-ау, бұларды көптен жоғалтып алып, таба алмай іздең жүр едім ғой. Іздең таптым-ау, кездестім-ау" деп қуанғысы келеді, бірақ қуана алмайды. Өзі көріп тұрганына өзі сенбейтін сияқты ма, қалай. Сенбейін десе тұра алдында жайып салған картадай апанаңық, қолымен ұстауға болатында жап-жақын, соншалықты шынайы көрініс. Мына кереметті қара — тұра жанында Сырғаш тұр. Бағанадан бері бұл қалай байқамаған. Шаруаның қамымен қарбаласқан ауылдың адамдары анау. "Бірақ бәрі неге салқын, бәрі неге алыс тәрізді. Бұл неге оларға өлгенше үздігеді, неге сонша аңсайды. Кісі қасындағы жанды сарына ма, кісі көзімен көріп өзі ортасында жүрген ауылды да сарына ма екен? Мұнықі не?" — деп өзін-өзі түсінбей аң-таң күйде. Бірақ көнілін сыйдаған сарыныш кернеп барады. Әлдененің әбден зары өтіп, күйігі жанға батқандай. Оған жасар еш дауасы жок, амалы таусылған, дәрменсіз жандай шарасыздықтан тұншығып, қинауда. Жылайын десе жылай алмайды, айқайлайын десе айқайлай алмайды. Қарадай қарап тұрып өксікке толы көніл жасына, құлазыған бір мұңлы дүние тылсымына батып бара жатыр. Ешкім қарайлап қол ұшын берер түрі жок, Сөйтсе мұның шыбын жаны текке шырқырамаған екен. Тап соған бола көрінгендей мына айнала ауыл да, адамдар

да жылыстай көшіп, алыстал, көз алдында жоғалып, өшіп барады. Бұл олардан қалмайын, адаспайын десе орнынан қозғалуға мүршасы жоқ, "Айдалада осылай қалғаным ба, бекерге өлгенім бе?" деген үрейлі ой билеп жан-жағына жан ұшыра алақтай қарайды. Сол сәт қайдан сап ете түскені белгісіз дәл қасында тағы да Сырғаш түр.

"Сен жаңағылармен кетіп едің гой, қашан келдің мұнда? Бәрің қайда кетіп барасындар?" — дейді бұл. Ол мұның "қайда барасындар" деген сұрағына жауап қайырмайды.

"Мен мынаны саған тастап кетейін деп қайтып оралдым. Жақында немерең дүниеге келеді гой. Соның кіндігін кесуге керек қой", — дейді. Қолында үнемі мұның белдігінде қыстырулы жүрген алтын сапты кездік. "Осы кездік менде баяғыдан бар емес пе?! Бұл қазір қалай беріп түр маған?" — деп үлгергенше қасындағы қызы жоқ. Тағы жалғыз өзі. Дүние шымшытырық, әлденеге айналып кеткен бе, басы қатып еш нәрсені түсінбейді. Сезетіні тек жанын жегідей жеп бара жатқан жалғыздық, манағы сол шиқандай сыздаған сары уайым сағыныш. Сол сағыныштан тау інген болып боздайды; жел өз анасы болып аңырайды; табанының астындағы қара жер әкесі болып ыңыранады; өзен мұның өзі болып ағыл-тегіл жылап ағып барады.

"Тәңірім-ай, не деген көңілсіз көшкін еді?! Не деген мұнда дүние еді?!" — деп тұншығып, қыстырып оянған. Көзі шыланыш жастығы суланғанын байқады. Келесі қырына аунап түсіп, терең тыныстай дем алды.

"Таңғажайып бұл не тұс? Нениң шырымталы?" — деп көргенін неге жорырын білмей үйқысы шайдай ашылған. Таң қылаңыта бастапты. Терезеден бозаңытқан сыртқа көз жіберіп қайтадан ойға кетті. "Кісінің түсіне қай-қайдағы кіре береді, ә. Дегенімен көңілді қобалжытқандай елестер екен. Сырғаштың түсіне кіруі... Ойында жоқ, нәрсе. Рас, ертеректе, соғысқа алғаш барған жылдары жиі-жиі енетін түсіне. Соナン кейін ұмыт болып кеткен жай. Қазір, тіпті, өлі-тірісінен хабары шамалы, қаймана қазаққа айналып кеткен жандар емес пе?! Әлде жазған, мені әлі ұмытпаған... Есіне алатын шығар... Қай жерде, қандай жай-куйде екен, бейшара?!"

Бір жұздесіп, хабарласып, есен-саулық, айтысып, жағдайын білуім азаматтық, борышым ба еді, әлде?! Қалай ойламағанмын?..”

Әлгі түстің өсері ме, көнілі ілік жармаланып, алағызып, жабырқау ойлар иектеп, тұла бойы қорғасындау ауыр тартып, хошы кетіп дөңбекши берген соң, енді үйықтай алмайтынын сезіп, киініп далаға шыққан. Таңғы таза ауада едәуір қыдырыстал жүріп ауладағы оңаша орындыққа аяқ сұытуға отырған. Сол кезде Әсем келді. Мұның төсектен тұрып кеткенін байқаса керек:

— Оу, отағасы-ау, неғып ереуілдеп жүрсің?

Әсемді қөргенде ойына әлдене түскендей болды:

“Балалардың үйленгеніне жарым жылдан асыпты-ау.

Бұйыртса аз уақыт емес қой. Мен аңғармауым мүмкін, әйел ғой, Әсемнен білейінші, еш нәрсе байқамады ма екен?”

— Әсем, келіннің бір нәрсесі жоқ па? Ешқандай өзгеріс аңғармайсың ба?

Мұның сауалының нені меңзегенін әйелі қалт баспай таныған.

— Бар тәрізді. Жобасы үш-төрт айлық-ау! Оны неге сұрадың?

— Жай, әшейін. Жарайды бара бер үйге. Шайыңды дайында.

Оңаша қалған соң ойға қайта беріліп, түндең түстің мәніне асықпай зер салып, тиісті қорытынды шығарғандаі, іштей түйінді шешімге тірелгендей күйде орнынынан тұрған. Азанғы шайдың үстінде үйдегілердің түгел басын қосып ойындағысын ақтарған. Алдымен өз өмірінің бұларға білген теріс емес деп тапқан елеулі-елеулі кезеңдерін шолып өткен. Соңан соң ата тек, елжүрт деген әңгіме төңірегінен сөз қозғай келіп, ендігі тоқтап отырған байламын білдірген:

“Итті иесімен қинасын” дегендегі қанша шет жүріп қол үзіп кеткенімен көнілдің түкпірінен елсі, сағынышы өшпейтін сол ауыл, сол ағайынның ортасына барғаны дұрыс шығар. Құдайына қараган пендениң, адамзаттың баласының бір-біріне бетендігі жоқ, әрине. Сөйті тұрғанымен өз қаның, өз туысыңың жөні бөлек те. Әу баста солай жаратыпты да табиғат. Шүкір, мұнда

жақсылықтан басқа көргені жок. Ел қатарына ілікті. Өсті, өнді. Қаншама жақын дос, таныс, қыыспас жекжат-жұрат тапты. Өмір бойы бұл жақда рахметін айта жүрер, келіп-кетіп жүрер. Алайда тәнірдің бүйрығымен, күн көрістің қамымен көтепен сырттап кеткен ағайының қайта тапқаны жөн болар. Мына балалары, келер үрпағы оларды, тіпті, танымай, білмей кетер. Қаймана қазақ болып кетер. Әкенің сүйегі қай жерде қалғаны белгісіз, анасының денесі сол топырақта жатыр ғой... Бәрінен де бұрын іштей сыйынар, іштей табынар ата-бабасының рухы сол ел-жүрттың ішінде, шаңырақ, төрінде, солардың береке, ынтымағымен бірге болса керек-ті. Соңдықтан да ол — ел, соңдықтан да ол — ағайын атанады да. Сонысымен қымбат, киелі де. Ендеше ата-баба рухына бас иіп, аруағына сыйынып ырым етіп, құдай қос көрсө, алғашқы немересінің кіндігін сол жерде кеседі. Тәуекел деп көшіп барады. "Көп ойланған қызың қаша алмайды" деген, ыргалып-жыргалып созбақтайтын ештеңе жок. Бұлар жиналыш, дайындала берсін. Өзі өзірге салт барып, ол жақтан қолайлыш үй-жай дайындаған келеді. Сонан соң біржола көшеді. Кейінірек Есбосындарды қастарына алдыртады".

Әкесінің әңгімесінің төркіні, ниет, пифыл, бет алысы бұл шешімді талқылап, дауысқа салып жатудың орайы жоғын аңартқандай. Осыны алдын-ала сезген әрі күйеуінің мінезін жақсы білетін Әсем ә дегеннен Бекбосынның ыңғайына жығыла, сездің арнасын мәмілеге бұра, балалардың қайсыбірі қарсылық білдіріп қала ма деп қауіп ойлап, іле дәнекерлікке журе сөйлемеді.

— Енді өзің солай шешсең, жарайды, макұл. Бөтен жаққа барайын деп отырғанымыз жок. Ауыл-ағайының ортасы екен. Менің де туып-өскен жерім, төркін жүртім сол жақта. Балалардың институттағылары бітіргенше Есбосындыңде журе тұрап. Мектеп қай жерде де бар. Бірақ енді дайын тұрган үй жок, шығар. Алдымен дұрыс қоныс, жайдың ретін қарастырғаның жөн. Қазір қай жерде де жан тоқшылық, қой, күнкөрістің уайымы болмас.

— Е-е, әрине, тұрмыстан тапшылық, көрмеспіз. Түбіміз шаруаның баласы емеспіз бе, біз де ел қатарлы тіршілік жасармыз. Екі қолға бір күрек. Ыңғайы келер

жұмыс ол жерден де табылар. Ал сатуға үй шығадығой. Қаладағыңдай емес ауылда арзан. Нарқын ауыр-жеңіл демей-ақ, тұрғылықты жай болатындей, ертең-бүтін ешқайда көшіп кетпеспіз, көңілге ұнағанына тәуекел етемін.

— Соның дұрыс,— деген Әсем де.

Әңгіме осыған пісәндаланған соң Бекбосын ауылға келген еді. Құдайға шүкір, ел тұрмысы түзелген, ажары жаңаланып өзгерген, өсіп-өнген, "Откен күнде белгі жоқты" осындаидан айтқан шығар бұрынғылар. Бекбосының бала кезіндегі, жас кезіндегі бұл ел көрген, басынан кешкен қызындық, қасірет елесі көнекөздердің санасында сақталған шығар сақталса. Ал қазіргі мына жауқазында жаппай гүлдеген жаңа қауым үшін ол күндердің келер-кетері шамалы, ілкіде ести қалса ертегідей ғана қабылдап, иек көтерер орайы бар. Ол енді жаратылыстың заңы шығар. Кешегіні неге ұмыттың деп келер ұрпаққа кінә артып жату сыйымды ма?! Тақсіретті тартқан ғана ұмытпайды. Алайда, дүние — дауылдың аласапыранын бастан өткерген пенде тіршіліктің өзі куә жақсылық, жамандығын сабак етіп, кейінгі ұрпақтың зердесіне сініруі де парызды. Өтеусіз алғыс, жазасыз жауыздық, кетпесе керек қой... Дей тұрғанмен өскелең өмір, жалғасты болашаққа не жетсін, шіркін. Тіршілік керуенінің тоқтамай алға жылжи бергенінен артық не бар?

Іздең келген аулының таныс, бейтаныс мына келбетінен Бекбосын толқи, толғана отырып, осылай ой түйген. Жапырақ жайған бәйтеректей бой көтеріп келе жатқан көркіне көз жіберіп қуанған, сол қуаныш үстінде өткен өмірдің аңы, тұщысы ойға оралып, көзге жас үйріген.

"Ел, айналайын, кең құшағында көңілге қымбат, киелі жылдылық, мейірім бар-ау! Сонымен қасиеттісің де қайран жұрт", — деп тебіренген.

Мұның тамырын тап басып, жандуниесіндегі осы даусын естіп, білгендей қаумалаған ағайын, көз көрген қатар, замандастар:

— Қайран, Біржан ағатайдың қара шаңырағын қайтып әкеп қасымызға тігемін дегенің азаматтық-ақ Бекбосын.

— Көп жаса, рақмет. Балаларыңың иғілігін көр. Ортамызды толтыргандай болдың,— дед пейілденді.

— Үй-жай, ас-ауқаттан, ат-көлік жайынан қам жеме, оны өзіміз көтеріп аламыз, тек көшіп келсең болды,— десті шын көнілдерімен.

Алғаш келген күндері ауыл-үйлерді түтел аралап, есен-саулық, айтысып ағайыншылық, парызын өтеген соң, ауылдағы қатары сиреп қалған көнекөз қариялардың бірін ертіп шешесінің басына барған. Сонау кездегі жусанды, жалпак, қоңыр төбенің үстіне қалашық, орнаған тәрізді. Ел тұрмысының, шүкір, қазіргі күйлі болмысының келбеті мұнан да байқалғандай. Қария төбеге таянғанда етектегі құмдауыт сусыма алаңқайға журелей жайғасып, бұған да отыр дегендей ишара танытты.

— Бүкіл жатқан жамиғатқа арнап, дүға оқып жіберейін,— деді. Онан кейін түрегеліп, екеуі төбенің басына қарай көтерілді. Қария бұл біледі-ау деген кіслердің атын атап: "Анау бәленше марқұм, мынау түтенше марқұм",— дед сілтеме жасап, таныстырып келеді.

— Ана тұрган Жылымбек, — деген бір кезде көп мұрденің шетіне сала көрінген, қызыл қыштан көтерілген биік төрт құлақты мегзеп. Сонан соң шоқша сақалын сыйпай түсіп, салмақден:— Е-е, шырағым, бұл пәниде кім келіп, кім кетпеген,— деді.— Мұсылман баласының парызы — құдай рақмет қылсын айт, қалқам,— деді өтініш еткендей. Әркім істеген ісіне қактың алдында жауап береді. Ол соттан ешкім құтыла алмайды. Кім-кім жасаған күнәсін өзі көтереді. Жазасын өзі тартады. Бәріне төреші — жаратушы жалғыздың өзі. Тірі кісі өлі аруаққа кешу айтқаны сауап дейді, шырағым.

Екеуі жағалай күмбездеп сокқаны бар, төрт құлақтап сокқаны бар, биіктеп атбесік тұрғызғаны бар еңселі құры лыстардың ортасында жермен-жексен төмпешік болып жыптырлап жатқан көне қорымдарды аралап жүріп шешесінің мұрдесін әрең тапқан. Қария қайта дүға окуға кірісті. Мұның шешесіне бағыштаған құранын бітірген соң, өз көnlіне жақын-жұығына; белгілі-белгілі: ел-жүргікта қадыры өткен дейтіндей жаңдардың бас-басына арнап жекелеп тағы дүға оқыды.

— Шырағым, енді асықдайық, келген соң,— деп қояды келиманы қайырып отырып ара-арасында.— Жиі жол түсे бермейді бұл жаққа. Әдейілеп соғуға қу тіршілікten мойын бұра алмайсың. Тірі адамның шаруасы бітпейді екен бұл дүниеде. Балалар да, балалардың баласы да бет-бетімен, бірі жұмысым, бірі мектебім деп мұрынына су жетпей жүреді. Есіктің алдындағы қозы-лақтың тауқыметі өлі біздің мойында. Енді қайтесің, даалаға қаңғыртып жібересің бе? Сонымен-ақ, діңкелеп құлайсың. Әйтпесе, шырағым, өлгенге құран оқып, құдай рахмет қылсын айтып отыру тірінің мойнындағы міндет. Бұлар бізден соны күтіп аңап жатады. Ертең өзімізде өлеміз... Ой, ой, бок дүниәй... Қария басты шайқап алып "құлқуаллаға" қайта кірісе жөнеледі.

Мінәжат жасау рәсімін қария ет пісірімдей уақытта барып аяқтап, орнынан көтерілуғе ыңғайланған. Сол кезде Бекбосын шалға сөкеттеу, тосын көрінбесін деп:

— Мұнда менің бір тыққан қазынам бар еді, қария, рұқсат болса соны қазып алсам, — деп алдын ала ескерткендей сыңаймен күлді.

— Ол не, шырағым? — деді шал мұның сөзіне сенер-сенбесін білмей.

— Қазір, — деп бұл мұрденің аяқ жағына сала осы-ау деген тұсты шалдың таяғының істік темір ұшымен осып қаза бастаған. Құмақтың жоғарғы беті сусылдаған құмдауыт, бос топырағын аршу аса қынға түспеді. Ә, дегенше тіzelікке таяу жер шұқырайып шыға келген. Енді Бекбосын тізерлей отырған күйі еңкейе тұқшындал, қазылған шұңқырдан әлдене оралған затты суырып алды. Сыртындағы топырақ су-су төгілген ескі қомшасының, бүктеуін жазып былай тастағанда ішінен қарыстай жан кездік жарқеткен.

— Ой, Бекбосын-ау, мынауың немене? — деп серігі әуестене таянған. Қасына келіп, мұның жерден қазып шығарған қазынасын қолына алыш, айналдыра қарап көріп: — Батыр-ау, мынауың Ботекенің кездігі ғой. Бұл қайдан жүр сенде? — деген ішін тарта таңданып.

— Қария, жазбай таныдыңыз ғой.

— Танымай, шырағым-ау, неге танымайын. Бала кезімізде осы кездікпен турап талай ет асатқанда

Ботекенің қолынан көріп жүрген затымыз емес пе. Белгілі бір мұлік еді фой ауылдағы. О, шіркін, дүние... Қайран, Ботекендей кісі қайда. Сөйткен Ботекендердің өзі қайда?! Ой, ой, ой, бок, дүние-ай!.. Өтіп бара жатқан тұrlаусыз заман-ай.

— Бекбосын шырағым, бұл мұлік сенің қолыңа қалай түскен?

— Бұл жерде қалай жатыр? Соның жағдайын айтшы енді? — деп шал мұның мәнісін білмекке ықыластана бұрылған.

Бекбосын кездіктің тарихын қыскаша баяндап берген.

— Е-е, солай де. Әңгіме-ақ,— деді шал әлденеге толқи, тандайын тық-тық қағып, іштей ойға бата. Сол қалпы аз кем үнсіздіктен кейін басын көтеріп қайта сөзге келген:—

— Ботекенің де артында қалған жалғыз қара сол Сырғаш қана. Әлгі үлкен рәдникте тұрады еken. Өткен жылы ауылға тәркіндегенім деп арнайы келіп, әкесінің басына бір мал құдайы қылып, құран оқытып, аунап, кунап қайтты, жазған...

— Жай-жағдайы қалай еken? Бала-шагасы бар ма еken? — деп сұрады Бекбосын тілеуқор көнілмен.

— Шүкір, тұрмысы тұзу, қара-құра бас саны бар тәрізді. Тиген күйеуі, сыңайы, өзінен көп ересек кісі, ертеректе дүние салған. Балалары есейіп азамат болған. Солардың қолында көрінеді. Кімге дәм-тұз қай жақтан тартады дерің бар ма. Тұлқінің жымында дүние соқлағы қай жерден шығаратынын қай пенде болжап біліпті... Міне, шырағым, кездігің, игілігіңе тут. Ескінің көзі, қымбат бір мұлік қой бұл. Шын асылды tot баспайды еken-ау.

Шал кездікті тағы бір айналдыра көріп шығып, бұған ұсынған. Сабы алтын, заты таза асыл болат, алмастыры ма, әлде қалың етіп ораған құрым қомша ылғал, су өткізбей сақтаған ба, пышақтың шынында tot басқан жері жоқ. Қолына алып қарап тұрғанда Бекбосынның ойына өткеннің кейбір елестері оралып, көңілі қобалжығандай болды...

Самайын қырау шалып, ақсақал жасқа иек артып қалғанына қарамастан, бақса, көңілінде орны толмайтын опық, сағыныш, мәңгілік мауқы басылмайтын жетімдік

табы қалып қойғандай екен. Көрген қиянатын таразы тарта алмайтында, жоғалтқандарына сан жетпейтіндей. Олардың өтеуін кімнен сұрамақ... Мына асыл мұліктің төл иесі, ел сыйлаған, ер мінез, қадірмен қарт Боташтың өмір соңын солай өкінішпен аяқтауы көзі көрген кісінің жүрегін сыздатпас па?! Осы кездікті өзіне ұсынған ғазиз жан, бетпе-бет кездескен сәтте наздана тастаған көз қарасы жан дүниесіне қуаныш сәулесін себелейтін сол сұлу бойжеткен қайда?! Қайырымды қоңыр үні бойына қуат пен сенім ұялататын, дүниенің тұтқасындағы көрінетін асқар тау — әкені кімнің бодаудына берді?! Ажары құн шуағында, алақаны мейірім мен жылдылыққа толы абзал ананың — қасірет пен құсадан кеткен шешенің — орны толар ма?! Әсіресе, тауқыметпен, бейнетпен өткен жастығы үшін кім жауап береді?! Уайымсыз, қамсыз жайма-шуақ, көктемдей жадырап өтуге тиіс балауса шағын долы соққандай үйпа-түйпа еткен тағдыр дауылы қайдан, қалай тап болды?!

Санасында андызыдаған сұрақтар. Көнілінде күптілік, жүректі шымшылаған мұн. Ал қолындағы алмас кездік жарық, дүниеге шыққанына қуанғандай құн көзіне шағылысып, жарқ-жүрқ сөуле шашады.

Сон-ау алыста мұнарға батып, аспан астындағы дүниенің жарты көкжиегін түгел алып, созылып жатқан Кәрі Қаратаяудың тұтасып көрінген жалпақ жоны курсіне ойланып қалған қариядай бас көтермей мұлгиді...

ҚОНЫР ЖОН

Жаз жауынсыз, құрғақ болып тұр. Шілденің шығар аузына таянса да алтаган ыстықтың беті өлі қайтар емес. Құн көтеріле-ақ, қызулы көрігінен қуатты жалын шашқандай, көленәкелі орман, кек шалғыннан кеңде қалған мына сары даланы аңызак, жайлап алады. Талма түстің шағында айналадан жалпақ даланың ыстықтан алқынған демі дерлік құлазыңқы ызың-үн естіліп тұргандай болады. Сол ызыңдан кісінің құлағы шынылдаپ, басы айналар тәрізді. Таңғы алажеуімнен тұрып, шаруа қамымен ала тыныс, ала өкпе болып арпалысып жүрген жүрттың қыбыр-жыбыры да дәл осы мезгілде пышақпен кескендей сап тыйылады. Жанжануар көленәкесе сағалап, солықтал кетеді.

Қазір де ауыл маңында қара-құра сиреп қалыпты. Кешеде кісі аяғы азайған. Шабындықтан тиеген жоңышқасын маяға апарып салып қайтқан шөпшілердің машинасы жарыса ызғытып кеп үйді-үйдің арасына сұңғіп кетті. Гараждан жаңа шыққан топ кісі бірте-бірте шашырай түсіп самарқау аяңдалап барады. Қыр басынан ауыл жаққа көз салып, ине-жіптен жаңа шыққандай кіршіксіз, ақ шайы кимешегінің мол өңірі мен етегіне малынып оранып тұрган ұзын бойлы қара сұр кемпір:

— Жаңағылардың ішінде Болатжанның машинасы да бар ма? — деп сұрады қасындағы немересінен.

— Бар. Алдымен озып келген папам ғой, — деді бала масаттана.

— Оны қайдан таныдың?

— Папамның машинасының кабинасы сарымен боялған. Басқа ешкімде жоқ ондай.

— Садағаң кетейін, зердесі бар өзінің. Соны аңғарып жүргенін қара, — деді кемпір ризалықпен мейірлене. —

— Рәтжан, жүр қайтайық, ендеши. Келін қымызды сұға салып салқындастып қойды ма екен әлде есінен шығып кетті ме?

— Шөлдеп келді ғой, күннің түрі мынау... жүре ғой. Атаң мен кіші әжеңнің қай жерде жатқанын ұмытпайсың ба енді?

— Ұмытпаймын. Білемін.

Ауылдың құбыласындағы қоңыр төбенің жалпақ жонында бырдай болып жатқан қорымнан шығып, кемпір мен немересі еңістегі жолға келіп түсті. Қара жолдың май топырағын толарсақтан кешіп келеді. Төбеден күн шыжғырады. Жол жиегіндегі шағыр жусан, есек мия шаңға тұнып тұр.

Рыстың өнімсіз аяңына ықтияр болмағандай немересі Рәт:

— Эже, тезірек жүрсейші,— деп тартқылайды. "Осы шөлдеп келе ме" деп қаттырақ жүріп еді сәлден кейін ентігіп қалды.

— Эже, мен үйге жүгіріп бара берем, шөлдедім,— деді Рәт.

— Бара ғой, қалқам. Бұзауды көлеңкеге әкеп байласын деп айт. Су берсін.

— Макұл.

— Құлыншағым, кішкентай, бұлқілдеген түрінен айналайын.— Рыс жолдың шаңын аспанға көтеріп томпаңдай ала жөнелген жеті жасар немересінің сонынан сүйсіне қарап аяңдап келеді.

Екі ара едәуір жер. Жарым ортаға келген соң, жолдан бұрылып құлаған албардың орнында шогайына болып қалған үйінді кесектің біріне отырып тыныс алды.

— Топырақтарың торқа болсын, — деді соナン соң іштей қубірлеп, артындағы төбе жаққа қарап отырып. Біріне арнап айтты ма, бәріне бағыштады ма оны өзі де айырып бөлген жоқ,— Бұлар да өз алдына үлкен бір ауылдай болып жатыр ә, ой дүние-ай! — Осы сәт көңілі кілт толқып кеткендей еді. Іші елжірегендей жұмсақ, бір күйде күрсініп, кимешегінің ұшын көзіне апарды.

Рыс біресе алдындағы ауылға, біресе құбыласындағы қорымға көз жүгіртіп көп отырды. Бойында оның бірін жатсынып бөтенсіген күй жоқ. Мына ауылдың тіршілік-тұрмысына қазір қаңдай қанық болса, ал өткенге сәл ой

жүгіртсе осы қорымда жатқандардың әрқайсысы соңдай таныс болмысымен көз алдына келері сөзсіз. Осы жүртқа қай кезде қазық, қағылып, алғашқы үйі қашан тұргызылғанынан бастап, мына думанды, үлкен ауылдың бары мен жоғы, ауыры мен жеңілі өзіне етene таныс.

Қоныс аударып келіп, осы бір елсізге ірге тепкен елдің жігіт ағасы болған, көпке түскен ауыртпалықты қайыспай көтеріскең нелер абзал азаматтары — Рыстың көз көрген, қадірмен замандастары қазір осы төбенің үстінде жатыр.

Байқасаң адам баласының өмірінің мәні тірлігінде таусылып бітпейтін, дамыл талттырмайтын іс хараетінде сияқты. Ал өмір бойы құмырсқадай тырбанып өтетін осы мазасыз тіршілік алдағы үрпақтың қамы, солар үшін жасалатын игілік тәрізді. Өз ісінің жемісін тастамай, жинал-теріп арқалап ала жөнелген жан жоқ шыгар. Бәрі де кейінгінің нәсібі болып қалады. Сонау Адам-атадан бері әкеден балаға мирас болып келе жатқан қасиетті дәстүрдің айнымас заңы ғой бұл. Мұнда қолыммен құрганымды қалдырмай ала кетем деген өзімшілдіктің болмайтыны осы құдіретті сезімнің ықпалы-ау.

Көзі тірісінде байыздал отырып, рақатын қөрмеген ауыр бейнет, ашы терінің мәуесін қазіргі мына үрпаққа сыйлаған өз қатарларының көбі ғой бұл күнде анда жатыр. Олардың үлкені де, кішісі де, жақсысы мен жайсаң да бар. Бірақ қай-қайсы да адам баласына тиесілі әлгі абзал борышын өтеп кетті дерлік.

Осы сәт кемпірдің көңіліне көп елес оралды. Санасында өткен күндердің сағымы толқыды.

Рыс жаратылысынан уайымшыл, күйреуік жан емес-ті. Алайда қартайған соң кісі босаң тарта ма, кейінгі кезде өткен-кеткенді жиі ойлайтынды шыгарды. Қатарының азайып бара жатқаны жанына бататын болып жүр. Өз тұргыласы қалмаса кәрі де жетімдей кәріп болады еken. Бұл да көңілшек тартты.

Міне қазір де ойна қай-қайдарылар оралып, жаңағана барып, бас-басына дұға жасап қайтқан көптен қайта кездескендей болып отыр. Осылармен бірге ертегідей есте қалған нелер қызығы мен қыны аралас күндерді бастан өткерген еken. Өткен күнде қабырға қайыстырагар ауыр елестер де, небір қимас сәттер де аз емес.

Рыс толқып отыр...

Қазіргі мына шаруасы шалқыған совхозға айналған ауылдың осы елсізге келіп қоныс тепкендеңі алғашқы тұргызған баспаналарының орны осы өзі отырған жүрт. Көлеңке болар көгергені, қараусыны жоқ, жан баспаған ен далада, жусанды жазықта жер кепелер мен жатаған балшық, үйлер бырдай болып бөртіп шыға келген сол бір жаз; сол жаз бойы осы далада ұя салған қарлығаштай тыным таппаған, аш-жалаңаш болса да салы суға кетпей, жаңа арман, жаңа өмірге талпынып, ойын-кулкісін қайта тапқан жан себіл, еңбекқор жандар көз алдына келді. "Ауыр жылдар еді ғой, Ой қызын-ақ болды-ау".

Малдан басқа тіршілігі жоқ, соның өуенімен көшіп қонып, шұбап жүрген елдің қыс құмға құлатып, жаз арқаға айдал жүрген алдындағы қара-құрадан өзге күнбағысы шамалы-тын. Киіктей босып жүрген кезбе жүрттың ірге тепкен тұрақты қонысы, тиянақ, етер өзге шаруа жайы жоқ, екенімен ісі болмапты-ау. Елғасырлардан бергі сүйегіне сіңіп кеткен бейнетті тіршілікке әбден көндігіп алған. Тұрмыстың онан басқа түрін іздең көрген емес. Осы самарқаулықтың тақсіретін талай тартса да онан сабак алып, айналаға көз жүгіртіп, жай-күйіне өзгеше зер салып қарауды ойламай, күн көрістің үйреніскең осы арнасымен тарта берген. Алайда жадағайлыштың құсырына тағы кезікпей қалмады.

Бейқам жүрт жүнін киім, етін тамақ етіп, жан сақтап келген төрт түлік мал біткенді алдымен кәмпескенің науқанына өткізіп, онан қалған азын-аулақты қырына алған қыстың үстемелей соққан ақ боранына беріп, кемесі суға кетіп, салт бастары сопиып елсіз жағаға малтып шыққан жолаушыдай сенделіп қалды. Тіске басар талғажаудан жүрдай болған көпке оның үстіне сүзек келіп араласты. Кей ауылдар отырған-отырған жүрттарында жусап қалды. Енді кенеуі кеткен көшпелі елдің күйін көтеру үшін тұрмысына соны леп әкелетін берекелі әрекетке қам жасалды. Көшшілік егін егіп, мал өсіре алатын, отырықшы жүрт болатын қоныс іздең, Қаратаяға қарай жосыды.

Бұл да сол қырғын қыстың көктемінде еді. Зеркүл марқұм:

— Женеше, ел Қаратаяға қарай көшетін көрінеді.

Біз қайтеміз. Жер аяғы кеңіді, жааратқан жалғыз, лайыры осы деген шығар, басымызды шарындаң, қол-аяқты жеңілдетті, — деп жүдеу жүзі мұнға толып, жас үйірілген жанарымен бұған қинала қарады. Айтарын аяқтамай, толқыған көнілдің әсерінен бе, іркіліп қалды.

Уылжыған қызыл шырайлы жүзді, дөңгелек бет, бота көз, қарақаттай мелдіреген жанарынан ұяңдық, пен жылдылық есіп тұратын, жүріс-тұрысы майда, жинақы, билаз Зеркүлдің мына кісі танымастай өзгерген сыйнық жүзін көргенде Рыс аяп кетті. "Қайғыдан мұжіліп, шөгіп кетіпті-ау, жазған", — деп мұсіркеді. "Қол-аяғымызды жеңілдетті ғой", — дейді, байғұс, күйгеннен айтқан сезі де, қайтсін енді. Тете өскен бір ұл, бір қызын осы айдың ішінде бірінен соң бірін оң жаққа салып, соқа басы қалды. Қолғанатқа жарап қалған қос құлышының қайғысы қатты батып кетті. Енді қарақан басын қалай қақпайларын білмей дал болуда екенін сезді Рыс.

— Не айтпақ едің, Зеркүл, қандай ойың бар? — деді.

— Жеңеше-ай, не ой бар дейсің менде. Сандалған күй ғой. Қандай ақылыңыз бар беретін. Қай жаққа бет аламыз? Қалай жүрсек те бір Мәліктен басқа жүгіміз жеңілдеді ғой. Рыстың зерек көнілі Зеркүлдің неге толқып отырғанын енді аңғарғандаі. Екеуі бір елдің қызы болатын. Төркін жұрты кейінде, қонысы шалғай. Зеркүл солай бет аламыз ба, әлде осы көппен бірге кете береміз бе дегенді мегзеп отыр. Өз шешімін айтпай мұның көнілін байқағалы отыр.

— Зеркул шырағым, бүйрықты іске дауа бар ма, пешенеге осылай жазылған да. Мен не айтам, кімге ақыл бере аlam. Енді бұл үйде нені қүзетіп, неге қарап отырам деген ойың болса, кім оны теріс дей алады. Өзің білесің де. Басың жас, менің еш өкпем жоқ, ешкім де саған кінә қоймас. Ал мен тәуекелге бел будым. Осы елдің ортасына қүшігімнен келіп едім, онан шығып қайда барамын. Қолымда мына бір жаман тағы бар. Осы ауылдың жұрағаты ғой бұл да. Біреуге көз тұрткі етпейін, ел-жүрттүң ортасында болсын. Ал өз көнілінде не бар? Жасырма, жасқанба, айт.

— Жеңеше, ендігі тіршілігіміз не болады деп ақыл салғаным ғой. Менде басқа бетен ой жоқ, "Келіннің бетін кім ашса сол ыстық" емес пе. Тайынан келіп

қосылған үйірін жылқы да жатсынбайды. Алғашқы аттаған босағам, келген ауылым, оны тастап кету маған да қыын. Кішкентайымнан қолыңда өстім. Сыртқа қақпай сіңліндей көріп, бас-көз болдың. Мынау қын-қыстау жалғыз қалған шағымда жанашыр жақынды да, арқа сүйер ақылшым да өзің деп шырғалап отырмын. Мәндайға жазғанын көремін де, қасыңызда бірге қалсам деймін. Бір-бірімізге сеп, сүйеу болармыз.

— Тағдырдың салғаны шығар. Уайымдай бергеннен ештеңе өнбес, елгे ілесіп тірлік етеміз де, — деді Зеркүл, әрі өзіне әрі бұған басу айтқандай, осыған өзі белін бекем буған сыңаймен.

* * *

Көшкен ел Қарататудың етегіне жазға қарай ілікті. Іркіс-тіркіс созыла жеткен олар таудың теріскейіндегі шелейт даға келген келгенінше қостары мен жаппаларын жамырай тігіп жатты. Көп адам жүк артып жүрер көліктен ада болған соң киізін кір шалмаған нелер алты қанат ақ үйлерін тігулі күйінде тастап, қос арқалап келген. Әзірге баспанасы сол болмақ. Кешікпей осы төңіректен жаппай қоныстану салып, мына жүрт колхоз-колхозға үйымдаспақ. Бәрі бірігіп жаңа аудан болып құрылудың қамын жасамақ. Қазір-ақ бұл іс қызу қолға алынған. Алдымен қыс түспей жылы жайға кіріп алу — елдің бәрінің қамы сол. Жоғарыдан қос-қосынан өкілдер келіп, қайта-қайта жиналыс құрады, ауыл басшыларын сайлайды. Ру-румен көшіп келген жүртты колхозға бөледі.

Осы күндердің бірінде теміржол бойындағы станциядан колхозшыларға киім, тамақ, құрылышқа керек құрал-жабдық, әкелуге керуен жүретін болды. Керуен баратын станцияға тақау ұлken қалада Рыстың сінлісі тұратын. Естуінше сіңлісінің күйеуі мұғалімдік қызметте, өзі тігінші болып істейді. Жүрейін деп тұрған дайын адамдармен бірге барып қайтсам деп аңсары ауды.

— Қайтарымда өздері әкеліп салар. Мына дайын керуенмен жетіп қалайын. Бізге не ақыл, жәрдемі болар екен.

Көптен көріспеген едік, іздең, жай-күйін біліп, мәндайынан бір иіскең қайту парызым да ғой, — деп ақыл салып еді, бұл ойын Зеркүл теріс көрmedі.

— Барып қайтыңыз. Ел орналасып, жайласқан соң келерсіз. Алда-жада осында қолымда қал десе хабар айтарсыз. Бұйырса бір жерде болайық,— деді.

Керуен құні-тұні тынбай жүріп отырып, керекті станцияға төртінші құні келіп жетті. Олар осы жерден жүгін тиеп алып, тоқтамай қайта жүріп кетудің қамын жасады. Қалаға дейін тұстік жер екен. Поезд деген ағылып жатыр. Рыс мұнда көп қарайламай, жеті жасар ұлын жетектеп, соның біріне мінді.

Іздеп келе жатқан жақындарының әйтеуір осы қалада көрінеді деген сырт хабары болмаса, қайда істеп, қайда тұратынын білмейді. Адрес атаулыдан бейхабар. Сұрай-сұрай табармын деген үміт бар.

Қалаға күн еңкейе ілікті. Ағылған халықтың суреніне ілесіп отырып орталықтағы базардан келіп шықты. Аумағы шағын ауылдың қотанында базар алаңы ығыжығы сапырылысқан адам. Көп аяқтан көтерілген шаңтозаңдан базар үстінің аспаны ақ шулан тартып көрінеді. Іші қапырық, қайтар құннің ыстығы күйдіріп тұр. Алаң төңірегіндеңі ретсіз, бей-берекет салынған ескі үй жайлар да көрер көзге көңілсіз, онған дәкедей сұргылттанып кеткен. Ал өзінде бас-аяғы жинақы қала адамынан гөрі жан-жақтан жиналған жүдеу өнді жүргіншілер көп сияқты. Жүрттың у-шуы, абыр-сабыр жүрісі кісі елігіп қоян-қолтық араласып кететіндей арқажарқа емес. Бұрын көрмеген базар тіршілігі Рыска түсініксіз терең иірім тәрізді әсер етті. Осы иірімге малтығалы бара жатқандай базарға ол тосырқай, өгейсіне кірді.

Көріп-біліп алайын дегендей асықпай аяңдап, базарды түтел аралап шықты. Мың сан адамның бірінің мұнда шаруасы жоқ, Біреуі сен кімсің, қайдан жүрсің деген жоқ. Мына құжынаған көптің ішінде айдалада жалғыз жүргендей елегізіп келеді.

Базардағы жемісті, неше түрлі тәтті тағамдарды көрген соң қішкентай Мәлік қыңқылдай бастады. Бала неме әрқайсысына көзін сатып тамағы бар жерді айналсоқтай береді. Тартыншақтап жүрмейді. Баласының қарны ашқаңын сезді. Өзінің де өзегі талып тұр. Жағалап жүріп кіре беріске таяу жерде самса сатып отырған өзбек келіншегінің, қасына келді. Баласына самса әперіп, өзі

жол қалтасынан талқан алып суға шылап жеді. Жүрек жалғап, аздал тынығып, жан шақырган соң кеш болып қалғаны есіне түсті. Баарар жерін тұнде іздей алмайды. Ертең таңертең сұрау салғаны жөн. Енді кешке қайда түнерін білмей дағдарды. Сонан соң санасында әлде-қандай үміт оты жылт еткендей болып, орнынан тұрды. Өзбек келіншекке қарай жүрді.

— Шырағым, мұсылман баласы екенсің, ракым ет, мен бір жөн сұрайын деп едім,— деді.

— Иә, айтыңыз!

— Рақымәлі деген мұғалімді білмейсің бе?

— Жоқ, естіген кісім емес. Ол кім еді?

Рыс осы қалада тұратын туысы екенін, іздел келгенін, қалай табарын білмей отырғанын айтты.

— Ой, тұрған жайын білмеген соң бұл қаладан қалай іздейсің, табу қын рой. Мұғалім дейсің бе?

— Иә мұғалім болып істейді деген.

— Онда мектептерден барып сұрастырып көрген жөн. Сол жерден білетіндер кездесер.

Келіншек қаладағы мектептердің қай жерлерде екенін ежіктеп, әбден түсіндірді. Оның санасына бірі жетіп, бірі жетпей жатса да түсінген сыңай танытты. "Мектеп дегені қарқарадай үй емес пе, сұрай-сұрай табармын" деп тұр.

— Өзінің үйің қайда, осы маңда тұрасындар ма? —

Сөзі жылы болған соң "бұгінше үйіңе қонып шығайық" деп өтінбек еді.

— Біз қаланың сыртында алыста тұрамыз, — деді келіншек. — Қазір күйеуім келіп алып кетеді, ертесімен әкеліп тастайды. Шетте тұрамыз.

— Кеш түсіп қалды. Қайда баарымды білмей тұрмын.

Далада қалуға бұрын көрмеген жер жүрегім дауаламайды.

Бұл маңда қайда тұнеп шығуға болады?

— Қайдам, білмедім,— келіншек басын шайқады.—

Жатын орын қын. Кешке қарай қалада ешкім бөтен кісіні үйіне кіргізбейді. Эртүрлі адамдар бар, сенбейді.

— Енді қайттім?

— Қазір қалаға келушілер көп, осында жатын орын таптағандардың көбі базардың айналасында тұнеп жүр.

Ішінде әйел де, еркек те бар. Кейбіреулер семьясымен солардың қасына қонып шығарсың.

Келіншектен әлгі айтқан түнемелі жайдың жөнін сұрап алып, жарық, барында соған келді. Бұл базардың ішіндегі есікі, үлкен, қазір иесіз қалған, керуен сарайы еken. Алдындағы бастырманың асты мен зәңкіген кең залында толған кісі көрінеді. "Кеп адамның ішінде гой, ешкім тимес, бір тұн қонып шығармын" деп өзін-өзі жұбатып қояды. Картада ойнап гүжілдесіп отырған саяқ, топтан айналыш өтіп, екі-үш мосқалдау кісінің қатарына келіп орналасты.

Тұнімен ұйықтаған жоқ. Көңілі ілік-жарма болып, шым-шытырық, ойлар мазалай берді. Бауырына тығылып, бұйыра пысылдаған ұлын құшактаған күйі қез ілмей шықты. Ертөлей тұрып қалаға кетті. Екі күн табанынан таусылып мектеп атаулыны адақтап шықты. Ешкім хабарын білмеді.

"Ағарту мекемесінен сұраңыз, бұл қалада істеген мұғалім болса солар білуге тиісті" деген соң біреулер, үшінші күні оны іздеді. Облыстық ағарту бөлімінен хабарын естіді ақыры. Күйеу баласы бұрын мұнда тұрған, қазір алыс ауданға қызметке ауысып кетіпті. Үйін де көшіріп әкеткен.

"Бұл да әурешілік болды. Кездесуді тәнірім жазбаған еken. Қой енді есім барда елімді табайын", — деп қайтудың қамын ойлады.

Базарда босып жүрген ел көп. Талайы кешке қарай соның тәнірегіне, түней салады. Бұл да келgelі бері солармен бірге. Құндіз елге қарай бет алатын жолсерік біреулер кездесер ме еken деп іздел қаланы кезіп-кезіп келіп, қоналқыға керуен сарайының маңындағы жүртқа қосылады. Тұн баласына елегізіп ұйықтай алмайды. Көбіне құндіз бір мезгіл мызғып алатын. Бұл жолы да табанынан таусылып шаршап, енді елге қалай жетудің уайымымен қажып, қүйзеліп кеп, самса сататын келіншектен жүрек жалғар алыш жеген соң, керуен сарайдың көлеңкесіне қисайып, сәл сәтке дамылдаған. Көзі ілініп кетіпті. Ояна келсе қасында баласы жоқ. "Осы тәніректің бірінде ойнап жүрген шығар" деп, әрлі-берлі қарап еді көрінбеді. "Тамақ, іздел сонда кетті ме" деп самса сататын келіншекке барған:

— Ойбүй сорлы, сорлаң қалдың-ау. Ұлынды панасыз

балаларды жинап жүрген арбаның үстінен көрдім жаңа біразда. Япырай, сениң балаң емес пе екен деп едім. Тап соның өзі болды,— деді келіншек.

— Ойбай, не дейді, қайда, қалай қарай кетті? — деді есі шыққан бұл.

Келіншектің басқа не айтқанын ұққан жоқ, “міне мынамен” деп базардың алдынан күн батысқа қарай кетіп жатқан тастақ жолды сілтегенін ғана біледі. Өкпесін қолына алып, жүгіре жөнелді. Қайда неге бара жатқанына ой жіберіп, ақылға салатын қалде емес. Сәлден кейін алдыңғы жақтан бір ат арбаның нобайы көрінді. Солай қарай жан ұшыра ұмтылды. Етек-жеңі жалл-жалл етіп безіп келеді. Үрейден бе, қатты қапылыстан ба қара суға түсті. Жас шылаған жана-рына ащы тер құйылып кез алды бұлдырап, басы айналды. Бұл таяп келгенде арбакеш ерек “бұл кім, неғылған адам?” дегендей атының басын тартты. Кимешегінің екі самайынан бүркүрай шыққан шашы тершіген жүзіне айғыз-айғыз жабысып, елбе-делбе ентігіп тұрган әйелге секемдене, үрке қарады. Оның бұл көзқарасын байыптай қойған Рыс жоқ, Келе арбаның жақтауына сүйене берді.

— Балалар мінгізген арба көзіңізге түскен жоқ па? — дегенді алтығып әзер айтты. Табан астында кезіккен мына әбігерден осы кісі құтқаратындей көріп, қайырым күткен жалынышты жанармен жасқаншақтай қарады. Арбакеш “жоқ” дегендей басын шайқады. Самарқау қалпы мұның бас-аяғына тағы да біраз көз жүгіртіп алып әрі бұрылды.

Жон астаудай, жұп-жұмыр, семіздіктен түгі жылт-жылт еткен, төрт тақамына тостағандай-тостағандай таға қаққан жуас торы атты сауырынма шып еткізіп:

— Шуу! — деп қалды.

“Мына кісіден де айырылып қаламын ба, онан соң кімді іздеймін, кім қол ұшын береді” деген уайыммен жақтаудың кенересінен ұстаган күйі қосыла ілесіл қалмай:

— Көп жасағыр, мейірбан болыңыз. Қайырым ете көріңіз. Баламды жоғалтып алдым. Көмектесе көріңіз,— деп шыр-шыр етті.

Арбакеш лықсып қозғала берген атының басын қайта тежеп, сәл кідіре түсті де:

— Сізге не керек? Менде не шаруаң бар,— деді.

— Ағатай,— деді өзі құралпы кісіге абдырап аптыққан күйі оның жас шамасымен де жұмысы болмай. Соナン соң мән-жайды асыға-үсігे баяндап берді.

— Маған не істе дейсіз? Мен оларды көргенім жоқ,

— Кім екенін білмеймін. Өз шаруаммен жүрген адаммын.

— Ізде, сұрастыр. Жарайды, жұмысым бар, жолымнан бөгеменіз.

Рыс тап қеудесінен итеріп жібергендей состиып, аңтарылып тұрып қалды. Қайтып тіл қата алмады. “Яптыр-ай, бірінің басына іс түскенде пендениң пендеге мұсіркеуі болмаушы ма еді. Не деген қату жан еді” деп көзінен ыстық, жас ыршып кетті. Қөңілі құлазып қоя берді. Сол сәтте таяу маңдағы көшениң қызылыс-қызылысынан үстінде адамдары бар жайдақ арба қылаң етіп, бұрылып кетті. Қөзі шалып қалған Рыс екі өкпесін қолына алып күа жөнелді. Өліп-тальп жетіп еді іздегені олар болып шықлады. Соナン далбасалап безе берді. Не көп ол кезде қалада арба көп, көшеден көрінген арба біткенге жүгірек-жүгіре ақыры талып жығылды.

Іші бір жамандықты сезіп езіліп күйіп-жанды. “Енді қайттым, енді қайда барамын. Тірідей айырылғаным ба шынымен” деп шарасыздықтан аһылеп-үхілеп, аласұрып шықты тұнімен. Ертеңіне кезіккен жөн-жоба билетін біреулер:

— Қалада Балпықтың сарайы дейтін жайда балалар үйі бар. Соған барыңыз, бір хабарын соナン аласыз,— деп жол сілтеді.

Баласын мұнан да кездестіре алмады.

— Көшеден жиналған біраз панасыздарды жаңа өзірде басқа қаладағы балалар үйіне жөнелтіп жібердік. Бұл жерде болмаса соңда кеткені,— деді тәрбиеші әйелдер.

— Поезд әлі жүре қойған жоқ шығар. Тездетіп вокзалға бар. Сол жерден кезігіп қаларсың балаңа,— деді бірі.

— Онда қалай барамын? Барған соң қай жерден іздеймін? Кімнен сұраймын? — Әлдене үміттің үшіншінан үстаратқандай “болған әлгі әйелге жалынышты жүзбен жақындаі түскен.

— Тиын-тебенін бер де көшеде кетіп бара жатқан

кез-келген арбакешке апарып таста десең жеткізіп салады.

— Барған соң вокзалдың кезекшісінен, не сол жердегі милиция бөлімшесінен балалардың қай поезга қай вагонға отырғанын сұрасаң тауып береді, — деді әлгі әйел мұның қалаға тосын, сырттан келген, ешнәрсенің жөнін танып, білмеген мұсәпір болмысын сезгендей үгрынықты түсіндіруге тырысып.

Әйелдің айтқаны зердесіне еміс-еміс үялап, жағдайды байыптаған соң енді әлгі поезд тап қазір өзін күттіп тұрғандай, сәл кешіксе қалып қоятындағы аптықсын.

Көшірге ұстата салатындағы қалтасында теңге жоғын біледі. Сасқанынан сонау қызы күнінде, Рыс басқа ауылға келін болып ұзатыларда, шешесі өзінің қолынан алып бұған таққан, сонан бері анасының кезіндей көретін зерлі, алтын жүзікті етегіне оратыла сүріне-қабына жүтіріп келе жатып, саусағынан суырған. Көшеде өтіп бара жатқан арбакешті айқайлай тоқтатып, жүзікті ұстата берді. Арбакеш шал баратын бағытын естіген соң бұған бір жүзікке бір қарап алып, жымың етіп:

— Мін, мін! — деп асыға құнжындағы қолтығынан демеді.

Вокзал маңындағы арадай ызындаған жүрттың ішін есептіреп кезіп жүріп сұрай-сұрай, әйтеуір, кезекшісін кезік-тірген. Сүзетін бұқадай алакөзденіп қарайтын өңкіген гүжбан қара екен. Мұндай-мұндай тосын жайлар мен оқиғаларға әбден еті үйреніп кеткен кісінің қалпымен мұның таусыла жырлаған мұңын самарқау тындағы, самарқау жауап берді.

— Енді қайдан іздел, қайдан табасыз? — деді. — Экелінген балалардың бәрін жөнелтіп жібердік. Соңғылары жаңа ғана жүрген поезбен кетті. Бүгіннің өзінде екі қалаға екі топ балалар жөнелттік.

— Қай жаққа, шырағым? Қандай қалаларға? Оған қалай жетуге болады?

— Қайда барасыз? Баланың қай жағына кеткенін қайдан білесіз? Бүгін Семейге, Қызылордаға — екі жаққа жөнелттік. Кеше кешкісін келген біраз балалар Ақтөбеге кеткен. Соның қайсысының ішінде екенін білесіз бе?! Біреулері поезга әкеле жатқанда, енді біреулері поезға мінген соң да үрланып қашып түсіп, ұстаптай кетіп жатады, — деп кезекші жігіт, жүзіне реніш жинай

кіржиді.— Бейзабраз, біз оларды аш-жалаңаш қаңғып жүрмесін деп әуреміз. Ал, ол сумұрындар, өздерін-өздері сорлатып, босқын тіршілікке құмар. Жаңа да екі-үшеуі тұра поезд қозғала бергенде қарғып түсіп, безіп көшешеге сіңіп, көз жаздырып кетті.

— Ойпырым-ай, шырағым, байқамадың ба, қашқандардың ішінде менің балама жобасы келетіні жоқ, па еken? — деп Рыс тағы да ұлының тұр-түсін, киген киімі, жас шамасын ежіктей бастаған.

— Шорт знайт, кім зер салыпты сол жалаңаяқтарға.

Ересегі де, кішкентайы да бар-тұғын. Между прошым, жеңгей, сол балаңыз поезбен жөнелткендердің ішінде жоқ шығар. Сіздің қай жерде екеніңізді билетін көрінеді. Әлгін-дей жырылып қалып, қалада өзіңізді іздел жүрмесін, — деді кенет бадырақ, көздері шарасынан шыға алайып, бұған үңірейе қарап.

Рысқа тағы да үміт сәулесі жылт ете түскендей болған. "Тәңірім-ай, әлгі алыс жерлерге кетіп қалмай, осы қаланың бір бұрышында жүрсе игі еді. Ертегі-кеш, бұйрық, жазса, тауып алар едім ғой. Құлыным-ай, көрінгенге екі көзің жәутендей мені іздел, қай тәңіректе жүр екенсің. Мына шет-шегі жоқ ығы-жығы қаланың қай жерінен ізdedім енді. Қой, қайтадан базарды тәңіректеп көрейін. Мәлік, әйттеуір, менің сол жерде екенімді біледі ғой. Бұл қалада жүрсе сонда барса керек қой. Сейтейін. Эйтпесе кеткен поездың қайсысының артынан қуады. Сұрастырып байқаса аты аталған қалалары мұның көрмек түгілі өмірінде естіген жерлері емес. Әрқайсысы аттылыға айшылық жол болатын қашықта тәрізді. Оларға бұл көнін сүйретіп жеткізе ала ма. Ертіп аппаратын кісі қайда? Жолға жұмсайтын қаражат қайда? Тіпті, солай қарай баласының жол тартқан тартпағанының өзін кім біледі".

Осы ойға бекінген Рыс кейін қарай қайтуға бет алып гүжбан қарата раҳметін білдіріп, қоштасып жатып:

— Шырағым, қазақтың баласы екенсің, бөтендігіміз жоқ қой, мен өстіп сорлап жүрген бейбақын, жағдайымды білдің, енді балалар әкеліп жатса зер салып, хабардар бола гөр, құдай үшін. Баламның аты, айттым ғой, Мәлік, түрі-түсі, — деп тағы да киген киіміне дейін ежіктей жөнелген.

Осы кез гүжбан қара алдындағы әйелдің қажып-шаршап, сағы сынып, жүдеулеу, пәсттеу көрінгенімен табиғатындағы сырлы аяқтай ажарлы, келісті кейпін жоғалтпаған көрікті келбетіне жаңа кез тоқтатқандай кенет аңтарыла қарап, назары байланып тұрып қалды.

"Мынау өзі сұлу әйел рой. Қалай байқамарамын?" деген ой осы сәт көңіл түкпірінде қылаң етіп, әйелге қарай икемделіп таяна түскен. Сол ойдың әсерімен ойланбай-ақ:

— Жарайды, іздестіреміз,— деп салды. Мен өзім осындағы милиционерлерге тапсырайынышы,— деді тақа бір бұл шаруага қазір-ақ бел шешіп кірісіп кеткен кісідей қоразданып.— Сондай баланың жоғалғанынан хабардар болсын.

— Көпжасағыр-ай, сөйте көріңіші,— деді Рыс құрақ ұша, жүзіне қан жүгіріп, манадан бергі тоң-торыс самарқау, сыз қабақ жігіттің қудай иіп, мана табан астынан жіби қалған пейіліне садаға болуға ықтияр ыңғайда жалт-жалт етіп. Гүжбан қара оның бас-аяғына сүзіле зер салып, кілегейленген сүргыштада жанарында жылт оянып, езеурей сұқтанған қалыпта. Мұның бұл көзқарасының ә дегенде байыбына бара қоймаған Рыс қайта соナン әлдене жақсылық құткендей, қайралақтап кете алмай байланып тұр.

— Қазір қайда бармақшысыз?— деді жігіт үні жұмсара.

— Базардың айналасынан басқа қайда барамын. Сол жерден іздеймін де. Келгелі бері тұн баласына сол төңіректегі босқын жүрттың ішін паналайтынбыз.

— Қазір жүріңіз менімен бірге. Шай ішіңіз. Отырып біраз әңгімелесейік. Кешке қарай кезекшілігім бітеді.

Соナン кейін бір танысымның үйіне ертіп барамын. Жүріңіз.

Рыс бұрын көрмеген, білмеген бейтаныс жанның "жү-ріңіз" дегеніне бірден ілесіп кете алмай қорғалак-таған. Шақырғанына бармауға тағы дәті шыдайтын емес. Жүріңіз деп тұрғанда безірейіп қалып қоюдың реті жоқ тәрізді.

"Шақырғанының несі әбес? Жай-куйімді біліп тұр. Ер-азамат, мұсіркегені шығар. Шай ішіңіз дейді. Шай ішкеннің несі айып",— деп ойлаған. Әсіресе, осы сөз

көңіліне сондай жылы тиген. Елден шыққалы бері маңдайы жіпсіп отырып бір шыныаяқ шай ішпеген; тіпті, тап қазір күні бойғы алашапқын жүтірістен қаталап таңдайы кеуіп тұрғанынан да емес, осы сөздің табиғатындағы сүйекке сіңген, құлаққа үйреншікті дағдылығы жанына жақын көрінген.

Бұлар тең-тең жүк пе, жиналған қойма тәрізді кең, қаракөлеңке бөлменің есікке таяу бұрышындағы сықырлаған ескі қос орындық пен ауыр емен үстел қойылған бұрышына келіп жайғасты. Бұлар кіргенде мосқалдау бір әйел отыр еді, жігіт әлдене деген соң ол сыйтылып шығып кетті. Гүжбан қара айтқандай-ақ ыс пен тот басқан зілдей қара темір шәйнекпен шай қайнатып әкелді. Үстел үстіне нан мен қант қойды.

Рыс мынау жұрт көзінен қағажу бөлменің оңашалығынан, шілденің шыжғырған ыстық күнінде кісіге ызгар тепкендей салқындығынан бой тартып, әрі жіліттің ішіп-жеп, өніреңдей сұқтанған назарынан әлдене сезгендей қысылып, тайсақтап, секем ала бастаған. Бірақ тілі аузына жабысып, қатты шөлдеген бейбак, екі-үш шыны аяқ, ыстық шай ішіне барған соң балбырап терлеп ажарына әр жүтіріп, өні кіргендей кейіпте еді.

— Өзің байдың қызы, не келінісің-ау осы, — деді гүжбан қара оның мына шырайы ашылғандай келісті қалпына "хошуақ" көнілмен.

"Байдың" деген сөзден секем алып үнде меді. Төменшектеп назарымен жер шұқыды. Әйелдің бұл күйін жігіт те андаған. Әлгі сөзден іш жиган ыңғайын аңғарған соң, сұрағына жауап күтіп жатпай-ақ, омыраулай сөйлемді.

— Бейзабраз, бұрын маңайлатпайтын байдың қыз-келіншектерінің қазір талайының мықынынан мытудай-ақ мытып жүрміз, — деп парықсыздау міnez таныта қарқ-қарқ, күлді.— Жан-жаққа қашуда ғой қазір. Бірі — Тәжіқстанға, бірі — Түркменстанға, бірі — Өзбекстанға дегендей. Бәріне поезга міну керек. Билет деген қат. Жүргінші көп...— "Енді түсіндініз бе" дегендей гүжбан қара астындағы жылауық орындығын ойбайлата насаттана шалқайды.— Заманыңың барында, ойна да, күл деген емес пе. Женеше-ә. Дегенімен келісті адам екенсіз, женеше, кісі бір көргеннен қызығатындаі. —

Жігіт ыржалактап астындағы "мысырын" мияулата, бажылдаты жадырай күлді. Рыс ләм-мим демей, өлдене албастыдан қорғана ығысқандай тұғжылып төменшіктей берді. Шайды да енді ықылассыз үрттаған сыңайда.

— Күйеуіңіз жоқ шығар, әлбатта, қүйеуіңіз болса бұлай жалғыз жүрмейсіз фой. Кәмпескелеп жіберді ме, аштан өлді ме? — деді түйеден түскендей.

— Кәмпескеге жатқызған,— деді Рыс енді жалтара алмай.

— Бәсе өзімде солай ойлап едім. Бай екен фой. Бай болған соң жер аударған фой. Байларды жаппай жер аудардық, қой,— деді осы сәт өзінің өкімет кісісі екенін сездіргісі келгендей салмақтана қалып, тамағын қырнай жеткірініп.

"Қайта-қайта "бай" деген сөз аузынан түспейді, мұның да бай біткенге тісін қайраган қаратаяқтың бірау сыңайы. Не аласысы, кеткені болды екен? Құдай-ай не аласысы бар дейсің. Заман тудырған зауал-дағы. Бай біткеннің бәрі қотанға шапқан қасқыр емес еді фой. Бірі өзінің атасы қүйеуі Дәулеттің әкесі, Өкен қажы емес пе. Кімге қысастық, жаманышылық жасады сол кісі. Басқаға зәбір көрсетпек түтілі ешкімнен шарапатын, жақсылығын аямаған шығар қайта. Қайрымды адам еді, жарықтық. Құллі жүртқа да қадырлы, сыйлы еді. Не жазығы болды?! Не жазығы бар еді деген кісі болды ма? Кетті фой әне, "кім жаман — әлем жаман" дақбыртпен".

Озі кіріптар күйде жалтақтап отырса да көніл түкпірінде мына жігітке қарсы осындаи наразылық нышаны бас көтергендей. Бірақ сыртқа шығарып айта алмады. Үндемей тағы қала алмады.

— Аулыңызда байлардан теперіш көргенсіз бе өзі,— деді сыпайы ғана.

Гүжбан қара күтпеген оқыс сұрақтан күмілжіп қалды.

— Жоқ... Енді... Байлар жалпы қанаушы таптың өкілдері фой. Кедейлерді сорып келді өмір бойы. Өкімет енді теңдікті кедейлерге әперді. Дұрыс істеді. Ну-у, чорт сыным, осы әңгімені қояйық, жеңгей. Бай-май оларыңың маған қажеті қанша. Сазайларын тартты. Түгел жер аударылды. Біздің жақтан да талайын Сібірге шұбыртты.

— Сол жер аударылғандардың ішінде өзіңіз танитын кісілер бар ма?!

— А-а, неге танымаймын. Бәрін танимын.— Жігіт кенет ойына әлдене сақтық, кіргендей сөзін үзіп, әйелге бажайлай көз жүгірте отырып, әңгіменің сарынын басқа жақта аударуға қам жасағандай қалып аңғартты.— Бірақ олардың маған қатысы не. Ешқайсысымен ауыз жаласқан жоқтын. Құйыршығы болған емеспін. Оны неге сұрайсыз менен?!

— Жай, сөздің реті келіп қалған соң, сұрағаным ғой. Көзіңіз ашық оқыған азаматсыз. Біз қараңғы адамдар ешнәрсенің байыбына жете бермейміз. Соңан соң өзіме некүмән кей жайларды сұрап білсем деп едім. Сол аулыңыздан аласталып, жер аударылған кісілердің бәрі елді сорған, зар жылатқан, жаман адамдар ма еді, танысаңыз білесіз ғой кімнің кім екенін.

Гүжбан қара мынау өйелің қара жаяу емес-ау осы дегендей енді жүзіне зер сала, аңдай қараған. Ар жағында осының өзі кім, қалай деген сезіктен де құр алақан емес тәрізді. Бірақ Рыстың жүзінен әлдеқаңдай жымысқылық, бүкпе байқалмайды. Өзінен шын жауап күткен қалтқысыз қалып аңғартады.

— Кім біледі. Біз несін біліппіз. Әкімет жаман деді.

Жаман шығар... Ол өзі біздің шаруамыз емес қой, жеңгей, — деді жігіт те өз көңіліндегі шынын жасырмай...— Между прошым, сол жер аударылғандардың ішінде біздің ауылдан Бәйдібек деген бай да кетті. Расын айтқанда, жаман адам емес-тұғын. Ел мақтайтын. Талайымызға жақсылық жасады. Обалы нешік, менің осы адам болуыма шарапаты тиіді. Әкем ертерек дүниеден қайтып, жастай жетім қалдым да, ауылда әркім-әркімнің қозысын бағып жүрдім.

Он төрт он бесстегі кезім ғой деймін, бірде қалара жолы түскенде мені ertip ала келіп, орыс мектебіне оқуға кіргізіп кетті.

— Ауылдарыңыз, елдеріңіз қай жақтан еді, — деп сұрады Рыс орайы келген осы тұста. Ассалаумағалей-күмнен кейін жөн сұрасатын, ру, ел сұрасатын қазақ, рәсімімен қай жақтың, қай елдің адамы екенін білгісі келіп күні бойы қашшама мәрте оқталғанымен ретін таба алмай тұсалып отырған.

— Ауыл қашық емес. Осы қала төңірегіндегі елденбіз, — деді Жігіт әңгімесін жалғастырып. — Обалы нешік, сол Байекендер жаман кісі емес еді. Ауылдағы жетім балаларды қалаға қатынағанда пәуеске арбасына мінгізе кетіп, оқуға орналастырып жүретін. Қалада беделі бар-тын. Сөзін жерге қалдырмайтын. Ол кісінің базар сайын қалаға келгені бізге — оқып жүрген ауылдың балаларына майхана-мереке болатын. Базар төңірегіне тігілген үйлердің ол кісі тұскеніне топырладап жетіп келеміз. Әй, бір кенелеміз. Ауылдың қымыз, еті дейсің бе, қаланың неше түрлі ащылы-тұщылы, қуырма, шыжғырмалары дейсің бе, тұмсықты емін-еркін сұғамыз, соナン кейін ілеңтіріп жүріп базар аралайтын. Қайсымызға киім-кешек әперіп, қайсымызға тиін-тебен тастап кетеді. “Ішінді үрайындар, оқындар әй”, — дейтін. — Бірің болмасаң, бірің осы қаланы сұрайтын әкім болып шықсандаршы. Біз оқу дегенинің не екенін білмей қараңғы қалдық, Сендер оқындар”, — дейтін. Сол балалардың ішінде қазір айта-айтласа да ірі қызметте жүргендері бар. Менің өзімнен болды, балалық жасап, — деді Гүжбан қара өкінішті күйде өзін-өзі кінәлағандай бір кездегі безеудің, орны шұбарлаған талақтай бетін тыжырайта. — Бастауыш кластан кейін окуды тастап кетіп. Ақымақ болып...

— Қайда кеттіңіз онан кейін?

— Ешқайда, осы теміржолға жұмысқа түсіп кеттім.

— Үй-жай болған шығарсыз. Осы қалада тұрасыздар ма?!

— Болғанда қандай. Қатын да, бала да бар. Нешауда, тұрмыс жаман емес. Жағдай жақсы. Тіпті тоқал аламын десем де мүмкіндік бар. Оның үстінен қазір тоқалды қалыңсыз-ақ табуға болатын, — деп өз күйіне өзі риза кейіпте кеңк-кеңк күлді. — Әттең өкімет рүқсат етпейді. Заңға қарайлайсың. Өкімет тоқал дегенге тыйым салды рой.

Гүжбан қара өкіметтің тоқал жөніндегі саясатын аса құптамай наразылық нышанын аңғартқандай жау қабақ, шот маңдайдың жирен терісін қатпарландыра жиырып, қасын мағынасыз кере, мекірене ыңыранды. Астындағы жылауық орындығын тағы да бажылдата қозғалактаған оның жүзіне байыптай зер салған Рыс не күлкі, не

реніш табы деуге келмейтін дүбера, көлпалсыған көлгір, сиықсыздау жымпиған келесау пошымынан өзеуреген өлемен пигыл, арсыздау ашық, ниетті аңдап тіксінгендей болды.

— Мейлі, тоқал алдырмаса алдырмасын, Мына өзініздей ақ жеңгелерім тұрғанда оған өкінбей-ақ, қойдым. Солай емес пе, жеңеше,— деп тарқ-тарқ, күлді бір кез.

“Бәсе, бәсе”,— деп ойлады Рыс назарын онан алыш қашып, төмен салып, әлденеге өкінгендей ернін тістелей, енді мұнан қалай хош айттысып сыйтылып кетудің амалын таба алмай. Оның тұрғишип төменшіктеп кеткенін сол баяғы уайымы, баласының қамы деп жорыса керек Гүжбан қара:

— Оқасы жок, жеңгей, уайымдамаңыз. Амалын қарастырамыз. Қорықда, балаңды тауып беремін,— деді тап бір қолында тұрғандай нығызданып. Рыс сенерін не сенбесін білмей жаутаңдай, аңтарыла қараган. “Жақсы сез — жарым ырыс”. Әжептәуір емексіп, әлгіндегі күдікті, көніліндегі ыңғайсыздықты ұмытып, өңіне шырай жугірді.

— Рас па, қайнам-ау. Ойпырым-ай мың болғыр-ай, аузыңа май. Ой, тәңір-ай, ондай атты күн болса қане,— деп дегбірі қалмады.

— Ой, ақ жеңеше, жасаймын бәрінде. Бәрі қолдан келеді. Тек бұл қайныңың бір көнілін тапсаң болды. Бар шаруаң реттеледі. Керек десең, осы жерге жұмысқа кіргіземін. Маңайымда жүресің. Жағдайыңа өзім зер салып, қарайласып тұрамын. Не керек басқа саған. Тамағың ток, киімің бүтін...

— Ой, алла разы болсын. Іккыласыңда рақмет. Бәрінен де балам табылса екен. Балама қолым жетсе аулыма, елге кетер едім. Айналайын-ай, күдай үшін, соған дәремет ете көрсөң.

— Балаңды іздестіремін дедім фой. Тек қайныңың қолқасын қайырмаймын деш. Ойпырым-ай, не деген балажан адамсың. Баланы, тіпті, жақсы көрсөң тағы біреуін туып алмайсың ба онан да, — деді көзі кілмие күлімдеп, бұған қарай икемделе түсіп. Жігіттің мына соңғы сезі өрекпіп, лұпілдеп тұрған көнілін су сепкендей етті. Әйел табан астында әлденеге қамығып, көнілсіз тартты.

"Біресе адам құсан жақсы сөзін айтып, кісіні емексітеді. Біресе жөн-жосықсыз қылжақтаап, басынғандай мұнысы несі?! Мені құдайдың табалағаны аздай-ақ, енді бұл мазақ еткені ме? Басына тауқымет түсіп, тақсірет тартқанды келемеждеуші ме еді?! Обал, сауапты білмейтін жетесіз, затсыз болғаныма соншалықты", — деп дағдарды. Айтып-айтып қайырып тастауға "балаңды тауып беремін", — деген сөзіне байланып, соны айнала шырғалап шыға алмай, ендігі тірлігінің тетігі осыған тіреліп тұрғандай қарайлап, қорғалақтайды.

— Ой, қойыңызшы, жеңеше, кісінің көңілін салқындастып жабырқай бермей. "Оралыңың барында ойна да құл" деген емес пе. Еңсенді көтеріп отыршы. Балаңызды іздестіремін дедім ғой. Бүгіннен бастап-ақ айналысамын. Кешке қарай менің кезекшілігім бітеді дедім ғой. Сонан кейін қолым босайды. Құліп қабағыңызды бір көрсетіңізші.

Жігіт ойнақтаған түйедей қойқалаңдай орнынан түргеліп, қасына жанаса таяңды. Еркектің тершіген тұла-бойынан танауына жағымсыздау шуаш иісі ұрғандай сезініп, тыжырына бойын жия бергені сол еді анау өукесін сала өңмендей келіп, бұғағына тұмсығын тыға жабыса түссін. Устінен әлдекім мұздай су құйып жібергендей жүрегі су етіп, үрейі ұшып кетті. "Ойпырым-ай, ойы бұзық адам екен-ау", — деп ойлап үлгерген.

— Ой, қойыңыз, қойыңыз... Жақсы жігіт, мұныңыз қалай... Бұл неткеніңіз? — деп барынша қарсылық, жасап босанып үлгерді. Тынысын әрең алып алқынған күйі шын жалбарына: — Тілеуің бергір, бүйтіп қорқытпаңызшы. Қорламаңызшы. Адамның баласымыз ғой. Құнымыз түсіп қадырымыз кеткенімен, бағамыз төмендегенімен ақыл-есіміз әзір орнында ғой, адамшылықтан кетпейікші. Қиналышп тарыққан соң, басқа ылажым құрып, өзіңізден шарапат күтіп азамат қой деп, қазақтың баласы ғой деп, артыңыздан ілескенім сол еді. Қызойнақ іздел желігетіндей жағдайдағы жан емеспін. Қөп жасағыр, қалымды түсіне көр, өзің көріп-біліп тұрсың ғой,— деді.

Жігіт алабұртып құлқыны бұзылып, өзеуреп алған сыңайда. Дегеніне жетпей тынғысы жоқ,

— Ой, қойыңызы, сізде қыздай сызыла бермей. Өмірі шымылдығының ашылмағандай үркектеп. Менен артық, қандай ерек керек саған,— деп тәніндегі қытყықтылау тұсқа қолды салып, алпамсадай денесімен ұмар-жұмар бүктей жөнелді.

Рыс шын шошынып ышқына қимылдағы. Өліспей беріспейтін ыңғайда тегеурінді қарсылық, танытып, жаудай арпалысып жүріп:

— Қойыңыз, енді үятқа қаласыз. Мен айқай саламын.

Жүртты шақырамын, — деді.

Мұның осы "айқайлаймын" дегені әсер етті ме, жоқ, әлде әйелдің жанұшырған қарсылығынан бой тартты ма, гүжбан қара оны еркіне қоя бере салып ойында ешнәрсе жоқ адамдай жайбаракат қана:

— Ойпырым-ай, жеңгей, қарулы екенсіз. Молодец,— деп арсыз ыржиды.

"Ойбай-ай, мынауың айуан екен-ау,— деді Рыс амалы таусылғандай тығырыққа тіреліп:— Мұнан енді қалай құтылдым. Қой, мынау ештеңені ондырмас. Түрі жаман екен. Кетейін, мынадан аман-есенімде құтылайын".

Осы кезде сырттан әлдекім бұлар отырған жайдың есігіне таяу тұстан:

— Кезекші, перронға поезд келе жатыр,— деп айқай салды.

— Замандас болған соң жастықты еске түсіріп, балалық, кезді аңсап, біраз алысып ойнадым. Айыпқа бүйірмассыз. Ойлап қалмаңыз мен бір бұзық адам екен деп.

Жеңге тұтып еркелегенім. Түсінетін шығарсыз. Ал шаруаңыздың жайын қазір қайтып келген соң ақылдасамыз. Көмектесемін. Сеніңіз маган. Осында күте тұрыңыз. Мен ана поезды жөнелтіп келейін. Есіңізде болсын, сізге бұл қалада менен басқа ешкім қол ұшын бермейді. Босқа қаңғып қаласыз. Айтқаныма құлақ асыңыз,— деді сыртқа бет алған жігіт бұған мұқият тапсырып.

Ол кеткен соң манағы әйел қайтып кірген. Бұған үрлігіңің үстінен түскен жандай-ақ кекесінді жымысқы пифылмен көзінің астымен зер сала қарайды. Рыс үяttан жерге кіріп кете жаздады.

"Қой, жаңағы айуан қайтып оралғанша қарамды

жоғалтайын. Келсе тағы жібермес. Құтыла алмай қалармын. Қараптан-қарап тұтқын болып осым не?! Жаңағыдан жақ-сылық шығады деп отырған менде ауып қалған шығармын. Құдай кісіні өуре қыламын десе өстиді екен-ау. Мынаны адам деп қара көріп, қап. Құрысын. Беті құрысын, кәпірдің. Осыларды да мұсылман деп. Қазақтың баласы деп. Мейлі құдайдан тапсын. Бір құдай бар шығар. Тұптің түбінде әділеттің ақ, таразысына өлшенбей ешкім кетпес. Жағдайымды біліп жаны ашыған шығар десем, мені өурелеп мазақ қылмақ, екен ғой. Ақымақ, еттек екен ғой. Өзінің алдынан келсін. Нашарды иықтал, табалағанды әсте құдай жазаларан. Мұндайларға да бір зауал болар. Құрысын енді онымен кездеспей-ақ, қояйын. Қозіне түспегенім жөн. Бәрібр мынау ешнөрсені жетістірмес, ондырмас. Жарылқаймын деп ақымақ қылып, біраз өурелеп, өүейленбек — бар ниеті сол найсалтың. Қой, тез кетейін, бұйырғанын көрермін. Не де болса тағдырдың жазуы шығар. Баламды қолына ұстап тұрган осы емес қой, Құдай кезіктіремін десе бір жерден кезігер Тәуекел!"

Осы ойға бел буган Рыс вокзал маңындағы бұлың-бұлың қөпті тасалай жылыштап, Гүжбан қара соңынан тап қазір қуа шығатындей артына жалтақ-жалтақ, көз тастап, қаланың ішіне қарай ұзай берген. Сол келген бойы табанынан таусылып, тағы да базар кезген.

Күніне қырық айналып шығады. Ара-тұра елден сұрап алып қаланың басқа да кісі аяғы көбірек жүреді деген тұстарына соғады. Ол жерлерге бара қалса, тап сол кезде баласы мұны іздеп базарға соққандай көрініп, жаны тынбайды. Сабылып базарға қарай қайта жөнеледі. Бірақ еш хабар-ошар жоқ, Үміті үзілуге айналды.

Өң мен тұстей бір күйде сенделіп қалды. Баар жер, басар тауы таусылып, лажы құрыған соң далбасалып айналып келіп баяғы келіншекке мұңын шағады. Келіншек мұның аз күнде шөлмектей болып жүдеп, қарайып кеткен түрін көріп аяп:

— Сен енді уайымдай берме, — деді, — бүйтіе берсең қайғы жеп қояды өзінді. Онан да басыңның амандығын ойла, балаңның өмірін тіле. Ол өлген адам емес қой. Бағып-қағамыз, оқытамыз, тәрбиелейміз деп алып кетті ғой. Адам етіп шығарады оны. Көрерсің әлі мынандай

деген қызметкер, азамат болып өседі ол. Бұйырса кездесерсіндер, табысарсыңдар. Сен бұл ебіл-себіл теңселісті қой. Есінді жи, ақылға кел. Еліңе қайт. Адам тәнірден бала сұрағанда аман-есен жүрсе, қарайып артымда қалса деп тілемей ме? Сенде баланың келешегін тіле... Есің бар адам тәріздісің. Ойлан. Солай ет,— деп акыл айтып ұзақ әңгімелесті.

"Жақсы сөз, жанға азық" деген, келіншектің жылы-жылы сөзі мұның қөңілін жібітті. Үміт сәулесін ұялатты. "Үкімет өлтірмес, асыраймыз деп алды ғой, бұйырган бала болса қайтып көрермін, бүйтіп сенделіп журе бергенде не істеймін, босқа қаңғырып"... — деген тоқтамға келді. Өмірі көрмеген мына ұлken қаланың тұрмыс күйі бұған жат, қорқынышты... Сендей соғылысқан жұрттың у-шуынан басы айналып, төнірегіндеғілердің әр ісіне сезіктене, секемдене қарайды. Аз күннің ішінде үрей мен жалғыздықтан безер болды. Есілдерті ауылы болып жаны тынбады. "Мына даңғазала қайдан келіп кірдім, енді қалай жөн тауып шығамын. Елге қалай жетемін", — деген мазасыз ой жоғалған баланың қайғысын да ұмыттырып жіберді.

Жалғыз кете берейін десе жол тауып журе алатын емес, әрі жан шіркін тәтті, қорқады. Екі арада екі жұз шақырым елсіз дала бар. Қос білегіндегі алтын, күміс білезік, шашбау тәрізді біраз асыл бұйымдарын жанын шүберекке түйгендей тығылып жүріп, айырбастап, әрекеттеп, жолда талшық етуге жарайтындај жетім қоржын асауқат жинап алған. Түйіншегін қолтығына жасырып, жол аңдуға шықты. Елге қарай жүретін жолаушы табылып қалама деп таңың атысы, күннің батысы ұлken жолдың бойында болады.

Қаланың күн батысындағы шыға беріс көшеде ауылдарға жөнелтетін темір-терсек, ағаш жиналған ұлken баз тұратын. Баздың кең ауласында жолаушылар үшін түнемел үй бар. Жан-жакқа жүретін жүргіншілер көбіне осы жерде тоқайласатын. Түнемел үй мен баздың қарауылы бір адам. Жасы алпыстың үстіне шығып қалған, сақал, шашы аппақ қудай, шегір көзді, қуақы, сөзшең татар шал, қарап отырган кісіге әңгіме керек, баздың төнірегіне келген адамды сөзге тартып, бет алысын, шаруасын, аты-жөнін қалдырмай, сұрастырып,

жолаушының жайын білген соң көбіне жөн сілтеп, жолжоба айтып, қамын жеп, тірлігін бірге реттесіп отыруға пейілді-ақ,

Озіне серік іздеген Рыс та осы баздың төңірегін ториды. Жұргінші біткеннен жөн сұрайды.

— Шырағым, кім боласың, қайда бармақ едің? — деді шал Рыс мұнда алғаш келген күні. Оның таңертеңнен бері дамыл таппай әрлі-берлі өткендерге зыр жүтіріп, бірге жүретін ешкімді кездестірмей, кеш таянған соң, енді қайда баразын білмей көнілі құлазып, баздың іргесіне арқасын сүйеп, ойда отырған беті еді. Алғашқыда “бұл қандай адам, менде несі бар?” — деп секем алыш, сезіктене қарады.

Бой тартып, шырай бермеді. Шал да онысын сезе қойды.

— Кеш болса түсіп келеді, жарық барда жатын жеріңе жетіп алмайсың ба? Бұл отырысың не? Тұнгे қарай бейсеубет адамдар жүреді. Да лада тұнеуге болмайды, — деді шал.

Лебізі жылы, құдайына қараған кісі сияқты. “Түсі иті жан көрінеді, бекер шошып отырмын ба?” — деп ойлады.

— Кеңке қарай жолға шығатын жолаушылар болмайды. Таңертеңнен аңды. Қайда бармақ едің? — деді шал.

Амалы таусылған Рыс енді сезіктенгенін қойып жөнін айтты.

— Ой, барап жерің алыш екен. Ол жаққа жолаушылар көп бола бермейді. Қатынас сирек. Көп күтіп қаласың ау, шырағым. Ол жаққа жекжат аулап барасың ба? Тұрағың қайда еді өзінің?

Келгеннен бері үркектеп, ешкімге жоламай, кісі киік бол жүрген ол біреумен дені дұрыс әңгімелесіп, жай-жағдай сұрасып көрген жоқ еді. Шешіліп әңгімелесіп шерін тарқататын адам таба алмай құса болып жүрген. Тосыннан кездескен бейтаныс шалға басынан өткеннің бәрін ақтарып салды.

— Ой, мұсәпірім-ай, — деді шал аяушылық білдіре.

Қажыма, шырағым. Көп қыындықтың да бір қуанышы болады деген. Тірі жаның жақсы үміттен күдер үзбегені жөн. Заман түзеліп келеді ғой, көрген азап бір күнгідей болмас әлі.

Шалдың осы баздың қарауылы екенін естіген соң:

— Көпті танитын кісі көрінесіз, құлақ, қағыс бол, бізге қарай жүретін адам білсеңіз мені қалдырмаңыз,— дед өтінді.

— Қалада жатын жерің болмаса, кеткенше осында паналай түр,— деді қария.

Жол торумен бір апта өтті. Таңертең ертелең жолға шығып, ұзақты құн сенделіп жүреді, қаранды түсे түнемел үйдің бастырмасы астындағы ағаш сәкіге қисаяды. Жуық, арада жол серік болар ешкім кезіге қоймай екі көзі төрт болып, салы суға кетіп жүргенде бірде шал:

— Шырағым, еліңе қарай баратын адамдар табылды,— деді сүйінші сұрағандай мұнымен бірге қуанып.— Жүремін десең бұлардан қолайлыш кісі кездесе қоймас. Осыларға ілес.

— Кімдер екен? Қашан жүрмек? Қайдан кездесем мен?— деді бұл қалып қоятындағы аптығып. Шал асықпай мән-жайды түсіндірді:

— Олардың жолы біраз бұрыстау, тұра сендердің ауылдарыңа соқпайды. Бірақ барап жері сол төңірек. Кілен тау аралап отырып, Кесегенің көк жонынан шықпақ. Сол жердің тау-тасын зерттейтін көрінеді.

— Кесегенің көк жоны дейсіз бе? Ол біздің ауылдың тұсы. Япырай оған жетсем ел шетіне іліккенім фой.

— Ендеше сонда барады.

Рыс бұлардың сапарының қисынына түсінбей тәптіштей бастады.

— Барады дейсіз бе? Бұлар кімдер өзі сонда, не шаруамен барады? Кесегенің көк жоны елсіз жатқан аймақ. Ол елсізде не бар?

Шал асықпай қайта түсіндірді.

— Шырағым олар геологтар. Тау-тасты кезіп, кен іздейтін инженерлер. Тастандарды зерттеп, алтын, күміс, қорғасын, темір шығатын жерлерді табады. Оны тапса кейін бұл жерлерге зауыт салынады, қала орнайды. Қарататуға мұндай адамдар қазір жыл сайын шығып жүр. Бұлар үкіметтің адамдары. Жақсы адамдар, қорықда. Олар саған тимейді. Мен бастығына жолығып, жағдайынды айттым.

Барам десе алып кетейік деп отыр.

Рыс тәуекелге бел буып, неде болса осыларға ілесейін деді. Кен іздеушілердің көлігі қос-қос ат жеккен екі арба. Біріне әр түрлі құрал-сайман, толып жатқан сандық, буыншак-түйіншек артынған. Екіншісінің жүгі жеңіл. Ас-ауқат, ыдыс-аяқтарын ғана тиеген. Жүргіншілердің бас-аяғы жеті-сегіз кісі. Олар екі-үшеуден жаңағы жүгі жеңіл арбаға кезек-кезек мініп аяқ сұытады. Қалғандары жаяу ілесіп отырады. Алғашқы күннен-ақ топтың басшысы Рысты аддыңғы арбаға мінгізген.

— Сіз түспей-ақ отыра беріңіз,— деп ықтияттаған. Ол айтарын айтқанмен: “Қалжаға оранып отырғандай масыл болып осым не. Денім сау, аяқ-қолым бүтін. Қой, ұятты”,— деп өз-өзінен қысылады.

— Келіндер, біреулерің отырындар, кезектесіп міннейік,— деп түсуге ыңғайланса:

— Жоқ, жоқ,— деп басқалары безек қағып түсірмейді.

Тамағы да солардан. Бұл бір мезгіл шай қайнатып, ыдыс-аяғын жуады, әйтеуір. Елге қарай шыққан кісі болса қарасына жаяу ілесуге құлдық, еді, енді қоралы жанның күтіміне тап болды.

Топтың бастығы зор денелі, қасқа бас, қауға сақал, орта жастарға келген кісі. Аздал қазақша білетіні де, көбіне Рыспен тілге келетіні де сол. Түсініспеген соң қыын ғой, басқалары мұнымен көп шүйіркелесе қоймайды. Бірақ, әйтеуір, жат мінездері жоқ. Жұздері жылы, ықыластары тұзу. Таңып кетсе “апа, апа” деп жандары қалмайды. Бастықтың өзі де “апалап” тұрады. “Жазған-ау, менен үлкен болмасаң кіші емессің ғой. Апаң не?”— дейді бұл ішінен, өзінің қырыққа енді жеткенін есіне алыш. Соңан соң: “Әй, мейлі, не десе о десін. Пейілдері жақсы, бір мың болғыр, әйтеуір, өздері”,— деп қояды.

Таудың табиғатының әбден мәйектеніп, кемеліне, келіп, ажарының ашылған шағы екен. Тұнып түрған сонылық, Жұмақтың суретіндей көз үялтқан сұлулық, Айналадағы осынау, жайсаң көрініс, жұпар ауа Рыстың көңіліне жылылық себелеп, жабырқау жанын жұбатқандай әлдилеп, көптен бергі селт етпеген сезіміне шуақ, құйылғандай еңсесін жазып, жалғанның жарығын жаңа байқағандай төңірегіне еріксіз көз жүгіртпі: “Уа, жарықтың нұрлы дүние, кім келіп, кім кетпеген киелі

тіршілік. Қасиетіңнен айналайын, өмір — Ана, перзент — пенденді жақсылық нышаныңнан — үміт тізгінінен айыра көрме. Бәрінің артын береке — қайырымға жазғай", — деп толқыды.

Кең сахарарада туып-өскен Рысқа алғаш көрген тау ішінің табиғаты ертегідей әсер еткен. Оның үстіне сонау бала күнінен, ес біле бастағалы бері осы тау, осы өлкे жайлы естіген аңыз, әңгімелері қаншама. Соның өзінен-ақ көрмей тұрып бұл өнір туралы санаға сіңген, көнілде қатталған елес, ұғым; бір киелілікті қасиеттілікті аңғарта кісіні табындырып тұратын рух — болмысты жастайынан сезіп өскен тәрізі барды. Қашан, қалай естігені, зердесінде қашан, қалай сақталғаны әрине қазір беймағлұм, бірақ, ана сүтімен қанына бірге сіңіп, ана әлдімен санасына алғаш ұялаған сырлы, мұнды саз — бала жүрегіне әу бастан мейірім мен сағыныш ұрығын сепкен "Қаратрудың басынан көш келеді" исі қазаққа ана әуен, бесік жыры емес пе?! Дала желімен табиғатас осынау құлазыңқы үн — қоңыр сарында, жан біткен өсе келе уын жұтып, запыранын татып барып түсінетін, әсіл басы жұмыр пендеге тән опық, өкініш тәрізді күйі басым есіл әуенде саңлауы бар кісінің тұлабойын шымырлатып, жүрегін сыйздатар құдіретті сыр жоқ па?! Сол кештің осы таудың басынан құлап келе жатқаны алаштың қай баласының көз алдынан елестеп етпепті.

Әлгі аңыз-ертегілердің ішінде Ата — Таудың шежіре тарихымен құпия сырлы құдіретін тым өріден, адамзат дүниесімен жан-жануар өлемінің бастау бір кезеңімен сабактастыратын: "Қазығұрттың басында кеме қалған, әулиесі жоқ болса неге қалған", — деп басталатын әңгімені естімеген қай қазақ бар дейсің. Сол әңгімені есіл-дерпті ауа тыңдаған баласы:

"Апа, сонда, Қазығұрт қай жақта?" — деп сұрағанда анасы бауырындағы балапанын маңдайынан мейірлене иіскең қойып:

"О, жарықтық Қазығұрт" Қаратуда көрінеді ғой", — дер еді.

Есейіп, бой түзеп, қызы санатына қосыла бастағанда болашақ келін, болашақ жастарға әдейі улғі-өнеге тұтқандай аналары айтатын "Келіншектау хикаясы" қандай әсерлі, сырлы еді.

"Келіншектау" қай жақта, апа?" — деп өуестене сұрағанда: "Келіншектау Қарататуда көрінеді, фой, жарықтық" — дер еді.

Сол Қарататуда осы!

Неге Қарататуда атанғанын қайдан білсін. Осы елдің қара жұрты болған соң осы атты лайықтады ма әлде? Ал енді өзі жердің шүрайлысы екен. Жалпақ жондары жабағыдай үйисқан бетеге, боз, селеу, шайыр, жусан, жуа — жайқалған көк майса. Қойнау-қойнаудың, тау етектерінің шалғынына кісі бойламайды. Жыраҗырасын өрлей біткен тобылғы, тал, шілік, тораңғы, қара ағаштары ит тұмсығы өтпейтін ну орман. Жабайы алмасы, өрігі, жидесі төгіліп жатыр. Бармақтай-бармақтай қаңқызыл шиесінің дәмі тіл үйіретіні сондай Рыс бұрын-сонды дәл мұндей тәтті жеміс татып көрген емес. Және, жарықтық, осыншама жалпақ таудың тұла бойына бырдай болып өсер ме. Қай жырасын кезсең де тұнып тұр. Не деген байлық. Не деген береке. Арбадан түсे қалып әп-сәтте етегін толтыра теріп алғанын түшіркене отырып азын-аулақ қаужаса болды, сапырып-сапырып салтыаяқден салқын қымыз ішкендей шөлің басылып шыға келетінін қайтерсің.

Аяқ аттаған сайын бұлак, бастау, тұма. Қайнары бұлік-бұлік бұлкілдеп сылдырап, сықылықтап жатқаны. Үлдилаган сайын тасқа соғылып, маржан тамшыларын аспанға атып салдыр-сұлдыр жөңкіліп береді дейсің. Суы қандай балдай, тап-тастай, мөп-мөлдір. Жыра сайын сарқырап жатқан өзен. Жол бойы үшқан құс, жүгірген аңның кезікпейтіні жоқ. Бедене, бұлдырығы бозторғайынан көп. Ана қалыңға да мына қалыңға да бүкектей жүгіріп, жалп-жалп ұшып сіңіп бара жатқан құр мен шіл. Көлшік біткеннен үйректері сымпылдай ұшса сары ала қаздары тұсынан өткен жолаушыға маңқия қарайды. Әріректегі жалпақ жондарда қойдай жайылып тырналар жүр. Бұта түбінен қалбалактай ытқып, қаңбақша безген ор қоян, сүр қояндар. Жақлар-жақлар жартасты тау беткейлеріне ерекскендей өршелене ұмтылып, сатыр-сұтыр жөңкіліп, арттарына көшкін ілестіре арқарлардың үйірі өтеді. Барып-барып шың басына жеткен соң жүргіншілерге қасқайып-қасқайып қарап тұрады. Жолға шығып, тау сілеміне іліккелі қанша күн, ал осы көріністер

Рыстың көз алдында күн сайын, сәт сайын қайталанады. Оған қарауға қызықтауға жалыратын Рыс байқалмайды.

“Жарықтық-ой не деген жұмақ жер” — деп кәрі тасбақаның қабығындағы қатпарланған тастарының өзі ертегі тәрізді, қылыштарынан жар-құздары әлдене құдіреттің қолынан жасалғандай таңғажайып, қызық, құбылысты тау келбетіне тәнті бола әрі табына қарай береді.

Бұлар екі жағын қабырғаланып, керегедей созылған тау жоталары қаусырмалаған, күннің шығысынан батысына қарай созылып жатқан, таусылып бітпейтін, шегі жоқ, ұзын, кең бір жалпақ аңғардың ортасындағы ескі сүрлеумен келеді. Мезгіл-мезгіл дамылдар сәттерінде арбаны жол жиегіне тоқтатады. Тұнемелеге де солай жасайды. Ара-тұра жол үстінде кідіріп көшті Рысқа қалдырып, серіктегі жапатармай маңайдағы тау-тауды, жыра сайды кезіп кететіні бар. Сонан қай уақта еріндегі кезеріп, шаршап-шалдырып ұшып оралады. Олардың солай ораларын шамалап, Рыс шайын қайнатып дайын отырады. Талтүсте шөлделеп келіп суатқа бас қойған жылқыдай сапырылысып, арқа-жарқа болып жатқаны жазғандарын:

— Апа, рахмет!

— Апа, спасибо!

— Апа жақсы, — десіп ризашылықтарын білдіріп, жадырай арқасынан қағады.

— Сендерге де рахмет. Ішіндер, қанып алындар, — дейді Рыс та шын пейілімен шайын еселей құйып. — Сендерге кезіктірген құдай мені де бір мұсіркегені шығар.

Өздері дала адамындағай-ақ аңсақ, Кейде құр, шіл, кейде бұлдырық, бөдене ұстап әкеліп жүреді. Бірде жастау біреуі тостағандай домалантып қол дорбасына кірпі салып алып келсін.

Рыс тіксініп қалған:

“Күрісін, мынасы несі? Мұны қайтеді? Жейтін бәле емес пе. Солай шығар. Ойбүй, мына тең-тең тамақ, тұрганда, мына молшылықта онысы несі қай-қайдарыны, бастап. Әлде әдеттерінде бар нәрсе ме екен? Қой қүрісін, қарамай-ақ қояйын. Нем бар”, — деп теріс айналған. Деуін дегенімен ара-тұра жаңағы кірпіні алып келген жігіт жаққа не істеп жатыр екен дегендей

қарағыштап қойғанын өзі де байқамаған. Жігіт кісі бойы биік тобылғының жінішке шыбықтарын уыс-уыс қып әкеліп, кереге көздең, себет тоқып отыр. Тоқып біткен соң көлемі, жобасы, бақыр шелектей, әлгі тор үяға астыңғы жағына шөп төсеп, кірпіні орналастырды. Айналасына нанның үгіндісін, әр түрлі тамақтың қалдығын шашып, сейтіп әкеп Рыс отырған арбаның үстіндегі жүктедің арасына құлап кетпейтіндей жайпауыттау, сыйымды тұсына орналастырды.

Арба тастақ жолда салдыр-сұлдыр аяңдап келеді. Рыс ауық-ауық, жаңа қоңсы қонған қасындағы тобылғы торға зер салып қояды. Кірпі тас түйін жиырылған күйінен ажырар емес. Сонымен бір тұнді артқа тастаған. Таңертең шайларын ішіп, кен іздеушілер төніректегі тау ішіне жапатармағай тарай бастады. Сол кезде әлгі жігіт арбадағы тобылғы торды көтере ұстап төбесіндегі қуыстан қолын сұғып, кірпіні әрі домалатып, бері домалатып көрді. Соナン соң төнірегіндегі тамақтың қиқымын жаңалап салып, торды орнына қойды. Қойып жатып Рысқа қарап ыммен түсіндіріп, қолын аузына тыққылап, шайнаңдан "тамақ жемей ме" деген сұрақтың ишаратын жасады.

— Жемейді, жемейді, — деп басын шайқады бұл.

Жігіт мойнын қылқындастып, көзін алақтатып "басын сыртқа шығармай ма, жан-жағына қарамай ма" дегенді аңғартты:

— Жоқ, жоқ, басын шығармайды. Қарамайды, — деді бұл да без-без етіп, қолынан келгенше түсіндірген болып. "Бәлесін қара өзінің" дегендей жігіт ыржалақтай иығын қиқаң еткізіп жөніне кете барды.

"Е, бәсе,— деген Рыс та көnlі орнына түскеңдей,— мен де қай-қайдағыны ойлап. Жейін деп жүр ме деп жаманшылыққа жорып. Бәсе, бұлар ондай адам емес. Арам мен адалды, обал мен сауалты білетін кісілер. Бірақ бұл байғусты қайтейін деп жүр екен? Асырамақ па? Оны асырағанда не істейді? Кірпікшешеннің баласы асырағанға көне ме?! О, құдая құдуәнда, әуресінің түрін. Еріккеннің ермегі де. Босқа өлтіреді ғой сорлыны, кешелі бері нәр татқан жоқ, Жатысы мынау. Біреудің өмірін біреуге ойыншық етіп қойған тәнір".

Рыс өстіп өзімен-өзі бал ашып отырғанда кенет

төңіректегі абыр-дұбыр басылып, жүрт аяғы саябырлады-ау деген кезде көз алдындағы кірпі домалаңдай қозғалып жаңа ғана төңкерулі жатқан жарты доптың бір тұсынан біздіп, әлдене қылаңытып, жыбыр-жыбыр етті де артынша сүйрік тұмсық суырылып көріне берді. Сөйтіп, басын жайлап шығарып, моншақтай көзін жылт-жылт жүгіртіп, жан-жақты байқастап алыш барып жанындағы Рысқа қадала қараған.

“Мына, байғұс, жүрттүң аулақтағанын аңдып жатып, менің зиянсыз екенімді сезіп жарық дүниеге енді шықты-ау, мүшәпір”, — деп аяныш білдірген Рыстың мылқау мақұлықтың көзіне-көзі ұшыраса кеткенде жүрегі дір ете қалғаны.

“Біссіміллә, біссіміллә, ойпырым-ай, қалай-қалай қарайды, бейшара. Тапа бір есті жан иесісі тәрізді. Мына қарасында қолға түскен халы мүшкіл тұтқындау уайым кешу, үркектеу, құлазу, пұшаймандық бар. Жетім нәрестедей аянышты қүйді сездіргендей ыңғайда еді. Құдая тоба, тапа осындағы мұнлы көзқарасты бұрын бір кезіктіргені бар-тын. “Қашан, қай жерде еді? Е-е, топырағы торқа болғыр, абысыны Ақмәликенің үйінде көрген екен фой. Иә, иә, сонда көрген. Уа, пәруардагер, соңшалықты үқсасын. Тіпті, айнымайды”.

Рыстың ойына сол оқиға еріксіз оралғандай болды...

Тап осыдан екі-үш ай бұрын, көктемнің бас кезінде, бұлар Қаратаяға қарай ауа көшердің аз-ақ, алдында еді. Елдің қырғын қыстап сиреп, қалғанының өзі тұралап шыққан беті. Есік алдындағы тамызық бітіп қалған екен, ауыл сыртындағы қалыңдан отын жинап арқалап келмек ниетпен Рыс үйден ұзап әріректегі шоқ сексеуілдің ішіне кіре берген. Сол сәтте топ күшігеннің далпылдаپ, шүйіле әлденені қуалап, жүргенін көзі шалды. Жандары қалмай сабылуарына қарағанда жемтіктерін олжалауға таянған сыңайлы.

“Сонына түсіп жүргендері не екен? — деп Рыс өуес көнілмен солай қарай бет бұрды. — Майды-шүйде тышқан, жәндіктерге бола бұлай құжылдасып, ақ, тер көк тер шабуылдаспаса керек. Ал қасқыр, түлкі бұларға алдыртпайды. Соны шамалаған соң шығар оларға өздері де өңмендеп үмтыта қоймайды. Ал қоянға түседі. Жабылса алады да. Осысы, шынында, қоян болып жүрмесін”.

Осы ойға ат басын тіреген ол алға қарай асыға басты. Екі ара едәүір жертуғын, бұл ол тұсқа таянғанша аспанды бөрліктіріп жоғарылы-төменді сапырылыса ұшып, үресте сүргіндеп жүрген қарақұстар көзден тасаланып тым-тырыс қалды.

"Ә, ұстады білем. Олжаларын ортага алған тәрізді. Тұмсықтары жемтігіне тиғен бәлемнің сап тыйылуы ғой мынау", — деп енді ентелей, жүгіріске ауысқан. Сексеуілдің шырпылары бетіне, қолы-басына шып-шып ұрғанына қарамай, алқына, ентіге, кешіксе, үлесінен құр қалатындағы ышқынды-ай келіп. Әйттеуір, жаңа күшігендердің шүйіліп жүрген тұсын байыпта алған. Сол бағыттан жазып қалмауға тырысты. Адаспапты. Сүт пісірімдей жүгірген соң қалыңның ішіндеңі бір ашықтау алаңқайда құж-құж болып отырған күшігендердің үстінен шыққаны. Екпіні қатты, далпылдан, тұра салып келе жатқан мұны көріп, өздеріне таянған кезде қарақұстар амалсыз үркіп, самарқау шегініп, жалп-жалп көтеріліп әрі таманға барып қонжия-қонжия қонды. Екі көзі, есілдергтері енді ғана бас қоя бастаған олжаларында. Шоңқая-шоңқая шоқиған күйлері екі аяқтарымен айнала жортқтаған, мазасыз тыптыршиды. Орасан зор имек тұмсықтары онан сайын имиіп, ұзын мойындарын өңмендей қылқылдатып епетейсіз ұлкен қанаттарын "қап-қап" дегендей жалпылдата қағады.

Ұстағандары даланың зіңгіттей ор қояны екен. Әр жер, әр жерінен шұқып, жүлкып енді ғана боршалай бастаған. Кеудесі, бөксесі, басы сatal-сatal қан. Денесінен әлі ыстығы кете қоймаған. Сұлабасы бүтін.

"Біссімілла, біссімілла. Адал ассың, адал ассың, — деп жерден көтеріп алды. — Бұйрықтыға дауа жок, Алланың рахымын қараңыз. Қалай дерің бар ма. Тап осы мезетте мені отын әкелуге шығарып, кезіктіруін жазымыштың. О, тоба. Талқан, кебекті талшық, етіп таңдайға сорпа тимегелі қашан. Үшеуіне мынау үш күнге қалжалақ қой", — деп табан астында жартылай байып, отынын арқалап ауылға қайтқан.

Келе апыл-ғұптыл терісін сыйдырып жіберіп, қан-жынын тазалап, жартысын қазанға салды. Қара құлатқандай болып Зеркул мен Мәлік қосыла шапқылап жүр. Қазан қайнап, үй ішіне жас сорпаның иісі жайыла бастағанда

Рыс жалғыз қалған жақын абысыны Ақмәликені есіне алып "ыстық, ішіп, таңдайын жібітсінші" деп ойлаған. Біреуге, біреу қарайтында, біреуге біреу қол ұшын беретіндегі заманнан қалған. "Балапан басымен, тұрымтай тұсымен" дейтін қияметті шаққа кезіккен кезең еді. Төңірегіндеңдердің бәрінен жүрдай болған абысының соңғы күндері талғажауын түгесігенін жүрген сиқынан-ақ, сезген-тін. Оған қарайлласар бұлардағы күй қайсы. Соңда да өздерінің күндік талшығынан жырымдал кеше түстеге уыс толы қуырған дән, жарты құрт апарып берген. Шәүтімге су қайнатып соларды қорек еткенін көзімен көрген. Оナン басқа қайрыларға тәуекелі жетпеді. Қайта-қайта өз тамағындағыны қалай бөліп бере алады. Қалт еткен сәт сайын қыңқылдан тіске басар сұрап қинайтын қаршадай баласы анау. Сонан соң:

"Қайтеді, бұйырғанын көрер. Мениң қолымнан келер не бар? Бауырымдағы бебегімнің жан сақтарын енді оған қалай беремін. Құдай өзі кешіреді де. Бақастық жасап, қайыр қылмайын деген ниетім жоқ, Кім өлмей жатыр көз алдымызда. Қайсысына пида болатында жағдайдамыз. "Әркімнің пешенесіне жазғаны шығар", — деген де қойған.

Ақмәликенің бүтін таңертең ертелең, есігінің алдында сүрептіліп тұрып жүргенін, ілби басып ауылдың сыртындағы жаңағы сексеуілдің ішінен азын-аулақ отын арқалап келгенін байқаған. Сонан қайтып, үйінен шықпай, көрінбей қойды.

"Өзегі талып, орнынан тұра алмай қалды ма, сормаңдай! Мына ыңғайда бұл да қатарға қайтып қосылмайды-ау тәрізі", — деп құлаш тастам жердегі, тіршілік нышаны сезілмей, құлазып түрган оның алты қанат ақ, үйіне қарай аяңдады.

Есігін ашып ішке енгенде үйдің тұра ортасында, оттың орнына таяу, шекесінен жатқан Ақмәликеге алдымен көзі түсті. Қасында шамасы шағын құшақтың жобасына таяу, таңертең арқалап келген шөпшек отын. Оның ортасынан бір буған байлау жібі де шешілмеген. Сол күйі тұр. Жүріп кеткеннен сау ма деген қауіппен:

— Ақмәлике, Мәлике-ау! — деп ұмтыла келіп басын көтерген. Жоқ, тірі! Ес-санасы бүтін сияқты. Мұны танып, кеудесін түзеп, тұрып отырудың қамын жасады.

— Э, Рыссың?! Біздің күй осы болды, — деді.

Рыс енді аңғарды, кенеуі кетіп қалған жайы бар. Ақжамбықдай жарқыраған ажарлы жүзін көлкілдеген ісік жайлап, өні көгістеніп, сиқы бұзыла бастапты. Жанарын бозғылт мұнар түмшалаған. Бояуы лай тартыпты. Тіпті ұзақ қарауға дәті шыдамады.

— Ақмәлике, ыстық сорпа жасап жатыр едім, біздің үйге барып соナン ішші. Бойыңа кішкене әл болсын,— деді.

Соナン соң көңілін алдандырайын деп ол сорпаның қайдан шыққанын, бүгін өзінің қалай олжаға кезіккенін әңгімеледі. Бірақ абысыны ол әңгімеге селт еткен ыңғай танытпады. Өзін бір жат, тосын самарқаулық иектеп алғандай. Мұның жүзіне де туралап зер салмайды. Төменшіктеген басын көтермейді. Солай отырып кенет:

— Рыс, мына отынды шешші,— деді иегімен қасындағы буманы меңзеп.— Адам баласы басына түссе айуанға айналып кетеме қайтеді. Осы буманың арасында бір бейкүнә макұлық бар. Өліп қалмаса соны босатып, қоя берші.

Өлсем жөніммен өлейін. Оныменен енді қыр аспаспын...

Жазу осы екен фой, келіп тұрған ажалдан қайда қашып құтылмақтын. Осыным енді не далбаса. Бірақ көргеніңді ешкімге айта көрме. Мен табалайтын кісің емес едім фой.

Ақмәлике осылай деп кемсөңдеп, күйзелген күйде теңселіп, құлаққа жайсыз, жағымсыз үнмен ыңыранды келіп. Осынау азалы үннен тұла бойы тітіренген Рыс басқа істер лажы құрып жалма-жан ошақ басындағы отынға жабысты. Байлауын шешіп буманы жаймалап жаймалап жібергенде ішінен отын арасына салып қоса буылған, тостағандай домаланып жатқан жалғыз кірпі шықты. Оны көрген сәтте тіксініп қалғанымен сыр бермеді. Қазір ку жанның далбасасымен кірпікшешен, тасбақа, қолға түскен тышқан басқа жәндікті де қорек ете бастаған кейбір мұскіндердің бары таңсық емес еді.

— Рыс,— деді абысыны, қарлығыңқы бәсек даусынан торығу, жасқаншақтық анық сезіле.— Жиіркеніл, табалай көрме. Мұнан бұрын әдет қылып, кәсіп еткен нәрсем емес.

Аштық шыдатпай, жүргегім тартып, көзім қарауытып, бара жатқан соң әлдекімдердің өстіп, те күнелтіп жүргенін ойлап "мен неменеме паңсыймын, көрейінші" деп таңертең алып келіп едім. Дәтім барып, қолым журмей қойды. Сонан ол райдан қайтып: "ең құрымаса адал өлімін бұйыртсынышы" деп жатқан қалпым осы. Енді онан басқа күтетін де, тілейтін де ешинарсе қалмады білем. Өз күйімді өзім пайымдаймын. Тек сенен етінішім — кәлима қайырып, бетімді топыраққа жасыра гөр.

Рыс ештеңе де жұбату, не "жараидыны" айта алмады. "О, есіл Ақмәлике-ай", — деді ішінен күйіне.

Осы жүртқа келін болып қатар түсіп еді. Абысының жас күніндегі, онан бергі сымбат, салтанаты, жүрістүрыс, шаруа ыңғайы, араларыңдағы сыйластық — бәрі-бәрі көз алдына келіп тұра қалғандай. Сөйткен падишадай жанның ақмандай сұлудың ендігі түрі мынау. Жаңа өзірде отын арасынан тас түйіндей домаланып жалғыз кірпі түсे қалғанда абысынына жалт бұрылған Рыс оның талақтай көгістеніп көлкілдеп кеткен кеспірсіз жүзінің өзінен сол сәтте шым еткен үяттың ізін анық байқаған. Сол кейпін есіне алыш:

"О, есіл Ақмәлике-ай, — деді тағы. — Затыңа болайын. "Көн тартса — қалыбына". Асылдың белгісі бір жерінде қалса керек еді, бәсе. Дұрыс-ак, Алдыңнан жарылқасыннан басқа не айтайын", — деді. Деуін дегенімен тап қазір қасында сайрап тірі отырған кісіні өлдіге шығарып, кесімін айтып қойғанына ыңғайсызданып, ұрлық жасаған кісідей қипақтап, не істерін білмегендей қыбылжықтап, жан-жағына қараған. Сол кезде әлденеге оқыс көзі түсіп кеткені. Жүргегі дір ете қалғаны.

Жаңа отынның арасынан босатып, домалатып тастай салған бойы онымен жұмысы болмаған, сөйтсе әлгі кірпі жорғалап барып дәл босағаның түбінде жабулы есіктен әрі өте алмай соны ашып шығарып жіберші, дегендей бұран мөлие қарап түр екен.

Құдая құдіретінен, кірпінің көзіне бұрын кім зер салыпты. Нәрестенің жанарындағы бейқунә мөлдіреп тұрады екен-ау. Мына моншақтай жанаң, көзқарас жабайы мақұлық, жәндіктікі дейтіндей емес, әлдене зердені аңғартқаңдай. Сана-сезімнің нышанынан хабар

бергендей. Кенет, о, тәнір, жуалдыздың жіптігіндегі ғана жылтыраған өлгі титімдегі көз — жаңар бұған жәудіреген мұндың бір тамшысындай көрініп кеткені. Жүргегі шым етіп, назарын тайдырып әкетті. Жалма-жан есікті ашып, кірпіні, оттың орнында жатқан қалаққа салып далаға қарай ала жөнелді.

Ақмәликенің халінің төмендегенін, атының басын бөтен ауылға қарай бұрранын көріп, сезіп отырғанымен Рыс ыстық сорпадан ішкізу ниетінен қайтпады.

“Тым құрмаса қоштасу асым болсын. Көңілі үшін. Құдай, әруақ, үшін. Бізге де сол жарты қоянның сорпасы өмірлік үнем емес шығар. Жанымыз соған қарап тұр ма, жоқ па тәнір біледі де. Өлтірмеймін десе тағы бір несібесі бар шығар. Бейшара, өмірінің соңында таңдайы татып ас ішіп кетсінші”, — деп ойлады.

Өз ағымен соңына ілесетіндей үмтыйлып тұрған қалпы байқалмайды.

“Несіне сүйрелеп әурелеймін. Сол жарты тостаған сорпаны осында-ақ әкеліп берейін”, — деп шешті. Эрі ісіп-кеңкен, кенеуі кеткен қорқынышты үсқынын үйдегілерге, әсіресе, қаршадай Мәлікке көрсеткісі келмеді. Барып, ыстықтай сорпа, қоянның жамбас етінің жұмсақ, талшығынан кішкене түйір ет алып келіп алдына қойды.

— Ақмәлике, мынадан ішші. Таусып іш, бойыңа әл-куат кірсін,— деп тықпалағандай, зорлағандай етіп өзі қасында отырды.

Абысыны тамақты көргенде әлдекандай бөгде затты кезіктірген жандай не таңданғаны, не үрейленгені, не қуанғаннан дегбірі үшып апырақтай аңтарылғаны белгісіз алдындағы тостағанға көзін сүзіп, түсініксіз күйде оқшырайып бір сәт отырды. Соңан соң ебедейсіз қозғала, алдындағы асқа өнірептей еңкейіп, апыл-ғұптыл шашып-төгіп сорпаны қасықпен үрттай бастады.

Оның осы құмыл, іс-әрекетінің бәрін көзімен бағып отырған Рыстың таңқалған нәрсесі тостағанға бас қойған абысыны тамақтың дәмін татып, талғап, тұщынып-түшіркену, сүйсіну тәрізді сезімнен махұрым сияқты. Қатты ашығып келіп, асқа кіріскең кісіде болатын ләззэттан жүрдай. Ындыны құрып тамақ ішіп отырған кісі тәрізді емес. Тапа бір жіп көктеп, не жамау жамаған кісі сықылды. Жұтып жатқаны көбек пе, күл ме, тіл

үйірген сорпа ма онымен жұмысы жоқ. Әйтеуір әлденендей соғдыр сезімнің ыркымен алдындағыны ішіп таусуды міндет санайтын ғана сыңайы байқалады.

"Жазған-ай, ең құрмаса дәмін алыш, сүйсініп ішсейші. Тұла бойына нәр болып тараң, мандайы жіпсір еді ғой. Қатқақсығаны қайтар еді ғой. Қандай сорпа мынау. Тіпті, дәмін де білмеді-ау обал-ай", — деп өкінді Рыс. Жаңа қазанды түсіріп жатып қасықленен үрттағандағы татымы өзінің әлі таңдайында тұрған. Нарыз балдай сорпа деген осындаі-ақ болар.

Ал абысыны сол селт етпеген күйі сораптап отырып, тостағанды тауысты. Жалғыз түйір сан етті де тарамыс тістегендей шайнаған.

"Тамақтың татым, түщымын ажыратудан да қалған-ау", — деп түйген Рыс.

Ақмәлике сонан кейін көп ұзамады...

Мына макұлықтың жәудіреген жанары ойда жокты ойға салып, сол оқиғаны есіне түсіргені...

Соңыра серіктепер қайтып оралғанда шайын қайнатып дайындал отырып Рыс әлгі жігітке жалынғандай ыңғаймен ымдал үқтывып, тордағы кірпіні "мынаны қоя берейінші" деп өтініш білдірді. Кешелі бері ешнәрсе татқан жоқ, босқа өліп қалады енді дегенді де түсіндірген болды. Мұның неге соңшалықты жік-жаппар болғанын жігіт, әрине, қайдан зерделей қойсын. Бірақ, әйтеуір, шын-тінімен сұрап жаны қалмай тұрғанын сезді. Сезді де "мейлің" дегендей қолын сілтеді. Рыс қуана-куана, алғысын айта жүріп, тордағы кірпіні аулаққа апарып тастаған...

* * *

Бұлар тау ішін аралай жүріп отырып Көсегенің көк жоны аталатын үстіртке екі аптадан асканда жетті. Бұл тұстан теріскейде, төменде отырған Рыстың ауылның қарасы қыр басына шыққан кісіге көрініп тұрарды. Елге жеткенше елегізіп, тынышымаған көңілі ауылның қарасына іліккен соң-ақ бір сәтке байыз таптырмады. Тұнде кештетіп келіп, тау бұлағының сағасына жетіп жығылған жүргіншілер оянар-оянбастан, таң алажеуімнен Рыс кетудің қамына кірісті. Бәрімен хош айттысып, рақметін жаудырып жүр.

— Біздің ауыл анау, — деп қыр басынан қол сілтейді.

— О, әлі көп жер екен. Екі арада ел жоқ па дейді олар.

— Ел жоқ. Бірақ қазір ертелетіп шықсам күн кешкіргенше жетемін, — дейді бұл.

Жол қапшығына қант, шай, нан салып берді олар.

— Күн ыстық, жол ұзақ, мынаған су құйып алыңыз, — деп бірі ауызы бұрандалы қалайы шелегін ұстартты.

— Не деген қайырымды жандарсындар. Мұндайда жақсы адамдар болады екен-ау. Тәнірден қайтсын. Өмір жастарың ұзақ болсын. Өздерің де елдеріңе аман-есен жетіндер. Бала-шағаларыңмен аман-есен қауышындар.

“Үйінен қырық, қадам шыққан кісі көріп” деген. Сендер де алыс жолда жүрсіндер, қыдыр шылауларында болсын, — деп көзіне жас алды.

“Қоянды” қырқасының етегіндегі кең жазықта күрке тігіп, қос тігіп, киіз үй көтеріп бырдай болып отырған ауылына намаздыгер-намазшам арасында жетті. Бұл кетерде ел баспана тұрғызудың қамына кіріп, жаппай кесек құйып, алды қабыргаларын қалай бастаған. Енді қаз-қатар тізілген балшық үйлердің қараусыны едәүір көбейіп қалыпты. Біразының төбесін жауып ұлғірген. Үстіне қамыс төсеп, балшық, жатқызған біркелкі қоңыр үйлер көше-көше болыш қатарласа салыныпты.

Биіктігі тізеден келіп қалың өскен шағыр жусан мен жантақтың арасынан сыздықтап ұрлана жетелеген жалғыз аяқ төтемен өз қосына таянғанда есік алдында жүрген Зеркүл сонадайдан мұны көріп, мына жүрісіне таңданғандай аңырайып, қарап тұрып қалды. Жақындағанда қарсы жүрген оның:

— Жеңеше-ау, Мәлік қайда? Қайдан келесің? — деген дауыс естігенде:

— Мәлікті өзім де білмеймін адасып қалдым, — деп айқай сап көрісуге үні де шықпай тығыла өксіп, буын-буыны босап, сылқ етіп отыра кетті.

— Не дейді! Жеңеше-ау, не дейсің? — деп жан даусы шыққан Зеркүл аңырап келіп бас салды.

— Жеңеше-ау! Қоралы елден қалған жалғыз еді рой.

Қалай ғана көз жазып қалдың. Ел-жүртқа енді не бетімізді айтамыз, — деп әшейінде мінезсіз, көнгерілі,

жуас Зеркүл, жан ашуы ма, іште сыздап жатқан қасіреттің запыраны керней-керней келіп, оқыс ақтарылып кетті ме, шыдамның шегінің жеткен жері осы болды ма, әйтеуір, басын олай, бір, бұлай бір соққылап дауысты қоя берді.

Үндемегеннің ішінде жатады деген рас екен, сай сүйекті сырқыратып, жүректі тілгілейтін нелер жоқтауды сыңсытып, сұңқылдасын келіп. Өзі де жер болып келген көңілін мына жоқтау онан сайын құлазытып, бұл да ағыл-тегіл айғайға басты.

Бұл кезде батыстағы тау жоталарының ар жағына әлдекашан жасырынған қүннің көк жиекті жалқыннатқан қызыл шапағы семіп, аспан қара торғын тартып, көз байланы бастаған. Осы алақ-сапақта беймезгіл шыққан ащы дауысқа елең еткен жұрт қос айналасына жиналып қалды. Бір-бірінен сұрастырып мән-жайды білді. Иіріліп дағдарып, қалған көптің ішінен алдымен басу айтқандардың бірі ауыл кеңестің бастығы Жақан болды.

— Қойындар, шырағым, бұларың не жаман ырым бастап. "Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді" деген. Бұйрық болса әжеп емес, әлі-ақ тауып аласындар.

Үкімет қарауына алған адамын асырап, сақтайды, бағып-қағып ер жеткізеді. Ол баланың жағдайы мұндағыдан гөрі дұрыссырақ болады. Қайта қала тәрбиесін алып, оқытып, көзі ашылып адам болып шығады. Оған ренжіме. Қойындар бұл бейуақта дауыс салғанды. Рыс сенің есің бар еді ғой. Зеркүлге ақыллынды айтып, ұлкендік керсетудің орнына мұның не?! Түрегел шырағым...— деп салмақ сала сөйлеп, екеуін тоқтатты.

Жақан Рыстың алдынан көлденен өтіп көрмеген қайнағасы еді. Ағайынға, елге қадірі бар, сөзі бәтуәлі, сыйлы жан болатын. Сонан соң да жасы елуғе келгенімен "көзі ашық, көкірегі сергек, елге сөзі өтеді, сыйы бар жан" деп жоғарыдан келген өкілдер оны ауыл кеңестің бастығы етіп сайлад, бұл жұрттың жай-жапсарын сонымен ақылдасып тұратын.

Енді сол Жақан сөйлегеннен кейін Рыс жаулығының үшімен көз жасын сорғытып, сұық сумен бетін шайып, басын көтерді. Зеркүл орнынан тұрып, іштен киіз, тәсениш алып шығып қостың алдына жайды. Состиып,

түрегеліп тұрган кіслер жайласып отырды. Сөзді тағы да Жақан бастады.

— Рыс, шырағым, өзің жоқта кіші келін қарап отырмай тырбанып, біраз кесек құйды. Ертең бәріміз жабылып, соны қалап, тәбесін жауып береміз. Тірі кісі тіршілігін істейді. Ертең қылышын сүйретіп қыс келеді. Осы бастан қамданып отын-су жинап алындар. Шүкір, елдің күйі түзеліп келеді ғой жетпей жатқандарыңа қол ұшын береміз. Асарын асап, жеріне жетіп отырған жан емессіндер. Элі жассындар. Алда өмірлерің бар. Элі де берерін, қызығын, қуанышын тауыспасын деңдер. Босқа күйрей бермендер, шырактарым,— деп ұзак жұбату айтты.

Кіслер кеткен соң қоста қатар жатқан екеуі де көпке дейін дәңбекшіп ұйықтай алмағы. Бар есіл-дерті ауылға жету болып, жол бойы басқаны таусылып ойламаған екен. Баласының орыны енді білініп, ішті өртеген күйіктен ет бауыры езіліп, тұла бойы қызып, үйілегенде аузынан жалын шықты.

... Рыс арқа жайлаған елдің қызы еді. Көшіл-қонып ауылымен араласып жүрген көрші рудың бір байының баласы Дәulet деген жігіт мұны жастайынан айттырып, келін етіп түсірді. Бертін келе Дәulet жалғыз інісіне де қалыңдыққа қайын жұрты жақтан құрық салды. Сондағы айттыраны осы Зеркүл еді. Қалың малын төлең енді өкелеміз деп отырғанда көкпарда шауып жүріп аттан жығылып інісі қайтыс болсын. Сөйтіп он жетіге жаңа толған Зеркүл оң жақта отырып-ақ жесір қалды. Эйелге ақыл салған заман ба ол, інісінің жылын өткізген соң Дәulet Зеркүлді жасауымен ауылға алып келді.

Тағдырына жылай-жылай мойынсұнған жас қыз қырыққа иек артқан Дәuletке тоқал болып бөлек отауға кірді. Рыс табиғатынан сабырлы, көнімпаз, бір тоға жан еді. Устіме әйел алдың деп күйеуіне сөз шығарып, шу көтермеді. Болған іске көк айыл қылық танытпай төзім көрсетті. Жас күнделесі де жеңешелеп, алдынан көлденең өтпеді. Енесінің бауырынан жаңа шыққан қозыдай біреудің әлі оң солын танып білмеген боз өкпе баласы.

Діні жуас, женілtek мінез, жел сөзге үйірлігі жоқ, жан екен.

“Маңдайының соры бар бейбақ та. Қай жетіскеннің тірлігі дейсің. Несіне табалап, қысастық, көрсетемін.

Осымен бақаспай-ақ қояйын”, — деп бұл да оны кеудеге тәппеді. Ер жетіп, қалған екі қызынан кейін баласы тұрақтамай жүр еді, бұл келгеннен соң Рыс осы Мәлікті көтерді. Күйеуімен отасқан бес-алты жыл ішінде Зеркүл де бір ұл, бір қызды болды. Соナン кейін Дәулет әкесі Өкен екеуі “қәнпескеге” жатқызылып, жер аударылғанда бұлар ел ішінде қалған. Өткен жылғы аштық пен сүзектен Мәліктен басқа балалардың бәрі шетінеді. Екеуінің арасында қарайып жүрген жалғыз сол еді. Бұл тағдырдың ісіне не дерсің.

Рыс іші қызып, өртеніп бара жатқан соң үстіндегі жамылғыны серпіп тастап, түрегеліп отырды. Аунақшып үйиқтамай жатқан Зеркүл де басын көтеріп:

— Жеңеше, мазаңыз болмады-ау, — деп қасына таянды. Сол-ақ екеуі бір-біріне сүйене кетіп, үнсіз егіліп, көздің жасын қоя берді.

Қыс көппен бірге жаңа салынған қоныстануды қыстап шықты. Көктемге қарай колхоз тауға егін еgetін болды. Бірде таңертен бұлардың үйіне Жақан келді. Амандық-есендік сұрасқаннан кейін көп сипақтамай асығыс кісінің әдетімен шаруасының бетін білдірді:

— Соқашыларды жонға жөнелтпекпіз. Солармен бірге көшетін екі-үш үй ізден жүрмін. Әрі жүртқа жатын орын керек, әрі өздері де егіске қатысадын, жұмысқа жарамды кісілер болса деп едік. Соның біріне өздерінді қолайлат келдім.

Не айтасыз дегендей Зеркүл бұған қарады. Бұл бұлтақтатпай жауабан берді:

— Мейлі, қайнаға. Көптің барып жатқан жұмысы.

Соның біріндей қолымыздан келгенді істерміз. Үлкен басыңызбен сіз келіп отырған соң жоқ демейміз фой.

Мұның жауабына Жақан ризалық білдірді:

— Рахымет, шырағым, көп жаса. Үлкенді сыйласаң сені құдай сыйласын. Дайын болындар. Ертең ертелең жүресіндер. Бірің соқаға шығып, бірің елдің тамағын пісірсөндер ме деп едім. Барған соң ақылдасып, ыңғайларыңа қарай көрерсіндер.

Жақан қош айтасып орнынан тұрар сәтте екеуіне қарап:

— Амандық болып биыл егін бітік шықса күзге қарай еңбек ақыларыңа жетерліктең етіп астық, бөліп береміз.

Қарық болып қаласындар әлі,— деді көңілдеріне демеу жасағандай. Оның өзінің іштей солай болса деп тілеп, арманда отырганын Рыстың зерек көңілі бірден байқады. "Әй, жақсы адамды қойсайшы бүл, елге болсын деген жан-ау.

Бір от басына нан тауып бере алмай қаламын деп отырган жоқ қой, сірә. Көптің адамы деген осы ғой",— деп ойлады.

Егіншілер соқаға жегетін аттарға қостарын артып келіп таудың үстіртіндегі Ақ бұлақтың басына жетіп түсірді. Айнала жатқан бетегелі жалпақ қоңыр жондарға — ғасырлар бойы үшқан құс, жүгірген аңдан басқа түяқ, ізі түспеген тың даラға түрен салып, жаңа үйимдасқан "Жаңажол" колхозының алғашқы дәнін сеппек.

Таудың терең жыра-сайларында әлі де қар бар. Кешке қарай әжептәуір ызғар еседі. Күндіз үстірт үсті жылы, шуақты. Күнге арқасын төсеп қыздырынып жатқандай рақаттана керілген жота-жондардың топырағы жіпсіп, бусанып, бетінде тіршілік бейнесі біліне бастаған. Келген күні жұрт қостарын тігіп, іргесін көміп бастырып, баялыш шауып, отын жинап, жаңа жұрттың шаруасын шаруалады. Ертеңіне сәт деп іске кірісті.

Рыс ер жігіттей қайратты, жұмыстан жерінбейтін еңбекқор еді.

— Соқаға мен шығайын, Зеркүл сен, елдің тамағын пісіріп үйде бола бер,— деді.

— Ой, женеше, мен барамын ғой, үйде өзіңіз-ақ қалмайсыз ба дегеніне:

— Шаршасам кейін кезектесерміз, бола бер,— деп кесіп айтты.

Егіншілер тус кезінде үйге келіп бір мезгіл тамақ ішкендері болмаса таңның атысы, күннің батысы далада. Ә дегенше-ақ Ақ бұлақтың төнірегіндегі жайпақ жондардың беткейлері туралған құйрықтай тілгіленіп атыз-атыз айдау болып қалды.

Ауылда салт басты Сәтім деген ұста жігіт бар еді. Жонға шыққандардың ішінде келген ол да бір соқаның соңында, Рыс екеуі қатар жүр. Жатын орны да осылардың қосы.

Бірде азанда Рыс шай ішіп отырганда Сәтімнің

үстіндегі ақ сұрып жейдесінің термен сауыстанып, кірлеп, жаға-жені қасаңданып кеткенін байқады.

— Эй, ұста жігіт, көйлегің кірлепті ғой, Зеркүлге тастап кет,— деді.

Сәтім түйе жүн шекпенін етіне жалаңаш киіп көйлегін шешіп берді. Бұлар түскі шайға келгенде Зеркүл бұлақ, басында тобылғының үстінде жаюлы тұрган кірді қолмен жаймалап қаттап, бүктеп әкеліп берді. Оларды киіп алған жігіт Рысқа:

— Ойпырмай, жеңеше-ай, көйлегім етіме жұп-жұмсақ тиіп қалды-ау,— деп ыржиды.

— Е, соны өзің айтып жудырып алмайсың ба?— деді бұл.

Зеркүл жымынып тәмен қарады.

Осыдан екі-үш күннен кейін азанда төсектен тұрып далаға, үй сыртына шыққан беті еді. Қолында екі шелегі бар Зеркүл бұлақтан су алып жатыр екен. Ар жақтан түнде тұсап жайылымға қоя берген соқаңың көліктерін жинап, айдал келе жатқан Сәтім оны көріп жайдак мінген атын тебіне түсіп жылдамдата қасына келді. Жерге түсіп атының ауыздығын алып суға қоя берді де, Зеркүлге таянып барып тұрды. Екеуі бірқауым әңгімелесіп қалды. Үй артындағы қалың тобылғының тасасынан мұны байқамады. Ел әлі үйқыда сыртта жүрген ешкім болмаған соң, екеуі де жалтақтамай емін-еркін әңгімеге кіріскең тәрізді. Сол көрінбеген күйі бұл қосқа қайта келіп кірді. Киініп, беті-қолын шайған соң тұтатқан тамызыққа отын әкеп салмақ болып далаға шықса, олар әлі сөйлесіп тұр екен. Мұны көріп екеуі жалма-жан екі жаққа шеттей жөнелді. Сәтім атына міне сап су ішіп болып қырға қарай қайта жайылып бара жатқан жылқыларға тұра шалты. Зеркүл де ауылға қарай асыға басты. Бұл ештеңе байқамаған бола салды.

Кешкісін жұмыстан қайтқан соң шаршап жүрген жүрт асын іше сала жату қамына кірісе бастаған. Сыртқа шыққан Сәтім есік алдында тұрып:

— Зеркүл, отының бітіп қалыпты ғой. Айдың жарығымен біраз баялыш шауып тастайын “тасып аласың ба?” — деді.

— Жарайды шаба беріңіз, біраз жиналған соң тасып

алайын. Кетпен қостың іргесінде жатыр,— деді үй ішінде қазан-аяғын жинал жүрген Зеркул.

Сәтім ауылды айнала жүріп баяльш шабуга кірісті.

Қарш-қарш сілтеген кетпенінің дыбысы көктемнің маужыраған тымық түнінде анық естіліп тұрды. Сәлден кейін жібін шумақтаپ Зеркул де үйден шықты. Рыс біразға дейін елегізіп әлде неге аландарағандай көз іле алмады. Зеркулдің анда-санда арқалап келген отынын үй сыртына әкеп дұрс еткізіп тастаған дыбысына құлақ түріп елеңдеп жатып бір кездे талып ұйықтаап кетілті. Сонан таңтертең ояңды.

— Жеңеше, соқаға біраз күн мен шығайын, сіз үйде болсаңызшы,— деді шай үстінде Зеркул. Рыс қарсылық білдірген жоқ.

— Мейлі,— деді.

Сәтім мен Зеркул жұмысқа бірге кетті. Далаға шыққан сайын егіншілерге көзі түседі. Жалпақ жонның ұзына бойына қос-қостан жұптасып алып соқа салып, құмырысқаша тырмысып бара жатқан жүрт. Бір шетін ала Зеркул мен Сәтім жүр. Тырна сирак, серейген ұзын бойлы, еңкіш келген Сәтім өз жұмысын тоқтата салып Зеркулдің қасына жиі-жій барып, біресе соқасын шұқылап, біресе атын төніректеп күйбендереп жатады. Бұрын істемеген кәсібі Зеркулге соқа жүргізу оңайға түспей жүргенін сезді.

“Мейлі,— деді.— Мен бар дегенім жоқ өз қалауы, өз дегенімен болсын”. Кейінгі кезде Сәтіммен әңгімелесе бастағалы бері Зеркулдің мұнан бүтежектеп, қайсақтанқырап жүргенін байқағанымен аңғармағанситын. “Бір ойлары бар шығар нем бар араласып, өзі білсін. Бала жоқ, бай жоқ, неге қарайлап, неге байланыш отырмақдыз. Жөнін тауыш кеткісі келіп жүрсе сонықі дұрыс. Айналып келгенде пенденікі бір басының қамы емес пе. Элі жас, отызға да жетпепті. Кім кінә таға алады. Бағымды байлап несіне отырамын деген шығар. Өз дегенін істесін, мен кедергі болмайын. Көлденендереп нем бар”. Осы ойға келген Рыс ешнәрсе сезбеген, байқамаған қалыпта Зеркулмен де көп сейлеспей тоң-торыс қалды. Бірақ, көнілі әлденеге күпті болып, құлазып, тағдырына қарғыс айтқаңдай қапалық, күйден арыла алмады.

Күн бата соқадан ағытқан аттарына мініп үйге

қайтқан елдің соңына сала кешігіңкіреп келген Зеркүл мен Сәтім сырт көзден жасырганымен іштей көнілді кейінде еді. Жұздерінде шырай бар. Жұмыстан шаршап, езіліп келген жандай қажып, таусылу жок, сергек. Рыстың сұлық жүрген кейпін аңғарған Зеркүл қипақтап, қоралактағаңдай болды. Келіп қазан-аяғына көмектесті.

— Женеше, науқастанып қалған жоқсыз ба, өніңіз неге сыйның? — деді жанашыр пейілмен.

— Білмеймін қарадан қарап мазам болмай жүргені, — деді Рыс шынын айтып. Екеуі де сонан соң үнсіз қалды. Төсекке жатқан соң да шым-шытырық ойлардан арыла алмай көзі кеш ілінген еді. Бір күтпеген тұс керіп ояңды.

Тұсіне баласы кіріпті. Аппақ, әп-әдемі, ажарлы-ақ, Устібасы тап-таза. Ақ, көйлек, қара костюм-шалбар, басында тік маңдай шәпкі. Түймелері алтында жарқырайды. Сонадайдан бұған қарап тұр, жанына келейін демейді.

— Куатым-ау, Мәлік-ау, мен сені әлденендей күйге душар болды деп жүрсем, аман-есен екенсің ғой. Қайда жүрсің? Кім пана болып қанатының астына алған? Устіңдегілерді қайдан алдың? Кім киіңдірді? — дейді бұл баласына қарай ұмтылғысы келіп аптығып, аласұрып. Қол-аяғы бос тұрса да қимылдауға шамасы келмейді, жаны кетіп қалған сияқты.

“Қорыққан мен қуанған бірдей” деген қатты қуанғаннан есім шығып қол-аяғымды жинай алмай тұрмын ғой. Қазір көңілім орныққан соң қалпыма келемін сонан соң барып бауырыма басамын ғой. Шыбын жаным-ау, қарайып тұрған түрін қара. Көрдім-ау, әйтеуір”, — дейді бұл өрекпіп. Баласы сап-салмақты. Қақаң-соқаңмен ісі жок, бала болып еркелеп, шолжаңдал көрмеген, тойған қозыдай монтиып отыратын, сол баяғы жуас, сүп-сүйкімді қалпы. Бұған да көптен көрмеген жандай зарығып, алып-ұшып бара жатқан пейіл байқатпайды. Жайғана жымиып құледі.

— Кімдікі дегенің не, өзімнің киімім ғой, апа, — дейді жайбарақат қана.

— Құлыным-ау, қарның ашып қалған жоқ, па? Жалғыз өзің қалай қүнелтіп жүрсің?

Баласы мұның сөзіне мәз болғандай езу тартып құледі. Көңілінде инедей уайым-қайғы жоқ,

— Қасында кім бар, жалғызырамайсың ба?

— Апа, қасымда жолдастарым көп, қорықтай-ақ, қой, дейді Мәлік.

— Қандай жолдас? Қайдагы жолдас оларың?

— Бірге оқитын, бірге жүрген балалар ше...

"Е, мұны әлгі балалар бағатын үйге алып кетті деп еді-ау" деп ойлады Рыс. Соңан соң баласына қарайды:

— Жаным-ау, мені осынша әуреге салғаның не? Қайда кетіп қалдың? Жер көкті шарқ, ұрып сені таба алмадым ғой.

— Апа, бізді базардан арбаға салып алған ағайлар көп балалардың ішіне әкел тамақтандырыды да поезда отырғызды. Мен сізді қашан келер екен деп жолға қарай бердім. Көп күттім. Келмедіңіз ғой.— Баласы өкпелегендей екі ұрты томпайып бүртия қарады. Рыстың жаны қеудесінен шығып кете жаздады.

— Жарық сәулем, сенің қайда екенінді білсем оттың ішінде болсаң да бармас па ем. Білмей лажым таусылған жоқ па мен бейбақтың.

Баласы үндемейді, жаңағы орнынан тапжылған жоқ әлі.

— Шырағым-ау, состоип түрғаның не? Жатырқап қалғансың ба? Бері таянсансы. Мен мына аяқ-қолымнан қалып отырғанымды көрдің бе? Апам өзі неге жақында майды деп ойлайсың-ау. Бармайын деп түрмүн ба.— Рыс өз дәрменсіздігіне ашуланып, ышқынып "мені не қара басып қалды" деп жүлкына умтылғанда оянып кетті.

Қараңғы үйде басын көтеріп турегеліп отырды. Жастығы шыланып қалған екен, аударып салды. Денесі дел-сал. Әлгі түстің әсерінен арыла алмай көңілі алайтулей. Өкпесі аузына тығылып, тынысы тарылып, алқынып бара жатқан соң далага шықты. Таң қараңғысы ұйыған төнірек тылсым қарауыта түсіп, жым-жырт мүлгіп түр. Ауыл адындағы бұлақ, жақтан бөбектің күлкісіндей былдырлаған бір сарынды ойнақы үн естіледі. Көктемнің шыққа малынған салқын түні жылы төсектен тұра салып көйлекшең шыққан Рыстың денесін тоңазытып, бірден сергітіп жіберді. Есін жиып, қалпына түскен соң жаңағы түсіне қайта оралды.

"Бейшара тірі екен-ау. Тірі ғой. Жаңағы тірі адамның кейпі ғой. Ажары жақсы, қабағында кірбің жоқ, Көңілі шат. Тамағы ток, үсті-басы бүтін. Күйі бар жерде жүрген

тәрізді. Қалай түсіме кірді. Әлде, хабары шығып қала ма?! Кім біледі жаратқанның жақсылығы аз ба? Жарылқаймын десе қын емес. Қеріп тұрып екеуміздің бір-бірімізге бара алмағанымыз қалай? Мұны неге жоруға болады? Қасыма келмейді, алыс жерде жүр-ау, сірə".

Үйден біреу шыққандай болған соң есікке қараса Зеркүл еken.

— Жеңеше, неғып тұrsыз, жалғыз өзіңіз, беймезгіл уақытта,— деп қасына келді.

— Бір тұс қөріп оянғаным.

— Жақсылық па?

— Білмеймін,— деді Рыс дел-сал күйде. Сонан соң көрген түсін, өз жорамалын айтып берді.

— Қайда еkenін кім білсін, бірақ аман-есен жер басып жүр өйтейір. Тірліктे көрісуді жаза ма тағдыр жазбай ма қайдам? Тек бәле-жалаған аман, өмір-жасы ұзак болғай, бейшараңын,— деді күрсініп.

— Жеңеше-ау, жақсы тұс қой. Ойнап-куліп шапқылап жүр ғой, айналайын. Амандық болса бір күні хабарын да естірміз. Көресіз әлі. Кездесесіз.

— Айтқаның келсін!

— Ертең бір жеті нан таратайықшы.

Шығыстан бозарып таң көрінді. Ұйып тұрган қараңылық байқатпай жылжып жасырынып жатқандай сай-сала өзгеше қарауытып, үстірт үстінің түні сейіліп, төнірек бозаң тартты. Сынаптай жылтырап Ақбұлақтың бастауы ағарандағы. Таңғы салқыннан жаурай бастаған екі әйел үйге кірді.

Осының ертеңіне түскі шайдан кейін үшеуі оңаша қалған сәтте Сәтім қипақтай отырып әңгіме бастады.

— Реке, мені жастайымнан білесіз. Осы ауылда өстім. Артымда қарайлайтын ешкімім жок, салт бас жігітпін. Рұқсат етсеніз қолдарыңызға келіп кірейін. Сіздерге де сырттағы шаруаларыңызға қарауыл, бас ие біреу керек емес пе?— деді.

Рыс күтпеген әңгімеге елең етіп алдындағы жігітке аңтарыла қарады. Бас-аяғына байыппен көз жүгіртті. Ат жақты, орақ мұрын, шегір көз, шықшыты шығыңқы құс мойын, кең маңдай, зор жүзді, ұзын сары жігіттің жанары жуас, қабағы ашық. Қауқалақтаған ақ, көніл, терісі кең, көнтерлі жан еkenін бір көрген кісі де

аңғарғандай. Малдас құрып, кеудесін еңкіш салып отырған күйі бұған тұра қарамай көзін жерден алмайды. Бала мінез, ар жағында ешиәрсесі жоқ, тұрган бойы осы Сәтімнің мына әңгімені шын пейілмен ақтарыла айтып отырғанына күмәні болмады.

Зеркүл де не айтасыз дегендей тәмен қарап бұған құлақ, түріп қалған. Өзі үндемей отырғанымен бұл әңгіменің бір ұшығы сонан шығып жатқанын Рыс сезді. Не дерін білмей тосылып қалды. "Жоқ" деп қайырып тастамады. "Мені қайтесіндер өздерің-ақ, бас құрап жараса беріндер. Бақ-талайларың ашылсын. Алдарыңнан жарылқасын", — деп кесіп тағы айта алмады.

— Қайдам өздерің біліндер. Ақылдарыңа салындар.

Сендер лайық, десендер мен қайда кетемін, — деді ақыры келіскең сиңаймен.

Тусырап жатқан топыраққа тасталған дән тез-ақ бертіп бырдай болып шыға келді. Жаз ортасына қарай үстірт үстінде сап-сары егін теңізі толқып жатты. Қырманға түскен қызыл дән құмның шағылындај жал-жалға созыла, молшылыққа жұрт бір кенеліп қалды. Күзге салым егінді жинап ылдига түскенде, ұста жігітті орталарына алып, қоныстанудағы үйіне бұлар үшеу болып оралды.

Сәтім тиіп-қашып ұсталық жасайды. Қала берді колхоздың қара жұмысын істейтін. Рыс пен Зеркүл де қарайлаپ жатқан бала-шағалары жоқ, салт басты, сабау қамшылы адамдай колхоздың қайда тіршілігі болса сонда жүретін. Көктемге сала Жақан келіп қолқа салды:

— Малға шықсандар қайтеді. Үш білдей жансындар. Қой бағу қолдарыңнан келеді сендердің. Мал іші береке, өздерінде де қол рой, — деді.

Ақылдаса келе бұлар да мұны макұл көрді. Колхозда ойдан-қырдан жиналып, бір қора қойдың басы құралып қалған еken. Соны алдына салды. Жайылымның ыңғайымен жаз жонға шығып, қыс құмға құлап, қоныстануды тастады енді. Таяғы құтты болып бір қора қой тәрт-бес жылда мыңғырған малға айналды. Орталықта отырғандарды мал бағуға шығара бастады. Малшылардың қарасы он-он бес үйге жетті. Өстіп көшіп қонып жүргенде Зеркүл екі ұлды болды. Алды апылтапыл басып, алданышқа жарап қалды. Емшектен

шыққан соң-ақ, Болатты Рыс бауырына салды. Соңан бастап баланың шешесімен жұмысы болмады. Осылайда бірге жатып, бірге тұрады. Зеркүл жазғанның да көңілінде қалтарысы жоқ еді. Кішкентайларын осыған икемдеп, бәлектемей өсірді. Екі сезінің бірінде "жеңеше-ау, мына балаларыңыз..." — деп отыратын.. Құні бүтінге дейін Болат та, онан кейінгі Серік те мұны "улкен апа" Зеркүлді "кіші апа" деп атайды.

Софыс басталғанда Болат төрт жаста, Серік емшектен шыға қоймаған еді. Жүзіне шырай кіріп, құлкісі келісе бастаған тіршілікке соғыс алапат дүрбелең салды. Аз уақыттың ішінде-ақ, ауылдағы ер-азаматтардың қатары сиреп қалды. Олар дүркін-дүркін майданға аттанып жатты. Ойын-құлкі тыйылды. Алғашқы бір-екі шақырудан "кейінге қалдырды" деп қайтып оралған Сәтімге екінші жылға қарағанда жаз ортасында тағы да шақыру келіп ауданға жүрді.

Екі-үш күндей аялдап, үйге кешігіп қайтқан оған бұл жолы Жақан ілесе келді. Есік алдында үн-тұнсіз аттан түсіп жатқан олар үйге кіргенше ләм-мим деп тіл қатқан ешкім жоқ. Төрге шығып жайғасқан соң "әлде қайтты" деп екеуі екі жақтан жәудірей қараған әйелдерге:

— Жөнелтетін болды,— деді Сәтім хабарын айттып.— Жұмаға ауданға бару керек. Бүгінгі күн сәрсенебі.

Екі әйел түржиді, бүрісіп отырып қалды. Сәтім де қайтып еш нәрсе демеді. Үй ішіне бір сәт ауыр тыныштық орнады. Бұл үнсіздікті Жақан бұзды:

— Елдің бәрінің басындағы зауал фой. Ала бөтен жағдай емес. "Көппен көрген ұлы той" деген. Уайымдамаңдар, шырактарым, арты қуаныш болсын деңдер.

— Біз қайтеміз, қоныстануға көшмеліз бе онда? Қайнаға, қойды кімге өткізесіз? Сәтім кетсе малда отырмайтын шығармыз,— деді Рыс шаруа ыңғайын сез етіп.

Жақан оның сезін аяқтапай киіп кетті:

— Рыс-ау, көшкенің не? Қайда бармақсың? Малды өткіземін дегендерің не, кімге өткізесіңдер? Кім бағады.

Қойшыны мен қайдан табамын. Бәленише отыр фой анау деп айтындаршы. Елдің бәрі көз алдарында фой. Бұл не деген сезің?

— Қайнаға-ау, Сәтім кетсе біз малға қалай ие бола аламыз, екі әйел, екі жас бала?

— Рыс-ау, сендер ие бола алмағанда мал бағу қолынан келетін кісіні қайдан іздеймін? Ер жігіттей екі жансыңдар. Өздерің бағып келе жатқан мал, үйренген шаруаларың. Күйеулері әскерге кеткен қойшылардың үйіне жәрдемшіге орталықтан бір-бір әйел әкеліп, теліп, селбестіріп отырмыз. Елдің бәрі осындей.

— Қайдам, қайнаға? — деді Рыс бетпақтыққа бара алмай, ыңғай да бере қоймай.

Жақан енді бастырмалатпай салмақты өздеріне арта жуаси сөйлемеді;

— Рыс, тұсінігің бар еді ғой. Менің де лажым таусылған соң асылып отырмын. Сендерге жамандық ойлайды дейсің бе. Қайтейін. Қыны екенін де білемін. Бірақ елміз ғой, бір амалын істемейміз де. Тұсін, шырағым, ойлап-ойлап өзде-ріңнен лайықты адамға тоқтай алмадым.

— Тәуекел етіп көріндер. Жақаң өзі зер салып, жағдайларыңды біліп тұрар. Енді қайда жіберді ол мады,—деді, көп үнде мейтін бір тоға Сәтім осы тұста сөзге араласып.

Рыс мойынсұнып қалды. Шай ішкен соң хош айттысып Жақан қайтып кетті. Кір-қоңын жудырып, жолға оны-мұны дайындағып Сәтім екі күн үйде болды да жұма күні таң алағеуімнен жолға шықты.

— Малға өзім ие бола тұрармын. Сен ауданға бірге барып шығарып салып қайт. Балаларды ала кет,— деді Зеркүлге. Сөйтіп жапырық сары атанға жадының үстінен текеметтен қоршаша жасап, екі баланы екі жағына отырғызып, Зеркүлді ілестіріп жіберді. Ертеңіне кешке қарай ауылдан алып кеткен артық-ауыс киімдерін, заттарын алған алақоржыңды тенденеп, торы атты атанның жетегіне алыш қайтып оралды.

— Бүтін азанда жүріп кетті,— деді.

Сол жылы, сол жүрттa, екі таудың ортасындағы терең жырада, тас бұлақтың жағасындағы жалғыз қараша үйде қара күзге дейін отырды.

“Жұт жеті ағайынды” дегендей елдің күйі кетіп жүдеп, жабырқағанына қарай сол жылы таудың қасқыры күтірінса болар ма. Алдыңдағы малға тал түсте

шабатынды шығарды. Кейде қора-қора болып, қаймықтай, төңіркеп, торуылдап жүреді. Құндіз балаларды үйге қамап, есікті сыртынан таңып, екеуі малдың екі жағынан қалмайтын болды. Тұн баласына кезектесіп құзетіп шығады. Эйтпесе көз жазып қалатын түрлері бар. "Бәлен жерде бәленшенің отарын қасқыр қырып кетіпті..." деген тәрізді қауесетті естіген сайын имандары бір уыс болады. Майдандағы жар, үйдегі баланы ұмытып, құдайдан әуелі алдындағы бір қора қойдың амандығын тілейді. Тұнде "тілсіз макұлыққа сенім бар ма, өріп кете ме әлде қайтеді", — деп малды даラға жатқызбай тас албарға қамайды. Эрі таң атқанша құзетіп отырады.

Құмға қарай әні құлаймыз, міне құлаймыз деп буынып-түйініп бірге көшетін басқа елді күтіп, қарайлағандарына біраз болған. Сүмбіле туған соң-ақ салқын тарта беретін тау ішінің қара суығы едәуір. Үйге от жақласа отыра алмайды. Малды қамап, кешкі тамақтарын ішкен соң, бүгін кезегі еді, Зеркүл құзетке шықты да бұл екі баланы қасына алып жатып қалған.

Ұйықтап кеткен еken. Түсінде атасын, бұрынғы қүйеуінің әкесін көрді. Берекелі, кең, қайырымды кісі еді. Келінің баласындағы санап жылы қабақ таныттып, тен ұстайтын. Бұл да алдынан өтіп көрген жоқ еді.

"Ойпырым-ау, мынау атай ғой, бұл кісі баяғыда қайтыс болған жоқ па? Қайдан жур? — деп аң-таң болып, бір жағынан қылмысты жандай-ақ тайсақтап оған тура қарай алмай бүгежектей береді. Ол кісінің ойында еш нәрсе жоқ тәрізді. Бұған салқын рай танытпайды. Сонарадайdan тұрып:

— Келін! — деп дауыстап, ар жағыңа қарашиб дегендей қолындағы ақ таяғын құннің батысына қарай сілтейді. Ол кісі нұсқаған жаққа жалт қарайды. Сөйтсе бұл биік бір таудың түбінде түр еken. Жоғарыдан күркіреп аласалыран тасқын құлап келеді. Зәресі ұшқан бұл көмек сұрағандай жалынып, атасы жаққа қараса ол кісіні енді көзіне түсіре алмайды. Не істерін білмей жанұшырған Рыс:

— Сүмдық-ай, ананың астында қалғанымыз ба, мына екі баланы қайттым? — дей бергенде оянып кетті. Тұла бойы үйип қалыпты. Жүргегі дүрсілдетіп әкетіп барады.

Есін жия алмай біраз жатты, сонан соң өзіне өзі келіп:

"Атам жарықтық түсіме қалай кірді, бұл қалай?" деп ойлай бергенде даладан әлдене дүр ете түскендей болды.

— Ойпырым-ау, мынау не? — деп бас жағында жастаңып жатқан шапанын алуға да мұршасы келмей үйден ата жөнелді. Күнде қолына ұстап жүретін, белдеуде қыстырулы тұратын жыңғыл шоқтар есіне түсіп, әйтеуір, соны тастамауды ұмытқан жок. Қораның алдына қалай жетіп келгенін өзі де білмейді. Іште апалаң-топалаң.

— Зеркүлші, Зеркүл! — деп аттан салды. Албардың ырына сүйеніп отырған күйі мызғып кеткен еken, қалбалактап ұшып түрегелді ол да.

Жүрек тоқтатып астын-үстін ала салыран болып жатқан қораға зер салып еді. Байқағаны шымқай қара қойлардың ортасында әлде қасқыр, әлде ит екенін ажырата алмады, бозалаңдаған бірнөрсе ойран жасап жүр.

— Ойбай, секір! Қораға түс. Қырды! — деп өзі жүгірген бетте албардың таудың беткейіне тірей салған, сырттан үстіне кісі аттап көтеріле беретін аласалау жағындағы жарынан ішке қарғыды. Жан қысылғанда адамның өлермен болып кететін әдеті. Қорку, үркү деген ойына кіріп шыққан жок. Тек бірінің үстіне бірі шығып бейберекет жөндікін малдың аяғының астында қалып қоймайын деп, жан-жағына жіті қарап, сақ қозғалып, құтырғандай алас ұрып, ана қойға бір шауып, мына қойға бір шауып, ойрандал жүрген жыртқышқа таяна берді. Бұл кезде адамды байқап қалған қасқыр қораның төрін тастай салып, албарға қарай тұра жөнелді. Сол келген бетте секірді. Албар іш жағынан кісі бойы биік қаланған еді, бірден ар жағына асып кете алмады. Алдыңғы екі аяғы жоғарғы кенерге ілініп, тырмысып, шыға бастағанда бұл да жетті. Қос қолдан көтерген жыңғыл шоқпармен бар пәрменімен бастың тұсы осы ау деп періп өтті. Сылқ етіп құлаған жыртқыш аунап тұрып қайта қаша жөнелді. Бұл кезде қасына қолында бесақасы бар Зеркүл де жеткен еді.

— Айрылып қалмайық, енді. Сақ бол. Құтылып кетпесін. Бір жағына шыға бер,— деп тапсырды өзі айнала қуып жүріп. Екеуі екі бүйірден қыспакқа алғанда

жан таласқан жыртқыш арс етіп, таяп келіп қалған Зеркүлге тұра атылды.

— Ойбай! — деп жан даусы шығылып қалған оған да қарамай Рыс өкшелей жетіп, албарға ырги берген қасқырды тағы періп өтті. "Ар-р" еткен ашы даусы шығып іргеге солаңдап құлап түсті. Сонан кейін-ақ, бас көтертпей үсті-үстіне пергіледі. Жыртқыштың шоқпар тиген денесі былқ-сылқ етіп, үні өшіп, тіршілік белгісін білдірмеген соң "енди өлген шығар" деп тастай салып, анадай жерде отырған Зеркүлге жүгірді. Ол үрейленіп қалыпты. Жанына келген мұның:

— Не болды? Амансың ба? — дегеніне дір-дір етіп жауап бере алмады. Шапанының бір жеңі жок, Білегінен дірдектеп қан ағып тұр. Қасқырдың тісі бұлшық еттің едәуір жерін жырып кетіпти.

Оны сүйемелдеп үйге алып келді. Даладағы дабыр-дұбырдан оянған болу керек екі бала түрегеліп тәсектің үстінде бір-біріне ұйлығып, бүрісіп отыр екен. Көрген соң қыңқылдаپ, жылап бұларға қарай жүрді. Қорқып қала ма қайтеді деп, оларды тәсегіне әкеліп салып, орап қымтады.

— Ой, айналайыңдар, кішкентай, неге тұрдыңдар?

Біз малды қарап келдік. Жатағойыңдар. Ұйықтаңдар,—деп аймалай, арқаларынан қағып жатқызыған соң, от жағып, су жылытып, Зеркүлдің жарасының қанын жуып, құрым киіз күйдіріп басты. Сонан кейін барып қорадан әлгі бәлені сүйреп келіп, үйдің жанындағы қомыт-қомшалармен бастырып тастады. Ертеңінде қидалап отырып терісін түсіріп алды, әйтеуір. Серектей болып жетілген қектемгі бөлтірік екен.

— Тұқымың өспегір, үлкендігі тайыншадай арлан болайын деп тұрган бәле екен-ау, — деді сойып жатып денесі түршігіп.

Тұнде қараңғыда қораны аралап шығып, тартып кеткені болмаса, әйтеуір, өлгені жоғын байқаған. Азанда шығарарда мұқият қарап, жарадар болған он шақты қойды бөліп алып қалды. Көбісінің құйрығынан бір-бір тартып кете берілті. Екі-үшеуі жеңіл тамақтанған. Бағып-қақса мал болатын. Біраз көлденең бейнетін айтпағанда, әйтеуір, өлім-жітімге ұрынған жок, Қатарға ілесіп кетті ақыры.

Ал Зеркүл шошымал болып ауырып, жарасы жазылмай көп азап тартты. Оған сездірмегенімен өзі іштей қауіптеніп: "құғырган қасқыр емес пе еken? Соңдай бәле болып сорлатпаса", — деп талайға дейін уайымдаپ жүрді Рыс.

Кейінірек жарасы жазылып, есін жиып, өзіне-өзі келген соң Зеркүлдің бірде:

— Женеше, сол күні, тап сол сәтте қалай ояна қалдыңыз. Сіз оянбағанда ана бәле тіпті малдың бықыртын шығарып, майып қылып кеткендей еken ғой. Ойбай-ай, ондай болғанда ендігі күніміз не еді?! Мына екі бала қайда қалар еді?! — деп сұрағаны бар.

— Е-е, Зеркүл, құдай көз жасымызды көрген де. Осы балалардың несібесі шығар. Біздің де иесіміз бар еken...

Жарықтық, желеп-жебеп жүреді еken ғой. Тіпті, көрінер көзге тұртіп оятқандай болды-ау,— деген Рыс.

— Женеше, иесіңіз не? Тұртіп оятқаныңыз кім?! Не деп отырсыз? Түсіндіріп айтыңызышы,— деді Зеркүл мұның жұмбактағандай әңгімесіне таңданғандай аңтарылып:

Рыс түн ортасында шырт үйқыдан қалай оянғанының мән-жайын баяндаған.

— Жарықтық-ай, ә. Жақсы адам еді-ау, атай,— деді Зеркүл толқи.—"Тұған жерден топырақ бүйірыма, бүйірмай ма" деп еді-ау сол кетерінде. Соңда білген еken ғой, шіркін, бүйірмайтынын. Айналайын, әруақ, қай жерде қалды еken сүйегі. Эй, опасыз дүние, "адамның басы — алланың добы" деген сол-дағы. Елден аластайтындаі не кінәсі, не ісі бар еді сол кіслердің. Жарықтық, иманды болсын.— Зеркүлдің мына сезінен кейін Рыс та ойына әлдене өкініштері оральп, жүрек түкпірінде шемен болып жатқан шерді қозғап жібергендей өткеннің бір көнілсіз елестерін кезіп кеткендей күйде еді...

Жиырма сегізінші жылдың жазғытурымғы шағы. Ел арқаға шығып, жайлауға жеткен мезгіл. Бұрын бұл уақытта бұл елдің ажар келбеті айдыны толған шалқардай шалқып, кемеліне келіп жататын кезі. Сән-салтанаты жарасып, той-томалағы жалғасып, ән-күйі аспандаپ, Бозкелдегі сұңқылдаған аққу үніне араласып, мына пәни тіршіліктегі бір мезгіл барлықтың, берекенің, елдіктің белгісін танытып көшпенді жүрттың арқа басы

кеңітін, мәре-сәре болатын уақыты еді. Бірақ биыл ондай желпініс жоқ, сияқты. Жұрттың қабағында көлеңке бар. Ел ішінде салқындықтың сыйы, белгісіз әлденеден үркектеу, аңтарылыс байқалады. Элде Рыстың өз көңілі солай ма, биыл бастарына бұлт үйірілгендей, еңсөні басқан ауыртпалықты түршіге сезінеді. Біраздан бері үрей болып ұялап, санасын шағып, маза бермейтін, бітеу жарадай сыздап, еңсесін жаздырмайтын түйткіл қүйден айрыла алмай-ақ, қойды. Алда әлдеқандай тауқыметті тағдыр тосып тұрғанын түйсігімен үққандай кебі бар-ды.

— Байлардың мал-мұлкін кәмпескелеп, өкіметке алып, өздерін көз көрмес, құлақ, естімес, итжееккенге жер аудараады екен,— деген сұық, хабар жеткелі біраз болған. Сонан бері ел іші гу-гу. Нешетүрлі алып-қашпа әңгімeden құлақтары сарсылғандай. Эр хабарға елеңдеп, әр сыйбыстан үркектеп, құндіз құлқі, тұнде үйқыдан айрыла бастаған.

Жаманат тегін шыға ма, кешікпей-ақ, бұл хабардың анық-қанығына көздері жетті. Жоғарыдан нақты нұсқау келіпті.

— Алдымен ірі байлар жер аударылады. Алғашқы кәмпескеге бұл төніректен тоғыз адам жатқызылады.

Олар бәленше-төленшелер!... Жақын күнде комиссияның адамдары барады. Аты аталған байлар буынып-түйініп дайын отырсын!

Ақыры бұл хабарды да естіп тынды.

Аты аталған тоғыз байдың біреуі Рыстың атасы Өкен қажы еді. Кешікпей әлгі айтқан комиссиясы да сау ете түсті ауылдарына. Келген бойда олар Өкенге қарасты әuletті жинап алып, үкімін естіртті:

— Мал-мұлкі түгел қатталып орталыққа өткізіледі.

Өкен Дәулет екеуі бала-шағасымен Оралдың арғы жағына жер аударылады.

Атасы зор ақсүр жүзі сақарға салып алғандай қуарып кеткен екен, қалтыраған саусақтарымен омырауына дейін төгілген салалы, ақселеу сақалын тарамдай отырып:

— Шырагым, бір сауалым бар еді,— деді.

— Сұраңыз,— деді тапанша асынған комиссия бастығы.

— Жаза, сот негізінен байға тиесілі үкім емес пе?

Онда бұл кесім маған қатысты болса керек қой. Бұл төңірекке әйгілі Өкен бай мына мен ғанамын. Ал анау келін-кепшік, әлі күнә жасына жетпеген балалардың кінәсы не?

Оларды да қаңғыртып, жер аударатындаі не қылмысы, айыбы бар?

— Айтпағыңыз не сонда?

— Айтпағым жоқ, Бір ғана өтініш білдірмек едім.

— Не, өтініш?

— Мына бала-шаганы шұбыртып, әурелемей, осында қалдырудың реті бар ма? Сол еді сұрамағым.

— Ол үшін қатындарыңыз сіздерге ілеспейміз. Ажырасамыз. Мұнан былай бұлардың әйелі, баласы емеспіз деп арыз беруі керек. Сөйтіп сіздерден бас тартса ғана олай етуге болады.

— Әп, бәрекелде, ол да мақұл екен,— деді атасы әлде кекегені әлде құп алғаны белгісіз.

— Бірақ, балаңыз Дәулетті қалдыра алмаймыз. Ол сізben бірге жер аударылады. Шешім солай,— деді үекіл жігіт бұл туралы қайта әңгіме қозғап керегі жоқ, дегендей кесімді түрде.

— Сіздерден ажырап біз қайда қалмақты? Не бар мұнда бізге? Өлсек те, тірлсек те бірге болайық. Бізде кетеміз,— деген Рыс атасына қарал.

Қария өні күреңітіл, басы салбырап, сәл сәт үнсіз қалды. Сонаң соң даусы қобалжи, үні қалтырап шыққанымен назарымен берік байлам аңғарта:

— Е, балам,— деді,— мен де бұл тоқтамға көрі жүректі сыздата, қабырғаны қайыстырып, сан ақылды сарсылтып, амалды тауысып барып тіреліп отырмын.

— Ата басқа түскенді бірге көрмейміз бе? Сіздерден жанымыз аяулы ма?

— Балам, бәрінді сандалтып қайтеміз. Бәріміз түгел қаңғығаннан біздің жүгіміз женілдейді дейсің бе. Қайын жүртқа қызырып бара жатқан жоқтыз. Алда не күтіп тұр? Не жазу бар? Ол бір тәнірге ғана аян нәрсе. Мына шиеттей балаларды қайда шұбыртамыз. Ел ортасында болындар. Тәуекел. Не де болса осы көппен бірге көрерсіңдер. Рыс, шырағым, ақылың бар еді ғой, ендігі бұлардың бас көтерері өзіңсің. Бір-біріңе сеп, қара серік болындар, лажы болса ынтымақтарынды бұзбандар.

Балаларды бір-бірінен бөлмендер. Жат қылмандар. Біз енді маңдайға жазғанды көрерміз. Орайы келсе, хабарларыңды алып тұрудың қамын жасармыз. Дәм-тұз жазып елге оралудың сәті түссе — аман-есен қайтып көрісірміз. Тәңірім лайым солай еткей. Біз Дәulet екеуміз басымызға бір үй алып, қазан-ошағымызды артып, салт аттанамыз. Кемпірді де, әуелі құдай, сонаң соң өздеріңе тапсырдым. Сүйегін қай жаққа артып жүрмекпін. Кетсе балаларының, сендердің алдарында кеткені дұрыс шығар.

Өкеннің әйелі, Дәuletтің шешесі, соңғы кезде төсек тартып жатқан науқас еді. Енесінің күтімін, ас-ауқаты, кір-қоңын бәрін Рыс өзі мойнына алған. Осы күтілбагатын. Атасының айтып отырғаны сол. Шынында енесінің көшке ілесіп жүретіндей халі де жоқ-тын. Атасы уәкілден екі күнге мұрсат сұрады.

— Жолға екі күннен кейін аттанайық, Оған дейінге кеңшілік жаса, шырағым. Жұртқа әйгәпір көрінген жерім жоқ, еді, кетейін деп жатқанымды естіген соң хош айттысу үшін арнайы ат басын бұрыш келетін ел болса керек.

Солармен жүздесейін. Бір екі күн сол ағайын, жамағаттың ортасында болайын, — деді.

Уәкіл бұл тілегіне рұқсат етті.

— Хоштасатындар осында өздері келсін. Осы жерден жолығысасыз. Ал сіз бұл ауылдан ешқайда аттап шықпайсыз,— деді.

Атасының айтқаныңдай бар екен. “Бүтін ертең Өкенді жер аударады” деп естіген тәңіректегі елден келмеген кісі жоқ. Кейбір қадірі өткендері сойысын жетекке алып, қосын артып келіп, осы ауылдың ішіне тігіп, қона жатты. Атасын кезек-кезек шақырып, екі күн қонақ етті. Тапа бір ас бергендей-ақ, ауыл үстін екі күндей жан-жактан жиналған жұрт дүмел жатты. Күнді күнге, таңды таңға үрып, талай әңгімелер сапырылды. Талай тарих, талай шежіре шертілді. Қатын-бала, жастар жағы ара-тұра қамығып жылап алса, көнекөз қариялар жағының сөзінің тірелер төркіні — болған іске болаттай берік болу, алланың рахымынан құдер үзбеу; пендеge жақсылық та, жамандық та тәңірінің өзінің бүйрығымен; оған күпірлік жасап таусылғанмен, алас үрып, басты тауға

ұрып жанталасқанмен, жанды жаралап мүжілгенмен, жаратушы жалғызың пәрменінсіз, ештеңені орнына келтіре алмайсын; ең дұрысы — төзім мен шыдамға ден қойып, тәуекелдің қайығынан ажырамау.

Бұл өситет, тілек, жұбату, жер ауғалы отырған Өкенге де, артта қалғалы отырған бала-шағара да ортақ, тиесілі ықылас, ниет, қайрау, қуаттандыру болатын. Тіршіліктегі сыйласқан қимас ағайынның алды болжамсыз, екі талай мына зауал шақта шыбын жандары отқа түскендей шырқыраган бұларға — Өкен әuletіне жасаған бар қолынан келер жақсылығы дәрмені осы еді. Уа, шіркін, ағайын, сонысымен ағайын да. Қайран бұрынғының адамдары. Заты бүтін екен-ау. Осы жылы сөз, жылы қабақ, шын жанашыр ыңғай — ықыластарының өзінен осы екі күнде бұлар қандай демеу, сүйеніш тапты десейші. Кететіндегі артында әрдайым есіне алар, жақсы жаманын таразылар іргелі елі барын, қалатындары арқа сүйер, есіркеп маңдайынан сипар жүрттының ортасында екенін сезініп, бір ауық, шүкірлігін де ұмытпағандайтын.

Пенде шіркін, әрдайым жақсылықтан дәметеді-ау. Үмітпен, емексүмен өмір суреті ғой. Әлгі екі күнде мына ығы-жығы жүрттың ниет-пейілінің әсері ме, Рыс уайымы сейіліп, еңсесін жазып, алдағы күнге жаманат жалғамай, үміт арта қарағандай күйде журді. Тіршіліктің кейінгі кезіктірер зобалаңдарынан хабары болсайшы. Ұш ұйықтаса түсіне кіріп пе мұншама тауқымет тағдыр. Әсілі кеткені келетіндей, кемтігі толатында, түбі бәрі қайыр болатында, біраздан соң атасымен де, күйеуімен де қайта табысатында ой көніл түкпірінен өшпеген. Дегенмен бас ие, ең ет жақындарынан ажырасу да онайға түспеді.

Екі күн өтіп, ушінші күні азанымен уәкіл жігіт атасына:

— Өзіңе тиесілі жүгінді буып-түйіп, енді кідірмей аттанаңын, — деп өмір берді.

Атасы онсыз да қара жамылғандай бастарын көтере алмай тәніректерін қоршаған үпір-шүпір балалардың ортасында бүрісіп, бүрісіп отырған екі келініне — Рыс пен Зеркүлге үйді жығып, жүкті артындар деп айта алмай; ауыл-үйдің басқа әйелдерін жұмсады.

— Шырақтарым, біз енді жолға шығайық, Бұйрық, солай болған соң бұл отырыстың жөні жок. Мына түрган үйлердің ана бір кішілеуін жығып, арбаға тиендер. Көрпе-төсек пен жол азықты буып-түйіп сонда салындар.

Ол кісі осылай дегенде төңіректі қаумалаған жұрт демдерін іштеріне тартып, тым-тырыс күйде, үнсіз теңселіп кеткендей болды. Таңғы самал да лұп еткен лебін тоқтатып, ұшы-қырына көз жетпей, теңіздей толқып жататын арқаның бетеге, бозды, ақселеу даласы да осы сәттына қалғандай. Мына қан жұтқандай қабаржыған көплөн бірге дарқан табиғаттың да қабырғасы қайысқандай ма, қалай. Осынау тылсым тыныштықтан тұншығып кеткендей, қыстығып барып Рыс:

— Оу, халайық! Қалың жұрт-ау! Тапа-тал түсте, тірідей бұлай жарылып, бөлінетіндей, қарашаңырақ шайқалып, ортасына түсетіндей не жаздық?! Не қылмысымыз бар еді?! Қарғысқа ұрынатындағы не ниет-пирғалымыздан таптық?!

Ел жұрт-ау! Бұл не зауал?! Орталарыңнан ит қосып қуатындағы әкелі-балалы екеуінен не көріп едіндер?! Не жамандық, жасал еді сендерге?!— дел оқыс дауыс салып жібергенін өзі де байқамаған. Эрең шыдап отыр екен, Зеркүл іле аңырап берді. Ауылдың басқа қыз-келіншектері келіп олар қосылды. Ел еңсесі түсіп, күніреніп кетті. Көптің мына азасы жандарына батқан ауыл үлкендері оларды сабырға шақырып, басу айтып, амалдары таусыла бас шайқасты.

— Қойындар, қарастарым, бұларың не, жаман ырым шақырып? Қойындар,— десті.

Дауыс салғандар мен оған сыңсып қосылғандарға Өкен қажының өзі:

— Тоқтатындар, шырақтарым! Тәнірдің ісіне дауа жок.

Заманың ағымы, тағдырдың салғаны шығар. Қойындар. Өздерінді өздерің босқа қажытпандар,— деген соң барып тоқтаған.

— Үйді жығындар. Жүкті буып-түйіндер енді,— деді соナン соң қажы төңіректегі әйелдерге жағалай бұрылып.

Бес-алты әйел самарқау басып, ықылассызы қозғалып, топтан бөлініп шығып, үйдің бау-шуына қол тигізді.

— Жығып, артындар тез, шырақтарым,— деді қажы тағы да.

Әйелдердің қымылы өнбей қойды. Үйді сәскеге дейін жығып бітпеді. Ұықтың әр бауын сүт қайнатым айналдырып, әрең шешеді. Ара-тұра керегеге маңдайларын сүйеп өксіп-өксіп алады. Жағалай елде үн жоқ, Осынау іске әрқайсысы өзін кінәлы санағандай тұғжып-тұғжып қалған. Бастарын көтермейді. Осынша сылбырлыққа шыдамы таусылған уәкіл ашу шақыра бастады:

— Мен осы ауылда еріккенімнен жатқаным жоқ, Мыналардың көшін жөнелтіп, басқа жер ауатындардың тобына апарып қосуға міндеттімін. Соған жауап беремін. Онда күтіп отырған адамдар бар. Бұл не деген тәртіпсіздік.

Таңтереңнен бері әлі жалғыз үйді артып бітпедіндер. Давай, жылдамдатындар!

Әйелдер бұған да лып етіп, қозғала кеткен ыңғай танытпаған. Сонан кейін Өкен қажының өзі дауыстай бүйірды.

— Болындар енді, тез, шырақтарым! Бізді жолдан бөгемендер! Күн ысымай ертерек аттанайық. Сендер қимағанмен, мен қимағаныммен не лаж бар?! Қайтеміз?! Енді кешеуілдей берудің реті жоқ. Тез жығындар, артындар шырақтарым!

Жүк тиеліп біткен соң, Дәulet делебені қолына алғып арбаға отырды. Өкен өзі салт атқа мінді. Шу деп олар қозғалғанда Рыс жүргегі бірге үзіліп кеткендей сезінді. Көз алды бұлдырап басы айналып бара жатқан соң, қасындағы әйелге сүйенген. Аттанар алдында кететіндер бұлармен де, бар жүртпен де қайта-қайта қоштасып, кешу сұрасқанымен қалың көп арбамен қосыла жылжыды. Ұбақ-шұбақ шұбырған елдің алды қозы көш жерге дейін қалмай, ілесіп барады.

Рыс балалармен бірге арбаны қоршай қалдайынан ұстап, жүріп келе жатқан. Ауылдың қарасынан едәуір ұзап елсізге шыққан кезде арт жақтан шыңғыра кісінеген ат дауысын естіп жүрт жабыла түгел қараган. Осылай қарай кесіле шапқан жалғыз жылқы, оны ілесе қуған екі аттылы кісі көрінді. Рыс көзі түскен бойда, жазбай таныды. Атасының Қарагер айғыры. Қажы тек ас-той, ел бас қосқан жиынға, алыс жолға шыққандаған

мінетін, басқа уақытта үйір ішінде жүретін мал басы, мал киесі саналатын, осы төңірекке әйгілі, айтулы айғыр еді. Қазір Өкеннен кәмпескеленіп алынған мадың ішінде, жылқыда үйірде болатын. Жануар иесінің алыс сапарға аттанғанын сезгендей артынан қуа шыққан күйі тәрізді.

Жұрттың бәрі:

— Ойпырым-ай, ойпырым-ай!

— Жануар-ай, жануар-ай,— десіп бәгелісті.

Шырқыраған айғыр иіріліп тұрған көпке таянғанда шабысын бәсендеткен, осы кезде соңындағы құрық, безенген қос құғыншы қапталдаса қуып жетті. Көпке жанастырмай сол бетінше кейін қарай қайырмалай жөнелді.

Атасы Қарагердің даусын естігеннен-ақ бұрылып, елдің сол жақ шетіне қарай қағылып, екшеліп шыға берген. Жақындағанда ат басын тартып қарап тұрды. Рыс ойлаған: "Қарагер келген бойда атасы мінген торының шоқтығына жанасар. Ол кісі қоштасқандай жалынан, сауырынан сипар, "жануарым" деп емірепнер",— деп, бірақ екі құғыншы қол созым жерден жеткізбей құрықтың астына алып жалт қайырғанда қажы әлденеге өкінгендей, әлденеге оқыс ұмтылғандай ұмысынып барып, оң қолымен атының жалына сүйеніп ошарылып еңкейіп қалды. Сөйте тұрғанымен екі құғыншыға — кішкентайынан көз алдында, қолында өскен екі жылқышыға: "Әй, тоқтай тұрыңдар? Оларың не? Жіберіңдер"— деп дауыс көтермеди. Еңесінен бір зілбатпан салмақ түсіп бойын жаздырмай қалғандай ер үстінде шөгіп, екі бүктеліп кетті. Құғыншылардың қарасы ұзағанда барып көш орнынан қайта қозғалды. Елдің біразы осы жерден тағы қоштасып, жылап-сықтап, кейін қалды да, біразы бөлінбей көшке іlestі. Арбаның қалдайына сүйенген бойы құр сүлдерін сүйреткен Рыс кенет көз алдында әлдене бұлаң еткендей болған соң, басын көтеріп айналасына қараған. Өз көзіне өзі сенбегендей таң қалды. Бұларға аулақтан орағытып, Майлыаяқ бүлкілдеп келеді. Мана атасы алып қал деп тапсырған соң, Рыс өзі қылшылбырмен қазыққа мықтап байлаап кеткен Майлыаяқ, мойнында жіптің үзіндісі, тісімен қып босанып, кеткені көрініп тұр.

"Қап, бағана үйдің ішіне қамап, байлад кетпегенім-ай!" деп өкініп, енді қайта ұстап алудың, қамын жасап: "Майлыаяқ, Майлыаяқ" деп шақырып таянып еді, төбет бұған айыбын мойындағандай жуас жалтақтай қарап қойып, қашқақтап, жақындар ыңғай танытпады.

"Енді қайттім, қап мынаны-ай! Майлыаяқ, Майлыаяқ", — деп соңынан ілесе қуған. Ит жылыстап, қашықтай берді. Сол кезде атасы:

— Шырағым, әуре болмай-ақ, қой, жүре берсін,— деді.

"Ай, Майлыаяқ, бізден сен де тәуір екенсің, есебін тауып атамдарға ілестің-ау", — деп ойлады Рыс неге олай дегеніне өзі де мән бермей.

Сонан сөл жүріп алдағы кезеңге көтеріле бере көштің алдында келе жатқан атасы ат басын тартты:

— Ал, айналайын, ел-жұрт, ұлкен-кіші жұрагат, осы көңіл, осы ықыластарыңа рахмет. Енді бізге рұқсат етіндер. Осы жерден айрылысайық, Артқа қайтындар! — деді.

Келе жатқан көпшілік те бұл шешімге тоқтағандай қайта қол алысып, қайта қоштаса бастаған. Атасы жүрттың бәрімен ат үстінде отырған күйі қол ұстасып, құшақ қауышқан. Сол рәсім аяқталып болған соң Рысқа бұрылып:

— Шырағым, бір уыс топырақ алып берші, — деп қойнынан шаршы орамал шығарып, ұсынды. Рыс беткейдегі жусан түбінің құм қайырынан тырнағымен қазып-қазып жіберіп, саусағымен көсіп, уысын толтырып, орамалға салды. Орамалын түйіп, қойнына қайта тыққан соң, қажы дауысы құнірене толқып:

— Ya, қайран елім, қайран жерім, хош! Ya, шіркін дүние, туған жерден топырақ бүйіртасың ба, бүйіртпайсың ба, — деп аттың жалын құша екі жағына кезек тенселіп, көзінен екі тамшы жас ыршып шығып, сол күйі "шу" деп атын тебініп жіберді.

Өмірінде атасының қалыптан шығып қобалжығанын, күйзелгенін көргені осы шығар Рыстың. Соншалықты сағы сынып, рухы түсіп, буын-буыннынан әлі кетіп, өзіне өзі ие бола алмай жүресінен отыра кетті. Көш ұзағанша орнынан қозғалмаған күйі екі көзі бозарып қара жолдың бойындағы қарайғаннан көз алмай телміріп қарай берді...

Сол жолы осы төніректен жер аударылғандардан елге қайтып оралған кісі жоқ. Көбісі бара жатып-ақ жол азабынан шетінеген сияқты. Солардың бірі атасы мен күйеуі Дәulet екенінің хабарын кейін естіді бұлар.

Оларды аттандырып салған соң, көп кешікпей енесі үзілді. Қысында қызылшадан Рыс есейіп, ер жетіп қалған, етіз қозыдай тете екі қызын қара жердің қойнына берді. Оnan кейінгі тіршіліктің суренің, тіпті, айтары жоқ. Кім біліпті адам баласының басына соншалықты зобалаң туа беретінін. Пенде шіркіннің соншалықты итжанды, өлемен екенін. Адам баласы қайғы мен бейнетке жансебілдікпен шыдай береді еken де. Атасы жазған артында қалса, ел ішінде болса өзінен тараған әuletі — балапандары аман-есен жүретіндей, өсіп-өнетіндей көрген шығар. Соны мынау болды. Өken әuletі жоғалған жоқ, “бар деп те айта алмайсың, біttі деп те айта алмайсың. Осыны ойласа Рыс өзін әруақтың алдында айышты жаңдай сезініп пұшайман күйге түседі.

“Сонда ілесіп, неге бірге кетпедік. Жұрттың ортасында қалғандары шыққан ұшпағымыз қайсы. Ақыр бір өлім еken бала-шағасы көз алдына өзімен бірге кеткені дұрыс еді-ау. Күйігі мен жаласын мен арқалағандай болмай”, — деп те опынатын.

“Дүние шіркін, осы еken ғой! Бұтіндік жоқ, Пенденің есебімен болатын тіршілікті көре алмай келеді. Сонда да бұл жалғанды талқаны таусылмай тастайын деп жүрген жан жоқ. Эрнеге бір малданып, күн өткізе беретін тәрізді. Әуре тіршілік деген өслі осы шығар”, — деп те топшылайды кейде Рыс, ойлай-ойлай ешнэрсенің ұшығына шыға алмай дағдарған сөттерінде.

Ал өмір — өзен, әрине, өз ағысымен аға берген...

* * *

Жеңістің хабарын бұлар көктемгі мал төлдетудің бел шешпей түн қатып өткізген қым-куыт науқанынан бас ала бергенде естіді. Ел құмнан шығып келіп малды осы қоныстанудың төңірегіне төлдететін. Сол дағдымен “Қоянды” қырқасының етегінде отырған. Түске таман орталықтан шауып шыққан салт атты кісі арадағы екі-үш малшының үйіне ат басын сәл аялдатып кідірді де, ерден түспеген қалпы бері қарай салды.

— Мынау кім өзі, қалай-қалай жүреді? — деді Зеркұл таңырқай қарап. Бәрі қораның төрінде тұрған. Рыс тегін шапқылап жүрмеген адам екенін байыптады.

— Баяғыда тойшыкеш шабармандар өстіп жүруші еді — деді күліп. — Мынау не сүйінші сұрап, не тойға шақырып жүрген біреу фой.

Ә дегенше аттылы таяп қалды. Ауылдағы ересек балалардың бірі екен.

— Апа, сүйінші! Соғыс бітті! Біз жеңдік! — деді бала сонадайдан айқайлап, қуаныштан есі шығып кеткен. Тап бір өзі жеңіп қайтқандай масаттанып, масайрап сыймай келеді.

— Аузыңа май, айналайын!

— Көп жаса, қарағым. “Жақсы сөз жарым ырыс”.

Мұны еститін де қунге жеттік, шүкір! Шүкір, — деді тұрғандар көзіне жас ала толқып.

Рыс әлгіні айта салып, әрі жөнеп бара жатқан баланы тоқтатты:

— Қалқам, бұл хабар қашан келді? Сені кім жіберді мұнда?

— Жаңа келді, апа! Мені Жақан ата жіберді “Осы жақта отырған барлық малшылардың үйіне тез хабарла”, — деді. Міне, мынау сол кісінің аты, — деп бала қайта шаба жөнелді.

Рыс енді байқады, баланың астындағы Жақанның қызыл айғыры екен.

— Елді қуант деген фой, қайтсын. Өзі міне салып шабатын шама жоқ. Көп тілеуі киелі фой, жарықтық. Тілектері болды. Мұныңа шүкір, жаратқан, — деп Рыс құлдырай шапқан баланың артынан ұзақ қарап тұрды.

Мына бала әлгі бір елең еткізген, өзі ала келген қуанышпен бірге көңіліндегі қай-қайдары сағынышты да қозғап кеткендей. “Тәңірден сұрағанның үяттығы жоқ” деген пенде, шіркін, қуанышқа тойған ба. Көппен бірге күткен ұлы жақсылыққа жеткен күні көңілі алабұртып, іште жатқан өшпейтін үміт отына жел тигендей шоқтанып, көкейді тескен арманды ой әр қиялға жетелейді. “Мәлігім жаңағы балалармен қатар еді қолымда болса өстіп әжетке жарап қалар еді-ау”, — деп толқып тұр. — Тірі болса қайда жүр екен? Қандай болды?” Баласының қазіргі есейген күйін көз алдына елестеткісі келіп өуреленеді.

Сәтімнен кеткелі бері хабар үзілген емес. Бірде: "Жараланып госпитальға түсіп қалдым" десе, бірде: "Жазылып шығып майданға жүретін болдым" — деп жазады. Кейінгі кезде кілең: "Жауды қуып барамыз, жеңіс жақын" дейтін. Эйтеуір, амандығына кәмбіл бұлар.

— Дәм бүйірса келіп қалар, — деп отыратын.

— Ойпыр-ой, бұл неғылған бітпейтін ғазабат. Жердің де тубі жоқ, еken, жарықтық. Элі қуып барамыз дейді. Тіпті жететін емес қой, — деп кейде шыдамдары жүқара сарғаятын шақтары да бар.

Софыс бітті деген соң сол қуні келіп қалатында елеңдеп, енді бір хабары болар деп күнде қарайлағанымен жуық, арада Сәтімнен тырс еткен дыбыс естілмеді. Сол екі арада қозылар аяқтанып қалды да тауға көшті. Енді орталықтан жырақтаап, хабар-ошары да кенделеп: "Япырай, бұл қалай болды" деп уайымдап құдіктене бастағанда ойда жоқта, жаз ортасында Сәтімнің өзі жетіп келді.

Үй таудың ішінде баяғы сол өздері жайлайтын бұлақтың басында отырган. Шілденің іші. Қун ысып, беткей, жондар сарғайып кеткен. Бұлақ, төңіректері мен сай табандары ғана әлі, ойдым-ойдым, көк торғын түсін бермей дала реңі сары паракқа шашыраған сиядай шүбарланған кез.

Әдеттегідей бүгін де маңды ертегеліп өргізіп, салқында жайып келіп, құн қайтқанша бұлақ, басына жусатып, дамылдалап, түскі шайын ішіп отыр еді. Үй іргесінде, көлеңкеде жатқан ит шәу ете түсті. Артынша дүсірлеген ат түярының дыбысы естілгендей болды. Төменгі жақта отырган Зеркүл турегеліп түрулі есіктен басын шығарып, сыртқа көз жібергендей еді. Сол сәт үн жоқ, түн жоқ, тұрып қалды. Оны байқаған Рыс:

— Зеркүл, ол кім, біреу келе жатыр ма? — деді елеңдеп.

— Женеше-ау, Болаттың әкесі — деді ол даусы дірілдей, өңі бозарып, босағаға сүйенген қалпы. Рыс:

— Қойшы, не дейді, қане? — деп үшып түре келгенде есік алдындағы кішкене белеңнен бері асып келе жатқан екі аттылы қөрінді.

— Жаным-ау өздері екі аттылы ғой, бірі кім?! — деді Рыс ә дегенде көзі түскен оң жақтағы сүр гимнастерка,

сүр шалбар сол түстес мая жон телпек кигеннің Сәтім екенін жобалағанымен қасындағысын бірден ажырата алмай. Сол сөт тұла бойында ду еткен қуаныш толқынымен қабағат дүдемәл бір үміт те қөніліне оралып елеңдей қалған. Тізелері дірілдеп, жанары бұлдырап, кез алдына сағым толқығандай болды. Аңғалағын алақанымен үқалап жіберіп қайта назар салды. Ересек кісі тәрізді.

— Е, ауылдан ілескен біреу болды ғой, — деді орта қоңілденіп. Соңан соң өзінің бұл тұрысына қарадай ыңғайсыздана: “Ей, мұным не, ер азамат ат көлік аман келе жатқанда қуанбағаным ба? Баладан баяғыда айырылған жок па едім, ендігім, не, жаңа жоғалтқандаи болып”, — деп бойын түзеп алды.

— Болат! Болат! Серік! Әкең келді! Әне қарандар, жүгіріндер алдынан! — деді өзі сыртқа шыға беріп. Сол ақ екен екі бала таянып қалған аттыларға қарай құлдырай жөнелді. Олар жете бергенде Сәтім де аттан домалап түсіп, ұлдарын бауырына басып, кезек-кезек иіскең, сүйіп көпке дейін құшагын жаза алмады. Жүтіре басып бұлар да жетті. Жанындағысы Жақан екен. Рыс пен Зеркүлге құтты болсын айтып, “көз айым болдындар ма” деп қуаныш білдірді.

Сәтім бір баласына пилоткасын кигізіп, бір баласына белдігін байлагап, екеуін екі жағына алып, мәре-сәре болып үйге қарай жүрді. Зеркүл бұрынырақ бара бермек болып асығыс басып алға түсті. Рыс ат жетелеп Жақанмен әңгімелесе соңынан келе жатыр. Жақан жүдеулеу екен. Жөтелі шығып жүр деп естіген. “Қалайсыз” деп денсаулығын сұрады.

— Е-Е Рыс шырағым, денсаулықтың несін сұрайсың, қайта жарадым, осы кезге дейін сүйретіліп келдім. Оған да рахмет.

— Өзі жасы келген кісіге бейнет те асып кетті-ау мүлде. Сізге не сын,— деді Рыс шын жанашырлық білдіре.

— Рас, шырағым, оның. Бұрын күтінумен жүрген жан ғой біздікі. Бала кезден қалған ескі ауру еді. Сол кейінгі кезде білініп, қозып кетті.

— Енді өзінізге-өзініз қарамасаңыз болмайды ғой.

— Осы жолы қызметті өткізіп рүқсат алдым. Шүкір, елден дәм бұйырған азаматтар келді ғой. Адам табылмай

отыр дейтін емес. Солар өзі басқарсын, қызметін істесін. Қыны кезде аянғаным жоқ, енді босат дедім. Сөйтіп ауданның ризалығын алып, жұмысын тапсырдым. Осы келгендегі ойым: "таудың ауасы жақсы, қаңғыр-куңгір әңгімелесіп отыратын мына Сәтім келді, өздерің бар, осында біраз жатып, ақ, ішіп, аунап, кунап қайтпактын", — деді.

— Оныңыз жөн,— деп қошуақ алды Рыс.

Софыстан кейінгі жаз елдің еңсесін көтеріп, ойын-күлкісі жарасқан жайма-шуақ жыл болды. Қызық сағынған жұрт тұрмыстың әлі де тапшылығымен санаспай сәл нәрсеге бола ду етіп той-домалақ жасап, арқа-жарқаланып қалады.

Сәтім келіпті дегенді естіген соң, осы төңіректегі малшылар сау етіп, жиналышп қалды. Талай жылдан бері бүйрек-майы бітеу жүрген көк серкені алыш ұрып, Сәтімнің ерінің басынан алынған ат дорбадағы төрт-бес шөлмекті ашып, салтанатты шағын ауылға бек жетерлік той өткізілді. Тіршілік ағыны кең арнаға түскендей бірте-бірте тынышып, сабырлы қалышпқа енді.

— Бәйбіше, балалар оқуға ілігіп қалды. Біз Зеркүл екеуміз-ақ, мал соңында болайық, сен орталықта отырып, осыларды оқытсан,— деді Сәтім күзге салым оқу басталар алдында.

— Болатжанға, тілті, обал болды, жасы асып барады,— деп бұл да макұл көрді.

Сонан Рыс балалармен қоныстанудан орын тепті. Күз құмға көшерде Сәтім отын-су, тамағын дайындал беріп кетеді. Жазға қарай оқу тараған соң жайлайға көшіріп алады. Сөйтіп жүргенде балалар мектепті бітірді. Болат шофер болып қолға қарайлады да, Серік үлкен қалаға барып оқуға түсті. Сәтім мен Зеркүл мaldan пенсияға шыққан соң бір-ақ, босанды. Орталықтан жаңадан шифрлап, үлкен үй салып сол біткен соң олар да көшіп келді. Окудағы Серіктен басқасының бәрінің басы қайта қосылды. Болат аяқтанып, біраз жаман немелі болды. Кішкентайларды Зеркүл мұнан бұрын алыш иіскемейтін, жазған.

— Үлкен әжеңе бар, үлкен әжеңе бер,— деп отыратын үнемі. Сонан құлақтарына сіңісті болып қалған. Немерелерінен біреу.

— Кімнің баласысың десе, олар:

— Үлкен әжем баласымын,— дейтін ылғи.

Осыдан біраз жыл бұрын екеуі де мезгілі жетіп дүние салды. Соның, аз алдында Зеркүл, топырағың торқа болғыр, басында отырган мұнымен кешу айтысып жатып:

— Женеше, көңілінді қалдырган жерім болды ма? Алдыңнан шықпасам деуші едім, — деді.

Рыс елжіреп, қалай егіліп кеткенін байқамай қалды. Көзінің жасымен алысып отырып, науқастың қолын мейірлене сипалай берді:

— Айналайын, екі жалғанда ризамын саған!

Зеркүл мұның сезін қошуақ, алғандай басын изеп, күлімсір езу тартты. Сақардан шыққандай боп-боз жүдеу жүзіне білінер-білінбес сәл ғана қызыл шырай жүтіргендей болды. Сонан соң төбеге қарап біраз ойланып жатып:

— Кәрі кісінің көңілі кінәмшыл болады. Балалар әлі жас қой. Жас адам кейде еш нәрсенің қадірін біле бермейді. Бір нәрседен ренжіткен сәттері кездессе қапа болмаңыз. Сізге бөтендігі жоқ, еді гой балалардың, — деді.

Рыс тыныштандыра сөйледі:

— Ол не дегенің, Зеркүл!

— Жай айтқаным гой, женеше, — деді бұған қимас қабақпен жәудірей. Сонан соң: — Шіркін-ай, Мәліктің тірлікте бір хабарын білмедік-ау, — деп күрсініп әрі қарады.

— Кездесуге бұйрық болмай тұр да. Бір жерде тірлік етіп жүр ғой. Әттең, кім білген. Баяғыда-ақ, адам қатарына ілікті ғой, жарығым. Ендігі үйлі-жайлы, балалы-шагалы болып өсіп-өніп кеткен шығар. Қайтейін, тірі жүрсе амандығын тілейміз де, соны дәтке қуат дейміз де. Бұл жалғанда жүздесуді жаза ма, жазбай ма, ол тәнірдің еркінде,— деп Рыс сыртқа шығара бермейтін сырның бір ұшығын сездіріп үндемей қалған. Осыдан көп кешікпей Зеркүл дүние салған.

Біреуге ерте, біреуге кеш деген. Олар жер бетінен кеткелі қашан. Бұл болса бұйрықты несібесін татып әлі жүр. Әлі жүрмін деп ренжімейді, бірақ, Жарық, дүние шіркінге не жетсін. Бір күн де болса тірлік жақсы. Тек

жатса, тұрса балаларды ойлап, тілейтіні: "Осылардың бірінің жаман атын естіртпей, алдында алса екен", — дейді. Бар арманы осы.

Балаларының көңілінде де титтей кінәрат жок, Өзі Болаттың қолында. Енді қара жүрттағы қара шаңырақтың иесі сол. Жеті-сегіз кішкентайы бар. Ал Серік баяғы үстіртке салынған заводқа оқуын бітіргеннен кейін инженер болып қызметке кірген. Сондағы жаңа қалада тұрады. Демалыс сайын "жигулиін" жылтындағы "апалап" жетіп келеді. Оның да үш-төрт күшігі бар. Шүкірлігін айтып, айналып-толғанып Рыс отырады. Бар тілегі балаларының амандығы. Бар тілегі елдің амандығы.

— Бүгін күн жұма рой, қалқам, атаң мен кіші әжеңнің басына зианат етіп қайтайық, — деп нәмерелерінің бірін ертіп алып, шырттай киінген, кимешегі қарқарадай қара сұр кемпір әр аптада ауылдың батысына қарай аяңдап бара жатады.

КӨГІЛДІР ҚОЙНАУ

Дағарадай-дағарадай қос терезесі қайтар күн жаққа қараған кең бөлменің іші қаракөлеңке. Сырттан, жарықтан кірген кісі ә дегенде көзі байланып, төңірегін шамалай алмай дағдарып тұрып қалады. Оңтүстіктің шөлейттеу даласына қоныс тепкен бұл ауылдың жаз болды дегенше терезелерін осылай қараңғылаپ ұстайтын әдептері. Эйнектің ішінен не сыртынан қалыңдау, қоңырқайлау бірнәрсе тұтпаса, қабырғадағы кесекке дейін табы өтіп кететін күннің ыстығы үйдегі жанды шыдатпас та еді. Бірақ, әлі шілде түсे қойған жок. Алып бара жатқан ыстық, та шамалы. Дегенімен әбден дағдыланған әдет. Жаз басталды дегеннен бұл үй де терзесін түмшалап алған.

Есіктен кірген бойда Жұмакұл маңдайын жарға тірегендей қалт тұрып қалды. Кірпігін жыпылық-жыпылық қағып, көз жанары төңірекке мағынасыз сүзіледі.

—Папасы-ау, барсың ба?—дейді осы жақта болар деген түйсікпен жүзін бұл отырған жаққа қарай бұрып.

Өзімен-өзі ауыр ойдағы Қанат ған іле жауап қата қоймады.

—Жай ма, немене?—деді сәлден соң салқындау ғана.

—Е, отыр екенсің ғой.—Жұмакұл әлгідей емес қараңғылыққа көзі үйренді ме, бұған қарай тура жүріп келіп, қасына таянды:

—Жуынып, шайынды ішпейсің бе? Бұл не отырыс? Шешінбепсің де ғой әлі.

Қызметтен келген бойы киімін ауыстырмакқа осында кірген Қанат сәл дем алып, аяқ, сұтынып алайын деп жұмсақ орындыққа шалқалай қисайып еді. Сол күйі өзін-өзі ұмытып кеткен тәрізді. Есік ашылып Жұмакұл ішке кіргенде ғана үйқыдан оянғандай селт етіп, қаумалаған қалың ойдың жетегінен босанғандай еңсесін түзеп,

бойын жиды. Түрегеліп сырт киімдерін тастап, үйде киетін жеңіл лыпаларын ұстіне ілді.

Сыртқа шығып, мұздай сүмен жуынып, сүртініп тұрып төңірекке зер салды. Есік алдыңдағы жоңышқа-лықта сегізінші оқитын ұлken ұлы Болат шалғы тартып жүр. Басы гүлдеп, әбден жетіліп піскен жоңышқа ыргалып түр. Болаттың бір өзіне иелік бере қоятындей емес. "Кешіктірмей жинап алу керек шығар. Шай ішкен соң біраз жерін өзім шауып тастайын",—деп ойлады.

—Болат! Көрші үйдің шалғысын сұрап әкеп, қайрап, дайындаған қой, саған біраз көмектесейін!—деп дауыстады.

Ұлы сол шөп орып жүрген бойы "жарайды, естідім" дегендей басын изеді.

—Шайға келмейсің бе?—деп дауыстады бұл тағы да шаштары жатқызуға көнбей тікірейіп, басы қауқайып, бойы серейіп өсіп қалған ұлына сыртынан кез жіберіп. Оның қазіргі пошымынан жас кезіндегі өзіне тән бір үқастық аңғарғандай іштей жымыды. Ал Болат басын сол шалғыдан көтермеген күйі:

—Жаңа ғана ішіп алғанмын,—деді.

"Әйтеуір, үн жоқ, түн жоқ, төмен қараган бір жан. Кісімен ашық-жарқын сөйлесе қоймайды. Тұйық, болады-ау өзі,—деп Қанат оған әлі қарап тұрган бойы іштей күлді.—Бірақ бейсеубет жүріске әуестігі жоқ, Бала болып еркелеп, шолжындаған да мінез байқатпайды..."

—Әй, кітап жазайын деп жүрген жоқсың ба осы, отырсаң отырған жерінде, тұрсаң тұрган жерінде қиялға батып не күй бұл сенікі,—деді есік алдына шыққан Жұмакұл әзілдеп. —Шай суып кетті рой.

Қанат ішке қарай жүрді. Ерінің қабағын бағып үйренген Жұмакұл Қанаттың көңілінде кірбің барын енді аңғарып, табан астында байсалды күйге түсіп, бәйек қымылға көшті. Майда, монтаны қозғалып, дастарқан-ның орта кезінде тұрган сары май салған құтымен, қант-кәмпитетті ерінің алдына қарай сырды. Емшектегі кішкенесін көтертіп органишы ұлын "телевизор көріндер" деп басқа бөлмеге жіберді.

Екеуі шайды үн-тұнсіз отырып ішті. Келіншегі дастар-қанды жинай бастағанда бұл аяқ-қолын созып, шалқасынан керіліп, біраз жатты да:

—Қой, жалқауланбай, Болатқа көмектесейін,—деп орынан шұғыл түрегелді.

—Шаршасаң өуре болмай-ақ қойсайшы. Болат: “Ертең күн демалыс. Бірге оқитын бір-екі баланы ертіп келіп, өзім-ақ бітіріп тастаймын”,—деп жүрген. Дем ала берсейші,—деді Жұмакұл.

—Күлеке, ара-тұра қан таратып алу өзімізге де керек шығар. Жоңышқа бітік өскен екен, Балаларға жетерлік үлес қалады әлі.

Жайшылықта үнемі Жұмакұл дейтін Қанат келіншегін кейде көнілденген, әлде бірдеңеге ренішті сәтерінде неге екені белгісіз “Күлеке” деп атайдын. Бұл әдетке өздері әбден үйреніп кеткен. Неге “Күлеке” атайдынына екеуі де мән беріп көрген емес.

Күндізгі ыстықтың табы әлі қайта қоймаған жоңышқа лықтың арасынан бусанған, жұмсақ жылы леппен бірге көк балауса қышқылтым иіс бүркырап, танауды қытықтайды. Шалғыны қолына ұстап, құлаштай екі-үш сілтеп қалғаннан-ақ денесі жіпсіп жүре берді. Сол қалпы қарқының бәсекетпей сырғып отырып, өзі түскен шағын атызыңда басына бір барып қайтқан ізінде айқышұйқыш жапырылып кекбүйра жал жатты. Өз қимылына сүйсінгендей сол жалға қарап тұрып, шалғысына сүйеніп ентігін басты. Мандағынан шып-шып шыққан терін сұртті. Шалғының жүзін бармагымен лекітіп байқап өтіп, алақаңына түкіріп алып, қайта кірісті. Соңынан қатар-қатар сұлап үш жал түскен соң біразырақ, дем алайын деп орылған жоңышқаның үстіне құйрық, басты. Самайынан сүмектеп мойнына тамшылаған терін сұртіп жатып, үй алдында жүрген Жұмакұлге:

—Темекі әкеп берші!—деп дауыстады.

Қолына сіріңке мен бір қорап темекі ұстап жоңышқалыққа Жұмакұл келді.

—Әй, шаштулап қалдым деп берекемізді аларсың, осынша ағып терлеп тұрып сыз, салқын шөптің үстіне отырғаның не?!

—Жоңышқа салқын емес, жып-жылы. Отырғанға қандай жайлыш...

—Бәрібір ылғал ғой. Жер сыз.

—Осы сенің айтқаныңды тыңдамауға болмас. Тұрайын ендеше...

—Болатжан, папаңа үйден орындық әкеп берші.

—Керегі жоқ,—Қанат қолын сілтеді.—Кино көрейік деп тұрғанымыз жоқ қой. Бала кезімізде орган шөп түгілі кез-келген көк шалғынға аунай кетіп, үйиқтай беретін едік. Сонда ауырмай-ақ та, дәнеңе етпей жүре беруші едік. Қазір енді жерге отырсақ та, сәл жел тисе де үшкіріп-түшкіріп, шаштулап жүргеніміз. Денсаулық деген не болып барады бұл.

—Жастық деген сол да. Өзінді өлі баламын деп ойлайсың ба? Ол дәурен қайта айналып келмейді енді.

—Кәрілік иектейтіндей жасқа жете қойған жоқтыз рой. Бірақ әлден-ақ сол “ауылдың” қынқыл-сыңқылы сезіле бастағандай. Біздің дәүірімізде адамдардың өміржасы орта есеппен бұрынғыдан үзара түсті деп қуантады дәрігерлер. Ал осы хал сұраса қалсақ, ауырмайтын кісі аз.

—Оны неден дейсің?

—Кім біліпті. Тым бой күйітте, марғауланып, аянкестеніп кеттік пе. Әлде табиғатта жалпы адамзаттың жүйекесін қажыгтып, боркеміктендіріп бара жатқан өзгеріс, құбылыстар бар ма? Көбіміз жастай темекі мен ішкілікке әуестендік, оның да әсері аз болмаса керек. Қалай дегенде де сәл жеріміз ауырса — соған уайым жеуіміз басымдау сиықты. Көп жағдайда анау-мынауға мән бермеген елемеген дұрыс тәрізді. Немен де болса құресе білу қажет. Құрес—өмірдің мазмұны. Ал қурестің басты шарты—тәуекел. Сарыуайым адамды тұралатады... Оу, философияға түсіп кетіппіз рой... Жарайды, үйіңе бар. Балаларың не істеп жатыр екен. Мен шаруама кірісейін.

Жаратылысында әңгімеге көп әуестігі жоқ, Қанаттың кейде әлдене туралы сөз ете қалса шешіліп, толғана қозғап кететін әдеті бар. Орнықты ой, қысынды сөзімен тыңдаушысын тәнті ететін қабілеттен құр алақан емес. Ондай сәттерде Қанаттың айтқандарына ықылас білдіре, құлақ түретін дағдысымен Жұмакұл қазір де күйеуінің сөзіне дең қойып тыңдалап қалған қалыпта еді. Ол қолына шалғысын ұстап, жүзін қайрай бастағанда:

—Ал істерің өнімді болсын. Мен кеттім,—деді үйге қарай бет алып.

Сонан әкелі-балалы екеуі қараңғы түсіп, ел орынға отырғанша шалғы тартты. Жаздықуні қатпар-қатпар,

жатаған тау сілемдерінің бір кең аңғарының етегіндегі көгілдір қойнау жазықта қоныс тепкен бұл ауылдың желке тұсына жетіп күн батты дегенше жұрт жатудың қамына кіріседі.

Қанат та үйге келіп, терін басып, салқын сумен шайынып, бір керсөн кесе шұбатты ішіп болып, төсекке қисая берген. Сол мезет телефон шылдыр етіп, бұрын барып көтерген Жұмакұл:

— Сені шақырып жатыр,—деді.

— Кім?

— Элмұрза.

Қанат әлденеге қиналып, ренжіген кейіпте телефонның құлағында өте көңілсіз тұр. Ара-тұра бір жауап қатады. Онда да қысқа қайырады. Көбіне сөйлеп жатқан Элмұрза тәрізді. Қанаттың мана жұмыстан келгендей қабағы, енді түн ортасындағы мына әңгіменің сарынына қарап Жұмакұл екеуінің арасындағы сөздің күнделікті шараушылықтың үйреншікті жайы емес екенін, ыңғайсыз бір жағдай болғанын қапысыз сезді.

— Естідім,—дейді Қанат телефонның құлағының сындырып жіберердей сығымдал. Үнінде зіл бар.

—...

— Сөйлесейін деп іздең едім. Ауданға кетіпсін.

—...

— Қазір енді кеңседесің бе?

—...

— Жарайды.

Телефонның құлағын ұясына қондырып, қалт ойланып тұрып қалды.

— Немене, жайшылық па? — деді Жұмакұл күйеуіне қарап. Қанат оның сұрауын жауапсыз қалдышып:

— Мен қазір шамалы уақытқа кеңсеге барып келемін,—деп киіне бастады.

— Оу, жөнінді айтсайшы. Түн ортасында бұл не шақырыс. Аманшылық па өзі,—деді Жұмакұл шынымен аландап.

— Жай бір сөйлесетін әңгіме болып қалды. Саған керегі шамалы,—деді есіктен шығып бара жатып Қанат “такақтап қоймай қойдың ғой” дегендей салқындау үнмен.

Жұмакұл: “Екеуі келіспей, ренжісіп қалған шығар,—

деп жорыған. —Әй-шәй деспей-ақ келіп еді. Не болып қалды екен”—деді іштей қиналып.

Жұрттың бәрі көбіне жуас, ибалы, сабырлы жігіт санайтын Қанаттың кісі көңілін қалдырығысы келмейтін ақпейіл елгезектігімен бірге жеме-жемде, өзі дұрыс деген жерден, басын кесемін десе де шегінбейтін қайсарлығын Жұмакул жақсы сезетін. Өзінің көзі жетіп тұрса ешкімге бетің бар, жүзің бар, ұлken, кіші екенсің деп жалтақтай қоймайтын. Жайшылықта артық, кем мінездің талайын кешіріммен қарап, өткізіп жіберіп, өзін салқынқанды үстай білетін ол ілуде-шалуда әлденеге қитықса өз дегенінен қайтып, келісе салуга жок, Бірақ былайғы жұртқа бұл мінезін байқата бермейтін. Мейлінше сыннық, болуға тырысатын. Қосылғалы бергі талай жылдан бері қас-қабағын бағып әдеттенген келіншегі ғана оның бұл сырынан хабардар-тын.

Қанаттың мінездегі осы бір сырт көзге байқала бермейтін тәқаппар өрлігін сезе тұрғанымен Жұмакул Әлмырзамен екеуі ренжісе қалған күнде кінә күйеуінен болды деп ойлай қоймас еді. Қанаттың кісіге қиянатқа, жамандыққа бармайтынына көзі жетеді. Соны сарапқа сала келіп: “Әлмырзаның да құйтырқы істері көп қой,— деп ойлады қынжыла. —Соның біріне бұл “мұның не?” деген шығар. Сенікі теріс дегенді кім ұнатсын. Оның үстіне өзі мактаулы директор, мықты директор болып арындалп тұрса...”

* * *

Неге екені белгісіз Жұмакул осы екеуінің арасына түбі сызат түсетеңін сезетін сияқты еді. Бірақ сол бір сезімге мән бермей ескермей, елемеген болатын. Өзі қолынан келгенінше бұлардың достықтарына қаяу түсірмей, сіз-біз десіп, Әлмырзалаармен сыйласып, араласып тұруға әрекет ететін. Сөйте жүргенімен көңілінен бір сұық, күдік шықпайтын еді. Соның айғағындаі-ақ кейінгі кезде Қанаттың жұмыстан түйік, көңілсіздеу қайтатын кездері жиілеп кеткенін аңғаратын. Соған едәуір алаңдайтын. Осындаі сәттерде талай рет күйеуіне: “Осы құранып басқа совхозға ауыссаң қайтеді”,—деп айтуға оқталатын.

Ондағы ойы Қанатқа өз ауылында қызмет істеу

қыныға соғып жүр ме екен дегені еді. Біреу ұлкен, біреу кіші, біреу туыс, біреу жекжат. Бәрінің көзінің тауып, ортасынан шығу оңай ма? Шаруашылықтың сан-салалы машақаты өз алдында. Жүрекпен жұмыс істейтін кісіге шаруашылықта қызмет атқару оңай тірлік емес. Қайта парықсызыдау, жүрдім-бардым, қазір ғана басын жерге салып отырып тыңдаған қатты сөзді сыртқа шыға бере етегінің шаңымен бірге қағып тастап, қарық-қарық, күліп шауып журе беретін даурықда, дабырайма жандарға жұмыс істей жеңіл тәрізді. Оның де, өзгеге де талапшыл, ықтият, бейнетқор Қанат сәл нәрсеге де іштей күйзеліс тауып, қынжылып қалады. Осы жайды Жұмакұл аңғаратын тәрізді еді.

“Оның бәрінен де бұрын Қанатқа қын соғып жүргені Әлмұрзамен екеуінің арасы-ау”, — деп топшылайтын Жұмакұл.

Жастайынан бірге өскен, бірге оқыған, жұз шайыспаған дос. Жұмыста реніш, кемшілік кездеспей түрмайды. Жақын кісінен қырғи қабак болуға тұра келетін кездер болады. Сондайда дос көңіліне қарал ашық, тұра кете алмай бөгеліп, көзді жұмып, басты шұлғи беруге табиғатындағы тазалығы жібермей, тығырыққа тірелгендей күй кешетін тәрізді. Мінезі түйік жігіт бірақ осының бәрін сездірмей ішке жия беретіні сөзсіз. Осының бәрін сезе тұрып, әлгі ойын айтуға қанша оқталғанымен жеме-жемге келгенде Жұмакұл бой тартып қала беретін... Бұлай тартыншақтауына бір жағынан ауыл ортасынан кетуге өзінің де ықтияр еместігі себеп болса, екінші жағынан: “Мениң ақылыммен қызмет істеп жүрген жоқ, қой, жұмысына араласып нем бар, өз ісін өзі білер”, — деген ойға жүгінетін.

Ауыл арасында әңгіме жата ма. Жұрттың жақсысы да, жаманы да елдің аузында жүреді гой. Ал Жұмакұл осы уақытқа дейін екеуі жұз шайысып қалыпты дегенді естіген емес. Әрі күнделікті аралас-құралас жүргенде ондай салқындықты қабақтарынан аңғарған кезі жоқ. Қанат қызмет бабындағы тіршіліктерді, кенседе болған әңгімелерді үйінде сөз ете бермейтін. Оның есесіне Жұмакұл кейде әркім-әркімдерден Әлмұрза туралы алып-қашты сөздер естіп, ыңғайсызданып қалатын.

Кейбірін шет жағалап Қанатқа айтқанда: "Өзіңе қатысы жоқ, әңгімеде нең бар. Сөз қуған жұрт не айтпайды", — деп қысқа түйіп тастайтын.

Шешініп төсекке жатқанымен көпке дейін үйкесі келе қоймады. Енді көзі ілініп бара жатыр екен, жанындағы кішісі Нұрман қыңырқанып оянып, оны көтеріп апарып, тосып келіп, емізіп жатқызды. Қабырғадағы сағатқа қараса қысқа тілі он екіні көрсетеп тұр. "Жаңағы осыған дейін кеңседе отырғаны ма", — деп ойладап үлгергені сол екен сыртқы есік сықыр етіп ашылғандай болды. Бұл уақытта, бейсеубет ешкім жүре қоймайды. Қанат екенін танып, ашық, есіктен ұзын дәліздегі жанған шамның жарығы қиғаштай түсіп, қаралғандағы көлеңкеленіп тұрган бөлмеде сыртынан жүқа желбекейін жамылмай-ақ ішкөйлекшең қүйі басын көтеріп, төсек үстінде түрекеліп отырды.

Қанат бұл жаққа назар салып өткенімен мұны байқа-мағандай үн-тұнсіз қалпы шешіне берді.

—Сусын ішпеуші ме едің? —деді Жұмакұл сол отырған бойы.

—Жоқ, ішпеймін. Жата бер.

Қанаттың шаршап, ренжіп келгені даусынан сезіліп тұр.

—Сырттан келген кіслер бар ма? Жоқ, екеуің ғана ма осыншама отырған.

— Өзіміз. Басқа ешкім жоқ,

—Не қауырт шаруа осы тұнде?

— Қайтесің не шаруа екенін. Бір абыройсыз, керегі жоқ, сөз...

Қанаттың соншалықты таусылып, қажып шыққан үнінде "бұл әңгімені енді қаузама" деген өтініш бар тәрізді. Күйеуінің сырына қанық Жұмакұл онан әрі тұртпектемеді. Төсекте шалқасынан жатқан Қанаттың қажынқы жүзіне барлай көз жіберіп:

— Өзі екеуің ұрысып қалғаннан саумысындар? — деді.

— Екеуміздің ұрықсанымыздан дүние екі жарылып кетер деп қорқасың ба?!

Мұнан кейін әңгіме кілт үзілді. Жұмакұл күдігінің тегін емесін сезгендей. Қанат Әлмұрзаға реніші барын аңғартты. Екеуі де енді өз ойымен болып, үнсіз қалды.

— Осы, басқа шаруашылықта, әйтпесе, аудан басында

ылайықты қызмет болса сұранып, неге ауысып кетпейсін,—деді бір кезде Жұмакұл.

Қанат: "Ол не деген сөзің" деп тосырқай қараған жоқ, Сол ойланған күйі жауап қайырмай жата берді. "Келіншегі мұны неге айтты" деп те аң-таң қалған жоқ, Бұл туралы өзі де ойланып көрген. Алғашқыда: "Бір есептен сейткенім дұрыс шығар",— деген шешімді көңіл шек көрмеген. Бірақ ойлана келе ол райдан қайтқан.

Қызметін талапқа сай дұрыс атқарып жүрген жерінен басқа жаққа ауыстыр деп айту үшін құлақ, асатындағы дәлелді себеп болса керек-ті. Ал бұл не айтпақ, Дәйекті уәжі жоқ, қой. "Екеуміз жолдас едік" дегені сылтау бола ма. "Жолдас болсандар, тіпті, құба-құп, бір-бірінді білесің. Түсінісіп жұмыс істеулеріңе жақсы. Бірлесіп, жемісті еңбек етіндер",— демей ме? Керек десе аудан басшылары мұны осында екеуінің ара қатынасын сезбей, білмей жіберген жоқ, қой. Ынтымақтасып жұмыс істесін деп үйғарған шығар. Ал енді ойда жоқта "басқа жаққа ауысамын" десе мұныкі қай жорық болып шықпақ, Басқа ел не ойда қалады. Ал өзінің соңда кім болғаны?! Бәрінен де бұрын соны айтсайшы. Түптің тубіне келгенде совхоз бір ғана Әлмұрзанікі емес қой. Бұл—іргелі, үлкен мемлекеттік шаруашылық, Әлмұрзаны директорлыққа үйғарған партия, совет орындары мұны да осында жұмысқа жіберген. Еңдеше мұнікі не ықтау, бойтасалау. Біреумен бақ таластырып, бедел салыстырып отырмаса, қу құлқын, қарақан бастың қамымен жамандаспаса, өз парасатының, қабілетінің жеткенінше тиісті қызметін тиянақты жүргізіп, халық алдындағы, партия алдындағы борышын абыройлы атқарудан аянбаса болғаны емес пе?! Өз ары таза болса несіне тайсақтап, қорғаншақтайды. Үлғи, ыға, ығыса бергеннен кісіге өмір сұру жеңілдемесе керек. Тіршілік талабы солай—қажет жерінде кім-кіммен де кездесуге, жұз шайысуға тура келер. Бірімен қайтып ұрысар, бірімен кетісер. Бес саусақ, бірдей болып жаралмаған табиғат заңы фой. Оның үстіне, азаматтық, болмысқа жүгінсе—қызмет бабындағы міндет, жауапкершілік, парыз өз алдына: осы жерде туып-өскен жігіт ретінде бұл ауылдың болашағы үшін, әрбір еңбекқор жұртының тұрмыс-тағдыры үшін екі есе жан ауыртып, айрықша

көңіл бөлуі тиісті. Ауыл—анаң. Өскен, ержеткен ұл-кызға ана парызын өтеу деген қасиетті борыш емес пе. Қолыңдан келгеніңше аулыңа қызмет етіп, азды-көпті дәреметінді тигізу кіслікке саяды. Ал көріп-біліп тұрып: "Өзім ешкімге жаманаттанбаймын. Не болса—ол болсын, менен аулак" деп басын қүйттесе сол ауыл—анаға опасыздық жасағаны емес пе? Жоқ, Қанат солқылдамайды. Қалайда осында қызмет істеуге тиіс. Аңы-тұщыны осындағылармен бірге татады. Өз көзінің жеткенінше дұрыстық жағында болады. Сол үшін кіммен де болса куреседі. Қолыңдан келгеніне мәмілемен келісіп істеуге, ал, біреуінің жіберген кемшілігі болса түсініп, тузетуіне күш салады. Алда-жада ұғысқысы келмесе, теріске тартса бұл енді тайсақтамайды. Ашығынан сөйлеседі.

Біраз уақыт толқи, толғана жүріп, алды артын өлшеп-пішіп, өз жағдайын салмақтай, сараптай келіп осы қортындыға тірелген Қанат Элмырзамен арада ерте ме, кеш пе қатты бір қақтығыс болмай қалмайтынын анық, топшылаған. Айналып өтуге болмайтын сол аңы сәтке іштей дайындығы бола түрганымен осы кездесудің кешеуілдей беруіне кет әрі емес еді. Бүгінгі Нұрмашбет ақсақалдың әңгімесі Қанатты енді шегінерге жер қалдырмағандай тығырыққа тіреп тастады.

Элмырзага іштей күліп, табалау ниетінен аулак, болғанымен жолдастың сүрінген бір абырайсыз ісіне қынжылып, жаны ауырған жайы да жоқ, Қайта қатты ренжіп, ашумен ширығып жатыр.

* * *

Элмырза екеуі бір класта оқығанымен мектепте жүргенде аса етене араласқан достардың санатында болмайтын. Жай, қатар жүрген ауыл балалары ретіндеған қатынасатын. Он жылдықты бітірген жылы жазда екеуі қалаға, жоғары оқу орнына бірге аттанды. Бұлардың ауылынан он бес шақырымдай жердегі аудан орталығынан түске қарай қалаға жүретін автобусқа үлгеру үшін екеуі келісіп алып, күн шықпай жаяу тартып кетті. Қолдарында ішінде оқуға апара жатқан документтерімен бір-екі жеңіл, жаздық көйлектен басқа басы артық, ешнәрсе жоқ, жеңіл жолсандықтары. Көк

жиектен күлімдеп, жаңа көтеріліп келе жатқан күнге қарай жүздері алаулап, көңілдері алабұртып, шалбарының балақтары шаң қауып, ентелей басып келеді. Ауылдан едәүір жердегі қызыл қырқаның үстіне шыққан соң тоқтап, арттарына бұрылып, ауыл жаққа көз тастап, біраz дем алып отырды.

Шөлейт аймақты, жалпақ сары даланың бір бүйіріне сұғына түсіп жатқан көгілдір қойнаудағы ауылы—мына құс қанаты талғандай сұр дүниенің ортасында тіршілік тынысындаі көзге жылы шалынып, көңілге қуаныш құятын ауылы—осы сәт өздеріне сондай ыстық, көрініп кетті. Осындаі ауылда туып өскендеріне, осы ауылдан түлеп ұшып, енді оқу іздең, білім іздең, арман қуып астанаға аттанып бара жатқандарына іштей мақтаныш сезімі де жоқ емес.

—Оқу бітірген соң ауылға келеміз бе?—деді Қанат дәл қазір оянған қимас сезім жайланаң көңілін осы оймен жұбатқысы келгендей.

—Оған сөз бар ма. Енді қайда барамыз?

—Кім біледі басқа жаққа жұмсауы да мүмкін.

—Мамандар біздің жақта да жетіспейді. Оған алаң болмай-ақ, қой. Барамын десең жібереді,—деді Әлмұрза осы мәселенің шешімі өзіне тіреліп тұрғандай.

—Абырой болып оқуға түсіп кетсек екен,—деді Қанат толқып.

—Әй, сол институтқа түсіп жатқандар бізден артық дейсің бе? Медаль бермегені болмаса он жыл бойы үздік-ақ, оқыдық, қой. Уайымдама, түсеміз,—деді Әлмұрза омыраулау әдетімен кеуделей сөйлеп. Онан соң орнынан шұғыл көтеріліп, мұның қасына таянып:— Кел, онан да, осы жол үстінде тұрмыз рой, екеуміз жан аяспас дос болайық. Мұнан былай бірге жүріп, бірге тұрайық. Міне қолым, қарсы емессің бе?!—деді.

Қанат та турегеліп қолын құлшына ұсынды. Сөйтіп студенттік өмірдің нелер қызығын бірге өткізіскең бұлардың жолдастығы осы сапар, кекілдері жалбырап, танаулары дедіндеп, жүректері алып-ұшып оқуға аттанып келе жатқанда, қызыл қырқаның үстінде, тұрақалып қол алысқан сәттен басталған-ды.

Бұлар айқара қысысқан қолдарын жазып, жолсандықтарын көтеріп, қырқадан түсе бергенде арт жақтары-

нан—ауыл жақ астырттан гүр етіп жүк машинасы шыға келді. Ауданға бара жатыр екен, бұларға таянып тоқтай қалды. Кабинада шофердің жанында отырған Нұрекең—бұлардың ауылы “Сарыдала” колхозының бастығы Нұрмағанбет:

—Ой, мыналар өзіміздің балалар фой,—деді жылы қабақпен күлімсірей қарап. —Жол болсын. Оқуға бет алғандарың ба?

Бұлар басын шүлғып, “иә” десті. Кабинаның түсірулі тұрған терезесінен қол беріп сәлемдесті.

—Дұрыс. Оларың дұрыс. Оқу керек. Жаяу неге келе жатырсындар? Кеңсеге соғып ауданға жүретін машина бар жоғын неге сұрамадындар?

Бұл екеуі жауап орнына бір-біріне қарады.

—Жарайды, ал мініндер,— деді Нұрекең.

Жолсандықтарын қалдайдың ернеуінен лақтырып-лақтырып жіберіп, секіріп-секіріп мінді. Жолдарының бола кеткендеріне арқа-жарқа қуанып қалды. Машина ызығытқан бойы әне-міне дегенше аудан орталығына келіп кірді. Селоның орта кезіндегі райкомның үлкен сары үйінің алдына жеткен соң Нұрекең түсіп:

—Мен енді жиналысқа кіремін. Әзір шыға қоймасын. Сен мыналарды автобус жүретін жерге апарып сал,—деді шоферге. Соңан соң екеуіне бұрылып:

—Ал, жолдарың болсын, әй! Оқуға түсіндер. Жақсы жүріп, жақсы тұрындар. Кісі болып оралындар,— деді.

Екеуі бас шүлғысып, ыржалақтасып:

—Рахмет, рахмет,—дейді.

Нұрекең бүгежектеп ішкі төс қалтасына қорлын салып, шет-шеті мыжылған, көне, қара былғары әмиянын шығарды. Бұлар не істемек дегендей оған аңтарыла қарап қалған. Сол сәт әмиянның бүктемесін ашып, бір жақ қатпарынан шытырлаған екі қызыл он сомдық, суырып, екеуіне ұсынады:

—Жолай тамақтанындар.

Кісі жылы сөзге де жетісіп қалады. Ал ақшасы түскірдің, тіпті, жүзі ыстық қой. Екеуі жымындаپ қуанып кетті. Нұрекеңе іштей алғыстарын жаудырып, ризалықпен аттанысқан.

Сол сапар Қанат СХИ-ға, Әлмұрза зооветке тұсті. Бес жыл дегенің бес күндей-ақ өте шықты. Ауылға

Қанат жоғары білімді агроном, Әлмұрза зоотехник болып оралды. Бұлар оқуға түскен жылы "Сарыдала" колхозына осы маңдағы тағы бір екі колхоз қосылып, іріленген шаруашылық, ретінде совхоз болып қайта құрылыпты. Совхозға жаңа басшылық, келген. Нұрамағанбет орталықтағы фермаға меңгерушілік қызметке ауысыпты. Оқу бітіріп келген бетте Әлмұрза мал тұқымын асылдандыру жөніндегі зоотехник, бұл Нұрамағанбет басқарған фермаға агроном болып орналасты. Бір-екі жылдан кейін Әлмұрза совхозға бас зоотехниктік жұмысқа жоғарылатылды да, онан кешікпей аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастырының орынбасарлығына көтерілді. Қанат біраз жыл сол қызметте жүріп, кейінрек көрші совхозға бас агроном болып ауысқан. Бұл кезде Әлмұрза "Сарыдалаға" совхоз директоры болып қайтып келді.

Ә дегеннен ісі оңға басқан Әлмұрза бұл кезде аудандағы іскер маман, алғыр басшы ретінде ауызға ілігіп, бедел ала бастады. Бұрын да іргелі, қалыптасқан, тәуір шаруашылық саналатын "Сарыдала" совхозының ол келgelі көрсеткіші ілгерілемесе төмендеген жоқ. Аудандағы алдыңғы қатарлардың бірі болып жүр. Қазір де солай. Бірақ Қанатты іштей қинайтын, келеңсіз бір жайлар бар. Сылып тастай салуға келмейді. Тамыры тереңде жатқан ауру тәрізді.

Қанат кей сөтте: "осында келгенім дұрыс болды ма, әлде бекер істедім бе" деген ойға да қалады.

Қанаттың бала күннен бойға сіңген әдеті—өзіне біреудің сөл өткен қызметі, жақсылығы болса соған қарыздар сезініп, кіріптар кісідей салмақ, көріп, ауырлап жүретін. Ауыльна қызметке қайтып келген алғашқы жылдары ол Әлмұрза мен екеуінің арасындағы қатынаста осында ынғайсыздықтан құтыла алмай-ақ, қойды. "Әй, бекер-ақ, келісім берген екенмін" дегенді сондайда ойланатын. Ондай ойға қалатын себебі—Қанаттың мұнда қайтып қызметке келуіне аздықөлті Әлмұрзаның қатысы болды.

* * *

Әлмұрза "Сарыдалаға" директор болып келгенде көрші "Ақтас" совхозына қызметке ауысқан Қанат табан аудармай біраз жыл сол жерде істеді. Анда-санда кездесіп қалғанда Әлмұрза:

—Оу, "Ақтаста" аз жүрген жоқсың ғой, ауылға келсең қайтеді енді,—деп әзіл-шыны аралас қайта-қайта айта беретін.

—“Ақтас” та бөтен жер емес қой,—деп құлетін де қоятын.

Бірде екеуі ауданда, жиналыста кездесіп қалған. Әлмұрза үзіліс кезінде мұны айтатын маңызды шаруасы бар кісідегі оңашаға шығарып алғып кетті. Есен-амандық, сұрасқаннан кейін Әлмұрза:

—Әй, батыр, сен осылай жүре бересің бе?—деді.

—Немене, менің жүрісімнен ши шықты ма?—деп құлді Қанат не айтпақ, дегендегі досының жүзіне барлай қарап.—Бұл қай сөзің?

—Әзілді қоя тұр. Мен бір шаруага ақылдасайын деп едім.

—Не жағдай?!

—Біздің Өтекең жақында пенсияға шығады. Жасы келді ғой. Хабардар болсын деп айтып тұрмын...

—Дұрыс,—деді Қанат оның ойын енді түспалдап.

Өтекең деп тұрғаны “Сарыдала” совхозының партия үйымының хатшысы. Көптен бері сонда қызмет атқарып келе жатқан кісі:

—Сол жерге ылайық, қандидатураның бірі сен емессің бе?!

—Оу, оны енді, тиісті орындар өздері біледі де. Мен ылайық, едім деп қалай айта аламын.

—Жоқ, мен саған айт деп тұрғаным жоқ. Жалпы қаперінде болсын деген сөзім. Осы туралы аудан басшыларының есіне салайын деп едім. Сені өздері біледі ғой, дегенімен “осындан жігіт бар” деп алдарынан өтіп қойғанның артықтығы жоқ.

Қанат Әлмұрзаның жанашыр, дос пейіліне риза болып, әрі жоғарғы жақ солай шешіп жатса бұл ұсыныскә кет әрі емес ыңғайда:

—Мен не айтамын. Солай үйгарып жатса біздікі мақұл ғой,—деді шын қөнілімен.

Мұнан кейін Әлмұрзаның осы мәселе жөнінде аудан басшыларына кіріп, қозғаушы болғаны рас.

“Орнықты жігіт. Жақсы маман. Ісіне тиянақты. Талайдан бері қызметін абыройлы атқарып келеді. Әрі осы ауылдың баласы. Бәрін танып, біледі дегендей.

Менің де қелісіп, түсінісіп жұмыс істеуіме қолайлы болар еді”—деген пікірін білдірген.

Әлмұрзаның сөзінің әсері болды ма, әлде басшылықтың өзінің үйғарымы солай ма, кешікпей Қанат өз ауылына жаңа қызметке келген.

Біраз жыл сыртта жүріп, тосын көзбен келгені ме, әлде бұрынғы елгезек, балаң сезімнен салиқаланып, төңірекке есейген, сабырлы зердемен қарай бастағандікіме; жоқ, жаңа келген басшыға тән талапшыл, сыншыл сезімнің әсері ме ауыл тұрмысына үңіліп, қараған сайын көп нәрсеге көңілі толмаған тәрізді. Бүтінгі күн талабымен байыптағанда “бұл қалай” дерлік шаруа аз емес. Ең алдымен байқағаны көпшілік қолды мәдени-тұрмыстық жайлардың өзі көңілдегідей емес. Тұрлі жиын, кино, концерт дегендер сонау колхоз кезінде салынған клуб үйінде өтеді. Ал ауданда осы ауылдан басқа жаңа үлгіде салынған еңселі мәдениет сарайы жоқ бірде-бір шаруашылық, жоқ, екенін есептесе мынандай іргелі совхоз үшін бұл үлкен мін емес пе?! Ал шаруашылықтың кешегісі мен бүгінгісінен хабар беріп тұратын көрнекті үгіттік мәні бар, әрі көпшілікке бір мезгіл демалыс орыны болатында алаң, парк жасаса жарасып тұрмас па еді. Бұл жағынан сөз ете берсе жай көзге ұсақ, түйек көрінгенімен бүтінгі күн үшін кешіруге болмас талай әттеген-айды тізуге тұра келеді.

Рас еңбекші жұрттың әл-ауқаты, тұрмысы жақсы. Әр қайсысы жылма-жыл бас-басына ақшаңқан үйлер тұрғызып, ауылды сәулеттендіріп, қанатын кеңейтіп жіберген. Көгілдір қойнаудағы бір кездегі шағын ғана қоныстанудың бұл күнде ол шеті мен бұл шеті ат шаптырым болып, кішігірім қаладай созылып жатыр. “Осы сыртқы айбарына ішкі көркі де үйлесім тауып, шын мәніндегі бүтінгі ауылдың келбетін танытып тұрса еken”,— дейді Қанат.

“Бүтінгі күн талабы” дегенді көп айтамыз да соның байыбына кейбіреуіміз терең бара бермейміз-ау,—деп толғанады. — Өндіріс, шаруашылық мәселесі тұрмысында шешуші негіз болғанымен партия мен үкімет әрдайым алдымен ауыл мәдениетін көтеру, село еңбеккерлерінің рухани байлығын жан-жақты арттыру дегенге баса назар аудару керектігін ұқтырып-ақ келеді.

Сонда да шаруашылықтың науқандық, жұмыстарын сұлтау етіп, тұрмыстың осы жағын қағажау қалдыра беретін әдеттен өлі арыла алмай келеміз. Жақсыдан үйрену, озатқа теңелу дегенге кешеуілдей береміз. Әйтпесе экономикалық табысы мен де мәдени-тұрмысымен де Советтік шаруашылықтың қандай дәрежеде болатын үлгісін көрсетіп отырған, байлығы үшан теңіз колхоз-совхоздарымыз аз ба?! Одақты, республиканы былай қойғанда осы облысымыздың өзінде ондай шаруашылықтардың қатары қаншама. Солардың тәжірбесін оқып, үйреніп өзіміздің жер жағдайына, табиғат жағдайына ылайықтап, іскерлікпен жүзеге асыра білуге дең қоюымыз жетіспейді".

Алғашқы әсерден осылай ой түйген Қанат алдағы кездегі өз жұмысының бір өзекті арнасы ауыл мәдениті болар деп талқан. Бұғінгі ауыл бейнесін сәулеттендіре түсетін жаңа құрылым жұмыстарын жаңдандыруға қозғау салып, жасампаз заманның жандарына ылайық жаңа дәстүр, жаңа салттың жетекшісі, үйтқысы ретінде көріне білу басты міндеті деп білген. Жұмысын түбекейлі осы талапқа сай жүргізу өзіне оңайға түсіп журген жок, Бірақ, табанды түрде осы бағыттан таймауга пейіл.

* * *

"Сарыдала" шаруашылығы көп салалы, үлкен совхоз. Соның қай саласына болсын белгіленген мемлекеттік жоспарды бесжылдыққа шаққанда да, жыл-жылдың үлесіне бөлгенде де ойдағыдай орындан келе жатқаны даусыз. Сонан соң да аудандағы тәуір шаруашылықтардың бірінен саналады. Жалпы жағдайы бола тұрғанмен бірте-бірте жұмыс барысымен танысып, ішкі тірлікпен етene араласқан сайын Қанат шаруашылық—өндіріс көзінің өзінде көңіліне олқылық түйген кейір жайларды аңғара бастады. "Бұл қалай?"—деп қынжылып, дағдарған кездері болды. Тіпті алғаш келген бетте-ақ, өзін тығырыққа тірегендей қындыққа кездесуіне тұра келгені бар.

Ол осыдан үш жыл бұрын, партия үйымының хатшысы болып жаңа сайланған кезі еді. Жазғы, күзгі науқандық жұмыстарды тәмамдап, жиын-терінді аяқтап, малды қысқы жайларға қоныстандырып болған соң

Әлмұрза демалыс алып, курортқа кеткен. Бұл қыстаудағы малшыларды аралап жағдайларымен танысып жүрген.

"Сарыдаланың" малы ежелден қыста жылы, жері от, үлкен құмды қыстайтын. Үлкен құм әкесі үнемі қой баққан Қанатқа етene таныс, әрі көңіліне сондай ыстық, өлке еді. Көрмегелі біраз жыл болған құм өнірін қызықтап, кешелі-бері көңілді келе жатқан. Ойпаттарының сексеуілі дүлей, қызыл шағылды жал-жал биіктегіне жыңғыл, түзген өскен; әжік, жау жұмырларының қурайы қалқайып; бояу жапырақ, түйе жапырақтары бырдай болып жапалап; теріскеңі төңкеріліп; тұптуп еркек, изені, қара жусаны ырғалып; ащылы-тұщылы сан түрлі майда оттары тұнып тұрған құм ішінің ауасы қандай, шіркін!

Қоналқыға бұлар келіп түскен шопанның үйі биік жалдың түбіндегі қазан шұңқырдағы "Ескі көң" аталатын қорада отыр екен. Құм ішінің онсыз да май тоңғысыз жұмсақ, жұпар ауасы кеше түстен кейін тіпті маужырап, жылынып, тып-тынық болып кетіп еді. Тұнімен жауған қар таң алдында ғана ашылған. Тұсарлықтан жоғары түсілті. Айнала ақ мамыққа оранып мұлгіп тұр. Күн көзі бұл болғанымен төңірек ашық, Қияндағы қарайған көрінеді.

Қанат ертелей тұрып, үй жиналып, шай дайын болғанша жүріп қайтайын деп ауыл желкесіндегі биік жалдың басына көтерілген.

Ауыл маңы бір түрлі жасаңғырап, соны түр танытады. Жал үстінің қалпы бұзылмай жатқан ұлла қарын әрлі-берлі шиырлаған аңының ізі терең қос сызықпен тіліп өткен. "Жаңа ғана жүрген тәрізді. Қоянның ізі ғой", — деп төңірегіне тінте, қызықтай көз жүтірткен Қанат осыдан тас лақтырым қалың қауданды шағын төмпешіктің үстінде буталардың жықтыл-жықтылына бір кіріп, бір шығып, бірін-бірі айнала қуысып, қаннен қаперсіз ойнап жүрген екі ор қоянды байқады. Олар да мұны көрген тәрізді. Бірақ үркіп кете қойған жок, Анда-сонда құлағын түріп, қос аяқтап қалшиып, бір сәтте бұл жаққа қарап алады да ойындарына қайта кіріседі.

"Өздеріне зиянсыз кісіні таниды, ә. Қолында мылтығы бар адам болсыншы, қалай зып етер еді", — деп күлді Қанат.

Оның бала кезінде осы өнірдің қояны жыртылып айрылуышы еді. Сол кезде үнемі осы жалды қыстайтын бір Әбді дейтін малшы: "Біздің үйдің тәңірегіндегі мен мал жаятын өрісте бір мың жиырма қоян бар", — депті деп жұрт күлетін.

"Әй, сол әпенде, санаса санаған шығар", — дейтін біреулер сеніп.

"Ой, сен де Қожанасыр екенсің. Құмның аңын санап түгесуші ме еді кісі" — деп күлетін онан сайын біреулер.

Әбді санаады ма, санамады ма кім білсін, әйтеуір, құм ішінің қоян, тұлкісі жыртылып айрылар еді. Соナン тұқымға түк қалмай қала жаздал барып, қайта кейінгі кезде табиғат байлығын қорғау, аялау жөніндегі үкіметтің қолға алған шаралары мен қамқорлығы нәтижесінде ғана құм тағылары етептөнне бастады.

"Табиғат байлығын сұық қолдан қорғайтын мемлекеттік инспекция қызметкерлерінің жұмысын мұнан гөрі жандыра түссе, — деп ойлады Қанат. — Вертолеттер мен ұшқыр техникалармен жабдықталған кіслердің жиі аралап, бақылау жасап тұруы әрине ұрыларға біржола тиым салары сөзсіз. Сонымен бірге төңіректегі тұрғын жүрттың осы ортақ іске мән беріп, ат салысуы қажет-ақ. Бірақ осыны өз тірлігіміз ретінде ойға алмайтын сияқтымыз. Бізге қатысы жоқ шаруа санаймыз. Ал жер өзіміздікі, табиғат өзіміздікі екеніне ой жүгіртпейміз".

Қанат темекі алып тұтатты: "Әрбір малшыны, ел аралап жүретін мамандарды, шоферларды осы іске неге тартпасқа, қатыстырмасқа?!"

Қанат денесі тоңзығанда болған соң желбегей жамыла салған пальтосын киіп түймеледі. Таңертен-гілікте қардың еттеген ызғары бар сияқты. Тәңірегіне қайта көз жүгіртті.

Бүтін құм ауасы тіпті өзгеше тәрізді. Даала да уақтылы жауынды аңсап тұрады. Оның анда-санда жауыннан шаңы бір шайылып, қағынып-сілкінгендей жасаңғырап, жаңғырып қалатынын даламен сырлас жандар жақсы сезеді. Өздері де осы сәтті жек көрмейді. Кейде тіпті аңсайды да.

Жал үстінен айнала алақандағыңдай көрінеді. Етектегі терендеу ойпаңдағы көнде отырған ауыл ішіне бұл кезде

қыбыр кіріп қалды. Шопан жігіт қора, жайдан оңашарақтау, беріректегі шағын майдан жеңіл арқа шөп алыш келіп үй алдында байлауы тұрган атына апарып салды. Жазда тасып, жиналған маяның ашылған шеті көкпеңбек болып бүркүрап көрінеді. Онан мына жұпар ауаға жағымды, қышқылтым ііс тарап жатқандай. Атына шөп апарып салған соң артына тізілте шұқыр-шұқыр із тастап шопан қораның төңірегіне келді. Бұл кезде далаға шыққан әйелі есік алдының қарын күрей бастады. Азанғы шайдың хабарын сездіргендей мұржадан тұтін будақтады.

Қанат жал басынан үйге қарай аяңдады. Осы сәт оның күні бойғы көңілді, сергек қүйін алай-түлей еткендей қолайсыз бір жай болды. Тәменге түскен соң бұл бірден үйге кірмей қора маңында жүрген шопанның қасына келіп әңгімелесіп тұрган. Ауылдың маңдай алдындағы жалшадан асып құлайтын сүрлеу жолда бері қарай келе жатқан машина көрінді де, артынша гүр еткен даусы қоса естілді. Шопаннның қара ауыз, аксүр қанышы мен үлкен қызыл ала маң тәбеті аса бір тосын күйде дабыл сала шабаланбай, міндет атқарғандай ғана сыңайда самарқау үріп қарсы жүрді. Жабық, биік, шоңқайма көкала қалдайы бар машинаның беліндегі "Ветпомочь" деген жазуын таяна келгенде ажыратқан Қанат:

—Бас зоотехниктің машинасы рой мынау. Бұл неғып ертелең жүр,—деді.

—Иә, Алтай тәрізді,—деді шопан жігіт мұны қуаттап.

Машина үйге жете берді де, бұларды көргендей бері бұрылды.

—Саламатсыздар?!

—Аман-есен бе?!

—Ауыл-аймак, ел-жұртыңыз аман?!

Сәлемдесіп болған соң Қанат:

—Иә, қайдан жүрсің? Ауылдан келе жатқан бетің бе?—деді.

—Жоқ тұнде келгенмін.

Қанат бас зоотехниктің мына жүрісін тегін емес екенін топшылап үлгерген. Осыдан екі күн бұрын бұл құмдағы малшыларды аралап қайтуға аттанғанда ол "бірер күнде ол жаққа мен де барамын, шаруам бар

еді", — деген жоқ-ты. Әрі уақытша директордың міндетін атқарып отырған ол парторг мұнда жүргенде шұғыл бір жағдай болмаса орталықта болуы керек-ті.

— Эй, өзі жайшылық па, неғып жеделдетіп жүрсің?

— Қанеке, бір ақылдасатын шаруа килігіп тұр. Былайырақ шығып әңгімелесейкші,— деді зоотехник.

Екеуі қасындағы шопанинан бөлініп, оңашалана берді.

— Не жағдай?

— ЧП болып тұр, Қанеке.

— Ол не?

— Мына Өтелов деген шопанның отарынан бір жұз отыз саулықтың орны жоқ,

— Ой, не дейсің?! Қалай жоқ?! Опатқа ұрынған ба, немене?!

Қанат кешелі-бері осы өнірдегі малшыларды аралап жүріп жаманат жағдай естімеген. Таңғалу сонан еді. Жайлауы мен қыстауы алшақ жатқан көшпелі елде кей-кейде табиғат апатынан кездесіп қалатын тосын жағдайлар болатын. Дауыл, жауын-шашында мал бөлініп кеткен, не қасқыр тиіп қырып салған сәттер кездесетін. Бірақ ондай хабардан ә дегенше-ақ, ел құлақтанып қалатын. Жаппай көмекке, іздеуге шығып, бөлінген малдың тірі болса басын, өлген болса сүйегін тауып әкелетін.

Ал Қанат жуық маңда ондай сұық хабар естімеген.

— Жұз отыз бас дейсің бе? — деп қайта сұрады.

— Иә, жұз отыз бас.

— Қандай опатқа ұрынған? Қашан болған жағдай?

Қанат әлі де тосын бір қырсық кезіккен еken деген ойда-тын.

— Не опатқа ұрынғанын білмеймін. Әйттеуір, жұз отыз саулық кем.

— Эй кемің қалай? Бір бас емес, екі бас емес жұз отыз бас мал әлденендей бәлеге ұрынбаса қалай жоғалады? Бұл не жағдай өзі? Қашаннан бері жоқ, нәрсе?

— Осының із-түзін мен де біле алмай тұрмын. Байқауымща біраздан бері жоқ, мал. Бірақ, жасырып айтпай келген.

— Өзі дені дұрыс, есі-басы сау адам ба?!

Қанат бұл шопанды сырттай білгені болмаса, жақсы

танымайтын. "Сарыдалаға" кейін көшіп келіп, алғаш кездері құрылышта, гараж төнірегінде жұмыс істеп жүріп, осыдан бес-алты жыл бұрын бір отар қой алып, малшылықта шығып кеткенін айтудан ғана билетін. Біраз уақыт сыртта қызмет атқарып келгенімен совхоз малшыларының кәрі-жасының денін танитын. Кеше осында келер жолда көріп, танысайын деп оның үйіне әдейі соққан. Өзі малды өріске шығарып кеткен екен, әйеліне тілдескен. Жағдайларын сұрап, қора-қопсыларын көріп, аралап шыққан соң: "Қайтарда жолығып, сөйлесермін, қазір өрістің қай жерінен іздең жүремін", — деп бері қарай жүріп кеткен. Енді зоотехниктен ол туралы шыныменен сұрап тұрган.

—Әй, Алтай, шопаныңың есі бүтін адам ба? Не айтады? Қайда кетті дейді соншама малды.

—Тіл мен жаққа келсе сіз бен бізді жолға тастап-ақ кететін жігіт, Қанеке. — Алтай кекетіп тұрғаны, әлде қынжылып тұрғаны белгісіз сүлесоқтау құлді. —Енді қара басқандай мінгірлеп әр нені айтады.

—Не айтады?

—Жазда жайлауда ұшты-күйлі айрылып қалдым. Еш жерден іздең таба алмадым. Елге жар салуға тәуекелім жетпеді. Бірер жылда өйтіп-бүйтіп, орнын жауып құтылармын деп жүр едім дейді.

—Мәссаған, мұндай да тірлік болады екен-ау. —Қанат аң-таң қүйде темекіге қол салды. Сонан соң жаңа көргендей зоотехникке тесіле қарап біраз тұрды. —Малды өзің санадың ба?

—Өзім санадым.

—Ауылдан ферманың бухгалтері мен бас мамандардың бірін шақыртайық. Бәріміз төрт көзіміз түтел тұрып отарды қайта санап, акт жасау керек. Ісін сотқа өткізген жөн шығар. Сен машинаңды орталықта жібер. Жүр екеуміз әзірге сонда бара берейік,—деді Қанат.

Жасаулы дайын тұрған азанғы шайды апыл-ғұптыл іше сала, екеуі жолға шықты.

—Сен бұл жағдайды қайдан білдің? Қашан естідің? — деп сұрады Қанат келе жатып.

—Кеше.

—Кімнен?

—Ферманың зоотехнигінен.

—Ол не дейді? Малдың кемін қашан біліпті?

—Күзде Өтеловтың қырқынға айдаң келген малы есептегіден көп кем шығыпты. Ферма бойынша қырқынға түскен малдың есебін алатын сол фой.

—Кем екенін білсе сол кезде неге айтпаған?

—Ферма меңгерушісіне айтқан көрінеді. “Көп саулығын қырқынға айдаң келген жоқ, жұні кем шығып отыр”—деп. Ол кісі: “Жарайды, ауыс-түйіс жасап, бір жағынан ретін келтірерміз, қозғамай-ақ, қой”, —деген соң өздері билетін шаруа шығар деп үндемеп едім дейді.

—Ой, бар болсын, бар болғыр. Соларды да маман, қызметкер деп. Ал енді қалай айтты саған?

—Жақында күйекке түскен саулықтардың есебін жүргізген. Баяғы жоқ, мал тағы жоқ, Соңан соң: “Сенің малың түгел емес қой, көп кем фой. Бұл қалай. Қайда?” —деп сұраса Өтелов: “Сен-ақ соңымнан қалмадың-ау. Не әкеңнің ақысы бар менде”, —деп тілдепті. Сөйтіп екеуі жанжалдастың қалыпты. Сол ашумен шығып кетіп, маған келген беті екен, кеше ести сала осылай жөнелдім.

—Е-е, солай де...—Қанат терезеден алға тесіле қараған қүйі сазарып, көпке дейін үнсіз қалды.

Бұлар Өтеловты өрістен іздең жүріп тапты. Жасы қырықтарға енді келген жігіт екен. Аласа бойлы, дембелше, қымылы, жүріс-тұрысы ширақ, шапшаң. Кісіге тінте, тіміскілей қарайтын шегір, шегіртке көздері аңғал, ашық ауыз кісінің кейпін танытпайды. Бұларды жүдеу, пәс қалыпта қарсы алды. Кінәлі, қиналған жанның сыңайын аңғартады.

—Жазда бір түнде айрылып қалым, —дейді таяғының ұшымен жер шұқып, төменшіктеген күйі, анда-санда көзінің астымен екеуіне зер салып қойып. —Түнде өріп, бөлініп кеткенін, әлде біреудің әйдейі айдаң алыш кеткенін білмеймін. Из-түzsіz, таптырмай қойды. Астыртын зер салып, ізdemеген жерім жоқ, Ал осындай малым жоғалды деп жариялауга бата алмадым. Жауапқа тартып жібере ме дедім. Шиеттей бала-шағам бар.

—Балаң қанша? —деп сұрады Қанат.

—Жеті кішкентайым бар.

—Ал енді соңда осыншама малың жоқ болып тұрып, үн жоқ, түн жоқ, жайбаракат жүре беруге қалай дәтің шыдады. Мынандай сүмдышың бола тұра бойынша қалай

ғана ас батады. Ферманың не совхоздың басшыларының біріне айтпауыңа қалай түсіну керек... Әй, шырағым-ау, мұндай жағдайды сол болған сәтінде білдіру керек қой! Неге жасырасың? Мұның енді үрлық, қой. Ал енді не істейміз?

Қанат таусыла, ренжи сейледі.

—Кезінде Әлекеңде айтқан едім...

—Әлекең кім?—деп қалды Қанат өз ашуымен өзі болып тұрып.

—Әлмырза Жорабекович қой,—деді Алтай түсінік бергендей.

Қанат таңданғандай бір сәт аңтарылып қалды.

—Әлмырза білуші ме еді бұл мәселені,—деді сонаң соң.

—Білетін еді,— деді Өтелов міңгірлеп.

—Қайдан біледі? Өзің айтып па едің?

—Жазда ферма бастық екеуі бір келгенде жылап жағдайымды білдіргенмін.

—Ол не деді?

—Ренжіді. Ашуланды. Кетерінде: "Қыруар бала-шағасы бар. Бұл бәлені сottатып жіберіп, олардың көз жасына қалғанда не табамыз. Ағайындары бар ғой олар қол ұшын берер, өзінің жекеменшік малдары бар солардың төлін қосып, бір-екі жылда жоқтың орнын толтырысын. Елді құлақтандырымай-ақ, қояйық, Ауданға жетер, өзімізге де жақсы ат болмас. Осы сөз осы жерде қалсын",—деген.

Қанат не шешім жасарын білмей дағдарып қалды. Табиғаты жуас, томпақай зоотехник "не істесеңіз де өзіңіз біліңіз, айтқаныңызға мақұлмын" деген кейіпте монтаны тұр. Бүйте қояйық деп ақыл қосатын ыңғайда емес.

Ферма меңгерушісі жасы келген, науқасты кісі еді. Біраздан бері қалада ауруханада жатқан. Әлмырзаның курорттан қайтып оралатын уақыты таянып қалған. Әрі кеткенде үш-төрт күнде келіп қалуға тиіс. Бұл мәселенің тоқ, етерін енді соған қарата тұруды жөн көрді. Қалай дегенде де шаруашылықта бірден-бір жауап беретін басшы сол ғой. Әрі бұл болса жаңа келіп жатыр. Ненің не екенін біле бермейді. Истің басы-қасында жүрген өзі ғой. Соны күткен дұрыс шығарға тоқтам жасады.

Бірақ Өтөловтың отарын қайта санатып, акт жасатып, өзін сол жерде шопандықтан босатты да, малын басқа кісіге өткізді.

Құмды аралап, қыстаудағы елдің жай-күйімен танысып, қайтып оралса Әлмұрза да ауылға келген екен. Болған мән-жайды айтты. Ол бұрыннан хабары бар кісідей-ақ онша абыржи қоймады. Салқынқанды тыңдалып.

—Малын санап алып, кісіге өткізгендерің дұрыс болған,—деді. —Басында бекер жолатқан екенмін: денсаулығы жақсы, қайратты жас жігіт болған соң мал бақсын деп жіберген мен едім. Өздері бірталай жан екен, шопанның күнкөріс тұрмысы жақсы әрі күнелтсін дегенмін. Бұл қазақ жақсылықты біле ме?..

—Ал, енді не істейміз?—деді Қанат мәселені түбегейлі шешіп алу керектігін ескерте.

—Білмеймін...—Әлмұрза қиналған кейінде терезеге қарап, сазарып, сүт пісірім отырды.

—Өзі сырттан келгенімен мына бәленше, түгеншелердің жақын туыстары екен,— деді сонан соң бұған қарай бұрылып. Осында қайсысы қызметкер, қайсысы жұмысшы болып жүрген біраз кіслердің атын атап.

—Иә, естуім бар,—деді Қанат.

—Ісін заң орнына тапсырсак, қазір апарады да жабады. Бір жұз отыз қой оңай шаруа емес...—Тиянақты шешім таба алмағандай темекісін қайта-қайта сорғыштап, мазасызданып, әрі-бері қозғалақтады. —Оның бір тағы қинайтын жағы бар,—деді сөзін жалғастырып. —Екеуі отырып туысымызды соттатып жіберді деп мына ағайындары бізден көреді. Сөз жоқ. Ағайынның өкпесін білесің гой, қисынға қарай бермейді...—қораптан қайта темекі алып тұтатты... —Әрі, нәлетінің шиеттей бала-шагасы бар. Обалсынасың...

—Иә, балалы екен,—деді Қанат та осы жағдайға қиналатынын жасырмай.

Осы сәт шүғыл шешім тапқандай Әлмұрза төмен салып отырған басын қалт көтеріп, бұған маңызды әлдене айтатын сыңайда ойланған қарап қалды. Отырып:

—Қанат, осы бәледен у-шусыз құтылсак,—деді.

—Қалай? Не іstemексің?!

—Жазда жылап-еңіреп тұрган соң: "Өз малдарыңнан қос. Төлінді қүй. Елден қозы-тоқты сатып ал. Болмай бара жатса мына ағайындарыңа айтармыз, көмектессін. Сейтіп жақын арада жоғалған малдың орнын толтыр" деген едім. Енді өзі қойдан шығып қалыпты. Мойныңда бәлен бас қарыз бар еді, соны қашан құяды деп бір түлік болып жүреміз бе? Ол бәле қашан тауып түтгендейді. Алда жаңа жылдың санағы келе жатыр. Соған қалдырмай, есебін тауып, орнын жауып, расчет болып құтылып отырсақ,

—Оның реті қалай болады?!

—Ретін занда түрде келтіреміз. Жоқ, малдың басына қазына бағасымен ақша кесейік. Сол ақшаны тез арада тауып құйсын. Сөзге қалмай, есептен шығып отырайық,

Қанат: "Мұның жөн екен, мақұл да дей алмады, жоқ, болмайды, бұл қалай да" дей алмады.

Өтелов әр саулыққа жиырма екі сомнан ақша төлеуте тиесілі болып, совхоз кассасына екі мың сегіз жүз алпыс сом әкеп құйып, қарызынан құтылды да, көрші совхозға көшіп кетті. Бұл шаруа ың-шыңсыз осылай тынған. Бірақ Қанаттың көңіліне күдік еніп, әрдайым осы мәселені ойына алып қоятын. "Боран жоқ, шашын жоқ, жазды күні, қаралтан-қарап жүріп, жүз отыз бас малдан қалай айрылып қалады. Сонша мал із-түзсіз қайда кетпек. Осында бір шикілік жоқ, па екен", —дейтін де жүретін.

Кейінірек бірер жыл өтіп кеткен соң ауданнан жинальстан бірге қайтып келе жатып, осы жайды еске түсіріп, сөз еткенде, зоотехник Алтайдың айтқан әңгімесінен Қанат жағасын ұстаған.

"Қап, сонда ісін сотқа талсырып жібермей", —деп өкініп бармағын шайнаған.

Алтайдың әңгімесі талай жылдан бері шаруашылық төңірегінде үлкендер-кішілі қызмет атқарып жүріп, өзінің мұнан бұрын кездестірмеген, әрі осындауда көз жүмбайлық болар деп тіпті ойына алмаған нәрсесі.

—Бұл бірінші рет емес,—деді Алтай екеуі Өтелов жайын сөз ете бастағанда. —Мен осы совхозға бас зоотехник болып жаңа ауысып жатқанымда дәл осындауда бір оқиғаға кезіккенім бар. Онда мен де сіз тәрізді аңтаң күйде басымды шайқағанмын. "Көре-көре көсем

боласың" дегендей. Ал бұл жолы мына Өтеловтің тірлігіне күдігім бар.

—Солай ма?

—Солай. Өтелов жер құртқан жігіт. Оның құлығы мен жымысқылығына құрық, бойламайды.

—Бәсе зымыян жігіт сияқты еді.

—Зымыян болмаса өлгіндей тіршілік қолынан келе ме? Ол жұз отыз саулықтың әр қайсысын кем дегенде жұз елу сомнан саудагерге арттырып жіберді. Ал совхозға жиырма екі сомнан ақша төлеп, құтылып шыға келді. Қанша ақша қалтасында қалғанын есептей беріңіз.

—Жанынан кешкен бәле ме, көзбе-көз сондайға баруға қалай тәуекелі жетеді.

—Жоқ, ол көzsіз ақымақ емес, өлер жерін біледі. Ісінің сотқа өтпейтініне, арашашы табылатынына сенімді.

Қанат мына сөзден қатты тіксінді. Бір қауым уақыт үндей алмай отырып қалды.

—Мұндай күдігінді басында неге айтпадың. Тура сол кезде ойында осындаі сезік бар ма еді,—деді оған бұрылып.

—Тиянақты айғақ, дәлелің болмаган соң ондайды қалай айтартсың. Әйтпесе мен ту бастан-ақ солай күдіктенгенмін. Кейін жазда сол төңіректе көрші отырған шопандардан сұрастырып, зер салып көрсем "қауын-қарбыз артқан, түрлі жеміс, көкеніс тиеген, саудагерлер мінген, биік қалдайлы, кең қорап машиналар соның үйіне үйір еді",—дейді. Сонан кейін шубәм қалған жоқ.

—Қап, бекер істегенсің. Сонда ойындағы күдігінді маған сездіруің керек еді.

—Енді, қылмысын қолмен ұстал, көзбен көрмеген соң қалай айтасың. Сізben де сырмінез емес кезіміз. Қалай қабылдайсыз.

Қанат "ол не дегенің, не айтпақсың" дегендей сұраулы жүзбен бұрылып еді, Алтай орынан қозғалақташ, ыржалақтай құлді.

—Өтеловты директор тәуір көретін. Әйттеуір, сол кісінің көңілін таба біледі өзі. Не қадырының өткенін қайдам, Өтелов десе тақ тұратын. Онан кейін өзі... — Алтай айтсам ба екен, айтпасам ба екен дегендей бұған

қарап қозғалақтап, сәл кідірді. Қанат оның көңіліндегі сезін күтіп отырған ыңғайда, "иә естик" деген қалыптен мойын бұрган. Алтай тіл үшінда тұрган сезін енді айтпауға болмайтынын сезіп, желкесін қаси түсіп, бәсендеу дауыспен:

—Онан кейін өзі... —деп әңгімесін қайта бастады. — Элекең мен сіз жақын жолдас кісісіздер. Қалай ойлады. Жеме-жемге келгенде Элекеңнің айтқанынан аттап кете қоя ма, мен босқа сез шығарған болармын деп. Әрі көрсете қоятындағы қолымда айғақты ешнәрсе жоқ. Біреудің сыртынан бәле қуып жүргендей өзім қозтүрткі жағдайда қалармын деп. Бұл күнде жел қайдан соғады деу қызын ғой. Сәл нәрседен шықбайтал бола салуың оңай...

Қанат әлденеге наразы күйде жөткірінді. Алтай оның ұнатпаған қабағын байқап, әңгімесін үзіп, кейінрек жылжып отырып, терезеден сыртқа көз салды.

Қанат кімге ренжігенін өзі де білмейді, қарадан-қарап көңілсізденіп, көпке дейін үнсіз қалды. Мына әңгіменің төркіні өзіне ұнамаған. Бірақ Алтайды да, тап қазір кіналап, сөге алмады.

"Оның айтқан уәжін бүтіндей теріске шығарып көрші,—деді іштей кінәлі бір сезімде. —Әлмұрзамен жақын екенің, жолдас екенің өтірік пе? Оның айтқанын жолға тастанай алар ма едің? Ал зоотехниктің директормен қырын келіп, парторгке ұнамай қалудан сақтануы өзі үшін дұрыс та. Ол үшін қалай бәткерде қыласың. Мәмілемен тып-тыныш, қызметін атқарып, отбасын асырудың ең тиімді жолы осы. Алтайды бұл көптен біледі, жаман жігіт, жаман маман дей алмайсың. Өз ісін ықсаяқтайды қағыстыратын, кіммен де сәлемі түзу, мен деген-ақ, жан. Соны көріп тұрып не деп кінәлап, не деп сөге қоярсың?!"

Қанат бір сәт осылай ойлады дағдарған. Темекісін үстін-үстін сорғылаған.

Сол сәт ар жағынан атойлаған бір сезім бас көтергендей болды. Сол сезімнің жетегіне еріп: "Оу, осы біз ылғи тіршіліктің қоғаның басында жүп-жұмсақ, томага түйік, монтаны күйін ғана күйіттеп, ықтай беретінімз не? Тәңірекке азаматтық, түрғыда неге көз салмаймыз. —Керек жерінде "не бел кетеді, не белбеу

кетедіге" тәуекел етпейтініміз қалай? Біліп тұрып, сезіп тұрып әлдекімнің ыңғайымен мылқау, саңырау бола салуға мақұлмыз. Осынау жылымшы мінез, жымысқы ыңғайды бойымызға қалай ғана терен дарытып алдық, Барды—бар, жоқты—жоқ; акты—ак, қараны—қара деуден қалып барамыз. Ал осы елеусіздеу келіп кірген келенсіздіктің біздің қоғамымыз үшін, еліміз үшін зиянды індеп екеніне әрбір саналы, парасатты азаматтың ой жүгіртіп, жан ауыртуы керек-ау. Осы індептен күресу әрқайсымыздың азаматтық, борышымыз болса керек-ау".

Осылай ой кешкен ол өзімен өзі болып, жол бойы көпке дейін үнсіз келді. Эрине, "жалтақтық жасадың, принципсізсің. Сезіп тұрып бұғып қалдың. Өзің совхоз басшыларының бірі бола тұра, тиісті шарасын қарастырудың орнына, "аш бәледен, қаш бәле" деп бас сауғалауың кіслік пе",—деп шүйлігүіне болар еді. Бірақ, баяғыда өтіп кеткен іске енді олай шамырқанып жатуды қажет көрмеді. Шынтуайтқа келгенде мәселенің бұлай өріс алуына жалғыз Алтайды кінәлаудан ешнәрсе өнбейтіні кәміл. Алтайға тіреліп тұрган нәрсе шамалы. Басты кінәні Алтайды осындай жалтақтыққа итермелеп, кіріптарлыққа душар етіп тұрган себептен іздеу жөн. Бір Алтай оңай. Оны жазалауға, қызметінен алып тастауға болар, кілтипатынның түйіні сонымен шешіліп жатса. Ал оның орнына келген кісінің тағы да Алтай болмасына кепілдігің бар ма?! Жок, мұның төркінін әріден іздең, тамырының теренде жатқанын ойлаған жөн. "Күнәнің ауыры да бір, жеңілі де бір". Тазалық үшін таласқың келсе арғы жағына үңіл. Белді бекем буып, шыдаймын деп шық,

Осы ойларды жүйелей келіп:

—Алтай,—деді артына бұрылып. —Біздің қанымызға сіңген бір теріс әдет бар. Сырттан тон пішіп, соған ылайық әрекет жасаймыз. Ащы болсын, тұщы болсын ашығын айтып, әділіне көшуге самарқаумыз. Соңан опық жеп жатамыз, бірақ оны ескермейміз. Мандаимызға тимейді. "Дружба—дружба, служба—служба" деген мақалды күнде естіміз, күнде айтамыз. Көбіне әзілге қолданамыз. Алайда мұның түп төркіні әзілден шықпаған. Рас Элмұрза екеуміз, бірге оқып, бірге ескен,

жақын жолдаспыш. Ал бұл жақындықтың қызмет бабындағы шекараға қатысы болмаса керек. Жолдастық үйде, дастарқан басында, дос-жоралардың арасында. Ал әрқайсымыздың қоғам алдындағы қызмет, міндетіміз онан дербес тұруы керек.

Машина қырқа үстіне шыға келген. Арғы астырттан тау қолтығына таяу жазықтан көгілдір бауға оранған ауыл қарасы қарауытты. Күн жаңа ғана батқан, төнірек әлі жарық, Көшеде жаңа жанған шамдардың жарығы алыстан болар-болмас жылт-жылт қылаңытады. Қанат алдындағы сол көрініске көз тігіп, әңгімесін бір сәт үзіп барып, қайта жалғастырды:

—Менің әкем өмір бойы малшы болып өтті. Ал сол кісінің ақыл-санасы, зердесіне, адамгершілігіне күні бүгінге дейін тәнтімін. Маған тек адалдықты өсиет етіп, жақсылықтың дәнін септі. Оның қаншасын бойға сіңіріп, қаншасын желге ұшырып жібердік, қайдам... Өмірі мектеп көрмеген, газет, кітап бетін ақтармаған кісінің маған айтқан тәрбиелік сөздері, тазалық, туралы ой түйіндері біздің коммунистік идеяның өзім оқыған қағидаларымен сәйкес келіп жататынына қайранмын, әрі қуаныштымын...

Қанат толқи сейлеп отырып, кенет тына қалды. Қөңілінде: "осы мен өзімді-өзі мақтанғандай мұным не"— деген ой жылт еткен. Сонан соң; аз-кем үнсіз отырып:

—Алтай, шаруашылықта қатысты ортақ істе бір-бірімізден пікір бүкпейік. Қөңіліміздегіні айтайық. Түсінісүімізге жақсы. Әрі істің пайдасы. Біріміздің ойымыздан біріміз шығармыз, шықпаспыш мәселе онда емес қой. Ешкімді ешкім шауып тастамайды. Совхоздың тірлігі саған да, маған да бірдей. Ешкімнің бөлек меншігі емес. Үкімет бәрімізден бірдей талап етеді. Оның жақсылысына да, жаманына да бәріміз бірдей жауаптымыз. Алдағы уақытта не нәрсеге де ашық, тұра сөйлесейік,—деді. —Жалпы екеуміз мықтап бір қателік жібергенбіз, келешекте сабак болсын.

Адамның кейде өзін-өзі түсінбей, әлденеден қаңтарылып, тізгінделетін сәттері бар. Қанат бұрын қөңіліндегі кез-келген сөзін іркілмей айтып, сырласып, сұхбаттаса беретін Әлмыразадан қанша оқталғанымен

осы әңгіме жайлы сұрай алмай-ақ қойды. "Осы іске оның қатысы бар ма, жоқ па" деген сауал өзін күпті етіп, мазалаған сайын, көңіліне күдіктің түйіні байланы берген. Келе-келе, араға салқындықтың сызаты түсуіне сол себепші болғанын сезеді.

* * *

Бұл осы қызметке алғаш келіп жатқан кезде Нұрекең—Нұрамағанбет, келіп, жолығып құтты болсын айтқан. Өзінің іштартып, сыйлайтын ақсақалы болған соң бұл салмақ сақтап бипазданбай-ақ ауыл жағдайын ақтарыла сұрап, шешіле шүйіркелесіп, екеуі ұзақ, әңгімелескен.

—Келгенің жақсы болған,—деген Нұрекең құп алып.
—Сырттан құлақ, түріп, зер салып жатамыз. Жүрген жерінде қадырсыз емессің. Соныңа тілектеспіз. Дұрыс азамат қай жерде де өзіне жүктелген міндетті абыройлы атқаруды парыз санағы хак, Солай етеді де. Ал туған аулында қызмет қылудың жауапкершілігі онан гөрі салмақты, игілікті болса керек. Олай дейтінім—ең алдымен бәрімізге ортақ, ұлken міндеттің үдесінен шығып отыру, яғни, мына шаруашылықты партия мен үкіметтің алға қойған талап-жоспарына ылайық, есіп-өркендетіп отыру онай нәрсе емес. Қажыр-қайрат, ақыл-ойды бірдей сарқа жұмсап жұмыс атқаруға тиіссің. Онымен бірге өз ауылың—елдің елдігі, ағайынның қуаныш-күйініші деген тірлікten сырт орай қала алмайсың. Соның қай-қайсысына да басшылық, жан ашырлық таныту ол да парызың. Осы ауылдың жақсы-жаманына сен жауаптысың. Ағайынның алғысын аласың ба, әйгөпір боласың ба ол жағы жүрген жүріс, істеген қызметінің нәтижесіне байланысты.

—Оныңыз рас, Нұреке,—деген Қанат ұлken кісінің сөзіне ықылас білдіріп. —Жанашыр пейіліңізге рахмет. Ауыл дегенімен, ағайын ортасы дегенімен жаңа қызметтің өзінің бір үйреніп, қалыптасып кеткенше тосындығы, қыншылығы болады рой.

—Әлбетте.

—Осылай келіп, ақыл-кенестеріңізді айтЫП, ойға алған ұсыныс, пікірлеріңізді білдіріп тұрындыздар. Мұлт кетіп жатқан жеріміз болса оны да ескертіңіздер. Ауырлайды деменіздер. "Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды".

—Мұның білген кісінің сөзі... —Нұрекең жұмсақ орындыққа шалқалай отырып, Қанаттың жүзіне разы пішінмен зер сала қарады.

—Өмірді осы шаруашылықтың төңірегінде өткіздік қой,—деді соңан соң сөзін қайта жалғап. —Бастық та болып көрдік, басқа да болып көрдік. Жақсы күйде де, жаман күйде де жүрдік. Бастан біраз нәрсені кештік. Соның қорытындысында көзім жеткен бір ақиқат — қай кезде, қай жағдайда жүр туралығына көшіп отырсаң, әйтеуір, сағың сынбайды. Тұбі елдің алғысына ие боласың. Өткіншіге елікпе. Аз күнгі бір қызық-шыжыққа айналшақтадым дегенше алды-артың ылайланады дей бер. Адасасың...

Нұрекең осы жолы біраз әңгіменің басын шалып келіп, Әлмұрзага наразы ыңғайын танытып өткен.

—Әкесі даудырлаған аққөніл, аса қалтарысы жоқ, кісі еді. Мынаның кімге тартқанын. Арамзалығы бар. Бойынды тарта ұста. Жетегіне ілесе берме,—деген.

Нұрекең кеткен соң бұл жаңағы арадағы әңгімелерді қайтадан ой елегіне өткізген күйде жалғыздан-жалғыз бір қауым уақыт отырған...

Онда Әлмұрзаны жаманға қимай: "Нұрекең ауыл ақсақалы ретінде көніл бөліп, жағдаят сұрасып тұрмайды деп өкпелейтін шығар. Соның салқынымен айтқан боларға" жатқызған.

Бірде екеуара оны-мұны айтып, жаяу әңгімемен отырып Нұрекең жайлы сез болып қалғаны.

—Сол шалды қойшы,—деп Әлмұрза тыржың етті.
—Сөзі бар адам. Тыныш жүрмейді. Жасы келді. Иманын сұрап, от басында отырмай ма енді. Әлі белсенділіктен қалғысы жоқ. Баяғы бастықтықты аңсайтын болу керек. Осы совхозды біз ішіп-жеп, талантаражға салып, таратып жібергелі жүрген сияқтымыз да, жаны ашитын сол ғана тәрізді. Жиналыс болса әйтеуір, сынап-мінеп қабыргасы қайысады да журеді.

—Неге олай дейсің? Осы ауылдың ауыл болып, осы шаруашылықтың шаруашылық болуына бір кісінің еңбегі айрықша сіңсе сол Нұрекең шығар. Айтқанына құлақ асып, сыйлай салу керек қой. Зиян айтпайтын шығар.

—Откенін көксеген көкмұлжың шалғой. Заманға

ілесе алмай қалған. Үақытпен санасу керек қой. Айналага қарау керек. Рас, олар жалаңаяқ, ашқұрсақ жүріп еңбек еткен шығар. Ішіп-жемеген шығар. Олар солай болған еken деп, енді біз, бізден кейінгілер де өмір бойы ескі кителден басқа иығымызға ешнэрсе ілмеуіміз керек пе? Барда барша жүріп-тұруымыз керек емес пе. Барша тұрмыс құруымыз керек емес пе? Халық, өз дәuletінің игілігін көрмей ме?

Қанат оның сөзіне бәлендей дау айта қойған жоқ. Дауласайын деген ниеттен де аулақ-тын. Тек Әлмұрза сөзін аяқтай бергенде, сабырлы күйде:

—Ескі кителге тиісіп қайтесің. Киеle нәрсе ғой ол,—деді. —Ал Нұрекең туралы артықтау кетіп отырсың.

Әлмұрза сөзінің аяғын әзілге бұрды.

—Жарайды, жарайды, әкесін бәткерде қылғанды кім жақсы көрсін. Нұрекең өзі саған өкіл әкедей еді ғой. Басынан сені жақсы көретін.

—Сені ше, сені жек көруші ме еді?

Әлмұрза бұған қарай шұғыл бұрылып, әзіл-қалжыңсыз, шын көнімден:

—Сол кісі мені бала күнімде де онша ұнатпайтын тәрізді көрінетін еді,—деді. —Ал осы қызметке араласқалы бері жүлдзыым қарсы келіп қала береді.

Әңгіме үзіліп қалып екеуі де сонан кейін өз ойымен өзі болып кеткен. Қанаттың есіне өткен бір оқиға оралған еді.

Онда Қанаттың алғаш оқу бітіріп келген жылдары еді. Нұрекең басқаратын фермада агроном болып жүрген. Бірде екеуі "Қостоғандағы" пішенишілер аулына барып, әрі сол маңдағы сүрлемге егілген біраз гектар жүгеріні көріп қайтпақ болып келіскең. Ертелетіп кеңсеге келсе ол кісі директордың алдында отыр еken, сонан соң ішке кірмей-ақ, сыртта күтіп тұрған.

Нұрекең бір қауым уақыттан соң совхоз кеңсесінен түйіле шықты. Бірденеге ренжіген сыңайы бар. Асығыс адыммен атына келіп, ағаш шарбақтың сүйір ұшына қазық бау шала салған шылбырды жула тартып шешті де:

—Жүреміз бе, дайынсың ба?—деді Қанатқа.

—Ұзақ отырдыңыз ғой, Нұреке.

—Көп күтіп қалдың ба?.. Баяғы Нұрмағанбеттің бітпес дауы, біраз жерге барысып шықтым тағы да.

—Не шаруа еді? Қанат атын тебініп қатарласа жүрді.

Нұрмабет оған жауап қайтармады. Әлденеге ықтияр болмағандай сұраулы кейіппен иығын қомдал, тамсанып қойды.

—Жоқ, мен бітісе алмаспын, сірә да,—деді сонсоң өзімен өзі сөйлескендей ол.—Көріп тұрып қалай айтпай отырарсың. “Жас демей, кәрі демей жүз шайысып қала бересің, не керегі бар жаманатты болып, қартайдың фой, осы енді белсенділікті қайтесің? Сенсіз де қойы өріп, қорасы кеңіп жатқан жоқ па осы совхоздың”— дейді көлденен біреулер ақылгөйсіп. Сонда мен белсенділік жасағанда атак, бедел іздеп, біреумен ренжіскенде есігімнің алдындағы қорығымнан шықтың деп журмін бе екен.

Ол қиястана мырс етіп, шырт түкірді де, еңсесін көтеріп, ерге түзеле отырды. Аттың теңселген аянымен тербеліп, ой иіріміне түсіп кеткендей үнсіз келеді.

Қанат шілденің аңызағынан сарғая бастаған даланың көптен бері жауын шаймаған жадаулау, қуаң реңіне көз жүгіртті.

Жол жиегіне иін тіресе өскен шағыр жусан мен аратұра ойдым-ойдым кездесетін жабайы ажырық, шаңға тұнып тұр. Бұрқылдаған май топырақты қара жолдың үстінде екі аттың соңынан құйрық тістесе көтерілген қою шаң дала төсінде тұман болып тұрып қалып жатыр. Азанғы кездегі салқын самалды, сергіте сипайтын ауа лебі енді тымырсақтау, жылы тиеді. Бірте-бірте күн тәбеле таянған сайын көтеріле түскен ыстық, кісіні құрғақ, жұтынтып, булықтырып келеді.

—Осы біраздан бергі ыстық, ересен болып тұр-ау, өзі қайтпай қойды фой.

Қанат әңгімеге тартқысы келіп серігіне қарап қойды.

—Шілденің іші емес пе, деген уақтысы рой ыстықтың, —деді Нұрмабет селсоқ қана.

Өзі қаперіне алатын емес. Ақ, кенеп кителінің жоғарғы түймесін ғана ағытып, күнге қуйіп қоңырқай тартып кеткен қамыс қалпағын мильтыра басынқырап киіл алышты. Атын сипай қамшылай, сергек отыр. Осы даланың жусаны түстес қоңырқай жүзінен маңағы ренжудің ізі жоғалышты. Маңдай әжімдері жазылып, тершіп, қызара бөртіп келеді.

"Иә, бұл даланың ыстығын жусан мен Нұрекең жатсынар ма,—деп ойлаған Қанат. —Өзінің жүзіне көрілік ізі жүгіре бастапты. Дембелше келген, жыпжинақы қара шал болыпты. Қысықтау келген байсалды қара торғын көз жанары да бозарыңқы тартқандай айналасын әжім иектеп алышты. Бұрынғы тұнба бояудан шыққандай қою қара мұртын ақ, селеу талшықтар аралапты. Ұртының еті де тартылып, самай мен иек буырыл түске енген. Тек шапшаң шұғыл қымылы, жүрістүрьесі ғана әлі бұрынғыдай. Қажырлы кісі сияқты еді. Алпысың біреуте көрілік те, біреуте елеусіз жас қой. Нұрекеңнің қайраты қайтпағаны көрініп тұр.

"Мана неге кейіді екен" деген ой келген Қанатқа. Сұрауға оқталып бір қойды.

—Осы сазда шабын басталғалы біраз болды. Әлі жиын-терін болып, жұмысқа сайма-сай кіріскен жоқтыз. Осы іркіс-тіркіс созбақпен жүріп күз түседі, соңсоң бір күні апыл-ғұптыл шөп жиналып бітті деп шыға келеді. Япырай, бұл не қылған салақтық,—деді Нұрекең әлденеге наразы кейіппен Қанатқа қарай бұрылып.

Күні бойы өзін әурелеп келе жатқан ой еді бұл.

—Пішеншілер ренжитін болды-ау—деп қойды тағы да.

—Неге?

—Үй жоқ, Бәрі бір-ак киіз үйде жатыр. Түске қарай бір мезгіл дамылдайын десе оған сыйыспайды. Фермадағы басы артық екі үйді күзде күйектің басына тігуге құмға апарған. Әлі сол жақта жатыр.

—Кеше машина жіберілген жоқ па?

—Соның дауы фой бүтін менің кеңседе кешіккенім. Ол машинаға зоотехник Әлмұрза үйіне отын басып келіпті. Шофер: "Үйлер қоймада екен, баздың қарауылын таба алмадық" дейді. Көрдің бе тірліктің түрін. Қарауыл шекараға өтіп кетті дейсің бе, сол маңдағы ауылдың бірінде жүр фой. Ал оны іздестіріп тауып, өзі басшылық жасайтын зоотехник жоқты желеу етіп, отын алған да қайтқан.

—Енді не істейтін болды сонымен?

—Жүз шақырымға салдырлатып тағы бір машина жібереді де. Мұнда қыруар жүрт қарап отыр-ау, машина дегендеге жаны болмағанымен шығыны бар зат қой, обал-

ау дегенді ойламағаны ма? Ал осыны көріп тұрып қалай үндемейсің. Біреулер оны ұнатпайды. Осының не күйері бар екен дейді. Неге болмасын. Бөгде біреудің мұлкі емес қой ол. Осының әрбіреуі үшін сенің әкең мен шешеңнің тері төгілген, менің алақанымның еті ойылған.

Нұрекең сартап болған мүйізді алақанын Қанатқа қарай әулеттene созды.

Қанат серігінің айтқанының қаншалықты шын, ойының да парасатты екенін сезінгенімен бір ғана "Нұреке дұрыс айтасыз" деу жадағай қошемет болып, әлжуаз шығарын аңғарды да үндеген жоқ. Онан гөрі салиқалы бір лебіз танытпақ еді жөпбелдемеде ойға орала қоймады.

—Япырай,—деп қойды Нұрекең. Бұл өзінің бәсіре сөзі. Айтарын "япырайсыз" бастамас еді ол. Қатты ой үстінде де жиі-жиі "япырайды" естірте қайталап отыратын әдеті бар-тын.

—Осы кейбір жастарға таңым бар. Не көріп, неден қысылып... Ол сұраулы кейіппен Қанатқа қарады. Айтпағым бар тыңдай отыр дегендей.

—Иә, не көріп, неден қысылып, күйкі тірлікке бой алдырады. Таршылықты, аумалы-төкпелі аласапыранды біздер ғана басымыздан өткердік қой. Олар түзу заманның кең жайылған ақ дастарқанынан дәм татып, еркін-ақ, өспеді ме? Оқыған, көздері ашық, көңілдері ояу емес пе?.. Нениң құсасынан күйбің күнкөріс қамының шылауында шырмалады.

Нұрекең төс қалтасынан "Беломордың" бірін алыш шығып, тұтатып құшырлана сорып қойды.

—Жаңағы зоотехник те он бес жыл оқыды-ау...—деді ойлы қалпы. —"Шаңырағын совхоздың бақшасы үшін шарбақ, етіп жатқан ешкімді көргенім жоқ, Бір мезгіл үй шаруашылығына қарағанымыздың қылмысы жоқ шығар?" — деді-ау шімірікпестен. Сайрап тұр. Дес бермеймін, өзіме-өзім мығыммын деп тұр. Ширақ тілді, сырт көзге жылтыраған жұғымды, сыпайы. Оқыған. Қынжыларлығы да сол.

Нұрекең сабағы мылжаланып, тұқылданып қалған темекісін түкіріп тастады.

—Жолмен бұрылып жүрмей-ақ шабындықпен

төтелей салайық, Су тартылғалы біраз болды ғой, батпак, жоқ шығар,—деді ол атын тебініп алға түсе беріп.

Қанатқа қиялға толы, қызыққа толы балалық шағының күәсіндегі көрінетін ескі ауыл адамдарының, азайып бара жатқан ардақтыларының, ішінде жанында келе жатқан осы кісі ерекше жылы тартып тұратын. Араларында ат ауысар ағайындығынан да емес, мүмкін әкесінің көңілі жақын, замандасы болғандықтан да емес шығар. Әзірге өз қатарының Нұрекеңмен сыйласпайтынын көрген емес.

"Қылы-қылы заман тонын айналдырып киген нелер жігітті танытып кетті ғой. Кейбір мен тәуірмін дегендердің де кезінде жамандықты жатсынбағанын көрдік. Нұрмағанбет шіркін, қалыптағы темірдей ғой. Толатын да, тоқитын да кезі болды. Қысым көріп, қиналып, бас сауғалар заманды да өткізді. Сыр білдіріп, селтендеген кезін көргеніміз жоқ әлі. Бір сыдырғы қоңыр күйден аумай келеді ғой, сабаз"—деп отырар еді олар.

Сол Нұрекең осы келе жатқан кішкентай ғана қара кісі.

"Кейбір кішкененің, қарапайымның өзінде де бір байқала бермес ұлылық, асқақтық, бар-ау" деп ойлады Қанат. Жасынан таныс, осы бейне биіктен көрінгендей болып келеді.

Қанаттың ауылын бұрын "Сарыдала" колхозы дейтін. Бұл колхоздың тұрғындары отызыншы жылдары Арқадан көшіп келіп, Қаратай қойнауына қоныстанған көшпелі жұрт еді. Бертін келе осы маңдағы "Екпінді", "Қызыл күншығыс", "Жас өркен" деген колхоздар қосылып, "Сарыдала" совхозы құрылды. Нұрмағанбет "Сарыдала-ның" алғашқы колхозшыларының бірі болатын. Қанаттың билетіні Нұрекең соғыстан келгеннен кейін осы колхозда бастық болып істеді. Кейін бригадир, сушы болған кездері бар. Соңан елуінші жылдан бастап, алпысыншы жылдары колхоздар ірілендіріліп, совхозға үйимдасқанға дейін ұзак үақыт "Сарыдалада" колхоз бастығы болып істеді. Қазір совхоздың бір фермасында меңгеруші.

Бала күнгі көргенің тайға таңба басқандай көз алдыңда қалып қоятын әдеті ғой. Қанаттың осы Нұрекенде көрген сайын ойына орала беретін бір жай

бар. Онан бұрын ол Нұрекенде біле ме, ауыл адамдарының ішінен көріп жүруші ме еді, ол есінде жоқ, Осы бір оқиға жадында сақталыпты. Сонаң бері ғана ол Нұрекенде танитын сияқты.

Софыстан кейінгі жылдар болатын. Жұмыс қолының аздығынан ба, оқу аяқталауды мен ересектеу балаларды шөпке, қырманға шығараады. Ауылда он үш-он төрт жасар Өміртай деген бала бар-тын. Өзі тентектеу, өжет болатын. Бірде кілең ши майда балалар асық ойнап жатыр еді, сол келді араларына. Осыдан үш-төрт күн бұрын оларды қырманға алыш кеткен.

—Қашып келдім,—деді ол.—Келе жатып шөңге кіріп кетті,—дейді оң жақ өкшесін көрсетіп.

—Ей, қалай қаштың? Ешкім көрген жоқ па?—дейді қоршалап тұрғандар.

Өзінің бұл келісін, қырманда көрген, білгенін жырдай етіп айтады. Жол алыс болған соң тұсауымен жайылып жүрген уәкілдің атын мініп кетіпті. Оны ауылға келген соң атшы Әубәкірдің үйіне әкеп табыс еткен.

—Қырманда молотилкаға мінген атымның ері жоқ, Арқасы қырдай иттің, құйрығым ойылып қалды,—деп қояды. Әңгімесін аяқтап болды да ол ойынға араласып кетті.

Ертеңіне азаңда Қанат айқайладап жүрген біреулердің, бақырып жылаған бала даусынан шошып оянып кетті. Тысқа шықса екі аттылы кісі кешегі Өміртайды қуалап ұстай алмай жүр. Зыр қаға қашқан балаға тақала берген аттылы бір-екі рет қамшымен шықпыртып өтті. Қанаттың бойы дір ете қалды. Аттылының бірі ферма бастығы Үсентай, бірі колхозға уәкілі болып келіп жатқан дәй қара кісі.

Үсентай аттан секіріп түсіп, алдын орай бергенде бала тұра қалды. Дәй қара екі қолынан шап беріп ұстап:

—Көтеріп жібер жүгермекті,—дейді Үсентайға дауысталап. —Ат мінгішін... Қырманның басына апарып байладап тастау керек мұндай немені,—дейді әулекіленіп.

Бала тырмысып, жұлқыласып, көнбей жүр.

—Кеке-ай, мыналарды-ай! Сенің жоқтығың-ау,—дейді булыға айқайладап. Әкесі өткен жылы, бір жылдай төсек тартып жатып, қайтыс болған. Шешесі азанмен жұмысқа кеткен бе, үйінде жоқ,

Қанаттың көзі атыздай болып жан-жағына алақтай берді. Жылап жүр. Тап осы сәтте, қайдан келгені белгісіз, осы Нұрекең сап ете қалды. Ашулы, түтігіп қарайып кетіпті. Көріп келе жатса керек. Қамшысын екі бүктеп қыса ұстап алған. Келе ұшар басына жez кигізілген тобылғы саппен Өміртайдың қос қолын қыса тартып тұрган білектің қырынан қырқа қағып жіберді. Ананың қолы сылқ етіп, бала босанып кетті.

—Не бассыздық бұл! Қарғадай баланы осыншама шынғыртуға қандай хақың бар?

Дөй қара шабынардай мол бұрылып алара қарады. Жұз күренгітіп, барт боп кетті. Қанат сескеніп қалды. Қазір ол Нұрекенді бас салатындей, үлкен бір сілкісу болатындей көрінді. Нұрекең сол үнсіз, түйілген қалпы. Қип етсе қайта тартып жіберуге дайын тұргандай. Дөй қара шұғыл қымылға бара алмады.

—Таңатаров! Мұның тегін кетпейді. Бұл тірлігің үшін тиісті жерінде жауап бересің. Кіммен ұстасу керек екенін сезерсің әлі,—деді бұрылып жүре беріп. Үсентай бірге кетті.

Біреулер Нұрекенді ұнатпайды. “Не өзіне болсын, не кісіге болсын демейтін адам. Колхоздың мұлкі деген қазына емес пе, ешкімнің алғаннан ортайып, таусылып қалатын ол жоқ, Арасын шаруашылықтың бір шетінде жүрген соң, кейде бірдеңені қағыстырып өйтіп-бұйтіп күнелтейін десең, тапа бір әкесінің малындай бастырмайды. Әйтеуір, басы-қасында жүрген соң бірдеңе етіп өзіміз орнын жабамыз фой. Тіпті, осы Нұрмағанбетке келері де жоқ”,—деп кінәлайтын.

Ондалар аңдып жүріп, қапысын тауып, аяғынан шалып, сүріндіруге епті келеді. Мұндай әрекеттің тұсында бір-бірін тез таба қояды да. Кейде кезеген оғын керекті жерінен тигізеді де.

“Нұрекең колхоздың бастығынан босаныпты” десті сонан көп кешікпей ауылдағылар. Ренжігендері де, “бұл қалай екен” дескендер де болды.

“Енді бұл колхозда тұрмас”,—дегендер де болды.

“Бастықтан тұсіп, қатардағы жай қызметкер болып қалай іstemек. “Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді” деген емес пе, басқа жақтан лайықты қызмет сұрап”,— деді біреулер.

Ал Нұрекең мұның біріне де қараған жоқ. Сол өз аулында сушы болып істей бергені Қанаттың әлі есінде.

“Адам деген жалпы есім-ау,— деп ойлаған еді сонда Қанат Нұрекенің қасында келе жатып. —Ал биік талаап түрғысынан қарасақ, жалқы есімге ылайық емес пе. Бұл атау шындал қелгенде бір-ақ, нәрсеге—сағана саймай ма”.

Сол сәт Қанат “адам”, “бүгінгі замандас” деген ұғымдар төңірегінде толғана келіп, мынандай бір қорытынды жасаған-ды: “Дұрысында бір күн-көрістің қамында әлек болып жүрген, бір басы үшін бәрін тәркі етуге даяр пендeler бұлар жаңағы жалпы есімнің санатына ғана жатса керек. Бас әріппен жазылатын “Адам” деген атау қарақан басты құйіттеген ол ұғымнан көп биік түр-ау. Мына бірге келе жатқан қара шал мана зоотехникпен неге ренжіседі? Өзіме сөз келмесін дейтін, сол үйдің жетпей қалғаны үшін осыны ешкім кінәлайын деп тұрған жоқ, қой... Бірақ, өзі айтқандай “қалай көріп тұрып үндемейді”, шындық—оның адамшылық, жаңаша айтқанда—коммунистік борышы ғой”.

Қанат сонда өзінің әлгі ойымен біртүрлі сергіп, шиырыбып кеткендей болған. Айналасына да аса құштарлықпен көз тастаған. Ат бойы алдында отырған Нұрекенің сырт көзге қораш, шағындау тұлғасына айыздана қараған. Қанатқа сонда ол ішінен: “Мен белсенділік жасағанда атақ ізден жүрмін бе екен” деп қайталап келе жатқандай көрінген еді...

Енді ойлап отырса онан бері де он бес жыл өте шығыпты... Ал Нұрекенің сез саптауы, таным-түйсігі, мінез-құлқы әлі сол қалпында тәрізді.

—Дегенімен заты берік, мықты кісі. Азамат шал екен,—деді Қанат Әлмұрзага естірте.

* * *

Уақыт деген өмірдің айнасы ғой. Бәрін де көрсетеді. Тек соны қапы жібермей баға біл. Талайдың сырын ашып, талай нәрсеге көзінді жеткізеді. Бір кезде ренжіген нәрсене кейін қуанып, ал қуанған ісіңе кейін ренжіп жататының да сол уақыттың ағымына сай құбылыс. Қанат та келе-келе көзі ашылғандай біраз тірлікке басқаша қарай бастаған. Оның алдымен байқап, көңіліне

оң қабылдамаған нәрсесі—Әлмұрзага мейманасы толған жандай көкірек—екпін пайда болған еken. Маман, қызметкерлердің қай-қайсысын қолбалага ылайық үстарғысы келеді. Тек өзі сөйлеп, өз айтқаны заң, өз айтқаны дұрысты төуір көретін тәрізді.

Қанатты өзімсінгені ме, жоқ бұрыннан үйреншікті, қалыптасқан әдеті ме, әлде директорлық хұқына сай әрекет еткені ме, әйтеуір, жолдастық жылы қабак, дұрыс сәлемі болғанымен түрлі шаруаның ығытында мұнымен терезесі тең кісідей санасып, қарайлайтында ыңғай аңғарта бермейді. Қанаттың да келген бойда тізгіннің бір жағын қолға алуға асыққан ешнәрсесі жоқ. Ондай өзімшілдігі табиғатынан шамалы. Дегенмен мұны көңілге түйіп қоя салған: “Жарайды, көрерміз. Уақыт бар фой”.

Қанат кіммен де тіл табысып, түсінісіп қызмет жасау ыңғайын қолайлаганымен келе-келе байқаса Әлмұрзамен екеуі әрненің тұсында кездесіп қала беретін болған сияқты.

Бұрнағы жылы Әлмұрза алыс жайлауға кетіп, ауылда жоқ-ты. Бұл таңтеренгілік кабинетінде отырган. Аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатының бастығы телефон шалсын. Әңгімесінің түйіні—комбинат аудандағы үлкен шаруашылықтардың бірінің орталығынан филиал ашпақ еken. Соған “Сарыдаланы” ыңғайлы деп тауыпты. Совхоз басшылары бұл ұсынысты құп көре ме, жоқ па, соны білгісі келеді. Егер олар макұл десе жақын арада ашпақ. “Ол үшін бірақ филиал орналасып, бірер жылға дейін жұмыс істей тұратын жай тауып беріңдер”,—деп етініш етеді.

Келешекте комбинат өз тараپынан совхоз орталығында екі этажды тұрмыс қажетін өтеу үйін салмақ, көрінеді. Сол біткен соң совхоздан пайдалануға алған жайды өздеріне қайтарады. Құрылышты алдағы жылы-ақ бастамақ, көрінеді. Әзірге он-он бес кіслік тігінші, етікшілер отырып жұмыс істейтіндей жай босатып берсе жергілікті жерден осы іске бейімі бар адамдарды тартып, үйретіп, қызметке кірісе беретін тиісті шеберлерін жібермек еken.

Бұл қарсылық білдірmedі. Қайта оның ұсынысын құп көріп, ықыласпен қабылдаған:

“Совхоз директоры келсін, ақылдасып, жуық, арада

бір шарасын қаастырамыз. Хабар өзімізден болсын", — деген.

Әлмұрза шатқаяқтап, шалқалай құласын:

— Ой, қойшы, соны. Басқа әуреміз аздай-ақ, енді совхозда быткомбинат ашамыз деп басты қатырып жүреміз бе?!

— Сонан біздің басымызға зобалаң туда қоймайды. Меніңше қашқақтайтын ешнәрсе жоқ, Керек нәрсе.

— Эй, атам заманнан бері сонсыз да күнелтіп келеміз ғой. Жөндейтін затын ауданға апарып жөндеп, керегін магазиннен-ақ сатып алғып жүр жүрт осы.

— Енді ылажы болмаған соң солай етіп келген де. Өзінде барға не жетсін. Тап сонан зиян шеге қоймаймыз. Сәті келіп тұрганда аштырып алайық,

— Үй қайда оған?! Қай үйді босаттырып бересің?!

Қанат көңілдегісін бірден сарт еткізбей, ойланған отырып жауап берді.

— Балабақшаға жаңа жайға көшкелі отыр емес пе. Соның ескі үйін бере тұрайық,

— Оны совхоздың орталық қоймасы етеміз дедік қой. Қойманың тұрган үйі де, өзің білесің, ескі жай.

— Қойманы әзірге көшірмей қоя тұрайық, Сонысында бола берер. Ол екі арада комбинат өзі жаңа үй салмақ қой. Әрі кеткенде екі жылда бітірер. Қойма өз қолымыздағы нәрсе емес пе, ешқайда кетпес. Реті келіп тұрганда мынадан айрылмайық,

— Эй, айрылмайық, айрылмайық, дейсің осыдан келер совхозға пайда бар ма? Несіне осынша кіріптар болып отырсың?!

— Совхозға келер пайда неге болмасын. Пайданы тек шаруашылық жоспардың орындалу проценті тәнірегінен ғана іздей бермейік те.

— Ал, айтшы, қандай пайда ол, біз де естиік.

Қанат сабырдан шықпай, салмакты қүйі, үніне сәл сес бере сөйлемді:

— Ауылыңың ішінде тұрмыс қажетін өтейтін орын жұмыс істеп, жүрттүң әжетін ашып отырса, бәленбай шақырым аудан орталығына тасымалданып, қыруар машинаны әурелеп, қыруар уақытта зая кетірген машақаттан күтылмаймыз ба?! Сонан соң өз қарауымыздағы мекемеге өзіміз қожамыз. Малшыларға,

жұмысшыларға осы күні таптыра бермейтін кейбір бұйымдарды соларға жасаттырып, саттырып, қындықтан шығып отыруға болмай ма? Эр қайсысына ылайық, киімдерін тіктіріп береміз. Сонан соң...

Қанат әлі де айтпағым бар дегендей ыңғайда сезін үзіп, ойлы назарын Әлмұрзаның ықылассызыдау тындал, немқұрайлы отырған жүзіне бұрып, тіктей, барлай қарап, бір сәт бөгелді. Орнынан сәл қозғалақтап қойып, жеңіл жеткірініп, бойын тіктей, даусын көтере:

—Сонан соң,—деді. —Сенің бір ескермей отырған нәрсең бар.

—Ол не тағы?

—Осы ауылда қарағайдай-қарағайдай болып бой түзеп, көшени бермейтін жастар аз емес. Олар жылдан-жылға қосыла бермесе азаймайтыны хақ, Солардың көбі, әсіресе, қыз-келіншектер жағы бір мезгіл шөп, егін жинау тәрізді науқанға қатысқаны болмаса жыл он екі ай үйінде отырады. Оларды тұрақты қызметпен, жұмыспен қамтамасыз етуге, әрине, совхоздың мүмкіндігі жоқ. Қайта кейінгі жылдары біразы механизаторлықта тартылып, біразы шопандардың комсомол-жастар бригадасының құрамына енді. Ал енді ауыл ортасынан комбинаттың филиалы ашыла қалса сол жастардың кемі жиырма, отызына тұрақты қызмет табылмай ма? Ол бізге пайда емес пе?! Село көркі, село сәүлетіне көніл бөлу деген де күн тәртібінен түспеуге тиіс мәселе. Ал село алдымен жаңа құрылыш, жаңа жайыменен сәнді. Біреу өз күші, өз қарожатымен ауылының ортасынан екі этажды ғимарат салып бергелі отырса оған рахмет айтудың орнына ат-тонымызды ала қашу қай қисынға сияды.

Әлмұрза мәселенің түпкі байына енді қонақ, қойды ма, жоқ, аитар уәж таба алмады ма бұдан әрі тартыншақтамады.

—Жарайды, онда сенің-ақ, дегенің болсыншы,—деп күлді.

Комбинаттың филиалы жақында жаңа үйіне қоныс аударды. Өз алдына шағын бір фабрика дерлік. Қыруар түрлі өнім шығарады. Әсіресе әрқылы электр заттарын жөндейтін цехы-ақ, оң болып қалды. Тіккен киім, жасаған бұйымдарын қоңсы совхоздар ғана емес, көрші

ауданның таяу шаруашылықтарына да сатып, таратып қайтып жүр. Сол жүрген жерлерінен арнайы заказ қабылдап қайтады. Айналым жоспарын 130-150 проценттен орындаған тоқсаны жоқ шығар. Мектеп бітіріп үйлерінде отыған жастардың талайына жұмыс табылып қолдары ұзарып қалды.

Осындай даулы мәселеңдердің тұсында Әлмұрзаны нақты дәлелдермен тізгінде, ыңғай бермей қасарысып отырып алмасаң дұрыс болсын, бұрыс болсын өз дегенін тізелеп, омыраулап кететін әдетін байқап жүр. "Мұның терістің" қай-қайсын қабылдауға ықтияр емес. "Өзімдік дұрысқа" әбден орынығып алған. Біреуді ұнатпаса жаудай көріп, қыр соңынан қалмауға бар.

"Осы қалай өзгерген",—деп қалады Қанат кейде. Бұл білетін Әлмұрза ардың-гүрдің, аққөңіл, сәл мақтанғанды тәуір көргені болмаса басқаға міnez көрсете бермейтін досыңғай жігіт тәрізді еді.

"Уақыт, орта, қызмет кісіні өзгертіп жібере ме? Жоқ әлде қатар өсіп, талай жыл жолдас бола жүріп те кісінің шын табиғатын танып біле алмауың мүмкін бе екен?! Ол да кәдік!"

Қанат Әлмұрзаны алғаш білетін кезінен бастап, өткен күндерді оймен сүзіп шыққан.

* * *

Оныншы класқа барған жылдары еді. Сабак жаңадағана басталып, мектептің іші-сырты мерекедегідей дуду, қуанышты бір шақ, Жоғары кластар таңертеңгі кезекте оқитын. Колхоз қоныстануынан бір қызыру жерге оңаша салынған, төнірегі мұғалімдер отыратын екі-үш жатаған үйі бар үлкен мектеп сонадайда үркердей топталып, өз алдына бөлек тұратын. Сол мектепке барып қайтудың өзі бұлар үшін бір салтанатты шеру дерлік.

Үйір-үйір, қос-қос болып, гу-гу әңгіме соғып, кейде әндептіп, ара-тұра алысып-жұлысып, ойнап, шатшадыман күй кешеді дейсің. Бой сылап, ержетіп қалғандары жұп-жұбымен, қалың көпірден шеткерірек шыға, өзара шүйіркелесіп, асықпай аяңдайды.

Сарша тамыздың деген уылжып тұрған шағы. Өкпе қысқан қапырық та, қуырып, жалап тұрған аңызақ та жоқ, Жер бетіне сары шуағын мол себелеген күн сәулесі

шекендеңі қыздырып, жұмсақ бусантып, шайдай ашық, мөп-мөлдір көк аспаны жақсының пейіліндей жайдары күй танытып, көңілге қуаныш құйып, қиялыңа қанат бітіргендей. Көкжиегінде жылы сағымдар жүгірген көгілдір қойнаудың кең жазығы осы бір пейілді аспан, күн шуақтың астында келбетіне мейірім толып, маужырап жатады. Үлкен жолдың екі жағындағы шебі шабылып алынған жоңышқалықта тұсаулы, шідерлеулі жылқылар, жусаған, жайылған қой, ешкілер. Жол ернеуіндегі иін тіресе өскен кекіре, жусан, ебелек, шашыратқы шөп шаңға бөгіп, тұнып тұр. Берекелі даланың берекелі күзінен уызынан жарыған тоқтық пен тыныштықтың, жайбарақат жайсандақтың кейіпі аңғарылар еді.

Шұрайлы даланың сан алуан көбелегіндей көздің жауын алып, қызыл шәйі, ақ шәйі, көк шәйі көйлек киген, топ-топ қыз, балалар жол үстінде гүлдей құлпырып, жалындаш шалқып көрінер еді.

Қанат бару-қайтудағы күндегі әдетінше өзімен кластас, мектеп өнерпаздар үйірмесінің маңдай алды әншісі, қатар қыздары сылқым жүрісі, сүйкімді ажарына бола кербез атап кеткен Салтанатпен бірге келе жатқан. Ауылға таянғанда жандарына Әлмұрза келді.

—Қанат, Ақтөбеге барып қауын жеп қайтайық,—деді.

Ақтөбесі ауылдан екі-үш шақырым жердегі көне оба. Бір кездерде әлдене қажет үшін қолдан үйген топырак, әлде ескі қорған-қамалдың үйіндісі, ол жағын ажыратып жатқан ешкім жок. Әйтеуір, көгілдір қойнаудағы жазықтың ортасында таздың басындаш тап-тақыр, ақ балшық, тәбе шошайып тұрады. Дәл тубінен су жүретін оман арық, өтеді. Сол жерге жылда колхоз бақша салады. Бақша болғанда бұл ауылдың ол кезде көкеністің басқа түрін кәсіп етпейтін кезі. Тек қауын, қарбыз, солардың атызының төңірегінде бір қатар күнбағыс не жүгері егеді.

Қауын, қарбыз тіл үйірген дәмді келеді. Қара шұбар қарбыздары төңкөріліп, тәттілігі ауыз уылтқан сары ала, торы ала шартылдақ қант қауындар; тісінді тұтып, көмекейіңе тұғырланып әрең жұтылатын құм қауындар; уылжып, шырын сөлі сорғалаған басыпалды, торламалар дейсің бе, тұр-тұрі өседі-ау.

Судың тапшылығынан болар мұнда үй басына қауын сала бермейді. Осы орталықтың бақшасынан тасып жейді. Бұл жақта пісікшіліктің науқаны он бес, жиырмадақ күн. Қыркүйек тұа бақша жиналып, пәлегін ортасына үйіп тастайды. Келесі жылдың тамызына дейін, хош иісі аңқыған әңгелек, қауын, қарбызбен хош айтисасың соナン соң.

Шілденің аяғынан бері өнімін арба-арба ғып ауылға тасыған бақша қазан болды дегенімен, ағып тоқтаған судың сарқындысындей-ақ, біразға дейін пәЛЕК тұбі созылып, кісі алдар қаужаң-қаужаң болып тұрады. Соナン соң да орталыққа қауын тасу сап тыйылып, атыз шетіндегі күнбағыс, жұтерінің дән, собықтарын жинап, сабақтарын орып алғаннан кейін де сарғайған пәЛЕКтердің бір шетіндегі қарауыл шал Бірібайдың шырмауық басқан күркесі мен келесі бастағы қараша қосы екі-үш аптаға дейін жығылмай тұрады. Ол жығылмай тұрганда келім-кетім кісі бұрынғыдай ағылып жатпағанымен некен-саяқ бала-шага үзіле қоймас-ты.

Бірібай Әлмұрзалаrмен жамағайын кісі. Соナン соң да мұны қауын жеуге шақырып тұр. Эйтпесе, бұл кезде бөгде жанға жеңсік астың табыла беруі екіталай.

Бұлардың сәлемін алыш болған соң-ақ, қарауыл шал келген шаруаларың осы шығар дегендей күркенің қасындағы үйліген шөптің астынан ұлken сары ала қауын және бір қарбыз шығарып, жарты таба нанмен алдарына қойды. Мектептен қайтқан беттері үйлеріне де соқтай осылай тартқан екеуі шөлдеп, ыстықтап әрі қарындары ашып жеткен. Битін сығып бір кірісті дейсің.

Апыл-ғұптың қарқынмен біраз қарбытқан соң ар жақта тіреліп, жүре қоймауға шықты. Оған да қарайтын сыңайлары жоқ. Қозғалақтап, кекіріп-кеқіріп қойып, ұрып отыр. Әбден кеңірдектеп тойған соң жантая-жантая кетіп, әрі аударылып, бері аударылып біраз жатып дем алды. Соナン соң екеуі қолтықтарына екі қарбызды қысып, күн қайта ауылға беттеді. Соңда ғана Әлмұрза мұны оңашаға шақырып, алыш шыққандағы әңгімесін бастады:

—Қанат, мен саған бір сыр айтпақ, едім. Кластағы балалардың ішінде айтқанымды басқа ешкімге жаймайды деп саған ғана сенемін. Айтпайсың ғой, ә?!

Тосын өңгімеге әрі таңырқап, әрі не деп жауап берерін білмей бұл оған ә дегенде ешнәрсе дей алмай аңтарыла қарап қалды.

—Айтпайсың ғой, ә? Ешкімге айтпайды деп сенемін.
— Әлмұрзаның даусы дірілдеп, жүзіне қобалжу бар тәрізді.

Бұл әлде аяп кеткендей, әлде таңданған күйінен айыға алмаған қалпы, құрақ ұшып:

—Айтпаймын, айтпаймын,—деді. —Ол не?!

Әлмұрза әлденеге қипактап, кібіртікте ді. Айтуға ыңғайсызданып, қысылғандай сыңайын байқаған соң бұл өзімсіне, даусын көтере, дос пейілмен:

—Ол не? Айтсайышы енді,—деді.

—...Мен саған бір жолдастық қолқа салмақ едім... — Әлмұрза оң қолтығындағы қарбызын сол қолына ауыстырып, бүгежектеп тағы кірдірді. “Бұл не айтпақ, еken сонша құпияланып, неге тайсақтай берді?”—деп Қанат оған сұраулы жүзбен зер сала қарады. Оның осы ойын сезгендей Әлмұрза бойын тіктеп, жүзін тұра бұрып, бұл күтпеген оқыс бір сұрақ қойды:

—Қанат сен осы Гүлсаяны сүймейсің ғой, ә?..

Қанат не айтарын білмей әрі аң-таң күйде, әрі қысылып, сасқалақтап қалды. Оның кімді сөз еткенін біліп тұрса да:

—Қай Гүлсая, тоғызыншы “Б” да оқитын Гүлсая ма?—деп қайталап сұрады.

—Иә, сол.

“Бұл не сөзі, не демек, маған”,—деп ойлап үлгерген ол бұрынғыдан да таңдана түскен күйі:

—Әлмұрза, сен неге жұмбақтай бересің? Не айтпақсың? Гүлсаяның қатысы не бұл жерде? Менің ешқандай онымен араласым жоқ. Тіпті, ешқашан оңаша сөйлесіп көрген емеспін,—деді әлденеден сақтанғандай, әлденеге шамданғандай.

Әлмұрза мұның қазіргі көңіл күйінен, даусының қатқылдау шыққанына мән бермеген тәрізді.

—Қанат, саған бір өтініш етсем орындаисың ба?— деді жалынғандай сыңайда.

Кісінің көңілін қайтара алмайтын елгезектігі жеңді ме, әлде не екенін тезірек білгісі келген балалық, аусарлықтың әсері ме:

— Жарайды,— деп келісім беріп салды. — Не шаруа?
— Мен бір қызыға хат жазып едім, апарып бересің бе?!

— Кімге?

— Гұлсаяға.

Табан астында “мақұл” не “жоқ” деп жауап бере алмай Қанат бөгеліп қалды. Ойланған келе алдында берген үәдесін, лебізін жұта алмай, әрі өзімсініп, дос тұтып қиылып тұрған Әлмұрзаның көңілін қимай:

— Макұл, апарып берейін,— деді.

— Рахмет. Мә, онда саған беріп қояйын. — Әлмұрза шалбарының артқы қалтасынан ұшбұрыштап бүктелген, дәптердің кереге көз парагына жазылған хатты ұсынды.

— Бір реті келгенде табыстарсың.

Екеуі де соナン кейін әлденеге ыңғайсыздандандай біразға дейін үнсіз қалды. Сәлден соң мына қолайсыз тыныштыққа шыдамағандай алғашқы болыш Қанат тіл қатты:

— Жаңа менен ол туралы неге сұрадың?

— Қатар қыздары “Гұлсая Қанатты жақсы көреді” деп әңгімелейді. Соған сенің ойынды білгім келіп еді.

Қанаттың бидай өнді, әдеміше дөңгелек жүзіне ду етіп қан теуіп, алабұртып барып басылды. Өзі сасқалақтағандай қызарақтап мағынасыз құлді.

Әлмұрза бір жағы мұның көңілін орнықтырғандай, бір жағы өзінің қылышын жуып-шайғандай:

— Сенің жүретін қызың бар рой. Салтанат тұрғанда басқаны қайтесің, солай емес пе? Ел айта береді де,— деді.

Бұл ешиәрсе деп жауап қатқан жоқ, Әңгіме үзіліп қалды. Біраз үнсіздікten кейін ғана:

— Хатты жолдас қыздарының бірінен емес, менен берген себебің не?— деді.

— Жаңа айттым рой,— сен ешкімге сөз шығармайды деп есептедім. Саған сендім... — Әлмұрза желкесін қасып, сәл ойланып қалды. Оның сол қипактағанынан-ақ бұл негізгі себептің басқа екенін пайымдаған. Бірақ сұрауға ыңғайсызданды. Сөйткенше әңгімені Әлмұрзаның өзі бастады.

— Гұлсая тәқаппар қызы. Ешкімнің қолынан хат алмай қоюы кәдік... — Әлмұрза тағы да желкесін қасыды. — Ал сені сыйлайды. Сен апарып берсең алуы мүмкін... Үйімен жақын араласып тұрасындар. Сені жақсы таниды...

Гұлсая бұлардан бір класс тәмен тоғызынышыда оқитын ұзын бойлы, талдырмаш, қараторы қыз. Кей қыздардай қақтығып, ұшып қонып жүретін әдеті жоқ. Көп сөйлемейтін, міnezі ауыр, тұйықтау. Бойы-басын күтіп, таза тәуір киініп жүреді үнемі. Үйі көшениң қарсы бетінде тап Қанаттардың үйімен түспа-тұс. Бұрын өзімен бір класта оқитын мұның қарындасты Сұлуға ілесіп бұл үйге жиі келіп тұратын. Кейінгі кезде бойжетіп қалғанының белгісі ме, әлде мұнан ұялама, сирек қатынастын. Өзі де үркек киіктеу, бөгде кісімен шүйіркелесіп, жұғыса бермейтін оған Қанат осы кезге дейін қатар құрбы, қыз ретінде көз салып, тілдескен емес-ті. Бірақ ішкі бір сезімнің түйсігімен кейінгі кезде қыздың өзіне деген көз қарасынан әлденендей сыр аңғаратын тәрізді еді.

Гұлсая қай жерде мұны көрсе, қарсы кездесе қалсын мейлі, жүзіне тұра қарамай басын тәмен салып өте шығатын. Бірақ, солай қарамай өтіп бара жатып та бұған ынта-шынымен зер салып, әрбір қымылын жіті байқап, бақылап бара жатқанын Қанат қалайда сезетін сияқты еді. Ал кейде кешке қарай ауыл клубында өтетін кино, концерт тәрізді жиындарда Салтанаттың жанында түрган бұған сонадайдан, топ қыздардың ішінен, қайта-қайта ұрлана қарап, көз алмайтынын байқайтын. Жанарына жанары ұшырасса жалт бұрылып, тайқып кететін де, артынша қайта қарағыштай бастайды.

Мектепке бару-қайтуда да көбіне белгілі бір қашықтықты сақтай зер салып, мұның қарасында жүріп отыратын тәрізді. Бұл жайды кей жүрт аңғара бермегенімен Қанаттың сезімтал көңілі сезетін. Бірақ, қыздың сол күйіне мән беріп, шындалап назар салып, көңіл бөлген емес. Өзіне қатысы жоқ, нәрседей немкүрайлы қабылдайтын. Онда мұның көңілінде Салтанат қана бар-ды.

Мектептегі меммін деген талай балаларға өзіне құрак, ұшып, қанша айналактағанымен оң қабағын таныт-пайтын Салтанаттың, обалы не, бұл дегенде ықыласы бөлек-ті. Мұнымен кездесе қалса нәркес жанарына жылылық үйіріліп, жарқылдаған ашық ажары онан сайын жайдарылана, ойнақы, ерке мінезімен баурап тұратын. Қатарларының көбі бұл екеуін жұп санайтын.

Бұлардың жүп жазбайтын достығы осы көктемнен басталғандай еді. Ол достықтың бастауына алдымен Салтанаттың өзіне ықылас, пейілі түрткі, себепші болғандай ма?! Осы көктемде ауылдағы келін түсірген бір үйде той болған. Жастар тамның есігінің алдына тігілген киіз үйде ойын-сауық жасап жатқан.

Бұрын Салтанатқа сыртынан қызығып, ықыласы құлап, бірақ кездесіп көңілін сездірудің регін таба алмай, ретін тапса тәуекелі жетпей пұшайман халде жүрген мұның осы кеште қызға оңаша жолығуының сәті түсे кеткені.

Біраз ел желпінуге сыртқа шығып, қайтып үйге кіре бергенде алдында кетіп бара жатқан қызға:

—Салтанат, тұра тұршы,—деп сыйыр етті.

Үстінде толық, балғын кеудесіне тырыс-тырыс кептелген жеңсіз, қысқа, қара барқыт кеудешесі бар, белі бүрмелі ақшәйі көйлегінің етегі тұнгі самалмен сусып, баяу желбіреп, бұрандай басып бара жатқан бұла қыз қалт кідіріп, бұған қарай журді.

—Ол не, жай ма?!

Қараңғы тұнде қап-қара, тұнық жанары онан сайын жәудіреп, мөлт-мөлт етіп, бұған наздана еркелей қарады.

Бұл өзінің оны жақсы көретінін айтты.

Жақын тұрған қыздың жалын демі жүзін шарпып, толқыған бір сезімнен басы айналғандай. Қыздың жыпп-жылы алақаны қолына тигенде тұла бойы ду өртеніп, онсыз да алас ұрып тұрған жүрегі атша тулас, дүрсілдеп кетті. Қыз ернін мұның құлағына таяй беріп, буын-буынын онан сайын еріте сыйырладап:

—Бүгін саған беремін деп алып шығып едім,—деп алақанынан да жұмсак, ұлбіреген әлденендей шүберекті қолына ұстата салды. Оның не екенін бұл зерделеп үлгер генше өзі:

—Сау болып тұр,—деп сыйыр етті де ешкімнің көзіне түспедік пе дегендей жан-жағына жалт-жалт қараған бойы үй айнала беріп, сып етіп ішке кіріп кетті.

Қанат сол бақыттан мас, кірелі шығалы қалтиып тұрған күйі қолындағы қыз қалдырып кеткен затқа қараған. Шеті кестеленген жібек орамал екен. Әтірдің иісі аңқыған, қызыл жіппен кестеленген, ұлбіреген сары жібек орамалға тұнде үйіне келген соң да әлде біреу

мұның құпиясын көріп қоятындағы тығынып, жүрт көзінен тасаланып, қайта-қайта қарағыштап, қуаныштан бал-бұл жанып, қиял кешкен.

Бірақ өкініштісі осы бір шоқтай ыстық, алғашқы от қызу сезім ұзағынан сүйіндірмеген. Тұңғыш махабаттарына баларлық бұл достықтары баянды болмады.

Көңілге қаяу, сезімге сызат сол жылғы жаңа жыл кешінде-ақ ойламаған жерден түсіп ұлгерген.

Өздерін ересектер санатына есептеуге жетіп қалған бұлар мектептегі елқадан сытылып шығып, ауыл клубына келсін. Бидің қызған шағы екен, көбі шалабуырлылау, керзі етіктің қонышын тобыққа дейін түсіре қайырып, құпәйкенің тәменгі жалғыз түймесін ғана салып, малақайды бірі желкеге, бірі шекеге тастап шаруасы түгел жүрген ауыл жігіттерінің ішінде сырттан келген сыптай пішімді біреулер де көзге түседі. Солардың ортасында алдымен назарға ілігіп, қой ішпіндегі серкедей бетке шығып жүргені өткен жылы осы ауылдағы мектепті бітіріп, қалаға барып, пединститутқа түскен Әутәліп екен. Демалысқа келген болса керек. Қаланың тұмсықтықтан кісіні сыптай етіп жіберетін сиқыры бар ғой. Әутәліп таралып өсіп, көшелі жан болған. Үстіне киген кімдері де "пасон". Тобықты буған тар шалбар, қара тазыңдай жұтынған, тік өкше, сүйір тұмсық туфли. Билегенде аяғы-аяғына жұқпай, сумаң қағады. Мына ортада өзінің бағасы мен мүмкіндігіне деген сенім еңсесін көтеріп, ажарын аша түскен. Еркін, көңілді.

Бұлар сырттан кіргендерге тән тосырқау рәсімімен есік жақта иіріліп қалған. Биге де бірден араласа кетуге бой тартып, ау-жай байқасқан сыңайда-тұғын. Сол кез Әутәліп әлгі еркін, үstem қалыпта, жүртты қақ жарып өтіп, Салтанаттың қасына келіп, биге шақырды. Жүрт та жапырылып осылай қарай қалды. Бұл ойлаған: "Салтанат шыға қоймас, қазір өздері де билейді ғой", — деп. Бірақ Салтанат шақырганға келіскең ыңғай танытып, икемделе берген. Сол сәт бұл әлденеден секем тартып, ұнатпай қалған. Сөйте тұрып тағы ойлаған: "Менен ұрықсат сұрайтын шығар. Жоқ, деу ыңғайсыз, қызғанды дер. Жарайды бір билеп қайтсын... Бірақ Салтанаттың мұнысы несі сөзге келмей еліп ете қалғаны, тап бір соның биге шақыруын күтіп тұрғандаі..."

Бұл осылай ойлап үлгергенше Салтанат Әутәліппен бірге билеп кете барды. Кетіп бара жатып, тіпті артына бұрылған да жок. Қанат ызадан тырыс-тырыс сыйзап, екі бетінің ұшы ду етіп ысып қоя берді. Төңірегіндегі жұрт өзін табалап тұргандай қатты қорланды. Салтанаттың онда шаруасы жок, мәз-мәйрам күйде шыр көбелек айналып, дөңгеленіп, жүзіп жұр. Сол билеп жүрген қалпы "көріп тұрсың ба мені" дегендей ауық-ауық, бұл жакқа жайрандай көз тастап қояды. Не мұның қазіргі көңіл күйінен бейхабар, не ызасын онан сайын келтіре тұскісі келген сыңайы бар. Құлындаі ойнап, бұлт-бұлт етеді. Тура мұның төзімін тауысқысы келгендей музыка да ұзақ, айналды. Би де әрең дегенде барып аяқталды-ау. Жүзі алабұртып, бал-бұл жанып, тершіп, жайрандап, жанына жетіп келген Салтанатқа бұл қасақана көз салмай, аспандаі қарап, әріректегі біреулермен сөйлескен сыңай танытты. "Мені көрмей тұрсың ба" дегендей жақындаі сүйкенгеніне де мән бермеген. Ел ентігін басып, терін сұртіп, желпінсіп болды-ау деген шамада музыка қайта ойнай бастаған. Сол кез:

—Қанат билемейсің бе?—деген Салтанат.

Күні бойы "бәрі арығын білгізбес, сыртқа жүнін қампайтардың" кебімен сыр бермегенімен ыза буып әрең тұрган. Салтанат әлгіндей дегенде сол ашу бұрық ете тұскен. Кекесінді, ұнатпай қараган қабақпен:

—Билей бер өзің,—деген де теріс бұрылған.

Қыз бұған таңданғандай бір сәт аңтарыла, әрі қипақтай қараган:

—Саған не болған? Неге ашуланып тұрсың?!

—Онда шаруаң қанша?!

—Жарайды, олай болса.

Қыздың да табиғатындағы тәқаппарлығы ұстай қалған. Жүзіндегі жайдарлық нышаны кенет су сепкендей басылып, өнді сәл көгіс тартты. Ақ мандайына шашырай құлап, бүйралана төгіліп тұрған кекіл шашын сілке, басын шалқақ, тастап, бойын тіктеп алды. Қанат өзінің артықтау кеткенін сезді. Бірақ тап осы сәт райдан қайтып, келісімге қол созуға, табан астында, сына алмады. Қыз сол өкпелеп қасарысқан бойы бұған қайтып бұрылған жок. Билеген жүрттан көз алмаған қалпы

сірепсіп қалған. Сөйткенше би аяқталып, іле-шала жеделдетіп музыка үні қайта естілген. Бұл не істеу керегін ойлас ұлгергенше Әутәліп келіп тағы биге шақырды. Сөзге келмей тағы ілесіп кете барды.

Мұның енді билеп жүрген жүртқа қарағысы келмеді. Не істерін білмей әрі-бері тықыршып тұрды да кең залдың бір бұрышында тұрган орындықта барып отырды. Қанша қарамайын десе де көзі қайта-қайта Салтанатты шалып қала берді. Ол қаз қалпында. Жүзінде күлкі. Баяу, жеп-женіл қалқып, Әутәліппен әлде не жайлыштігіме шертіп, көнілді жүр. Ара-тұра “ал қайтесің” дегендегі бұл жаққа тәқаппарлана назар тастап қояды. Әутәліп енді үзіліс кезінде де қасынан кетпеуге айналды. Бірденцелерді айтып, екі езуі құлағына жетіп, ыржалақтап айналшықтап шықпайды. Ол тұрғанда мұның қыздың қасына барғысы жоқ.

Тағы музыка ойналды. Тағы екеуі биге шықты. Бұдан әрі отыра беруге шыдамай сыртқа қарай беттеген. Дала қараңғы екен. Бұл есіктің алдынан әрірек барып тұрды. Тұн май тоңғысыз, жып-жылы. Жапалақтап қар жауып тұр. Көбелектей ағараңдап, баяу қалықтаған қар ұлпасы үн-тұңсіз келіп қонақтағанда бетіңің, қолыңың ашық жерлерін тапа бір мысықтың мияуы жалағандай қытырың келетін сияқты.

Бұл сол бетін өуеге тосып, тапқан ермегіне мәз болған сыңайда өзін-өзі алдаусыратып, ештеңе ойламауға тырысып бейқам тұрған. Дәл жанынан біреудің:

—Қанат!— деген даусы шыққанда селк ете қалғандай болды.

—Бұл қайсың, ей!

—Мен ғой!

—Жездібаймысың?!

—Дәдәңің өзі ғой?!

Бұл мырс етіп күлді:

—Дәде болғаныңа сенің.

—Мен болмасам көрер ем күндерінді. Осы сендер деп-ақ шаршайсың?

—Өй-да-а!

Бұл жолы екеуі қосыла күлді.

—Әй, бұл не тұрыс?! Жоспар не?!—деді енді

Жездібай маңызды бір шаруаға көшкендей салмақтанып.
Бұл оның не айтқалы түрғанын түсінбей қалып:

—Қайды жоспар? —деді.

—Оны өзің білесің де. Ал ананы қайтеміз. “Темный”
жасап жібереміз бе?

Бұл енді түсінді. Жездібай мұның класындағы ең бір шаттаққұмар, жанжал десе оң иығын беріп жүретін бала. Тәбелесе кетсе өзінің бір кісілік қауқары да шамалы. Бірақ көп жұрт екі иығын жұлып жеген ұрыншақтығына қарап шынымен қырғын шығар деп сескене ме, алде “бәлесінен аулак, тентекпен байланысып әуре болып қайтемін” деп абырай сақтай ма, онан айналып жүреді. Жездібайға соның өзі де жетіп жатыр. Елдің бәрін ықтышып жүргендей доқтанып, қоразданып қояды. Сонысына өзі мәз. Ал өзінен шын күші басым, жемежемге келгенде аямайды-ау деген кейбір балаларға достық сездіріп, арасын дұрыс ұстаудың қамын ұмытпайды. Оларға мінез көрсетуден аулак. Рас, әлдеқалай әнжемді біреуді серік ете қалса кімге де болса тиіспіп, тәбелесе кетуге ықыласты-ақ,

Қанат оның кекейіндегісін түсініп тұр. Бір жағы жанжал тілеген шатак, құмарлығы ұстап, екінші жағы достық пейілін танытып мұның да көңілін аулап қоймақ. Қазір жұрт тарай бере қараңғы көшеге түскен сәтін аңдып тұрып, Әутәліпті ұрып кетуді ұсынып тұр.

—Мен-ақ, бастайын,—дейді құлшынып. —Тек қапысын жібермей артынан дұрыстап соқ. Есінде жүретіндей болсын. Жарай ма?!

Бұл бірақ құрақ ұшып қостай қоймады. Ойланып тұр. Тәбелеске барғысы келсе, бірер жас үлкен болғанымен Әутәліпке Жездібайсыз бір өзінің де шамасы келетініне сенімі кәміл. Алайда шу шығарға құлқы жоқ, Ертең гу ете түсетін “қыз үшін жандалдасыпты” деген әңгімeden тайсақтайты. Әрі тәбелес үшін қисын да жоқ, сияқты. Қазір қанша жек көріп, зығырданы қайнап түрғанымен Әутәліпке не деп қол жұмсаудың ретін таба алмады. Онан гөрі кекейінде Салтанатқа деген белгісіз бір қыжыл, өкпе басым. Мұның көңіліне қаяу түсірген соның бүгінгі тосын мінезі, түсініксіз әрекеті. Бұл дүниеде мұның бар-жоғын ұмыттып, мұнымен жұмысы болмай, әдемі аққұба өні алаулап, бал-бұл жанып, көнілді

күйде Әутәліппен мәз-мейрам билеп жүрген сөті көз алдына келсе іші тұз күйдіріп басқандай қызып қоя беретін сияқты.

Қазір елдің тарауын күтіп тұрып, оңаша шығарып алып Салтанатқа осының бәрін айтқысы келген, сөйтіп ренішін сездіріп, ашуын басқысы келген, бірақ, әлдене себеппен соған беттей алмай-ақ, қойды. Әлде табиғатындағы намысқойлығы жібермеді ме, әлде ұяң мінезі кедергі болды ма, дәл қазір кездесіп ойындағысын айтуға жүрексініп, тартына берді. Әрі көнілінің бір түкпірінде: "Салтанат мені өкпелетіп, ренжіткенін сезер, өзі келер, сонан соң тусінерміз"—деген ой да жоқ, емес-ті.

Ал қыздың тәқаппар көнілі мұның кішіреюін қалап, көрсеткен оқыс мінезіне, орынсыз менменсігеніне кешірім сұрағандай ыңғаймен алғашқы илігу өзінен болар деп күткенінен боз өкпе бозбала бейхабар еді. Осылай жүріп уақыт озған сайын аралары алшақтап, көңілдегі бір-біріне деген жылы сезім салқын тарта бастағанын аңғармай қалған.

Соның салдары келіп жаздықұні мектеп бітуге арналған кеште екеуінің кеймана кісідей бір-бірімен сүлесоқ, күйде қоштасуына әкел сайған.

Бұл, әрине, кейінрек болған жай. Ал қазір Әлмырза Қанатты Гүлсаяға хат апарып беруге жұмсаған кезде мұның жан-дүниесінде Салтанат деген жалғыз ғана ақ, гүл өсіп тұратын.

Қауындыққа барған күннің ертесінде Қанат мектептен қайтқан бетте ауыл шетіне ілікен соң балалардың жөн-жөніне тарауын аңдып тұрып, үйіне қарай жалғыз бұрылған Гүлсаяны соңынан қуып жетті.

—Гүлсая, тұра тұршы!

Бұл қасына келгенде қыз қара торы өніне қан теуіп, қызарақтап, жүзін төмен салды. Аяғының ұшымен жер шүкілап, басын көтермеген күйі: "не айтасыз, құлағым сізде" деген пейіл танытады. Бұл сасып-сабдырап:

—Гүлсая мынаны... деп қалтасынан хат суырып ұсынғанда қыз онан әрмен қыл-қызыл болып кетті. Бұған әлде таңданғандай, әлде үрейленгендей қысыла қарады. Даусы дірілдей шықты.

—Мұныңыз не?!

—Гүлсая, Әлмырза беріп жіберіп еді...

—Элмырза?!

Қыз оқыс бойын жиып алып, өрі таман шегініп тұрғандай болды. Оның бойтаратқан ыңғайын байқап қалған бұл қайткенімен тезірек шаруасын бітіріп, міндетінен құтылууды ғана ойлап, жалынғандай үнмен:

—Гұлсая, алшы, алмасаң өкпелеймін...—деп ентелей түсіп, хатты қолына тықдалай берді. Кері итеріп тастауға мұның көңілін қимады ма, хатты қолына қыстырған бойы шұғыл әрі бұрылып, үн-тұнсіз, жылдамдата басып, ұзай берді. Бұл бірқауым уақыт сол орнында сілейіп тұрып қалды.

Бұл міндет бойынша Элмырзага хаттың жауабын әкеп беруі керек. Ертеңіне Гұлсая мұны көре сонадайдан бұрылып кетіп, айналып өтіп, маңайына жуықтамай қойды. Оның ертесіне де сөйтті. Көрмеген, байқамаған сыңай танытып төмен қарап өте шықты. Жұрт көзінше бұл шап беріп ұстай алмайды. Үшінші күні аңдып тұрып мектептің дәлізінде кезіктірген:

—Гұлсая әнеуқұнгінің жауабын бермейсің бе?

Қыз мұның жүзіне ашу, зілсіз, сабырлы көз салып, бұл құтпеген бір ашықтықпен кесіп сөйлең:

—Жауабын Элмырзаның өзіне айтармын. Қанат, сіз алаң болмай-ақ қойыңыз,—деді. Қыздың үніндегі салқындық мұны аяздай қарып өткен. Қысылып, ыңғайсызданып қалды. Класына қарай тұра жөнелді.

Кейін Элмырзадан қыздан қандай жауап алғанын сұраған емес. Өз тарапынан ол да ештеңе айтқан жоқ, Бұл туралы қайтып арада әңгіме қозғалмаған. Бар байқағаны Элмырзаның сонан кейін Гұлсаяны төңіректегенін көрген емес. Ал бірақ Қанат мұнан кейін де Гұлсаяның өзін сыртынан бағып, қарағыштап жүретінін талай рет аңғарған.

Бұл мектеп бітіріп, оқуға жүргуге дайындалып жатқанда Әжесі:

—Қанатжан, көкеңдің малдан қолы босамайды. Мына есіктің алдындағы жоңышқаның әбден мәйектеніп піскеніне біраз болды. Әнеу күндері экзамынан қалмасын дедім. Енді шауып алмаса аз күнде басы ұшып кетіп сояуы ғана қалады. Рәсуа болды деген сол. Осыны екі-үш күнде өзің жинап беріп кет,—деген.

Сонан соң кешелі бері Қанат шешініп тастап

жоңышқа оруға кірісken. Күн батуға жақындап қалған кез еді. Есік алдындағы үйге таяу атыздарды орып бітіп, жоңышқалықтың шарбактың төріне жақын тұсында жүрген. Шалғыдан басын көтеріп қараса қарындасты қасында өзі қатарлы бір қыз бар осылай келе жатыр. Алғашқыда жоңышқа жинауга ертіп келе жатқан құрбы қыздарының бірі шығар деп мән бере қоймаған, жақындағы бергенде зер салса Гұлсая. Бұл қеудесінен шешініп тастап жүрген. Асыға басып, орылып жал болып жатқан жоңышқаның үстіне тастай салған көйлегін алып киді. Маңдайының терін сұртіп, шалғының сабына сүйенген күйі екеуін күтті.

Гұлсаяның қысылып, ұялшактаپ әрең келе жатқанын жүрісінен аңғару қыын емес. Мұнан ыңғайсыздана ма, әлде кешке таман ұлкен-кіші бәрі, есігінің алдында жүрген жүрттың назарынан тайсақтай ма қыл көпірдің үстінде келе жатқандай қиналыста тәрізді. Соны байқаған бұл қарсы жүріп:

—Гұлсая, саламат па? —деп жылы қабакпен жарқын амандасты.

—Сәлеметсіз бе? —қыз қысыла құлімсіреп таянып келіп тоқтады. Қызарактаған ұяң жүзі кешкі шапақпен онан сайын алаулай тұскен. Үстіндегі шашыратқының гүліндегі көгілдір гүлді шыт көйлегі нәзік, талдырмаштал бойына қона кеткендей үйлесіп тұр. Күнге күйген қоңырқай түп-түзу балтырларында жоңышқаның сояуының айқыш-үйқыш сыйып өткен болар-болмас жүқалтаң актаңдық ізі байқалады. Жеңіл шәркейінің сүйір тұмсығының ашық тұсынан шығып тұрған башпайлары ішке жасырынғысы келгендей дамылсыз қыбыр-қыбыр етеді. Қайда қоярын білмегендей біресе алдына, біресе артына ұстаған қолдарында да елеусіз діріл бар.

Гұлсаяны ағасының жанына ертіп келген соң қарындасты:

—Ойбүй, табадағы наңды алуды ұмытып кетіппін-ау, сен тұратүр-ей, қазір келемін.—деп үйге қарай жүгіре жөнелді.

Оңаша қалған соң қыз мұлде қысыла бастағандай. Соны аңғарған Қанат мына қолайсыздықтан шырудың қамын жасап, оны сөзге тартқан болды.

—Гұлсая, әңгіме айт. Каникулда ешқайда бармайсың ба? Осында өткізесің бе?

—Шөп ауылдағы нағашым үйіне бармақпын... Жазда сол жақта боламын ғой деймін... Оқуға қашан жүресіз өзініз?

—Екі-үш күннен кейін.

—Мен ертең кетпекпін. Сіз оқуға жүреді деген соң қоштасып, жолыңыз болсын айтайын деп келіп едім...

—Рахмет.

—Оқуға түсіп кетуіңізге тілектестін.

Қыздың аздаған діріл аралас толқыған үнінен тілектестік пен жылылық лебі ескендей. Жүзінде қобалжу, қаймығу, қуаныш аралас алабұртқан сезімнің сәулесіндей лапылдаған шырай бар. Бір сәт екеуінің жанары ұшыраса қалған. Қыздың көзінде ынтаzar ықылас, ыстық мейірім төгіліп кетердей мөлт-мөлт етіл түр еken. Кенет жалт бұрылып, қан теуіп, ду ете түскен екі бетін алақаңымен басқан күйі:

—Ал жақсы, сау болып тұрыңыз,—деді де төмен қараған күйі кейін қарай бұрылып алып, жүгіре басып кете барды.

Мұнан кейін Қанат Гұлсаяны бірінші курсты бітіріп, онан соң студенттерге тиесілі құрылыс отрядының қатарында болып қайтып, күзгі мейрамда ауылға келгенде ғана кездестірген.

Бір жылдың ішінде қыз салиқалы тартып, көп есейіп кеткендей көрінген. Бұрынғы үркек, ұялшак, балаң мінезді Гұлсая емес, өзінің бой-басы, жүріс-тұрысына, сөйлеген әр сөзіне мұқият мән беріп, сабырға көшкен қалпында бойжеткен, ақыл тоқтатқандақтың белгісі бар.

Ауылдағы өзі қатарлы жастар мейрамының құрметіне кешке бір үйге жиналып, бас қосқан еken, Қанат Гұлсаямен сол жерде жолықты.

Мұны алғаш көргенде қыздың жанары жалт етіл, жүзі ду қызырып барып басылғанын Қанаттың өзінен басқа ешкім байқамай қоймады. Жапырлай сәлемдескен елмен бірге ол да елеусіздеу ғана күлімсіреп, бас изел амандасты. Соңан кейін жүрттың бұларды баққан назарынан тайсақтады ма, көп сыр бермеді. Кеш бойы сынық, сырпайы отырды. Тұн ортасы ауа жүрт тараған сәтте бұл шығарып салуға ыңғай танытып еді, қыз да

соны сезгендей басқалардан бір шетке қарай ығысып, жылыстай берді.

Аспан ашық, жұлдыздары самсап төгіліп тұрган қараңғы түн еді. Қанат көнілді-тін. Кеу-кеулең ортаға алған достардың ыңғайымен біраз көтерген қызыл шараптың буы басқа шауып, жайшылықтағы сабырлы қалпынан шығып, женілtek, алып-ұшқан. лепірме күйде келеді. Қатысты-қатыссыз әр нәрсені әңгіме етті. Тынбай сөйлем келе жатқан бұл. Қыз үн-тұнсіз тыңдауда. Аратұра күліп, қостаған сыңай танытып қояды. Бір кезде бұл:

—Гұлсая, оқуға неге келмедің? Мен сені келетін шығар, деп күтіп едім,—деп қалған.

Қыз іле жауап қата қоймады. Өз сұрауына бұл да енді ыңғайсыздана бастаған. Сұрайтын сұрағы емес еді.

—Апам жалғыз, әрі науқастау. Қалай барамын... — Қыз іштей тынып, тұншыға күрсінгендей болды. Әбес сөйлегеніне қиналып Қанаттың мандайынан мұздай тер бүрк еткен. Гұлсая шынында шешесінен басқа ешкімі жоқ, жалғыз қыз еді. Әкесі соғыстан қайтпай қалған.

Әңгіме кілт үзілді. Үнсіз аяқмен жүріп отырып екеудің үйіне жақындал қалған екен.

—Осы жерден қайта беріңіз. Үйге келдік,—деді Гұлсая сыйбырлағанда ұяң үнмен.

Осы сәт әлде қызулықтың, масандықтың әсері ме Қанатқа оқыс бір ой келген. Әжесі қартаң тартқан ауыл әйеліне тән әдетпен баласына "келін түсір" деп қыңқылдай беретін. Тіпті, мұның әзір ондаймен ойы жоғын, қанша айтқанымен үйлене қоймайтынын сезіп отырганымен сол сөздің өзін мәре көре ме, қызық, санай ма мұны мезі етіп, қайта-қайта есіне салып қоятын. Ондайда бұл кейде күліп, кейде: "болды ғой енді"—деп ашуланатын.

Енді қазір: "Демалысқа келіп жүрмін, мейрамның алды. Гұлсаяны үйге келін етіп түсіре салсам қайтеді. Менің үйленгеніме үйдегілер де, басқалар да қуанбаса ренжімесі хак",—деген ой жылт еткен. Және сол ойын табан астында Гұлсаяға білдірген.

Қыз тәмен қарап, үн-тұнсіз тұрып қалды. "Жоқ, та" демеді, "макұл да" демеді.

—Гұлсая неге үндеңейсің?

—Не деймін?

—Мен не айттым.

—Қайдам... Білмеймін... Дәл қазір ме?.. Болмас, ыңғайсыз шығар... Оқуыңа кедергі болар.

—Не кедергісі бар? Той өткен соң мен оқуыма кетемін. Сен үйде бола бересің...

Гұлсая мұның сөзін қызулыққа жорый ма, аса сенбей тұрған сияқты. Бірақ осы әңгімеге кет әрі емес. Қайта мұның айтқандары жаңына жағатын сияқты. Сөйтеп тұрғанымен ұстамдылық көрсетіп, сабырга шакырғаны ма, әлде шын көңілі солай ма?

—Қанат ондай ойың болса несіне асығасың. Ең құрмаса екі-үш курсыңды бітірсейші. Қазір оқуыңа кедергі келер,—деді.

Бұл шынынан гөрі өзілге сайып:

—Оу, оған дейін сен күтесің бе, кетіп қаларсың,—деген.

Кыз мұның өзілдегенін сезсе де оған аса назар аудармай, қалтқысыз кесімді жауабын берді.

—Сен өзіңе сенімді болсан, мен ешқайда кетпеймін. Оқуыңды бітіргенше күт десең де қүтемін.

—Жарайды онда,—деді бұл да сабасына түсіп, келіскең сыңай танытып.

—Тек хат жазып хабарласып тұр,—деді Гұлсая қоштасқан кезде өтінгендей.

—Макұл,—деген бұл сол сәтте. Мұнан кейін екеуінің арасында қайтып әңгіме болған емес. Артынша бұл оқуына кеткен. Бірақ студенттік күндердің өзге қызыры мойын бүрғызбай алып кетті ме, кім білсін, қыс бойы мұнан хабар құтудегі қызыға бір ретте хат жазбағанын ойына алып, қынжылған, алаңдаған жері жоқ, еken.

Екінші курстың жазғы семестрі аяқталып қалған, енді екі-үш күнде соңғы емтиханын тапсырып, демалысқа шығып, ауылға қайтамын деп жүрген. Қайтарға жол қаражат күтіп орталық почтаға келсе жеткілікті тыннебен де, үйдегі інісінен хат та келіп тұр еken. Інісі әдеттінше амандық-саулық, сұрасқаннан кейін үйдегілердің жағдайына, не істеп жүргеніне бас-басына тоқталып өтіп, сонан соң ауыл ішіндегі үлкенді-кішілі жаңағалықты тізіпті. Хаттың соңына сала Гұлсаяның күйеуге кеткенін жазыпты. "Көрші ауданда тұратын,

жақында армия қатарынан босанып қайтқан бір жігіт құда түсіп келіп, алып кетті", — депті.

Бұл әлдекім маңдайынан салып жібергендей сілейіп қалды. Отырып-отырып бір кезде таңданғанын да, өкінгенін де білмейді, астыңғы ернін тістелеп, басын шайқай "да-а..", — деп орынан көтерілді. Көтерілді де қайда баразын білмегендей мәңгіріп төңірегіне мағынасыз көз жүгіртіп біраз тұрды. Тұрған жері почтаның қасындағы гүлді, кең алаң болатын. Әрлі-берлі өткендердің өзіне таңырқай қарағыштап бара жатқанын байқап, бұл тұрысының солапай екенін сезіп, алаңның түкпіріне қарай аяңдады. Сол бойы сенделіп, ерсілі-қарсылы кезіп, көп жүрді. Көңілі ортайып құлази түскендей. Жан дүниесін кісінің қолында барда қадырын білмеген асыл затын жоғалтып алғанындағы бір қапалық жайланаған.

Өкін, өкін бе, бәрібір енді кеш еді...

Сонан кейін Гұлсаяны көрген емес. Бірақ бір қызығы осы кейінгі кезде ол кей-кейде түсіне кіретін. Және қашан да әлденеге ренжіп, тарығып жүргенде түсіне кіретін де, тұнде куанышты түс көрген жандай таңертен үйқыдан көңілді, сергек оянатын. Және қай кезде де бірақ көрініспен көрінетін.

... Бұл сол онынши бітірген жылы орталықтағы әжесі отыратын тамның маңындағы жоңышқаны орып берген соң дәл оқуға жүрерінің алдында жылқы бағып шабындық сазды жайлайтын әкесінің үйіне келген. Үйі шөпшілермен бірге еді.

Гұлсаяның нағашысы мен мұның үйі қатар отыр екен. Түстен кейін жаңбыр жауып, шөпшілер жұмысқа шықпай бес карта соғып кеукілдесіп жатқан жайлары бар. Кешке салым Қанат қатарлы біраз жастар доп ойнауға сыртқа шыққан. Ауыл шөбі шабылып алынған ажырықты саздың бір тұсына қоныс аударып қонған екен.

Аяқ бассаң тұкті кілемнің үстінде жүргендей жап-жайлы сезінесің. Кешкі салқында, алқа қотан отырған киіз үйлі ауылдың ортасындағы алаңқайды бұлар доп соғып жатқан. Есігі осылай қараған жакын маңдағы киіз үйдің бірінен жанында ерткен кішкен қызы бар Гұлсая шығып, бері қарай келе жатқанын Қанат елден бұрын

байқаған. Қыз бұл тұрған тұсқа таяп келіп тоқтап, ойынды қызықтаған сыңай байқатты. Гұлсаяның үстінде су жаңа қызыл жемпір, аяғында қызыл етік. Бір көзі тұскен сәтте мұнымен күлімсірет, бас изеп амандасты. Бұл қасына жетіп барып сәлемдесуге ойынды тастап, төңірегіндегі жұрттан жырылып келе алмай, әрі ауыл кіслерінің назарынан ыңғайсызданып, сол тұрған күйі сәлемнің ишарасын жасады. Қанат ойын үстінде де қыздың өзін сыртынан бағып көз алмай тұрғанын сезумен болды. Анда-санда мойын бұрып назар салса жанарлары түйісе қалғанда жайдары, жылы кейіпте үян күлімсіреп, елжірет қараған жүзін көрді. Онан жақын келіп сөйлесуге ыңғай білдірген сыңай танытпайды. Сол тұрысында да қуанышты, көнілді.

—Гұлсая-ай! Неғып тұрсың ол жерде, шай қойшы, қалқам!—деген әйел даусы естілді. Артынша:

—Қазір, тәте!—деп үйге қарай жылдамдата басып бара жатқан Гұлсая бұған үнсіз қоштасқан ығытпен жанарын төңкере жалт қарап, елеусіз ғана бас изеген. Соңан соң кішкене сіңлісін қолынан сүйрет жүгіре жөнелді...

Гұлсая тұсінде ылғи тек сол жаздағы шабындық саздағы, осы бір қалпында ғана көрінетін. Жанына жақындармайды да, ләмиім деп тіл де қатпайды. Тек күлімсіреп қарайды да қояды...

Қанат алғашқы кездे таң қалып жүрді. "Гұлсая маған өкпелі шығар. Ренжіп тіпті қарғады ма еken? Мен оның сезімін аяқасты еткендей болым ғой. Алдап кеткен кісідемін ғой..." Мені жаудай көріп, атымды естігісі келмейтін шығар..."—деп ойлайтын. Ал енді ойда жоқта, әлдекалай кейісті жүрген кезінде мейірімді жүзбен, жанашыр кейіпте тұсіне кіргенде, әрі солтустен өзі көніліне белгісіз бір қуаныш ұялағандай сезінетініне қалай таңданбасын.

"Бұл не қызық, Әлде оның маған деген көнілі қазір де бұрынғыдай ма еken? Мені ойлай ма еken? Сырттай тілекшім, шарапатшым болмағай. Кісінің сезімі деген тұсініксіз, сырлы терең, киелі нәрсе ғой. Осы тұсі тегін болмаса керек. Солай шығар",—деген ойға тірелетін. Соңан кейін бір кездегі парықсыздау, атусті мінезіне өзін кінәлі санаған әрі онан кешірім сұраған ниетпен Гұлсаяға —

көңілінде он жеті жастағы суреті ғана сақталған, сол бір қараторы, талдыrmаш Гұлсаяға — арада талай жыл өткен осынау қыр үсті шақта бұл да жақсы тілек тілейтін.

* * *

Жұмакұлмен бұл үшінші курста танысты. Танысуына себепші болған Элмұрза. Элмұрза окуға түскен алғашқы жылы-ақ ЖенПИ-де оқитын бір қызды, осы қазіргі әйелі Сырғашты, жолықтырып, соナン бері бірге қыдышып, бірге жүріп тұратын. Сырғашпен бірге оқитын, бірге жататын қыздар Қанатты жақсы танитын. Жақын тұтып, сыйласап, жандары қалмайтын. Соナン соң да олармен жыйын-той, бас қосуларда жіңі кездесіп тұратын.

Бірде Сырғаш туған күніне шақырып, екеуі гүлін құшақтап, тарту-таралғысын алып, елдей көшіп келген. Жиналғандардың бәрі дерлік көз таныстар екен. Тосыннан бір ғана қызы бар. Қанаттың бұрын көрмеген адамы. Сырғаш отырғандарға оны:

—Жерлесім, ауылдастым, Жұмакұл. КазГУ-дің биофагінде екінші курста,—деп таныстыруды.

Біреулердің өзілдеп:

—Бұрын неге көрінбей жүрген?

—Әй, сендей ашқөздерден жасырынып келген де.

—Сырғаш, мынандай әдемі ауылдастыңды осы уақытқа дейін тырып көрсетпей қойған, қусың өзің-әй.

—Өзі де тым бүйігі қызы екен, үялта бермендерші, баланы.

—Мынаның жанының ашый қалуын...—дескен әртүрлі алып-қашты сездеріне қонақ қызы жауап қатпай, зілсіз жымынып күлді де қойды.

—Әй, айрылмаймын дегендеріңе әлі де болса кеш емес,—деп күлді Сырғаш. —Біздің Жұмакұлді бір көргеннен құлаап түстіңдер фой өздерің.

Сөз саптастары мен ара қатынастарына қарағанда Сырғаштың ауылдастынан бірер жас үлкендігі бар тәрізді. Соナン соң да ма Жұмакұл кеш бойы көп ортасында өзін сыпайы, кішік үстады.

Қанатпен қатар отырған. Көп үндемейді. Тәнірегіндеңдердің анда-санда сұраған сұрағына қысқа ғана жауап қайырады да қояды. Қыздың өзін-өзі үстай білетін, биязы мінезі бұған ұнаған.

Әзіл-қалжың, басқадай бүралқы сөзге әуестігі жоқ, Қанат ара-тұра қызыға қызмет көрсетіп:

—Алышыз, алсаңызшы,—дегенмен бөтен сөзге бұл да жоқ, Ондайда шын көңілімен ризалық білдіргендей:

—Рахмет, рахмет,—дейді қыз.

Кештетіп тараған. Сырғаш пен қыздардың көвшілігі жатақханаларында қалды да келгендер сыртқа шыққан соң жөн-жөніне тарасқан. Бұл Әлмұрза екеуі алдымен Жұмакұлді апарып салып, соナン соң әрі қарай кетпек болып, алтыншы трамвайға келген. Әлмұрза едәуір қызулау. Қаланың орталығындағы кинотеатрлардың соңғы сеансынан шыққан жұрт қапылып мінген екен, трамвайдың ішінде таяқ шаншар жер жоқ.

Қызып алса өркөкіректеніп, біреуге қыр көрсетіп тұратын Әлмұрза ығы-жығы итерістің ішінде әлдекімдермен сөзге келіп, ілінісе кетті. Шаң-шүң шыға бастады. Ұстасып тұрғаны қызығындау үш жас жігіт екен, олар да аттанның даусы қайдан шығады деп келе жатқандар болса керек. Айылын жиятын емес.

—Алты аласы, бес бересің жоқ, айналадағы біреулерде нең бар. Қойсайшы,—деп бұл басу айтып еді. Әлмұрза омыраулап тыңдайтын емес.

—Ой әкеңнің... артарына қарамай, көрдің бе... Мұрын бок, немелердің...

Аналардың да тілі қүйдіргідей. Кісінің қыжылына тиетін нелер қисық сөзді құлатып жүр.

Қой дегенге Әлмұрза болмаған соң бір жағы оған жақтаса араша түсіп, бір жағы аналардың сөзіне шыдай алмай бұл да қатты-қатты тілге келген. Дау ұлғайып бара жатқан соң Жұмакұл бұған жалынғандай үнмен:

—Құрысын, жанжалдың керегі не. Сіз қойыңызшы енді,—деген.

Қанат тоқтағанымен басқалары басылар емес. Әңгіменің ақыры “Тұс-тұске”, “Тұссең тұске” келіп тірелген. Бұлардың онсыз да түсетін аялдамасы еді, ашылған есіктен шыға берген. Сол-ақ екен арттарынан ана үшеуі де сау ете қалды. Ниеттері теріс, тегіншілікпен кетпейтін ыңғайлары бар. Соны аңғарған Әлмұрза:

—Қазір мен милиция алып келемін бұларға,—деп жолдың қарсы бетіндегі, едәуір жердегі ішкі істер

басқармасының кеңесіне қарай тұра жөнелді. Ана үшеуі жүтіріп бара жатқан оның соңынан қуа қоймады. Қаусырмалап мұны қоршай берген. Жұмакұлдің шырлыры болып, араша түскеніне қараған жок, қарсы алдынан таянып келген біреуі салып-ақ жіберді. Ыңғайларын сезіп, іштей күтініп, дайын тұрган бұл сілтеген қолын шап беріп, көз ілеспес жылдамдықпен мойнына ораған бойы, жауырынынан асыра жерге атып үрді. Онан босана сала таянып қалған екіншісін теуіп, ұшырып түсірген. Сол кез кенет басында бір жарылыс болғандай көз алды жарқ етіп, қап-қараңғы түнекке құлай берген.

Есін алғаш жинап алғанда басынан, мойнынан құшақтап алып, ағыл-тегіл жылаған күйі:

—Қанат, Қанат! Не болды? Көзінді ашши,—деп өбектел үстіне түсіп отырған Жұмакұлді таныды.

Біреулер келгендей, күңгір-күңгір сөйлескендей болды. Жұмакұлдің әлдекімге ренжіген даусын естіді.

—Екеулерің болғанда Қанат бോйтіп таяқ, жемейтін еді. Бар бәлені бастаған өзіңсің, акыры мұны орталарына тастан тұра қаштың,—дейді кейісті түрде.

Әлмұрза бүтежектеп ештеңе дей алмайды.

—Қап, қап...—деп мінгрледі.

—Әлгілер қашан кетті, қалай қарай кетті,—дейді ұзын тұра милиционер самарқау үнмен.

Көйлегін шешіп алып, басын таңып, үшеуі сүйемедеп мұны ішкі істер үйінің кезекшісі отыратын бөлмеге алып кірді. Әп-сәтте жедел жәрдем машинасы да жетіп келді.

—Сотресение алған. Қабагы жарылған. Темір ме, қорғасын ба ауыр әлденемен қатты соққан. Біраз қан кетіпті. Ауруханаға алып бару керек,—деді дәрігер.

Қанат сонан ауруханада жарты айдай жатып шыққан. Кейде Сырғаштармен бірге, кейде жалғыз өзі күнде Жұмакұл кешкісін келіп тұрды. Әңгімелесіп бірер сағат қасында отырады. Сонан бұл екеуі бір-біріне бауыр басып, жақын жаңдардай болып кетті. Қанат бесінші курста оқып жүрген күзде екеуінің үйлену тойы болған.

* * *

“Сарыдала” негізінен мал өсірумен айналысады дегенімен көп салалы шаруашылық, Ақ, егістің көлемі едәуір. Жұтері, жонышқа да егіледі. Төрт түлік малға

қыруар шөп жинау керек. Мұның бәрі айтартға оңай. Ал қаншама бейнеті барын осының ішінде жүрген жанжақсы біледі. Шаруашылықтың науқаны қысы-жазы бірдей түгесіп бітпейді. Бірін аяқтасаң бірі кезектесіп келіп тұраны.

Бұл жұмыстардың барысында реніш те, қуаныш та болып тұрады. Қазір жүз шайысып қалып, қазір қайта табысып жатасың. "Бәрі жанның қамы" дегендегі осы совхоздың тіршілігі үшін соның қай-қайсы да. Қанша ұстамды, сабырлымын дегеніңмен төңірегіндегі кісілермен әй-шәй деспей тұра алмайсың. Бір тәуір жері осы мына күнделікті қым-куыт тіршілік қазіргінді қазір ұмыттырып жібереді.

Ойлап отырса Әлмұрза екеуінің әр шаруаның төңірегінде келіспей, кездесіп қала беретін тұстары аз емес тәрізді. Жұмыс бабындағы жән-жосыққа жатқызып, көңіліне зіл алмаған соң елемейді екен тек.

Мұндай әңгімелердің тұсында көбіне Әлмұрза өз дегенін алға шығаратын. Оның әрине заңды жағы жоқ емес. Шаруашылықтың бірінші басшысы, осы қызметте талай жылдан бері істеген тәжірбиесі де бар. Соңан соң Қанат өз пікірін білдіріп, ортаға салғанымен мәселенің шешіміне жағаласа бермейтін. Рас көңіліне мықтап ұялаған кейбір нәрсеге принцип ұстап, қасарысып қалатыны бар. Ондайда қалайда Әлмұрзаны өз дегенімен санасуға келтіретін.

Совхоз орталығының маңына жыл сайын шамалы көлемде, өздерінің әжеті үшін, қауын-қарбыз егілетін. Осы жұмысты кейінгі кездері келімсек екі-үш жігіт міндетіне алып атқарып жүрген жайы бар-ды. Олар көктем шыға қаладан келеді де, жаз бойы совхоздың бақшасын өсірумен айналысып, өнімін жинап-теріп өткізіп, қазан болған соң күзде қайтып кетеді.

Бұл төңіректе Қанаттың бала кезінде де бақша егілетін. Топырағы құмайтты, шөлейт болған соң ба қауын-қарбызы аса дәмді, әрі ірі келетін. Ал енді байқаса бақшаның өнімінің қазіргі сапасы ондай емес. Ертерек қызартып, әрі салмағын ауырлатып өткізуге құнығып алған кәсіпкерлер тыңайтқышты мөлшерден тыс үстемелеп беріп, көктің құнарын түсіріп жіберген.

Бұрын екі-үш ай сақтағанда тырп етпейтін қарбыздар қазір екі апта кереуеттің астында жатса іші түсіп, солқылдаپ, жеуте келмей қалады. Пәлегінен жұлып алып жарып жегеннің өзінде тілген жерің бұрынғыдай қып-қызыл түсте уылжып, үтетіліп тұрмайды. Тап бір ішіне өрмекшінің торын жүгірткендей алашарбыланып, ақтандактанып тұрады. Жесең тіл үйріген дәмі де жоқ. Шайнаң бола бергеніңде аузыңдан шуаштың иісін сезгендей боласың.

Осыны байқап жүрген Қанат өткен көктемде бақша егердің алдында агрономды шақырып алып, әлгі жағдайды мықтап ескерткен.

—Осы біздің азғантай бақшага тыңайтқыштың керегі не?—деген. —Өз тамағымызды өзіміз дұрыстап жесек қайтеді.

Агроном бақша ұстайтын жігіттермен сөйлесіп қайтып келді.

—Қанеке, көнбейді. Оларға салмақ керек, салмағына ақша алады. Олар сол ақша үшін келіп жүрген адамдар емес пе. Сіздің жайыңызды қайтсін, өз есептері бар. Соңан соң бізге жоспарға да керек емес пе? Бақшадан алынған өнімнің көрсеткіші үшін. Тәуір болғаны дұрыс қой.

—Совхоздың байлығы, көрсеткіші, осы жарты гектар бақшага тіреліп тұрған жоқ, шығар. Шаруашылықтың бір табыс көзіне айналдырамыз деп еккен нәрсеміз емес қой. Тонналап өткізейін деп отырған өнімің емес. Науқандық, женсік, зәру ас, бала-шага, ауылдың адамдары мезгілінде жесін деген үшін ғана емес пе.

—Ауылдың активтеріне оңаша, бөлек бір жерге егіп берейік дейді.

—Оу, ол не деген сөз? Осы алақандай ауылдың ішінде отырып, бөлек бақша ектіріп, бөлекше тұрмыс құрамыз ба енді?! Ол қай қағидаға жатады?! Жүртта оны көретін көз, еститін құлақ жоқ, па соңда?!

—Енді онда олар екпейді.

—Екпесе қойсын. Бір гектар жердің бақшасын бағып, күтетін екі-үш кісі осы ауылдан табылмай қалар дейсің бе? Несіне кіріптар боламыз. Көрінгенді әлдекаңдай ғып...

Осы әңгіме Әлмұрзага да жеткен екен:

—Әй, сен де осы бүйректен сирақ, шығарып

жүрсің,—деп күлді. —Өзің жоғары білімді агрономсың, Осы заманда кісі химияға қарсы бола ма?

—Химияның да химиясы бар. Қысынына қарау керек қой соның...

—Сен тоқтат деп айтты еken деп тыңайтқышты қолданбайтын болып, өндірістен алып тастар...

—Мен өндірістен шығарып тастау керек деп отырғаным жоқ. Мөлшерден тыс, бей-берекет қолдануға, сонан сон керекті, керексізіне қарамай қолдануға қарсымын. Айтты, айтпады біздің мына кішкентай бақшаға селитра жіберудің осы қаншалықты зәрулігі бар?!

—Әй, оған да мәлімет береміз ғой. “Мешкей деген жақсы ат па” деп, әйтеуір көрсеткіштің төмен болмағаны жөн емес пе?

Қанат күлді:

—Таза формализм ғой мұның. Тап осы бақшаның өнімінен сөзге қалмаспзыз.

—Әй, айтқаныңа болайын. Обязательно сөзге қалу керек пе?.. Ал сонан аузы қышыған біреу: “бақшадан өнімді төмен алды”—деп айтса айта салады.

—Онда тұрған не бар дейсің. Айттар, қояр. Существенный нәрсе емес қой.

—Сөзге іліккеннің жақсысы жоқ, әйтеуір.

Қанат өзілге сайып күлді:

—Таудан қайтпаған жүргегім, тастан қайтпаған жүргегім, шайлыққан жерін-ай,ә...

—Тіпті селитра сіңбегенің жеймін десең, “бөлек егіп берейік” депті ғой. Солай етсін. Басқасында нең бар. Бізге соның ішіндегі дұрысын таңдал берер. Несіне әңгіме етіп жүрсің соны.

—Мен бала-шагама жетерлік көкті өзім есігімнің алдына егіп те, өсіріп аламын... Ол үшін айтып отырғаным жоқ.

Әлмұрзаның тәжікелесе беруге шыдамы жетпегендей мандаі терілері қырыстанып, қабағы кіржие бастады.

—Олай болса бізге осы бақша егіп керегі не. Түк пайдасы жоқ, бір түлік шаруа. Бас қатырып бұған. Осыдан алғанымыздан гөрі бықы-шықы әңгімесі көп. Неге бақша екпедіндер деп бізден ешкім сұрамайды. Осыны қоя қою керек.

—Жоқ егу керек,—деді Қанат шешімді тұрде. —Онан не зиян көреміз. Өз мезгілінде бұл да бір әуес, жеңсік нәрсе. Жүрт іздейді. Аудан орталығындағы базардан қыруар теңгеге сатып алыш, мықшындарап тасып жүргенінен гөрі өзімізден қазына бағасымен үйді-үйлеріне кіргізіп алғаны ғанибет емес пе. Жүрттың да қамын ойлайық, Болып жатса жайлаудағы шопандарға таратайық, Олар да аңсал отырады. Өзімізде барға не жетсін. Аяймыз ба елден.

Әлмұрза мұның сөздерін теріске шығара алмады білем:

—Әй, айналайын, өзің агрономсың ғой, сол бақшаңды өзіңе тапсырдым, не істесен де. Не егесің, қалай егесің, мейлін,—деп орынан тұрып кетті.

* * *

Қонысбекті Қанат ауыл баласы ретінде сырттай танығаны болмаса жақын біле қоймайтын. Бір байқағаны Әлмұрза онша ұнатпайтын сияқты. Мамандардан да ол туралы мақтаған сөз ести қойған жоқ. Бірақ совхоздағы көрсеткіші тәуір, алдыңғы қатарлы шопанның бірі екенін, тұрмысы тұзу, дастарханы бар, ауылдағы бір деген жігіт екенін бұрын сыртынан еститін. Ел ішінде аты бар кісінің сыртынан аңы-тұщы сөздің қосарлана жүретін әдеті ғой. Мұнда келгелі бері ол туралы әр түрлі сөздер есіткен. Ағайынның бірі: "Жолдының Қонысбегі тәп-тәуір зерделі азамат болды. Үйіне кісі түсетін, ағайынға сөз айта алатын жайы бар. Отбасы берекелі"— десе, бірі: "Ой осы "Сарыдаланың" Қарынбайы сол қазір"—деп кекеген сыңай байқатады.

—Қарны тойса ханға сәлем бермейтін қазақ емес пе. Ол ініңнің қазір мұрынан есек құрты түседі,—деді Әлмұрза да. —Ауыл баласы, жас жігіт қой деп әуелде көтермелеп озаттардың қатарына шығарып, партия қатарына қабылдап, былай жетелесем әлдекәндай болады. Жаман бір кіслік бар өзінде. Кекірегі таудай. Осы күні енді алдына бір үйір жылқы біткен екен, ешкіммен жұмысы жоқ, өз алдына мемлекет. Өзін бір қысынқырап қойса болар еді, елден-жүрттан ұласың. Бірі болмаса бірі: "Әлмұрза сөйтіпті" деп жүрер. "Менің тұрмысым-

ды, күнкөрісімді қызғанады", — деп ол ойлар. Койшы дейсің сонан соң.

Әлгіндей-әлгіндей әңгімелер естігенімен жігітті алғаш асығыстау екі-үш рет кездестіріп, жүздескеннен кейін ақ Қанат көңілінде дұрыс санап қалған. Аса елпілдеп, кісіге жұғысып тұрмағанымен сыйайылығы бар, сөз пошымы орнықты, сыйласқанмен сыйласа білетін жандай әсер қалдырган.

Онымен жақсырақ танысып, кеңірек сөйлесудің сәті жазда жайлаудағы малшыларды аралап жүргенде түсті.

Қонысбектің үйі таудың теріскей бетіндегі алаңқайлау жазық етектегі бұлақтың басында отыр екен. Ауыл төңірегі саздауыт, көк шалғын. Бастаудың дәл алдындағы ауқымы қора төріндей ойпаңға көлшік болып жиналған, онан аяқтай шығып, төмен қарай жылбырай аққан судың әп-әжептеуір салқын лебі бар. Анда-санда желпіп өткен самалмен су жағасында өсіп тұрган жалбыздың исі келеді. Үй артындағы шалғыны дізеден келетін көгалда, желіде байлаулы жатқан бес-алты құлын, үйездеп тұрган бір үйір жылқының қарасы көрінеді.

Мезгіл шаңқай түстің шағы. Қоралы қойды айдыны айнадай жарқыраган көлшіктен әрі, бұлақ суының аяқ жағына сала, ауылдан едәуір жерге жусатып тастапты.

Ідис-аяқ, көр-жер қоятын, кіслер келгенде бала-шаға отыратын кішкене қараша отау мен жұмыртқадай аппақ, еңсесі биік, алты қанат ақ, үй белуарынан шалғынға батып тұргандаі. Үй төңірегінен жақындаған жұрт аударғаны аңғарылып, жаңа қоныстың сонылығы сезілгендей.

Ауыл маңының мына көрінісіне, үй-ішінің рәпетіне көңілің толып, ішпей-жемей тояттағандайсың. Берекелі тірліктиң нышанын түйсінгендейсің.

—Қонысбек, мына жайлауың келісті жер екен. Жылда осында отырасың ба? — деді Қанат төңірекке көңілі тола көз жүгіртіл.

—Оншақты жылдай болып қалды, аға, жайлап жүргеніме. Алғашқы мал баққан жазымда таңдал қеліп отырып едім. Сонан бері менишіктеніп, айрылған емеспін. Жұрт осы күнде мұның атам заманнан бергі "Жазық бұлақ" атын қойып, "Қонысбек бұлақ" дейтін болыпты.

—Қонысбек риясыз кейіпте күлді. —Сөйтіп, тарихқа еніп кететін түрім бар, ағасы.

Оның сөзіне қөңілденіп, Қанат та қосыла күлді:

—Сен әзілге айналдырып тұрсың, түбі сол шын болып кетуі кәдік.

Қанат күлкісін тыып шын қөңілімен сөйледі:

—Ендігі тарихқа өзің тәрізді еңбекте бағы жанған ерлеріміз кірсе несі айып. Қайта солай болуы тиіс.

Жақсы ниетімен тілек білдіріп тұрған соң Қонысбек оның сөзін әзілге сайып: “Ой, қойыңызышы, қайдан” деп қашыртпаламады.

—Көңіліңіз өссін, аға,—деді ризалық білдіріп.

—Жақында жұрт аударып қонғансың ғой деймін.

—Иә, бұлақтың маңы жаз ішінде екі-үш рет жұрт аударуға молынан жетеді. Бұрын ана бір тұсында отырған болатынбыз,—деп бұлақтың құн батыс жағындағы шебі ерте сарғайып, тақырланған тәңіректі нұскады.

Шешініп тастап, белуардан бұлақтың мұздай сұына жуынып алған соң бұлар ішке кірген. Ақ, үйдің ішінің жиһазы да жарасты екен. Үзіктен тәмен жағалай кілем тұтылған. Жерде де бір текемет, бір кілем, бір көрпеше—қабат-қабат төселген. Оюлап қолдан тоқылған басқұр, уықбау, босағабау, керегебау дегендер түр-түрімен айқыш-үйқыш жүргізіліп тасталған. Жағалай тұтылған кілемдердің керегенің ортан беліне дейін түрілген тәменгі ашық тұсынан, іргеден, көрінген шымшидің бояуы қанық, ою-өрнектері көздің жауын алғандай.

“Сүйегі келісті жасалған екен. Әбзелін де дұрыстаған”,—деп ойлады Қанат үйге айнала көз жүгірте отырып.

—Шайға дейін сусын ала беріңіз,—деп Қонысбек сырлы үлкен ақ тегешпен қымыз келтірді. Көкнәрдің дәніндей қарамықтанып бетінде майы жүзіп жүрген салқын сусын бал татып түр екен. Үстін-үстін екі-үш шай кесесін тастап жібергенде тұла бойдағы шаршаған құрыс-тұрысы жазылып, денесі бусанып қоя берді. Шып-шып тершігендің мандаіын жұмсақ түкті ақ, сұлтімен сүрте беріп:

—Қымызың қымыз-ақ екен! Келіннің өзі ашытқаны ма, әлде женгейдің қолынан шыққаны ма?—деді Қанат шын ыразы қалыппен.

— Жалпы апамның басшылығымен ғой,— деп күлді Қонысбек.

— Жоқ, ә. Келініңің өзі ашытқаны, Қанат қалқам. Ас-ауқат, ыдыс-аяқты біз өткізгелі қашан. Ол жағына қол тигізбеймін. Біздікі тек қазір айқай ғана. Соңан соң мына бір жаман немелерді жұбатып, айналдыру,— деді Қонысбектің шешесі төңірегіндегі үпір-шұпір бірінен-бірі айнымайтын қара домалақтарды кезек-кезек еркелете бастарынан сипап.

— Үйдің мына әбзел, жиһаздарын тоқу келінің де қолынан келе бере ме?— деп сұрады Қанат кемпірге бұрылыш.

— Е, келгенде қандай. Осының көбісін өзі иіріп, өзі тоқыды. Тек мына шаруалардан, от басының ас-суынан қолы тимейді ғой, әйтпесе, мұның түр-түрін жасайды.

— Келінді жақсы тәрбиелеген екенсіз, жеңгей, раҳмет.

— Е, енді білгенімізді үйреттік, әйтеуір. Санасына берген шығар, бейшараның. Кісінің желкелегенімен кісі жүре ме, өз ықыласы болмаса.

— Келінге де раҳмет, үлкен кісінің ақыл-өнегесіне дең қойып, жақсы тәрбиесіне құлақ асқан. Қазіргі көп жастың парасаты жетпейтін тірлік бұл.

— Е, құлақ, аспай, керек болса, өзі үшін емес пе? Өз игілігі, өз отбасының қамы. Мен бір жаққа арқалап кетейін деп отырғаным жоқ.

Кемпірдің беймарал қалпына Қанаттың көңілі тоғайыш қалды. “Баласы мен келінің жақсылығы-ау, үлкен кісінің қыры сынбай өктем отырғаны. Бұлары көргенділік екен. Дұрыс-ақ, “Атаңа не істесең алдыңа сол келеді”. Бірақ осы мақалды ұмыттып барамыз ба қалай. Бұлардың мына от басының үйтқысын жүрген жерінде өнеге етіп айта жүретін екен. Осы шаруашылық, өндірістегі озат тәжірибе, елеулі бір жетістіктерді насиҳаттап жатамыз ғой. Ал мынаңдай тәрбиелік мәні бар адамгершілік қасиет, ара қатынас, семьялық баянды тұрмысты неге озат ретінде таратпасқа. Ауыл, аудан жастарына неге үлгі, өнеге етпеске. Тәрбиелік жұмысымыздың бір саласын осы адамның бір-біріне, от басына, қоғамдық еңбекке қатынасында жаңа дәстүрмен ата дәстүрдің озық үлгілерін бірдей ұштастыра білуін қадағалай жүргізіп отырсақ, қайтеді.

Біле білсек бүтінгі күнгі тәрбие жұмысының көкжиегі кең, сонымен қатар аса жауапты, әрі нәзік. Соншалықты білім, парасатпен, ептілікпен, қырағылықпен қоса аса жанашырылған, сезімталдықпен жүргізуді талап етеді.

Қанат алдағы уақыттың ішінде осы үйдің кісілерін алдырып, ауыл жастарымен бір бас қосу жиын, сұхбат өткізбек болып шешті. “Аудандық, тіпті, республикалық, газет редакцияларымен хабарласайынышы,—деп ойлады. “Мынау үйдегілердің еңбегін, тұрмысын, от басы ынтымағын, өмірбаянын келістіріп жазып жарияласа оқыған кісі алар ұлағат, өнегесі болар еді”.

—Аға, қымыз алыңыз салқындағы,—деді Қонысбек өз ойымен өзі болып кеткен Қанатқа қарай ақ толы кесені жылжытып.

—Биені жылда үзбей байлайсың ба?

—Иә. Жаз шыға жайлауға келгеннен күзге дейін сауып отырамыз.

—Оның жақсы екен. Осы өдетінен айрыла көрме.

—Қанатжан-ау, — деді кемпір сөзге араласып. — Жоқ болса амал жоқ. Ал бардың қызығын көрмей, не болыпты. Әр нәрсенің өзінің уақтысы бар. Сауының тұрып, жазда қымыз ішпей қалай отырасың. Қанша ас-ауқат болғанымен бұл жарықтықтың жөні бөлек қой.

—Ол не дегеніңіз... Ал бірақ малшыларымыздың арасында бір жаман өдет пайда болыпты. Құлындаған биелері қос-қосынан байланбай ауылдарының қасында бос жайылып жүреді. Осы сапар келе жатып алты-жеті шопанның үйіне соқтым, бірінші рет осы үйден қымыз татып отырмын. “Бұларың қалай” десем: “Кол тимейді, бейнеті бар. Қайдан өуре болып жүреміз. Жұрттың бәрі бие байлағанды қойды ғой, қымыз ішіп жатқан елді көрмейміз осы”, — дейді.

—Е, шырағым, бұл енді жалқаулықтың кесірі. Тамақ тоқ, Жұрттың бәрі тік жүріп, тік тұрғысы келеді. Артық қымыл жасағысы келмейді. Ол енді мал баққан кісіге келіспейтін мінез. Кеңседе отырсаң бір сәрі. Совхоздың орталығында отырсаң бір сәрі. Ол жерде енді мал ұстап, сауу қыын шығар. Ал мұнда, жайлауда отырған елге не жөн?! Жақсы емес қой бұл. Жақсы емес. Әйелдері бие саууға ерінеді. Қүйеулері шыныдағы сусындарын ішіп

жүре береді. Бір биесі болса жетелеп жүрсе де сауып ішіп, көрші-көлеңімен бөлісіп отыратын кемпір-шалдар кеткен...

Қанат ылажсыздау күйде басын изеді:

—Солай тәрізді...

—Енді күнде радиодан “қымыз—дәрі, шұбат—дәрі”, — дег айтып-ақ жатыр фой. Соған да құлақ, аспағандары ма, шіркіндердің?! “Қолға ұстамаған малдың, бас білмеген малдың қайыры жоқ” деуші еді үлкендер. Соңан соң да фой олардың құлынын құлындаі, биесін биедей бас білгізіп, қолға үйрететіндері. Ал енді осы жүрген шопандардың қай-қайсы да малсыз емес. Шүкір, қазір ел дәүлетті фой. Бірақ солардың көбісінің жылқысы үлкен-кішісі демей тағы. Ноқта-құрық тимегендері бар. Әйтеуір сыртынан қоғамдал, малмен бірге жаз жайлауға айдал келіп, қыс құмға құлатып жүреді. Маңайына өздері де таяна алмайды. Бірен-саран соғымын соның ішінен атып алатын сұмдық шықты. Далағары аң емес есігінің алдындағы малын атып ұстаган қайбір жақсылық дейсің. —Кемпірдің шын қапаланып, ренжіген сыңайы бар. —Біздің сөзіміз кімге жетеді. Айтқанымызға кім құлақ аса қойсын. Қанат шырағым осы жай да бір естерінде болсын. Ел басқарған жігітсіндер. Сөздерінді тыңдайды. Айтып, ұқтырып бас-көз бола жүріндер. Күніміз малмен күн болған жұртпыш фой. Оны бағып-қағуда ыждағатты болайық. Мал жинағанды бәріміз тәуір көреміз. Оның сойып етін жеп, сатып ақшасын жинауға құмаралғыз. Ал өзін тек мәшиненің үстінен ғана баққымыз келеді.

—Дұрыс айтасыз, женгей.

—Өзің де көріп жүрген шығарсың осы совхозында бір шопанның озат, бір шопаның “незат” болып жатады. Солай емес пе?

Қанат кемпірдің сөзіне езу тартып күлді.

—Солай, солай...

—Неге олай?—Жайылымы бір, суаты бір. Бәрі осы совхоздың малы. Бәрі осы совхоздың малшысы. Оның себебі бірі дұрыстап бағады, бірі дұрыстап бақпайды. Осымды теріс дейсің бе, шырағым.

—Жоқ, жоқ. Теріс айтып отырған жоқсыз. Шыны сол.

—Олай болса тыңдай бер, шырағым. Осыдан он шақты жыл бұрын Қонысбек пен келін алғаш бір қора тұсақ алып мына "Жазық бұлақтың" басына қонғанда осы үйде мал дегеннен жалғыз қаракер бие ғана бар еді. Қазір мынау, өзің көріп отырсың ініңдің тұрмысын. Тіл-көзден аулақ болғай тек. Үйірлі жылқы, қоралы қойы бар алдында. "Мәскеуіші" ана түр мінемін десе.

Кемпір үйдің жанындағы ақ кенеппен жабулы жеңіл машинаның нобайын иегімен нұсқап қойып, әңгімесін онан әрі жалғастырды:

—Осының бәрі ненің арқасы, осының бәрі қайдан келді дейсің?! Айналайын малдың арқасы. Сол малға бола төккен аңы тер, адал еңбектің арқасы. Осы заманда еңбек етсең қарның ток, тұрмысың тұзу, мерейің үстем әйтеуір. Өкімет айналайын, еңбек еткен малшидан ешнәрсе аяп жатқан жоқ. Бақ, малынды дұрыстап— совхоздың да есебі түгел, сенің де ішкенің алдында, ішпегенің артында, "қағанағың қарық, сағанағың сарық". Осыны ұлken түгілі бала да түсінетін жағдай. Бірақ кейбіреудердің жетесіне жетпейтін тәрізді. Мен балам мен келінімді мақтайын деп отырганым жоқ. Тек сөздің реті келген соң айтамын. Обалы не жазғандардың, тілеуі ең алдымен мына жатқан совхоздың бір қора қойының үстінде. Жан-тіні қалмай қарайды, жан-тіні қалмай бағады. Соның арқасында, мұнысына шүкір, кімсің Қонысбексің болып отыр. Мал баққалы бері абыройсыз емес. Әлгі жарысында осы совхоздың шопандарының ішінде бірінші орынға шықпағанымен екінші, не үшінші орын алмаған жылы жоқ. Онысына жыл аяғына қарай бәйгіге мың-мындалап ақша, жүздеп төл береді өкімет. Онан артық не керек. Қазір өзі қолында барын ұқсата білсе шопанның жағдайы деген мынау.

Кемпір орнынан қоландай қозғалақтап, бас бармағын көрсетті.

—Оныңыз рас.

—Солай шырағым. Ал енді осы ит басынан іркіт төгіліп жатқан ағын-тәгін заманда тақ-түқ, күнелтіп отырган шопандарың да бар. Оны да көріп жүрміз. Соларға айдалада отырып зығырданым қайнайды. Олардың да алдындағысы осындей бір қора қой. Өздері он екі мүшесі сау, зіңгіттей азаматтар. Не көрініпті от

басында береке болмайтында. Өздері кінәлі, шаруаның ығытын тауып жүргізе алмайды. Жалқау. Өздеріне тиесілі істеріне бейсалақ қарайды. Онымен қоймай арақ ішеді. Соナン соң қайдан тірлігі оңсын. Малды бақсаң— берекет. Бақпасаң — болымсыз әрекет. Соナン соң біреуге ауыз ашып, иек сүйеп алу бір жаман әдет. Кейбіреулер бар қатыны шөп басын сындырмай шалжайып үйінде жатады. Өзі күндіз атқа мініп қалқайып мал соңына барып қайтса болды. Басқа тірліктің бәрін совхоздың мойнына артып қойған. Сол атқару керек деп санайды. Киімді совхоз тауып береді, ас-ауқатында да сол жеткізіп беру керек. Көші-қон, қора-қопсың болса да соның міндеттінде. Әбден жаман үйреніп кеткен. Ешнәрсеге еңкейіп, бұрылғысы жоқ, Соңда ол қандай малшы. Қыт етсе анауым жоқ, мынауым жетпейді деп байбаламда, қорасының асты тазаланбаса да жоғарыға арыз айтамын деп шыға келеді. “Өз шаруам, өз тіршілігім ғой, осының жемісі өзімдікі ғой, неге аянамын”,— деп құлшынып тұрмаған соң ол кісіден не жақсылық кутуге болады.

—Мұның бәрін тап сізше түсіну үшін кісіге сана керек, жеңгей. Бізде әлі сол сана жағы жетіспей жатырау. Тура әлгіндей малшыларды өзім де кездестіріп жүрмін.

—Сана деген етпен, сүйекпен бірге бітетін нәрсе ғой. Санадан бұрын ондайларды жаман үйретпеу керек. Айтып ұялту керек. Жиналысқа салындар. Ол заманда, бұл заман жұмыстан, еңбектен өлген кісіні көргенім жоқ. Осында бір үйлер бар. Бұзаулы сиры есігінің алдында сауылмай жүр. Ал өздері шайға қататын ақсыз отыр. Мұнан өткен жалқаулық, бола ма еken?!

—Апам да әбден іштен тынып жүр еken, шерін бір тарқатты-ау,—деп Қанат құлді.

—Е, шырағым, шер тарқататында маған өтіп жүрген зары жоқ. Жай әңгіменің реті болып қалған соң айтамын да.

Кемпір осы көп сөйлеп кеткен жоқлын ба дегендей әңгімесін үзіп, сәл кейін шегіне түсіп, үршығын қолына алды.

—Апамның айтқаны рас,—деді Қонысбек те сөзге араласып: —Бізге осы жақын жерде Томарбай деген

шопанымыз бар. Көбіне көрші отырамыз. Өздерінің екінші бұзаулы сиыры бар. Эйелі соны саумайды. Ал ауылына соғып өткен "Автолавқаның" сатушыларымен "сгущенный молоко", "сливочный май" алғып келмейсіндер деп ұрысып жүргені.

Кемпір де сөзге қайта араласты:

—Ойбүй, ол келін де бір кер жатқан. Күйеуінің сорығой. Томарбай өзі, жазған, қесір-кесапаты жоқ, момын жігіт. Ал келіннің көкірегі таудай. Пештеніп кісі менсінбейді. Сылқым болғысы бар. Ой, шырағым, әркімнің өзіне ылайық тәубасы болмаған соң қынғой...

Кемпір қолындағы ұршығын мәсісінің қонышына сүйкей, қатты шиырып алды да, біраз айналдырып барып тоқтатып, ұзақ сонар әңгіме бастайтындай ыңғаймен ұмсына түсіп, икемделе отырды:

—Қанат, шырағым, қартайған кісі мылжың келетін әдеті. Не болса соны айтып кеттім бе... Жаңағы келіннің тірлігінен шығып кетті-ау...

—Жоқ, жоқ, олай демеңіз, сөзіңзеге қатты риза болып отырмын. Көргені, тоқығаны бар үлкен кісінің әңгімесі деген ғанибет қой. Айта беріңіз...

—Рахмет шырағым, жақсы лебізіңе... Қанат, қалқам, мен әркімнің өзіне ылайығы болады деп санаймын. Анау олай екен, мен неге сөйтпеймін деу қате. Қойшының әйелісің бе соныңа лайық жүріс-тұрысың, мінез-құлқың болсын. Оған қорланатын, арланатын ешнәрсең жоқ, Тура сол мінезден кем болмайсың. Ісіңе сәйкес ебің болсын. Мықтыға тисең саған ешкім қой деген жоқ, қой. Несібен. Соған шүкірлік ет. Қанағат қыл. Аманесендігінді тіле. Жақсы ма, жаман ба, үлкен бе, кіші ме күйеуіңнің басын сыйла. Қабағын бақ, Ерін кемсіткен әйел оңбайды. Үйдің берекесі еркектің айбарына байланысты. Эйел күйеуін өзінен төмен санағысы келді дегенше ол шаңырақтың қыдыры кетті де... Сол келіннің аты кім еді, Қонысбек?!

—Қайшакұл.

—Иә, э Қайшакұл еді ғой... Біз көргенімізді, көңілге түйгенімізді айтамыз да... Естерінде болсын, шырақтарым, еркекті мужитін әйелдің табасы. Жақсы әйел еркегін анау екен, мынау екен деп, бірінің байлығын, бірінің басындағы бағын өз күйеуінің алдына көлденең

тартып, көзін шұқымайды. Оナン өнер ештеңе жоқ. Қайта ерінің сағын сындырып, құдіретін қайтарады. Жүнжітіп жібереді. Еркектің рухы төмендеді дегенше үйим бұзылады. Көрі, жасына қарамай қатын желігеді. Сонан соңғы жағдай ұрыс-жанжал, реніш, ырыңжырыңға айналады.

Қанат кемпірдің сезіне тәнті болып: "Тұрмыстың академигі ғой мына кісі. Не деген ақылды жан", — деп ойлады.

—Дұрыс айтасыз, жеңгей,—деп қуаттады. —Әттең осы әңгіменізді сол келіндеріңіз естіп, зердесімен ұғар ма еді...

Тыңдаушысын тапса айтылмайтын сыр бола ма. Сол жолы Конысбек те Қанатпен қалтқысыз шешіліп сөйлескен. Екеуі көп жайды ортақ ұғысқандай болған. Конысбек тек өз шаруасы төңірегінде ғана емес, ауылаймақ, жалпы совхоз тіршілігіне байланысты сүбелі әңгімелер қозғап, татымды-татымды пікірлер білдірген. Оның ой ауқымына, қарақан басын күйіттемей ел қамына жан ауырта алатын азаматтық болмысына Қанат іштей сүйсінген. Сөйте тұрып: "Әлмұрза бұған неге наразы болды екен. Ұнатпайтын қабақ танытып еді", — деп ойлаған. Сонан соң ескерусіз ғана жай әңгімелеген болып, Әлмұрза туралы пікірін білмекке сыр тартып байқаған. Сонан әңгіме туындал кетті де, сөздің бір інінде:

—Әлекең шаруашылықтың ығытын білмейді емес— деді. —Біледі. Ол жағына жетік. Өзі де басшылыққа ерте араласқан кісі ғой. Тәжірбиесі жетерлік. Совхоз тіршілігінің бүте-шігесіне дейін бес саусақтай біледі. Басқарудың сан тәсілін игеріп алған. Обалы нешік үршықша иіреді. Беделі де жақсы. Аудан көлемінде бірінші хатшыдан басқа кісі "сенікі дұрыс емес" деп айта алмайтында жағдайы бар-ау. Бірақ...

Конысбек айтсам ба, айтсам ба екен деген кісідей, әрі мұның өз сөзін қандай ыңғайда тыңдал келе жатқанын байыпта алғысы келгендей кідіріп, бір сәт бүл жаққа қарады. Мұның тыңдауға ықыласты сыңайын аңғарған болуы керек әңгімесін жалғастыратын кейінде:

—Ағамызды жамандап кетеміз бе, қайтеміз?!—деп күлді.

—Өсек пен қайбаттан аулақ болсақ, оқасы жоқ. Біз аға-іні, ағайын-жеккет болғанымызben тең праволы азамат, коммунистік той. Көңіліміздегіні жасырмай айтқанымыздың айыбы жоқ, Айта бер.

—Менің байқауымша Элекең мықты директор. Бірақ үлкен бір кемшілігі бар. Бұғызы кендеу. Көңілінде астамшылықта жоқ емес. Кімнен де болса алғысы, жегісі келіп тұрады. Кім де болса жалпақтап, жағынып тұрса дейді.

Қонысбек ақыр бастап қойдым той, енді несіне тартынамын дегендегі әңгімені ұзағынан қайырып, өз жағдайын да, Әлмұрзамен арасын да жасырмай айтып берген.

Әлмұрзаның шынымен алғашқы кезде мұны ішке тартып, қорамдап, өз адамы санаған жағдайы бар көрінеді. Бұл да інісіндей болған. Бірақ, көңіліндеңі кісіні төмен тұтып, кеміте қарайтын бір ұнамсыздай пейіліне ықтияр болмаған тәрізді. Сәл істеген қызметін, жақсылығын пұлдаپ, тап сол болмаса бұл қатарға қосылмай қалатында, күнін көре алмайтында пәлсінген пиғылын ұнатпаған. Соңан соң бойын аулақ сала бастаған. Бір жағы өз қолы өз аузына жеткен соң шалқая бастады деп, екінші жағы осынша қара-құрасы болып тұрып анда-санда мезіреті жасамайды деп қазір Әлмұрза мұны жек көретін көрінеді. Сол кісінің бетімен мал мамандары мен совхоз активтерінің біразы өзіне қырын қарайды екен. Оған қипақтап жүрген бұл да жоқ, көрінеді. “Мейлі білгенінен қалмасын” дейтін сияқты. Дені сау тұрса ешкімге жалынатын, кіріптарланатын жағдайы жоқ, Несіне жалтақтайды. Шопандықтан босатып тастайды деп қорқа ма. Қалай босатады. Мемлекетке беріп отырған төлі, жүні кем бе? Малының бағымы кем бе? Күйі төмен бе? Әрісін айтпағанда тұра соңғы бес жылдың ішінде бір де бір бас шығын бермеген. Әрине мал болған соң өлім-жітімсіз тұрмайды той. Қорамнан түк қой өлмейді деп айтпайды, әрине. Аратұра шығын бола қалса, шүкір, қолында бар, жекеменшігінен қосады. Әйтеуір совхоздың малының басын түгел ұстайды. Кемітпейді. Мал басы түгел, берген төлі жақсы болса жылма-жыл соған алған бәйгісімен еңбек ақысының өзі де жетіп жатыр бұларға. Сөйтіп

совхоздың да есебі түгел, өзінің шаруасы да дұрыс. Жүртқа да абырайлы. Осы кейінгі бес-алты жылдың көлемінде совхоз бойынша төл алушан бірінші жүлдегер болмағанымен екінші, үшінші орыннан қалған кезі жоқ, көрінеді. Өз еңбегіне сенсе несіне пұшайман болады.

Осылай түйіндей келіп, Қонысбек дегенімен көңіліндегі бір күдігі мен өкпесін де сездірген.

—Енді, жылда аралас қонып жүрген соң біріміздің жағдайымыздан біріміз хабардармыз рой. Сезіп, біліп отырамыз. Биыл совхоз бойынша бірінші орынға шыққан Төлтай, қайбат болмасын, өз көңілімше, шын мәнінде төлді менен артық алған жоқ, Ептең бұрмалау, процент қосу араласты рой деймін. Имандай шыным, Қанат аға, мен оның жетістігін, бірінші орынға шыққанын қызғанып отырғаным жоқ, Алсын бәйгені. Обалы нешік, оның да еңбегі адал жігіт. Мал десе үй-ішімен ішкен асын жерге қояды. Осы совхоздағы озат шопандардың бірі екені сөзсіз. Бірақ, биылғы төлі менен артық емес. Әлекең осы жерде алақолдық жасады.

Осы кездесуден кейін Қанат өзіне жақсы жолдас, арада пікір сақтамай сөйлесе алатын іні тапқандай сезінген-ді. Анда-санда кездескенде түрғылас, замандастар, еңбектес, әріптес ретінде шешіліп әңгімелесіп, қай шаруаның төнірегінде болса да ойды ортаға салып отыратын. Кісіге парасатты тәрбиенің бір түрі, жауапкершілік артып, сенім білдіру. Бұл сенім оның көңіліндегі азаматтық, рухты оятады. Қоғамдық іске белсенділігін артырады. Жан дүниесіне жаңғыру жасайды. Соңан кісі өсіп, толысады. Кемелденеді. Алдыңғы қатарлы еңбеккөр, жас коммунист ретінде көңіл бөліп, қатарға тартып, санаасып, керек кезінде әр түрлі тапсырмалар беріп, қоғамдық жұмысқа қатыстыра бастағалы Қонысбек те ашылып, өзімен-өзі, өз шаруасын ғана күйттеген бүйірғы күйден өзгеріп, тұлғалана түскендей еді. Совхоз колективінің ортақ іске жаны аштын саналы, белсенді азаматы ретінде таныла бастаған.

“Шаруашылықтың берекесінің ұйтқысы осы тәріздес жігіттеріміз болса керек. Бүтінгі еңбек адамы, бүгінгі шопан қандай болмақ, дегенде осы Қонысбектерді алға тартып мақтана аламыз рой”, — дейтін Қанат көңілі тоғайып.

Қонысбектің мұны шырғалап, төңіректегенін Әлмұрза онша үната қоймады. Бірақ сыртқа шығарып сыр берген жоқ. Қанат та оған назар аудармаған.

* * *

Откен жылы аудан төл аудан облыс бойынша алға шығып, айтарлықтай табысқа жетті. Малшы қауым бір көтеріліп, желпінісіп қалған. Соның үрметіне жаз шыға, қырқым аяқталып, ел жайлауга қоныстанғаннан кейін малшылардың аудандық слеті өтті. Бұл жиынға облыстық партия комитетінің бірінші секретары Қоңыров жолдастың өзі келіп қатысқан. Жиын болардан біраз бұрын ауданнан звондал, той қамындағы атқарылуға тиіс біраз шараларды тапсырмалай келіп: “Озат малшылардың бірін сөзге дайындал қой. Сендердің совхоздарыңнан бір шопанды мінбеге шығарамыз және слет болардан екі-үш күн бұрын сөйлейтін кісінің аты-жөнін айтып хабарларсыңдар,—деп ескерткен. Қанат ойластыра келе Қонысбекті мақұл көрді де, тізімге соны кіргізген. Әлмұрза басқа бір кіслерді қолайлад еді.

—Енді хабарланып қойды, тағы өзгертіп жатамыз ба. Бәрібір емес пе,—деді. —Қонысбек ел алдына шыға алатында жігіт қой.

—Мейлі ендеше...—деген соナン соң Әлмұрза да. — Кейде бір бұра тартып, қисық жүретіні бар еді. Сонысина бағып, әлденелерді бықсытып, ұятқа қалдырмаса болғаны әйтеуір.

—Ондей санасыз жігіт емес қой. Өз сөзіне өзі есеп бере алады...—деген Қанат.

Соナン соң Қонысбекті шақыртып, жағдайды түсіндірген:

—Обкомның бірінші хатшысының өзі болмак. Жауапты жиын. Мұқият дайындаларсың,—деген.

Қонысбек жүрексініп, қашқақтап, бастарта қойған жоқ.

—Жарайды, сөйле десеңіздер сөйлейін. Бірақ әңгіменің бағыты қай тақырыпта болғаны жөн,—деп ақыл салған.

—Оны енді өзің ойлан,—деген бұл. Сенен басқа да мінбеге шыққандардың қай-қайсы қол жеткен табысы мен көрсеткішін, тәжірбиесін, еңбек жолын әңгімелер.

Сенің де оған, әрине, қысқаша тоқтала кеткенің жөн. Ал негізінен өзіңдің көңілінде жүрген көкейтесті ойларыңды ортаға сал. Малшыларға не жетпейді, не керек. Мал шаруашылығы өнімдерін еселеп арттыру үшін қандай шараларды жүзеге асырса болар еді деп санайсың. Шопандардың тұрмысы, жай-күйі туралы әңгімеледі. Есінде болсын, ауданның бүкіл активі, еңбек озаттары жиналады. Облыс басшылары тыңдал отырады. Сын көз көп. "Ә, бәрекелді", — десін ел. Жауаптырақ бол. Эрі көнілде жүргенді шығаратын сәт осы. Мұндай бас қосуда айтылған орынды ұсыныс жерде қалмайды, іске тікелей пайдасы тиеді. Айтарыңды жазып аламын десең алдын ала қағазға түсір, мен де үстінен бір қарап шығайын.

—Ойымдағыны айтып бере аламын ғой, сол қағазбен сөйлемей-ақ, қойсам қайтеді?

—Мейлің онда,—деді Қанат. Тек нендей мәселелерді қозғамақсың солардың алдымен ойша жүйелеп, тиянақтап алғайсың... Онда енді тәуекел, іске сәт.

Малшылар тойы жайлауда, таудың бір көкмайса шалғынды, әсем қолтығындағы жазықта, ашық, далада өткен. Қаракұрым болып жиналған халық митингі болатын алаңды қаусырмалай тұрған. Қонысбекке сез жиналыстың орта кезінде тиді. Бәйгеге ат қосқан кісідей Қанат қобалжып, қозғалақтай бастаған. Қонысбек сезінің кіріспесінде, еңбек жолын, биылғы көрсеткішін, алдағы міндеттемесін қысқаша шолып өтті де, қыс қаңтардың аязына қарылып, жаз шілденің ыстығына қақталып жүріп, Отан байлығын тасытуға үлес қосып келе жатқан малшы қауымның еңбегін бағалап, әрдайым қамқорлық жасап, бүтін міне мынандай салтанатты мереке өткізіп отырған, алқа топта аттарын атап, абырайын асырып, біріне машина, біріне мотоцикл, мінгізіп, біріне кілем құшактатып сый-кұрметке бөлең жатқан үкімет пен партияға алғысын білдірді.

—Бұл жиын, бас қосуда қол жеткен табыстарымызда паш етіл, бір-біріміздің мәртебемізді көтеруіміз жөн,— деді сезін онан әрі жалғастырып:— "Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын" деген осындайда жарасады. Сонымен бірге ортақ, іске пайдасы тиер, алдағы күнге сабақ болар, ойларымызды да ортаға

салатын жиын осы. Жіберген кемшілігіміз, әттеген-айымызды да талқылайтын тұс осы. Не бар, не жоқ, ашып айтып, алдағы күннің қамын ақылдасқанымыз абзал ғой деймін мұндай да.

Қоңыров жолдас мол денесін сергек бұрып, мінбедегі жігітке байыптай көз жүгіртіп, зер сала қарады. Қонысбек тершіген маңдайын дәс орамалмен сүрткілеп қойып, сөйлемеп түр.

—Был біздің аудан да, мен өзім еңбек ететін "Сарыдала" совхозы да төл алу науқанын табысты аяқтады. Жалпы кейінгі жылдардың көрсеткіш нәтижесі жаман емес. Солай бола тұрганымен мені бір ойға қалдыратын жағдай, мал басының өсуі баяу. Неге?! Бұл көп болып ойласатын жай. Мысалы, біздің совхозда менің бала кезімде алпысыншы жылдардың басында, жетпіс мыңға тарта қаракөл қойы болатын. Ал бүтінгі таңда қырық, мың бас. Менің білуімше бүкіл аудан бойынша мал саны қазір сол алпысыншы жылғы деңгейіне әлі жеткен жоқ, Рас, онан бергі уақыттың ішінде екі рет қатты қыс болып, табиғат апаты көп шығынға ұшыратып кетті. Мал басының күрт төмендеуіне оның тікелей әсері болды, сөз жоқ, Бірақ, бар кінәні сол қыста болған жұтқа жауап, ақтала беруіміздің қисыны келер ме екен?!

Жұрт сілтідей тынып қалған. Қоңыров бастап, президиумда отырғандардың бәрі құлағын тігіп, оның сөзін қалт жібермей тыңдал отырған сыңайлары бар.

"Жарайсың, Қонысбек, бет аласың дұрыс. Жұртты бір қаратуын қараттың, енді мықты бол, қарқыныңнан тайма"—деді Қанат іштей әрі сүйсіне, әрі көңілі де қалай болады дегендей алаңдай түсіп.

—Керек десе сол қыста соншама малдың қырылуына жол беруде өзіміздің де кінәміз аз болмауға тиіс. Салақтығымыз, салғырттығымыз болмады деп айта аламыз ба. Сол жалқаулық пен жауапсыздықтан бүгінде пышақ кесті қол үзіп кеттік дей алар ма екенбіз. Арамызда мал бақпайтын шопандар, мал қарамайтын мамандар аз ба. Аз емес. Қойдың тамағы ток, ақшасы мол деп келіп, оны бағып-қағуға, бейнетін көтеруге мойыны жар бермейтін, ықыласы жоқ, малшыдан не береке күтесің. Ондай қырсыздар қазір де жетерлік.

Оның алдындағы мал қайдан өссін. Алдымыз қазір жүз саулықтан жүз елу, жүз алпысқа дейін қозы алып отырмыз. Ал отарынан басқа бере алмаған шопандар бар. Себебі не дейсіздер ме, негізгі себебі алдындағы малын дұрыстап бақпайды. Күйі төмен мал қайдан төл берсін. Соңан соң отарында шығын болады, мал басы түтел емес. Шығын көбейіп кеткен соң мамандар, ферма, совхоз басшылары сез болады деп жауаптан қашып, әлгі өлген мәлдарды жасырып, шамалы бөлігін ғана актіден шығарады. Ал қалған жүздеген бастар тірі мәлдің есебінде жүре береді. Бұл қойлар совхоздың қағаз жүзіндегі есебінде бар, ал фактический жоқ мал. Ал жоқ, мәлдан қалай жұн қырқып, төл аласың. Өнімнің төмен болатын, мал басының өспейтін себебінің бірі осы...

Ойлы қалыпта жағалай жүртты көз жүгірте шолып шыққан Қоңыров сол сәт Қонысбекке қарай бұрылып:

—Дұрыс,—деді. —Дұрыс айтып тұрсың. "Ауруын жасырған өледі", —дейді халық Мұндаі көз бояушылықтың ақыры жақсылыққа апарып соқпайды, жолдастар. Ал мұндаі жағдай әр жерде кездесетін тәрізді. Соңда кімді алдамақтыз. Соны бір ойлайықшы...—Қоңыров жүртқа тағы да жағалай көз тастай орындығына шалқая отырды:

—Айта бер, шырағым, ойындағының ірікпе, айт,—деді Қонысбекке қарап, ықылас білдіріп. Өзінің қызылшырайлы, зор жүзі реңдене әрі сонымен бірге өңіне сұс пайда болғандай бір түрлі айбарлана түсті. —Әлгі жүз басқа жүз қозы бере алмай отырған әріптестеріңің атын атай кетші. Мына көпшілік естісін. Ұяты бар жігіттер болса намысы оянар...

Қонысбек совхоздағы көрсеткіші төмен, қырсыздау екі-үш шопаның аты-жөнін айтты.

—Ол жігіттердің осында бары бар ма?!—деді Қоңыров көпшілікке қайта көз жүгіртіп.

Ешкім ешнәрсе деп іле жауап қата қоймап еді. Көптің ортасынан біреу дауысталап:

—Олар мұнда қайдан келсін. Бұл озаттар жиналған той ғой,—деп қалды.

Қоңыров сабырлы жүзі сәл құлімсірей түсіп:

—Оларды да шақырту керек еді,—деді. —Мына өзі

қатарлы жігіттердің жетістігін көрсін, естісін. Озаттарға қандай сый-құрмет жасалатынын байқасын... Жарайды, сөйлей бер,—деді сонаң соң Қонысбекке мейірлене бұрылып.

Қонысбек жаңа Қоңыров сөйлеген кезде үзіліс жасап, терін сұртіп, ептең тыныс алып, жан-жағына зер салып, сол мезет алдыңғы қатарда отырған Қанатқа қараган. Қанат қошуақ, көңілде жайдары жымиыш: "Дұрыс, сөйлей бер" деген ыммен қас қаққан.

—Фылым мен техниканың ауыл шаруашылығына, жалпы өндіріске тигізіп отырған пайдасы ұшан-теңіз, әрине,—деді Қонысбек даусын кеней, қоңырлата, қайтадан әңгімесін жалғастырып. —Оны күнделікті көзben көріп, естіп-бліп жүрміз. Сонымен бірге ғалымдарымыздың алдында бұл салада әлі шешімін таппаған міндеттер де аз емес тәрізді. Көптеген өзекті мәселелерде олар бізге тиісті көмекке келе алмай отыр. Мысалы, жылдан жылға біздің аудан жайылым таршылығы, су тапшылығы дегенді қатты сезінуде. Ауа райының құргакшылығы жылма-жыл қайталануда. Ондай жылдары қыындыққа кезігіп жүрміз. Мәселенің түп төркініне келсек мал басының ойдағыдай өспеуіне өз тарағымыздан кетіп жүрген салақтық, жауапсыздық, кезбояушылықпен бірге, ең негізгі, осы табиғат таршылығы қатты әсер етуде. Фылымның бізге нағыз көмекке келетін тұсы осы. Олар дер кезінде қол ұшын бере алмай отыр. Ал біз көмекке зәруміз...

Көпшілік дүрліге қол соғып, абыр-сабыр болып кетті:

—Жарайсың, жігітім!

—Айт, айта тұс!

—Жүрттың көкейіндегісін жаттап жүр екенсің де.

—Әңгімесі тұщымды, жүйе-жүйесімен келіп тұр, әшейін.

—“Сарыдаланың” шопаны деді ме өзін?!

—Ие, “Сарыдаланікі”. Қонысбек Жолдиев дейтін жігіт қой...

Дабыр-дұбыр біразға дейін созылып барып, жиналыс басқарушының зорымен әрең басылды...

—Жолдастар, сөзді бөлмейік. Тыныштық сақтаңыздар. Айтатын пікірлеріңіз, сұрайтын сұрақтарыңыз болса

шешен сөйлөп біткен соң білдіріңіздер, рұхсат. Ал қазір тәртіп сақтайық, Жолдиев жолдас сөйлей беріңіз... Уақытыңыз бар әлі...

Қоныров та айта бер дегендей ыңғайда басын изеді.

Мұнан кейін Қонысбек малшы түрмисы, олардың арасындағы мәдени-тәрбие жұмыстары туралы ой қозғады. Шопандардың түрмис жағдайының қазір көп жақсарғанына тоқтала келіп, бұдан да гөрі көтеріп, ұлгілі дәрежеге жеткізуге болатынын сөз етті. Автодүкен, автоклуб, түрлі мәдени үгіт бригадаларының маңды ауылға дәйекті қызмет көрсетіп жүргеніне ризашылық білдірді. Сейте тұрғанымен малшылар арасындағы саяси-тәрбиелік жұмыстың басқа да бір пәрменді ұлгілерін қарастыру керек екені жайлы ой білдірді. Өзі көрген, күә болған әлденендей сөлемек жайттарды тілге тиек ете отырып, кей жерлерде малшылардың арасында ішкілік ішу тәрізді жағымсыз әрекеттер кездесетініне қынжылды. Ондай жандардан нәтижелі еңбек, табыс күтудің қисынсыз екенін, көбіне бағымындағы маңдарын түрлі шығынға ұшырату, төмен көрсеткішке ие болу осыларда жиі кездесетінін айтты. Ондайларға тиым салу үшін көп болып қолға алып, шара іздестіру керегін ескертті.

—Сол жолдастардың кейбіріне “мұның не” десен, “Енді қайтеміз қысы-жазы айдалада жалғыз үй, тіпті ішкүса болып кетесің. Соңан соң көңіл көтеру үшін ішеміз”—деген уәж айтады. Эрине, қисынды дәлел, парасатты тіршілік емес олары, тек акталу екені, сылтау екені кім-кімге де түсінікті фой. Олай дейтінім менің әкем қырық, жылдай мал баққан еді. Сол кісінің өмірімде, ішім пысты, зеріктім дегенін естісемші. Таңың атасы, күннің батысы шаруадан қолы босамас еді. Міне, еңбек деген сол. Міне үрпақ, қамын, келешек қамын ойлаған деген сол. Сол абзал жандардың арқасында жиырмасыншы жылы бір қора, жарым қора қойдан құралған колхоз малы алпысыншы жылдары алпыс-жетпіс мыңға дейін жетті. Міне ел дәүлеті деген қайдан құралады... Міне осы өнегеден біз көз жазбауға тиіспіз.

Эрине, қазір уақыт басқа, дәуір басқа. Ол кездің қыындығы, тауқыметі қазір жок. Заман түзу, күнкөріс жақсы. Сондықтан барша жүріп-тұрып, көңілді

тұрмысты қалауымыздың еш əбестігі жоқ, Бірақ ысырап, құнығу, жеңілгөйлікке бой алдырып алмау керек шығар. Оның арты жақсылыққа апарып тіремес.

Осыларды тебірене айта келіп, Қонысбек сөзінің соңында көңіліндегі мынандай бір ойларын білдіре кеткен.

—Рас қазіргі малшылардың дені жастар. Қысы-жазы жалғызілікті, жалғыз үй түзде жүретіні бесенеден белгілі жай. Жыл он екі ай бойына маддан босап, үйінен ұзап ешқайда шыға алмайтыны да шындық. Сол себепті басшылық тарапынан оларға мынандай жағдай ескерілсе. Малшылар үшін түрлі туристік, сондай-ақ, санаторий, демалыс үйлеріне берілетін жолдамалар көбейтілсе.

Жыл сайын әрбір малшының жұбайымен болсын, жалғыз өзі болсын, қалаған жерлеріне барып емделіп қайтуына, қыдырып қайтуына, жағдай жасалса. Совхоз басшылығы да демалыс алған кезде малына ие болатында дұрыс адам тауып, жауапкершілікті соған жүктейтіндей мүмкіндік қарастырса. Көптеген шопандардың демалыс алуға, көмекшісі аса сенімді дұрыс кісі болмаса, тәуекелі жетпейді. Малын кім көрінгенге сеніп тастай алмайды. Науқан кездерінде, болса да, ешқайда кетпейді. Ал жайшылықта да өзі бір ай жоқта отары жақсы бағылмай қоны төмендеп қалса оның бір жылдық зардабы болады. Сонан қорғалақтан ешқайда кете алмайды. Әйтпесе, анда-санда туристік сапарға шығып, түрлі санаторийлерге барып демалып қайтып тұрса ой-өрісі, дүние танымы кеңейіп, бой жазып, сергіп қайтар еді.

Қонысбектің тағы бір айтқаны мынау еді:

—Малшы қауымның бейнеті жеңілейіп, бір мезгіл арқа-басы қеңітін кезі жаз жайлауға шыққан сәті. Сол уақытта қызы ұзатып, келін түсіріп, бала сүйіп қуанғандары той-томалақ өткізіп, желпініп қалады. Кейінгі кезде осындаі тойларда, сондай-ақ, совхоз, аудан орталықтарында өтетін мереке, жиындарда ат жарыс, көкпар тәрізді ұлттық ойындарға басшылық тарапынан тиым салу бар. Рұқсат етілмейді. “Аттан кісі жығылуы мүмкін, адам жазым болады” деген себептер айтылады. Енді болмысты кейбір кездейсоқтықпен өлшеп-пішуге бола ма? Авария жасалады екен деп машинаны жургізууді

тоқтатып тастап жатқанымыз жоқ, қой. Біз сияқты ұлттық құрамы бірыңғай, малды аудандарда бұл жағдай ескерілсе.

Қанат Қонысбек мінбеде тұрған кездерде президиумдағылардың орта кезінде отырған Әлмұрзаға әлсін-әлсін көз салған. Әлмұрзаның кіржиіп, шүқшиып кеткен пошымынан ұнатпай, ашудан тырыс-тырыс жарылғалы отырғанын аңғарған. Жиналыс бітіп жұрт түскі асқа арнайы тігілген үйді-үйге тарай бастағанда, бұл жұрт соңын ала кешеуілдей түсіп, Әлмұрзаны құтті. Ол сол қырындау қабакпен:

— Эй, сенде осы біреуді желпілдетіп,—деді салқын ғана. — Бұл қазақта шамасына қарап сөйлеу деген жоқ, қой. Осыншама жұртқа ақыл айтатындаі кіммін деп ойламайды екен-ая.

— Оу, сен неге шала бұлініп тұрсың? Молодец. Ол өте жақсы сөйледі. Сөзін теріс деген кім болды.

— Кім теріс десін. Бірін-бірі жамандап жатса қайта "шоқ-шоқ" деп алақанын ыскыламаса, қой дейтін кісіні көргенім жоқ бұл күнде. Елге қызық, керек...

— Қой олай деме, кімді жамандады. Бірен-саран өзара сын айтылса түбі өз пайдамыз.

— Қайдагы өзара сын... Бүкіл аудан, облыс басшысының алдында "Сарыдаланың" шопандары төлді аз алады. Арақ ішеді деп жатса сол бізге абырой әперетін сөз бе?!

— Ой, қой, қаракүріқтатпа. Ондай ешнәрсе жоқ..

Екеуі солай әңгімелесіп тұрғанда аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы келді ентігіп:

— Эй, "Сарыдалалықтар" жүріндер. Қоңыров жолдастың өзі іздел жатыр: "Жаңағы шопан Жолдиевті шақырындар, совхоз директоры мен парторғі бірге келсін" деді.

Бұл екеуі "ол неге" дегендей аңтарылып қалып еді.

— Ой, бірге отырып шай ішсін дейді. Сендерге риза болып қалыпты,—деді ол жайрандай күліп. Соңан соң барып бұл екеуінің де жүзіне шырай жүгірді.

Сәлем беріп үшеуі аудан басшылары, облыстан келген кіслер отырған шағаладай аппақ, алты қанат киіз үйге кіріп келгенде төрдегі Қоңыров түрегеліп:

— Жолдиев бері кел, жоғары шық,—деп тура он жағынан орын босаттырды. Бұлардың атына жылыжылы лебіз білдірді.

— Мынандай шопан, мынандай азамат тәрбиелеп өсірген совхоз коллективіне, басшыларына раҳмет айтуымыз керек. Әрбір малшыларың осы жігіттей болсын. Соған жетіндер,—деп риза көнілмен Әлмұрза мен Қанаттың қолын қысып, арқаларынан қақты. Әлмұрза үйден қызара бөртіп көнілді шыққан.

— Да, бұл да бір біткен шаруа болды,—деп төнірегіне шалқақтай қарады. — Ал енді тойды қайсымыз жасаймыз,—деді күліп.

— Жайлайға жүріңіздер, біздің үйге,—деді Қонысбек.

— Оған басқа бір жолы кеңшілікте болмаса, қазір тығыл-таяң шығар. Ертең ауданда тағы жиналыс бар,—деді Әлмұрза.

— Біздікінде болайық,—деді Қанат. —Осы Қонысбектер үйден дұрыстап шай да ішкен жок,

— Е, бәсе жолы солай ғой өзі,—деп Әлмұрза көнілдене әзілдеді.

Осы сәт Қанатқа бір ой келген: "Осы бүтін совхоздың біраз малшыларының басы қосылды. Ертең бет-бетіне тарайды. Солардың қай-қайсының да үйінен дәм татып жүріп, арнайы қонақ бола жүріп, өздері оларға бір дастархан көрсеткен емес. Осылай сәті келіп тұрғанда екі сылтау, бір желеумен бәрін жинап үй көрсетіп жіберейін. Ауылдың актив жігіттері де бірге болсын. Тойдың аяғы есепті ғой"... —деген.

Сонан кейін осында келген ауыл әйелдерінің ішінде жүрген Жұмакұлді іздеп, тауып ойын айтып еді қарсылық білдірmedі.

— Ертерек айтпағаның-ай. Сәл асығыстау екен, дайындығымыз шала болып, ыңрайсыз болмас па екен,—деп қана қауіп айтты.

— Оқасы жок, сынай қоймас, өзіміз ғой. Қолыңнан келгеніңше қамданарсың.

— Мейлі олай десен.

— Онда сен осы жерден, аудан орталығынан керек жарагынды ал да ертерек ауылға қайта бер,—деп өз машинасына мінгізіп жіберді. — Қонақтар кешке барады.

— Көп кісі ғой, сыйымды болсын деп дастарханды залға, столға жасадым. Кісілер бөлініп отырмайтын шығар...—деді Жұмакұл.

— Оның дұрыс...

Қанаттың үйінде кен залдың төрінде, кенепке бояумен салған ұлкен, мұртты кісінің суреті ілулі тұратын.

Қонақтардың біразы келген бойда суретке қарағыштап:

— Кім салған, қашан салдырғансыз, Қанеке, келістіріп жасаған екен,—десті.

Студент кезінде көркемсурет училищесінде оқитын бір жолдас жігітіне қызылып жүріп салдырып алған еді. Қанат сонысын әңгімеледі.

— Бұл кісі Қанаттың идеялы,—деп әзілдегендей болды Әлмұрза. —Бала күннің өзінде, онан кейін студент кездерінде де ол кісі жайлы әңгімеге шыр-шыр болып араласып, шыж көбелек болатын еді. Қазір де сол қалпынан айнымаған.

— Бұл кісінің бойындағы табандылық пен талап қойыштық, жеке бас қамынан аулақ, қоғам мұдесіне деген адалдық, берілгендей біз үшін өмір бойы үлгі болуга тиіс қасиет дер едім,—деді Қанат салмақты ұнмен.

— Рас, рас!

— Дұрыс қой, дұрыс,—десті отыргандардың көпшілігі мұны қостап.

Сол күні бұлар той аяғын Қанаттың үйінде дүрілдеткен. Ұйым, берекесі бүтін, ауылы өскен, азаматы толысқан, тұрмысты, кемелденген жұрттың шашадыман бір көңілді отырысы болғандай еді бұл...

* * *

Осылай шаруашылықтың ыстық-суыры аралас, қыны да, қызығы да жетерлік қаракетке толы қат-қабат күндері өтіп жатқан... Ұақыттың жылжығаны байқала ма, Қанат мұнда келгелі де үш-төрт жылдың бедері болып қалды. Шаруашылықпен де, адамдармен де әбден танысып етene үйренісіп кеткендей жайы бар-тын. Әлмұрзамен де арасы күнделікті тірліктің інінде бірде кездесіп қалғанымен, бірде жүздесіп дегендей, әрі бері шаруашылықтың қамы болған соң көңілге зіл жиналмай, қалыпта сіз-бізден кетіскең жері жоқ еді. Бүгін Нұрмажанбет ақсақалдың келуі, қынжыла, ашына отырып айтқан әңгімесі Қанаттың сыйластық күйттеп, сабыр сактаған көңіліндегі тұнып жатқан наразылықтың көзін түртіп, қозғап жібергендей болды.

Әлгінде түн ортасында кеңсеге кездесуге шақырган Әлмұрзамен сөзі жараспай, әңгіменің түйінін ертеңге қалдырып, тырыс етіп сыр бермей, еш көңіл танытпай кеткені де сол себептен-тін.

Мұның Нұрекеңнен естіген әңгімесін Әлмұрза тонын айналдырып, мұлде басқаша жеткізген. Қайсысы дұрыс екенін дәл қазір тап баса алмағанымен Әлмұрзадан соңдай шатақтың шыққанын іші сезгендей. Нұрекең бейсеубет сөздің адамы емес. Тектен-текке келмесе керек.

Қалай дегенде де болған жайдың анық-қанығын өзі барып біліп қайтуға ертесіне ертелеп мал ауылға, Томарбайдың үйі отырған "Қызыл қактың тақырына" қарай тартып кеткен. Ауылға таянғанда кенет бір ой түсті: "Оу, бүлініп жатқан оның үйіне бірден жетіп бармай қоя тұрып, көршісі Конысбекten неге хабар алмаймын. Мұндай шатақ шықса ол естімей отыр дейсің бе. Солай еткен жөн шығар".

Конысбек үйінде екен мұны танып сонарадайдан алдынан шықты.

—Ой, ағасы келіп қалғаныңыз қандай әйбет болды. Әйтпесе орталыққа сізге баруға жиналып отыр едім,— деді сәлемнен соң іле-шала.

—Иә, Конысбек, үй іші, мал-жан аман-есен ғой?!

—Жақсы, жақсы, рахмет, ағасы.

—Иә, не әңгіме бар. Төңіректегі көрші-қолаңмен хабар ласып тұрсың ба:

—Хабарласамыз ғой. Өзіңіз де ертелеп сүйт жүрісіңізге қарағанда бір нәрсе естіген сияқтысыз-ау...

—Бұл не әңгіме. Барып білдің бе?

—Сондай бір ыңғайсыз жағдай болып тұрғаны... Конысбек кібіртіктеп мұның жүзіне қарады... —Үйге кірсеңізші, жүріңіз...

—Үйді қоя тұр, алдымен әңгіменді айтшы. Жүр былайырақ оңаша шығып сөйлесейік...

Қанат ауыл сыртына қарай иек қағып, екеуі қатарласып солай беттеді. Болған жайдың ұзын-ыргасын Конысбек айтып берді...

Бір қора тұсақ бағатын Томарбай көктемгі қырқынды өткізген соң жайлау жүртyna көшіп келгеніне екі аптағай болған. Алдыңғы күні үйіне маңды ауылды

аралап жүрген Элмырза сокқан. Директордың кейде шофер алмай, машинасын өзі айдалап жүретін әдеті болатын. Бұл жолы да жалғыз екен. Ол үйден шай ішіп күн бата орталыққа қарай аттанып кеткен. Осыдан бір күн бұрын мұнда қатты жаңбыр жауып, жер-көктің бәріне көл болып қақ түрган жағдайы бар екен. Ауылдан шыға бере Элмырзаның машинасы сондай шұқанақтардың біріне батып, тұрып қалған. Әрекет жасай қоятын шофері жоқ, соナン соң үйге қайтып келіп, Томарбайды осыдан оншақты шақырымдай жердегі қырқын пунктіне барып хабар бер деп жұмсайды... "Онда жұн тасып жатқан машиналар бар, олар кезікпесе рациямен орталықтан техника шақыртсын радиоске айт",—дейді.

Томарбай атына міне сап солай жөнелген. Жолай мотоциклмен жайлалаудағы үйіне барып келе жатқан ауылдың балаларының біріне кезігеді. "Айналайын сениң жолыққаның жақсы болды. Соншама жерге ат зорықтырып, несіне әуреленіп барамын енді. Жолында фой пунктке соғып айта сал. Әлекең күтіп отыр, көмек төзірек жетсін дерсің. Орталыққа барған соң инженерге де хабар берерсің"— деп тапсырғыштап, жарым ортаға жетпей-ақ кейін қайтады. Атын әрірек қаңтарып тастап үйге таянғанда Қайшакұлдің сықылықтаған көңілді дауысын естиді. Көңіліне құдік алып, жаман ой кіреді. Есік алдына келіп ішке қайта құлақ түрсे Элмырзаның даусы да жарқын-жарқын шығатындаидай. "Осы үйде тағы басқа біреулер болып солармен әңгімелесіп отырмасын",—деген оймен киіз есікті сөл сырғытып, саңлаудан ішке көз салған. Үйде бөтен ешкім жоқ, Қолдарындағы екі жасар кенжесі үйықтап жатыр. Мектепке іліккен екі үлкені орталықта интернатта еді.

Төрдің алдында дастархан жайылған. Бір шетінде Элмырза, төменгі жағында Қайшакұл. Орталарында аузы ашық, ішіп таусуға айналған бір шөлмек "коңыяқ". Екеуінің де жүздері албырап мәз-мейрам. Басына ду етіп қаны шашып, көз алды бұлдырап, өзін-өзі үстай алмаған Томарбай үйге атып кіріп, не істерін білмегендей есіктің алдында дір-дір етіп қалт тұрып қалды. Мұны осылай оқыс кіріп келеді деп ойламаған, әрі кісі шошырлық мына түрінен тайсақтаған екеуі отырған

бойы екі жаққа қарай шегіншектей берді. Дегенімен Қайшакұл тез ес жиып, көкайыл әдетіне басып:

— Эй, жау құды ма сені, елдің зәресін алып, бұл қай жүрісің. Өрт сөндіріп келгендей өрекпіп онысы несі-еї,— деп шаңқ ете түсті. Осы сәтті пайдаланып Әлмұрза да:

— Эй, тым тез оралдың ғой? Пунктке барып қайтқаның ба?! Кімге жолықтың? Машина бар ма екен?!.— деді жайбаракат қалып танытуға тырысып. Бірақ сөзі қиоы қашыңқырап, бей-берекет шықты. Өңінде қобалжудың ізі бар. Көзі де сезікті дыбыс естіген локатрдай бір орында түрмай ойнақшуда.

— Машинаңды үйдің желкесіне әкеп батпаққа батырғандағы ойың осы екен ғой,—деді Томарбай ызалы үнмен.

— Эй, батпаққа батырган дегені не сөз ей мынаның. Қалай-қалай сөйлейсің?!—деді өзіне-өзі енді келе бастаған Әлмұрза доқтанып, дауыс көтере.

— Эйтпесе мына жалпақ, далада сол шұқанақтан басқа жүретін жер құрып қалып па еді,—деді Томарбай шындықтың шылбырынан ұстап тұрганын өзі де енді-енді сезіне.

— Эй, сенің өзіңнің есің дұрыс па? Не шатып тұрсың? Мұнымен не айтпақ ойың бар? Сен мені кім деп тұрсың? Тәлекек қылатын адамды тапқан екенсің. Көзінді ашып қара. —Әлмұрза шын ашуға көшті. — Аяғынды тартып бас. Байқа бала. Жыныма тисең аямаймын, есінде болсын.

— Менің де енді аянатын еш нәрсем жоқ...

Қанын ішіне тартып, сұп-сұр болып кеткен Томарбайдың бас-аяғына көз жүгіріп өтіп, Әлмұрза:

— Мынау ауру ғой. Ауру екен, байқұс. Мынау шизофрение... —деді ұйықтап жатқан баласын көтеріп алып бір бүйірде қалшиып тұрган Қайшакұлге қарап.

— Ауыру,—деді ол да шімірікпестен Әлмұрзаны қоштап. —Көзіне елестейтін бірдеңесі бар болуы керек. Сонда есінен шатасып қалады. Эйтпесе дені сау кісі осыны істей ме. Не бұліншілік осы салып тұрганы. Қараптан-қарап ылаң жасап. Елді жынды қылып, Үлкен бар, кіші бар, ұялмай ма...Ой масқара-ай!—Қайшакұл теріс қарап кемсендей бастады. Оның

әлгі сөзінен бел алғандай Әлмұрза иықтанып, түтеп, үшшіп түрегеледі:

— Эй, отыр қане елдің апшысын қуырмай. Сейлесейік.

— Сейлесетін не бар. Сізбен біз құда болмаспзы...

— Отыр деймін иттің баласы...

— Иттің баласы мен емес, сен,—деді Томарбай зіркілдең тұрған Әлмұрзага тап бергісі келіп қалш-қалш етіп. Бас салуға өзін екі орайтын еңгезердей Әлмұрзага шамасы келе қоймасын бір соқыр түйсікпен сезінетін тәрізді, сонан ба тәуекелі жетпей тұр. Көзі төр алдында керегенің басында ілулі тұрған қос ауыз мылтыққа түскен. Мұның бет алысЫнан сезіктенген Әлмұрза сақтанайын деді. Әлгінде төр алдына көзі түскенін аңғарып қалған ол дереу артына бұрылып дәл желке түсінда ілінген мылтықты қолына алып алды. Сонан кейін арқаланып, айғайға бассын келіп:

— Иттің баласы, бұралқы итше атып тастайын ба,— деп қоразданды. — Құныңды кім қуыш алар екен менен. Жынданып, өзін-өзі атып алыпты деп ісінді жаптыра салу қолымнан келеді. Тура сенен келер пәле жоқ маган,—деп қорқытты. — Ертең есінді жиып, өзің-өзің келген соң, осы істеген қылышыңа кешірім сұрап, аяғыма келіп жығылмасаң ісім сенімен болсын. Көресің,—деді кетерінде.

— Тұнде сол уақығадан кейін Томарбай үйге келіп,— деді Қонысбек сөзін жалғап. — Көмекші шопаныңды жібер, менің малыма қарай тұрсын. Санап өткізіп кетемін. Сонан соң орталыққа хабар айтарсың, біреуді жіберер, не айдал алып кетер. Мен енді мал бақпаймын. Ол үйден шықтым. Эйелмен ажырасам. Қазір рудникке барып жұмысқа тұрамын",— деп әрлі-бері басу айтып тоқтау салғаныма қасарысып көнбей қойды. Сонан соң амал жоқ көмекшімді ілестіріп жібердім. Соның отарын бағып жүр қазір.

— Ойпырмай, ә,—деді Қанат басқа еш нәрсе айта алмай.

— Әлекендікі іс емес енді,—деді Қонысбек ренішті үнмен. — Азаматты өйтіп басынуға болмайды гой. Өзі сіздерге соққан жоқ па, орталыққа. Әлде бірден рудникке кетіп қалды ма екен.

— Жоқ, өзір кете қоймалты. Бірақ маған жолыққан жоқ, Нұрекеңдікінде жатқан көрінеді...

Томарбайға Нұрекең ата жағынан бір табан жақындау ағайын болып келетін. Сол кеткен бойда жолай ол Нұркеңе соғып, жағдайын айттып, шағынған. Соңан соң Нұрекең: "бұл әңгіме бір жайлы болғанша ешқайда кетпейсің", — деп жібермей үстап қалған.

— Бұл жайды кеше сол Нұрекеңнен естідім", — деген Қанат ойланған қалпы. — Соңан соң не жағдай бұл, біліп қайтайын деп келген едім. Әңгіменің бет алсыы белгілі болды... Жарайды мен енді қайтайын.

Қонысбектің "үйге кірсөнізші" деп шақырғанына рахметін білдіріп, қараған жоқ.

— Әлекең өзі ауылда ма екен, — деді Қонысбек. Көмекейінде "оған жолыққан жоқсыз ба" деген сұрау тұрғанын аңғарғанымен Қанат байқамаған болып:

— Ауылда шығар, — дей салды. Әлмұрзамен сөйлескенін айтқан жоқ. "Көп сөздің керегі не?" деп ойлаған. Әлмұрзамен екеуінің арасындағы әңгімені Қонысбекке айттып жатудың қажеті бар деп таппаған. Әрі айтатын да аталы ештеңе жоқ, еді. Әлмұрза: — Эй, анау Томарбайың барып тұрған ақымақ, жігіт екен. Жыңды ма, ауыру ма, бір бәлесі бар-ау. Ит екен нағыз, оны адам деп. Қап. Қарасы құрысын енді... Бұл адам деген не болып кетті өзі, ... — деп таусыла жамандыған. Ақтала сөйлеген. — Арызданып көрінген жерге шапқылауы мүмкін. Бәлекор адамның әдеті ғой ол. Ұят-аят дегенді керек етуші ме еді. Хабардар болсын деп әдейі алдын-ала өзіңе айттып отырмын... Қаперінде жүрсін. Тіпті шақырып алып сөйлесіп көресің бе ақымақ немемен, — деген.

Мәселенің басы-қасында болмаған соң тап қазір мен не айтамын деген сыңаймен бұл ашылып еш нәрсе демей тоң-торыс кеткен. Әлмұрза жалғыз өзі отырып қалған.

Қонысбекпен сөйлесіп шыққан соң Қанат қайтар жолда Томарбайдың үйіне соқты. Қайшакул бір күн барқыттан, бір күн шәйіден тәгіліп киініп, сылаңдал, қашан көрсөң де: "қайнаға амансыз ба?" деп еміне сәлемдесіп, жұтына қарсы алатын әдетінен жаңылғандай өнді сынық, жүдеу кейітте, пәс көнілде көрінді. Қанаттың жүзіне тұра қарай қоймады. Сейте тұрғанымен: "Шырағым бұл не әңгіме?" — деген Қанатқа: "Қайнаға, ініңіздің соңдай бір нокай

мінездері бар, оны енді сыртқа шығармай жасырып келген соң аңғара бермейсіздер фой" — деп жантайты.

Қанаттың көңілінде дүлей бір ашу ду ете тұскенімен өзін-өзі үстады. Ішкі толқынның әсеріндей аққұба жүзі сұрланып барып басылды. Бұған еш нәрсе деудің де, еш мінез көрсетудің де қисыны жоғын сезіп, әлденендей дәрменсіздіктен жігері құм болып, үндемеді. "Томарбайдың да маңдайының соры бар жігіт екен,— деген іштей. — Бірақ, бұйрық, тағдыр. Жазмыши сол. Оған енді кімді кінәлайсың. Өз несібесінен көреді-дағы. Енді ылажы болса ана үш баланың жетімсірмегені дұрыс. Ел арасының әңгімеге қалып, у-шу болмағаны жөн".

Сол күйі орталыққа соқпай бірден кеңсеге кірген. Үсті-басының шаңын қағып, орнына жайғасқан соң, ойланып ұзақ отырған. Кешегі Нұрекеңмен арада болған әңгімені қайыра есіне алған...

* * *

Нұрекең қамырығып, ауыр-ауыр сөйледі. Қанат әуелде не дерін білмей тығырыққа тірелгендей дағдарып отырып қалды:

— Эрине, совхоз директоры сенің иелігіндегі кісі емес,— деді Нұрекең ашуын басып, сабасына тұскендей болған бір сәтте. — Бірге қызмет атқарып жүрген соң, осы ауылдың екі басшысының бірі болған соң, әрі қатар өскен дос-жар жігіттер деп, саған салмақ сала айтқаным фой. Әрі қатар, үзенғілес ағайын ретінде де, осы совхоздың партия үйімінің басшысы ретінде де бұл мәселеден қалыс қалуың тиіс емес. Өз сөзінді айтып, көрінетін қисының бар. Елден, көптен жоғары тұрған және жоғары тұруға тиіс ешкім жок. Адамды ең алдымен өз жүрген ортасының талқысы тәрбиелейді. Қандай шара жасайсың өзің ойластырып көрерсің... Сол үшін алдыңнан өтіп, ақылдастырып отырмын. Бірақ бұл істі аяқсыз тастаптаймын... Егер сендер сөйлесіп реттей алмасандар басқаша әрекет жасаймын. Бұл жігітке тәк-тәк керек тәрізді. Кез алдына өзімшілдіктен шел бітіп кеткен сияқты. Қазақша айтқанда тәубасын ұмытқан. Осының қейбір жағымсыз қылыштарын аңғарғаныммен "Нұрмағанбет өз балаларымен сиыспай, айттысып, араздастып жүр екен" — деген әлде кімдердің қаңқу сөзіне ілінемін бе деп қоргалай беруші

едім. Эйтпесе мен де кіретін есік, тыңдайтын кісі таба аламын. Енді бұлай қалдырмаймын...

Қанат Нұрекең ашумен жоғары жаққа арыз жазғалы отыр ма екен деп ойлаған:

— Сәл қоя тұрыңыз, жан-жақты ойланып алайық өзі;—деген. —Өз тезімізге ырық бермей жатса, бізді кісі екен демей жатса, сонаң соң жазарсыз.

— Жазғаның не шырағым,—деді Нұрекең бұған күлбілтelenбей тұра қарап. —Домалақ арыз жөнелтейін деп отырғаным жоқ. Осы жасқа келгенше істеп көрмеген көсіпті енді сақал-шаштың ағарғанында қайдан жасайын. Мынандай бір жағдай бар... Сен оны білмейтін шығарсың. Естігеніңнің терістігі жоқ...

Нұрекең солай отырып мөлтек бір сырын айтқан.

* * *

Облыстың партия комитетінің қазіргі бірінші хатшысы Қоңыров жолдас соғыстан кейінгі жылдары институт бітірген бойында осы ауданға МТС-ке агроном болып кірген. Сол жылдары Нұрекең басқаратын колхозға қызмет бабымен талай рет келіп, үйінде жатып бірге жүрген жағдайлары бар екен. Қағылез келген, талдырмаш денелі, балауса жүзді, балаң жігіт, кісіге ілтифаты түзу, елгезек, жайдары жас еді. Тындырымды, тапсырылған шаруаға соншама ықтияттығына Нұрекең риза болып, іштарта жүрген. Бірде уәкіл болып ауылға келе қалған. Тұнемеге үйге түнеп шығып, таң ертең азанмен: “Таудағы егісті аралап көріп қайтамын”,—дейді.

Ол кезде осы мандағы үш-төрт колхоз, таудың үстірт жонына бидай егетін. Солардың шығымын, жай-куйін көзбен көріп, аралап қайтпақ. Мезгіл сөуірдің тұсы болатын. Күн бұлттанып, жаңбыр шақырған сыңайын таныттып тұрған. Ол кезде жол бойы да, тау да елсіз. Ерте көктемде қоспен көшіп барған егіншілер иесіз жатқан үстіртке арпа, бидайды сеуіп болған соң, ауылға қайтып келген. Енді егін оракқа ілінгенде ғана қайтып барады. Тау жолы бұраланқ, жықпыш-жырасы көп. Бұрын жүріп көрмеген кісіге үстіртті адаспай табу да оңай емес. Соны ескерте келіп жас агрономға: “Ертенге қара, бірге барып қайтайық, Жалғыз өзің қалай жүресің”,—деген бұл. Өзінің

тығыз бір шаруадан қолы босамай отырғанын, қазір оған еріп журе алмайтынын айтқан. "Арғы күні ауданда МТС-те жиналыс бар. Соңда хабарлама жасауым керек. Ертенге қарап жатуға уақыттым жоқ", — деп ол жолдан қалуға ыңғай танытпады. — Несі бар жалғыз болғанда. Атым жарамады. Ертелең шықсам кешке қайтыш ораламын ғой", — деп айтқанынан қайтпай қойды. Сөйтіп баар жолдың жобасын қағазға сыйып алыш, жүріп кеткен.

"Үстірттің жауын-шашыны, ауасы, топырағы, тіпті, желіне дейін ала-құлалық, болмайды. Егіні де, шебі де біркелкі шығады. Сен сол бергі таяу тұсындағы егістікті аралап көрсөң болды, бәрін қарап шығамын деп әуреленбе, — деп мықтап тапсырған бұл оған. — Сол бір жері қаңдай болса басқа жері де тап соңдай екеніне шүбәланбай-ақ, қой. Ерте қайт, күн барында таудан түсіп ал. Жолы қыын. Құз-жыралары терең.

Бұл тапсырудай-ақ, тапсырған. Ол бас шүлғудай-ақ, шүлғыған. Сөйтіп күн шықпай салып ұрып жүріп кетен. Сәскеге таяу кешелі бері түнжырап ойланып тұрған ауа райы кенет жедетіп бастады да, сабалап нөсер жауын төгіп берсін. Жауын күні бойы ашылар болмады. Кешке қарай соңы қарға айнала бастады. "Қап, әлгіні бекер жалғыз жіберген екем, үстіндегі киімі де жүқа еді. Үйден күн жауып кеткендей бола ма деп сулық берген едім, бірақ биттің қабығында жүқа неме, ол не алғау болсын. Тауда тасқын шайып кетіп жүрерме екен. Атынан айрылып қалды ма. Бұл уақытқа дейін аман болса келіп қалуға тиіс еді", — деп бұл енді уайым шеге бастады. Ақыры үйде тағат таба алмаған соң күн бата қос атпен қоржынға шамалы ас-ауқат, жылы киім салдырып, қойма қарауылының қос ауыз мылтығын тақымына басып, таута тартты.

Қарлы жаңбыр ұрып тұр. Төнірек тас қаранды. Жүрер жолды әрең жобалап келеді. Мұның бір үлкен қауыпты "Қыран сайдың" өзегі. "Тауда жауын жауса шілде де қызыл су жүріп етегін бұл өзектің долы мінезін білмейтін балаң неме, жарық, барында ылаждамасы түнге қалса бір пәлеге ұрынады-ау", — деп қансиіл келеді. Түннің қай шамасы екенін де ажыратта қою қыын. Эйтеуір сақтана жылжып, таудың қалың ішіне кіргенін сезеді. Бір кез алдыңғы жақтан сарқыраған жойқын үн жеткен. "Қыран сайға" таянғанын шамалады. Қара жолмен етпеп басып жағаға келсе сайдың

жінішке табаны аласапыран, дәл бір айдаһарлар алысып, арпалысып жатқан тәрізді. Тым таянып келуге денесі түршігіп, қарандыда төңіректі бажайлауға тырысып, біраз тұрды. Бұл кезде жауын саябыrlай бастағандай еді. Арғы биік беткейден әлде не от жылт етіп сөніп, жылт етіп сөнгендей көрінді. Қарандыда талған жанағра көрінген жай елес шығар деп көзін үқалап жіберіп қайта үнілді. Шынында да бір жымысқы майды оттар өшіп жанатын сияқты. Тасқын судың құлақ тұндырган гүрілінің арасынан санасына әлдене жылқының оқырына кісінегенідей бір дыбыс жетті. Кенет: "қасқыр ғой мынау"—деген ой сап еткен:

— Болғанбек, өй, Болғанбек!—деп қалай айқай салғанын өзі де аңғармай қалды. Сол айқайлған бойы аспанға қаратса мылтықты басып-басып жіберген. Әлгі жымысқы оттар табан астында зым-зия жоғалды. Мылтық, дауысының тасыр-тусыр күніренген жаңғырығы басыла бергенде арғы беттен:

— Аға, ағатай... бұл сіз бе,—деген жігіттің дауысы еміс-еміс жетті...

— Ойпырмай-ай, айналайын-ай, амансың ба, әйтеуір,—деді бұл атын тебініп қалып. Астындағы күрең алға қарай лықси беріл тоқтай қалды. Соңда ғана алдында тасқын су жүріп жатқаны мұның есіне қайыра түсті.

Арғы беттен:

— Аманмын, аманмын,—деген әлсіз дауыс тағы жетті.

Бұл енді аттан түсіп, судың жиегіне қарай жүрді. Арғы беттен бері қарай келе жатқан Болғанбектің де қарасы нобайланды. Екеудің сақтықлен басып, ептеп жағалай жүріп, тасыған судың қылталau тұсын тауып, қарама-қарсы келіп жақындасты. Екі аралары бес-он қадам болғанымен айқайлай сөйлеседі. Әбден жауын өтіп қалжыраған Болғанбектің дауысы бәсек. Әзер-әзер естіледі. Жол жүріске ауыр, барып қайтқанынша кеш түсіп кеткен. Қарандыда тасыған сайдан өтейін десе аты жүрмей қойған. Судың беті жаман екен. Әр өзі де жүрексінген. Соңан соң атын қасына байлад, арғы беттегі жартастың күсын панаған көрінеді. Таңың атуын күткен. Әрі аш, әрі жаураған, қалғып кеткен екен, аттың шыңғырган дауыснан ояныпты. Сөйтсе үш қасқыр екеуіне төніп келіп қалған. Тірі жан емес пе. Айқайлап өре түрегеліп, қолына

іліккенді лақтырып, үркіткен. Сонан соң маңайына тас жинап алып, жыртқыштар таянса, атқылап жан сақтап отыр екен. Бірақ беті жаман, бірте-бірте жақындал төніректей бастаған тәрізді. Сол кезде бұл келген.

— Ойпырмай, ағатай-ай, мылтығыңыздың бары қандай жақсы болды. Мына атаңа нөлөттер, тірідей жейтін, тіпті,—дейді жаурап, қалтыраған әрі үрейленген бойы дір-дір етіп. Сөйте тұрганымен қауыптан құтылғандай үнінде қуаныш бар...

— Сөйтіп, бір кезде ініміздей болып кеткен жігіт еді,—дейді Нұрекең әңгімесін сабактап. —Онан кейін де ауылға талай келіп, бірге жүргенбіз. Ауданда екі-үш жылдай істеген соң облысқа қызметке ауысты да, ол жерде көп болмай Мәскеуге окуға түсті. Сонан соң хабарласқан емеспіз. Оқудан кейін басқа облыстарда қызметте жүргенін естітін едім. Мұнда келгеніне де екі жылдай болып қалды ғой.

— Оу, Нұрекең-ау, обкомның бірінші хатшысының өзімен осындай жақындығының бар екен ғой,—деді Қанат әлде қуанғандай, әлде таңданғандай оған күлімдей қарал. —Тіпті, кісіге сездірмейсіз... Біздің облысқа келгелі алдына барған емессіз бе?!

— Жоқ, Енді бір түсіп тұрган шаруаң болмаса, жұмыс жоқ, дәйім жоқ не деп барасың. Ауыл үйдің арасындағы адам емес, үлкен қызметтегі кісі. Жылтындал қайдан босаға күзетіп жүремін. Әрі заманында кіммен кім қызметтес болмайды. Бір кездегі азын-аулақ таныстығын сатып, әлдене сұрап жүрген жандай не аламын дедім... Эрине осы облысқа келгенін естігенде қуандым. Қанша дегенмен көз көрген жігіт. Іскер, әділ, парасатты кісі болыпты деп естімін. Сырттай тілекtesпін. Бағы жансын. Азматтың амандығы жақсы.

Қанат Нұрекеңнің сөзіне риза болып толқып отырып, өзінің жаңағы бір сұрағын ойланбай женилдеу айтып қалғанына іштей қысылды. Сонан соң жуып шайғансыды.

— Жасы үлкен кісісіз, осы аудандағы, облыстағы қарт ардагерлердің бірісіз. Әрі өлгіндей жақын таныстығының болған соң қызметке алғаш келіп жатқанда қайырлы болсын айтып, кіріп шықты ма екен дегенім ғой...

— Эрине, бара қалсам, сен кімсің демесе керек...

Оның үстіне өзін кішіпейіл, кісіге мейірімі бар жан екен деп жүр ғой.

— Жақсы адам,—деді Қанат шын көнілмен. Эр жер-әр жерде кездескен, жиналыстарда көріп жүрген танымына қарай ол да өз көнілінде осындай байламда еді. —Әрі кең көлемдегі басшы сияқты. Нені де болса сабырмен, ақылмен шешетін тәрізді. Ол кісі келгелі бері екі жылдың ішінде-ақ, облыс қадуілгідей көтеріліп қалды десіп жүр ғой.

— Ә, онда солай болғаны. "Халық, айтса қалт айтпайды" деген. Жұрт біледі ғой... Сол кісіге барсам деп жүрмін... Барғанда бір нәрсе сұрамақ, ойым жоқ. Басымда үйім, енді қалған аз фана өміріме жетерлік ішіп-жемім бар, шүкір. Маған енді сіз-біз сыйластықтан басқа еш нәрсенің керегі жоқ. Осы ауылдың жағдайын айтып, соның қамымен барсам ба деймін... Бұл бетінен бері қарамаса мынаның қылышын да айтсам ба деген ойым бар. /Қанат мынау деген Әлмұрза екенін сезіп отыр/. "Өз бөлтіргіне ауыз салған қасқырдай болмайын, қойшы" деуші едім. Осында шектен шығу бар. Бұлай жібере беруге болмас, әсілі...—Нұрекең ойланған қалпы өзімен-өзі сөйлескендегі сезін үзік-үзік айтады. —Әкесі адал момын кісі еді... Шешесі антұрған еді бұл, шіркін-нің... Бала шешеге тартады деген рас-ау осы...

Қанат Нұрекеңнің бұрынғы ауыл шалдарынша сөйлегеніне күлкісі келіп, жымия түсіп, өзін-өзі ұстады.

— Нұреке, ол кісіге барып, жүздесіп, ел жағдайы, ел қамы жайлы әңгімелесем дегеніңізді мен өзім құп көремін. Керек десеңіз қажет нәрсе. Бірақ дәл қазір Әлмұрзара бола кіріп, ол туралы сез етпей-ақ, қоя тұрғаныңыз жөн болар. Ондай үлкен жерге бір-біріміздің кемшілігімізді айтып, реншіпен бармай, онан гөрі осы ауылға пайдалы, өз қолымыз жетпей жүрген, шешімі аудандық маштабтан да әрі тұрған келелі мәселеңдердің бірімен кірсөніші. Не сұрау керегін ақылдастып шешерміз. Олай ете қалсақ, меніңше, Қоңыров жолдас өтінішімізді қайырмауы тиіс. Қолма-қол көмек берері сезсіз. Сөйтіп бір таныстырыңызды пайдаланып қалайық, Ал Әлмұрзамен сіз болып, біз болып, өзіміз сөйлесіп көрміз. Ол ешқайда кетпес.

— Шырағым, ана үш баланың тағдыры ойыншық, емес. Оны мықтап ескер. Ел аман, жүрт тынышта тірі

жетім қалып жүрмесін. "Әйел ақымақ, Әлмұрза тентек" деп қоя салғанмен болмас. Артын ойландар.

— Ол жағын реттеудің қамын жасармын. Әлмұрзамен ашық, әңгіме болар. Өз қатесін өзі түзетуге тиіс. Ал қиястанса — өзіне өкпелесін. Енді күлбілтеленіп, жауырды жаба тоқымаспзы.

Нұрекең мұның шешіміне көңілі толғандаі, келіскең күйде қош айттысып, шығып кеткен. Сонан кейін Қанат шаруаның қаншалықты қыынға тіреліп түрганын, ойна алған шешімді орындаудың қандай ауыртпалығы барын енді түсінгендей дал болып, отырып қалған. Әлмұрза өзін құрбандаққа шалып, бұған ағынан жарылып: "Мені осылай қара басты, бұл істі енді шу шығармай, ушықтырмай реттейік", дей қоя ма. "Жарайды, көріп алдық білгеніңен қалма" деуі кәдік қой. "Жала жапқан біреулердің шашбауын көтеріспі, мені сүріндіргің келген екен. Маган жасаған достығың ғой ол", — деп кінәлауы ықтимал-ау. Не істеу керек, сонда?"

Өзі осы сәт екі оттың ортасындағы жандай қысылып, қинаған қалыпта еді.

Қанат бұл тығырықтан шығудың сан түрлі жолдарын сарапқа сала келе осы бір байламға тоқтаған.

Алдымен Томарбайдың отбасын қалпына келтіру керек. Ол үшін Әлмұрзаны "аяқта жықтай" болмайды. "Қолыңмен істегенді мойныңмен кетер" деген халықтың қагидасты бар. Томарбайға барып: "Ашумен, қызбалықпен артық-артық сөздер айттым, көніліце жинама, кешір, қалқам. Жақсылы, жаманды ағаң еместін бе? Жасы үлкеннің артық ауыс сөзін жақсы іні елемес болар. Өзің мені дүшпан тұтып, жоқтан өзгеге сезіктенгеніңе қырсығып едім. Қалқам, сен ренжитіндегі арамызда еш нәрсе жоқ" — деуі жөн. Сонан кейінгісін үлкен-кіші болып бұлар жайластырады. Мүмкіндігінше отбасының үйімін бұзылмағаны дұрыс. Балалар жыламасын. Осыны бір тыныштаңдырып алған соң қалың жүртшылыққа жарияладай-ақ, партия үйімінің мәжілісін шақырып, соңда Әлмұрза дұрыстап талқыға түседі. Мәймөнкелейтін, жуып-шаяттың жағдай жоқ, таза, принципті әңгіме қозғалуға тиіс. Негізгі сөзді Қанат өзі бастайды. Ешнәрсені буркелемей ойындағысының бәрін түгесіп айтады. Оті жарылып кетсе де бар кемшілігін бетіне басқан жөн. Сейтіл отырган жүрттың таразысына салайық, Мықтал

ескерту жасайық, Алдағы іске сабақ болсын... Ал бұған кішірейгісі, көнгісі, санақсысы келмей шаруаның бетін ширектырса осының бәрін тізіп, аудандық партия комитетінің алдына мәселе қояды. Тіпті онан әріге баруға да дайын. Қалайда тиісті нәтиже жасайды. Ендігі жасырып, бүгүі ымыраштырған, керек десе, қылмысқа саяды. Көріп, біліп отырып жолсыздыққа төзе беру қылмыс емей немене?!

Осы қорытындыға тіреліп, бүкпесіз ашық, әңгімелесуге бел буған ол Әлмұрзаны шақырып алмақта телефонның құлағын көтере берді. Жайшылықта шаруашылық мәселесінің төңірегіндегі әңгіменің қай-қайсын да директордың қабинетінде отырып шешетін. Совхоздың бірінші басшысы сол ғой деп көбіне бұл кіслік сақтамай-ақ, басқа да ұсақ-түйек ақылдасатын істер болса оның алдына өзі келіп жүретін. Бұл жолы директордың телефон нөмірін терді де:

—Әлмұрза, саламат па? Өзіңдесің бе? Ешқайда кетейін деп отырған жоқсың ба? Онда қазір маған келші, әңгіме бар еді,—деді салмақты ұнмен. Сонан соң телефонның құлағын орнына қойып, нығырлай ұстаған күйі есікке қарап қас қақпай сірескен бойы қымылсыз отырып қалды.

Өңінде сұс бар еді.

ҚАРАТАУДЫҢ САМАЛЫ

Гүлнэр жаңа ғана жұмыстан оралып, шешініп, кешкі ас қамына енді кірісе берген. Сыртқы есіктің қоңырауы сыңғыр ете түсті. Қолын алжапқышқа сұрткілеген бойы келіп есік ашса енесі мен кенжесі Бақытжан екен. Екеуінің қолында тырсыған екі жүк қалта. Ыстықтан күренітіп, барт болып кетіпті. Мәреге жаңа келіп жеткен аттай танаулап ентігіп тұр. Гүлнэр енесінің қолындағы қалтаны алып, ішке кіргізді. Екеуінің мына қалпына қарап күлді.

Айша ентігін баспаққа дәліздің орта кезіндегі жұмсақ, орындыққа отыра берген. "Тұ-у, құдайдың күні күйіп кетті рой. Тұс қайта тіпті ысыды. Автобуста да кісі көп екен... Әрең жеттік қой", — деп өзімен-өзі сөйлескендей қүнкілдең, терін сұртіп желпіне бастаған.

—Апа-ау, неғып алаөкпе болып жүрсіз? Той жасайсыз ба? Бұл не дайындық?

—Той жасаса несі бар екен,—деді бет орамалымен самай, маңдай тұстарын ыскылай түсіп. —Бақытжан екеумізге әкесінің әр келгені бір той, солай емес пе?. — Жүк қалтасын ас үйге апарып тастап, өздерінің бөлмесіне қарай өтіп бара жатқан он жасар немересіне мейірлене қарап қойды. —О, құлымын. Пошымыңдан айналайын, папасының аузынан түсіп қалғандай болып тұрган. Папасы да келіп қалатын шығар енді.

Бақытжанның танауы көтеріліп кетті. Шешесіне қуақыланып, маңыздана қарап қояды.

—Ой, апам да осы жаман баласын әлдеқаңдай ғып. —Гүлнэр күліп ас үйге қарай кетті.

— Әдірекал,—деді Айша оның соңынан зілсіз дауыстап. — Әй, ана минералды суыңдан стақанға құйып әкеп берші онан да.

Суды ішіп алған соң шекесінен мұздай тери бүрк, ете түсіп:

— “Шүкір, мұныңа шүкір”, — деді.

Айшаның жалғыз ұлы оқу бітіргелі осы үлкен қалада қызмет істейтін. Біраз жыл бұрын жоғары жақ шақырып алғып, “Қаратаудан кен іздейтін көп кісіге бастық болып барасың” деп үйғарыпты. Дәрмен енді көбіне сол жақта-тұғын. Үйіне қатынасып қана тұратын. Үй іші, бала-шағасы оның әр келуін асыға, сағына күтетін.

Дәрмен жақында телефонмен сөйлескенде осы шамаға барып қалармын деген-ді. Кешелі бері басы Айша болып үйдегілер әне келіп қалады, міні келіп қаладымен елеңдей күтүде еді. Сол сөйлескенде “өзін басқа жұмысқа жоғарылатқалы жатыр” деп те айтқан еken әйеліне. “Сол шаруашылығына қарайладап кешигүде ме еken—деп ойлаган Айша. — Амандық болса келіп қалар. Дүкеннен, базардан дастарқанға оны-мұны алғып қояйыншы”, — деп кешелі бері Бақытжанды ертіп қайта-қайта базаршылап жүрген. Үлкен екі немересі — Айжан мен Бақтияр ержетіп қалды. Өз тіршіліктерінен артылмайды. Соңан соң оларды әурелемейді. Дүкенге екі-үш рет қатынап, су-суан тасып мұздатқышты толтырып қойған. Қекөніс, түрлі жеміс-жиidек те кетеріп келген. Қазір тағы да “тәуір несі бар” еken деп көк базарға барып қайтқан беті.

Демін алғып, шайын ішкен соң Айша терезесі аула жақтағы өзі жататын бөлмеден далага қараса биік қара таңдың түбіндегі орындыққа үш-төрт кемпір жиналып қалған еken. Осы аулада тұратын таныс кемпірлер. Күн қайтқан соң көлеңкеге отырып әңгіме дүкенін құруға шыққан беттері.

— Тамағың піскенше мен кемпірлердің жанына барып қайтайын, — деді келініне.

Әңгіменің қызығымен кеш түсіп кеткенін де аңғармай қалған еken.

— Апа, папам келді! Папам келді! — деген Бақытжан-ның қуанышты дауысын естігенде ғана төңірекке зер салды.

— Қашан келді? — деп қабалақтап орнынан тұра берді.

— Қазір. Жаңа кірді үйге.

— Жүр. Жүре ғой... Ал көріскеңше күн жақсы болсын, әй кемпірлер, — деді серіктеріне.

— Жақсы, жақсы. Бар. Балаңның әкелгенінен ертең ауыз тигізерсін, — деп жамырасты кемпірлер.

— Жарайды. Жарайды. Ол тұрыпты ғой,—дейді Айша қошуақ, көңілмен кетіп бара жатып.

Үй іші мәре-сәре. Балалар дастарқан жайып, қапылып қалды. Бәрінің аузында дамыл жок, бірі сұрап, бірі жауап беріп әңгімeden босамайды. Айша ашық-жарқын құліп келіп сәлемдескен баласының қолын қысып:

— Айналайын,—деп мандайынан иіскеді. Денсаулығын, шаруа жайын сұрастырды. Ас үстіндегі әңгіме кезінде Дәрмен:

— Тәте, туған жеріңізді сағынған жоқсыз ба? Барып көргіңіз келе ме? — деп сұрады.

— Е-е, шырағым туған жерін арқалап жүрген кім бар дейсің! Қайда да бас аман болсын де. Қазір кісіге жердің бөтөндігі болмай кетті ғой!

— Тәтем дегендер нағыз жаңа заманның адамы,—деп күлді Дәрмен.

— Осы сендердің жұмыс істейтін жерлерің тұра сол "Көктастың" асуының өзінде ме?

— Тұра сонда, тәте—Қала асуудың етегіндегі жазықта салынып жатыр.

— Асуудағы біздің үйдің жүртү әлі бар ма екен?

— Жок, тәте. Асууды кеңейтіп асфальт төсеген. Соның астында қалған сияқты. Ал бірақ үйдің алдындағы беткейде жалғыз мола болушы еді ғой. — Айшаның жүрөгі зырқ, етіп, қаны басына шашығандай құлағы шынылдал қоя берді. Не істерін білмей төмен қарап бүтежектеп, дастарқаның шетін қайырмалай берді. Бірақ абырой болғанда Дәрмен де, үйдегі басқалар да оның бүл қүйін аңғармағандай. — Сол әлі тұр. Басына бір тұп тал өскен.

— Ой, тәңір, десе,—деді Айша сол төмен қараған бойы. Оны неге айтқанына өзі де мән бермей.

— Тәте, сонда көшіп баратын болып отырмыз.

— Қайда?—Айша баласына ұйқыдан оянғандай таңдана қарады.

— Көктас қаласына.

— Е-е, неге? Мұндағы үй-жай, бала-шага...

— Бәріміз де барамыз.

— Мына үйді қайтесің?

— Үй қазынанікі ғой, тәте-ау, өзіне өткіземіз. Ол жақтан осындау үй береді.

Дәрмен енді мән-жайды түсіндірді. Оны өзі қызмет істеп жүрген жаңа қалаға бастық етіп жоғарылатыпты. Енді қалайда сонда көшіп баруға тиіс көрінеді.

— Келіннің қызметін қайтесің?

— Ол жақтан да қызмет табылады. Жаңа қаланың өзінде осындағы тау-кен институтының филиалы ашылып жатыр. Соған да оқытушы керек,—деп күлді Дәрмен. Бәрін ойластырып шешіп қойған тәрізді. Не айтсын.

— Құтты болсын онда,—деді, —Өздерің дұрыс деп тапсандар, маған бәрі бір.

— Сессия кезі ғой, Гүлнэр жұмысын бітіріп, есебін алсын. Үйді сонан соң көшірерміз. Ал өзірге сіз, Бақытжан үшеуміз барып тұра берейік.

Жолға шығатын болғанына қуанып, Бақытжан секіріп жүр.

— Қашан жүреміз онда,—деді Айша келіскең ыңғайда.

— Осында екі-үш күндік шаруам бар, соны бітірген соң поезға мінеміз.

Үйдегілер бүтін кештете жатқан. Айша бөлмесіне кіріп шешініп, кереуетінің бас жағындағы тетікті шырт етікізіп, жарықты сөндірген бойда тәнірекке тым-тырыс қараңғылық орнай қалды. Көшедегі шамдар да өшкен. Үйқыдағы қала түн астында тыныстап жатқандай тыптыныш. Тек анда —санда осы өлі тыныштықты тілгілеп, көше бойымен зу етіп өте шыққан некен-саяқ машинаның дыбысы естіледі. Үй тұсынан аңы дауыс азынай түсіп, созылып барып, тына қалады. Сонан соң қайтадан тылсым тыныштық орнайды. Жанындағы Бақытжан үстіндегі женіл жамылғыны аяғымен төменге серпіп тастап, тыр-жалаңаш күйі, бір қалыпта пыс-пыс дем алып үйықтап жатыр.

Айшадан үйқы қашқан. Мына тосын жаңалық оған қатты әсер етті. Ішкі дүниесі тұған топыраққа баруға ықтияр болып түрғанымен көнілінде қобалжу да жоқ, емес. Ойы сан-саққа жүтіріп, көпке дейін көзі ілінбеді. Есіне сол бір күндердің елесі оралып кетпей қойды. Жадында қайта жаңғырған әлгі елестердің жетегінде жатыр “о, тәнір” деп курсінди.

Мұсат шалда перзент дегеннен жалғыз ғана осы Айша еді. Шал мен кемпір ортасындағы бір қызды бетінен қақпай еркебұландау өсірді. Айшаның әбден бойжетіп, сабағынан үзілгелі тұрган алмадай толысып піскен шағы.

Бұлар Қаратаудың жонындағы бір қиялы асуда жалғыз үй отыратын. Мұсат шал шаруасы шағын колхоздың қырық-елудей күйек қошқарын бағып қысы-жазы осы қыстауда мекендейтін. Қыстаудың жанына жаз таудан шабылған шөп жиналады. Осындағы төрт-бес маяның қарауылдық міндеті де әкесінің мойнында. Күзге салым бірер ай, күйекке салуға, отар-отарға таратып алып кеткенде болмаса, басқа уақытта қошқарлар осы қыстауда бағылады. Шалға жетерлік машақаты бар шаруа бұл.

Жазды күні тауға, жайлауға шыққан малышылар осы маңайды төңіректеп отырады да күз, күйек өте, ылдига түсіп кетеді. Сонан соң қыс бойы бұлар қар жамылған тау асуын жалғыз қыстап шығады. Шал мен кемпірдің бұл тірлікке әбден еті үйреніп кеткен. Еш нәрсемен алаңы жоқ, Жалғызырап, елегізіп, тыптырыштын Айша ғана. Жаз мезгілінде үйі келім-кетім кісісіз болмайды. Ал қысқа қарай кісі аяғы сирек. Осыдан түстік жерде таудың ішінде қысы-жазы жұмыс істейтін кен-барлау партиясы бар. Сонан аудан орталығына қатынасқан бірен-саран аттылы, арбалы кіслер, азық-түлік, басқа түрлі жүк артқан адамдар ара-тұра жол бойындағы бұлардың үйіне соғып өтіп жататын. Осындай жүргіншілер болмаса қыс мезгілінде асудағы жалғыз үйге арнайы келетін ешкім жоқ. Олардың бұл жаққа келгіштеп жүргеніне біраз жыл болған. Алғашқы кезде ешкім назар аударып, "неғып жүрген жандар" демейтін. "Тау зерттегені несі, жұмыстың да неше түрі бар екен-ау" дейтін енді біреулер таңқалып. Кейінгі кезде олардың әңгімесі дабырлап естіле бастаған.

- Сол жерден шахта ашатын болыпты.
- Қала салады екен. Теміржол келтіреді дейді.
- Қазірдің өзінде салып жатқан құрылышы керемет.
- Өзінің дүкендерінде жоқ зат жоқ,—десіп әрлі-берлі өткен ауыл адамдарының сөзі сол болатын.
- Айша, өсіресе, "дүкенінде неше түрлі зат тұрады екен" деген әңгімеге көбірек елендейтін.

— Көкем алып барсыншы,— деп қыңқылдаپ қоймаған соң бірде шешесі:

— Шал-ау, қошқарды ауыл төңірегіне мен-ақ айналдыра тұрармын. Айшажанды ертіп әлгі үлкен дүкенге барып, қант-шай алып келсөндерші. Ержеткен балаға ылайық тәуір киім-кешегі болса қарапсындар,— деген.

Шалы екі ойлы күйде, құлықсыздау:

— Бір күнде барып қайта алар ма екенбіз, едәуір жер-ау, өзі,— деді.

Кемпірі бармасына қоймас ыңғай білдіре сөйледі:

— Күн шықпай кетсөндер қайтып үлгересіндер ғой. Жаздың күні ұзақ емес пе. Айшажан да бой жазып, қыдышып қайтсын. Бала болып ешқайда шығып жатқан жок. Жалғыздан жалғыз зерігеді. Осы бір жалғыз моладан басқа барап жері де жок.

— Тек, олай деме. Е-е, тілі күйгір. —Шал кемпіріне зекіп тастады. Бірақ жол жүруден бас тартқан ыңғай танытпады. —Айшажанның өзі барғысы келе ме екен?

— Барамын, көке,—деді екеуінің әңгімесін үнсіз тыңдал, бұрышта отырган қызы іле жауап беріп.

— Жарайды онда, бүтін ерте жат. Азанда жүреміз. Кемпір сен жолға оны-мұныңды даярлап қой.

— Өзіңнен артылып жатса мына әкең екеумізге көйлекке, ішкімге ылайық матасы болса байқарсың,— деді шешесі Айшара қарап. —Май шамның білтесін ұмытпаши. Сонан соң майда шаш тарақ болса көрерсің...

Шешесі төсек жайлай жүріп оқтын-оқтын ойға түскен тапсырмаларын айтып қояды. Айша ертеңгі жолға әзірленіп, шашын жуып, тарарап, әбдіреден бір киер көйлегін шығарып, қырыс-тырысын жазып, төрдің алдына іліп әлек болуда.

Таңертек мұны шешесі таң алажеуімнен оятты.

— Айшажан тұрған ба? Ал кемпір шайыңды жаса,— деді, атын ерттеп болып үйге кірген әкесі. Аялдамай тезірек жүріп кетейік.

Мұсат шал сонан соң кемпіріне ауылдағы шаруаны тәптіштей тапсырды. Қайта-қайта ықтияттап қоймаған соң, кемпірі бүркө ете қалды:

— Ой, сорлы-ай, езбелей беретінің не? Мен бір

жақтан келіппін бе осы үйдің не шаруасы барын білмейтін. Тақақтап қоймай қойдың фой. Мұның әдеті қит етіп ауылдан шығатын болса артын жау шабатындаі көреді де отырады.

Шайпаулау кемпірінің бұдан әрі шамына тиіп алмайын дегендегі Мұсат оның сөзін зіл санамай, жайдары жүзбен кеңк-кеңк күлді.

— Эй, шаруаның ыңғайын айтқаннан басқа не дедім саған. Сонша шала бүліндің. Нагашың көк езу еді, кісіге тап-тап беріп отыратын. Құдая-құдуәнда, соған қайдан тартқаныңды.

Кемпір шалының әзілін шынға жорығандай шытыйнай сөйледі.

— Сенің жауыңың басы менің төркіндерім еді фой, қашаннан. Әлдеқашан сүйегі қурап қалған нағашыма тиістің бе енді.

— Жә, жә. Жоқ, жерден ілік іздеп отырасың-ау. Шайыңды қүй онанда,—деді шалы құлкісін жиып.

Әкесі мен шешесі кейде өстіп қағысып қалғанда араласа кететін әдетімен Айша:

— Қойсандаршы енді,—деді бұйыра сөйлеп. — Жол жүрейін деп отырғанда бұл не?

Осымен әңгіме тамам болды, үшеуі үн-тұңсіз отырып шайларын ішті. Сонан соң бәрі сыртқа шықты. Тап үй іргесіндеңі қалың жынысты сайда күні-түні кісенмен жайылып жүретін мес қарын торы ат ерттеулі күйі қазықта байлаулы түр екен. Әкесі шешіп әкеліп:

— Ал, балам, мін,—деді.

Бұл ерге жайғасқан соң торы аттың сауырына көрпеше салып, мінгесіп, әкесі де атқа қонды. Тізгінді Айша алып әкесі ердің қасынан қос қолдан ұстаған. Ауылдан ұзағанша Мұсат артына бұрылып кемпіріне айқайлаумен болды.

— Ал, Мөңкіш-ау, ықтият бол енді. Біз де жол болса ерте қайтуға тырысармыз. Малдан көз жазып қала көрме, әйттеур. Жазыққа қарай жаярсың...

— Ой, көке, құлагымды жеп қойдыңыз-ау. Айттыңыз фой енді. Несіне қайталай бересіз,—дейді Айша зілсіз ашуланып.

Әкесі мұның бетін қайтармайтын әдетімен жуас, сабырлы қалыпта өз тіршілігіне актала сөйледі:

— Ей балам, сақтықта қорлық жок. Жалғаннның жазымынан сақтасын де. Жаман айтпай жақсы жок, мына малдың бірін ит-құс тартып, жазымдаш кетсе немесе ұры-қары біреуге қолды болып кетсе не бетімізді айтамыз. Тап масқара болғанымыз фой. Колхоздың сиырдай қошқарын қайдан тауып төлейсің. Бір қой түгілі бір пүт бидай үшін сотталасың. Мен еріккенімен зарқақсайды дейсің бе.

Мұсаттың үйі отырған “Көктас” асуы таудың ең бір шөбі шүйгін, шұрайлы тұсы саналатын. Сай жыраларында жабайы тал, тобылғысы мол. Өспейтін шөп жок, Жазды күні жабайы алма, қаракат, бұлдіргені төгіліп жататын бұл тәңіректің ең алдымен елдің аузының суы құри әңгіме ететіні — шиесі. Үлкендердің бармақ, басында, уылжып піскен қан қызыл шие жыра біткеннің өн бойында тұнып тұратын. Бұл жердің шиесінің дәмі де өзгеше, уыстап теріп аузыңа сала бересің тек. Таудың қыста бораны аздау, тыныш, жазда самалы ерекше салқын тұстарының бірі осы жер. Асуды бойлап шағын өзен ағады. Өзенге әр жер әр жерден тас астынан көз тауып атқылап жатқан мөлдір бұлақтар келіп құяды. Бұл бұлақтарды бастау тәңірегіндегі тастардың түр-түсіне қарай жүргт “Ақ бұлақ”, “Қара бұлақ”, “Сары бұлақ” атап кеткен. Осы тас бұлақтардың қай-қайсысының да суы балдай, мәп-мөлдір. Ішсөң қыста тіс қаритын зәрі жок жылы, жазда шекенден өткендей мұп-мұздай болып жатады.

Өзенге, бұлақтарға арқарлар құлап келіп су ішіп, қаптай өріп, қайтып жатады. Таудың бұл ерке тағысы осы тәңіректе көп-ак, Суға жабылып шыққаннан кейін тасты қия беткейде сатүр-сұтыр өрлең бара жатып, еріккенде бой жазып ойнағандай, тарс-тұрс сүзісетіндерін қайтерсің. Тастан-тасқа ырғығанда соңдарынан тұяқ, астарынан домалаған қырышықтар сонау сай табанына дейін жарыса бөрлігіп, көшкін жүргендей бір сарын естіліп тұратын.

Асудағы қыстаудың қарсы алдындағы қия беткейде көккө найзадай шанышылған, құз-жартасты, тіп-тік, биік шоқы бар еді. Таудың бұл тәңіректегі ең биік тұсы осы. Суға жабылып шыққан арқарлар міндетті түрде әлгі шоқыға қарай өрмелер еді. Биіктің қып-қызыл жартасты үшар басына шығып алған соң қатар-қатар тұрып алып,

мүйіздері қайқайып, танауды көкке беріп маңқайып, кейде сұт пісірім, кейде шайқайнатым қыбырсыз тұратындары бар. Соңан соң кенет ойларына бір нәрсе түскеңдегі шұғыл қымылға еніп, биікті тасалай бере, лезде көзден ғайып болады. Кейде тұн ішінде ай астындағы биіктің үстіне, сатыр-сұтыр дүрліге, жарақты қолдай самсап шыға келіп, тап бір осы ауылды күзетке алғандай қасқайып-қасқайып тұратындары бар. Біраз тұрып-тұрып, кенет тұнді басына көтере жөңкіле жөнеледі. Тасыр-тұсыр шапқан түяқтың дыбысы көпке дейін тау ішінде жаңғырып барып үзілетін.

Күн ұясынан жаңа ғана шығып келеді екен. Қатпар-қатпар тау жондарының арғы жағында жалындал жатқан алқызыл шапақтың алғашқы арайы алдымен ауыл алдындағы биікті аймалауда. Шоқының тәбесіндегі биік жартастардың үшар басы өрт шалғандай шоқтанып, тәменгі тұстары көлеңке тартып қарауытып жатыр. Осынау күн мен тұн егескендей екі дүниенің аралық суретін әрлей түсейін, айбарланыра түсейін дегендегі табиғат тағы бір тосын бояу тауып қосыпты. Тәбесі алаулап бергі беткейлерін қорғасындау ауыр көлеңкелер жайланаң биік жартастың үстінде күн шығысқа қасқая қарал, міз бақпай қалған арқардың жалғыз құлжасы тұр. Сексеуілдің дініндей шор-шор буылтық, айқара құлаш қос мүйізі жалындал, сауырында құбылып сәуле ойнайды. Айша мына керемет сұлу көріністен көз алмай қызыға қарады.

— Көке, ана жалғыз арқарды қаранызшы.

— Үйірі арғы астыртта жатқан шығар. Құлжасы ғой. Ой, жарықтықтың тұрысын. Қасиетті нәрсе-ау өзі.

Кен іздеушілердің ауылына баратын қара жол асудан асқан соң тау жонының жалпақ, жазық, үстіртімен жүреді де отырады екен. Жон үстінің оты шүйгін. Курай, шайыр, түйе жапырақ аралас жусанды, бетегелі жазығы бітік өскен ақселеуден ұшы-қыры жоқ, теңіз айдынындау жарқырап толқып жатыр. Осы күміс даламен ет пісірімдей уақыт жүріп барғанда алдан, жер астынан оқыс шыға келгендей, жартасты, құз-қиялды биік тау шоғыры көлденендең тұра қалады. Жер бедері, тұр-тұсі тұп-тура асудағы үй алдындағы биіктен айнымайтын тіркес-тіркес тау шоқырларының бергі

етегіндегі алаңқай ойпауыт жазықта елді мекеннің жобасы қарауытады.

— Э, балам, міне келіп те қалдық,—деді әкесі. — Ойпырмай, өзіне қыруар жай салып тастапты-ау. Тоба, ит арқасы қияндағы тау ішіне де қала тұрғызып жіберген, ә.

— Көке, бұл жерде бұрын ауыл жоқ па еді?

— Неғылған ауыл, балам. Жан аяғы баспайтын жер фой. Ертеде осыдан біраз жыл бұрын, колхоздың қоныстануын тұрғызып ел жаппай үй салуға кіріскеңде осы жерден келіп ағаш қырыққанымыз бар еді. Жыраҗырасында едәуір ағаш өсетін. Сонан кейін келіп тұрғаным.

— Сонау қоныстануға осы жерден ағаш тасыдыңыздар ма?

— Енді қайтесің, балам. Үй төбесіне жарайтындағы ағаш тек осы маңайдан ғана шығады. Басқа жерлердің майда, кәдеге аспайды. Арбаға артып, өгізбен сүйретіп, әйтеуір, итшілеп тасып жеткіzetінбіз. Сөйтіп жүріп салдық, қой ана қоныстануды.

Ауылға таяп келген соң Айша тізгінді әкесіне беріп, аттан түсіп, жаяу қатарласа журді. Екі жағына қатар-қатар барак үйлер салынған түп-түзу шолак, жалғыз көшемен келіп әкесі дәуде болса дүкені осы шығар дегендей орта шеніндегі еңселілеу ақ үйдің алдына тоқтады. Қатар тұрған абажадай-абажадай екі есігі бар екен.

— Айшажан, мына маңдайшасындағы жазу не дейді, дүкені осы емес пе екен? Өзінің екі жерінде жазуы тұр фой,—деді аттың үстінен оқи қоятындағы, әлгі жазуларға қарай итіне түсіп. Айша төрт бұрышты қек сырлы темірге ақ бояумен бадырайта жазылған жапсырманың екеуіне де көз жүгіртіп шықты. Бір жағында “магазин”, бір жағында “контора” деп жазылған.

— Көке, бір жағы магазин, бір жағы кеңесі екен.

— Э, бәрі осында болды рой,—деп әкесі торыдан түсे бастады. Ат байлауға қолайлы не бар екен деп жан-жағына алаңдал еді көзіне ылайық ештеңе іліне қоймады. Сонан соң шылбырын ұзынырақ етіп сыртқы есіктің үлкен шойын тұтқасына күрмел байллады да:

— Жүр, балам,—деп ішке кірді.

Төрт қабыргасы бірдей сіресіп тұрған бөлменің іші қара көлеңкелеу. Даладан кірген бойда Айша ә дегенде іште кісі бар-жоғын пайымдай алмаған. Қездің жауын алып, қат-қат жиналған дүниелерге ашқарақтана қарай берді. Бұлардың ауылында мынаңдай әңгіме бар-тын. Батыр дейтін малшы шал жиналысқа шақыртылып бір топ кісімен алыс тұратын аудан орталығына жолы түседі. Шаруалары бітіп, енді үйге қайтар бойда біреулер бала-шағаларына керек зат ала кетпек болып аудан орталығындағы магазинге соғады. Бұрын мұндан дүкенді көрмеген Батыр таң қалып, қалтасында көк тиіні болмаса да: "Шіркін-ай, мынаның бәрі керек зат екен-ау" деп магазиннің ішін айналып шықпай қойыпты, десетін.

— Эй, қайран аңқаулық-ай, әйтпесе дүкенде кісіге керегі жоқ зат тұра ма екен,—деп қатарлары әжуалайтын.

Сол әңгіме ойына оралып, Айша өзіне өзі іштей күліп, бойын жиып ала қойды. Жаңағыдай емес, қара көлеңкеге көзі үйреніп төңірегіне байыппен зер салды. Дүкеннің аяқ-табақ, ас-ауқат жиналған бұрышы жағынан ағаш кенереге асылып екі кісі бұралға аңтарыла қарап қалыпты.

— Оу, қария, қайдан жұрсіз, ассалаумағалейкүм,— деді тұрған екеуінің бірі, жылмандаған жастау жігіт.

— Әликумсалам, бұл қай баласың?—деп әкесі өзін билетін біреудің кездескеніне мәз болғандай қауқалақташ қалды.

— Қария, есінізде жоқ шығармын. Әрлі-берлі өтіл жүріп үйінізден шай ішкенім бар еді.

— Ә, солай ма. Біздің үй "Көктастың" асуы деген жерде отырады. Бәсе жүзінді шырамытамын. Қайдан көрген бала десем.

— Иә, жол болсын, ақсақал.

— Әлей болсын, шырағым. Кемпір қант-шай таусылды деген соң... Әрі мына балама ылайық, киім-кешек бола ма деп. Шаруаның адамымыз, ешқайды шыға бермейміз. Бүтін сол әдейі арнап келгенім.

— Дұрыс, дұрыс, ақсақал. Ал керегінізді қараңыз. Қалағаныңызды береді мына жігіт. Дүкеннің иесі осы жігіт,—деп қасындағы серігіне қарады. Сонан соң оған:

— Женя,—деп әлдене орысшалап сөйлеп еді, анау мен дайын дегендей құрақ, ұшып, басын изеді.

Айша бұл жігітті алғаш көргенде-ақ таныған. Бұрын екі рет көргені бар... Бірінде атты арбамен ауданға бара жатып үйлеріне соғып шай ішкен. Жөн сұраған әкесіне "осы таудың ішіндегі кен іздеушілерге керек-жарақ заттарын, ас-ауқатын тасып беріп тұратын "экспедитормын". Анда-санда ауданға барып есеп өткізіп тұрамыз. Бұл соған бара жатқан бетім еді"—деген.

Жас та болса талайды көріп ысылған кексе жігіт балаша лыпылдаған елгезек мінезімен іші-бауырға кіріп, кісіні өзіне икемдеп алуға ыңғайы бар жан тәрізді. Өзі әңгімешіл. Қысылып, тартыншақтағанына қарамай Айшаны да қайта-қайта сөзге шақырып болмай қойған. Әкесімен, тіпті, ескі таныстарындей-ақ, сөзі жарасып кеткен.

— Ныспым Қыдырбек дедің бе, шырағым. Қыдырбек, сендерде иленген қайыс бола ма?—деген әкесі. —Узенгі бау, тартпаға жарайтын. Жүген өруге келетін.

— Бар ғой, ақсақал. Неше түрі бар.

— Ер-тоқым да бола ма?

— Сұрасаңыз тауып береміз ғой, қария.

— Япырай бір барып қайтатын екен-ау өзіңе,—деп ынтаzar болды әкесі.

Екеуі біраз тәжікелескен. Қайта-қайта Айшага сұқтана бергенінен секем алды да кемпір оған ұнатпаған қабак білдірген.

Қыдырбек сол сапар қайтар жолында да соғып өткен. Есік алдындағы сайдың беткейінде шие теріп жүрген бұл жолдан шығып үйге қарай бұрылған арбалы жалғыз кісіні сонадайdan көрген бойда-ақ таныды. Қызды байқап қалған ол да үйге таянып қалған жерінен атының басын бері бүрді. Сайдың ернеуіне келіп, атын арбаға қаңтарып, өзі жерге түсті. Сонаң соң тік құлама беткейден бұта-бұтанаң басынан ұстап, дік-дік аттап сайдың табанына қарай бет алды. Айша қарсы беткейде жүрген. "Мұнысы несі, қайда келеді?"—деген күдікпен онан көз алмай қарап қалды. Бұл жерден ауыл анық, көрінеді. "Әу" десе дауыс та жетеді. Жігіт сай табанына түскен соң:

— Қарындаңас, амансың ба? Бұл қайда келеді деп менен үркіп тұрсың ғой деймін. Қорықпай-ақ, қойыңыз. Танымайтын бөтен біреу емеспін ғой,—деп күлді.

Шынында да жігіттің жүзінен бөтен ойдың белгісі байқалмайды. Ақжарқын күйде қалтқысыз сөйлеп тұрғандай. — Ұзақ жол зерігіп кетесің. Ермекке біраз шие теріп алайын деп едім. Осы сайдың шиесі керемет деуші еді.

Кыздың көңілі орнына түсейін деді.

— Іңдеріңіз жоқ, қой.

— Мынаны толтырып алсан да біраз ермек болар. — Жігіт басындағы қалпағын шешіп қолына алды. — Қай тұстың шиесі көбірек?

— Қарасаңыз өзіңіз де көресіз ғой.

— Сіз, мен білсем, әлі маған сенбей тұrsыз, — деді жігіт күле сөйлеп, бұл жақ беткейге қарай таяна түсіп. Айша оның жақындағанын шек көрмейтін тәрізді. Сөйткенімен көңілінде түсініксіз бір қауіп те жоқ емес. Осындаі екі ұдай күйде сілейіп тұрған қызға жігіт аса таянбай келіп тоқтап, қалың бір топ тобылғының басында бырдай көз тұндырған қып-қызыл шиені асықпай тере бастады.

— Қарындаңас, мына иен таудың ішінде жалғыздан-жалғыз зерікпейсіз бе?

Жігіттің сөзі іштегі қысаның шиқанды жерін сипап өткенімен қыз сыр бермеуге тырысты.

— Жалғыздыққа үйреніп кеткенбіз.

— Дегенімен, қыын ғой, сізді аяймын.

— Неге аяйсыз. Әке-шешем қасымда. Өз үйімдемін.

— Қыз күліп әңгіменің басын басқа жаққа бұрды. — Ағай, сіздердің тұрған жерлеріңіз осыдан қашық па? Ел көп пе онда?

— Онша қашық емес. Аттылы кісіге екі-үш сағаттық жол. Неге қыдырып келмейсіз. Қарсы аламыз. Бізде ойын-сауық, болып тұрады, көресіз, — деді жігіт шын көңілмен шақырып.

— Ой, танымайтын жер, жалғыз өзім. Және онда мені кім жібермек.

— Мені танисыз ғой. Жалғыз екен деп сізді ешкім жемейді, уайымдамаңыз.

— Сізді қалай танимын?

— Көріп тұrsыз ғой, міне.

— Ол аз.

— Көп болу үшін не істеу керек?

Айша жігіттің сөзіне күлді.

— Қайдам?

Екеуі осылай әңгімелесіп, қатарласа шие теріп біраз жүрді. Қыз енді қасына таянған жігіттен үркектегенін қойып, қайта уысына толтырып-толтырып алып оның қалпағына шие салысты. Әңгімемен жүріп байқамай төменгі табанға түсіп кеткен екен, қатар келе жатқан жігіт білегінен шап беріп ұстай алғанда қыз оқыс шошып кетті. Жан-жағына көмек іздегендей алақтай қараса екеуі сайдың тереңінде тұр. Жан-жағы құлама құз беткей. Төбеде аядай аспан ғана көрінеді. Қыз қорыққанынан дір-дір етіп:

— Ағатай, қоя беріңізші,—деп жылап жіберді.

— Қарындас, сонша шошығаныңыз не? Мені кісі жейді дейсіз бе? Сізben қалжындаған ойнауға болмай ма? Тау киіктей тағы екенсіз өзініз, қорықпаңыз тимеймін,—деді ол әрі әзіл, әрі наз араластыра сөйлеп. Үні орнықты, жайбарақат тәрізді.

Қыз сәл сабырға келіп жігіттің жүзіне назар салып еді, көзінде жылт-жылт ойнаған беймаза от бар екен. Қөніліне қайтадан құдік кіріп.

— Жіберіңізші,—деп тартынды. Жігіттің қарынан қыса ұстаган қолы білегін шоқша қарып қүйдіріп бара жатқандай.

— Сәл тұра тұрыңызың енді,—дейді анау сол босатпаған қүйі.

— Апам, іздең қалады, жіберіңізші,—деп жалынды бұл.

— Қарындас, сіз маған ұнайсыз. Мен басым бос, әлі үйленбеген жігітпін. Маған тұрмысқа шығуға келісесіз бе?

Бар есіл-дерпті тап қазір мынадан босану ғана болып тұрған қыздың оның сөзіне мән беріп, ойланарлық мұршасы жок,

— Құдай үшін жіберіңізші,—деп жұлқынады.

Жігіт майлы шектей айналдырып айырылмайды.

— Қалада үйім бар. Мұнда әшейін екі-үш жылға, қаражат жинал алу үшін келгенмін. Маған тұрмысқа шықсан қалаға алып кетемін. Мұнда не бар саған. Керек десең әке-шешенді де көшіріп алуға болады. Неге үндемейсің? Жауабынды айтсайшы?

— Қайдам, білмеймін. Жіберіңізші!
— Уәденізді алмай босатпаймын.
— Басқа бір күні сөйлесейікші, қазір қоя беріңізші,
ағатай.

— Қазір неге сөйлеспейміз?

Өмірінде бірақ рет көрген жігіттің осыншама жабысуын неге жорырын білмей Айша аң-таң. "Өлермен бе, ала аяқ па, әлде бары осы ма, жазғанның. Шыны ма екен? Не де болса қазір қоя берсе екен. Бұдан артық бойыма жақындастпайын. Қалай ғана байқамай қалдым. Айқай саламын деп қорқытайын. Мына жерден дауыс та жетпейді рой. Құдай-ай, не істейін..."

— Қазір неге сөйлеспейміз? Осы қазір несі бар? Екеуден-екеуміз. Ешкім кедергі жасап жатқан жок, Біз жұмыстағы адамбыз. Қайта-қайта жол түсे бермейді. — Жігіт бұған қарай таянып икемделе берді. Бұл шегіншектеп, тартынып, шыр-шыр етеді.

— Таянбаңыз, таянбаңыз... Қойыңызы, ағатай... Айқайлаймын. Апа-а...

Анау оқыс үмтүліп, мұны қапсыра құшақтап алды. "Апа" деп айқайлай берген қыз ерніне түгі темірдей жігіттің еріндегі оттай қарып қадала кетті. Бір сиқырлы қүш қыз бойын қорғасындаі балқытып, ерітіп әкетіп барады. Жүйке-жүйкесі босап әлсіздене берген ол кенет ішкі бір түйсіктің әсерінен селк етіп, бойын жиып алды. Өзінің мына тұрыс, мына күйінен зәресі ұшып шошып кетті. Тынысы тарылып, өкпесі алқымына келіп тірелді. Осы сәт өз бойынан тосын бір қуат тауып, ашқарақтана аймалап еңсеріп әкетіп бара жатқан жігітті қос қолымен кеудесінен тірел бере, ышқына итеріп кеп қалды. Қолға түскен киіктің лағындаі монтаны қыздан мұншалықты қарулы қарсылық күтпеген жігіт шалқалақтап құлай берді. Құрсаудан босанған бойы қыз жан-ұшыра ауыл жақтағы тік беткейге өрлемей жөнелді. Артынан қуғанмен жете алмасын сезді ме, әлде айқай салар деп тартынды ма жігіт сол орнынан қозғалмады. Бұл ұзап кеткен соң ғана асықлай сайдың үстіне қөтеріліп, арбасына мініп, артына қарап-қарап қойып, желдіртіп бара жатты...

Айшаның оны сонан кейін көріп тұрғаны. Бұған ренжіп қалған ба, бұрынғыдай өліп-өшкен қалып

танаңтпайды, сәлемдесті де қойды. Ал шалдың алды-артына бірдей шығып, көңілін табуда. Өзі шырттай киініп алған. Көңілді. Аяғында екінің бірінің қолына түсे бермейтін былғарысы жалт-жұлт еткен су жаңа қырым етік. Устінде темекі түстес қымбат матадан галифе шалбар, гимнастерка.

— Ал, ақсақал, керегінізді айта беріңіз. Женяның біраз саудасын жүргізіп кетуге келгенсіз ғой,—деді құліп.

— Ой, балам, керектің бәрін ала беретін шама қайда, кемпірге азын-аулақ, қант-шай болмаса,—деді Мұсат.

— Айтпақшы, қәрия, сізге қайыс алып қойып едім. Ер-тоқым әзір түсे қойған жок. Кейінрек оның да ретін келтіреміз,—деп бұрыштағы десте-дестелердің арасынан білектей бір бума сұрып әкесіне ұсынды.

Шал риза болып қалды.

— Көп жаса, шырағым. Нарқы қанша тұрады мұныңың?

— Бір құлаш қайыска сізден акша сұрап жатамын ба? Тегін ала беріңіз.

Шал тіпті қуанып қалды. Қайта-қайта рақметін айтты.

— Айшажан, сен керегінді қарасайшы, не бар екен,—деді сол көңілді күймен.

Айша өзіне, үйдегілерге бір-бір көйлектік мата, ине, тарақ, иіс сабын тәрізді майда-шүйде алып әкесінің қоржынының бір басына салды. Сонаң соң аузызы шолак, тұмсығы мен сіргелігіне былғары жүргізілген кенеп бәтеңкені қолына ұстал, айналдырып көрді. Аяғына өлшеп киүгө мына тосын адамдардың алдында қысылып түрған жайы бар. Әкесі сонысын аңғарғандай:

— Алайын деп пе едің, аяғыңа киіп көр,— деді.

— Киіп көріңіз, мә, мында отырып, аяғыңызға өлшеңіз,—деп сатушы өлденеден босаған ағаш жәшікті ұсынды. Жәшіктің шетінде отырып, Айша қысыла-қымтырыла аяғындағы көн етікті шешіп, бәтеңкені өлшеп көрді. Аяғына шақ, екен. Бірақ, киіп көрген ғұрлым, сұқтанып түрған сырт көзден бе, ыңғайсызданып, терлеп-тепшіп бітті. Сол төмен қараған күйі:

— Дұрыс екен,—деп әкесіне ұсынды.

Әкесі оның ақшасын төлеп, қоржынына салып жатқанда Айша омырауында темір сыйырмасы бар көк шибарқыт кеудешені алып иығына өлшеді.

— Балам, сырт киім ғой, киіп көрсейші,—деді Мұсат.

— Көрдім ғой, көке, дұрыс.

— Е, дұрыс болса ал. Нарқы не екен?

Айша жапсырма қағазына қарап бағасын айтты:

— Жарайды. Ал енді алып болсан, қайтайық, Жүр.

Балалар сендерге де рақмет. —Мұсат қоржынын көтеріп, сыртқа бет алды. Әкесінің соңынан ілесіп шыға берген Айшаны есіктің аузында Қыңдырбек кес-кестеді.

— Қарында, не зат қалайсың, сыйлыққа алып берейін.

Қыз сасып қалды. Жігіттің ішіп-жей сұқтанған назарынан жасқанып тәмен қарады.

— Рақмет, ешнәрсенің керегі жоқ,

— Өнеуқұні айтқаным есінде ме, ойландың ба?

— Жоқ. Білмеймін. Әкемнен ұят болады қоя беріңізші.

— Жақында ауылыңа барамын. Ойланып, жауабын айттарсың.

Қыз үндемеді.

Есік алдына шығып, артына қарайлап тұрган әкесінен тайсалды ма жігіт мұны онан әрі бөгемеді. Кейін сырлып жол босатты.

Осыдан бір алтадай өткен соң “ауданға бара жатыр едім”—деп Қыңдырбек үйлеріне соқты. Айша қашқақтап, оған қарамауға, оңаша кездеспеуге тырысты. Шай ішкен соң де жүре қоймай сипақтал бұған қарайлаумен болып еді. Айша байқамаған сыңай танытты. Екі күннен кейін қайтар жолында ол тағы түсті. Жалғыз өзі зерігіп отыратын әкесінің осындей өткен-кеткен кісі кезіге қалса әңгімелесіп жібермей қоятын әдеті. Жолаушының сәлемін алсымен “Әй, шай қайнат”—дейді кемпіріне. Көбіне үй айнала жайылып жататын қошқарларға мезгіл-мезгіл есіктен қарап қойып отыратын әкесі мұндайда, әңгімеге кіріскенде, малды Айшага тапсырады.

— Балам, көз жазып қалмай малды сен айналдыра тұр,—деп міндетейді.

Айша есік алдына шықса жаңа ғана қарсы беткейде жатқан мал көрінбейді. Жағалай сай табанына зер салса ол жақта да жоқ. Сонан соң өрмелеп, тырмысып тәнірек түтел көрінетін үй алдындағы биік шоқының иығына көтерілсе қошқарлар асудан жонға қарай кететін қара жолға

түсіп алып, желдеген бойы заулап барады. Қайтып ауылға барып әкесіне хабарлап жатқанша мал ұзап кететін. Осы жерден терең жыраны кесіп өтсе асудың бұрылысына келгенде бері таман қисаятын қара жол қашық емес.

Қыз төмен қарай құлдилай жөнелді. Жыраның табанымен біраз жоғары өрлең барып, қарсы бетіне қарай тырмысты. Алқынып, аптығып қаратерге малшынып, өлдім-талдым дегендеге қырқаға көтерілсе тұра жедеп бара жатқан малдың өкпе тұсына шығыпты. Жыра ішінің қапырық тымырсығынан өкпесі өшіп, үні бітіп қалған еді, жон үстінің самалы аңқылдаң түр екен. Тынысы кеңіп сала берді. Шіркін, таудың самалы-ай!

Айша жүгіре басып малдың алдынан шықты. Тоқтатып кейін қайырған соң, тақтай тастың үстінде отырып демін алып, терін басты. Сәлден кейін орнынан тұрып, жолмен бұрылып, айналып жүрмей-ақ жаңағы келген ізімен төтелей қайтпаққа малды жыраның ішіне қарай икемдей берген. Кенет ат пыскырып, жол бойында келе жатқан арба доңғаларының тарсылы естілді. Артына бұрылып қараса Қыдырбек. Шай ішіп болып енді аттанған беті болуы керек. Мұны көріп сонадайдан бері бұрылды. Таңып келіп тоқтаған соң арбадан секіріп түсіп, бұған қарай жүрді. Айша әлденеден қарадай қарап тұрып дегірі ұшып, өзін қоярға жер таппады. Көзі ойнақшып күлімдеген жігіттің жүзіне үрейлене, жәутең-жәутең қарап, шегіншектей берді.

— Эй, не деген тағы қызының. Адамнан соншалықты қашқақтыйтының не?

— Ағай, қойыңызшы. Таңбаңызшы.

Жігіт мұның сөзін керек ететін емес. Қол созым жерге жақындаң қалды. Шегіншектенген қыз жалт бұрылып қашуға ыңғайланған, сөйтсе бір топ қалың тобылғыға келіп кептелген екен шыға алмай қалды. Жігіт келіп бас салды. Тобылғы түбінен пыр етіп, жалғыз бозторғай ұшып, шырылдаған бойы кекке көтеріліп бар жатты.

Ізінен селдір ғана жүқалтаң шаң өріп, асуда бүлкілдеп бара жатқан арбаның соңынан қараған күйі, Айша өз бойына өзі ие бола алмай, есенгіреген қалпы, мелшиіп әлі түр. Жас айғыздаган жүзі елі көшіп кеткен жүрттайды. Әлем-жәлем.

Кештете малды ауылға айдал келген қызының турін көрген шешесі шошып кетті.

— Қалқам, бір нәрседен қорыққаннан саумысың, өңің қашып тұрған жағынан да шошып кетті?

— Апа, мазам болмай тұр, жатайыншы,—деді де үйге кіріп кетті.

Шынында да тұні бойы ыстығы көтеріліп, ауырып шықты. Ұйқылы-ояу жатып әкесі мен шешесінің құбір-кубір сөйлеген сөздерін құлағы шалады.

— Ұшынып қалған емес пе өзі, ыстығы барғой.

— Білмеймін, бір нәрседен шошыған сияқты ма?

Тау жарықтықтың киесі бар зат қой. Қайдан білейін неден сескенгенін,—дейді уайымдап шешесі.

— Тау деген иесі бар нәрсеған жағынан.—деді шешесі.

— Осы баланы малға жалғыз жібермейікші. Шиландай таудың іші. Төңіректе тірі жан жоқ,—дейді шешесі.

— Иә, сол дұрыс шығар,—дейді әкесі.

* * *

Қыдырбек сол жолы кетерінде "Келесі алтада қайтып соғамын. Экеңе құда түсемін"—деген. Соңан бері бірекі апта өтіп кетті. Хабар бола қоймады. Айшаның екі көзі асудағы қара жолдың бойында.

Жазды күні осы төңіректе жайлауға шыққан малшылардың үйі отырады. Солардың біріне қыдырыстап қайтқан әкесі тосян, жайсыз хабар алғып келді. Кеншілердің қалашығында қойма ұстайтын екі жігіт көп затқа "растрат" болған. Солар тексеруге келіп қылмысын ашиқан кісіні қайтарында жолдан күтіп, ұстап өлтіргелі жатқанда тауда кен іздел жүрген біреулер үстінен кезігіп арашалап құтқарып қалған. Ал ана екеуі ұрысып, қашып, қолға тұспей кетіпти. Тау-таудағы үңгірлерді панарап, ұстаптай жүрген көрінеді. Соған бұл төңіректегі қойшыларға: "Сақ, болындар. Малдарыңа ие болындар" деген хабар жеткен көрінеді.

— "Сақтансан," сақтаймын" деген ғой. Бәленің беті аулақ, Ықтият болайық, кемпір,—деген әкесі. —Біздің де қолымызда колхоздың қыруар малы барғой. Кім біледі қандай ниетті адамдар.

— Ойбай, тағы не бәле айттың,—деп үрпиді шешесі.

Әлгі тосын хабарды Айша бір түрлі үрейлі қабылдады. Үнемі жалғыздықтан құлазып өскендей кі мәзіне осындай алып қашты сүйек, әңгіме қатты әсер ететін. Осыдан кейін қатпар-қатпар тау жондарына, сұсты сірескен құз, жартастарға әлдене сүмдүк жасырынып жатқандай сескене қарайтын әдет тапты. Көңіліне белгісіз үрей ұялап кетпей қойды.

Осы маңда отырған малшылардың бірінің ержетіп қалған баласы шетінеген екен, әкесі бірде сол үйге барып құран оқып, көңіл айттып қайтпақ болды.

— Намазына да бара алмап едім, ұят болды. Мына Мұсат мұсылманшылдықтан кеткен бе дер, кемпір, барып келе қояйын,—деді.

— Ойпырмай, мен де көрінуім керек еді,—деді шешесі қынжылып.

— Қой, өзі кешке қарай, ауылға Айшажанды жалғыз тастап кетуге болмас, қорқар,—деді Мұсат. —Басқа күні екеуің барып қайтарсындар.

— Мейлі онда,—деді кемпірі.

— Кешке қарай қошқарларынды ана биік тас албарға қамаңдар,—деді әкесі. Әйтеуір ықтият болындар. Мезгіл-мезгіл қарал, зер салып тұрындар. Менде кешікпеуге тырысармын.

Соны айтты да әкесі төр алдында тұрган ескі қара мылтықты алып сұртіп, майлап, оқтап, қайтадан орнына ілді. Әкесі аңсақ, кісі емес. Мылтықты қолына көп ұстай бермейтін. Анда-санда кездейсоқ, қоян, кекілік, бұлдырық, атып алғаны болмаса осы таудың өріп жүрген тығызынан қанжығасына байладап келген кезін Айша көрген емес. Кей-кейде шешесі:

— Еті қандай дәмді, жарықтықтың, арқар да аттайсың ерек болып,—дегенде:

— Ой, арқар аңшының аңшысына атқызады ғой. Маған не жорық, Арқар аулаймын деп жүріп тастан құлап, шалыңың сүйегін жинай алмай қаларсың,—деп кеңқ-кеңқ құлетін де қоятын. Бірақ: “білгеннің зияны жоқ, Айдалада жалғыз үйміз. Әр түрлі адамдар өтеді. Мен кейде үйде бола бермеймін. Мұны өзін қалай ұстауды біліп қойындар”,— деп кемпіріне де, Айшага да мылтық, атуды үйреткен.

— Эй, Мөңкіш,—деді Мұсат жолға жүргуге қамданып

жатып. — Қазір малға шыққанда мынаны мойныңа сала жүр. Сен ешкімді атып құлатпағаныңмен мылтық деген нәрсе сес болады.

— Малды ешқайда ұзатпаспыз. Үйдің төңірегінде айналдыра тұрармыз, — деді шешесі.

— Ал енді ана тәбетті байлап алып қал, — деді әкесі атына мініп жатып. Әйтпесе маған ілесіп кетеді. Біраздан кейін босатып жіберіндер.

— Айшажан, итті байлашы, — деді шешесі.

Айша: "Құтжол, Құтжол, кә-кәлап" жүріп үлкен қара тәбетті ұстап, есік алдында жатқан ескі арқаның үзігімен ат қазыққа байлады. Ит әкесі атқа мінгеннен қыңсылап, аласұрып өлеқ болды. Жайшылықта сақ та жүректі, аюдай үлкен қара тәбеттің бір жаман әдеті әкесі атқа мініп ауылдан шықты дегенше соған ілеседі. Ол қанша күн жолда болса сонша күн қалмай ілесіп жүре береді. Қазір де жұлқынып босанудың әрекетін жасауда. Әкесінің қарасы ұзай бергенде:

— Ойбүй, мықталпай байламаған екенсің-ау, босанып кетті-ау, — деп шешесі опынды да қалды. Аяғы әр жерден бір тиіп қара тәбет әкесінің соңынан барады.

— Ал да арам қатқыр, — деді шешесі дәрменсіз кіжініп. — Ана шал оның соңынан ілесіп кеткенін байқамайды ғой енді.

— Байқағанда не істейді. Құтжол бәрібір енді ұстаптайды. Бара берсін, — деді бұл.

Әкесі кетісімен шешесі екеуі малға шықты. Қошқарлар үй төңірегінде жайылып жүрген. Енді ауыл алдындағы беленғе қайырып салып кеш түскенше сол маңайда айналдырды. Мезгіл екіндейге таянғаннан-ақ тау ішіне көлеңке ұялап қарауыта бастады. Бір еңкейген соң-ақ, зымырап тоқтамаған қалпы, қатпар-қатпар тау жондарынан әрі асып, көкжиекке құлаған күн күреңіте қызыарып, алау-жалау, өртеніп барып батты.

— Күннің батысы бүтін біртүрлі екен, — деді Мөнкіш әлденеге тіксінгендей.

Айша батыс көк жиекке зер салып еді, күн ұясына қонақтарға аспан белдеуінің суреті сұрапыл соғыс жүріп жатқандай аласапыран екен. Көк жиекке қонақтарған ұшпа бұлттар қызыл, қара түспен боялып, өрт ішінде жүрген жанды бейнедей самсал көрінеді.

Сәлден соң өрт саябырлап, әлгі сурет бірте-бірте көмескі тартып, аспан белдеуі сұыған күлдей күлгінде, төңірек қарауыта бастады. Тау ішін қарандылық түмшалап, төбеде жұлдыздар жанды. Төңіректегі құз, жартастар, жыра, сайлар белгісіз үрей шашып, тылсымдана қарауытып, шоқылар сиқырлы алыштардай сұстанып көрінеді.

— Апа, малды қоралаймыз ба? — деді Айша. — Қаранды туспіл кетті гой.

Қошқарларды айдал келіп албарға қамады. Есігін мықтап бекітті.

— Қап әлгі төбеті құрғырдың кетіп қала қалғанын қарашы, — деді Мөңкіш уайымдап.

— Көкем кешікті-ау.

— Е, оның барып қайтқаны сол гой. Екі ара едәуір жер. Шай ішкенше келіп қалар енді. Қой бұл тұрысымыз не? Үйге жүр. Отынды жақ, Мен бұлақтан су алыш келейін, кешкі астың қамын жасайық, — деді Мөңкіш алға туспіл.

Әкесі келе қоймады.

— Көкем кешікті-ау, — деп тағатсызданды Айша.

— Кешікпеуі тиіс еді, барған үйі тамақ ішіп кет деп жібермеді ме екен. Қой шайынды жасай бер, келер, — деді Мөңкіш қызына.

Енді кеселерін аузына ала берген, қора жақтан әлдене дүр еткендей болды. Екеуі де елең ете тұсті. Дүр еткен дыбыс тағы қайталанды.

— Бұл қалай, албар ішінде мал үріккен тәрізді гой, — деді кемпір сасып, қалбалактап, орнынан тұра беріп. — Айшажан, жүрші қора жақда барайық,

— Жүр, қалқам, — деді шешесі есіктен шыға беріп.

— Апа, мылтықты алайын ба?

— Ала сал. Биік албардан ит-құс тұспесе керек еді. Бұл неге үрікті? Қап әлгі төбеті құрғырдың... Айт, айт... Эй! Бұл кім, әй! — шешесі үйден доң айбат жасап айқайлай шықты. Оның соңын ала Айша да сыртқа беттеген. Ай туып қалған екен. Даала жарық, Қора маңы көзге еркін шалынады. Бұлар жүгірген бойда есігіне барған. Жабық, жаңағы өздері бекіткен күйі тұр. Бірақ іштегі малдың пыскырынған дыбыстарынан әлденеден үркіп, шошығаны байқалады. Екеуі енді айналып

қораның артына қарай беттей берген. Сол-ақ екен албар түбінен бүкендей шығып әрі қарай жөней берген екі кісінің қарасын бірдей байқады. Алдыңғысы ауыл сыртындағы жыраға қарай салып ұрып барады. Кейінгісінің жүрісі баяулау, серігінің соңынан митың-митың әрең ілесуде. Иығына бір қошқарды салып алған. Тастар емес. Кемпір ә дегенде арттарынан қуа жөнелуге тәуекел ете алмай қалшиып тұрып қалды. Сол тұрган күйі жан даусымен:

— Аттан! Аттан! Ойбай тастап кет, ойбай! Қошқарды қайда апарасындар?!--деп айқай салды.

Мына көріністен Айшаның зәресі ұшып, шешесінің тасасына тығыла берді. Кемпір аналар сол бойы қара үзіп алыстай түскенде шыдай алмай ышқынып:

— Таста, ойбай, таста,—деп жүгіріп қуа жөнелді. Оларды ұстайын деп емес, шешесінен ажырап қалуға қорқып Айша да жүгіріп келеді. Үрейден даусы шықпай, үні бітіп қалған.

— Ойбай-ай, енді қайттік?—деп жанұшыра жүгірген бойы зарлап келеді шешесі.

Алдыңғы ұры төмен түсіп көрінбей кетті де соңғысы сайдың ернеуіне таяй берді. Алды терең жыра. Енді сәл кешіксе тасаланып үлгереді. Сайға ілікті дегенише көз жаздырып кеткені. Мына тұнде бұл екеуі оған тұсуге дауаламайды.

— Ойбай-ау, көріп тұрып айрылдық-ау? Не бетімді айттым? Айша-ау, мылтығың қайда, атсайшы, ат! Ойбай ат жылдам!

Ес-түсінен айрылғандай санасызданып қалған Айша ешнәрсені пайымдауға мұршасы келмей, тек шешесінің бүйірғымен қолындағы мылтықты көтере беріп, қошқар арқалаған кісіге кезеген күйі шүріппесін тартып кеп қалды. Өзінің ауыр соққыдан шалқалап қулай бергенін ғана сезді. Сәл сәтке есі ауып кеткендей болып, көзін ашып алса шешесі сүйеп тұрығызып жатыр екен. Мылтықтың думі ұрган иығы ауырып, шыдатпай барады.

— Не болды, байғұс бала, тфә-тфә деші...—Кемпірдің басқамен шаруасы болмай мұның асты-үстіне тұсуде. Айша орынан түрегелгенде маңдай алдынан, арқан бойы жерден селтиген жалғыз қошқарды көрді. Онан әрегіректе ышқына ыңырсыған кісінің даусын естіді.

— Апа, не болды? Анау кім?—дегенді әзер айтты.

— Білмедім не сүмдық екенін. Білмедім. Жүрші үйге барайық, жүрші. — Дегбірі қалмаған шешесі мұны кейін қарай сүйреледі. Бұлар үйге жақындаған бергенде кенет абалай үрген иттің даусы естіліп, таянып келіп қалған аттылы кісінің қарасы көрінді. Мұсат екенін таныған соң екеуі бірдей ағыл-тегіл дауыс салып, солай қарай жүгірді. Бұлардың мына пошымынан әлде не сүмдыққа кезіккенін сезіп тұрғанымен ол өзін-өзі ұстап, екеуін сабырға шақыра тіл қатты:

— Жаным-ау, не болды? Амансыңдар ма?

— Бір сүмдыққа ұшырадық, білмеймін, не болғанын.

— Мөңкіш жүрегі талып кеткендей қолымен кеудесін басып жүрелей отыра кетті. Айша ағыл-тегіл жылаған күйі состыып тұр.

— Сабыр. Сабыр етіндерші. Жөндерінді айтшы.

Екеуі әзер дегенде болған жайдың нобайын баяндалашықты.

— Ана жатыр. Анау бір тұста,—деп сілтеді кемпір жыра жақты мезгеп.

— Жүр,—деді Мұсат кемпіріне. —Айшажан сен үйге бар берші. Қорықла енді. Тәуекел бір бүйірғаны болған шығар. Кемпір мылтығынды маған бер.

Әкесі мен шешесі ес-түссіз қанға боялған біреуді үйге көтеріп кіргізіп, оң жаққа сұлата салды. Айша жаралы кісінің жүзіне көз салған бойы:

— Қыдырбек!—деп шар етіп талып тұсті.

Жігіт сол түні көп кешікпей дүние салды. Ертеңіне есік алдындағы таудың беткейінен Мұсат бір кісі сиятындағы жер ойып оны соған жерледі.

Айналадағы жалғыз үйдегі үшеуі мылқау болғандай тіл-ауыздан қалған. Бір-бірінің жүзіне қарауға қорқатын сияқты. Ешқайсысында өң де, тұс те жоқ. Құр сұлдері жүр. Не істеп, не қойғандарын білмейтін мен-зең, қаралы күйде. Осы күндері қас қылғандай бұл ауылға ат басын бұрган бір пенде болсайшы. Үшінші күн дегенде Мұсат:

— Қой, болмас, арыстай біреуді атып тастап, үн жоқ, түн жоқ, қалай жата береміз. Бүтін болмаса ертең сұрамас дейсің бе? Соңда не айтамыз.

Ұры болып шықпаймыз ба? Ауданға барайын, мелисаға хабарлайын. Тәуекел бүйірғанын көрермін,—деді.

Кемпірдің зәресі ұшып, шошып кетті.

Өзің барып айтпақшысың ба? Соナン соңғы күніміз не болады?

— Енді қайтемін. Басқа не ылаж бар. Бірақ,—деді шал әлдене тәуекелге мықтап бел буған сыңайда қатқылдау үнмен. —Жігітті атқан мен. Қай-қайсыңдан да сұраса солай деңдер. Ұқтыңдар ма? Мал үрлап бара жатқан үрыны атқан мен. Онан басқа жол жоқ. Айшажан естіп тұрсың ба? Кім сұраса да осы.

Айша бұрышта бүрісіп отырған күйінен сelt еткен жоқ. Мына әңгімені естімеген жан сияқты.

— Неге үндеңейсің шырағым, естідің бе айтқанымды. Қылмысты болып сенің ұсталғаныңды көргенше шешең екеуміздің құздан құлап қарға, құзғынға жем болғанымыз жақсы. Ұқтың ба? —Әкесінің үні шарасызыңдан шыққанымен бұлтартпас бұйрықтай қатаң, сесті естілді.

Кемпір тағы боздал жылай бастады.

— Қой, —деді Мұсат сабырлы үнмен. —Құдайға да, пендеге де аян, қасақана істегеніміз жоқ. Жазмыш. Ақ-қарасын айырар. Нақақ күйдірмес.

Осыны айтты да шал жинала бастады. Хош айттысып, шаруаның ретін тапсырып болған соң, Мөңкішті былайырақ алып шығып, оңаша сөйлесті.

— Ал, енді шаруаңа ықтият бол. Ана балаңды байқа, көз жазба. Назары тым пәс. Аллаға тапсырдым. Әлдеқандай жағдай болып мен орала қоймасам,—деді соナン соң құдігін жасырмай. —Ел ортасына көшіп барыңдар. Бұл жерде жалғыз отырмандар. “Бұйрықты іске дауа жоқ”. Айшажанға ие бол.

Әкесі кеткеннен екі тұнде де бұлар сол баяғы көрер таңды көзімен атырумен болды. Күні бойы далада шошиып мал соңында жүреді. Кешке қарай төсеккө де қисаймай, жинаулы жүкке сүйенген-сүйенген бойы бүрісіп отырғандары. Ушінші күні кешке салым Мұсат шал қайтып оралды.

— Ойпырмай, аман-есенсің бе? Шаруаның беті қалай?—деді шал сөз бастағанша шыдамы жетпеген Мөңкіш.

— Ауданға бардым. Болған жайдың хабарын айттым. Заң орныны бәрін сұрап жазып алды. Соナン соң: “Керек болсаңыз өзіміз шақыртамыз. Ауылыңызға қайта беріңіз. Аландамай жұмысыңызды істей беріңіз” деді.

Мөңкіш шалын қамап қойған шығар деп ойлаған. Сол ойдың әсерімен:

— Ауданда қайда қондың? — деп сұрады.

— Ақша бөлімінде қызмет істейтін ел жақтың бір жігіті бар еді. Көшеде кездесіп, танып сәлемдескені. Соның үйіне барғаным. Оның аузы дұрыс. "Ақсақал сіз уайымдамаңыз. Ол үшін жауапқа тартылмайсыз,— деді. — Сіз қоғам малына ара түстіңіз. Олар өзі қашып жүрген ұрылар екен. Кінә өзінде", — дейді. Оқыған, сауаты бар жігіт қой бір нәрсе билетін шығар.

Мұсаттың хабары да, қабағы да жаман емес. "Жетінан құдайысын" айтып кемпір жылап жіберді. Біраздан бері бұл үйді жайлап алған қаралы күйдің азасы сәл сейілгендей болды.

Мұнан кейін бір-екі рет ауданға сұраққа шақыртқаннан басқа Мұсатты әурелеген ешкім жок, Бұл әңгіме ұмыт бола бастаған.

— Адамның баласы ғой, обал-ды. Басын қарайта салайық, Таудың беткейі—су агады, қар көшеді дегендей топырағын тегістеп жок қылып жіберер,— деп Мұсат жалғыз мүрденің айналасына тас қалап, төрт құлақ, тұрғызды.

Есіктен шыға келгенде тау бетінде сонадайдан көзге ұрып тұратын жалғыз мола Айшага жасаған қылмысының өшпейтін таңбасындай бадырайып жанын жейтін.

Алғашқы кезде шешесіне:

— Апа, осы жерден көшейікші,—дейтін.

Өстіп жүргенде қыс түсіп кетті.

— Жазға қарай жер аяғы кеңігенде болмаса, қыстың көзі қырауда қайда барамыз. Жылы бас span>, жинаған отын-су қайдан табыла қояды. Көктемге дейін шыдайық,— деп Мөңкіш басу айтты қызына.

Қыс аяғына қарай асудағы жалғыз үйде, бұлар керек етті ме, етпеді ме онымен санағып жатпай-ақ, табиғаттың өзіне жөн есебімен, бүйірығына сай, жас шарана дүниеге келді. Бұл жаңалыққа, бәлкім қуанған да, ренжіген де жан жоқ болуы ықтимал. Үйдегі үш ересек жаннның ішінде не бары бір табиғаттың өзіне ғана аян сыр. Алайда жаңадан түлеп, қайта тіріле бастаған мына көктем күнінде жаратылыспен бірге дамылсыз талпынып, тіршілікке ұмтылған жас өмір иесі өсіп келе жатты. Бұл жаңалыққа осы өзінің болашаққа деген талпыныспен, өмірге

деген құштарлығымен төңірегіндегі қоңырқай әлемге сынғыр үн таратып, көнілді күй шертіп, ол әуеніне көніл аудармауға болмайтынын сездіре бастаған. Бұрын сыр бермейтін шал жас нәресте өзіне қарай талпынған сайын жүзіне жылы шырай жүгіріп, жымиятын болды. Бір қыздан басқа төңірегінде тұлдыры жок, жан басына зәру қарт арттан ерер түяқ, жұрагат санады ма оны бірте-бірте бауырына тарта берді. Алдына алып:

— Атасына дәрмен, куат қой,—деп отыратын болды.

Ол бері қарал өскен сайын Айша да басын жерден көтере бергендей. Көніліне жалғыз мола жақтан есіп түрғандай сезінетін ызғар лебі саябырлап, жанын жеген азапты ойдаң салмағы азаяйын дегендей. Осы бір жас өмірдің тіршілігі мұны жан азасынан арашалап алатын тәрізді. Кінәсін женілдететін тәрізді. Соңан соң да, аналық парызы өз алдына, оның өмірі үшін бұл енді қарыздар пендедей сезінген.

Дәрмен бір жастан асып апыл-тапыл аяқ басып жүргенде бүкіл елдің тұла бойын түршіктіріп, қабырғасын қайыстыра қуизелткен соғыс атты алапат басталды. Соғыс біткен соң, қырық алтыншы жылдың қысында, Мұсат ескілікті кекірек ауруы қозып, соңан дүние салды. Айшалар осында қыстал шығып, көктемге салым асудағы базды мағымен басқа кісіге өткізіп, төменге, етектегі колхоздың қоныстануына көшіп келді. Екі әйел мен жұдырықтай баланың таудағы жалғыз үйде қалуының енді қисыны жок, еді. Әрі Дәрменнің мектепке баратын мезгіл келген.

Көшерден бір күн бұрын Айша Дәрменді ертіп бейітке келді. Жерден бір уыс топырақ, алып қабірдің үстіне салды. Дәрмен де Айшаның айтуымен солай істеді.

— Тәте, бұл кімнің моласы?—деп сұрады ұлы соңан соң. — Біздің туысқанымыз ба?

Айша не айтарын білмей тығылып қалды.

— Жок,—дегенді әзер айтты. Алқымына жұдырықтай тас келіп кептелгендей қинала жұтынып, аргы жағынан лықсып шыққалы түрған көз жасын зорға тежеді. Осы жерде баяныдан жатқан мола ғой. Бір бейшаранікі шығар,—деді ұлының жүзіне тұра қарамай тайсақтаған күйі.

— Онда неге біз топырақ, саламыз?

— Солай еткен сауап, айналайын. Үлкендер айтады ғой: “Қабір көрсөң бір уыс топырақ, салып, құдай ракмет қылсын деп өт. Тірі жанға ол парыз”—деп.

— Тәте, атамның басына да барып топырақ саламыз ба?

— Атаңның қабірі тәмендегі ауылдың жанындағы көп қорымның ішінде той. Көшіп барған соң көресін. Алып барамын. Қариялардың біреуін ертіп алып құрган оқытасың. Атаң өзіңе үнемі солай деп тапсырып отырушы еді той.

— Иә,—деді бала тәмен қараган күйі ойланып, жабырқау тартып. Сәлден соң бұған жүзін бұрып.

— Тәте, атам енді қайтып келмей ме?—деп сұрады.

— Келмейді той, қалқам.

— Эжең атаң келеді. Кейін өлген кісілердің бәрі тірілетін көрінеді деп отырады той.

— Кішкентай болған соң сені қорықпасын деп жұбатқаны той. Өлген кісі тіріледі деген жай сөз ол.

Дәрмен мұның айтқанына ықтияр болмағандай қабағын шытты. Атасын тап бір бұл қайтарғысы келмегендегі көңліне алып қалған сыңайы бар. Соңан соң баланы жұбата еркелетіп, басынан сипады.

— Сен енді үлкен жігіт болдың емес пе? Биыл мектепке барасың. Оқып азамат боласың. Оқушыға мұндай әңгіменің керегі жоқ, Эжең қартайған кісі айта береді. Өзің оқып үлкейген соң бәрін білесің, түсінесің әлі.

Айша осылай баланы көңілдендірген соң:

— Үйге бар енді, жүгір. Эжең жалғыз отыр. Сені іздер. Мен сәлден кейін барамын,—деп оны ауылға жіберіп, өзі сай табанына түсіп, биік боз талдың бір шыбығын кесіп алып келіп, моланың бас жағына екті.

Бойын жазып түрегеліп, өзі түрған биіктің төбесіне қарай жүрді. Ең үстіне шыққанда көкжиек кеңейіп, көсліп сала берді. Қаратаудың көз жетер жердегі қатпар-қатпар жондары, шың-құз, биіктегі бәрі-бәрі алақандағыдай сайрап тұр. Сонау тәменде, асудың бойындағы отырған үйі торғайдың үясында болып қана жұпыны қарауытады. Төбеде аспан, төңіректің бәрі тау. Бір-біріне мінгесіп, тіркесіп, көз жетпеске сіңіп жатқан тау шоқылары: қаттасып керіліп, созылып жатқан қоңыр жондар. Қай жағына қарасаң да ұшы-қыры жоқ тау сілемдеррі. Тау. Тау. Тау... Түстіктен баяу ғана желліп леп соғып тұр. Далада көктем күйі, көктем иісі. Жүзін жылы жас жуып, Айша тау басында ұзақ тұрды.

Орталыққа көшіп келген соң екі жылдан кейін шешесі

қайтыс болды. Оны шалының қасына қойып, аманатын аткарды. Үйде Дәрмен екеуі ғана қалды. Өзі колхоздың түрлі науқандық жұмысына шығады. Баласы мектепте.

Дәрмен үшінші класс оқып жүрген. Бірде көктемде күні бойы соқаңың соңында жүріп діңкесі құрып шаршап келсе ұлы сора-сорасы шығып жылап отыр. Өзі бала болып көп жыламайтын. Еркелігі де аз. "Бұрын мұндайы жоқ, еді, ересек балалардың бірі ұрып зәбірледі ме екен" деп ойлаған.

—Кім, кім тиді, құлыным?

Бала қыстығып, өксіп-өксіп егіледі, үндемейді.

— Байғұс-ау, саған не болған? Кім тиді, айтшы. — Айша дауыс көтеріп ашуулана сұрады.

Бала жылағанын тоқтатып, мұрнын қорс-қорс тарта, бұған жапақтай қарады. Айша оны аяп кетіп, басынан сипап, бауырына тартты.

— Не болды, жаным? Неге жыладың?

— Тәте, менің көкем қайда?

Айшаның жүрегі тоқтал қала жаздады. Тұла бойы бақайшағына дейін-мұп-мұздай болып шымырлап кетті. "Тек құлап кетпейін, тек құлап кетпейін"—деп өзін-өзі әзер ұстады. Бір шама уақытта барып есін жиып:

— Оны неге сұрадың?—дегенді әзер айтты.

— Класта бір бала сенін әкең жоқ, Сенің әкең соғысқа қатысқан жоқ. Оны ешкім білмейді. Менің әкем соғысқа барып қайтпай қалған. Оны ауылдың бәрі таниды деді. Тәте, соның айтқаны рас па?

Айшаның өзегі от түскендей өртеніп, не істерін білмеді. "Суға кеткен тал қармайды". Қараптан-қарап отырып әшкере болсын ба.

—Ол қай жүгермек? Оттапты, өтірік айтады. Соған да кісі жылай ма екен,—деді баласын бауырына қысқан күйі аймалап. Каракөлеңке үйде екеуден-екеу от та жақпай осылай ұзақ отырды. Күні бойы қыстығып, жылап, шаршаган бала шешесінің ыстық құшағына кірген соң маужырап ұйықтап кеткен. Анда-санда солықтап қойып, пыс-пыс етеді. Оны сол бауырына басқан күйі Айша ағыл-тегіл көзінің жасына ерік берген.

Дәрменді үйдегілер атасының баласы дейтін. Өзі де жасында сондай пирұлда болатын. Бері таман есі кіріп, өр нәрсені зерделей бастаған шағында Айша оған: "әкең соғысқа кетіп, келмей қалған" деп ұқтырған. Бала оған қалтқысыз сенген. Бұл сырды білетін ауыл адамдары да

осындағы ыңғай танытатын. Осылай жүріп жатқан. Фамилиясы атасының атынан — Мұсатов. Баланың көңілінде басқа еш нәрсе жоқ еді.

Не болса да ауылдан, ағайын ішінен кетуге пейіл емес шал-кемпірдің ыңғайымен ел ортасына келгенімен Айша осыны әу бастан-ақ, уайым ететін. Көз емес, құлақ естімес басқа жаққа кетіп қалуға әке-шешені тастай алмаған. Енді қарайлайтын несі бар? Бала мынау күн-күнге өсіп келеді. Әр түрлі әңгімеге құлақ түріп келеді. Неше түрлі адам бар. Кімнің аузына қақпақ болмақсың. "Қой, бөтен бір жерге қоныс аударған жөн шығар". Ойлай келе Айша осы шешімге бел буды.

Таудың ішідегі баяғы әкесімен екеуін аттеп барагын жерде қазір үлкен рудник ашылып, қала салынған. Теміржол жеткен. Дүниенің түкпір-түкпірінен талай ел көшіп келіп соңда қоныстанып жатыр деп еститін. "Көшілік жер гой, бір жұмыс табылар. Сол көшіп келіп жатқан жүргіттың біріндей үйренісіп кетермін", —деген ойға ат басын тіреді.

Жанашыр деген екі-үш жақын ағайынға осы шешімін білдіріп, акыл салып еді, алғашқыда олар мұның қалай деп өкпе айтты.

— Шырағым, Мұсекеңің бір баласын арамызға паналада алмасақ, несіне ағайын болып журміз. Неден тарықтың? Қандай жағдайың бар, бізден жасырма. Қолдан келген көмегімізді жасайық,—десті.

Бұл ағайынға, ауылға еш өкпесі жоғын айттып, жағдайын түсіндірген соң, олар да ойын шет көрmedі.

—Өзің біл, шырағым,—десті енді. —Әйтеуір ел ортасы деп бір-бірімізге қарайлап кете алмай отырғанымыз болмаса, қазір бізден гөрі қаланың тұрмысы, күн көрісі әлдекайда артық қой. Денің сау, басың жас, бір кісідей күнелтіп кетесің гой. Жолың болсын. Ағайынды, ел-жүргітты ұмытпа, хабарласып түр.

Екі-үш күннен кейін колхоздың ат арбасын алып, азын-аулақ жүгін тиеп, ауылмен қош айттысты.

Үркектей кіргенімен қалаға тез үйренісіп кетті. Келген бойда құрылышқа сылақшы болып орналасқан. Екі-үш ай үй жалдаپ тұрып, соナン соң өздеріне бір бөлме үй тиді. Дәрмен мектепке барды. Құрылыштың жалақысы тәуір. Қалада пұлың болса керегің табылады. Тұрмыстары оңала бастады.

Әйтеуір, еңбектен аянған жоқ, Соナン соң да ма үлкен,

кіші сыйлап, жүрген ортасының өзіне ниеті түзу болды. Жиналыста төрге шақырды. Мейрам, тойда екі кісіге сыйлық берсе бірі бұған тиңді. Мінезі ашылып, ажары келісіп, толып-толысқан, бап-байсаңды келіншек болды. Басынан тағдырың бүйрігі солай ма, Айша ұлының тілеуін тілеп өмірін жалғыз өткізе берді. Бірақ көрінгеннің етегінен ұстай кетуге ықтияр болмады. Орайы келетін жан кездеспеді. Тұла бойы қызып, ыстығы көтеріліп, аласұрып ұйықтай алмаған кей түндері: "мені еркектің киесі ұрған шығар"—деген ойға қалатын.

Дәрмен онжылдықты үздік бітірді. Сыптай жігіт болып өсті.

— Талабыңдан қайтпа. Сені оқытуға шамам келеді. Қатарыңдан қалма. Оқуға бар. Алдағы несібенде өзің білесің. Ал қазір жетімдігімнен болды-ау, сөйттегін едім деп жалтақтама. Денім сауда сенің керегіне жараймын,— деді оған кесімді түрде.

Шешесінің жігерлі сөзінен қуат алғандай бала қуаныштан бал-бұл жаңды. Сол жылы үлкен қалаға барып, кен іздеушінің оқуына түсті.

Тағдырың мұнысына шүкір, баласы жүрдім-бардым біреу емес сап-салықалы жігіт болып өсіп келе жатты.

Куаныштың адам қадірін біле ме. Әдетте кісі жадында қайғы болмаса қуанышты сәт көп сақтала бермесе керекті. Алайда Айша сол бір күнгі қуанышын әсте ұмытқан емес. Сол қуанышты көңіліне ұлатқан Дәрменнің сол хатын әлі күнге бойтуғардай сақтап, жоғалтқан емес.

Сонан аз күн бұрынғана Айшаның "Еңбек Қызыл Ту" орденімен наградталған хабары келіп, көп жиналып той өткізіп, баласынан хат алғанда өзі көңілді жүрген.

"Тәте, қымбатты тәте,— деп бастапты Дәрмен. — Алдымен орденіңізben құттықтап қояйын. Бұл хабарды газеттен оқығанда қуанышымда шек болмады. Қасымда бір кісі келе жатыр еді. Жақын кісі. Сізге де бөтен болмайды..."—"Кыз екен рой"— деп ойлады Айша. — Екеуміз бір-бірімізді құттықтап құшақтай беріпшіз. Көшедегі ел куліп өтіп жатыр. Тәте, жанымдағы кісінің бүгін туған күні еді. Соны тойламақ болатынбыз. Оған мына жаңалық қосылды. Жолдастарымның бәрі қуанды. Сіз үшін тост көтердік..."—"Аздалап ішкен екен рой қуанышқа"—деп ойлады Айша. — Ішсе ішсін, жігіт болған жоқ па. Оң-солын таныңды. Бұл бағып қасында жүре ме.

Өзі білер". Дәрмен бұрын хатты бұлай шешіліп жаза бермейтін еді. Сабағының барысын, өз жайын қысқаша ғана хабарлай салатын. Соңан да ма кейде "баласы өзіне салқын емес пе осы" деп іштей қауіптенетін. — Тәте, қазір Гүлнәрді жатаханасына шығарып салып келіп сізге хат жазып отырмын... — "Есімі Гүлнәр болды рой. Аты жақсы екен..." — Бөлмедегі үш жігіттің үшеуі де үйықтап жатыр. Терезе жақтағы менімен тұстас кереуетте жатқан Жолдас үйқысырап әлденені айтып қояды. Оның сөйлеп үйықтайтын әдеті. Онан кейінгі төсектегі Мұхан мен шам жағып столға отырганда: "Дәрмен-ау, қыздарға хат жазатын кезден әлдеқашан өтіп кеткен жоқ па едік, мұның не?" — деп өзілдеп іргеге қарай аунап тұсті. Ал Қалекеңнің үстінен түйе ойнақтаса да оянбайды ол. Жатысы сондай жайлы. Пыс-пыс етіп төсекке қисайған жағынан азанда бір-ақ тұрады. Бәрі де жақсы жігіттер... — "Өзі жақсы кісіге — елдің бәрі жақсы. Жолдастарынмен сыйласып, тату тұрганың дұрыс, айналайын..." — Тәте, бүтін газеттегі хабарды оқығанда сүмдыш, қуандым. Сіз де қуанатын шығар деп қуандым. Жалғыз өзіңіз жабырқап, шаршал жүргенде бір серіліп қалатын болды ау деп қуандым. Сізге оңай болмағанын сеземін, тәте. Сіздің басыңыздан қандай күй, қындықтар өтті, әрине, мен оның бәрін біле бермеймін. Менің билетінім — мені адам болса екен деп тіледіңіз. Қалайда мені адам етемін деп жаныңыз тынбады. Маған құрбан болуга пейілсіз. Тәте, сол еңбегінізді, ықыласыңызды ақтауға тиіспін. Неге айтқанын ұмыттып қалыптын. Бала күнімде әжемнің сізге: "Әкең тәрізді қайырымды, кісі аяғышсың, ол өзіңің сорың" — деп ұрысқаны әлі есімде. Шынында сіз қайырымдысыз рой, тәте. Өмірде сізді ренжітпеймін..." — Хаттың осы жеріне келгенде елжіреп өзін-өзі әзер үстап отырган Айша жауалығының ұшын көзіне апара берді.

Мұнан кейін Дәрмен диплом жазып жатқанын, көктемде оны қорғаған соң, үйленетін қызын ертіп /ол да биыл институтты бітіреді екен/ ауылға баратынын жазыпты.

Айша қатты толқыды. Ертесінде жұмысқа сондай сергек, жайдары келді. Бірге істейтін әйелдерге қуанышын айтып бөлісуге асықты.

— Кешке біздің үйге жиналындар. Тойым бар, — деп шақырды оларды.

— Эй, балам келді деген жоқ, едің ғой. Не той? Орденінді әнеуқуні ғана жуып едік қой,—деді біреулері.

— Ой, той көптік ете ме, тойға шақырса бара беру керек емес пе,—деді бірі.

— Эрине, әрине, барамыз,—десті көпшілік.

— Мен бүтін мұратыма жеттім,—деді Айша шын шаттанған кейіпте, мас кісідей толқып.

Елдің бәрі мынау не деп түр дегендей аңтарыла қарап қалыпты. Әйелдердің қайсысы әзілдеп жатыр:

— Эй, сен ішпеуші едің ғой.

Айша құлді.

— Ішетін кезім келсе неге ішпеймін.

— Өзің жақсысың, эй. Жарайды онда. Әйтеуір бір нәрсеге қуанып тұрсың ғой. Құтты болсын. Қуанышың, баянды болсын.

Әйелдердің бәрі осылай деп тілек білдіріп жатыр.

— Рақмет, маған керегі осы тілектерің. Осы тілектерің қабыл болсын,—деді бұл шын көңілмен тебіреніп.

Жазға қарай баласы оку бітіріп, келін алып келіп Айша үлкен тойды сонда жасады. Ел тарап абыр-сабыр басылған соң Дәрмен шаруа жайын ақылдасты.

— Тәте, мені сол үлкен қаланың өзінде, министрлікке инженерлік жұмысқа жіберіп отыр. Келініңізді де сол өзі бітірген мұғалімдер институтында оқытушы етіп қалдырмақ. Келісім берсөніз соны жөн көріп отырымз. Барып жұмысқа орналасқан соң сізді көшіріп аламыз. Қалай қарайсыз осыған?

— Айналайын, қазір маған алаң болмандар. Дұрыс деген жұмыстарыңа бара беріндер. Жерге қарап отырғаным жоқ, Үйім басымда, үйренген жұмысым. Таныс адамдар.

— Тәте, сонда біз ол жақта, сіз бұл жақта. Айналдырған үшеуміз бөлініп жүрмекпіз бе?

— Шырағым, мен сендерден қайда кетеді дейсің.

Тұбі сендерге барамын ғой. Әзірге мынау үйреніп қалған жұмыс, пенсияға шыққанша істей тұрайын. Оған да аз қалды ғой. Үлкені де, кішісі де туғандай бауыр басып кетіп еді. Қадырсыз емеспін. Тағы қай жерге барып кірме болып жүрмекпін. Тап қазір дайын тұрган үйлерің жоқ. Оған дейін пәтер алындар.

Дәрмен мен келіні бұл ақылын теріс көрmedі. Айша пенсияға шыққан соң, екі немерелі болған кезде ғана баласының қолына көшіп келген.

Біраз жыл болды Дәрмен Қаратаудың баяғы "Көктас" асуы аймағында зерттеу жасап жатқан партиясына бастық болып бекітілді де, көбіне сол жақта тұрып қызмет атқарып жүрген. Үйіне ара-тұра келіп кететін. Ол жерден сүмдік, көп кен табылды. Қала салынып жатыр деген хабарға Айша көптен қанықтын. Енді міне сол жаңа қалаға баласы бастық болып жоғарылапты. Бәрі көшіп бармақ, Айшаның туған жерді сағынған көңілі солай қарай бой ұрып, жүрегі қуаныштан лүпілдеп жатқандай. Тұні бойы осылай ой жетегінде, көз ілмей шықты.

Поезд тұра жаңа қалаға дейін баратын болыпты. Кілең таудың теріскей етегін бөктерлей салған теміржол бойына ана жерден де, мына жерден де ауыл қоныстанып, бұрынғы иесіз жатқан жапан дүз шиландай елге айналған. "Көктас" асуының төңірегі кісі танымастай өзгерген. Тауды ерсілі-қарсылы тіліп салған тас жолдар. Электр жүйесінің қанаттаса тізіліп, айқыш-үйқыш кетіп жатқан биік темір бағандары, қызылды-жасылды сан түрлі машина. Арқарларғана жосып, жортып жүретін жан баспаған шокырлардың үстінде тәбесімен көк тіреп тұтін атқан мұнарлар. Асу етегіндегі қойнаудың кең жазығында ол шетімен бұл шеті ат шаптырым қала жатыр.

Айша ертегідей мына көрініске танқалды. "Ойрыпмай, не деген қүш. Не деген құдірет",—деп тамсанды. Адам емес табиғат та өзгереді еken. Бұл бұрын Айшаның зерделей бермеген нәрсесі. Асудағы көп бұлақ тартылып, ит тұмсығы өтпейтін қалың жыныс сиреген. Ұшқан құс, жүгірген аң көрінбейді. Өзгермеген тек ұшы-қырына көз жетпей мұнартып қана жататын көрі Қаратаудың қатпар-қатпар жондары, тәбеле төңкеріліп төніп тұратын зенгір көк аспанығана тәрізді.

Айша асудың тәбесіне таянып келіп тоқтаған жеңіл машинаның жанында қалған. Жон үстінің кісінің жанын жадыратып, сарайын ашар саумал самалы аңқылдан соғып тұр. "О, шіркін, Қаратаудың самалы-ай! Сенің ауаңа не жетсін!"—дейді Айша ақ шәйі көйлегінің етегі мен жаулығының ұшы желгелбірей, терең тыныстаған күйі, жеңіл демалып.

Дәрмен мен Бақытжан қарсы беттегі биік шокыға көтерілеміз деп сайға түсіп кеткен. Айша төңірекке көз жүгірткен бойы, сол қалпы ұзак, тұрды. Беткейдегі жалғыз моланың тастан қалаған төрт құлағы сонадайдан

көзге шалынады. Айша жүрелей отырып, өзінің білетін көлімасын қайырып, дұға қылды. Осы сәт көңілінде бір ой жылт ете түсті: "Өзіммен бірге ала кетсем күнә болар, Дәрменге осы жолы шындықты ашсам қайтеді. Білгені дұрыс шығар. Айтпағаным обал-ды. Мен де енді қаша жүремін. Сонан соң әйел, балаларына сездіремін десе де өзі білер. "Жабулы қазан — жабулы" десе және ықтияр. Эйтеуір мен міндетімнен құтылсам қайтеді".

Осы кезде таудың басына қарай тырмыса өрмелеген баласы мен немересінің қарасы көрінді. Бақытжан алда, өршелене құнжыңданап барады.

"Әлде керегі жоқ па? Соны іздеп жатқан кім бар? Баяғыда жер құшағына енген әкесі мен шешесінен басқа ешкім білмейтін осынау көне сырды қайта қозғамай-ақ, қойған жөн бе?"

Көңілі екі үдай болып, қатты дағдарды. "Қой мойныма қарыз етпейін. Шындықты айтқан жөн шығар. Соны айтқаннан не бұліне қояр дейсің?.." Осы шешімге тәуекел еткендей, орнынан тұрып, етегін қақты. Аянданап асуудың ернеуіне қарай беттеді.

Биікке шығып қайтқан екеу жыраның бойымен өрлеп, жақынданап келе жатты. Айша тапа бір үкім алдында тұрған жаңдай дегбірі қалмай, мазасындана бастады. Олар таянған сайын тайталасқан екі сезімнің қыспағы тарыла түсіп, не істерін білмей шарасызыданы. Қолы-басы дірілдеп, өңі қуқыл тартты. Шешесінің қажып тұрғанын аңғарған Дәрмен:

—Біз көп жүріп қалдық па, тәте, шаршагансыз ғой деймін. Шөлдедініз бе? Жүріңіз ауылға қайтайық,— деді машинаға қарай бұрылып.

—Жүрсек жүрейік,— деді Айша осы жерден кетуге асыққандай.

Машина қыж етіп, от алып, сырғи жөнелгенде үстінен бір ауыр салмақ сырлып түскендей бойы жеңілдеп қалды. Арт жағынан тезірек алыстағысы келгендей алға қарай үмтүлып, ентелей отырды.

Жол бойы келе жатып Айша осынау құпияны ұлына өзінің енді қайтып айта алмайтынын, ол сырды ашуға қашан да тәуекелі жетпейтінін түсінді. "Сол да жөн шығар", деп алға қарай түзеле отырды.

Машинаның әйнегінен ішке самал соғып тұрды...

ӘҢГІМЕЛЕР



КЕДЕЙДІҢ ТАМАФЫ

— Мын-ау бір бұл төңіркте кездесе бермейтін соқпақыс болды-ау, — десті екі-үш күннен бері қорада қамалып қалған бірер қара-құрасы мен азынаулақ жандықтарының астын тазалап, алдына шөп салуға ертелі-кеш еріксіз сыртқа шығып; темірдей қарып, жалаңдал түрган қызыл шұнақ аяздан бұрсаң қаға жүріп, ара-тұра дауыстай тілдескен көрші-қолаңдар.

— Иә, Жайылманың жазығында қырық, градустан асқан сұықты бұрын-сонды кім естіп, көріпті.

— Ауа райы да өзгере береді екен-ау.

— Өзі және беті қайтатын емес қой. Күннен-күнге сынудың орнына сақыып барады. Ақырзаман болмаса не етті.

— Иә, айтары жоқ, "Тфу" деген түкірігің жерге түспейтін сұрапылдың өзі болып тұр.

Жайшылықта сапырылысып жататын ауылдың көшелерінде тырс еткен бейсеубет жүргінші көзге шалынбайды. Әуп еткен ит дауысы да естілмейді. Тіпті, үй-үйдің алдындағы, қорадан шығарылып тастаған кәшек шөптерді түртінектеп, күндіз-түні тықыр-тықыр кезіп жүретін есектер мен күні бойы күл, қоқсықтың "қырманын қыздырып" дамыл таппайтын тауық, біткеннің де қарасы өшкен. Тапа бір жұт жайлап еткен тәрізді құлазыған көрініс.

Дорбадай-дорбадай қолғап киген қолдарын күрек, айыр салтары қарып шыдатпаған соң бір-біріне тынымсыз қаққыштап қойып; сұық, еткен аяқтарын бір-біріне сүйкектете соққылап, тыптыр-тыптыр тепкіленіп жүріп, мал жайлап көпшілік әлгідей аз-кем тілге келіскең соң төңіректегі осы тым-тырыс, суреңсіз көрініске көңілсіздеу көз жүтіртіп өтіп, суағарынан сүмелектей берген бозшаны тағы бір дың еткізіп, сілкіп

тастап, "ищай" деп зікірлене сілкінген бойы үйлеріне тапыр-тұптыр еніл кетіскең.

Айт-айтпаса да, текенің қызылымен қосақабат келген осы алапат аяз бұл төңіректегі шаруа баққан дала жүртінің апшысын қуырып-ақ жібергендей еді. Әсілі қысы, жазында жауын-шашыны тапшы келетін шелейіт өнірге биылғы қаңтар ат тізесін жапқан қалың қармен ілесе түскендей кебі бар-тын. Сол сірескен қарға енді мына қызыл сыйыр қияпат мінез, жалаңдаған жалмауыз сүрепет, қызыл шоқтай қарыма дем, үскірік аяз қосылып, шаруаны қырына алып қалғандай. Әзірге бұл ауылдың жаманаты шықлағанымен әр жер-әр жерде "мал шығыны бар екен" деген жайсыз хабар еміс-еміс естіле бастаған.

Осы қалың қар түскеннен кейін қыстаудағы малдың жиынтық отырған жері — Жал ішін, онан бергі Шабырды салт атпен екі-үш күнде аралап, жай-күйін көзімен көріп қайтқан колхоз бастығы Оспан енді мына сұықтың беті қатайып бара жатқан соң орталықта қызмет ететін барлық активдерді жинап алып, тиісті тапсырмасын беріп, екеу, үшеуден жан-жаққа шұғыл аттандырған. Бастықтың малшаруашылығы жөніндегі орынбасары Сапарбек пен сыйыр фермасының менгеруішісі Зәмкен Шабырдың етегіндегі Исабай, Бәсембай жайылымының қалың қамысындағы қыстауларда отырған және онан бергі Қазоты, Үшназар жазығын жиектей қоныстанған сыйыршылардың ауылына баратын болып белгіленген.

— Қазір, түскі шайларынды ішіп алындар да кідірмей жүріндер. Кешке дейін ел шетіне ілігесіндер фой. Бірақ Шоқат арқылы жүріп, жолай соғып, сонда отырған екі тоқты отардың жағдайын біле кетіндер алдымен, — деп тапсырған.

Күннің түрі мынау — жолға, алыс сапарға шықпақ, түгілі талай жүрт үй ішінде, ошақтың аузында отырып үрпісікен. Бармаудың тағы жөні жоқ, Өмірін осы колхозды басқарумен өткізіп келе жатқан, абыройы аудан түгілі облысқа жететін, кәрі Шөңге Осекенің сөзін екі ету — кісі ойына келе қоятын нәрсе ме. Керек десең Осекенің айбарынан жасқанғаннан да емес, бұл екеуінің өзінің де қызметінің талабы, азаматтық парыз, борышы. Ауа райының мұндаидай әбігерінде шаруаға жаны ауыратын жан төрінің алдында шалжайып жата алар ма?! Шаруа қамы

бәріне ортақ, Жауапты істің жайын ойлағанда жандары тынбаған бұлардың да. Соナン соң бойға өл, қуат болсын деп соғымның жылы-жұмсағына сылқия тойып, бар қалың киімдерін үстеріне іліп, жолға шыққан.

Күнде кеңсеге барып қайтып жүргенде бұл аяздың ызғарының қаншалықты сұрапыл екенін бұлар да жұрт қатарлы пайымдайтын. Алайда ол сезінгендері, сұық дегендері жайшылық болып шықты. Үй арасында бозда ойнап жүр екен, әшейін. Аяздың нағыз қызойнағын теріскейге бет алып, ауылдан қара үзіп, далаңқайға шығып алған соң ғана көре бастағандай.

Мына дала, дуние — төңіректі адам тәніне қарай бойлай атылған, көзге көрінбейтін, қолға ұстауға келмейтін, тозаң тақылеттес бір темір инелердің елестопаны кезіп жүргендей ме, қалай?! Әлгі темір инелерге ешнәрсе тосқауыл жасап, жан-тәніце қорған бола алмайтындай. Түйе жүнін салып сырған қалың қеудешенің сыртынан киген, етегі тобыққа дейін жететін қара тонының өзін мына даланың ызырығы, әлгі миллиондаған, миллиардтаған, тіпті, санды әурелеп керегі жоқ, шығар, сансыз темір инелер бұйым құрлы көрмегендай. Тұла бойыңа жаңағы сансыз инелер шымырлай қадалып, қанынды, қуатынды білдіртпей сорып, рәпетінді алып бара жатқандай бір күй.

Суыт жүрістен бусанған қос аттың көзінің аңғалағы мен қос танауы, алқымдығы мен артқы шаты, құйрық тұстың алақандай аламайынан басқа жерінің бәрі аппақ-ақ, қырау. Оны айтасың аттылардың үсті-басына дейін қырау жапқан. Бұлардың бұл тұрпаттары жаңа әзірде колхоз кеңесінің алдынан қауқылдаса аттанған екі бозым жігіттен гөрі мына даланы кезіп жүрген аруақ-елеске көбірек үқсар еді.

Келе жатқан екі жігіт те жасы отызды орталған, пошым, тұрпаттары да бір келкі — екеуі де қажыр, қайраты сыртына тепкен дембелше бойлы; қорғасындағ шымыр денелі; мінез болмысы да үқсас; білім, парасат, сабыр, салиқасы да деңгейлес; орнына қарай кіші де, кісі де бола біletін, сөзге тоқтамы, намысқа шабары бар — жігітім-ақ дерлік азаматтар болатын. Алайда табиғаттың мына дүлейінің алдында жаңқадай жеңіл, баладай қауқарсыз сезінбесі бар ма өздерін.

— Ау, елге жете алмай далада қалмаймыз ба?! Мына күннің сұры жаман фой, — деді Зәмкен.

— Айтпа. Сұмдық. Менің де көңіліме қауіп кіріп келеді. Енді не болса да тәуекел. Тарта берейік. Бәрібір кейін қайта алмаймыз. Жарым ортага келдік. Алға жүрсөң де осы, артқа жүрсөң де осы, — деді Сапарбек аяздан түтеп, сөнетін шоқтай қызыу қайта, ажарсыздана сығырайып, мұздаған сірнедей сарғыштанып кеткен күн көзіне көңілсіздене көз тастап қойып.

— Эй, жер үтайдық, Кел, аттың басын біраз жіберіп алсақ, қайтеді?

— Мына ызғырыққа қарауға дәт шыдамай келе жатқанда, шапқан кезде қарсыдан соққан құйынға төтеп бере аласың ба, батырым? Дегенімен байқап көрейік, — деді Сапарбек те.

— "Оңып жатқан ауыз да жок, оңып жатқан жұмыс та жок" дегендей, ақыр жетісіп келе жатқанымыз шамалы. Эйтеуір, түсіп қалмасақ болар. Ал, кеттік, — деп Зәмкен тебіне берген.

Айтқандарындай сұрапылдың көкесін енді көрді. Ауыздықтарымен алысқан аттар өп деп ала жөнелгенде оттай қарып түскен үскірік соқладан жасқанып, екі көзді тарс жұмып, басты аттың жалына төсей төмен салып, екі бүктеліп алған. Көзді ашып, төнірекке қарауға мұрша жок. Тапа бір қараңғы түнекке кіріп кеткендей. Қойның-қоныштарын сумандай кезген азынаған сұық, жедден жандарын қоярға жер таппай келеді. Устеріне қос-қостан қабаттай киген тон-торымдарының биттің қабырындағы қауқары жоқ, сияқты. Суықтан тұла бойлары сіресіп, мұз болып қатып қалғандай қозғауға келмейтін тәрізді. Ат тізгінің ұстаған қолдары да икемнен айрылып қалған. Осы күйде қанша уақыт шапқандарын өздері де пайымдай алған жоқ. Мұнан өріге төзімдері жетпей бара жатқан соң ат басын тартты.

— Эй, менің екі аяғымнан жан кетіп, ағаш болып, сіресіп қалды. Бұлай отыра берсек аттың үстінен домалап түсіп қалармыз. Біраз жаяу жүріп, қымылдаپ көрейік. Денемізге қан тарарап ма екен, — деді Зәмкен.

Сақиыш, илігуден қалған бойларын әрең жиып, жерге түскен. Ту сырттарын теріскейге беріп, бетін ыққа қаратады, аяқ-қолдарын сілкілей қымыл жасап, секіріп, тепкі

леніп бойларына қан жүгіріп, денелері икемге келгендей болған соң аттарын жетекке алып, екеуі қатарласа жүрген. Жаңа, дегенмен, едәуір жерді өндіріп тастаған еken. Шоқаттың шетіне ілігіп қалыпты. Қалай дегенмен, күм аты бар ғой, мына жалтаңдан гөрі Шоқаттың ішінің ызырыры алғаулау болатынын көңілге медеу тұта бастаған. Шамалы жаяулаған соң аттарына қайта мінди.

— Бүгін сыйыршылардың ауылына жете алмаспсыз. Шоқаттағы тоқты отардың біріне ат басын тіреік. Күн болса мынау кешкіріп бара жатқан, — деді Сапарбек. — Бергі шетте таяулау отырғаны қайсысы еді. Сақаңдікі ме?!

— Иә, Сақаңның үйі таяулау. Сонау қарабұйраланып көрініп тұрған биік шоқаттың түбіндегі көнде.

— Сонда барайық, ыстық, ішіп жан шақырмасақ, бүгінгі мына сұық жеті атамызға жетіп кетті.

Екеуі аумағы әрі дегенде екі қозы көштей ғана жерді алып жатқан Шоқат атты шағын құмның жуан ортасындағы, беткейі мен төбесіне тұтаса өсken жыңғыл, терісken, түйесінірі, сан алуан қараусын бұталары бураның шудасындаі ұйысып көрінген биік қара шоқыға қарай ат басын бұрды.

Қарабұйра шоқының ығындағы, шағындау көнде отырған қойшының қараша үйінің түндігінен мына алапат аяздың салмағы мен сесінен басылып, жасқанғандай баяулай сыздықтап, әуеге әрең көтерілген, сол көтерілген заматта аяға селдірей сіңіп жатқан көкшулан тұтіні осына-ау тіршілік біткен мұздап, жансыз қалғандай, сұрықсыз кейіп, дозақ дүниеде екеуіне қанатымен су себелейтін қарлығаш пейіл жақындық таныта, сонадайdan көздеріне жылыңышрай көрінген. Бұлар таянғанда жыңғылдан тұрғызылған аласа, шалма қой қораның құнесіндегі қалың қорда үстіне төселген кәшек шөпке сұықтан жансауғалап тығыла жайғасқан қара төбет марғаулау әупілдеп бас көтерді де, ит дауысынан елеңдеп қойшының кемпірі далара шыға келгенде, “ал ендігісін өзіңе тапсырдым” дегендей тұмсығын екі бұтының арасына тығып, қайта жата кетті.

Екі аттылының сүреу-сүреу түрін көрген кемпір:

— Ойпырым-ой, балалар-ай, үсіп қалғаннан амансындар ма?! Қайдан келе жатырсындар? Тәріздерің

ауылдан мал аралауға беттегенсіңдер ғой. Мына құдайдың күнінің артын бағып барып шықпаған екенсіңдер де, — деді бәйек болып.

— Бәйбіше, жылдамдатып шай қойып жіберіңіз. Үйге кіріп сөйлесейік, — деді Сапарбек аттан түсуге онтайланып жатып.

— Макұл, балалар, макұл. От жанып түр. Қазір-ақ бүрк ете туседі шәй. Сендер аттарыңды байлағанша қайнайды. Қазанға тамақ та салып қойып едім. Білгендей істеген екенмін. Күннің түрі мынау. Азаннан кешке дейін мал сонында далада жүрген соң сұық сорып тастар, кешкілік шалға әл болсыншы деп кебеженің ішіндегі іске татарын асып жатыр едім. Сендерге бұйырған дәм екен, — деп кемпір пейілін кенге салған қалпы үйге бұрылды.

Үйге кірген соң да бұлардың бойы жуық арада жылына қоймады. Отқа түсіп кетердей, қаланып-қаланып, ошақты айнала, итіне ентелеп-ақ отыр. Жұздерін, қолдарын жалын шарпып шықатпай бара жатқан соң ауық-ауық шегініп қойып, сол сәтінде қайтадан отқа қарай тағы үмсинаады. Алдыңғы жақтары ыстықтың табын сезінгенімен тұлабойлары — жонарқа, бел, бөксе, желке тұстары мұп-мұздай. Денелеріндегі қалтыраған әлсіздік нышаны кетер емес. Қайта отқа қыздырынған сайын дір-дір етіп, еріндері-еріндеріне тимей барады.

— Бәйбіше дәміңіз бір қайнаған ғой! — деді Сапарбек үш таған темір ошақтың үстіндегі қара қазанда буы бүркырап, бұлк-бұлк еткен сары ала сорпаны иегімен мегзеп.

— Қайнағанына біраз болды. Енді шамалы уақытта пісіп қалады. Біздің шалдың да қойын қораға қайырмалар уақыты таянды. Сәлден кейін нанын илей беремін.

— Нан илеуге асықлаңыз. Қария келсін. Әзірге екі кесеге сорпасынан құйып, қазан үстінен бір турам етінен алып беріңізші.

— Жарайды, жарайды. Шай қайнағанша бойларыңды жылыта тұрасындар ма? — деп кемпір екі тостағанға толтыра сорпа құйып, қос қабырғаның қыртысы қалыңдау тұсынан білемдеп кесіп, екеуінің алдына қойды.

— Зәке, атдорбаңызыдағыны шығар...

Күн сұықта керегі бола ма деп жолға екі-үш шөлмек ала шыққан жайлары бар-тын. Зәмкен керегенің басына іле салған ат дорбадан біреуін алып Сапарбекке ұсынды. Сапарбек екі шәй кесеге ернеулете бірдей етіп құйды. Көзді жұмып тартып-тартып салған. Қабырганың майлы қыртысынан ауыз толтыра асап-асап жіберіп, ыстық сорпаны бабымен сораптаған. Ә дегенше мандайдан шып-шып етіп ыстық тер шыға келмесі бар ма. Сіресіп қалған дене бусанып, қол-аяқтары жеңілейіп, "үн" деп жан шақыргандай, өзіне-өзі келіп, жадырап сала берген екеуі де. Сол сәтте сырттан кіш-кіштеп мал қайырмалаган кісінің даудысы шықты.

— О-о, біздің шал-ау деймін. Аман-есен жеткен екен ғой, мүшәпірім. Ұсінбей-қабынбай келді ме екен, әйтеуір. Мен алдынан шығып, малын жайғасайын. Балалар, сендер, шайларыңды іше беріңдер, — деді кемпір апылғұпым шығуға жиналып.

— Қарияның таңертең кеткеннен оралғаны ма бұл?
— деп сұрады Зәмкен.

— Иә. "Осы күнде малды өріске шығармай-ак, ана азын-аулақ шебіңнен шашып, ауыл төңірегінде ұстасаң қайтеді" деп едім, "Ой, жазған-ау, мына сұықта өріске шықлаған, ашқұрсақ мал не болады. Қораға қамап қойып, қолдан қырмакпаз ба? Қоралы малға беретіндегі шебің қане? Атқа салып жүрген азғана пішен бір шашуға да жарамас" деп жаны тынбай, күнделігі уақытында өргізіп кетіп еді. Қайбір жетіскен тіршілік дейсін. Құр сұлдері жеткен шығар сорлының.

Кемпірдің сөзінің ұшыры өздеріне тиіп кеткендей екеуі бір-біріне қараған. Шынында, қай-қайсы да жетіскеннің тіршілігі емес еді.

Бұл өнір шөллейтті дала. Ылғал тапшы. Соңан соң колхоздың азын-аулақ шабындығынан азын-аулақ пішен жиналады. Оны қыс түсісімен мал қораларының басына тасый бермейді. Негізінен қыс аяғының қыын-қыстауы мен көктемгершіліктің көкөзек шағының қысылшаңына сақтайды. Ерте бастан қора басына шөмелеп-шөмелеп етіп жинап тастасаң қыс аяғына жеткізбей жеп, тауысып қояды деп қауыптенеді. Қалай дегенде де көрініп тұрған шөпке қол тигізбей, жұмсамай кім отырсын. Соңан соң мініс аттарына ғана жетерліктей бірер арба шөп түсіріп

беретін. Әрі бұл төңіректе, әдетте, қыстың бұл уағында мал қолға қарамайды. Әристен қалатындағы қыс болмайтын. Кім біліпті мұнданай кездейсоқ сұрапыл кезігер деп. Тап қазір екеуінің Сағындық шалдың да, ол тәрізді бүгін мына үскірікте мал соңында ілесіп қайтқан саңдаған малшы қауымның да көрген азап, бейнетін зерделерімен топшылап, арқаларына аяз батқандай сезімде шарасыздана қынжылған жайлары бар еді.

Осы сәт малды қоралауды кемпіріне тапсырып, өзі үйге бұрын бет алған Сағындық шал балалардың оқулығында жүретін Аяз атадай арсы-гұрсі басып, табалдырықтан ошарыла аттай берген. Шалдың түрі кісі қарауға аяғандай. Өнді қан-сөлден ада, үсіген пияздай бозарып, жансызданып қалған. Қос жанарынан жылу қашып, шыны көзденіп, ауыштанып кеткен. Қайратты, қалсағай денесі сексеуілдей секиіп, икемге көнетін емес. Сырт киімін шешуге әрекет жасап, қорбаң-қорбаң еткен болады. Үстіндегі томар бояу сары ала тоңның жеңінен қолын шығаруға әлі келмей әуре. Оның осы күйін аужайлаған бойда екеуі екі жақтан ұшып түрегеліп, көмекке үмтүлған. Шалдың сырт киімдерін шешіндірісіп, оттың қасындағы бөстектің үстіне сүйемелдеп әкеліп отырғызды. Соңда барып Сақаңның:

— Ә, жігіттер, амансындарманы, — айтуда шамасы келген.

— Аман. Аманбыз. Өзініз қалайсыз? — дескен бұлар.

— Шүкір.

— Аяқ, қолды шалдырып, үсітіп алғаннан саусыз ба? Ұзақты күн далада жүре бермей, бір мезгіл ыстық, ішіп кетіп тұратындағы ауыл төңірегінде неге жаймадыңыз. Алыс өріске бармай-ақ? — деді Сапарбек.

Шал еріндері әрең икемге келіп, тілінің тұтыры бар кісідей үзіп-үзіп сөйлеген:

— Ауылдың төңірегінде не от бар. Аяқ, асты фой... мына сұықта тоя жайылмаған мал не болады...

Шалдың салалы тарамыс саусақтары түйесіңірдің томаршасындағы буылтық-буылтық тарбиып әлі икемге келетін емес. Отқа қақталып, итіне отырғанымен жүзіне өзір қан жүтіре қойған жоқ. Жылына бастаған жаннның нышаны байқалмайды. Мұздаған балықтайды сұлық, сүрей кейіпте.

— Суық қатты өтіп кеткен-ау. Қарияның өні кіретін емес. Әбден жаураған екен, — деді Зәмкен.

"Несін айтасың" дегендей шал басын шұлғып, оның сөзін үнсіз мақұлдаған.

— Ауырып қалмаса де, — деді Сапарбек. — Жалғыз үй, жалғызлікті отырғанда сөйтіп қыын болмасын де. — Осыны айтты да ол әлдене шұғыл шешімге келгендей: — Жаңағының біреуін әперші, — деді. — Оншамамұншама суықтың емі сол емес пе?!

— Ойбай-ау, қария оны аузына алмайды ғой.

— Алады. Алдырамыз, — деді Сапарбек кесімді түрде.

— Ештеңде етпейді. Пейіш пен дозаққа бару сол бір стақан аракқа қарап түр дейсің бе?! Экел.

Зәмкен көк шөлмектің тағы біреуін суырған.

Бұл екеуінің сөзінің ыңғайынан, мына қымылдарынан түйсігіне әлдене жеткен қария:

— Оу, жігіттер, мен пәнде болып жүріп, татып көрген затым емес бұларың. Мені әурелемендер. Ас болсын, өздерің ала беріңдер, — деген.

— Сақа, мұны біз қызыққа, көніл көтеру үшін ауызға алып отырғанымыз жок. Суыққа мында бір ем бұл. Керек десеніз дәрі орнына ішпекпіз. Сізге де айттарымыз сол. Суықтың уытын қайтарады. Бір рет алып қойыңыз.

— Қой, қой, Сапарбек, ол не дегенің. Мен қатарларың, құрдастарың емеспін. Бұл қалжындағандарың ба?! — деп шал шегіншектей бастады.

— Сақа! Қалжыңыңыз не? Мен сізben қашан қалжындасып көріп едім. — Табиғатынан кесімділеу, беттілеу, кісіге сөзі жүретін, мінезді жігіттің дауысы сесті шыққан. — Осыдан суық өтіп жатып қалсаңыз қайтесіз. Мына айдалада, жалғыз үйде, жалғыз кемпіріңіз не істейді? Сізге қарай ма, ана қоралы малға ие бола ма? Еріккеннен іш деп ұсынып отырғанымыз жок, Біз де осы үйге жаңа өліп-өшіп әрен жеткенбіз. Ол бетте мұрттай ұшып ауырып қаламыз ба деп уайымдап едік. Міне осыдан есімізді жиынп, кісі қалпына келіп отырғанымыз. Айтқанда тыңдаңыз. Мә, мына кесені бір рет алып жіберіңіз.

— Сақа, шыны сол, әзіл емес, рас сөзіміз, — деген Зәмкен де Сапарбекті қоштап: — Мұнда тұрган не бар дейсіз. Ауырған кісілер доғдырдың ащылы-тұщылы, не

турлі дәрілерін ішіп жатады рой. Солардың қайсысы адал, қайсысы арам екенін кім ажыратып жатыр дейсіз. Соңан соң бұл арам ас емес қой, таза нәрсе рой. Пайғамбардың сахабаларының езі ішкен шараптың бір түрі.

Нәті жуас, кісі бетін қайтармайтын, бала мінез қалтарыссыз ақкөңіл, қауқалақтаған Сағындық шал мына екі бастығы екі жақтан әрі қолқалап, әрі қыспақтал қоймай бара жатқан соң тосылып, аңтарылып қалған. Ал екі жігіттің басында шынымен шалдың қамын ойлап бастаған осы әңгімесін енді, не де болса, аяқты етуге деген құштарлығы, аусарлығы оянғандай. Мүмкін іштегі қызғандықтың да желігі араласқан болар, ал кеп шалды ортаға алсын.

Лажы таусылған Сағындық қария кесе толы сүйықты емдік үзіріне мойынсұнғаннан гәрі екі жігіттің көңілін жыра алмаған пұшаймандық ыңғаймен сіміріп салған.

— О, міне жарадыңы!

— Енді дұрыс болды, — десіп екі жігіт бірі қазаннан кесеге сорпа құйып ұсынып, бірі таба нанның шетінен сындырып беріп бәйек болып қалды.

Сөйткенше кемпірі де келіп, еттің нанын жайып, қазанға салудың қамына кірісіп кеткен.

Жаңағыдан кейін іле-шала ыстық сорпа ішкен шалдың табанда ажары кіріп, балбырап сала берген. Жүзіне құлкі табы үйрілп, екі жігітке жымың-жымың көз тастап, әлдене айтуға оңтайланғандай қуақылана қарағыштайды. Соны байқаған Сапарбек:

— Сақа, қалай, дұрыс болды ма өзі? — деді.

Шал қуақы жымиган қалпы:

— Эй, жігіттер, мыналарың кедейдің тамағы екен рой! — деді. — Тоқтығы да өзінде, қызуы да өзінде. Көңіл жомарт. Нағыз кедейдің тамағы.

Шалдың мына сөзін естігенде екі жігіт құлкіден түйіліп қала жаздады. Естерін әрең жиып:

— Ойпырым-ай, Сақа, не дедіңіз?

— Кедейдің тамағы дейсіз бе?!

— Япыр-ай, қалай тауып айтылған сөз. Есінізге қайдан келді, табан астында, мұндай теңеу?

— Эй, адам баласының таппайтын сөзі жоқ-ау, — десіп дабұр-дұбыр мәз болуда.

Аспай-саспай, майдалап, бабымен сызып сөйлейтін

Зәмкен, әдетінше, атызға жайылған судың дыбысындағ
жұмсақ сылқ-сылқ, күлкісіне басып:

— Біздің Сақаңмен ойнайсындар, — дейді, көзінен
аққан жасын дәс орамалымен сүрткілей түсіп: — Сөз-
ақ, емес пе. Өмір бойы ішіп жүріп қайсымыздың ойы-
мызға келіпті осындағ әңгіме. Ой, көп жасағыр, Сақа,
күлкіге бір қарық қылдының.

Мына қызойнақта отырғандай арқа-жарқа күлкі,
дабырласқан әңгіменің төркінін алғашқыда неге жорырын
аужайлай алмай дағдарған кемпір біресе шалының, біресе
екі жігіттің жузіне қайта-қайта қарағыштап, түйсігіне
әлдене жеткенде қариясына бағжайя тесіліп:

— Көтек, мұнысы несі?! — деді.

Оның үріккен, тосын дауысының салмағын жеңіл-
детіп, жайластырғандай, беймарал қалыпта Сақаң:

— Шүркетпе, кемпір, — деді. — Гәбің ішінде болсын.
Онан да ана наныңды салып, қазаныңды тезірек түсір.

Осы көңілді әңгімемен тاماқ, желініп, шәйі ішіліп,
түннің бір уағына дейін отырып барып, соナン соң өздері
қағидаға айналдырған “таңғы нәсіп — тәңірден”
тіршіліктің тәртібімен жатуға ыңғайланған. Әдептегідей
ертеңге үміт арта: “Қыс бойы осылай тұрып қалмас.
Біраз күн болды ғой суытқанына. Енді сынатын,
қайтатын шығар”, — десіп көңіл демдескен.

Жатарда көріктің көмейіндей қызу шашып жалындал
жатқан оттағы баданадай-баданадай қызыл шоқтардың
үстіне сексеуілдің мейіздей қатқан сары жігерлерінен
тоғыстырып қойып, жұмақтың төріне шыққандай-ақ,
рахаттана үйқыға кеткен еді.

* * *

Жан-жаққа тым-тыракай аттанғандар екі-үш
тәуліктің тәңірегінде маңайдағы ауылдарды аралап,
орталыққа оралғанша сүйкітың беті қайтып, аз күннің
ішінде тарының қауызына сыйғандай тарылған дүниенің
ә дегенше тынысы кеңіп, тіршілік үйреншікті сабасына
түсіп үлгерген. “Енді қайтып заман түзелмейтіндей,
акырзаман орнайтындағ қуырылып едік. Айналайын,
жаратылысқа жарылқаймын десе қын ба, көрген
азабың бір күнгідей өте шықты. Құдайдың күні міне
жарқырап тұр енді”, — десіп, қабактары ашылып,
көңілденген жұрт пейілді кенге сала бастаған.

Әр жақтан ат басын қайырған кісілер колхоз кеңесінің төңірегінде тоқайласады. Барып-қайтқан жолдары, көрген-білгендері, шаруа жайы гу-гу әңгіме.

Тұс ауа мектептен тараған балалар да мұндайда соларды төңіркетеп, үлкендердің әңгімесін тыңдауға өүес. Осында әңгімеге үйрекстердің бірі Серелінің Бердені. Берденнің жетінші класта оқып жүрген кезі. Кеңсенің жанында топ кісі колхоз бастығының орынбасары Сапарбек пен ферма менгерушісі Зәмкеңді ортага алғып, аса бір көнілді, гүлдескен әңгіме үстінде екен. Сапарбек Зәмкен екеуінің кешегі суықтағы мал ауылдарды аралап қайтқан сапарларын әңгімеледі. Балалары орталықта — оқуда, өзі кемпірі екеуі Шоқатта тоқты отарын бағып отырған Сағындық, шалдың үйіндегі әңгімені майын тамыза баяндал, жүрттың айызын қаңдырып тұрған түрі бар.

Төңірегіндегілер ду-ду етеді:

— Әй, тауып айтқан сөз.

— Сақаңыңың ондай жатып атары жетеді.

— Ой, бәле шал ғой ол. Әшейін қой соңында салпақтап жүрген соң кісінің қадыры бола ма. Әйтпесе, сұңғыла шал ол.

Тұрғандар бірін-бірі қоштап, бірін-бірі іліп әкетіп, Шоқатта жатқан Сағындық, шалдың құлағын едәүір шулатқан. Ал "кедейдің тамағы" деген теңеуді, бұрын өзі кезіктірмеген мына жаңа сөзді, Берден осы жолы тұңғыш есітіген еді. Бірақ сол сәт сол сөздің қуақы астарына, ұтымды орайтына, тапқыр түйініне бала зердесі бөлендей пайымды мән беріп, салмақтай қоймаған шығар. Соңан соң да болар әшейінде айтылып жататын көп сөздің біріндей қабылдап, кешікпей ұмыттып та кеткен жайы бар-тын. Алайда осыдан аз жыл бұрын, ойда жоқта, осы әңгіменің есіне түскені. Түскенде де жәй әшейін емес, соң-оу елуінші жылдары дүние салған Сағындық шалдың "кедейдің тамағы" деген қанатты тіркесі мұның көз алды, сезім-санасында бар мән-мағынасымен жарқырай ашылып; уыт, астарымен, қорғасындағы салмақты түйінімен тәнті ете, Берденді ойландырып, толғандырып кеткен еді...

Бұл кезде көптен үлкен қаланы мекен етіп, тұрақтап қалған Берден жігіт ағасы жасына иек артқан шақта. Тертеге көндіккен қой торыдай, тауқыметі таусылмай-

тын күн көрістің ығытына мойынсұнған қаладағы көп жұмыр бастының бірі ретінде өмір өткізіп жатқан жайы бар. Қызметтің өрісінде, от басының тәңірегінде кездесіп қалатын әлдене кездейсоқтық, қайсы бір жаңалық, тәрізді елең еткізер сөттер болмаса, көбіне үйреншікті тіршіліктің ауанымен өтіп жатқан белгісіз күндер.

Бүгін күн сенбі — демалыс болған соң үйқыны қандырып тұрып, азанғы шәйдан кейін әдеттегідей тәңіректі аралап жүріп қайтайын деп, көшеге шыққан. Мезгіл Май мейрамы тақап қалған кез. Табиғат ананың әбден тулең, құлпырып, келісті көркіне кіре бастаған сәті екен. Кешегі төгіп өткен нөсерден кейін бүгін күн де ашық, жып-жылы. Жер беті, айнала тәңірек көктөрғынданып, қарасаң көз тоймайды. Үлкен қаланың өмірі еңсенді басып, тынысынды жібермей тұратын, ауыр ауасы жел шайғандай женілдеп, көктем исі сарайынды ашады. Соны қызықтап, көбірек жүріңкіреп қалып, тұске қарай үйіне бет алып келе жатқан. Жолай азық-түлік сататын үлкен дүкеннің қасынан өте бергенде соңы көш жерге дейін созыла тұрған кісілердің кезегін көзі шалған.

"Е-е, арақ тұскен болды-ау мына дүкенге. Мейрамға екі-үш-ақ, күн қалды. Бізге де алып қою керек еді. Кезекте тұрсам, жетер ме екенмін", — деп екі ойлы күйде жағалап келіп, амалсыз:

— Арты кім? — деп сұраған.

Мейрамға дайындықтың белгісі болса керек үстіне бір киерін іліп, омырауына әр түрлі орден-медальдарын тағынған, ақ, шашты, мұнтаздай қария кісі:

— Соңы мен едім, — деп жауап қатты.

— Қашаннан бастап сатты? Көп болды ма? Бізге жетер ме екен, — деді бұл.

— Қайдам, — деді қария күмәнді дауыспен. — Сата бастағаны жаңа әзірдеғана. Үлкен "Камаз" машинасына сірестіріп тиеп әкеліп тұсірген. Аз жәшік емес. Еңді оның қаншасын, қалай сататының кім білсін. Жүрт кезек сақтап, тәртібімен алса бізге жетіп қалар. Бірақ қазір жастар, студенттер бейбастақтанып алдығой. Топырлап келеді де кезегіңе пыскырмайды. Алдынан кимелей кіріп, дорбалап алыш жатқаны...

— Иә, қазір олар окууды жинап қойып, арақ, сатуға

шыққан, — деді қарияның сөзін қоштай, алдарында тұрган кемпір кісі запыста болған түрмен реніш таныта. — Жәшіктеп алады да әр шынысын екі бағасына өткізеді. Пайда деген қайда жатыр. Терлеп-тепшімей-ақ, белі ауырып, шаршамай-ақ, мыс-мыс ақшаны қалтаға басады. Эй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ. Сүмдышқ, қой бұл, сүмдышқ, Көзбе-көз жасалып жатқан үрлікқа көзқырын салып қарайтын ешкім жоқ.

— Бәсе десейші! Осы алып сатарлыққа неге жол ашып қойды. Бұған бір шектеу болмас па, — деп бұларға жақын тұрган орта жастағы бір ерекк кісі әңгімелеге араласты. — Сатсын — өзі қуырған тоқашы ма, тіккен көйлегі ме, тоқыған шұлығы ма, жасаған жиһазы ма, әйтеуір, өзі өндірген мұлікті сатсын. Неге мемлекеттің завод, фабрикасынан шығып, дүкенге не қоймаларға түскен, халыққа сатылуға тиіс дүниелерді, жолын тауып, елге жетпей тұрганда қолға түсіріп, соны жұрттың көзін бақырайтып қойып, қымбатқа сатып, пайда табуга тиіс. Бұған неге жол беріледі, түсінбеймін. Қайта құрып жатырмыз. Халықты жарылқаймыз. Бар мақсатымыз, жұмсал жатқан күш, жігеріміз ел үшін деп ұрандатқандағы соナン көрген жақсылығымыздың алды осы ма?!

— Қалай айтсаңыз да, алды осы шығар, — деді Берденнен кейін келіп, кезек алған жастау келіншек кекесін үнмен мырс етіп: — Эйтпесе ит басына төгілгендей, сіресіп, босқа тұрган сасық арақ үшін бүкіл жұртты осылай телміртіп, әурелеп қоя ма.

— Телміртіп дейсің, шырағым, қырылыштырып де. — Мұны айтқан әлгінде студенттерден зәрезап болып тұрган кемпір еді: — Күнде басымыздан өткізіп журміз ғой. Қай жерде арақ сатылса сонда қырылыш, төбелес. Телевизордан көрсетіп жүр. Ресейде де сол. Тіпті, кезекте таласып, бірін-бірі таптап, кісі өлгенін де көрсетті. Қазір қараңдар да тұрыңдар, осы жерде де сол болады. Анау жатақханалар мен анау құрылыштағы жұмысшылар әлі бұл жерге түскенін хабарланбай жатыр. Естіген бойда лап қояды, — деді кемпір сонадайдан көрінген биік-биік құрылыштар мен қатар тұрган үш-төрт зәулім фирмаратқа қауіп күткендей беймазалана қарап.

— Иә, олар келсе, ештеңеге иегің қышымай-ақ, қойсын. Дорбанды салбыратып үйіне қайта бер, — деді

орта жастағы еркек: — Шынында, қайда барсаң сөрелерде сіресіп сыймай тұрган соншама дүниенің апат жоқ, соғыс жоқ, көзді ашып жұмғанша осыншалық, зәрулікке шығуы, түсініксіз нәрсе.

— Не түсініксіз бар. Үкіметтің маскунемдікке қарсы құресі, салауаттылық, туралы Заңы бар емес пе. Сол заңды жүзеге асыру керек қой. Заңның аты Заң, — деді бұл кезге дейін сөзге араласпай, айтылып жатқан әңгімеге құлағын салып, маңғаздау тұрган ересек жігіт зияллылық таныта, жұртты мәмілеге, сабырға шақырғандай райда. — Сол заңдан кейін ішкілік шығару құрт азайтылды. Соның салдары.

— Ал, неге бас жоқ, көз жоқ, құрт азайтылады, — деді орта жастағы еркек: — неге бірте-бірте азайтылмайды. Өмірі ішіп келе жатқан халық Заңды оқи салып, бір-ақ күнде ішкенін қойып салауаттылыққа келе салады деп кім айтады. Ол енді адамның табиғатына сәйкес келмейтін нәрсе ғой. Мұндай бүкілхалықтық, үлкен шараға рухани да, тұрмыстық, та дәйекті дайындық, жүйелі жоспар, әбден ойластырылған хам-харекет арқылы ғана кірісү керек қой.

— Енді сіздің айтқаныңызға салса талай жылға созылатын шаруаға айналады да. Оған дейін кім бар, кім жоқ, Өздері ойға алып бастаған істі тез арада аяқтау керек шығар. Сол себепті шұғыл шараларға барған болар, — деп әлгі жігіт зерделілік байқатып, әлі де ара ағайындықтан кете қоймаған.

Орта жастағы еркек те өз дегенінен қайтқысы жоқ;

— Жоқ, соншама не асығыстық деймін ғой, от алып бара жатқандай. Жүріп-журіп келіп, не шұрылдық, осы алды-артына қаратпай бара жатқан...

— Оу, жерлес, Үкімет қандай билікті қашан шығарады өзі біледі де. Сол үшін де Үкімет емес пе. Әркімнің көніліндеңісіне қарап отырады дейсіз бе?! Сіз бен біздің қалауымыз қайдан бола берсін.

— Ендеше, бұл Үкіметтіңіздің қателігі де сонда, — деді анау өзеурей, қарсыласына сес көрсеткендей иығын беріп, таяна түсіп: — Есіңізде болсын, сіз бен біз халықтыз. Дәлірек айтқанда халық сіз бен бізден құрлады. Ал халықтың көніліндеңісін табуга ден қоймаған, оның жағдайымен санасқысы келмеген, халықтың

тұрмыс-тіршілігінің болмысын аужайлай алмаған
Үкіметтен не қайыр?!

— Ой, сіз өріге кетіп баrasыз фой, — деп жігіт енді
әңгімеге кіріспеуге ыңғай таныта, теріс қарай берген.

— Жарайды, — деді орта жастағы ерек: — Менің
де дау іздеп, тілім қышып бара жатқан жоқ, Бірақ сіз
Үкіметтің жаңағы салауаттылық, туралы заңына
соншама ықтияр болсаңыз, мұнда неге тұрсыз? Заңың
жүзеге асуына белсенділікпен атсалыспайсыз ба??!

— Бір маған қарап тұрған ештеңе жоқ болар. Сіз
өйтіп қыжыртпаңыз. Мейрамға қарсы екі-үш шыны
алғанның еш айыбы жоқ шығар.

— Ә-ә, солай ма? — деді екеуінің сөзіне мұқият зер
салып тұрған әлгідегі жас келіншек: — Біз бәріміз бірдей
ішкіштігімізден тұрғанымыз жоқ осы жерде. Сол сіз
тәрізді екі-үш шыны үшін тұрмыз...

— Тұра беріңіз. Мен сізден неге тұрсыз деп сұрағаным
жоқ қой, — деді жігіт шамдана. — Жалпы сізге ешиңдерсе
дегенім жоқ,

— Жоқ, сіздің сөзіңізге қарай айтып тұрмын. Сол
екі-үш шыныны қазір еш жерден таба алмайсың. Осындай түсे қалса, мына қызыл қырман кезектен
жетпей қаласың. Ана кісінің айтқаны рас — келіншек
орта жастағы ереккек қарады. — Бірте-бірте бармасақ,
салауаттылықта табан астында қалай икемделе алайық,
Күнделікті тұрмысымызға, тіршілігімізге, тіпті, санамызға
әбден сіңісіп, кеткен әдет қой. Арыла салу оңай ма.
Жолдасың бар, жораң бар, келе қалса, алдына мұны
қоймасаң ол да, сен де үялғандай пұшайман күй кешесің...

— Оның рас. Оның рас, — деп еркегі бар, әйелі бар
тұрған кіслердің біразы дуылдай қоштады...

— Мен өзі күйеуімді ішкіш, араққұмарлардың
санатына қоспаймын, — деді келіншек. — Жұмысында,
жүрген ортасында бір кісідей қадыры, беделі бар. Сол
азамат кейде, қызметте енді әр түрлі жағдаят болады
фой, ренжіп, қажып келгенде орта стақан арақ сұрайды,
“шаршағанымды ұмытайын” деп. Ең оңайы сол. Енді
оны әдет дейсің бе, басқа дейсің бе, әйтеуір қанға сіңген
нәрсе. Оны айтасың, тіпті, жанға батқан ауыр науқас
болмаса, ара-тұра соғатын тұмау-сұмаудан кейде ыстық

тамақпен осыны ішіп, терлеп, екі-үш күн күтініп, дәрігерсіз-ақ жазылып кетеді. Сол үшін де бірер шыны үйде тұруы керек сияқты. Ал, алайын десең мынандай сарсанға түсіріп қойды.

— Бәрі бір, бұл заңнан ештеңе шықпайды, — деді орта жастағы еркек. — Мұнымен тоқтата алмайды. Қайта халыққа зәбір келтіреді. Қазір дұрыс ішкілікке қолы жетпеген кейбір жастар, байырғы араққорлар табылса әтірді, табылмаса неше түрлі зиянды қоспаларды ішуге шықты. Ол деген бірі уланып, бірі денсаулығын құртады деген сөз.

— Рас, рас. Оныңыздың жаны бар, — деп қоштады келіншек те, төңіректе таяу тұрғандар да.

— Өзі байқайсындар ма, — деп сөзін жалғай түсті орта жастағы еркек. — Осы заң шыққалы бергі бірер жылда ішетіндер көбеймese азайған жоқ. Шарап, түрлі сусын, шырындар дайындастын бүкіл жүзімдіктерден айрылдық. Жайқалып тұрған халықтың байлығын жауды жайпағандай екпінмен отап салды. Енді азын-аулақ спиртің сұранысты қамтамасыз ете алмайды. Соナン соң жасалатын араққа неше түрлі қоспаларды араластырып көз бояушылыққа көшеді. Соナン барып құрамы өзгеріп, сапасы төмендейді. Қара да тұр, бара-бара спирт емес, у ішесін...

Осы сәт:

— Эне, келе жатыр! — деген әлдекімнің үрейлі дауысы әңгіме желісін үзіп жіберді. Жұрт дауыс иесіне жалт қараған. Әлгіндеңі зәрәзап кемпір екен, шабуылға шыққан әскердей жосын екпінмен салып ұрып келе жатқан бір топ жастарға қарай қолын шошайтып тұр. Кемпірдің жаңағы қауып күткен студенттері осылар тәрізді. Ішінде бірлі-екілі қыздары да бар.

Тұрменікі тәрізді білем-білем темірден тор тұтылған терезенің кісі басы сиятындағы тесігінің алдында қайыршыдай жамырай қол созған, тапа бір шілденің шаңқай түсінде шыңырау құдықтың аузына топырлаған қойдай бірін-бірі кимелей, иін тірескен жұрттың соңы айдаһар жыланның құйрығындағы бара-бара жіңішкере түсіп, едәуір жерге дейін созылып жатыр. Онсыз да даңғазасы мен ду-дуы жетіп тұрған осы дүрмекті жаңағы тобыр келген бойда дауыл тиғендей тенсeltіп жүре берді.

Темір тордың алдында топырлап, тіресте тұргандарды кісі екен-ау деген жоқ. Тұс-тұсынан ииқтап, сыналай сүрынып, тұяқ іліктіріп алды да, сонаң соң сіресе итермелеп, өңмендей үмттылып, өршелене қайрат танытып, ақыры алапат тегеуріннің серпінімен алдыңғы жақтағыларды түріп шықты. Езілген аяқ, жұлынған түйме, жыртылған жаға, қаны басына шапшыған ызалы, кекті жүздер; бір-біріне кезенген оқты жанарлар; қарша бораған қарғыс; сүйексіз тілден тиексіз шыққан балағат сездер...

Мына көрініс, мына нышанды Берден осы сәт тұпкі сыр-сыйпаты белгісіз, мына кезеңнің өтпелі саясатының құйтырқысы тудырған алақұйынның әлегіндей сезінген.

Арғы жағынан сатушының басы көрінетін темір торлы тісіктің тұсына иық, тірестіре сіресіп қатар тұрып алған екі жігіт арт жақтарынан бөгде ешкімді жібермейді. Ал өздерімен бірге келген бес-алты серігі бірінен соң бірі кезегімен алғандай-ақ, терезенің көзінен кіл көк шөлмектерді қоралап уысталап тасуда. Қолдарындағысын оқшаулау тұрган екі қыздың қасындағы мес қарын қара қапшықтарға апарып сала салып, қайта жетеді. Бұларға "жаңа ғана алдың ғой" деп жатқан сатушы және жоқ, Оны айтасыз, басқаларға: "Бір кісіге ұшеуден артық берілмейді",— деп жаңа әзірде қақсан тұрган үні де өшкен. Бесеу десе бесеу, он десе он — сұрағанын береді өздеріне. Онымен тойым білдіріп жатқан әлгілер жоқ. Анау тұпсіз қара жылым тәрізді, мешкей қара қапшықтар толмай тоқтайтын сыңайлары байқалмайды. Елдің шыдамы таусылып, улап-шуларанын, қарғап-сілегенін, "милиция шақыру керек" деп дөңайбат шеккенін құлақтарына қыстырар емес. Алдарына кесекөлденендердегендерді қағып өтіп, қара қапшықтар мен қара торлы терезенің арасында ерсілі-қарсылы шапқылап жүр.

Әсіресе, тәмпіш танау, тәпелтек сара бала тым белсене қайрат көрсетуде. Шағыр көзі шатынап, еліріп алған. Өз ісіне өзі дән риза, шат. Ынты-шынтын сала танаурап, тау қоларғандай ентігіп болып жүр. Ессізденіп алған жанарында қытық жоқ, шыны көзденіп, шақшия қарайды.

"Япыр-ай, мына баланың соншама ереуілдеуін-ай. Бойындағы жастық жігер, қуат, қайратты сарқыла

жұмсар жерін тапқан екен, ә", — деп оның ештеңеден тайынбайтында жанкешті өрекетіне Берден тіксіне көз тастаған. Жүріс-тұрысынан аса, масаң кісінің қалып, кейпі байқалмайды. Ал ана өзеуреген қымыл, жын буғандай екі иығын жұлып жеген сыңайын саудың да санатына қосу қын. Табиғи түр-түрпаты, обалы нешік, рәпәтсіз кісінің реңін танытпайды. Жасында мәйегі аузынан түскеңдей, сарғалдақтай, сұп-сүйкімді-ақ, бала болғаны даусыз. Қазір де суретке түсуге дайындалса әп-әдемі жігіт кейпі шыға келері хак, Бірак, қайтерсін, мына пошымы жыртқыш тақылеттес. Үлкен, кіші, ұят-аят, обал-сауап дегендер мұның ұғымына мұлде жат сияқты.

"Сабаз осы бетінше кете берер ме екен?. Қортындысында кім болмақ? Не мұрат арқаламақ?"—деп Берден қынжыла ойлай бергені сол еді, "жылап келіп — енірегенге тап боласыңың" керіндей онан да сорақысы алдынан шықты.

Бұлардің де әбден шектен шығып кеткен болса керек. Оның үстіне қүйгелек, шыдамсыз кісі ме, манағы зәрәзап кемпір кезекті олжасын қара қапшыққа сұңғітіп жіберіп, қайта жұлқынып келе жатқан әлгі сары баланың жолына көлденендең, бажылдай бастады:

— Не деген ұятсыздар? Жетпей ме енді? Сендерден басқа адам жоқ па?! Қайт деймін, қайт!..

Сары бала оны пәуеріне ілмеді. Итермелей, сүйреткен бойы темір тордың алдына бірақ барды. Мұның ыңғайын таныған кемпір онан күдер үзгендей тастай беріп, енді тесіктің алдында түрған екі жігіттің бірінің, қолына тырмысып, жабыса кетті:

— Кетіндер. Кетіндер! Сендер аларларында алып болдындар рой. Құдайдан қорықсандаршы. Иман бар ма өздерінде. Неге ұялмайсындар. Мендей кемпір шешелерің бар шығар...

— Әкеңді, бүралқы күшіктей қаңсылатып лақтырып жіберейін бе, тоңқалаң асырып. Тіпті қоятын емес қой,— деді елірме сары онан сайын шатынай, сол айтқанына шынымен бел буғандай ыңғайлана.

— Әй, өліп қалып бәлесіне қаларсың. Тыңдама. Шажбаңдай берсін. Болмай бара жатса әрі қарай итеріп жіберерсің,— деді екі жігіттің бірі оны сабырға шакыра.

— Экенді, өбден басынған бұлар, қызып етсе бай-баламдаپ, қорқытып. Айқайласа болды құйрығымызды қысып біз тайып тұруымыз керек қой. Әбден мойнымызға мініп алған,— деді сары ашуын баса алмай, екі иінінен дем ала, өз-өзіне сыймай: — Экенді, өмір бойы құл болып өтуіміз керек екен ғой бұларға.

Соны айтып елірме сары кемпірге зәрін тәге төне түсіп, қеудесінен итере:

— Кет, қазір бұл жерден! Енді алдыннан шықсаң ол дүниене жүргізіп жіберемін,— деді.

Жігіттердің "еркіндігі" асқынып бара жатқан соң шыдай алмай Берден жандарына таянып келген. Қөңілінде "қанша дегенімен өзіміздің балалар ғой, "бұларың қалай" деп батыра айтса, қарайлар" деген есек дәме жоқ емес. Сол бетпен:

— Ей, айналайындар, үялсандаршы. Эке-шешелерің-дей кісілер кезекте тұр ғой, таңертеңнен бәрі сарылып. Бір емес, екі емес, бұларың не? Жігіт болғанда, жігерлі болғанда қайраттарынды көрсеткен тұрлерің осы ма?! Тоқтатындар енді,— деді.

— Ағай, осы мораль оқи жөнелгендерінді қойындаршы. Ақылың көп болса өзінді жарылқап ал. Бізге кек тыныға керегі жоқ, оныңыздың,— деді темір тордың түбіндегі екі жігіттің бірі бұған бетінен салып жібердердей ажырайып.

— Өзінізге қанша керек. Қазір әперейін,— деді екіншісі "соны ал да жөніне тай, басқаны қайтесің" дегендей есіркеу танытып.

— Мен сендерден арақ сұрап тұрғам жоқ, жігіттер...

— Ендеши жұмысыңыз болмасын бізде. Аулақ, кетіңіз!..

Әңгімені мұнан әрі созудың қисыны қалмаған. Маңдайын тасқа үрғандай не істерін білмей, тұла бойын дәрменсіздіктің ызасы ма, жоқ әлде жігіттік намыстың уыты ма, түсініксіз бір қыжыл буып, қалшылдаپ кетті. Бірақ өзін-өзі ұстауға тырысты. Оナン әрі барғаннан түк нәтиже шықпайтынын,abyroй таппасын ақыл жүгіртпі емес, әлдене түйсікпен сезгендей кебі бар. Лажы құрып, төңірегіне ыңғайсыздана көз жүгірткен. Сөйтсе мұның осы сілейіп тұрып қалған қалпын табалап: "Ә, солай ма, сауап болды-ау өзіңе" дегендей қара

қапшықтардың қасындағы екі қыз мыскылдаған кейіпте, арсыздау жанармен айыздана қарап түр екен. Бұл кейін қарай бұрылып жүре берді.

—Бекер бардыңыз. Олар сөзге тоқтап, ешнәрсенің қадыр-қасиетін біletін адамдар емес. Көздерін маскунемдік пен арам сауданың шелі басып, тумай жатып көрсоқыр болған жазғандар ғой. Мен сіз шатысып қалар ма екен деп уайымдап едім. Қолыңызды бірақ сермеп бұрылып кеткеніңіз дұрыс болды,— деді бұл кезектегі өз орнына қайтып келгенде манадан бірге тұрған әлгі жас келіншек. — Бәрін арқалап кетпес. Қалар. Жетсек алармыз. Жетпесе құрысыншы.

—“Ел ішінде бір тентек жүрмеуші ме еді” дегендей адам болған соң араларында тентектері, шалдуарлары кездеседі ғой қай уақытта да. Ал мұншама қоралы жандардың қатарында біреуінің жібі түзу көрінбеуі, осымыз ұят-ау дейтін бас көтерер ешкімнің ұшыраспауы кісі шошынатында тірлік екен. Бізде жас, біз де мас болып көріп едік,— деді Берден ренішін де, уайымын да сездіре.

— Ой, қазір біздің балалардың істейтіні осы — деді келіншек наразы кейіпте. — Бұрын өзге жүрттың жастарын кінәлайтынбыз, бұзакылық, жүгенсіздік солардан шығады деп. Ал бүгіндері мынандай әумесерлік, бейбастақтық жасауға келгенде бұлар олардың бәрін жолға таstadtы. Әулекі сүрэй, әуейі топ кілең жүрген...

— Иә, қыын, қыын, — деді әйелдің сөзін макұлдал, бұл жағдайды күнде өзі де көз алдынан өткеріп жүрген Берден.

— Және сөйтіп бұрқырап жүріп: “Біз бәленбіз, түгенбіз. Жер біздікі, ел біздікі, бәленшелерді қуу керек, түгеншелерді құрту керек” деп жалған ұрандатып, патриоттаныш жүргендерін қайтесін. Естігенде ұласың. Төңірегіндегі тұрғандардан ыңғайсызданасың. Эр нәрсенің өз орны, жолы, айтылар жері бар ғой. Арақтың кезегіне таласып тұрып, халықтың құлағын шулатқан несін алған. Халқында жақсы көрсөң алдымен окуынды ойдағыдай оқып, білікті маман болып шық. Дұрыс отбасын құр. Сонан соң елдің азаматы болуды ойласаң жарасар. Ит қуып жүріп көсемдік жасағысы келген не соры...

— Ал, аз десен, аналары тағы келе жатыр! — деген жан даусы шықты осы сөт зәрзәп кемпірдің.

Жұмыс киімдеріне қарағанда құрылышылар тәрізді, сойдауылдай-сойдауылдай, жас шамалары әрқылы бір үлкен топ бері қарай көктемгі көшкіндегі құлап келе жатыр екен. Жақындаған бойда олар да ұзақ-шұбақ, кезекке көз қырын салған жоқ, бірден темір тордың алдын қаумалай жөнелді. Қалың итеріспекте алдымен қолы жетіп қалған кейбіреулері олжа салғандай масайрап, екі езулері құлағына жете, қылта мойнынан қысқан көк шыныларын жарқ-жүрк, еткізіп, ойқастап шыға берді. Үш-төртеуі өріректегі биік талдың түбіне тұра қалып, олжаның алдын мүшелеп те жіберді. Шаң басып, қаңсып, қарауытып, тұтігіп жеткен әлгіндегі шаршаңқы жүздері айбарланып, өзгеріп сала берген. Дауыстары жігерлі шыға бастады. Алғаш қолға іліккен екі-үш шыныны әп-сәтте жайғап тастап, енді темір торға қарай қайта бет алғандары да бар. Несін айтасың, әніміні темір тордың алдында шаң-шұң шығып қалған. Сөйткенше толқын ұрып өткендегі дүр етіп, апыр-топыр төбелес басталып кете барды.

— Ой, ужас!

— Ой, сұмдық!

— Ал да масқара-ай!

— Бірін-бірі өлтірер мыналар.

— Қырылсын, мейлі...

Аулаққа ысырылып шығып, одырая-одырая қарасып тұрған кезектегілер гу-гу.

Сол сәтте қайдан келе қалғанын екі қызыл жағалы жігіт сап ете түскен. Апыр-топыр, алыс-жұлыс пышақ, кескендей сап тылды. Төбелесшілер бет-бетімен жылысталап, үйді-үйді тасалап, жөнеп барады. Соны күтіп тұрғандай тап осы мезетте темір тордың арғы жағындағы қызыл бет, торсықтай сатушы әйел:

— Енді сатылмайды. Арақ таусылды. Бекерге тұрмай, тарай беріндер, — деп жар салды.

Жұрт дуылдасып, иіріліп кетер емес:

— Таусылғаны несі, қалай таусылады? Таусылатын реті бола қойған жоқ. Біздің де көзіміз бар.

— Жартысын жасырып алып қалып отыр ғой. Ертең сыйбайластарына таратып, саттырады да.

— Сөйтеді. Сөйтеді. Бұларда иман бар ма. Осы тапшылықты өздері әдейі қолдан жасап жур. Бар бәле сауда орындары мен сатушылардың өзінде. Жүртпен санасу, есептесу дегенді қойған. Білгенін істейді.

—Дұрыс айтасыз, бар бәле осыларда. Бұларды тезге салмай дүние оңалмайды. Қайта құру, демократиялан-дыруды осылардан бастау керек.

— Жә, бұлар бергі жағы. Тапшылықтың бәрін осылар жасап отыр дегеніңіз қате. Бұларды тәртіпке шақыру соншалықты қолдан келмestей қыын шаруа емес,— деді ақ шашты, орденді қария. — Бұл тапшылықтың арғы жағында әлденені қөздеген үлкен саясат жатыр. Мемлекетініздің керегесінің көгін ыдырататын әккі саясат. Ал мына араққа таластырып қою — бұл халыққа қысастық жасау, керек десеңіз қорлау. Бұл білмestіктен туып отырған жоқ. Әдейі жасалған нәрсе... Берекесіз-дену мен тәртіпсіздіктің бастауы деңіз мұны.

— Қария, мына сөзіңізге қос қолымды көтеремін,— деді әлгіндегі орта жастағы еркек. — Тұп-тура айтып тұрсыз. Халықты мазақ ету. Елді ішкіліктен құтқару үшін бұлай қысастық, көрсетіп, жалаң ұран тастаудың қажеті шамалы. Ол үшін жүйелі түрде жүргізіліп отыратын жоспарлы шаралар болуы керек. Осы занда шығарып, жария етіп отырғандардың өздері бізден аз ішпейді. Ал елге ішпендер деп өсиет хат жолдайды. Сонысына қоя салады деп ойлай ма. Адымен өздері қоймай ма. Соナン соң елді-күнді бірлесіп, бұл қарғыс атқырды тоқтатудың шарасына кіріспейміз бе?!

—Шырағым, бұл ыру-дыру жасаудың әрекеті деп үк. Өзі қоңторғай мемлекеттің онан әрі құлдырауының, кедейленуінің басы бұл. Экономикаңың бір қабырғасын жауып, ұстап тұрган осы ішкіліктен түсетін қаржы екені еңбектеген баладан еңкейген көріге дейін бәріне аян жәйтіт. Күнделікті миллиондал, миллиардал қазынаның қаласына құйылып жатқан сол қарожат быж-тыжға айналуда. Оның қызығын енді үрілар, сөудегерлер, ебін тапқан қулар көруде. Халқың мынау тапа-тал түсте ызы-қиқы болып жатқан. Айттым рой бұл жүртқа әдейі жасалған қысастық. Ал оның түпкі зардабы мемлекеттік құрылым жүйеге, тәртіп-тәлімге барып тиеді. Соны әлсіретеді. Мұнан келер пайда жоқ. Қайта бұл бәленің басы деңдер.

Ақ шашты кісі әңгімесін осылай түйінде, айтқаным көкейлеріне қонды ма дегендей жан-жағына байыпта, маңғаздана зер сала қарап сәл тұрды. Соңан соң онсыз да тарақтан жаңа шыққандай жатық, жұмсақ, шалқалай қайырған ақ ұлпа шашын ыждағатпен екі-үш рет сыйпалап алып, асықпай аяңдап жүріп кетті. Тұрғандар да бірте-бірте тарай бастаған.

Міне осы жолы үйіне қайтып келе жатып, ойына қайдан сап ете түскенін, Берден сон-ау бала кезінде құлағына тиген "кедейдің тамағы" деген сөзді есіне алғаны... Және жай ғана алып қойған жоқ, таңдайын қағып, басын шайқай:

"Ойпырым-ай, қалай тауып айтқан сөз. Қандай келісті теңеу", — деп таңдана тәнті болған.

Ойлап қараса, шынында, кедей мен кәріптің аулына қоңсы қонғандай болмысы бар екен-ау, бұл бәтшагардың. Әу бастан кедейлікпен өрісі қатар тәрізді гой. Кім үйір — кедей қолды жүрт үйір. Кім үйір — не көңілінде алаңы бар, не тағдырынан теперіш көрген, жолы болмаған жан үйір. Ең арғысы кедей мемлекеттің артын жауып, күн көрісінің бір көзі болып келіпті. Керек десең қайсы бір кезде әлді жүрттың әлсіз жүртқа жүргізер қайсы бір саясатын іске асыратын айлалы қаруына айналған сәттері де бар сияқты мұның. Қалай дегенде де бұл әзәзіл мына халықтың табиғатына әбден сіністі болып, тұрмыс-тіршілігіне тереңдеп еніп кеткен екен гой...

Берденнің бала күнінде естіген тағы бір әңгімесі бар еді. Мына ойдың сабағында сол есіне түскен...

Отызыншы жылдардың ашаршылығында Сарыарқаның Сарысу бойынан Қаратаяға көшіп келіп, біржолата қоныстанған мұның ауылдары шаруаның, жердің ыңғайына қарай ата-атаға топталып, сол ретпен бөлек-бөлек шашырай отыратын. Ауданың бертінірек совхозға айналған біраз колхоздары ол кезде таудың ту ортасындағы Жон аталатын өнірде өзен-өзеннің сағасын мекен ететін. Тау ішіне тереңдеп кеткен ағайындарынан етектегі ауылдардың — жолда талай асу, терең-терең құз, жыра, сайлар бар дегендей — хабары қалыстау болатын. Арнайы жұмыс не қызмет бабымен жүретіндерді айтпағанда әрлі-берлі қатынасып жататындар көп кезікпейтін.

Тауға барып қайтқандардан жеткен хабарда осы елдің бетке үстар азаматтарының бірі, өз қатарларының алды дерлік сөзі де, ісі де бар; үйіне жұрт ат басын тірер жігіт ағасы — Кенжебайдың Әбдірахманының науқастығы, көптен төсек тартып жатып қалғаны туралы жайсыздау әңгіме қайта-қайта жұрт құлағына шалынуда еді.

Жақсысын жамандыққа қимаған көпшілік қатынас-қандардан:

— Науқасының беті қалай екен? Кеселінің түрі не? — деп сұрасатын.

— Не қалайы бар, жаратқанның өзіне ғана мәлім жай. Бәлен деп айту қыын. Сол әлгі аты жаман аурудың өзі. Түйірден қалған. Аздап сусын, шалап қана қорегі.

— Ой-бой, сол бәлеме еді. Ерім-ай, көштің бетін әрі қарай түзеген болды той.

— Иә, онан жазылған кісі жоқ. Бұл не ем қонбайтын, не қайдан жабысқанын жан білмейтін, түсініксіз, қыын дерт болып түр-ау. Дәрігер де түк қайран жасай алмайды екен. Өзі жылдан-жылға етек алып, көбейіп барады осы.

— Айтары жоқ. Заманының ауруы болды бұл. Бала күнімізде, тіпті, ашаршылық, пен соғыстың алдындағы жылдардың өзінде “қыл тамақ” деген ауру бар деп, онан кісі өліпті дегенді естіген де, көрген де жоқ, едік. Соңғы кезде пайда болды той. Не сүмдыш, екенін.

— Е-е, құдайдың бүйрығы шығар, неден болды дерің бар ма. Әбдірахман жазғанға дерттің қыын түрі кезіккен екен. Ой, жігіт-ақ, еді-ау, сабазым.

Етектегі ел ішіндегі көз көрген, қатар-құрбы замандас, сыйлас ағайын Әбдірахманың науқасы жайлы осылай жанашырылыш, таныта әңгімелеп, уайым жесіскен.

Айт-айтпаса да, кейінгі жылдары бұл өңірдегі жұрттың арасында бүрын кездеспеген әлгіндей дертің белгі беріп, онан кісі шығыны болып тұрғаны шындық еді. Бұл бәлекеттің тамырының қайда жатқанын әлі ешкім бағамдай қоймаған. Әрлі-берлі көшіп-қонып, жыл сайын көктем, құз төсінен мал айдал өтіп жүрген, үй іргесіндегі Бетпақта күнде атыла бастаған зымырандар мен біреу біліп, біреу біле қоймаған Семейдегі сүмдыш — ядролық, жарылыстардың елге жеткен алғашқы “қарлығаштары” осы екенін ол кезде кім зерделеген.

Ал осын-ау кеселдің құтқармас құрығына ілініп жатқан

Әбдірахман азамат қой бастаған серкедей көптің ішінен мен мұндалап көзге түсегін, ірі жаратылыс; әрі палуан, әрі әнші, ауыздыға сөз бермейтін орақ тіл, отты жігіт-тін. Қай-қайда да той, думанның көркін, ажарын кіргізіп отыратын, ашық-жарқын жан еді. Оның мұндай күйге түскенін естігенде шынымен қынжылағандардың бірі етектегі, аудан орталығында қызмет ететін Сердәлі болды. Сердәлі Әбдірахманмен жас шамалары құтар, бала күнінен бірге өскен, бірге жүрген үзенгілес жолдасы. Өмірдің талай қызығын, қынын бірге өткізген жайлары бар.

Соғыстың алдында, бұлардың балауса жігіт шағында, бұрын жұрт әдет етпеген, аузына алмаған арақ деген нәрсеге, не себептен екенін кім білген, әйтеуір, жастардың арасында әуестік пайда болды. Жаңа заманның кісісінің жарасты белгісіндей санап, адам болғанның алды осы деп танып, ішкілікке алғаш бас қойғандардың ішінде бұлар да жүрді. Онан кейін соғыстың аласапыраны келді. Майданға аттанды. Онда да мұздай окоптың ішінде жан шақырап жебеушісіндей көріп, құтысымен жанқалталарынан тастаған емес. "Қырық, жыл қырғын болса да —ажалды өлеңді" деген. Дәм-тұздары таусылмаған шығар, екеуі соғыстан аманесен оралды. Енді ішпегенде қайда ішесің. Шындығына жүгінсек, бұл елде науқанға айналып, жүрттың жаппай, ішкілікке дең қоюы осы соғыстан кейінгі кезеңде басталды ғой. Солардың көш басшысы іспетті жуан ортасынан бұлар табылды, әрине. Табиғат сыйлаған қажыр, қайраттың арқасында оншама-мұншамадан бет қайтып, женіліп көрген емес. Сүрінген жерлері жоқ. Құтар отырғандарды құлатуды мәре тұтса, керсен кеселеп тартты. Летірлеп емес, жәшіктеп ішіп келіп, үйықтап тұрып алып, ертесіне шаруасын шаруалап кете беретін. Өкіметтің қызметін де, от басының қамын да қисайтқан жерлері жоқ. Сонан болар бұларға қарап қолын шошайтқан, әжуалап құлген ешкімді көрмепті өзір. Қадырын, сыйын жоғалтқан жайлары жоқ. Сол бетпен келе жатқан кептері бар-тын, кімсің — Әбдірахманмын, кімсің — Сердәлі болып.

"Ой, опасыз дүние-ай, сөйткен Әбдірахманның жатысы анау". Досының жағдайынан хабар алған сыйын Сердәлі осылай қинала толғанып қалатын.

Арнайы барып, екі-үш рет көңілін сұрап қайтқанда Әбдірахманның сұлық қалпынан іш тартқандай еді. Қас-қабагы ұнамаған. Сері көңіл азамат тағдырдың мына тауқыметіне налалы тәрізді көрінген. Сол көңіл, күйдің салқыны шығар мына дүние, мына тіршіліктен қазір-ақ баз кешіп, әдірә қалдырғандай; ештеңеге селт етіп, ешнәрсеге назар аудармайтындаиды сыңай байқатқан. Келген, кеткенмен сыпайылық үшін болса да шүйірке-лесіп сөйлесейін деген ыңғай білдірмеді. Бұған да рай бермеген. Паньық, тәкаппарлық дейтін де емес; құлап, құлдыраған күйреуік күйге де келмейді. Не болса — ол болсынға жүгініп, тәркі — талақ сазарған, салқын қалыптағы жатыс сияқты мұнысы. Мүмкін, табиғатынан қажырлы азамат жанға батқан ауыр науқастың зардабын сыртқа сездірмей, қиналғанын көрсетпей, осылай шыдал, көтеріп; басына түскен зобаланды өстіп жеңіп жатқан жайы бар шығар. Ол енді бір өзіне ғана аян кеп.

"Екі аптадан бері нәр татпайды. Жағдайы қыын көрінеді. Өзі ешкіммен тілдеспей іргеге қарап жатып алышты. Сонан бас көтермейді дейді. Қатын-баласымен де сөзге келмейтін көрінеді", — деп естіген соң Сердәлі барып қайтайын деп ертелең атқа қонған.

Шалғыны үзенгіге оралған, кең аңғарлы үлкен сайдың табанындағы бұлақ, басында отырған киіз үйлі шағын ауылға Сердәлі күн бесінге таянғанда ілікті. Ат басын ауыл төріндегі Әбдірахманның алты қанат ақ ордасына тіреп, сәлемдесіп кіріп келгенде үй ішіндегілер мұны көріп, дабырласып, жадырап қалды. Ортасына ауыл молдасын алып жоғарғы жақта отырған екі-үш қария кісілер де қоюшуақ, қабақ, танытып, ықыласты үнмен:

— Төрге шық, төрге шық,— десіп қауқылдасты. Тек Әбдірахман ғана селт етпеді. Киізі белуарға дейін түріліп тасталған қөлеңке жақ, іргеде, салулы төсекте, теріс қарап жатқан қалпынан өзгермеді.

Үйдегілермен есендесіп, аз-кем тілдескен соң жылжып досының қасына жақындаған. Ұйқы да ма, ояу ма, әлде қажып талықсып кеткен бе, белгісіз, әйтеуір, қыбырызыз, сұлық, қалпы. Еңкейіп жүзіне үңіліп еді, көзі ашық екен. "Ояу ғой" деп ойлады. "Қалың нешік? Жағдайың қалай" — деп жай-жапсар сұрап жатуды хош көрмегі. Оған сап-салғыдай етіп жауап қайыра қоймасын да

сезген. Сонан соң жанасып отыра беріп, солған жаужұмырдай босаңсып, арса-арсаланған, оң қолының еті қашып, қуаты қайтқан, сіңірлі, ірі-саусақтарын сәлемнің рәсімін аңғартта сыйпалай қысқан. Онысына да ыңғай беріп, мойын бұра қоймаған соң "кім екенімді білмей жатқан жоқ па" деген дүдемал көнілмен:

— Әбдірахман, мен Сердәлімін ғой, таныдың ба? — деп бетіне төне түсіп, дауыстай айтқан. Айтуын айтқанымен бойын тез жыбып ала қойды. Құлаған құдықтың аузындағы опырайып, сыйықсызданып, шұңғрайіп кеткен қос аңғалағының тереңінен өзіне бала күннен таныс жанар бұған сестене жалт қараған. Табиғатынан уытты, өткір, көзінің қарашығындағы оты сөне қоймапты. Бұған сыздана сұық қадалған. Бұл көз қарасында: "Сені танымай, мені қара басып па" деген кінәлау бар еді. Онысын Сердәлі анық аңғарды. Өзінің қапы жіберіп алғанын сезді.

"Ұялған — тек тұрмастың" кебі ме, жоқ, әу бастан ойға алып, дайындалып келген шаруасы ма, осы сәт Сердәлі жағалай отыргандарды оқыс таңдандыра, түсініксіз бір тосын тіршілік жасады. Үнемі жанынан қалдырмайтын, бүйірлі, қара былғары портфелін жаңа үйге алып кіріп, босағаға таяу, керегенің басына іле салған. Апыл-ғұптың түрегеліп барып ашып, ішінен кек шыны шөлмекті суырып алды. Мына қариялардың қайсысының немересі шығар, үйге кіріп-шығып ойнап жүрген, жеті-сегіз жасар қара домалаққа:

— Эй, бала, ана ожаумен анау бұлақтан су алып кел, — деді:

Көкейінде не істегелі отыр бұл деген күмәнді сұрау кілкіп тұрғанымен тырс деп үн шығармай, сыр бермеген қалпы, Әбдірахманның әйелі мұның бүйірымын екі керсен кесені әкеліп алдына қойды. Көк шыныдағыдан екі кесеге жуан ортасынан бөліп құйды. Устіне ожаудан су араластырды. Сонан соң досына бұрылып:

— Эй, Әбдірахман, есті пеңде тәңірге өкпелемесе керек-ті, — деді салмақты дауыстап. — Жаратқанға ешкімнің өткізіл қойғаны жоқ, міндет артатын. Шыр етіп жарық дүниеге келгенде "енди ертеңгі күнімді мынандай етесің" деп онымен әуелbastan шартқа отырған ешқайсымыз және жоқ, Өзі бергенін өзі алады.

Біреу ерте біреу кеш. Ол енді бүйрыққа байланысты. Сен күпірлік жасама, көтер басынды. Бері қара.

— Сөз-ақ, сөз-ақ,— десіп молда да, қариялар да мұның айтқанын қош ала құлтасты.

— Батыр, бері қара,— деді Сердәлі әңгімесін жалғастыра түсіп. — Ренжіме. Шүкір де. Бір кісі өмірді сендей-ақ, өткізсін. Елдің азamatы болдың. Кімсің — Әбдірахман атаңдың. Оттың екінің аштығында Бетпакта шашылған санаусыз көп сүйектің ішінде қалдырамын десе екеумізді құдіреті жетпеді дейсің бе. Бес жыл соғыстың қанды қырғынында баудай қылған боздақтардың қайсысының жанынан жанымыз артық, еді? Сенің мұның не, кімге өкпелеп жатырсың? Қой мұныңды. От басын, бала-шағаңды қабаржылтпа. Көтер басынды. Саған бір шаруамен келіп отырмын...

Әбдірахман бері қарай аударылып жатуға ыңғай білдіріп, қозғалақтай бастағаннан әйелі ұшып түрегеліп, көмекке келген.

— Ауыл-аймақ аман ба? — деді Әбдірахман тіктеп, биіктетіп, қойған жастыққа сүйене жантайған күйі жүзін бұған бұрып, науқас деңдеп қажыған, қарлығың-қы дауыспен сәл ентіге сөйлеп: — Дұрыс, айтқандарың. Солай екенін зерделеуге ақылым жетпей жатқан жоқ, Ет пен сүйектен жаралған пенде шығармыз. Әрі жан баласына жуыта көрме деп тілейтін дерт екен, шіркін. Не дерің бар ма... Басына түскен кісі ғана біліп қоятын кер екен де бұл. Иә, келген шаруаңды айт.

Сердәлі Әбдірахманның бетін бері бұрып, қабақ беріп, тілге келгеніне іші жылып, әлденеге көңілін демдегендей, әрі өзі біртүрлі, толқып, сол сезімнің әсерінде шешіле, ағытыла, таусыла сөйлеп кеткен. Сөзінің орайтыбылай болып шықты:

“Әй, Әбдірахман, ойлап қарасам, екеуміз ауыры бар, жеңілі бар, өмірдің едәуір өткелінен өтіппіз. Шүкір дейтіндей тіршілік етіппіз. Мына жалғаннан көрген қызық, жинаған малдан ол дүниеге өзімен бірге ала кеткен пенде жоқ, Ал кетерінде алдағысын болжап білген, жұмақтың төріне түсе ме, тозақтың көріне түсеме, оған көзі жетіп аттанған адамзат баласы және жоқ, Бәрі алланың үкімінде. Жігіттің нары едің, еңсөң түсіп, еңкейіп көрмеген. “Әбдірахман нәр жұта алмай жатып-

ты" деп естіген соң, бір іске бел буып "бұл да құдайдың өзінің жаратқан заты ғой, өмірдің талай кезеңінде бір кісідей қызығы мен шыжығын көрген пақырымыз еді. Осыны бүтін сенімен соғыстырып ішсем деп әдейі ала келдім. Тәуекел, не де болса осыдан жұтып көрші, жұтқаның өтіп аржағыңа барса, сөтін салып тынысың ашылар. Алда-жада қынына қарай бет бұрып, ауырына кезігіп жатсан, "жазмыштан — озымыш жоқ". Онда екеуміздің қоштасып, кешу айтысқанымыз болсын осы. Мә, ұста!"

Сердәлі толғап-толғап келіп тоқтағанда үйдегілер наразы дауыспен шу ете қалған:

— Ой, Сердәлі бұл не дегенің? Ойының ба, шының ба?

— Ойбай-ау, Әбекең арақты науқастанбай тұрып-ак, осыдан бір жыл бұрын қойып кеткен еді ғой. Қой, ендігілеріңіз ұят болар.

— Шырағым, екі дүниенің арасында жатқан кісіге арақ ішкіземін дегенің қай кісілікке жатады. Обал мен сауапты ойлау керек емес пе. Тек, шырағым, өйтіп күнәһар болма, елді де күнәға итерме,— деп молда наразылық білдірді.

Әбдірахманның әйелі де бұл әңгімеге ықтияр емес қалыпта, тәмен қарап, жер шұқылап, үнсіз қалған.

Үй ішіндегі осы жағдайдың бәрін бағамдап, зер сала қарап алған Әбдірахман кесімді түрде Сердәліге:

— Мыналардың бәрін даға шығар,— деді. — Барған жағымда күнәмді салмақтай ма, сауабымды салмақтай ма, оның өз таразысы бар шығар. Өз істегеніме жауапты өзімнен сұрап. Сонда мына жүрген дүмше молдалар ғұрлы қайырар жауап, айтар уәж таппасам несіне Әбдірахман болып жарадым. Құдыреті күшті жаратушы кешіремін десе кең шығар. Сөзінді жерге тастамаймын. Әкел!

Сердәлі ұсына берген. Әбдірахман әлсіз, табиғатында ірі, салалы саусақтарымен құрсаулай қармап, қос қолымен керсен кесені ұстаған күйі көзін жұма, қинала толғай жұтып-жұтып қалды. Жұтқан беті сол қиналған, шыңыраудан қауға тартқандай қайысып, күшке сала ауырсынған қалпы кеседен басын көтермеді. Қаншасы ішке кетіп, қаншасы сыртқа төгіліп жатқаны белгісіз.

Екі езудің сулығынан сорғалаған сұйық, омырауды жуып кеткен. Екі-үш рет шашалып та қалды. Соңда да тоқтамай бір қауым уақыттан соң барып бос кесені төңкере салып, жастыққа жантая кетті.

Сердәлі Әбдірахманның әйелін шақырып:

— Көйлегін ауыстыр,— деді. — Сонан соң ана қайнап жатқан жас сорпадан сапырып, демін басып, жылы қоңыр етіп жарты тостаған алып кел.

Жаңа қинала жұтқанға ауырлад, шаршап, көтере алмай қалды ма, жоқ әлде, абыз заһардың ұтыы ашқарынға түсіп кетті ме, талықсығандай сұлық жатқан Әбдірахманның басын қолымен демей көтеріп Сердәлі бәйек үнмен:

—Әбдірахман, әй, Әбдірахман көзінді ашишы. Мына жас сорпадан бір-екі үртташы,— деді.

Әбдірахман көзін ашып, еңсесін көтере отырып, тостағанның ернеуінен үзіп-үзіп екі-үш рет үрттады. Сонан соң болдым енді, қалғанын алып кет дегендей қолын сілтеп еді, Сердәлі тостағанды ұстаған күйінен тастамады. Демалдышып-демалдышып, қоярда қоймай отырып, тағы біраз ішкізді. Сәлден кейін науқастың жүзі тершіп, қызылшырайланып, бір түрлі ажары кірді.

—Ойпыр-ай, шырағым, осы емің шипа болмасый кетті,— деді үйдегі қариялардың қайсысы әжептәуір емексіп.

—Үн, ку жан-ай,— деді осы кез Әбдірахман аяқ-қолын соза төсегінде шалқалай жатқан бойы. Жаны жай тауып айтты ма, қиналып айтты ма ол арасы беймағлұм. Мүмкін, бір сәтке ауруын ұмыттырып алғаулау болды ма қайтты; мүмкін, сонан соң апталап нәр тамбаған асқазанды уылжытып, ірітіп, онсызда сағатын санап тұрған ажалдышың келуін шұғыл шақырып, тездеткен де шығар; мүмкін айлар бойы ішті өртеп, күйдіріп, жандырған ғазабат дерттің тауқыметін, қиналысын басынан өткізіп жатқан жан ішек-қарынының удан іріп түскенінің зардабын алабөтен сезінбеуі де; сезген жағдайда да тағдырына әбден мойынсұнған, табиғатынан төзімді, қайратты жаратылыс бұл азапқа да қынқ, демей шыңдауы мүмкін-ау. Қалай дегенде де, сол күні намаздығер, намазшам арасында

сол көнтерлі күй, салмақты қалыпта, сабырлы жатыш, жан тәсілім етіпті.

Мұны естіген жұрттың біразы:

— Қайран ерім-ай, сабазым-ай! Шіркін-ай, кісі өлімге қиятын азamat па еді, қайтерсің...

— Ой бұл дүниеге кімдер келіп, кімдер кетпеген,— десіп аза тұтса, енді біразы:

— Сердәлінікі іс-ақ болған екен. Құдай иманды неден бұйыртады, оны кім білген. Қай тірлігіміз оң, қай тірлігіміз теріс; қай қылышымызбен сауап алып, қай қылышымызбен кұнаға баттық, қайсысына көзіміз жетілті. Оның бәрінің тәрелігін өзі берер. Эйттеуір, көріп, сезіп тұрып кісі ақысын жеп, қиянатқа бармасақ болды да. Басқа пендешілігімізді кешіре гөр деп тілейміз де.

— Оның рас. Ақыр есігін қағып келіп тұрган бір ажал екен. Қанша уақыттан кенезесі кеүіп жатқан жазғанның таңдайын жібітіп, сауабын алғаны дұрыс-ақ.

— Сердәлі мен Әбдірахманға жарасатын да тірлік өзі. Екінің бірі ондай жасай алар ма?!

— Е-е, ол не дегенің. Кімнің қолынан келе берсін ондай шаруа. Не айтатыны бар, екеуі де нар ғой. Бір-біріне сай еді енді өздері,— десіп марапаттасқан да...

Ойды ой қозғайды. Осын-ау естелік әңгімелерден Берден де қазір мынандай түйін жасап келе жатты.

Өмірде кездесіп жататын әр түрлі әлгіндей-әлгіндей жәйіттерге зер салып, көлгірсімей, шындықтың көзіне тұра қарап айттар болсақ, бұл құрғырың соғыста кейір сәтте, шабуылға жетелейтін күш-куаттың шақыртқысын-дай саналса; тұрмыста дастарханның сәніндей, той-томалақтың көрігін қыздырар әріндей қабылданып; жарым көңілге жұбаныштай, шаршаганға тірліктің тауқыметін ұмыттыратын демеушісіндей сезіліп; кейбіреуге тұмауратса да, суықтаса да емге ішкендей қажеттілікке айналып кеткенін өтірік дей аларсың ба?! Бірақ енді қай-қайсы да жетіскеннің тірлігі емес екені тәңірге аян. Осы әрекеттердің әрқайсысынан жоқшылық, пен әлдене олқылықтың табы сезілері хақ. Адамзаттың соның орнын толтырамын деген далбасаның әсерінен барып ұрынған кілтипаны екенін аңғарасың. Дегенімен өмір-өмір, тарих-тарих. Оның бары бардай көрініс тауып, шежіре бетінен өз орнын алғаны керек. Бағасын

келер үрпак берे жатады. Ал мынау жақсы — тарих болып қалсын; мынау жаман — өшірлсін деп үкім айту адамзаттың өмір жолы — ғұмырнамасына сұық, қол сұғып, қиянат жасаумен пара-пар шығар. Осы орайдан келгенде белгілі бір кезеңде, дәүірде, шынында "кедейдің тамағы" дерліктей әжетке жүріп; тұрмыста әлгіндей-әлгіндей сыйпат алғанын жоққа шығара алармысың бұл тұскірдің. Әсілі, тасы өрге домалап, билігі биқтеп, байлығы қаймақтанып тұрғандардан осы шіркіннің құрдымына құлағандарды өз көзі әзір көрмепті. Ілудешалу солардың бірінен мұның құрығына іліге қалғандар болса олардың өзі әлгі үйиған тіршілігіне тас тұскен не кенеуі кете бастаған жан деп білініз. Қай кезде де бұған көңілінде әлде қандай наласы, жүргегінде жарасы бар, немесе қыжыл-қызыншылықтың жиегіне, не сарыуайым ойдың әуеніне ерген жандар үйір келеді еken.

Сонан соң, бағы заманнан ақындар әуес. Жә, ол байқұстардың жөні басқалау... Ақын жүректі ә дегеннен махаббаттың отына қарып, жарық дүниеден шырқырап өтсін деп, өзі өмір сүрген жалғаның кем-кетігі үшін азап тартып, қайғырып өтсін деп, адамзат үшін алас үрып, ауырып өтсін деп тәңірі өзі әу бастан жаралы етіп жаратқан. Сол үшінде мына әуре пәнидің қайғысы мен қуанышын, қызығы мен қасыретін жүргегінің елегінен өткізе жырға қосамын деп біркем дүниенің запыран татыған тоспасын көңілінің түбіне тұндырып алып, сонан соң әлгінің бойына жайылған заһарын шаямын деп осыған бас қоятын кездері бар. Әрине, не нәрсе де жазмыштың жазуына қарай. Бұлардың ішінде алдамшы қызық, жалған әсердің жетегіне жегіліп, кейде сұлудың құшағындағы шалқытқан, кейде мансаптың төріне шығарғандай толқытқан бұл сиқыр судың әзәзіл теңізіне қарығып, қайтпай қалатындар да, онан аманесен жүзіп шығатындары да бар. Бірақ, қай-қайсының да артында үрпактап үрпактың кәдесіне асып, өшпес із, өзіндік мұра-бірде сезімді шарпыған, махаббат сөулесіндей шұғылалы, бірде өткінші жалғаның өкініші көп бейопа тірлігіндей мұнды жыр жолдары қалады тізіліп.

XX ғасырдың сон-ау елуінші жылдары Қаратаудың теріскейіндегі кең алқапта, Созак, пен Сарысу даласының

қойындасып, астасып, бірігіп кеткен тұсындағы Шоқат атты майда құмда, Жайылма ауылының бір қора тоқтысын бағып отырған Сағындық шал ішкілік атты өзәзілдің адам баласының тұрмыс-тірлігіндегі әргі-бергі тарихына ой жібере, топшылау жасап барып, астарлы түйінмен айтты ма; жоқ әлде қазақы, қуақы алғырлықлен өзілдеп айта салды ма, не дегенде де қалай тауып айтқан — “кедейдің тамағы”. Қайран қазақтың қара сөзі-ай. Қайран ауылының сұнғыла шалдары-ай.

Берден өз-өзімен осылай ой кешіп келе жатып, қорытындысында: “Шүкір,— деп — толғанған. — Саптыйла салмағанымен осының түптің түбінде адамзаттың болашағына зиянды нәрсе екеніне қазіргі жастың да, кәрінің де сенімдері кәміл болып, көздері жете бастады. Саналарында саңдау, сәуле түсті. Енди мына имандылыққа ден қоя бастаған халқы алдағы өмірінде бай болар, кедей болар, бүйірғанын несібесінен көрер, бірақ осы “кедейдің тамағына” килікпейтіндей, кіріптар болмайтында қалып — дәстүр тапса екен. Сонысы баянды болса екен. “Өткенге — салауат”, өткен — өтті. Жақсы да ішкен шығар, жаман да ішкен шығар, ол да бір тарих желінің ығытында өткен кезеңнің болмысына тән үрдісі делік. Оны енди әйтгәптрелеп, таразылап, талқылап, алып-қашпа, қыру-қыру сөзге айналдыра берудің, тірінің құлағын шулатып, өлінің есімін әбестеу әңгімеге тиек етіп жатудың қажеті шамалы-ау. Тек енди тоқтам бер. Жақсылығыңа бастай гөр деп тілесек”.

КӨҢЛ ЖЫЛУЫ

Жұмыс аяғы. Бұл мезгілдегі қала ішінің әдеттегі салырылысып кететін абылынқылығына қоса қара күздің еңсені басар сілбір, жайсыздау дымқыл лепті, жылбысқы жаңбыры бүркіп, төніректен көңілсіз тіршіліктің суреті елес беріп, түрмистың тауқыметті өуені сезіліп тұрғандай кебі бар. Қаланың ортасындағы қызмет орнына өзінің жеке меншік машинасымен қатынайтын Берден қайтарында орта жолдағы азық-түлік дүкеніне соққан. Дүкеннің дәл алдына тоқтай қалғанда төменіректегі халық, ығы-жығы аялдамадан оқшаулау, әріректе, асфальт жиегінде қос-қосынан қолдорба көтеріп, артынып-тартынған орта жастағы, бәйбіше болмыс, келісті пошым, жалғыз әйел бұған қарай асыға басып, таянып келді де мұның машинадан түсіп есігін жауып жатқанын көріп, қалт қайта тоқтады. Содан соң әрі бұрылып, өтіп жатқан женіл машиналарға қайтадан қол көтере бастады. Қол көтерді деген тек айттарға ғана. Эйтпесе, екі жағына тендер алған жүргінен саусағының үшін босатар жағдайы жоқ-ау. Оң жағында буаз биенің ішіндегі тырс-тырс бүйірленіп кеткен, дәу, қара былғары жол қашық, сол қолында аузы-мұрынына дейін сықалған торшаны қарына іліп алышты. Аспанға қаратса жайған алақаңында бірінің үстіне бірін киістіріп қойған қос тақта жұмыртқа. Қасынан өтіп бара жатқан машиналарға тоқта деген емеурінді жалпы болмыс табиғатымен аңғартып, ұмсына ұмтылып қояды. Бұлдіргесінен оң қолының білезігіне қыстырулы қол шатыры милицияның резенке таяғынша салақтал, санын соққылайды. Тіпті, әлгіні жазып, төбесінде тұтарға мұршасы жоқтай. Оның ебіл-себіл қалпына байыптаған көз тоқтатқан сайын көңіліне бір мұсіркеу енгендей. Жалпы әйел табиғатына көп көңіл аудара бермейтін; бұл қауымға елпілдеп күрақ ұша қоймайтын; "ескілеу", қазақылау

үрдісте тәрбиеленген Берденнің өзі — осы сәт: "Әйел жазғандардың бейнеті айрықша-ау", — деп қалған.

Бұл дүкенге кіріп шықса, әйел жаңағы орнында әлі түр екен. Машинасына таянған бұған жапақтап қарай берді. Аяп кетті. "Аса бұрылыс болмаса, апарып тастайыншы", — деп ойлаған.

— Қай жаққа бармақ едіңіз?

Әйел мұның ыңғайын байқап қуанып кеткендей. Жүгіре басып жанына жақындағы.

— Көп жасағыр, ала кетіңізші. Мына жауында мұншама жүкпен... — деді жалынышты дауыспен. Сонан соң баратын жерін айтқан. Жолының бұрыстығы жоқ, Бердендердің өзі тұратын мөлтек аудан екен.

— Бағыттымыз бір болды. Ауылдас екенсіз. Жүріңіз, — деп есігін ашып мінгізіп алды.

Адам дегеннің өзі табиғатында әпенделік басым жаратылыс-ау, осы. Сәл нәрсеге қуанып, сәл нәрсеге құлазып шыға келетіні сонан шығар. Қалай дегенде де көпшілігімізде бір тойынсақ, қайтып енді ашықпайтындақекие қалатын желөкпелік; ал сәл ашықсақ, енді қайтып тойынбайтындаі мойнымыздан су кетіп, сүмірдей түсетін тағатсыздық, піргіл жеткілікті фой, өслі. Пенделік деген сол болар тәйірі. Жаңа ғана абылып-сабылған, абыржұлы кеспірдегі әйел осы әп-сәтте хан жайлаудың төріне көшіп қонғандай жадырап сала берген. Жаңбірдікі ме, тердікі ме, маңдайына, самайына шып-шып түзілген майда тамшыларды сүрткілең, жүктөрін реттеп, мәре-сәре болып отыр. Мына қалпында дүниенің уайымын тамамдаған жан. Тіршіліктің тауқыметінен біржола құтылғандаі сыңайда.

"Мұншама артынып-тартынып... Ас-ауқатты көтергенинше алған енді, жазған. Үйжанды, шаруақор адам тәрізді. Мұндаі әйелдер әдетте отбасының берекесі саналады... Бұл, байғұс, осынша мықшындаң жүргенде күйеуі қайда екен? Берекесіз, жытқыр біреу ме? Сықпыштып, ыдыстастарымен сыра ішіп отыр ма? Қылжаңдан бөгде келіншектің сонында жүруі де мүмкін... Не әйеліне әбден иек сүйеп алған бойкүйез неме ме. Ал мынау тағдырына мойынсұнып, көндіккен, көнгерлі жан шығар. Мүмкін, күйеуі бұрыла алмайтын ауыр не жауапты жұмыстағы кісі ме? Сапарда, сыртта жүруі де кәдік. Қалай дегенде де шаруа басты әйел екені көрініп түр..."

Берден болмайтын бір аусарлықпен мына келер-кетері жоқ, бөтен әйел туралы осылай тон пішіп отырғанда машина межелі жерге жетіпті.

— Осында тоқтаңыз. Міне, мына үй біздікі,— деді ол сыпайы өтініп. — Сіз қезікпегендे әлі тұратын ба едім сол жерде. Рахмет...

Соны айтып болып, бейтаныс әйел асығыс әмиянын аша бастады. Екі қекала қағазды сурып ұсынған:

— Мінекейініз, алыңыз.

Жүрген жолының шамасы бір қекала қағаздың жобасы-тұғын. Ол екеуіне де аян. Біреуі рахметінің жоралғысы тәрізді.

Жалпы, адам тасып, кәсіп етіп көрмеген Берден кейкейде, осындей-осындей себеппен, машинасына кісі отырғыза қалса олардың ұсынған ақшасын алмақ түгілі бетінен басып, ыңғайсызданатын. Сол әдетімен:

— Керегі жоқ, Түсе беріңіз, — деген.

Әйел мұның бұл ыңғайын түсінбей қалып, аңтарыла қарады. Азырқанып отыр деп түйсө керек, құнжыңдай қимылдаپ, әмиянынан тағы бір көк құлакты суырган.

— Мынаны қоса алыңыз, онда.

— Рахмет. Түсе беріңіз. Айттым ғой, алмаймын деп.

Бұған енді не керек дегендей әйел әрі шарасы таусыла, әрі кідиіңкірей көз салды. Мұның жүзінен іш жиятындей бөтен ешнәрсе аңғармаған соң қайтадан сыпайы қалпына түсіп:

— Не үшін рахмет дейсіз. Оны сізге мен айтуым керек қой, — деп жадырай құлген. Соңан соң қолындағы уш жапырақ, қағазды ықыластана ұсынды:

— Алыңыз. Азырқанып отырған жоқсыз ба?

— Жоқ, жоқ. Ол не дегенініз. Осы тұрған жерге... Менің, жалпы, әдетімде жоқ еді. Алмай отырған себебім сол.

— Жақыным, жуығым болсаңыз бір сәрі. Сіз енді мені тегін тасуға тиіс емессіз ғой...

— Ал, мен бұл жерге сіз үшін арнайы бұрылып келгенім жоқ, Өз жүрер жолым. Тек мына жауында мұншама жүкпен қиналып тұрған соң, аяп, бағыттымыз бір екен, мінгізе салдым. Ол үшін қарыздар сезінбей-ақ, қойыңыз. Түсе беріңіз.

Әйел әлденеге сенбегендей, ықтияр болмағандай, ықылассызыдау жинала бастады. Жиналып жатып:

— Дегенмен бір түрлі, ыңғайсыз сияқты, — деді өз-өзіне күнкілдегендей.

— Оқасы жоқ, Түсे беріңіз.

Тұспіп бара жатып, таңданған кейіпте Берденге байыптай назар салып:

— Өмірімде ақшадан бас тартқан адамды көруім, — деді. Үнінде бұған деген ризашылықтан, раҳметтін гөрі ақымақ па, әпенде ме деген ыңғай тап басым жатқандай еді. Әлде "әулие болып көрінгісі келген шығар" деген кекесін ой қөңіліне оралды ма, әйтеуір, ол мұның бұл жомарттығына қошуақ сыңай байқатпаған.

Өзін кінәлап кеткендей болған әлгі әйелдің қылышы Берденді де бей-жай қалдырмаған. Қөңіліне әр не оралып, қайдағы-жайдағылар еске тұспіп, өмір, мына тіршілік, бүтін мен кешенің аражік айырмасы, болмыс, бітімі жайлы түрлі ойларға жетелегендей еді:

"Ойпырым-ой, адамдар қайда бара жатырмыз, — деп толғанған. — Адамзаттық, парыздың әліппесі — кісінің кісіге жақсылық жасауы таңсыққа айналғаны ма? Сатусыз ештеңе қалмауы керек пе?! Сәлғана нәрсе — жаңағыңай-жаңағыңайларды да есептей бергенде не болғанымыз. Жақсылыққа жетеміз, көсегемізді көгертеміз деп тынбай тышырлап, қайсы біріміз алаөкпе — аласұрып өмір сүргенде барған жеріміз осы ма? Әсіл адамзат күннен күнге, жылдан жылға, ғасырдан ғасырға, заманнан заманға, қоғамнан қоғамға озған сайын саналы өмірге иек артуға тиіс емес пе. Соңда бүтінгі шыққан шыңымыз осы ма?! Кісіге кісінің қайрым етуі таңқаларлық оқиға".

Берден назалана мырс етті. Сол сәт көңіл түкпірінде мұнымен екі араға елшілікке жүргендей бір көлпәл ой көлеңдеген:

"Бұкіл адамдардан күдер үзе торығуыңа не жөн. Мүмкін, ұлты басқа, салты басқа дегендей, олардың дәстүр, тәртібі солай шығар. Елдің бәрі сен, сениң кең шапан қазағың дейсің бе?!"

Бірақ, бұл ойына жүтіне алмады. Жүгіне алмайтын себебі — Берден бұл халықтың да арғы-бергі тарихынан хабарсыз емес қой. Жақсыларының жазғандарынан оқысаң бұл халықтың да қайрымдылықты, мейрімділікті үлгі тұтқан үрдістері аз емес. Соңан соң да халықтың табиғатын, әубас болмыс, бітімін кінәлау әділдікке

жатпас. Бәленің басын бүтіннен, бүтінгі мынау тіршілік-тұрмысыңың ыңғай, сүреңінен; бет алған бағыт, ұстанған қағидаңан; қала берді, әр әміршінің тұсында ат ойнатқан, құйтырқысы мол, зауал-зауал саясаттан іздестірген жөн болар. Олай деуге қысын — жаңағы мақтап отырған өз ұлты — баяғы қазағы; баяғы емес-ау күні кешегі — мұның бала кезіндегі қазағы бар деп айта алар ма екен тап қазір.

Осы жайлар есіне тұскенде Берден тығырыққа тірелгендей аңтарылып: "Шыныңда, солардың — кешегі алдымыздағылардың бір-біріне деген түзу сәлемі; есеп, сатусыз ықылас пейілі; керек жерінде білек сыбана көрсетер қайыр-қызметі; өздері таршылық, заманның тапшылық тауқыметінен шыға алмай отырып біреуден мейірім, шапағатын аямайтын имандылығы осы бүгін біздің арамызда кездесе қоя ма?! — деп тосылған. — Қазақ, қазақ болғалы ел үйітқысы, құт мәйегі санаған — береке басы — ағайыншылық, ықыластың қалып-қаймағы, әдеп, үлгісі бүгіндері бұзылмай-жарылмай сақталып қалды ма?! Осынау халық дархандығының белгісіндей мінез-болмыс алдағы үрпақтың өмір салтында да жоғалмай жалғаса беретіндей пәрмен күйде ме?! Қайдам-ау?!"

Осы "қайдам-ау" көңіліне түйткіл түсіріп, жауап шешімі өзіне тіреліп тұрмадан; тірелгендей айтасың, бағыт-бағдары бұған беймәлім, табиғатына жат, тылсым болмысты замана ағымымен өтіп жатқан мына тіршіліктің сурені туралы сан-сапалық ойға жетелеп әкеткендей еді...

Ұшығына жеткізбейтін малтыма сұраулардан шайлыққаңдай күпті көңілі қайта-қайта балалық күндеріне, сондағы көргендеріне оралып соға береді. Иә, онда Жаныңа жылу құяр жақсы елестер баршылық, тәрізді. Сон-ау кездегі, қоңторғай тұрмысты десек те, дала жұртының өмірінің мәні қайырым, мейрімнен тұратын сияқты. Оған кепілдікке талай әңгімені көлденең тартуга болар еді, қайсы бірін айтып тауысарсың. Бәлендей таңсықтығы жоқ, ауылда екінің бірінде кездесіп жататын жәйт дәлірек мына оқиғаның өзінде, байқаған кісіге қандай ғибрат жатыр...

Берденнің студент — үшінші курста оқитын кезі. Жазғы демалысын Шу бойындағы мекен-қонысынан

Бетпақ асып келіп, Сарыарқаны жайлап отырған шопандар ауылында өткізіп жүрген. Шілденің іші болатын. Әлдене себеппен жатқан үйінің иесі осы тәніректегі ең таяу тұрған үлкен елді мекен — Каражал қаласына барып қайтуға жиналды.

— Жер көресің. Үйде босқа жатқанша менімен бірге жүрмейсің бе? — деген Берденге.

— Екі араның қашықтығы қанша? Бір күнде қайтып орала аламыз ба? — деді бұл қарсы болмай.

— Эрі кетсе жұз елу шақырым. Әйтпесе онан да жақын. Ертелең аттансақ кешке дейін қайтып келеміз.

Үй иесінің алғашқы үлгідегі "Волгасы" талай жыл мініс бергенімен әлі де мұндай-мұндай сапарға жүріс көтеретіндей қауқары бар көлік-тін. "Шу-у" деп күн шыға тартып кеткен.

Машинада екеуі ғана. Рульдегі Құрбекең — жасы қырықтың үстіндегі Құрбан есімді жігіт ағасы — бейнебір тарих, аңыздарғы батырлардың сарқыты сияқты немесе осы заманда апайтөс қазақ іздесең көр міне деп үлгіге жарата салғандай нар тұлғалы алпамсаның өзі. Кеменің якоріндей сом, шымыр, салмақты дene бітіміне сай қимылы, жүріс-тұрысынан қайраты сыртқа тепкен пошым, маңғаздық, аңғарылып тұрады. Сол табиғатына орай мінезі де ауыр, орнықты. Бірақ қисыны келгенде езу тартқызарлық сыпайы әзіл тастап; керек тұста жүйесін келтіре, тарқатып айтар әңгімесі де бар; хоши түссе жұғымды, жайлы, әдемі қоңыр дауыспен шымырлатып, не бір тәтті өуенді нәшіне келтіре салатын әншілік өнерден де кенде емес; кәдуілгі "сегіз қырлы, бір сырлы" дейтіндей, жол үсті серіктікке таптырмайтын-ақ, жан.

— Жарықтық, Арқа, несін айтасың, биыл мәйегінен жарығандай толысып, өзгеше түрленіп тұр. Көп жылдан бері мұндай шүйгін бітпеген еді. Биылғы даланың көрінісі бойжеткен қыздай көздің жауын алады, қарашиб, айналаңа. Не деген байлық, Шіркін, Арқаға жетер жер қайда. Мұның ауасында ауа болады дейсің бе. Мұның шебіндегі құнарлы шөп бар дейсің бе. Жердің төресі ғой, бұл жарықтық, — дейді Құрбекең тәнірекке толқи көз жүгіртпіп, ұшы-қызырына көз жетпей көсіліп жатқан Сарыарқаның сайын даласын мына кең құшағына орап,

ана алып кеудесіне басып құшқысы келгендей қомдана түсіп. Жуас, байышты қоңыр жанары нұрланып, сүйекті, зор қарасүр жүзіне шырай жүгірген оның қазіргі қалпынан шаруа адамының табиғаттың дархандығына тоғайған пейілін де; туған дала, туған жердің қадырқасиетін ардақ тұтатын біртума ұлдың азаматтық болмысын да аңғаруға болғандай.

Айтса-айтқандай, даланың келбеті көнілге қуаныш ұялатып, кісіні қанаттандырғандай да еді. Эр тұстан сағыммен тербеліп, көгілдір мұнартқан Арқа таулары мен мұндалап көз тартады. Бетеге, бозы тұтасқан, селеулі дала біресе самал желмен ырғалып теңіздей толқып көрінсе; енді бір сәт тына қалып, көкжиектен жаңа көтерілген күн астында қақтаған ақ, күмістей жарқырап, сөулеленіп жатқаны. Тақтайдай жазықтағы тастақ, дала жолында соңынан шаң ілеспей жүйткіген, тәбесі дәңес, ақсүр "Волганы" сырттан қараған кісі қалың шалғыннан жоны ілуде-шалу, қылт-қылт бұлақтыып, зымырап бара жатқан ақ, бәкен дер еді. Тәңертеңгілік салқын — саф ауа сарайынды ашып, жан сергітеді. Машинаның радиоқабылдағышы "Шалқарға" қосулы. Сапардың салтанатында еш кемдік жоқ,

— Сендер, журналистер, жер, су, аттарын білуге құштар халықсындар рой. Жол бойы көрінген тау-таспен таныстыра отырайын, — деп Құрбекең ара-тұра әңгіме шертіп қояды.

— Ана-ау, оң жақ қапталдағы қалып бара жатқан "Қылшаның қызылы", — дейді жақлар-жақлар қызыл тасты, бәкенелеу тау сілемін нұсқап. — Бұл төңіректе Сарымсақтың ең көп, қалың, жақсы өсетін жері соның баурайы. Соныра ерте қайтсақ бұрылып, соғып, бір-екі қабын ауылға теріп ала кетеміз. Қуырдаққа қосып, етке турасаң тәбетті қандай ашады.

— Сон-ау бұлдырайтын екі биік "Кулы", "Мұңылы", — дейді енді бірде, сол жақта, көз ұшында, сағым көтеріп, жазықтың төсінен көкке қарай шансыла көрінген қос тауды сілтеп. — Бұрынғы замандағы сениң нағашыла-рыңың қоныс, жайлауы.

Осылай көнілді күйде межелі жерге мегзеген уақытта-ақ жетіп келген. Мұнда көп аядамай, шаруаларын бітірген соң, тұс ауа жолға қайта шыққан. Келулері

женіл еді, қайтулары олай болмады. Қайта-қайта дәңгелектері жарылып, соларды ауыстырып, жамап салып, жол бойы да лада ертеңді құнды кеш қалып, көп әбігерге түсті. Шілденің шығысы, оның үстіне қайтар күнге қарсы жүріс — бәрі қосылып қажытып тастаған. Әсіресе, шөл қинай бастаған. Жолға ала шыққан торсықтағы қымыз да, құтыдағы су да бұл кезде ішуге жарамай қалған. Ыстықтан бықырып ашып, жылып кеткен қымыз ұртасаң зәр ішкендей өзегінді тіліп, құсқынды келтіреді. Жып-жылымшы су онан де жиркеништі. Тілдері аузына сыймай қаталаған күйлері бар. Әсіресе, Берденнің ұнжырғасы түсіп кеткен. Мына азапты жол таусылмастай шарасызданып, кесікке айдалған кісідей езіліп, құр сұлдері келеді. Оның бұл қалпын байқаған Құрбекен:

— Сәл шыда, — деді. — Енді аз қалды. Әрі кетсе жарты сағаттық жер.

— Ол не? — деген бұл не айтып келе жатқанын түсінбей, басы кәңгірген мең-зең күйінен айыға алмай.

— Қазір бір бал қымызға суaramын сені. Сәл шыда.

Әзілдеп келе жатқан жоқ па деген күмәнді көнілмен қасындағы серігіне сүлесоқтау бұрылған:

— Ол қайда! Қайдагы қымыз?!

— Қашық емес, қазір барамыз. Мана “Қылшаның қызылынан” өткен соң бидайықты жазықта, жолдың он жағында жалғыз киіз үй тұрды ғой, байқадың ба, байқамадың ба?! Сол мына көрші “Жайлауқөл” кеңшарының шопаны Исабек деген қариянікі. Бұл төңіректе ол кісінің ұстаған қымызына жететін қымыз, әй, кезіге қояр ма еken... Қазір, құда қаласа, сонан барыш шөл басамыз...

Құрбекенің отбасы да шыж-мыжы мол, дастарханы берекелі, қазактың кәдуулігі көңірсіп отырған дейтін қара шаңырақтарының бірі болатын. Көзін ашқалы жылқы тұлігін көлікке мініп, етін жеп, сүтін ішіп өскен; ауылдың ас-ауқатының дәм-тұзын бір кісідей ажырататын Берден бұл маңдағы ең тәуір қымыз осы Құрбекенің сабасынікі деп санайтын. Ал енді бұл кісі бұлай тәнті болып мақтағанда “ол қандай қымыз еken” деген ой өзі қatalап отырған жаннның сілекейін шұбыртып-ақ жіберген. “Тек, тез жетсе еken?!”

— Міне, келіп те қалдық, — деді Құрбекен мұның көнілін

жайластырғандай қошуак дауыстап, төскейлеу белеңшеден асып түсіп, кең жазықтың шетіне іліне бере сонадайда қарайып қөрінген шопан үйін көрсетіп. Үйдің алдында ауыл адамдары әдетте "көккасқа" атайдын, үлкен, темір қоралты жүк машинасы түр екен. Бұлар келіп тоқтағанда іштеген қауға сақал, жүздері әбден күнгө қақталған екі орыс жігіті шығып, кабинасына отырып жатты.

— Бұл жақта кен барлау партиялары да, шағыншағын кеништер де баршылық Солардың жігіттері гой, сусын ішіп аттанып бара жатқан шығар, — деді Құрбекен.

Үзігі қоңырқай тартқан алты қанат үйде кемпірі шүйке түтіл, иіріп; Иsekен өзі тарқатылып кеткен қамшының ұшын қайта өріп, майда қадам тіршіліктің үстінде екен. Келіні тәрізді — жас әйел ыдыс-аяқ жинастырып, босаға жақта жур. Ассалаумагалейкумді айттып, төрге озған бойда Құрбекен:

— Бәйбіше, сусыныңызды әкеле беріңіз. Қайта-қайта дөңгелегіміз жарылып қалып, қatalap, ұшып, әрең жеттік, — деді.

Бәйбіше жүк аяқтың астындағы беті дәкемен жабулы сырлы тегенеге қол соза бастағанда Иsekен:

— Ой, оны қоя түр. Келін, айналайын, құдыққа жүгіріп барып келші, — деді.

— Эй, мұны да жаңа ғана сол құдықтан әкеліп құйып едік қой. Әп-сөтте жыли қойған жоқ, шығар, — деді кемпірі.

— Жоқ, құдайдың мына күні жылыштай қояды дейсің бе. Түстен кейін, тіпті қүйіп кетті. Келін, шырағым, құдықтағыдан бер. Бір жұтса да мейірлері қанып жұтсын, — деді қария кесімді турде.

Келіні барып, үй алдындағы ойпаңың табанынан қазылған құдықтың түбіне салып, салқындастып қойған, жобасы жиырма литрлік пластмасса канистранны көтеріп келді. Үйдистың ортасынан төмен деңгейде сусынның мөлшері байқалады. Ірге жақтағы ыдыс-аяқтың ішінен бос, сырлы, сары тегенені алдырып, ортасына дейін кемпіріне қымыз құйдыртты. Соңан соң оны үлкен ожаумен сапыра түсіп, келініне қайта бұрылды:

— Айналайын, ана тегенедегіні үстінен құй да, мына ыдысында қайтадан құдыққа орнына апарып салып қой.

Салқындаң тұрсын. Шөл басуға жақсы болады. Кешке дейін әлі сан адам соғуы мүмкін. Сауабын аласың, шырағым. "Қырықтың бірі — қыдыр" деген. Бірі болмаса бірінің батасы тиеді. Шарапатына кезігесің, — деді.

Алғашқы тостаған қымызды тастап жібергенде-ак, Берденнің көзі шарадай жанған. Мұрынының ұшына дейін шып-шып терлеп, күні бойғы шөл, шаршау, еңсөні басқан дел-сал күйді тұла бойынан әлдекім сылып алғандай жеңілейіп сала берген. Қымыздың ашытуының айтары жоқ екен. Эбден бабына келген дәм. Оның үстіне сап-салқын. Тұп-тура бал жұтқандай құмарланып, құшырланасың. Жұтқан сайын таңдайыңа татып, тілінді үйіріп, сарайынды ашып, жанынды жай таптырғандаі.

Екінші тостағанды босатып жатып Берден ішкі көңілін, ризашылығын жасыра алмай, сілекейін жинап, түшіркене, рахаттана тамсанып, жұтынып қойып:

— Эй, қасиетті затсың-ау, жарықтық, — деген естірте. Содан соң әлденеге өкінгендей пейілмен: — Қайран "бетінен майы жүзген сары қымыз-ай". Сені біз пакырдың ернінен жырып әкеткен қай тағдыр екен, — деген.

— Ә, солай ма, — деп Құрбекең де көңілдене күлген.
— Алматыдағы он екі ай түрмисыңа осы Сарыарқадағы үш ай қымыз ішкен күнімізді Исекең екеуіміз айырбастай қояр ма екенбіз. Ал сен ше? Сен айырбастауға қалайсың?!

Берден табан астында еш нәрсе дей алмаған. Шарасыздау қозғалақтаپ, түрулі ашық есіктен арғы жақтағы кең далаға қарай берген. Бұған арашаға жүргендей осы сәт Исекең — жасы алпыстағы, көселеу жүзді, жылы қабақ, сары шал сөзге араласты.

— Заманы да. Талайларына жазылғаны шығар. Үақыттың үкімі солай да. Бұлардың қалада түрулары керек шығар. Біреу мұнда, біреу онда дегендей. Екеуіміз барып түрмаймыз фой, енді қалаға... Бірақ сен қатарлы жігіттердің қалаға кетіп жатқандары жоқ, емес қазір. Әлде сенің де ойың бар ма?! Шопырлығы, мейлі, құрылышы болсын, енесін ұрып, дәңгелентіп кетесің фой. Оның қай-қайсысынан да артық істерсін, құдай біледі. Қүшің бар. Не нәрсе де, әсілі, қайратқа келеді фой.

— Ой, қайдан! Сіз екеуіміз байласа тұра алмаспсыз,

Исеке. Қалаға да өзінің ыңғайлы адамы болады. Несібені осы даладан терген екенбіз; осында қалатын шығармыз. Мына балаға жәй, әзілдегенім фой.

Қымызды сіңірген соң артынан шай ішіп, шөлді әбден басып, тер кептіріп, желпініп отырған сөтте таяудан машина дауысы естілді де, бірте-бірте жақындаған беріп, үйдің жанына келіп, кілт тоқтады.

— Исекеңнің “жекжаттары” шығар. “Алдыңғы қонақты — кейінгі қонақ, қуады” деген. Ал біз босатайық. Жақсы, Исеке, амандықта кездесейік, — деп Құрбекең орнынан көтерілген.

Бұлар машинасына мініп, келген жолдарына бұрылғанда Исекеңнің келіні үйден шығып, ауыл алдына қарай бара жатты.

— Қария келінді құдыққа тағы жұмсады, — деді Берден артына көз салған бойда.

— Исекең осы жерге, құдай біледі, мына жүргіншілер үшін қонады, — деді Құрбекең. — Бұл жүрттан және қара құзге дейін қоныс аудармайды. Әрі қашан Шуға қарай көшіп шыққанша биелерін ағытпайды. Жол бойымен әрлі-берлі өткендерге күн демей, түн демей, өстіп сусын тосып отырғаны. Кіслік-ақ енді мұнысы.

— Иә, қызық екен. Алып жатқан не бір тын ақшасы жок. Не бұлардан көріп отырған инедей пайдасы жок. Осыншама бие, құлынды байлап сауған бейнеті өз алдына, енді оны құдыққа тасып салып, салқындастып бермесе шарты бұзыла ма. Үйіндегі қымызынды Сабаның аузынан құйып берсең де жетпей ме. Соншалықты не міндет, не қарыздарлығы бар. Ей, аққөніл, әпенде, әулие қазағым-ай, осы пейілінің өтеуі не екен?!

Бұл әңгімелерді Берден естірте сейлекенімен, өзінен-өзі айтып, өз-өзінен толғанған жайы бар еді, ал Құрбекең менен сұраған шығар деп ойлады ма, бұған қарап:

— Эй, журналистер-ай, сәл нәрсеге де шүқшиып, мән беріп жүресіндер-ау. Әйтпесе, несі бар таң қалатындағы “Қайыр қылсаң бүтін қыл” деген емес пе. Дұрыс қой онысы. Қаншама адамның сауабын алады. Жаңа өзің салқын қымыздан жұтып жібергенде қандай болдың? Қолдан келсе, зердеңнің жеткенінше, өстіп кіслік жасағаның өзі ғанибет емес пе, — деген...

Осы болған жай жадында журселе жүрген шығар, бірақ мұнан кейін Сарыарқаның сары жазығында сауын

байлап отырған сол сары шалды көрген де, кездестірген де емес. Онан бері ширек ғасырдан аса уақыт өтіпті. Қазір, тіпті, мына жарық дүниеде бар ма, жоқ па, кім біліпті... Алайда жаңағы әйелмен арадағы әңгімeden кейін осы оқиға ойына оралғаны. Осы жайды есіне алып, өткен күнді зерделей келіп:

"Қайрымдылықтың қарапайым ғана үлгісі дерлік мұндаидар мұндаидар иманды тіршілік иелері, айналайын, ел ішінде аз емес еді-ау", — деп толқыған.

Сөйтіп отырып: "Япыр-ай, тап сол ауыл, сол далада осы бүтіндері әлгіндей жаңдар, әлгіндей құдайына қараған ниет-пейіл, бір-біріне шарапаты тиіп жататын көңіл жылуы жоралып кетпей сақталған ба? Әлі де баршылық, па осы?!" деген сұракқа тіреліп, антарыла тосылған.

Ақ-адал еңбек, бұйрық, несібе деген әдел-заңдан, өмір қағидасынан қашықтап, обал-сауапты ұмыта, ашқөздене ентіккен, тиесіліге де, тиесізге де ұмтылысқан; сол беталысында адам түгілі құдайды алдауға бар, керек десен, "алдал та жүрген" қызылкөздер мен жымыскыларды кісі танып, өлшем, ұлғі ете бастаған мына жұрт — жұмыр басты пенделер қай-қай жерде де көңіл жылуын азайтып алғандай көріне берген Берденге сол сәтте...

Осы оқиғадан кейін көп өтпей-ақ ойда-жоқта кезіккен мына бір жай бұл пікірінің негізсіз емес екеніне көзін жеткізе түсіп, тағы да ойра қалдырып кеткендей еді...

Қыстың алғашқы аязы түскен беті. Күн демалыс болатын. Түскі шайдан кейін көшеге серуендереп, ойда жүрген танысының үйіне соға қайтайын деп далага шыққан. Үйінің артындағы аялдамада жаурағандай тықыршып, қозгалактаған кіслердің қарасы едөуір екен. Бұл көптен автобустың келмегенінің белгісі. Көпшен бірге шыдамы жеткенше күтуге тәуекел етіп бұл да тұрғандардың қасына жақындаған. Келген бойда мұның назарын аударған ұлkenі тоғыз, ондардың шамасындағы; кішісі төрт-беске енді іліккен екі бұлдіршін қыз бала болды. Кішісі жайдак, ойын шанасының үстінде отыр. Көгеріп жаурағаннан ерні ерніне тимейді. Өзінің сол күйін шағынғандай әпкесіне қарап қыңқылдаپ жылайды. Тұрып жүремін дей ме, тыптырлап мазасызданады. Шананың бас жібін қорлына ұстап алған әпкесі өзінше сақтығы, тәртібі болса керек, оның орнынан тұруына ықтияр емес. Зекіп:

— Шыда! Тұрма! Отыр! Қазір автобус келеді. Соған мінеміз, — дейді үлкендік жасап.

— Ол қашан келеді. Жаурадым, — дейді балдырған кемсендеп, көнпестік танытып, қожасының әміріне мойынсұнған кейіпте. “Қожасы” “маған неғыл дейсің” қабакпен:

— Келеді, қазір, келеді, — дейді. Өзінің де көнірсіп тұрған жайы жоқ, тәрізді. Ажар, әлпеті сұық, сорып, қаязданып, боп-боз тартып кеткен. Қолдары да сіресіп, икемге келмей қалған сыңайы бар. Сойтседағы үлкендігін ұмытпай, бауырына қамқорлық жасау міндеті екенін сезінген сыңайда ара-тұра қалтасынан дәс орамалып шығарып, сіңілісінің жүзіне таман еңкейіп, танауын сүрткілейді.

Әркім өзімен-өзі тұрған жұрт, бұлармен ешкімнің шаруасы жоқ,

“Байғұс балалар сұық өтіп, ауырып қалады-ау. Тіпті, мына қалыпта автобус кешіге түссе бір жерлері үсіп те кетуі кәдік қой. Ата-анасыз қалай жүрген жазғандар екен. Қыстың күні де балаларды осылай жібере береді, ә,” — деп Берден жандарына барды. Күйлері кісі аяғандай. Әсіреле, кішісі қекбақа болып, әбден жаураған. Үлкеніне:

— Әй, балам-ау, бұлай отыра берсе сіңілінді үсітіп аласың гой. Тұргыз. Былай-былай қозғалып жүрсін. Жүрсе жаурамайды, — деп қолтығынан көтеріп, аяғынан жерге қойды. Соңан соң қолдарын, екі бетін алақанымен ыскылап-ыскылап жылытты.

— Кел, — деді жетектеп. — Екеуіміз автобус көрінгенше әрлі-берлі аяңдай тұрайық,

Бұларға шанасын сүйретіп әпкесі де іlestі. Олай-булай қимылдаپ, жүрген соң балалардың өңіне қан жүтіріп, шырайлары кіріп қалған. Екеуі де жәудіреп, бұған ризашылық қабакпен құлімсірей қарағанмен: “Мұның бізге қандай жақындығы бар адам? Кім бұл? Бізді қайдан таниды?” — деген сұраулы кейіпі басым еді.

Сәлден кейін автобус келіп тоқтаған. Шананы өзі көтеріп, балаларды сүйемелдеп ішіне енгізген. Қалтасынан үш абонемент алышп, тестіріп, екеуін үлкенінің қолына ұстатты:

— Мә, жоғалтып алмаңдар. Тексеруші кезіксе көрсетесіндер, — деді.

Баламысың деген, екеуі соған жерден жеті қоян тапқандай мәз болып, бір-біріне жымындаста қарайды.

Жаңа автобусқа кірерде жөндерін білген. Осыдан үштөрт аялдамадан кейін тұспек. Бөлек тұратын әжелерінің үйіне бармақ екен. Автобус балалардың аялдамасына тоқтаған кезде Берден шанасын әперісіп, тағы да көмектескен. Екеуінің ризашылығында да, таңданысында да шек жоқ. Автобустың терезесінен бұған тұскен көздері қуанышқа толып мөлдіреп әрі таңғажайып бір оқиғага кездескендегі аусар әсермен таң-тамаша жәудірей қарайды. Автобус қашан орнынан қозғалып кеткеніше олар сол қалыптарынан тыбыр еткен жоқ,

"Бұл кім? Бұл қандай жақынымыз? Жақын болмаса бізге мұндай жақсылықты неге жасайды? Қай ағай екенін айтпай кете бергені ме, онысы несі?!" — деп елеңдей қалып бара жатқан сыңайларын Берден айқын аңғарған.

"Мейрімге таңсық үрпақ қой бұлар. Көңіл жылуы азайған, ізгіліктен жат бауырлығы басым, сүркай, сүрғылт кезеңді талаіларына тап келтіруін қарасайшы", — деп қынжыла ойлаған. Сол ойынан әлдеқаңдай көңілсіз күй иектеп, мына тіршіліктің аужайына үнілгендей суренмен біршама өз-өзі іштей толғанып кеткен жайы бар еді сол сөт...

"Адамгершілік, қайырым, жанашу тәрізді адамзат табиғатын көріктендірер қасиеттерді іскеуге келмейтін сурет гүлдерді қолына ұстап көрген баладайғана жалған мадданып, шын рухын жан-тәнімен етene сезіне алмай өсетін болды ма осылар. Бұларға сол ізгіліктерді ұқтыруда, қанына сініруде не үлгі-өнеге көрсетіп жүрміз қазір. Қандай қам-қарекеттеріміз бар... Әсілі солардың алдында батпандай қунәміз болмасын. Солай да шығар. Құдай сүйер қылыштыңыз жоқ-ау осы. Сейте тұрып, ең өкініштісі, жайымызға жүрмей мейірім, кісілік, адамгершілік парыз туралы қалай-қалай сайраймыз десейші. Элгі қасиеттер жайлы кітап жазып, ғылыми еңбектер қорғап, баяндағы жасап, мінбеден көсемсіп, сурыла сөйлейтіндер, ең құрымаса солар, сол айтқандарын өздері өмірлерінің қағидасына айналдырып, басқаларға өнеге көрсете білсе мына дүние мұнан гөрі тазалау, шуақтылау болмас па" — деп бір түйген.

Ойдан ой қашып; осыларды жетесінің жеткенінше зерделеп, таразылап, заман, адам, мына айнала төнірегі туралы топшылай келе:

"Әй, ол не дегенің, сорлатқанда, ең алдымен жаңағы

"зияллылардың" сөзі мен ісі жер мен көктей алшақ жатса, қайтпексің. Соңан соң да қанша қыстырып, сумірейтіп жазсын; көкірегі қарс айрыла, қазымырланып сөйлесін, мейлі, олардың өситетінің мына тіршілікке қайдан киесі, жұғымы болсын" — деп қабаржыған.

Жалпы Берден кейбір "өзімнен басқа ешкім қарайып шықпаса; жалғанның жалғағы маған ғана тиеслі болса еken" деген қарау ниетті; тіпті, қара жердің үстіндегілердің бәрінің түбіне су құйып, жалғыз қалуға пейіл; "құрысын, жалғыз несі қызық, онан да көппен біргені..." Эсте ойына алмайтын, сейте тұрып қарқарадай азамат көрінгісі келетіндерден жағасын ұстап шошитын. Бір тұнгі төсектің қызығы мен бір ішер арағына ақылын, адамгершілігін қоса айырбастай салудан айылын жимайтын жыртақылармен; басқа басқа, досына, туысына өтірік сөйлеп, екіжүзділік жасаудан тайынбайтын жәһәл — жәдігөйлердің көкип, кеуде кетере тұрып; ал жымысқылық пен пысықтықтың майын езіп ішкендердің тымпиып, кісімсіне қалып; сабаздарың сол бойы, шылл етпестен халқының қамын жей: "елім, жұртым, өнегем, өнерім, дәстүр-салтым" деп, ет жүргегі езілердей күніренгенін көргенде шарасы таусылып, мына дүниеден қарадай-қарап тұңғатетін.

"Сыбырлағанымды құдайға естіртпеймін" деп есептейтін, өзінен басқаны бейшара көріп, ақымақ, санайтын осы "бозымдар" тұлтің-тубінде зауалға кезігіп, көзім ағарып тұспей ме дегенді ойға алмай ма еken, шіркіндер, — деп толғаған енді бір сәт. — Эй, қайдан алсын-ау. Епті бүркемелеп, ыскаяқ, әрекеттеп, қара басының қамын құйттеген осы тірлігін күн көрістің көзіне айналдырган соң, "өзімдікі жөннен" басқаны ойлаушы ма еді. Ойламайтын шығар. Алда-жалда қайсы біріне наз қылып: "Мұның қалай?" деп — байқашы, құдай біледі, шімірікпестен: "Молданың айтқанын істе, істегенін істеме" — атаң қазақтан қалған сөз. Соңдай-ақ, біздікі — айту міндет, жазу міндет. Керек қылғаны тыңдасын. Керек қылғаны оқысын. Қажет еткені алсын. Менің қара басымда шаруасы қанша", — деп тау қопарған кісідей ісініп шыға келер-ау. Иә, мұндай пигылдан көніл жылуы қайдан шықсын. Қайдан?!..."

Берден осылай-осылай ой кешкен. Ал автобус зымырып бара жатты.

СЫҢАР СЫРФА

— Ертең келмей-ақ, қой.

— Жоқ, келемін. Тура осы жерде күтемін.

— Айттым ғой мен енді келе алмаймын деп. Апам аңдып, қарап жүреді. Бүтін аудандағы аурұханадағы сіңілісіне кеткен. Ертең қайтадан менімен бірге жүгөрі собықтауға шығады. Ол кісі жүргендеге қасынан ұзай алмаймын.

— Мейлі, мен келемін. Осы жерде күн батқанша болсын күтемін.

— Босқа әуреленбесейші.

— Енді сөл сәтке келіп кетуге болады ғой. Беліне сені байлап жүрмес апаң. Келесің ғой, ә... Келемін деші.

— Қайдам... Білмеймін...

"Білмеймін" "Келемін" дегендег болып естілді.

Қызыңқ ақшәйі орамалдай үлбіреген балауса ажарында қиналыстан туған кіrbің, әрі бұған деген ықыластың, қимастықтың нышаны кезек алмасқандай сыр аңғартып, жылы, қоңыр жанары тамшы болып үзіліп түсердегі жәудіреді.

"Келеді" деп түйген бұл сол сәтте әлдене сеніммен...

Таңғы тыныштықтағы торғайдың шырылынан ба, жоқ, иті үрді ме, жоқ, шешесінің қыбыр-жыбыр үйге кіріп шыққанынан ба, әйтеуір, әлдекәндай дыбыстын оянғаңдай көзін ашып алған Жылқышының ойына бірден кеше Жаңылмен айрылысар сәттегі араларында болған осы әңгіме оралды.

— Келеді, — деді іштей күбірлеп, өзінің-өзі көңілін тыянақтағандай шешімді күйде.

Сол сенім жүргегіне шуақ құйып жібергендей тұла бойы жеңілдеп, көңілденіп қоя берген. Шалқасынан жатқан бойы аяқ-қолын соза құшырлана керіліп, есінеп алып, үстіндегі көрпесін серпіп тастай, орнынан сергек көтерілді. Осынау елгезек, жаймашуақ, қалыпта соңғы кезде

радиодан айтылып, ел арасына тарала бастаған жаңа әуенниң сарынын ыңылдай жүріп, қайырма тұсына келгенде "Көгілдір көктем, көңілім менің" ... деген жолдарды естірте қайталап, әндектен бойы атын ерттей бастады.

Сол бетімен кеңшар орталығынан қозы көш жердегі жазғы жайылымдық "Кеңсазда" отырған екі-үш үйлі шопан ауылынан күн шығар-шықластан, ертелеп отарын өргізіп, сырғыта қалтатып келіп, екі аралықтарғы қара оты мол "Караойға" сары сәскеде іліккен. Жылқышы мады осы жерде қалдырып, сон-ау тұста ормандаі тұтасып, мұлгіп түрган қалың жүгерілікке қарай асығыс жедірте жөнелді.

Оз көңілінің ақжарқын, алып-үшқан, жайдары қалпын қошуақ, алғандай қабақ, танытқан мына айнала табиғат – Сары даланың осын-ау сары шуаққа малынған жайсаң күз, көрік-суреті де жанға жылу себелеп, жүрекке мейірім үялатқандай. Төңірек алтынмен женіл ғана алтап өткендей сәулелі бір жібек шүғылаға малынған. Сары буалдыр тартқан әуеде де женілдік, жұмсақтық, тынысқа кеңдік айқын сезіліп, көңілді қанаттанғырады.

Табиғаттың еркімен әр маусымға лайық, реңкке еніп, аз уақыт боянып, түрленіп қалатыны болмаса әу бастан жаратылысы қара қүрең түсті иемденген қоңырқай даланың бүтінгі маужыр, мамыражай күйіне, жасанған қыздай болмысты ашық ажар келбетіне Жылқышы емірене, елжірей көз жүгірткен.

Заңғар көктің төріне қарай тырмысқан алтын күн астындағы дүние әлемді шүғыласымен аймалап, шымшымдай қыздырып, исіндіріп, балбыратып, береке мен тыныштыққа пейілдеп, тіршілік біткенде ризық, молшылыққа кенелтіп түрган тәрізді. Эбден мәйектеніп, пісіп, гүл-қауыздары үп еткен леппен жамырай төгіліп кетуге құмбыл күз шөбі – жантак, жусан, ебелек, қарасора, бүйіргүм теріскең, түйесінір, изен... сан алуан майда оттар жаздың шаруаға жайлы, жақсы болғанынан хабар бергендей.

Жалғызаяқ жолдың жиегінде ара-тұра, әр тұста, шоқ-шоқ, өсіп түрган мендуананың басы дәнге толып, қарашенғелдің қоңырау қалбырлары жаңғақтай-жаңғақтай торсыйып кеткен. Ат алдынан пыр-пыр үшқан торғайлардың да шырылы жаймашуақ, бейбіт қалыптты аңғартады. Күз көбелектері көлбендей, мамырлай үшады. Бүкен-бүкен орғыған ор қоянның қоны ту сыртынан туарылып

көрінгендей. Анау тұста қоралы қойдай болып көзге шалынған бір топ тырнаның үйірі марғау жайылып жүр. Қөнілгे де, көзге де соншалықты ыстық, қимас көріністер...

Жазы әдетте аңызақты, ыстық, қысы ызырықты келетін, шаң жұтқан шөлейт табиғатты бұл даланың да кей-кейде еш жердің жұмақ сурет, жұпар ауасына бергісіз осындау-осындау құндері, маусым сәттері бар-ау. Содан соң да бұл дала Жылқышы үшін “көк өгіздің мүйізіне қонақтаран” қара жердің ең қасиетті пұшпағы, дуние жаһандығы нелер ертегіге, аңызға айналған өлкелердің ешқайсысына тенгермейтін жерүйіғы гой...

Тапа бір осы даланы бүгін жаңа көргендей қызыға, құмарта қарайды. Алдағы, ауыл жақтағы, көлемі көз үшін алтын жатқан, ырғап, ығыш түрған жүгеріліктен күзгі көнілді тіршіліктің үні құлаққа жетеді. Сол үн Жылқышының тағатын тауысып, өзіне қарай шақыра жетелегендей атын тебіне түседі.

Сауыны келген мама биенің үрпіндей сыйдал, тырыстырыс жарылып кететіндей торсыйып-торсыйып түрған, сары сазан собықтарын көтере алмай қайыса ырғалған жүгеріліктің сырт жағынан келіп, жиектегі арықтың бойын қуалай өскен шырмауық, жоңышқаға атын арқандап қалдырыды да, қалыңың ішіне жаяу еніп кетті.

Кешегі жүрген ізімен – жүтері атыздарын қақ жарып, қасқайып жатқан арықтың табанына түсіп алып – едәуір бүкектеген соң келіп-кеткен машиналардың гүрілі, самбырлай сөйлескен жүргітің дауыстары жақыннан естіле бастиады. Сол тұсқа еміне таянып барып тоқтады. Жаңылдың қай шамада жүргенін көргісі-ақ келіп аңсары ауып, әрі оған өзінің осында екенін сездірмекке қанша оқталғанымен көзге тұсуге тәуекелі жетпеді. Шешесінен қаймықты. Мұны байқап қалса аңдып, жібермей қояр деп қорықты. Сонан соң арықтың бойына бұрыльып әріректегі жүтерісі биік те, бітік өскен, көлеңкесі қююлау, қалың тұсқа қарай бұрылды. Кеше екеуі осы жерде кездескен.

... Он жылдықты бітіріп, малдағы әкесінің қолына көмекші шопан болып барғалы, осы соңғы бір жыл ішінде, Жылқышының Жаңылды көруі, онымен кездесуі мұн бола бастаған тәрізі бар. Бұрынғы мектепке баруда, қайтуда бірге жүретін, ештеңеден алаңсыз ойнап-кулғен, шат-шадыман балауса құндер көзден бұлбұл үшқандай. Себеп жоқ, салдар жоқ, сопайып мектепке қайта-қайта

бара берудің ретін таппай ынғайсызданады да. Тіпті, келе беруге уақытты қане. Бұрынғыдай орталықта тұрмайды. Мал ішінде сыртта жүр. Мойнында міндетті шаруа бар. Соның ара-арасында, қалт еткен сөт тауып, салып ұрып жеткенімен Жаңылды кездестірудің әрдайым орайты бола қоймайды. Ілкіде бір мәнәйі себеппен, құдай жарылқап, жол үстінде не ауыл ішінде жалғыз келе жатқанда кезігіп қалып жүздеспесе, қызды оңаша кезіктіріп тілдесу бұл үшін кейінгі кезде қиямет-қайымға айналған.

Бұл қияметті орнатқан Жаңылдың шешесі. Қызын Жылқышыға жолықтырмаймын деп қия басқан қадамын аңдуға шылқан. Табиғатынан биязы, ұяң, құралайдай үркек, нәзік Жаңыл тұтғіл бір кісідей тентектігі, қайсарлығы бар Жылқышының өзі адудын, көкірек, тілі аңы, мінезі нойыс, кексе әйелдің жау қабақ, сұық, ызғар жанарынан жасқанып тайсақтастын. Қарсы кездесуді қол көрмей ығыса жүретін. Ал, Жаңылдың шешесін қаншалықты жақсы көріп, сыйлайтынын бұл, әрине, білмейді. Тек онан қатты сескенетінін, айтқанын қалт етпейтінін сезеді. Соның салдары шығар қыз кейінгі кезде мұнымен кездесуден көпекеріне жасқаншақтастын сияқты. Бұрын жанарлары ұшыраса кеткенде бет ұшына ұлбіреп жұқалтаң қызыл арай лып етіп ойнап шыға келіп, жүзі жадырай, жылы құлімсірей қарайтын. Сол көзқарас мұның қөніліне қуаныш шапағын шашып өткендегі шаттыққа бөлеуші еді-ау. Мынау жарық, әлемнің бар қадыр, қасиеті сол сәттің ләззаты ғана сияқты-тын бұған.

Енді қазір өзіне деген сол ықылас, ниетті қанша елегізи, сағына ізденгенімен оның ажарынан ұшырата бермейтін болып жүр. Қайта мұны көргенде біртүрлі мұңайғандай қабаржып, тәменшіктең, тұйықтана түсетін тәрізді. Бұл оның бойындағы осы өзгерісті аңғарып, соңғы жолық-қанында неге екенін білгісі келіп қанша әрекеттегенімен қыз ештеңе айтпай бүйірылана берген. Сөйтіп алыш-ұшқан қөнілі құлазып, еңсесі түсіп, салы суға кетіп қайтқан ауылына. Содан кейін оны жолықтыра алсайшы...

Ара-тұра Алматыдан не облыс орталығынан келіп тұратын әртістердің ойынына; ауыл ішіндегі той-томалак, жастардың басқосуларына шешесі Жаңылмен ілесіп барып, бірге болады. Мектепке қатынағанда тәменгі кластарда оқитын іні, сіңлілері, жақын-жұық, көршілерінің балалары төңірегінен кетпейді. Тапсырыс мықты. Бір елі

ажырамайды. Олардың көзінше бойжеткен шүйіркелесіп, сейлеспек түгілі бұған мойын бұрып, бас изеп сәлемдесуге тайсақтайды. Біраздан бері сырттай торып жүріп, ретін тауып, кеше осы жерде, осы жүгеріліктің ішінде жолығып еді. Енді “кеle ме, келмей ме” деп біресе үміт жетегіне еріп, біресе құдікке бой алдырып, тырс еткен дыбысқа елеңдеп тағаты таусыла тосып тұр.

Күн түске қарай тырмысқан сайын нар қамыстай бой салып, биіктеп өскен жүгеріліктің іші қалыптың тартып, ыси бастиады. Соナン ба, жоқ, әлде ішкі мазасыздық, көнілдің алау-жалауынан ба, пысынап, күйіп, шөлдегендей тілі аузына жабысып, тамағы құргап кетті. Мұнда келіп бой тасалап тұрғалы темір қақпақты, шынжыр баулы кішкене қалта сағатының ұзын тілі өз өресін бір айналып шығуға таянғанда қобалжуы күшейіп, “келмегені ме” деген құдер үзген сезім иектей бастаған. Сол кезде жақын маңдан женіл сыйдырата, әлдекімнің келе жатқан дыбысы естілді. Жылқышы сақтықты қойып, өзін-өзі ұмытта, солай қарай тұра атылды. Сатыр-сұтыр қарғып, төрт-бес аттап, онсыз да үркектей, жан-жағына жаутаң-жаутаң көз жүгіртіп, елегізи басып келе жатқан қызды селк еткізе дәл алдынан ойқастай шыға келген.

— Ой, сен екенсің ғой... Соңшама зәремді ұшырып...

Жаңыл жүзіндеңі үрейін жасырып та үлгермей жатып, көнілдене сықылықтай күліп жіберді. Басқа біреу емес бұл болғанына қуанып кеткендей. Соナン соң ішкі толқыныстан ба, күннің ыстығынан ба бал-бұл жанып, алаулап тұрған ажарын жасырғандай ерке бір жеп-женіл, қылықты қымылмен таянып келіп, сүйеніп, жүзін мұның иығына басты. Оның жып-жылы, жұп-жұмсақ, сиқырдай әсерлі, жанына соңшалықты жақын, жайлы тиген тыныс демі қеудесіндеңі жалаңқабат көйлегінен кедергісіз өтіп, тұла бойына бақыттың шуағы болып құйылып кеткендей. Осын-ау рахат шактың ләззатынан мас болып, балқып еріп жүре бергендей сезінген өзін. Өзі ғана емес-ау екеуі де еріп, кісі тек түсінде көретін ақкүміс сәулелі жұмақ, дүниеде акша бұлтқа айналып ұшып бара жатқандай ма, қалай, әйттеуір, езгеше тосын әрі соңшалықты қымбат, қимас күйді — өңмен түстей тіршілікті басынан өткеріп тұрғандай жайы бар. Өзі сол қаранғы қалың орман арасында адасып, тіршілігін құрдымға кеттіге санап, дүниеден баз кеше бастағанда алдынан ауыл оты жарқ, етіп қөрінгендей, немесе тунектің төрінен күлімдеп күн

шыға келгендей мына кезікken оқыс сәтілікке сенер-
сенбесін білмегендей аңтарылған қалпы:

— Мен енді келмейтін шығар деп едім... Мен енді
келмейтін шығар деп едім... — деп қайталай берді...
қуаныштан ба, қобалжудан ба аузына басқа сөз түспей.

— Көп күттің бе? — деді Жаңыл бетін сол иығынан
алмаған күйі сыйырлай сөйлеп. Осы үзіле естілген үнімен
бұған деген ықылас, пейілінің қандай екенін анық аңғарта.
Онысын қапысыз түйсінген жігіттің жан дүниесін
әлдеқандай ыстық, леп шарпып, бойын тәтті діріл буып,
еziле елжіреген. Жуан етіп өріп арқасына тастай салған
жалғыз бұрымын жас нәрестенің тәніне қол тигізгендей
еппен нәзік сипалады. Қыздың күн ісі, дала ісі, тер ісі,
тағы-тағы қандай жағымды, сүйкімді жупар араласып
сезімді еліте бұрқыраған самай шашының қоңыр бүйра
толқынына мейірлене бетін басты.

Жаңыл әлденеден қашып, бұған тығылғандай жабысып,
іші-бауырына кіре түскен. Өзін мұншалықты жақсы
көретінін, бұрын бұлай сездірген емес-ті.

"Мені сүйеді екен, сүйеді" — деп ойлады көңілі
алабұртып, тасып, әуелеп үша жөнелгендей, көктегі ақша
бұлттардың арасында қалқып жүзіп жүргендей әсерге
бөленіп, әрі мына шексіз бақытқа қалай кенеле кеткенін
өзі әлі түсініп үлгермегендей тосын шаттықтан толкулы
күйде. Жаңына соншалықты жақын, жылы, мұнданай сәтті
бұрын өмірінде басынан кешіп көрмеген. Сол ыстық,
сезімнің жетегінде алаулап тұрып:

— Жаңыл мені сүйесің бе... Сүйесің гой, ә... — деді
құшагына қыса беріп.

Қыз мұның иығына сүйеген басын изеп, сол үн-тұнсіз
қалпы терең күрсінген...

— Неге күрсіндің?.. Неге үндеңейсің?.. Айтшы...

Қыз жауап орнына анасының омырауына басын
тыққан сәбидей бүйірғы жабыса түсті.

Жылқышыға осы сәт екеуінің арасында табиғаты
белгісіз әлдеқандай тылсым кедергі бардай көрініп кетті.
Өзіне бір түрлі үрейлі сезілген. Бұрын аңғармаған нәрсесі,
зерделемеген жайы.

— Жаңыл, ертен де, осы уақытта, осы жерде кездесейік,
жарай ма.

Қыз сол үн-тұнсіз қалпы оның реті келмейді дегенді
білдіре басын шайқады.

— Неге? Келмейсің бе?

Жаңыл сол басын көтермеген бойы сыйырға таяу ұянғана үн қатты.

— Өзің білесің фой. Несіне меннен сұрайсың...

— Шешең бе? Шешеңнен шыға алмайсың ба?

Жаңыл басын изеді:

— Бүгіннің өзінде амалсыз... Эрең келдім. Қазір ізден қалды ма деп зәрем ұшып тұр. Күнде бүйтіп кете алмаймын. Өкпелеме маган. Жарай ма. Ренжімейсің фой... Ренжімейсің... Сен жақсысың фой...

Ол еркелегендей қылық, таныта мұның жүзіне құлімсірет қарады.

— Шешең мені неге сонша жек көреді, — деді Жылқышы шарасыз, торыққандай үнмен.

— Білмеймін.

— Жек көретіні рас қой, шыныңды айтшы?!

Кызы кінәлі кісідей төмен қарады.

— Рас... Бірақ мен не істеймін... "Ол тентек, бұзық бала... Неге маңайына таянасың" деп сені көрген сайын апшымды қыырады. Мениң апамның ашуы жаман фой. Мінезі қатты. Қорқамын... Саған кездеспесін деп аңдып жүреді кейінгі кезде.

Мына әңгімеге қапаланып, қорланғандай Жылқышының көңілі сұлық түскен.

— Мен бұзық, жаманмын ба, сонда? — деді әлде ызалы, әлде тұңғылған үнмен қыздан өзі туралы шынымен сұрап білгісі келгендей қабағын шытады.

Оның ренжіп тұрганын аңғарған Жаңыл соны жуып-шайғысы келгендей құрақ ұшқан көңілмен іле жауап қатты:

— Жоқ, сен жақсысың...

Сонан соң құлағына наздана сыйырлай:

— Шын айттамын, сен жақсысың, — деді. — Мен үшін сен бәрінен де жақсысың.

— Онда апаң мені неге жаман дейді. Ол кісіге не жасаптын соншалықты?!

— Қайдам?!

Кызы ойланып қалған. Бұған әлдене айттуға оқталғандай, айтсам ба, айтпасам ба деп толқығандай аңтарылған қалпы бар. Бірақ ешнәрсе деген жоқ, Тұншыға күрсінді де қойды.

— Неге күрсіндің? Ойында бірнәрсе бар тәрізді. Неге айтқың келмейді маган. Айтсайшы.

Кыз қашқалақтаған:

— Нені айт дейсің?!

Оның бұл күйін қалысыз сезіп тұрған жігіт тосыла қоймады.

— Апаңың мені не үшін ұнатпайтынын айт, — деді.

— Оны қайдан білемін?

— Білесің, — деген жігіт дауысына салмақ түсіре, әлдеқандай сеніммен. Неге бұлай кесіп айтқанын өзі де зерделей қоймаған. Алайда ол осылай дегенде қыз қымсына, жүзіне лып етіп қызыл шашақ шашырай, жанары жәутендең кетті.

— Эне, көріп тұрмын ғой. Несіне жасырасың, — деді бұл көзіне туралай қарап.

— Саған қалай... не деп айтарымды білмеймін, — Дауысы дірілдеп үзік-үзік шықты. Өзі қолға түскендей төменшіктеген, пұшайман күйде. Жүзіне мұн ұялап, жүдеп көрінді. Жылап жіберердей пәс, ұяң үнмен сөзін жалғады:

— Апамның басқаша, ішкі есебі, ойы бар тәрізді. Саған бұрын айта алмай жүрдім. Әрі ұядым. Әрі есіме алым келмейді, соны...

Жылқышы мына жүгеріліктің ішіндегі қамау, қапырықты ұмыттып, тұла бойы әлдене салқындықты сезгендей көнілі қөлеңке тарта, тітіркене тұрып:

— Ол не? Не ойы бар, — деді. — Демек мені ұнатпайтын себебі бар екен ғой...

— Иә, — деді қыз ерінін әрен қыбырлата сыйырлай сөйлеп. — Не істеймін білмеймін...

Жаңыл амалы құрып, қинала тұрып, мән-жайды баяндаған.

Шешесінің көрші ауданда немере інілері тұрады. "Ауқатты, бакуат, жаңды-жақты, шеттерінен қызметкер" деп апасы үнемі оларды мақтап отырады. Солардың біреулерінің баласы техникум бітіріп келіп, ауылда ферманың зоотехнигі болып жүрген көрінеді.

"Әлі үйленбеген жас бала. Өз сүйегі. Таныйтын, білетін жері, сыйласуға жақсы. Жаңылына түбі оңтайлы өріс сол болса керек. Аңда-санда бара қалса інілері "апа-апалап" хан көтереді мұны, мұттем. Ішінен шыққан бір баласын қимайтын несі бар оларға. Олардан артық, кімге бермек, олардан артық, кімге бармақ. Ара-тұра араласып жүргенде көріп-біліп байқаған шығар: "Қыз-ау, Жаңылжан бой

жетіп қалыпты. Көлденең көк аттыға сайыста болып кете бармасын. Қыз дегеннен көз жазып қалу оп-онай. Үлкінят болғайсың. Бір-бірімізден қол үзбекеніміз дұрыс қой. Біз де анау оқу бітірген ұлды аяқтандырсақ па дейміз. Оныңшысын бітірген соң Жаңылжанды өзімнің қолыма берсейші" деп жеңгесі анау жік-жаппар, қояр да қоймай жүрген. Құда қаласа, алдағы жазда ақ тілеу сапарға аттандырамыз ба, қайтеміз. Жаңылжанға бұл әңгімені құлақ, қағыс еткеннің артықтығы жоқ. Біле берсін. Шешесінің бұл тірлігі қызының өзінің қамы. Сол жақсы болса екен, сол жыламаса екен түбі деген мақсат".

Шешесінің кейінгі кездегі әңгімесінің ұзын-ыргасы осылай келетін. Ой, Жаңылға бұл әңгімені есту қандай ауыр, қандай қолайсыз-ақ, Алайда аласының оның жай-күйімен шаруасы қайсы. Өзінікі өзіне жөн. Жаңылжаның, тілті, естігісі, ойына алғысы келмейтін; әлі күнге бір сәтке де емексіл, елестетіп көрмеген; өзі үшін соншалықты өгей, жат, беймөлім сезінетін осын-ау "болашақтағы қызығына" шешесінің-ақ, тоғайып жүргені. Оған "қойыңызшы" деп тағы айта алмайды. Айтқанымен тыңдай ма.

Қыз жанына батқан бұл сырын шын торыққан көнілмен күйіне тұрып жеткізген.

— Осы жақын арада сол інілерінің қайсысы баласын сұндетке отырғызып, той жасамақшы. Соған мені ертіп барып қайтпақ, Әрі той сылтау, әрі мені көрсетіп, таныстыру жоспары бар сияқты, — деді Жаңыл ол аз болса дегендегей кекесін аралас налыған үнмен.

— Ал, сен барма, — деді Жылқышы басқа аитар ешиңерсе таба алмай, мына тосын әңгімeden есептіреп қалғандай әрі-сәрі күйде дағдарып тұрып, өз сөзіне өзі жауап беріп жатпаған сыңайда.

Қыз назалана мырс етті:

— Қалай бармаймын. Шешеммен бірге туысқандардың тойына бармауым керек пе?!

Жігіт өзінің талабының жосықсыздау екенін жаңа аңғарғандай салы суға кетіп, аңтарылды. Тағдырлары тас түйікқа тірелгендей кепті сезінген жайы бар еді екеуінің де.

— Әскерге қашан кетесің? — деді қыз мына көңілсіз үнсіздікті бұзып, мұның жүзіне мұңая қарал.

— Білмеймін. "Жүргізерде өзіміз хабар жібереміз. Ас-

ауқаттарыңды алып, біржола дайындалып келерсіңдер" деген.

— Бармай қалуға еш мүмкіндік жоқ па?!

— Қалай? Қайдағы мүмкіндік. Комиссиядан өттік. Жаратып қойды...

— Сен де армияра кетіп қалсан, мен қайтер екенмін енді?.. Не істеймін?!

Дауысы қынжыла, қинала, мұнан әлдене дәрмен күткендей, жылармандағы қалде құмыға шықты. Оның жан дүниесіндегі мазасыздық пен алаңдаудың жайдан-жай емес екенін шамалаған мұның көңілінде осы сәт әлдене тылсым үрейдің көлеңкесі сыз тебе бастаған. Болашақтың бұларға сыйлар куаныш, шаттығын елестетуден гөрі алдағы күндердің үлесінде салқын бір белгісіздіктің, үмітсіздіктің қара ирім бұлты үйріліп жатқандай ма, қалай?

Жылқышы өзін шарасыз, дәрменсіз сезініп, көңілі қаяу тартты. Еңсесі түсіп, пәс, басылып тұрып, лажы таусылғандай үнмен:

— Оныншыны бітірісімен оқуға кетіп қалсайшы. Техникумге болсын түсе сал, — деді.

— Қайдам, — деді қыз батылсызыдау. Оқуға мені жібере қоя ма дегені ме, түсіп кете қоятындаі дайын оку қане дегені ме, мүмкін екеуі де ойына тұрган шығар, ол жағының басын ашып айтпай күлбілтелеп қана. — Қой, жарайды, мен қайтайын. Апам іздел жатқан шығар, — деді содан соң мұнан рұхсат сұрағандай, кетуге ыңғайланып.

— Тұра тұрсайшы. Жаңа ғана келдің ғой.

— Айттым ғой, іздел қалады деп.

— Ештеңе етпес, бір іздеңгенге. Өзің ертең келе алмаймын дейсің тағы. Енді кішкене тұра тұрсайшы. Сәл әңгімелесейік, құрымағанда.

— Сен мені аямайсың ба? Жаның ашымайды ғой, ә.

— Ол наз қыла еркелей қараған.

— Ал сен ше, сен мені аямайсың ба? — деді бұл шынымен өкпе артқандай оны бауырына қыса түсіп.

— Аяғанда не істейін?

— Кетпей. Кетпей тұра тұр.

— Менің еркімде болса ғой, — деді қыз күрсіне тынысталп. — Жарайды, енді тек үш минутке ғана. Онан артық қинама...

— Үш-ақ минут дейсің бе, жоқ, ол болмайды, — деді бұл батыл қарсылық білдіріп.

— Айттым ғой, онан артық кешікпеймін.

— Ал, мен жібермеймін.

Қызыңдықтай күлді:

— Мен кетемін десем, қалай жібермейсің?

Құшағындағы қыздың сұрауына уәж іздеңдей жігіт аңтарыла тосылған. Сол сөт ойына әлдене түскендей өніне көнілді құлкі табы жүгірді. Өзі сипалап, түрткілеп, құн сәулесіне тосып, жалт-жұлт еткізіп, қақпақыл ойнап тұрган тай табан, алтын сырғасын лып ағытып ала қойды. Өзінің бұл тапқырлығына дән риза күйде:

— Ал енді осыны тастап кетіп көрші, — деп нығызданды сыңар сырғаны уысына қыса түсіп. — Менің рұхсатымсыз кететін болсан, бермеймін, алыш қаламын.

— Ой, бәлесін-ай, алыш қала ғой. Қорқытқаның сол ма. Ерегестірсең қазір-ақ журе берейін бе? — деді қыз тап қазір кетіп қалатында док, көрсетіп. Бірақ құшағынан босануга әрекет жасамады. Сол жып-жылы, моп-момақан сүйенген қалпы тұра берді.

— Апаңа не дейсің онда?! Сырғаң қайда десе, не айтасың?

— Жоғалтып алдым дей саламын.

— Ұрыспай ма?!

— Ұрысса, ұрысар. Не, зат жоғалмай ма, адам өлмей ме?

Әрине, қыздың шындал келгенде, сырғасын тастап кеттесі; мұның ол сұрап, жалынып тұрганда безірейіп, бермей қалмасы екі бастан белгілі жай ғой. Соны сезген екеуі де бір-біріне көзі түскенде еріксіз күліп жіберген.

— Жаңыл, мен армиядан келгенше күтесің бе? — деген жігіт осы кез көптен бергі көңіліндегі түйіткілін шығарар мұнан қолайлы сәттің жоғын пайымдағандай, енді шегінер жері жоқтай, әңгіменің турасына көшіп.

Қызыңдықтан тосыла ойлы жанарымен бұған жаңа көріп тұргандай, тұнжырай қараған. Көзінің қарашығы онан сайын қарауытып, сұықтан бүріскең торғайдай діріл қағып тұргандай көрініп кетті. Әрі мұның сұрағына жауап қайтара қоятында ыңғай байқатпады.

— Неге үндеңейсің? Мені қайтып келгенше күтесің бе деп тұрмын ғой...

— Білмеймін... — Қыздың үні тұншыға шықты,

сарынынан әлдене, күпия тылсымдықтың сыйзы ескендей жайсыз сезініп, жігіттің бойы тіксінді.

— Не? Не дейсің? Білмеймін?!

Қыз онан әрмен түйіктана, жұмбақтана түскендей кепте бұған бұйыға тығылып, сыбырлағандай бәсек дауыспен қабаржы тіл қатып, сезін үзіп-үзіп айтқан:

— Жылқышы, мен кейде өзімді-өзім түсінбейтіндей қызық сезімде жүремін... Бірде сені ойласам осы дүниедегі ең бақылты жан мен тәрізді көрініп, шаттыққа бөленемін. Жер бетінде екеуімізден басқа ешкім жоқ тәрізді. Екеуіміз ғана өмір сүріп жүрген сияқтымыз. Енді бірде қарасам осы қуанышым түс пе деймін. Сен бұл өмірде жоқ, сияқтысың. Түсімде көрген сенниен өнімде айрылып қалады екенмін деймін. Соңдайда өз-өзімнен зәрем үшшіп, қорқып кетемін. Неге ғана сені көрдім екенмін деймін... Неге ғана екеуіміз бір ауылда болдық, еken... Екі жақта болсақ, қой, бір-бірімізді білмес едік. Кездеспес едік... Уайым да, қайғы да жоқ, Тып-тыныш, жөн-жөнімізде жүрер едік. Бүйтіп бір-бірімізді іздемес едік, сағынбас едік... Ту-у... Қайтемін енді...

Қыз басын көтеріп, аңғалағын жас тамшылары кіреукеleген жанарымен бұған шарасыз қалдегі жандай қинала жәутеңдеген. Оның еріп, елжірей тұрып айтқан мына әңгімесі Жылқышыны да қатты толқытып, қоса қиналғандай күйі бар. Үн-тұнсіз сілейіп тұрып қалған еken.

— Жарайды, мен енді кетейін, — деді Жаңыл өтінгендей үнмен. Оның сөзінен оқыс селк етіп, бойын жиып алды. “Кетемін” дегені жұмсақ, қана сыбырлай айтқанымен соңшалықты жат, сұық, естіліп, бір жолата айрылып бара жатқандай ышқынғаны:

— Тұра тұршы, кішкене! Тұра тұршы.

Мұның жан-дүниесінің осыншама шыр-пыр болғанын сезген қыз мейірлене күлімсірей қарап, өрттей ыстық алаулаған жүзін жүзіне әкеп сүйеді. Оның бетіне тиген лебінен жігіттің тұла бойын жағын шарпығандай денесінде ду көтерілген ыстық толқын басына шашшіп, жүрегі аттай тулады. Өзін-өзі ұмытқан дегберсіз, тағатсыз, бұрын басынан кешіп көрмеген тосын бір інкәр, ыстық, сезімге елітіп, қыздың қаны сыртына тырс-тырс теуіп, піскен шиедей үлбіреп тұрган от ернінен құштарлана, құмарта — алғаш рет балауса-бал ләzzаттың дәмін тата — ынтыға, қадала сүйген. Э деп өткен кезде қыз ерні мына күйдіріп,

қаталатып бара жатқан от дүниенің арасында — көктен тамызықтата шыжғырған құн; луп еткен леп өткізбес қалың жүтеріліктің ішіндегі қамау қаптырық; құшағындағы бойжеткеннің өрт тәні; өз бойындағы алау-лапты жалын — осының бәрінен жаңына жалау болар, шөлін сусындар жалғыз шарапаттыңдай-ақ соңшалықты жайлыш, сап-салқын сезілген тәрізді еді; енді бір сәт шоқтай қарып, сол шоқтан бұрын-соңды сезінбеген шексіз бақыт шуағы кеудесіне асau ағын болып құйылып, көңілін қуаныш кернеп бара жатты. Көзсіз көбелектей үстіне түскен ессіздік еркін альп, басқа дүниені қаперінен шығарып; үздіге ұзақ аймалап қалған ба, немене, ол жағын ажыратып үлгермеді, кенет әлдене дәл қастарынан сатыр-сұтыр еткенде, екеуі де бастарын шошына көтеріп, алақтай қараган.

Жаңылдың шешесі жандарына төніп келіп қалыпты. Оқыс үрейден есі кете зәресі ұшқан Жылқыпты қызды қоя бере салып, бет алды жанұшыра безіп бергенін өзі де байқамаған. Ә деп ытырыла жөнелгендеге қыздың шешесінің:

— Эй, қар! Қап, сені ме! Шашынды талдап жұлып... күйлеген шыбыш, қүйеусіреп жүрсөң, біржола көзінді құрттып тынайын... — деген зәрлі дауысын ғана құлағы шалған. Оған да зер салып қарайлаған жағдайы жоқ. Сол беті безіп отырып, арқаңдаулы атының қасынан шыққанда барып аңтарыла тоқтаған. Енді ғана есін жиып, өз өзіне келгендей әлгіндең тірлігін ой елегінен қайта өткізуге дәрмені жеткен. Сол-сол-ақ, екен, көңіліне "әттеген-айы" кетпес белгісіз бір өкініш орнап алғаны.

"Неге тастап қашып кеттім?" — деген.

"Қашпағанда не іstemекпін?" — деп тағы қиналды.

Өмірі беті ашылып көрмеген балаң жігіт әлгіндей "қылмысының" үстінен шыққан көкайыл әйелдің алдында безірейіп қалай тұра алсын... Дегенімен көңілінде өзін ақтаудан гөрі кінәлағанда түйткілі басым. Долы шешенің теперішінде қалған бейкүнә Жаңылды аяп жүрегі сыздағандаидай. Оған қол ұшын берер, қайран қылар еш лажының жоқтығына, дәрменсіздігіне опынды. Атына мініп жөніне кеткеннен басқа шарасы қалмағанын еріксіз мойындаған кепте ілби басып мес қарын торыға келген. Қолында, уысында жүрген Жаңылдың сыңар сырғасын сонда ғана байқағаны.

"Енді не істедім?" — деп тағы тосылды. — қап, ақымақ,

басым-ай. Жаңылға жырылғанның үстіне жұдырық, жасадым-ау. Шешесінің алдында онсыз да кінәлі қыза мына сырғасының сыңары жоғалғаны қосымша бейнет болды гой. Қап!..”

Жігіт өкініштен жылап жібере жаздады. Бірақ қаша күйіл-піскенімен тап қазір қолынан келер ештеңе жоғын сезді. “Бұл қателігін, аңқаулығын, жетесіздігін түзете алатындаш шарасы қане?! Тап осы сәт қайтып барғанымен бүгін енді қызды кездестірмек түглі қарасын көрер меген? Көрмейді, әрине, көрмейді...”

Ойлай келе: “Бүгін қайтып баруының қисыны жок, Бос әуре. Басқа бір күні аңдып жүріп жолыбып, сонда берермін”, – деп шешкен.

Бірақ.. Бірақ.. Қойсайшы, бұл тағдыр дегенді. Жылқышы бұрын адамның еркі мен тілегінен тыс тағдыр деген әмір – қударапт барын біліп пе меген? Кісінің куаныш, қайғысы, нәсіп, тіршілігі, бейнет-зейнеті соның жазуында; соның үкімінде болатының ойлап көріп пе?! Сол тағдыр Жаңылды осыдан кейін қайтыш көрүте, кездесуге жазбалты бұған. Айтпакшы, мұнан кейін бір мәрте көргені бар меген.. Жарайды, ол әңгімеге кейіншрек айналып соғайық.. Ал бүгін “Қаройдың” кең жазығында тарыңдай шашылып, бытырай жайылып жатқан отарын жинап, қайырмалай үйіне жеткенде алдынан почта таситын шал шыққан. Қолына тез жетуін талап еткен әскери комиссариаттың шақыру қағазын ұстартты.

— Кешікпе, шақырган мезгілінен қалмай бар. Ауылсоветтің тапсырмасы солай, – деп нықтады.

— Ферма бастығын көрдініз бе? Ол бұл хабарды біле ме? – деп сұрады, “енді осы жолы жөнелтетін шығар” деген ойдағы Жылқышы.

— Саған шақыру келгенін біледі. Ертең малынды тапсыратын адам жібереді.

Екі күндей жолға жиналып, отарын ферманың есепшісі келіп, санап, қабылдап, соңдай-соңдай шаруаның қамымен үйінен ұзап шыға алмады. Сол тірліктерін бітірген соң ауданға комиссариатқа жүрер алдында Жаңылға қалайда кездесіп, әңгімелесуге бел байлап орталыққа келген. Сөйтісе бүгін тәңертең шешесімен екеуі көрші аудандағы туыстарының тойына жүріп кетіпті. Соны естігенде тұра төбесінен тас түскендей есенгіреп сілейген де қалған.

Кездескен бойда өзіне табыс етермін деген жан қалтасындағы сыңар сырғаны бере сал деп біреулерге

қалдыруға – айдалаға тастап кететіндей қимағаны. Кейін амандық болып жолығысар күн туса өз қолымен табыстағысы келген арман-ұміт те көкейінде қылаң берген. Сол дәмемен бет орамалға мықтап түйіп, жол қашшығының түбіне ықтияттаң тығып, артына, қимастықпен қайта-қайта жаутаңдай қарап, аттанып кете берген.

Әскерге барған бойда үсті-үстіне жазғандарына жауап – хабар ала қоймаған соң өкпеледі ме, әлде не қылса да бара көрермін деген қысынға тоқтады ма бұл да оған хат жазуды сап тыйған. Бірақ жатса-тұрса ойынан кеткен емес. Әсіресе, соңғы кездескенінде айтқан әңгімесі бұл үшін үлкен уайым болып, бітеу жарадай сыздал, көңіл түкпірінде жататын. Жат ойдан қашқақтап, қаншама жоламайын дегенімен онан құтыла алмайтын. Айналып-соғып, айналып-соғып, қаупі басым, құдікті сезім қинайтын. Сөйті тұрғанымен келер жылдың жазында ауылдағы жолдас баласынан келген хабардан Жаңылдың жақында көрші аудандағы бейтаныс, әлдекәндай жігітке ұзатылып кеткенін естігендеге мына оқыс, тосын жаңалықтан тәбесінен жай түскендей сезінген. Көпке дейін өзіне-өзі келе алмай, сенер, сенбесін білмей аңтарылған. Әңгіменің шындығы санасына жеткенде мына дүние, әлем, тіршілік көңілінде қарап қалғандай құлазып жүре берген.. Сілейіп отырып, отырып бір кез төс қалтасындағы қағаздардың ішінде сақтаулы жүретін қыздың сіріңкенің қорабының көлеміндей гана кішкене суретін қолына алып, ештеңеден алаңсыз, жайма-шуақ, күлімсіреп отырган монтаны бейнесіне жылап жіберердегі сағынышпен, өксікпен, өклемен, қимастықпен қадала ұзақ қарады. Қараган сайын ү ұрттағандай іші езіліп, үдай ашып, қапалықтың бір қара жылым құрдым сезімі түпсіз иіріміне тартып бара жатқандай үмітсізденеді. Осын-ау шарасыз күйден ышқынғандай қыстығып, тынысы тарылып, тұншығып кеткендей орнынан шұғыл ұшып тұра келіп, кеудесі қақ айрылып түсердегі курсінеге дем алды.

Кенет әлденеге қорланған, әлдекімге ызаланған дүлей сезім бас көтеріп, ашудан қалш-қалш етіп, көз алды тұманданып, өзін-өзі ұмыта суретті пәршек-пәршек майдалап, жыртып, желге ұшырып жіберді. Ұшырыл жіберді де өзінің осы ісіне енді оқыс өкіне, жалырактай бей-берекет қалықтай жөнелген сурет қындыларының қайсысының соңынан қуарының есебін таба алмай, ұмына тұрып қалды. Көз алдында алыстал, өшіп жоғала

берген қараз тозаңы өз көңіліндегі әлдене қимас сезімді қоса ала кеткендей:

— Қап! Қап! — деді қинала күбірлеп. Қымбат бір затын жоғалтқаңдай қынжылды.

Әлгіндегі ашудың жетегіндегі көңіл күйдің ырқымен жол қашшығындағы сыңар сырғаны да қоқыс жинаған үйіндіге лақтырмақ еді. Енди әлгі сурет оқиғасынан кейін оған көңіл дауаламады. Алаканындағы тай табан, көлемі көздің жанарындағы ғана алтын сырға құн сәулесіне жылт-жылт түрленіп, мұның қимас бір сәтінің күәсіндей, көңіліне қуаныш сәулесін себелеп түрғандай көрінді. Соңан соң әрі-берлі аударып қарап елжірей сипалаған күйі қайтадан қалтасына сала салған. Мүмкін сол сәтте осын-ау асыл мүлкін кейін кездескенде бәрібір қайтып беруді ойлады ма еken кім білсін. Ол да бар шығар... Қалайда осы сыңар сырғаны жоғалтқан емес.

Бірақ мынау жастық пен жігіттіктің жәрмеңкесін артқа тастап, жер ортасы боз төбеге иек артқан бірқауым өмір соқпағының үстінде Жаңылмен кездесіп, ұшырасып, өкпесі бола ма, назы бола ма, кешуі бола ма азынаулақ шүйіркелесіп, соң-ау кезде қалтасында кеткен сыңар сырғаны қайтарып, өз қолына табыстаудың реті түспей-ақ, қойыпты. Содан қайтып жолығуды тағдыр пешенелеріне бүйіртпапты. Тек ойда-жоқта, өң мен түстей кепте, шала-шарпы, сыртынан ғана қөргені бар... Бірақ бұл кезігудің ләzzат, қуанышынан гөрі көңіліне кір тастап кеткендей, жабырқау сурет, жағымсыз әсері басым болды...

Әскерден босанған бойда институтқа түсіп, кен барлаушы инженер мамандығын алған Жылқышының шағын-шағын экспедицияларға басшылық жасап, таулы өлкені кезіп жүрген жылдары ол. Шілденің іші. Оңтүстіктің жанға жайыз аңызақты мезгілі. Қайтар құн қарсыдан келіп мотордың ыстығымен қосылып, кабинаның іші, тіпті, ысып кеткен. Содан соң онан түсіп, төбесіне тұтас тұтқан кенеп жамылғының іргесін түріп тастап, аңқылдаған желге жалаңаш кеуделерін тосып дыбырласқан өз жігіттерінің ортасына шығып отырды.

Кешке салым машина тау бөктерлей жазық, даламен есіліп жатқан үлкен жолдың бойындағы аудан орталығы — үлкен селодан шыға берістегі әрлі-берлі жүретін жолаушылар көлік тосып көлеңкелейтін аялдама жапшаның қасындағы шеген құдыққа тоқтаған. Жігіттер шөл басып,

шофер моторға жаңалап су құйып, енді жолға шығуға дайында бастағанда қасына қолтығында екі-үш жасар баласы бар, қолында көтерген түйіншегі, өзі екі қабат жас келіншек жақындады.

— "Арқарлыға" дейін ала кетіңізші, — деді имене дауыстап, жалынышты кейінте. — Ыстыққа шыдамай баламның мазасы кетіп, қинальп тұрганым.

— "Арқарлы" жолдан бұрыс қой. Біз оған соқпаймыз, — деді шофер жөнін айтып.

— Мейлі, ең болмаса, соның тұсынан түсіп қалсам. Ар жағы қашық емес. Әрі ауыл арасына қатынасқан көлік, кісілер болмай тұрмайды.

— Олай десен, өзің біл. Кел, отыр, — деді шофер бос кабинаның есігін ашып. Арып-аршыған кейіннегі аяғы ауыр келіншекте көмектеспек ниетпен баласын көтеріп, кабинаға отырғызыбаш, еді, жас бөбек бейтаныс адамды жатырқайдаланы басына көтере бақырсын.

Алғаш мән бермеген ыңғайдағы Жылқышының осы кезде барып көзі түскен оларға. Алтап аңызақтан барлығып, түтігіп кеткен, елбе-делбе жас әйелдің жүзін көрген бойда шырамытып, аң-таң күйде:

"Мынау... Мынау... Жаңыл... Жаңыл ғой..." — дей берген іштей қайталап. Солай деуін дегенімен келіншектің бас-аяғына, мына рәпәт, пошымына байыптай зер салған сайын:

"Әлдекімді ұқсатып, алғасып тұрган жоқпын ба осы" — деп те бір сәт ойлад қалған. Шынында көз алдындағы жүдеупәс бейненің мұның көңіл зердесіндегі көгілдір көктемі, сағыныш сағымы — Жаңылмен арасы жер мен көктей, жақындығы шамалы тәрізді еді. Мына берекесі ұшып, рухы түскен, шаршап-шалдыққан, тұрмыс басты, жасынан ерте сола бастағандай олпы-солпы келіншек пен сон-ау кездегі құралай табиғат, құлын сурет, сезімтал, биязы, балауса бойжеткеннің арасы тым алшақ жатқандай...

Неге екені белгісіз Жылқышы әлденеге қабаржып, табан астында көнілсіз тартқаны. Бұл кезде балалы әйел кабинаға кіріп, көзден жасырынып үлгеріп, машина орнынан қозғалып кеткен. Бірақ Жылқышы әлгі әсерінен арыла алмай-ақ қойды. Келіншектің жадау тұр-тұрпаты ойынан шығатын емес.

"Япыр-ай, адам өзгере береді екен-ау. Аз жылда қалай

азып кеткен. Басында әлдекәндай жағдай болды ма, әлде", — деп тұспалдады.

Олай тұспалдағаны әлгінде оған зер сала қарағанда шаршаңқы жүзі, қажулы қалпында жолдың әлегі мен ыстықтың азабынан әбігерлену ғана емес, онымен қоса әлдекәндай тағдыр тауқыметінің табы жатқандай сезілген.

Қараңғы түсіп, көз байланған шақта машина жол бойындағы тұма — бұлақтың басына тоқтап, бұлар жуынып, шайынып, су ішіп, желдеп қайтқан. Сол кезде Жылқышы шоферді оңашалап, кабинасындағы әйел туралы сөз тартты.

— Қайда бармақ? Жас баласымен тұнделетіп жол шығып жүрген не қылған жан? — деп сұраған.

Шофер жай-жағдай біліскең болды.

— Үйі "Арқарлыда" тұрады еken. Жарты жылға таяныпты күйеуі қамауда көрінеді. Жақында соты журмек. Сол үшін қаладан ауданға алып келген. Соған тاماқ апарып, кездесуге барып қайтқан тәрізі бар, — деп мән-жайын баяндаған.

— Күйеуі қамауда дейсің бе? Не істеген адам еken?

— Совхозда жүн-тері қабылдан, өткізетін дайындаушы болып жүрген. Содан мойнына көп ақша мінген. Жазасы ауыр тәрізді.

"Ә, бәсе, сондай бір қебі бар сияқты", — деп ойлаған Жылқышы. Бірақ басқа сөз шығармай, сол сыр бермеген қалпы:

— Е-е, сөйтіп басына іс түсіп жүрген жазған еken ғой.. Баласымен тұнде жолға тастап кетпей-ақ, жақын жер ғой, бұрылып, үйіне апарып сал онда, — деп тапсырды.

"Жағдайы мәз емес болды ғой.. Бұлай жүдеп-жадау тұрмысы тұзу жанның сыйқын аңғартпаса керек. Тағдырдан теперіш көріп жүрген қалпы бар-ау", — деп аяныш үялап, әлденеге көнілі пәс тартып, опынғандаі ма, қалай, не десе де, табиғаты түсініксіз, өгейлеу бір өксікті сезім иектеген:

"Адам басына іс түссе өстиді де. Күйеуінің жағдайы анандай болған соң азып-тозбағанда қайтеді, өзі табиғатынан үян, жуас болмысты жан оның үстіне. Әлде біздің ауыл әйелдері әлгіндей оқыс кезіккен ауыртпалыққа күйреуіктеу келе ме?! Солай да шығар. Мүмкін онысы ереккек иек сүйеп әдеттенген қалыптарынан болар", — деп әр түрлі ой қашырып отырып, кенет есіне өзінің жолға

алатын құрал-саймандарын салатын сандықшада жүретін сыңар сырға түскені. Сол шақ;

"Осы өзім жолығып, тілдесsem қайтеді. Есен-саулық сұрасайын. Жағдайын білейін. Тіпті, сырғасын табыстайын. Сон-ау алып кеткеннен кейін кездесіп тұрғаным осы ғой" — деген шешім көңлінде қылаң еткен. Бірақ сараптай келе тартына бергені. Осы жолы кездесіп, тілдесуге ықыласы соқтай-ақ, қойды. Осы көрмеген, білмеген күйі кеткісі келді де тұрды. Бір жағынан "Жаңыл үшін сөйткенім дұрыс" деген қисынға жүгінді.

"Мына жағдайына табалағандай болармын. Мені көргенде қуана қоймас. Ниетім бөтен болмағанымен, өз күйіне ыңғайсызданар. Тіпті, жасып, қорланар. Нем бар, кездеспей-ақ, қояйын", — деген тоқтамға тірелген.

Сол күйі келіншек үйіне келіп, машинадан түсіп жатқанда бұл тым-тырыс қала берген. Алайда осы ұшырасуынан жан дүниесі соншалық жабырқап, аяулы әлдекімнен айрылғандай ма, әлде көңліндегі қимас бір әдемі елес — бейнені өшіріп алғандай ма, әйтеуір түсініксіз, құлазыған көңл күйде кете барған.

Тау ішіне тереңдей түскеңдікі ме қарсыдан соқсан жедің аңызақ лебі қайтып, тынысқа женіл, жанға жайлы салқын самал бетке ұра бастады. Айсыз тұнгі қара торғын аспан да онан сайын мақпалданып, жыптыр-жырып жүлдышдары үзіле мөлдіреп, төбеге төңкөріле төне қалыпты. Төңіректің осын-ау болмысынан таныс сурет, таныс табиғат ыңғайын сезінгендей елегізген көңліне осы өнірде еткен сон-ау балалық, күндердің және бір елесі оралып жүргегін сыздатып, кетпей тұрып алғаны...

Маусымның басы еді. Мұның сегізінші класты бітірген жылы. Пішенге алғашқы шалғы түскен сәт. Мұның үйі әдеттегісіндей тауда, жайлауда отырған. Бірде шешесі мол етіп айран үйытып, құрт-ірімшік жинағ:

— Орталыққа қатынап жатқан арбалардың біріне мініп, мыналарды ағаңың үйіне апарып беріп, хабар алып кел. Көп болды ешқайсысы қатынаспай қалды ғой,— деді.

Тауда шөп жинап жүргендеге барып, әкесі төмен қарай қатынайтын көлік бар жоғын біліп қайтқан.

— Кешкे таман Мұса шал үйіне шөп апарып тастанақ екен. Жолай соғып ала кетпек болды. Дайын отыр,— деп келді.

Бесін енкейе кісі бойы қалдайынан асыра бүркыраған

пішен тиеп алған, қос өгіз жеккен арба үстіргт беткейден атқылаш шығып жатқан қайнар бұлақтың басында отырған мұның үйіне тұмсық тірей тоқтаған.

Күнге күйіп жем-жемі шыққан ақ қалпағының астынан тұтқан үлкен шаршы ақсұр жамылғының ұшы жаурынына дейін жапқан Мұса шал арбаның алдыңғы жағында отыр екен де, таудай болып теңкиген шөптің орта тұсынан қызыл орамал тартқан әлдеқандай қыз баланың нобайы көрінер-көрінбес қарауытады. Бұл арбаның үстіне шыққанда барып таныды. Өзінен бір класс төмен оқитын, мектепке бірге барып, бірге қайтып жүретін Жаңыл аттын.

— Жаңылмысың? Сәлем!

— Жылқышы, сіз де орталыққа барасыз ба? — деп ықыластана сұраған ол бұған қасынан ысырылып орын босата беріп.

Екеуі мына ай-далада ұшырасқандарына, жолсерік болғандарына куанғандай шүркүрасып қалған. Бұл "қайдан жүрсің" деп сұрамаған. Жаңылдың әкесінің ағасы қой бағатын. Осы тауда отырған сол үйден келе жатқанын айтпай-ақ білген.

Мұса шалдың да, жолға шыққан бұлардың да есебі бойынша осы өгіз аяңымен отырып тұн ортасы ауа ауыл шетіне ілігіп қалармыз деген. Кісінің дегені бола бере ме. Жарым ортадағы қысы-жазы жалғыз орыс мекен ететін ескі баздың қасынан өтіп бара жатып, қай қасақының қалдырып кеткенін кім біліпті, қара жолда көлденендей жатқан әлдене машинаның белтеміріне кезігіп алдыңғы оң жақ дөңгелектің күпшегі шығып, шашылып қалғаны. Оны құрап, сала қоятын ұста қане. Мұса шал қанден итін шабалата, Иван шалдың терезесін тықылдатып жүріп, оятып әкелген. Ол да еш қайран жасай алмады. Ақыры ауылға барып дөңгелек алып келгеннен басқа лаж қалмай, Мұсекең бір өгізді қаңтарып байлап, бір өгізді салт мініп, орталыққа жол тартқан.

— Құда қаласа, таң атқанша қайтып ораламын. Сендер екеусіндер ғой, қорықпассыңдар. Жаздың түні — жаурамайсыңдар. Осы шөптің үстінде үйықтай беріндер. Елегізсендер, не ана Иванның үйіне жатқызайын, — деді Мұсекең кетерінде.

— Жоқ, ата, осында бола береміз, — деген екеуі бірдей

қосарлана орыс шалдың қапас, қараңғы үйінен гөрі аспан астының ашақ дала, салқын ауасын хош көріп.

Май тоңғысыз, жаздың маңыл тұні. Тек ауық-ауық, әлеқайдан ана мейріміндегі жайлыштың шұлдыздары сиқырлы, әлдене құпия әлемге шақырғандай тылсым жымындаған; өндіне жақын шашылған барқыттай жайнаған, қараторғын аспан төбелеріне пейілдене төніп, қол созым жерге жақындаған қалғандай. Еліктіріп, елегізтіп, қиялдың қыттықтайтындаған. Астарындағы арбаның қалдайын, нобайын көзден жасыра қауқайған аумақты шөмелде үстіндегі бұлар осы қазір әлдеқалай бір буда бұлтқа мініп, аспанмен жердің арасында асылып тұрғандай қиял-ғажайып күйде-тұғын. Кісі салмағымен ой түсіп шұңқырланған түбіт түк, масаты пішенге белуарынан батып, бастарыған қалқайған екеуі үядығы қос балапан тәріздес, үпір-шұпір.

— Жылқышы, әңгіме айтшы, — деген Жаңыл мына айсыз қараңғы тұн құшарындағы үнсіздіктен зерікті ме, әлде иен дала, тым-тырыс төңіректен елегізді ме, арасына жалынған баладай етінішті үнмен:

— Не әңгіме айтамын? — деген бұл шынымен тосылып.

— Сен кітапқа құмарсың ғой. Кейінгі кезде қандай-қандай қызықтарын оқыдың, соны айттып берші.

Жылқышының кітапқа өуестігі бар. Кейбір өз көңіліне қатты ұнағандарын мектепке бару, қайту жолында балаларға ертеңдегі етіп айттып жүретін. Соңда ықыластана тыңдайтындардың бірі осы Жаңыл болатын. Оның қазіргі бұл қолқасы, сол есептен, қысынсыз емес, әрине. Эрі мына қай шама, қай мезгіл екені белгісіз, бейне бір орында тұрып алып, жылжымай қойғандай сезілген тас керең мылқау уақыттың да өтуіне жақсы. Соңдықтан әңгімеге бұл да кетері құлық танытпаған.

Жайлаудағы, малшы ауылдың ішіндегі көшпелі қызыл отаудан жақында барып, жазғы демалыста, қой соңында жүріп оқуга жетеді-ау деген шамамен бір бума кітап алдып қайтқан. Соның ішінен алдымен қолына тигені Пушкиннің “Евгений Онегинін” осы кешелі бері оқып бітіп, тың әлем, тосын тағдырлармен табысқандаған, әрі бұрын бейтансыс, бірақ енді жанына жақын, аяулы жанлардың мунын бірге мұндағандай әсерден арыла

алмай жүрген жайы бар-тын. Сол сезімнің жетегінде осы хикаяны шабыттана шертіп жөнелген. Әңгіме тындаушысын бей-жай қалдырмағандай. Айтып біткенше ұнтуңсіз ықыластана құлак салып отырған қыз бұл тамамдай бере сұрақты жаудырып кеткен. Жылқышыны қинаған осы сұрақтар болды.

— Ту-у, Онегин неге Татьянаны тастап кетті. Неге оған қосылмады. Екеуі қандай тең, бақытты болар еді? Қап... Неге Татьянаның махаббатын түсінбеді?.. Онегин қандай қатты адам?..

Бұл сұрақтың шешімі, Жылқышы “жігіттің” өзіне де бұлыңғыр. Дегенімен иіс алмас біреудей “қайдамды” көлденең тартып қалай отырсын, өз байып-байламын түспалдайды. Жалпы өмірден өз орнын таба алмай жүрген, жиһанкез рухты жандар болатынын, олардың жандайниесін түсіну қын екенін, сондықтан да өз басы Онегинді кінәлай алмайтынын айтады. Алайда бұл уәждері қыздың зердесіне қона кетіп, көніліндегі аңдызыдаған сұрақтардың басына су құйып, сабасына түсіре қоймағандай.

— Татьяна неткен тамаша адам. Онегинге онан артық, қандай қыз керек? Сұлу десен сұлу. Ақылды десен ақылды. Ту-у!.. Татьянаға жаңым ашиды. Тіпті, жылағың келеді...

Кыз шынымен жылап жіберердей қиналып, қаранғыда қара көздері онан сайын қарауыта жәудірей қарайды бұған:

— Қандай бақытсыз, Татьяна, ө?! Бірақ сонда да жақсы. Маған өмірде кім болғың келеді десе, Татьяна болғым келеді дер едім...

Енді бірде Жылқышы тап сол ауылдан қазір ғана осында қайтып оралып түрғандай:

— Татьяна кейінгі тиген күйеуін сүйе ме екен? — деп сұрайды. — Өзі генерал болса ол да жақсы жігіт шығар?.. Эйттесе, Онегин қайтып барғанда неге қосыла салмайды. Қосыла салғанда қайтетін еді. Бәрі бір Онегинді жақсы көреді фой... Енді Онегин не істер екен? Бір түрлі аянышты, ә...

Сұрак.. Сұрак.. Сұрак?..

Сөйтіп отырып екеуі қай кездे, қалай талықсып қалғып кеткендерін байқамапты фой...

Бұлар түндегі сол бір буда бұлтқа мінген қалыптары аспан мен жердің арасында асылып тұрыпты. Кенет

астарындағы бұлт дір етіп қозғала жөнелген. Жылқышы сол кезде барып оянып, көзін ашып алған. Э дегенде қайда екендерін пайымдай қоймаған. Ең алдымен сезгені таңғы салқынмен сәл дымқыл тартқан жас пішеннің бүркіраган жұпар иісі еді; соナン соң бір уыс болып бауырына тығыла пысылдай дем алған Жаңылдың жыпжылы, жұп-жұмсақ тәнінің қызыуы еді. Шығыстан кемпірқосақтың желісіндей ғана жіңішке сызат беріп, таң қызылы көрініп келеді екен. Мұса шал мен Иван шал арбаның сыңған дөңгелегін ауыстырып жатыпты...

Арадағы уақыт ағынына шайылып, қөмекіленбекен, ескірмеген, тап кешегідей-ақ ап-анық, әрі соншалықты жанына жақын, сағынышты сурет. Тап сондағыдай тау іші, тап сондағыдай қара торғын мақпал түн. Тек солардан алыстатып алақашқандай машина ғана зулап келеді.

* * *

Мұнан қайтып оны көрген емес. Бірақ санасынан сонау сары күздегі, сары жүгеріліктің ішіндегі сары қыздың елесі өшкен де емес.

Өткен өмірінде не қылыш себеппен жоғалтып алған әлдене қымбаттысын – қайтып оралмас асыл сезімін іздел, аңсал түру адам баласының табиғатына тән мінез болса керек. Жастық кешуінің киелілігі, қадыр-қасиеті де сол сағыныш елесінің мәңгі өшпейтіндігінде шығар.

Жылқышы да кей-кейде осынау өткеніне ой жүгірткен кездерінде өуестікпен алтын сырғаны қолына алыш, сипалай қарап, көнілі әлденеге қоңылтақсызытыны бар. Соңдайда жүргегіне мұн ұялаг, өзін мынау әлемде жалғыз сезінетін сәттері жоқ емес. Қайсы бір кезде сол сезімнің ырқына беріліп:

“Мынау шиландай жүрттың ортасында жүріп те, мынау өз үй, өлең төсегінде отырып та кісі мына сыңар сырғадай-ақ, сыңар өмір өткізе береді екен-ау”, – деп күрсінетін.

“БІЛДІРІС”

— Кемпір, сандықтың түбіндегі қара пәпке мен қаламсалты әперші, — деді Бұқпа төр алдында жамбастай жантайып, түнере ойланып, тартпалы қара судай қарадауытып, тылсым сазарған қалпынан, өлденеге оқталғандай, оқыс бас көтеріп, етек-женін жинай түзеліп.

— Қай сандықтың түбінде еді? — деді кемпірі күйеуі тап қазір аспаннан түскендей, соны көріп таң болып өзіне-өзі келе алмай отырған жандай аңтарылған кейілте.

Бұқпа “неғып есінен танып қалғансын” дегендей әйеліне сұық сұрғылт жанарын қадай, зәрлене бір қарап өтіп, назарын қабырғага тірек-тірек қойылған құрсаулы, бетіне қаңылтыр ою-оімыш қапталған, үш-төрт әбдіренің ішіндегі ескілеуі, қақпағына томардай қара құлып қыстырылған қара жәшікке тіктеген.

Шалының сұраған заты сол сандықтың түбінде жатқаны енді ғана еміс-еміс саңылауына жетіп, сонау кездегі Бұқпаның өзінен басқа жан баласы ұстамайтын, “құпия қара пәпкенің” сұсты суреті санасында жаңа оянғандаі қалпы бар. “Оны қайтпек” дегендей күйеуінің ылайытқан сызды жүзіне сұраулы кейілте, қипактай қарап қойып, қирелендей орнынан түрді. Иә, кемпірінің бұлай күйбектеуінің жөні жоқ, емес еді. Бүгін табан астында, есіне түсіп, іздей қалған өлгі мүлкінің мына қара сандыққа қамалыш, ұмыт болғанына қай заман. Құрманың сүйегінен тізілген қоңыр тәспі болмаса Бұқпаның қолында қалам ұстамағанына не уақыт. “Еңді, мұнысы ненің жоралғысы, “қартайғанда кәрі боздың бұл қай жүріс ашуы” дегендей ықылассызыдау сүйретіліп жүріп, үстіндегі жинаулы жүктерді аударып, тот басқан топсаларын сарната ойбайлатып қактағын шалқайта, кір сабынның әлде сақардың иісі аңының ба, малдың ба есқи тері-терсегінің иісіне араласа мүнкіп, қолқаны қапқан кебеже ішін қопарыстыра түргінектеп жатып, түп жағынан белінен майсінді қайыстың

бір тілігімен орай буылған, былғарысы ақ жолақтанып тозып, кей тұсы бөздей іріп тор көзденген, көне "қара пәпкен" тауып, шалының алдына әкеліп қойды.

Ұлдан жалғыз Басқармабек осы совхоздың бас зоотехнигі қызметін атқаратын. Баяғыдан үйлі-жайлы, балалары есейіп, ер жетіп кеткен ол ара-тұра отын-суына қолқабыс жасап, сырттай зер салып жүргені болмаса бөлек түтін тутететін. Ескі жүрттағы ескі тамда кемпірімен екеуі ғана. Екіндіге айналған қүннің көзі үй сыртына тасаланып, қаракөленде тартқан төр алдынан терезеге қарай жылжып қонған Бұқпа:

— Сыртқы есіктің ілгегін салып қойшы, — деп тапсырды.

Бел шешіп осы беталған қалпы кейінге қаратпай-ақ, іске кіріспін кетпек ынғаймен дәлтердің ортасынан босатып алған қос парактты ұзына бойына жайнамаздай-ақ жайып салған. Соңан соң қаламын қисайта қысып, тата бір жемтігінің үстіне қонжиган қүшігенше өңмендей, өңіреңдей шүкшиған қалпы әлгі паракттың жоғары жағына өзінің айбак-сайбак, жазуымен бадыграйта "Білдіріс" деп қондырды. Қондырып болып, аппақ, ақ, қағаздың бетінде атой салғандай ереуілдеп тұрған, қазір ғана өзі таңбалап түсірген әлгі жалғыз сөзге назар тоқтата қарал, іштей ежелей екі-үш қайтара оқыған. Эр әрпі жалы күжірейіп, сес танытқандаі күзірлі көрінбесі бар ма. Бір тұрлі шабыттын шақыргандаі көлеңіткені, түскірдің. Соңан соң барып, жазылар жайдың ұзын ырғасын тағы да ықтиягтап, елеп-екшеп, саралап алмақ ниеттеп қайтадан ой қаузап кеткен... Ақыры ойды ой ала қашып отырып, еткеннің талай кебі еске түспесі бар ма...

Кезінде ауыл молдасының мектебін тауысқан, ескіше жап-жақсы сауаты бар Бұқпа алғаш жаңа өкімет орнап, "киіз пәпке" асынған белсенділер шыға бастағанда бұл да солардың санатына ілесіп, атқа мінген. Және мұның ә дегеннен жіті зерделеген нәрсесі — ендігі жерде кісліктен үміт еткеннің "теріс" жазусыз тіршілігі жоқ, екені еді. Соны байқаған соң қаламды қиялай ұстап, жаңа қаріпперді ежелей тізбелеп, дәлтер бетіне түсіруге ыждағаттықпен ықылас қойған. Сөйтіп жүріп ойындағысын жүргізіп жаза алатын, "көзит" танитын дәрежеге жеткен. Бұл еңбегі түбі "зая" кетпеді. "Жазудың" қызығын бір көрген кісі осындаі-ақ шығар.

Жоғарыға астыртын хабар айдайтын науқанның дүрілдең тұрған шағында оның "жемісін" аз татқан жок, Басқа әріптестерінен мойыны озық, орамы икемді екенін анық аңғартқан. Біреулері: "хабарлаймыз", "мәлімдейміз", "ескертеміз" деп тағысын тағы түрлі дабылдама — тақырыпша қойып жөнелтіп жатқанда, Бұқта бұл атау-анықтамаларды таптаурын, жаттанды санап, өзгелерден өзінің құрық бойы жүйрік, зеректігіне жүргініп, өз мүмкіндігін іштей сезіне қазекеңің аттың түгіндей қалтаған қалың қара сөзін қазбалай отырып, қолайына келіп, көніліне конған осынау атауды — "Білдіріс" деген сезіді құп көріп, өзіне еншілеген.

"Білдірістің" атының өзі көзі түскен кісіні елең еткізер, мен мұндалаған қиқулы, құйтырқылы көрінсе, заты да келісті келетін. Ішіндегі паракталған жәйтіттердің қай-қайсысы қысынына шубә келтірместей сүмірейш тұратын. Соның "шапағаты" шығар кезінде Бұқта көздегенін қапы жіберген емес. Мұның оғы тигендердің қайтып келіп қатарға қосылғандары және жок, Солардың ішінде — бұл төңіректегі отыз жетінің алғашқы "төл басыларының" бірі болған — жаңағы осы ауылға келіп кеткен Бақыштың әкесі Әкіш те бар-ды.

Ой, әсіресе, соғыстың алдындағы жылдары қанжығасы қызылмайланып, базары жүріп берді-ау. "Құпия бөлімге" хабар жеткізіп тұратын "құлақтардың" арасындағы сенімдісі, қырағысы, алғыры ретінде айырықша бағаланған, беделге ие-тін. Дәуірлекен тұсы сол ғой. "Саяси бөлімнің" өзіне тікелей басшылық ететін қызметкерінен басқа жан баласына бағынып, бас иш, кісі деп көрдіме екен-ау. Аспандағы құдайынды, жердегі өкіметінді де керек қыльш, бар, жок, демеген шығар дәл сол кезде. Бірақ өлшеусіз дәурен қайда дейсің. Соғыстан кейінгі кезеңде, әлдекәлай, Бұқта жузі қайтқан ұстарадай көп жұмсалмай, ескерусіз, шет қақпай қала бергендей сезінген өзін. Әлде өзі бұрынғыдай құлшыныс танытпай, жасы ұлғайған сайын шау тарта бастады ма, қайтты; әлде алды-артына қарамай, обал-сауапты білмей, құдайдан қорқу, адамнан ұялу дегенді ұмыттып, ойна келгенін істеген арамза әрекеттерінің шетжағасы мынау елге әйгіленіп, сырғы ашылып қалғандай болған соң кей тіршіліктен бопсалап, бой тартты ма, кім білсін, әйтеуір, әлденеге тайсақтай бұғынып, түйіктанып, жүргіттан бойды аулак, салғандай күй кеше бастаған. Әсілі, сара жолда сарнатқан

сары аяңынан табан астында жаңылғандай жалт өзгеріп, бұл қалыпқа түсуіне соғыстан кейінгі сол бір оқиғаның да әсері жоқ, емес сияқты... Айт-айтпаса, сол оқиға садағын соңғы тартуы екен. Онан кейін бұл "кәсіптен" мұлде қол үзіп кетті десе болғандай-тын...

Бұқпалар "киіз пәпке" асынып алғаш атқа мінген тұста тек қана бай, болыстардың тұқымын ғана емес, сонымен бірге ел ішінде атақ-абыройы бар, белгілі әuletті де қоса қырына алатын үрдіспен бұл да сол кезде жеті аталарынан бері қарай табиғатына сіңген тәуіппшілік қасиеттері бар, араларынан діңдарлық құған пірәдар, халпе атанған кісілер көп шыққан белгілі бір атаның балаларының соңына ақысы кеткендей екілене түсіп, ақыры, несін айтасың, торғайдай тоз-тозын шығарған-тын. "Отырса опак, тұrsa сопақ" көзге тұрткіленіп, не жазғандарын білмей, не істердін, амалын таба алмай далбасалап, бас сауғалап, көвшілігі Бұқпалардың құрығы жетпейді-ау деген қыырга бой тасалап, Тәжікстан, Өзбекстан ауып, бұл жақтан қол үзіп тынған.

Соғыс біткеннен кейін екі-үш жылдан соң бұл ауылға сол әuletтің балаларының бірі қайтыш келгені. Өзі соғысқа қатысқан, "plenге" түсіп шыққан да әңгімесі бар, жүзі тәменшіктеу, жүдеу бастау жігіт екен. Осында қалған қадауқадау жамағайындарын сағалап, ел деп аңсап, паналап келген жайын жүрттыш бәрі сезген. Жетім, жалғыз байқұсты шет қақпай қылмай орталарына алатын қалып танытқан. Алайда оның ауылға мына келісі, жүргттың аңғартқан ықылас-ыңғайы, неге екені белгісіз, Бұқлаға ұнамаған. Келген-кеткен қарайғанға, тырс еткен сөзге құлагы түрік, қалт жібермей қадағалап жүретін Бұқла аз қүнде-ақ бұл жігіттің жай-жапсарына қаңып, немістердің тұтқынында болғанын естіген соң, тіпті, айырықша қырына алғандай еді...

"Бұл қаңғып жүрген байқұс маған қандай қайрат көрсетпек, мұнан маған не келер, кімнің қорасына түсер дейсің осы" деген ойға жүгінген жоқ, шығар. Әйтеуір, жеме-жемде бұл ауылға тұрақтатпай түріп тастағанды жөн көрген ниет-пейлі көңіл түкпірінде бас көтеріп, кетпей тұрып алғаны.

Жігіт, әкесі марқұм өу баста атын тауып қойғандай, Момын десе момынның езі еді. Улкенмен де, кішімен де қалтарыссыз ақтарылып сейлесе беретін. Елге әңгіме керек.

Өздері көзбен көрмеген кешегі соғыстың алапатын ауыздарының сүсі құрыптыңдайды. Білмегенін сұрас-тырады. Момын айтудан жалықтайды. Басынан өткен нелер қым-куыт жайларды, ертегідей ежіктеп отырганы.

Сондай әңгіменің бірінде көптің ішінде жасы үлкен қария кісі, бәлеліктен аулақ, жай көнілмен:

— Момын, шырағым, осы немістің алғашқы қарқыны бет қаратпастай еді рой. Эрмиясының өзі бастан-аяқ, кек темірмен құрсауланған, солдаттары әскер ойынының не түрімен жаттыққан, сүмдік деуші еді. Қалай женіліп қалды солар, — дед сұрағаны.

Ойында түк жоқ Момын өз білгенін түспалдасын:

— Біздің халық жансебіл, қындыққа төзімді екен рой. Өліп жатсақ, та қайтпадық қой. Жеңбей қоймадық, ақыры. Мен бір көргенімді айтайын, қария. Да лада өліп жатқан немістің солдатының ақ, кейлегінің жағасын қарасаңыз, кір шалмаған болады. Ал тірі біздің үстіміздегі битіміз тонымыздың сыртына шырып жүретін кездеріміз бар, — деген.

Осы сез сол күні Бұқланың құлағына тимей қойсын ба?! "Іздегенге сұраған" дөп келмесін бе, сөйтіп. Сол, солақ екен Бұқпа шүтіл іске кірісп, бұл жігіттің арғы-бергі Әмірбаян, тарихынан қажет деген тұстарын тізбелей отырып: "Енді қазір ел арасына Совет Армиясы неміс басқыншыларын қаһармандықтың арқасында емес, өлермендіктің нәтижесінде жеңді" деген қауесет әңгіме, теріс үтіп таратып жүр", — дед "Білдіріс" түсірмесін бе.

Момынның ертеректе жаракаттанғаннан қалған іләсі бар. Денсаулығы келісіп тұрмады жігіт екені кеудедегі сәл алқынса шыға келетін сырый-сызатынан да, ілміген жүдеу пошымынан да анық байқалатын. Жан күйттейтін жағдайы қане, елмен бірге таудан қоныстануға қарай тартылған канал қазу жұмысына қатысатын. Шілденің шырқырап тұрған шағы. Азанғы, кешкі салқында өндірмесе — кісі ыстықта істеп береке таптайды. Сол үшін күн шықтай бастайтын колхозшылар сары сәскеге таяу жұмысты тоқтатып, түскі демалысқа ауылға қарай бет алған.

Шілденің аттабымен жер қазудың бейнетінен барлығып, еріндері кезеріп, күренітіп кеткен жұрт үшшіп-кеуіп, бар мақсаттары бір акқұман шайға жетіп жығылу болып, ындындары құрып, келе жатқан. Тап сол сәтте алдарынан осы жақтың "учасковойымын" дед ауданнан жиі-жиі

қатынап, ауылды атпен аралап көріп тұратын милиция жігіт кезікті. Бұл өзі түр-түсі де, жүріс-тұрысы да сұықтау, қалпы қатыгездеу жан еді. Сонан ба, жұрттың зәрелері қалмай қорқатын. Астындағы ақ сүр жорғасын тайпалта, ентелей келіп:

— Эй, Молдабеков, тұс менің алдыма қазір! Ауданға жүресің! — деді көптің соңын ала ілби аяңдаған Момынға зәрлене көз тігіп.

Ол, жазған, екі сөзге келген жоқ, "Қайда", "неге" деген жоқ, мынаның кәрінен қорғалағандай үн-тұнсіз томпаңдал көтпен шеттеп бөлектене бастаған. Милиция жігіт атының басын солай бұрып, таянып барып:

— Жүр жылдам, — деді қамшысын көтере.

Момын бүкеңдеп алдына түсе беріп, артына жасқан-шақтай бұрылып:

— Қatalap, шөлдеп келе жатыр едім, ауылға соғып бір кесе су ішнейінші, — деді.

— Эй, сенің тәрекуіңмен жүретін жайым жоқ, Асығыспын. Өлмейсің ауданға дейін жүр, жылдам, — деді зекіре, қамшысын үйіріп, атымен омыраулай қақтырып. Момын қайтып ләм-мим демеді, алдына түсіп бүкектей жөнелді.

— Құдай сорын ашпаған, Момын сорлы, құритын болды-ау. Мына ыстықта сонау "ит ішпестің ала көліндегі" ауданға жеткенше ұшып өлеңді ғой. Екі арада не ел жоқ, не тамшы су жоқ, Ойпырым-ой, адам баласы да мұндан мейрімсіз бола береді екен-ау. Мына сідік шаптырым жерде тұрган ауылға соға салса қайтеді, — деді көптің ішіндегі кекселеу әйел. Басқа жүрт тым-тырыс, үнсіз.

Сүр аттың жол жорғасынан қалмай бүкеңдей ілесіп отырып, екі арадағы жиырма шақырым қашықтықты артқа тастанап, бесінге таяу аудандық "НКВД"-нің ауласына келіп кіргенде, Момынның етек-женінен сүмектей тер тамшылап тұрды. Өзі өң мен түстің арасындағыдай шала есті күйде еді. Санасында тек бір жұтым суды ойлағанғана сезім бартын. Ауланың ішіндегі қауғалы құдықты көрген бойда ешкімнің рұхсатына да қарамай, ешкіммен жұмысы да болмай солай тартқан. Апыл-ғұптыл қауғаны құдыққа сунғітші жіберіп, шекесінен еткен тастав судан бас көтермей сімірген.

Бұл кезде кеңсенің кезекшісі бастыққа тиісті адамның жеткізілгенін мәлімдеп жатқан.

— Бұғын жауап алуға уақыттым жоқ, Бір жакқа жүргелі

отырмын. Ертең сөйлесермін. Жалғыз кісілік "ерекше" бөлмеге қамай салындар, — деді ол.

Сол тапсырмамен кезекші аяғынан теңселіп әрең тұрган Момынды жетелеп келіп, асты-усті цемент, көрдей сұық, қап-қаранды бөлмеге әкеліп "жайғастырган". Мұз еденге жамбастай жантайған бетте тұла бойы қорғасындау ауыр тартып, үйқы айналдыргандау өзінен иелік кетіп, әлдеқаңдау қаранды дүниеге құлап бара жатқаңдау сезінген. Соңан үйықтау кеткендей болған. Қайтып есін жия алмады.

Ертесіне әрі жұлқылап, бері жұлқылап тұрғызыбақ, болғанда көзін ашпаған, мына дүниемен шаруасы жоқ, барып-келіп, сирыйлап әрең демалып жатқан Момынды:

— Немістің абақтысын да көрген жырынды емес пе. "Өнер" жасап жатпасын, — деп әрлі-берлі домалатып, тепкілеп те байқаған. Ақыры жағдайының жайшылық емесіне көздері жеткен соң барып, ауруханадан дәрігер алдыртты. Дәрігер:

— Өкпесі қабынып кеткен. Ұзамайды. Кешікпей үзіледі, — деп қорытындысын айтты.

Момынның дүние салғанын естіген ауылдағы ел біреу ұрып өлтірді ме, жоқ, өз ажалынан кетті ме, ол жағын кімнен сұрап, кімнен анықтасын. Оның, тіпті, керегі бар ма, бірақ сұық, хабар жеткенде жағаларын ұстал:

— Ойпырым-ой, бұл адамның, оның өмірінің кек тыныңдық, құны қалмағаны ма?! Неге осыншалық, қәдірі кетіп барады адамзат баласының?! — деп қабаржыды.

— Бейшараның не кінә, не жазығы болды еken? "Кой аузынан шөп алмайтын" жазғанның өзі еді рой, — деп таңданысты біразы.

— Ажалекенде қойсайшы бұл, — деп бас шайқасты. — Соғыстың қырғынынан, немістің тұтқынынан — бәрінен аман-есен жеткенде, аңдып тұрып кезіккен жерін қарасайшы.

Бұға-бұға, шыдай-шыдай, осы кезге дейін тырс етіп үн шығармай келіп, енді әбден іштеріне сыймай кеткендей; зардабы жандарына батып пісуі жеткен күбірткедей солқылдатып, сыздатқан аңы шындықтың шет жағасын шығара ашына-ашына айтылған сөздер де естіліп қалған көп ішінен.

— Байқұс бала, ел деп емексіп, өндіршегің үзіліп, несіне бұл жаққа келе қойдың еken. Бүқланың қанды қақпанына өзінде-өзің айдал нең бар еді.

— Иә, бұл жылымқұрт талайдың түбіне жетті фой. Қанша кісінің қаны бар десейші мойныңда. Қанша жүртты зар еңгіретті. Сонда да араны бітелетін емес. Адамның нақақ, көз жасы жібермейді деуші еді, қайда сол, қане? Бұған таянған бәле жоқ, әлі. Осының сыйынған құдайы мықты екен де бәрінен.

— Е-е, оның рас. Жамандыққа өлім бар дейсің бе?! Қарау жанның қылмыс жасаған сайын семіретін әдеті фой, — деген сөздердің сарыны еміс-еміс Бұқданың да құлағына жетіп жатқан.

Жүргір арасында бүйтіп сөз қашқаны оған ұнамады. Әлденеден бой тартып, іш жия бастаған. "Сүмелек неменің өлімі" мұның да күтпеген нәрсесі еді. Өйтеп қояр деп ойламаған. Заманның аужайы басқалау. Бұрынғыдай кезенгендерін келмеске жібере беретін жағдайы жоқ, болса да, қазір. Ол заман қайда, шіркін. Әйткенмен "сонау кезде өзінің түкімьна мұның қөрсеткен қысымын ұмыта қойды дейсің бе, білмейді дейсің бе" деп ойлады ма, әлде жасаған қиянат-күнәсіне бір адам болса да күә, "көз қөрген" азая берсін деген есебі бар ма, әйтеуір, сол "сүмелек" осы ауылға қайтып келгеннен жұлдызы қарсы болғаны рас еді.

"Тегінді үрайынды, сабылдырып, сарсылтып, ауданға қайта-қайта шақыртып, басын сандалтып қояйын, сөйтіп, бұл жерден көз қөрмес, қулақ естімеке кетіп тыннатындағы етейін. Қарасын батырсын", — деп қана ойлаған...

"Сініріне сүйретіліп, ілініп тұрған неме, көрдің бе, жаласын бұған жауып, қисая салғанын", — деп іштей кіжінді енди.

Дегенімен осы оқиғадан кейін Бұқла біраз жыл тымтырыс, тоң-торыс, елден жырақ күй кешкен. Соңан біртебірте тақуалыққа ат басын бұрғандай кебі бар-ды. Бұрын құрандай әспеттеп, тұн баласына бас жағына жастаңып жататын "қара пәпкені" сандықтың түбіне тықтырып, әйелі аксұрыптан жайнамаз тіктіріп, шәждага жығылып, қолына тәспі ұстай бастаған. Кейінрек ауыл ішіндегі қазалы жиын, бас қосуларда бой қөрсетіп қалыш жүрді. Сөйтеп-сөйтеп кей жерлерде нәшіне келтіре құранды созып, "құлқуалланы" қайыратын әдет шығарды. Мұнысын былайғы жүрт теріс көрмеген. Қайсылары:

— Мына кісі құранды тәп-тәуір оқитын тәрізді, — десе:

— Ой, бұл ескіше сауатты фой. Мектебін тауысқан

емес пе. Уақыт басқа болып, ұстамай кеткен ғой, әйтпесе, мына оқып жүргендердің бәрінен бұл терең, — деп өткеннен хабары бар тұрғыластарының қайсысы қошаметтегендей көтермелеп қоятын.

Көп ішінде не әңгіме кездеспейді.

— Ой молда ғой бұл, молда, — деп тағы бірі әлгінің сөзін қоштап жатса, жүрттың арасынан:

— Қайдагы молда. Күні кеше “тыңшылық” жасап талайды зар қақсатыпты ғой. Барып түрған жауыз емес пе, — деп сөз шығаратындар да болмай қалмайтын.

Мұндайда араға түсетіндер де сол көптің өзі:

— Тек, олай деме! Жасы үлкен кісіде нең бар. Қажеті не сондай әңгіменің. Ол кезде заманның ағымы солай болды. Кімді кім білгендей дүние. “Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ”. Өткен-кеткеннің кемшілігін жамандығын тергеннен ағайынның арасы ашыла бермесе, қосылмайды. Олдағы тағдырдың салғаны шығар. Пенде күнәні жасайын деп жасай ма. Кісінің басынан не өтпейді. Қай-қайдагыны қаузамандар, — деп тоқтам-тұжырым айтатындар да бар.

— Иә, ол бір өткен заман ғой. Уақыт үкімі ме, қайтсін, әркім әр түрлі тіршілік кешті. Бас сауғалағаны шығар. Жастықта кісі неге үрынбайды. Ұлғайғанда тәубасына келіп, өткенге кешу сұрап, жақсы қартайған адамды айттындар, онанда, Бүкен, дегенімен, есі бар жан ғой, бұрынғы-соңғыдан хабардар зерек кісі ғой. Жақсы қария болып келе жатыр, әсілі. Бес уақыт намазы мойныңда, тасибығы қолында. Дұрыс қой, дұрыс — деп жаңа алдында Бүкенде жактаған замандастын қоштап, қуаттаушы да табылатын.

Қалай дегенімен Бұқпа — Бүкен болып, тәуір қария атанып келе жатқан. Кей тұрғыластары шынымен осы ыңғаймен, құп көріп, ілтипат сездірсе; кей қатарлары жаратылысынан қыртысы қалың, ішінің қатпары мол, зымыяндау, сұңғыла табигат, безбүйрек шалдың әлі де сесті, тылсымдау қалпынан іш жиып, “бәледен машайық, қашлығты” дегендей, ығысынқырай жол беретін. Келе-келе Бүкен ауылдың қадырменді ақсақалы санатында кісі басы жиналған жердегі алдымен шығатын дағды талқан.

Сол үрдіспен кеше Әкіштің артында қалған жалғыз ұлы — Мәскеуде үлкен оқуда оқып жүр деп естітін Бақыш арнағы келіп сәлем бергенде бұл еш таңданбаған. Қайта ел аузына ілігіп, жақсы атанып жүрген жастардың құрметті ақсақал —

қарттарға сәлем беруі, елел, ескеруі біліктілік, кіслік деп қабылдаған. Ықылас білдіріп, риза болып қалған.

Үлкен жер, үлкен оқуда журудің кісінің мәртебесін көтеріп, жузіне ізгілік, парасат нышаның ұялатып, ажарына ажар қосатын бәлесі бар-ау осы. Баяғы Әкіштің жаман баласын төре дерсің қазір. Сып-сыпайы, сап-салмақты. Сөзі, үні қандай биязы. Сөйтеп тұрып кісіні өзіне жүтінгендей сесі анау. Жаңа үйінан жас қатықтай әжімсіз, ашық ажары қандай жарқын, пайымды. Жұмсақ жымыш қойып, байсалды сейлеген әңгіме мақамында, дауыс ырғағында соншалықты сенімділік, орнықтылық аңғарылады. Қасына ілесіп оны бұл үйге ертіп келген өзінің ұлы Басқармабек пен осы совхоздың парторғі еді. Жас шамалары құралыптас екі жігіт те мынаның жанында әлдеқайды қораш көрінгені қөзіне. Жас қонағының айбыны асып жатқандай тәрізі. Оның бас-аяғына байыптаі көз жүтіртіп, әлгіндей күйді көңіліне түйген Бұқпа кішік пейіл танытга құтты қадам, он сапар тілей отырып, есіне алып сәлем бергеніне раҳмет айтқан.

Бұл да ет пен сүйектен жаралған пенде ғой, ойына әлдене түсті ме, жоқ тубі жүйкені жасытпай қоймайтын кәрілік иттің нышаны ма, әлде мына қонағының мысы басып, не істерін білмей қалбалақтағаны ма:

— Экең, марқұм, екеуміз жасты едік, — деп қөзіне жас алсын. — Сыртынан хабарыңды сұрастырып отырамыз. Тілеуқормыз. Дұрыс-ак, ел-жүртты ұмытпай есіңе алып жүргенің. Келіп ағайын аралап жүргенің.

Амандақ-саулық білісіп, жай-жағдай сұрасып, наң ауыз тиғеннен кейін Басқармабек:

— Тәте, Бақышқа кешке үйге қонақ бол деп едім. Ауылдың активтеріне келіндер деп айтып қойдым. Бірге отырыңыз әңгімелесіп, — деген. “Бәленшекендерді де шақырайын” деп әкесімен тұстас, екі-үш ауыл қариясының атын атаған.

Кешінде, осы отырыстың үстінде, Бұқпа Әкіштің баласының бұл жүрісінің жәй жүріс емес екенінен хабар тартқан. Қонақ күтіп отырған баласының сезіне қарағанда, совхоз басшыларының ынғай-емеурініне қарағанда Бақыш жуық, арада осы ауданға екінші хатшы болып келмек көрінеді.

Мына жаңалық отырған жүргтты айран-асыр куанышқа бөлөген. Қазір пенсияға шығып есік алдында қозы, лақ,

қайырганымен, кезінде ауыла арасында атқа мініп, азды-көпті қызметің дәмің татқан көктүкіл шалдар жағының ішінен бұрынғы, соңғы әруақтардан қозғап:

— Ойпырым-ай, осы ауданың төріне отыратын біздің атаның баласынан да бір ұл шықты-ау. Бәсе, елдің қоры біз бе едік. Ой, азаматым, қыдыр шылауында журсін, — деп кемсендеп көзіне жас алғандарын қайтерсің.

Бұл ду-ду әңгімелер, әрине, Бақыштың ырқынан тыс өрістеген. Отырган жүрттың қайсысының аузына қақпақ, қоя аласың... Тіпті, осы әңгіменің жүрттың құлағын шулатуының өзі мұның күтпеген жағдайы...

Институт бітіргелі бері осы облыстың аумағы дегенімен басқа аудандарда қызмет атқарып, бұл жақтан қол үзіп, саяқсып кеткендей күйі бартын. Кейінгі кезде облыстық партия комитетінің аппаратына жұмысқа ауысып сонда екі-үш жыл істеген соң, Мәскеудегі жоғарғы партия мектебіне кеткен. Был соңғы курсында. Аз күнде окуын бітіреді. Жақында кезекті демалыстың ыңғайымен үйіне келген бойы мұндағы басшылық не ойлап жатыр екен, алдағы жұмыс жағдайы қалай деген тіршіліктердің қамымен өзі бұрын қызмет атқарған үйимдастыру бөлімінің бастығына, обкомның тиісті хатшыларына кіріп шыққан. Ол жолдастар ақылдаса келе бұрынғы істеп жүрген жігіті осында ауыл шаруашылығы бөліміне менгерушілікке шақырылып алдырылып, тап қазіргі сәтте бос тұрған орын — “Көкдала” аудандық партия комитетінің екінші хатшылығын ұсынған.

— Ондағы бірінші Әлекенді білетін шығарсың. Көптен келе жатқан кісі. Тәжірибелі адам. Жасы бірқатарға таянғанымен сол іскерлігі үшін өзір қозғамай отырмыз. Дегенімен енді бірер жылда пенсияға кетеді гой. Қайта оған дейін бірге істесіл, керек жерлерінен үйреніп, ауданың жағдайымен қаныға бер, — деп арғы жағынан әлдене сырдың ұшын қылтита емеурін аңғартқан обкомның бірінші хатшысының өзі.

Бұл келісімін берген.

“Көкдала” мұның туған ауданы болғанымен ол жақпен аралас-күраласы шамалы, хабары сырт еді. Сейткенімен елім деп емексуден күр алақан емес, әрине. Әр кезде сол елдің аты атала қалса құлағы елеңдеп, буйрегі бұрып тұратын әдеті бар. “Сыртта аз жургенім жоқ, қой. Барсам барайын” — деп түйгөн. Осы шаруаның иінімен обкомра кіріп-шығып

жүргенде жақында үйімдастыру бөліміне нұсқаушылық, жұмысқа ауысып келген, бұл өзі көп таныстыры жок, бірақ, сол "Көңдала" ауданының кісісі екенін сырттай билетін бір жас жігіт сәлемдесіп, ізетті ыңғай анғарта:

— Бәке, қайырлы болсын. Тілекtesпіз. Іштей қуаныш қалдық, Қалай дегенде де, ыстық-сұығына күйетін, жай-күйіне жаны ашып, жүгіретін өз аулыңыз ғой. Дұрыс шешілген шаруа екен. Сіздің барғаныңызды ол жақтағы ел қуана құлтары сөзсіз, — деп келіп құттықтағаны.

"Ой, не деп тұрсың? Қайдан естідің?" немесе: "ол әлі белгісіз, алдағы шаруа ғой. Шешілмен әңгіме ғой", — деп бұлтарып, ыңғай бермей кетуге көшеде кезіккен біреу емес, сол бөлімнің қызметкері. Оның құлақдар болуы, тіпті, қатысты болуы екі бастан заңды. Сонан соң қашқалақтап, сырғытпалатып жатуды ыңғайсыз санаған. Ниетіне ниет танытып:

— Рахмет, інішек, — деп құп алған.

Тұбі сол жігіттен сөз қашты ма, кім білсін, ол жағы беймәлім. Мүмкін оның да жаманшылық ойлап, қасақана жасаған шаруасы емес шығар. Сөзге құмар, сыбыс қуған заман больш түр ғой бұл өзі. Элгі естіген, білген жаңалығын ол да қаладағы ма, аудандығы ма жақын-жуық өлдекіміне жеткізуі қәдік. Сонан, айналайын, ел ішінің сымсыз телефоны арқылы аз уақытта-ақ, жүрттың талайы құлақтанып үлгеру әжеп емес...

Демалысының бітуіне әлі едәуір уақыт бар-тұғын. "Қамалып үйде жата бергенше бірер құнгे осы ауылға барып, үлкен-кішімен жүздесіп, елдің ақуал-ажарын көріп қайтсам қайтеді", — деп ойлаған. Көптен ол жаққа ат ізін салмағты. Экесі мұның тәй-тәй басып жүрген кезінде "қажыға кетіп" сонан оралмапты. Ол жайдың шет жағасын шешесі марқұм, әредік-әредік айтатын. Шешесі, топырагы торқа болсын, ер кісідей қайратты, жарамды адам еді. Бұған бөлендей жетімшілік тауқыметін тартқызбады. Қатарынан кем қылмай есірді. Төңірегіндегі жүрт та "кешегі Әкіштің жесірі, Әкіштің баласы" деп сыйлайтын. Шет қакпай қылған жерін Бақыш өзі көрген жок, обалы нешік. Он жылдықты ауыл мектебінен бітірген соң Алматыға барып институтқа окута түсті. Оның соңғы курсында жүргенде шешесі қайтыс болды. Сонан кейін-ақ, мұның ауылға қатынауы сирексіген. Ет жақын туыс-туманың да жоқтығы себеп шығар, жұмысының реті де солай шығар, кейінгі кездे,

мұлде бармаған екен. Енди сол есіне түсіп, қарадан-қарап аңсарының ауғаны. Таныстарынан сұрастырып көлік қарастырган, оның да реті келе кеткені.

"Көлендеп қыдырыстағандай жүремін бе сол" деп жолай аудан орталығын басып өткен кезде аутпарт-комның кеңесіне дे бұрылып соқпай, аттың басын совхоз орталығына бір-ақ тіреген. Совхоздың парторғі кезінде мектепте, онан кейін Алматыда қатар оқыған, осы ауылдың жігіті екенін білетін. Оның да үйіне бармай, алдымен кабинетіне келді.

— Ой, Бәкесі-ау, қайдан жүрсіз. Сіздің де ел-жұрт іздейтін, ауылға ат басын бұратын кезіңіз болады екен-ау, — деп парторғ жігіт қауқалақтап, шын қуанып қалды.

Дереу телефонның құлағына жармасып, совхоздың директорын және бәрі бала кезінде қатар ескен қазір осындағы бас зоотехник Басқармабекті шақырды. Олардағы қалтарыссыз көңілмен құшақ жая сәлемдескен. Алайда Бақыштың күтпеген әңгімесінің ә деп тап сол жерде алдынан шыққаны. Үшеуі бірдей жарыла жамырай:

— Бәке, хабарды ұзынқұлақтан естіп қуанып жатырмыз. Мұныңыз дұрыс-ақ. Жұртқа жасаған қызметіңізді өз ел, өз ауданыңызға жасасаңыз артық бола ма. Ауыл жаққа ат басын бұратын кезіңіз келген шығар, — деп арқа-жарқа құттықтаған сөтте таңырқап, не дерін білмей, сілейіп отырып қалған.

Мұның ыңғайсызданғанын аңғарғанымен онысын аналар кішіктікке, сыпайылыққа жорып, жеңіл-желті жуып шаюға көшті:

— Бәке, біз өзіңізбіз фой. Айып көрменіз.
— Біздікі тілек қой. Шын тілек. Құтты болсын.
— Естіген соң қуанышымызды жасыра алмай. Бөтен кісілер емеспіз фой...

Мұнымен де қоймай қайта оралып соғып, еріксіз әңгімеге тартып:

— Дегенімен игілікті шаруа екен. "Жел түрмаса шөптің басы қимылдамайды" дегендей бір әңгіменің ұшығы бар-ау тәрізі, — деп үндемей қалуға енди рет тастамай емінген.

Өздері бәрін біліп, ағынан жарылып отырган мыналарға "ондай әңгімені естіген жоқ, едім" деп жалтаруға дәті жетпеді. Амалы құрып:

— Сондай бір шешім бар сияқты, — деп төмен қараған.

Жалпы осы әнгіме көніліне әлдеқаңдай түйіткіл ұялатып, табан астында облыс орталығына қайта қайтып кетуді ойластырып көрген. Келіп тұрып, ақай жоқ, тоқай жоқ тұра жөнелудің есебін таба алмағаны. "Жұрт не ойлады. Бұл неғып жүрген адам дер. Жынды ма дер. Қой ең күрмаса көзі тірі ауыл ақсақалдарына сәлем берейін. Кейінгі кезде қаза тапқаңдарының өзім білетіндерінің от басына кіріп шығайын. Сонан соң ертелең, жүріп кетермін" деп өзін-өзі тоқтатқан. Енді мына отырыстағы желпініп алған жүргіттың әнгімесінің тұздығына айналып сол мәселе қайта-қайта ауызға алынған кездерде келіскеңдей бас шұлғи бергеннен басқа еш істер лажы қалмағандай.

Жиналған көп тойдан қайтқаңдай дабырласып, кештегіп барып тараған. Тараган бойда да жөн-жөніне жылыстап кетпей әлдене шаруаға кеңескендей шұқыр-шұқыр сөйлесіп, тағы едөүір уақытты өткізген. Ертесіне Бақыштың:

— Рахмет жігіттер! Жұмыстарыңдан қалмандар. Біз журе береміз өзіміз. Шығарып саламын дегенді қойындар, — деген қарсылығына қарамай:

— Оу, Бәке, сіз күнде келіп жатырсыз ба?! Ол не дегеніңіз. Сіздің жаныңызда жүрген бір-екі сағатқа қарап қалып па совхоздың шаруасы. Ауылдың сыртына дейін аттандырып салайық ең күрмаса, — деп екі женіл машинаға тиеліп ілесіп отырып, совхоз бен аудан орталығының арасындағы асудың етегіне келіп тоқтаған.

Сол жерде жол жиегінен әріректегі жазыққа дастархан жайылды. Тағы да тілек, тағы да ыстық, қауым ықыластар білдірілген. Хош айттысып, Бақыш өз машинасына отыруға оқталғанда парторғ жігіт қолынан ұстап қідіртіп, әлдене әнгіменің үшшығын байқатып, толғана сөйлеп кеткен.

— Бәке, ауыл баласы болып ағайынға салмақ, салған жігіт емессіз. Елдің елдігі, ағайынның ағайыншылығы деген бар. Ол енді атамыз қазактың үрдісі. Қай заман, қай қоғам болса да ата салтымыздан безе алмаймыз. Өзіңіз тәрізді ауылдан тыс жерлерде қызмет етіп жүрген жігіттер аратұра соғып, бірі соғымын алып, бірі той-томалағына, қажет жағдайына ағайынның қолқабысын кіріп жатады. Оның еш әбестігі жоқ, Азамат елім десе, елі азаматым демей ме, әсте. Соның жарастығы емес пе бұл. Сіздің қалпыңызды, пейіл-құнныңызды, біреуден бір нәрсе дәмете қояттың жан емес екениңізді сырт жүрсек те білеміз. Бұл жолы да бір нәрсе сұрай келді екен деген ойдан аулақтыз. Алайда

әрнәрсенің реті, жолы бар. Ағайынның ықылас-пейілі бар. Ал мынау — сол. Ауылдан ат мініп аттаныңыз, — деп келіп ақсүр конвертті ұсынған.

— Жігіттер, бұларың не?! Қойындар оны. Рахмет көңілдеріңе. Келдік, сәлемдестік. Осы ағынан жарылған пейілдеріңің өзі не тұрады. Соған ризамын, — деп Бақыш ауылдастарының жасаған мезіретінен шын бас тартқан ыңғай байқатқан.

— Бәке, мұныңыз не?! Бізді кім дегеніңіз?! Манадан бері мен не айтып тұрмын, — деп парторг өкпе-наз білдірді.

Басқа жігіттер де:

— Ойпырым-ай, Бәке, бұл қалай? Бізді бөтен санағаныңыз ба. Азын-аулақ жасаған ілтиратымызды теріске жорығаныңыз ба?!

— Қазақтың “алмақтың да салмағы бары” бұл жерге, сіз бен біздің арамызға жүрмесе керек. Ол жағын түсінсөніз керек етті. Мұныңыз қалай?! Біздің көңілімізді жерге қаратпаңыз, Бәке, бүйтіп, — деп ағайыншылық базына артып, қоршалай қаумалап қалған.

Мұнан өзге тағы талай өтінген, туыс-тумалықты пұлдай қонырайған, қылған әңгімелер айтылған. Жігіттердің шын ниеті еді, Бақыш оны сезбей тұрған жок, Сонан соң да ұсынған ықыластарынан қолын сермен аттап өтіп кетуге дәті жетпеген. Соны мәмілемен орайласып, алға қарай ат басын түзеген Бақыш та риза, топталып ауылға қайтқан көшпілікте риза күйде қорыттындыланған шаруа-ақ еді.

Бірақ, қазір Бұқпаның қолына қалам ұстасып, ой қаузатып қойған да осы шаруа болып тұр-ау...

Әкіштің баласының өзіне сәлем бере келгенін іші теріс көрмей құп алғанымен, алла разы босын айтып, ашық қабак, танытқанымен, Басқармабектің үйіндегі кешегі әнгімеден ауданың екіншісі сайланғалы тұрғанын есітіп; кешелі-бері осы ауылдың бас көтерер азаматтарының оньц төнірегінде құрақша жапырылғанын көріп; енді әспеттеп шығарып салудың қамында шабуылдан жүргенін сезіп Бұқпаның ішіне әлдеқандай қызғаныш енгені. Сонан көнілі сабындағы бұзылсын. Баяғыда ұмыттылған әр түрлі қарау ойлар бой көрсетіп, белгісіз бір қыжыл иектегені. Сонау кездे өзі келмеске жіберген жауы Әкіштің ұлы енді осы ауданды басқармак, Қарай-гөр, бәлесін. Осыған қол үшін берген кім бар дейсің. Өз бетінше тырбанып тіршілік етіп жүрген әрекеті.

Өлермен бе, жоқ есті бәле ме?! Мұның мына қатын бөксе жаман баласы ештенемен ойы жоқ, соның шылауын оралып, жаны қалмай, пора-порасы шығып, шауып жур. Әкесі базардан келгендей мәз, жетесіз. Намыс жоқ, Ол неме ертең ауданға келіп отырса, соның шашбауын көтеріп, боданында жүргуте пейіл. Солай жүреді де той. Осы жетесіз үшін аяньш қалған жері жоқ, Бұқтаның, Дүниеге тірелер тіршлік болса қорлың қаққан емес. Азды-көпті абырайын салып, ағы жетер жеріне кіріп, сөзі жетер кісіге жанастырудай-ақ, жанастырды. Сөйткендеңі шыққан төбесі осы. Қойдың шуашынан ұзап ешкайда бара алмады. Енди мына шапқыласын қарашы, кісінің жынын үстатьш.

Бүкен осылай толғаннан сайын "кәрі әруагы" қозғаңдай шамырқана түспегендे қайтсін. Шамырқанған сайын әлденеге кектеніп, көнілі қараулыққа қарай тарта берген. Ақыры келіп, кемпірге қара сандықты аштырмасын ба...

Бүкен жоғарыға жолдар әңгіменің жүйесін оймен топшылап алған соң, ескі машықпен есілтіп отырып, ақ, параққа түсірген.

"Мәскеудегі жоғарғы партия мектебін бітіргелі отырған Бақыш Экішов — кешегі халық, жауының баласы — осы күн "Сарыдала" совхозына келіп, осы "Көңдала" ауданына екінші хатшылыққа сайланғалы жатқанын мәлімдеп, совхоз активтерінен қаражат жинаған. Совхоз орталығында оның алдағы жаңа қызметке сайлануының құрметіне бағышталған екі күн, екі түн той-тамалақ еткен. Ақыр соңында совхоз активтері жұмысты тастап, қос-қос машинамен қора-қора шұбатылып ілесіп, "болашақ хатшыны" аудан орталығына дейін дырдулатып шығарып салған. Сол жерде Экішовтің қорына ішіне бәленбай мың сом салынған конверт тапсырылған".

Бұл жолғы "Білдірістің" ұзын-ыргасы, яғни, Бүкенің тор көз дәппердің қос парагына сықыта толтырған әңгімесінде қамтылған үшбу жайлардың мазмұны осыттұғын. Оны ықтиягат бүктеп, хаттап болып, осыны обкомның өзіне жолдасам қайтеді деп бір тұрды да, ол ойынан тез айнұды.

"Қой, өздеріне бір қызықтысы болмаса, не сонда сол әңгімені аңдып отырған күтүшісі болмаса, домалақ арызды кейде елемейтін де жындары бар. Ескерусіз етіп, домалатып тастай салар. "Ана" жердің өзіне жөнелтейін. Індегірмей қоймас. Тиісті жеріне жеткізер" деп түйген...

Екі-үш айдан кейін окуын бітіріп оралған Бақыш

обкомға кіргенде алдынан шыққан әңгімеге еш уәж, дау қайыра алмай, тіпті, айтар ешинарсе таба алмай төбесінен жай түскендей сілейіп отырып қалған.

— Ақыр “Көкдалаға” бет алған екенсің, жүре бер. Не тауып береді ондағы жігіттер өздері шеше жатар. Ал бізben әңгімең тамам, — деді қабылдап отырған хатшы.

Басқа жасар лажы жок, бармақты шайнай-шайнай, өзін-өзі жеп, өзін-өзі кінәлап, сүйретіліп “Көкдалаға” жеткен Бақыш сұқтанған көздердің табасынан кірерге тесік таптай, жасып, тайсақтайды алта бойы сенделіп жүріп, ақыры аудан басшыларының осыған барасың деген үйгарымына келісе салған.

Алғаш айттылмыш жұмыс орнына бас сұққанда сағы сынып, жігері мұндай құм болmas.

Кионы қарс-қарс айрылып кеткен қарағай есігінде қалтама әйнегі шытынай сынғаннан әрең оқылатын “комуналдық, шаруашылық, бөлімінің инженері” деген жазуы бар; қысы-жазы күн сәулесі түспегеннен іргесі көгістеніп, борып, угіліп жатқан; ішінен зәк ісі ұрған, сап-салқын, қара көлеңке бөлмеге кіріп барғанда тұла бойы тіксініп жүре берген. Тікесінен тік түрган күйі отыруға да зауқы соқтайды, күнгірт жалғыз терезеден арғы жақтағы көрінген кеңдалаға шағынғандай телміре қарал, ауыр күрсінген...

МАЗМҰНЫ

ПОВЕСТЕР

Құса	6
Алтын кездік	96
Қоңыр жон	183
Көгілдір қойнау	252
Қарататудың самалы	354

ӘҢГІМЕЛЕР

Кедейдің тамагы	390
Көңіл жылуы	424
Сыңар сырға	439
Білдіріс	462



БЕРІК ШАХАНҰЛЫ
ТАНДАМАЛЫ
1-том

Редакторы *Д.Сейлова, Ш.Рақымбекова*
Суретшісі *Б.Серікбай*
Компьютерде беттеген және
тех.редакторы *К.Қошамбаева*

ИБ 955

Басуға 15.05.2011 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Офсеттік
басылыс. Көлемі 30,0.Шартты баспа табағы 25,0. Есептік баспа
табағы 25,0. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №565.
Бағасы келісімді.

ISBN 978-601-251-055-3



9 786012 510553

“Ана тілі” баспасы ЖШС, 050009, Алматы қаласы, Абай
даңғылы, 143 үй, тел: 394-38-20.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

